12616

Е. МУСРЕПОВ

Kaa2
M88

ҒАБИТ МҰСЫРЕПОВ

БЕС ТОМДЫҚ

ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

„Жазушы“ баспасы

ҒАБИТ МҰСРЕПОВ

БЕС ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

ЕКІНШІ ТОМ

ПЬЕСАЛАР

Алматы — 1973

Каз2
М88

Баспаға дайындаған
Э. Нарымбетов.

012616

М 0733 0326 / М402(07)73 4—71

ДРАМАЛАР

ҚОЗЫ КӨРПЕШ БАЯН СҰЛУ

4 перделі, 7 суретті
трагедия

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Қозы Көрпеш
Баян
Мақпал — Қозының шешесі.
Күнікей — Баянның шешесі.
Таңсық — Баянның сөрігі.
Қарабай — Баянның әкесі.
Жантық
Қодар
Айдар
Таңқы
Жарқын

Қыз-бозбала... халық...

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ СУРЕТ

Алыста мұнарланған тау... Оқиға Қарабайдың үйінде, үйдің қасында жүріп жатады.

Шымылдық ашылғанда Қарабай жүктің әр жеріне бірдемелерді тығып жүреді.

Қ а р а б а й. Қарабайдікі дегенге бұл жұрттың қызықпайтыны болсайшы! Тек талап алайын деп отыр... Түс көрсе, менің жылқымнан басқаны көруді қойыпты бұл ел!.. Ел дейді мұны! Ел ме екен осы? Жау емес пе торлап тұрған!.. Адыра қалсын бүйтіп ел болғаны!.. Қайран қолды-қолда кеткелі тұрған иесіз дүниелік... Жантық-ай, бері келші, бері!..

Д а у ы с. Ау...

Жантық келе жатады.

Қ а р а б а й. Жантықтан басқа бейілі түзу бір адам қалсайшы бұл елде... Тек сүрінбей бақ, сүрінсең мүрдем кеткенің *(Жантық келеді)*. Шошып болдым бұл елден...

Ж а н т ы қ. Жай ма әйтеуір, Қареке.

Қ а р а б а й. Бар болғыр, жәй болушы ма, еді!

Ж а н т ы қ. Ұқпадым ғой, Қареке...

Қ а р а б а й. Әй, бері қарашы... Қарабай әуелі өзінө сенсе, өзінен көрі саған сенеді: білесің ғой?

Ж а н т ы қ. Айтып қайтесіз о жағын... Неге білмейін!..

Қ а р а б а й. Білсең, отыр, мына бір түсімді жорып көрші!..

Жантық. Е, жориын, Қареке... *(Отырысады).*

Қарабай. Түсіңде қалың қол көрген қалай болады екен, сірә?

Жантық. Қол болғанда — әшейін жұрт па, болмаса... жау ма?

Қарабай. Тәңрі деген, әшейін жұрт бар ма осы күні, жаудың қолы болад та!..

Жантық. Онда жақсылыққа жори алмаймын, Қареке...

Қарабай. Ойлаған жерден шықтың... Жау көргеннің несі жақсы болушы еді, әшейін, далбаса-дағы іздеген... Енді мынаған не дер ең: осы ел, түп-түгел, бірі қалмай, бала-шағасына дейін, түсінде Қарабайдың жылқысын көріп шықса ше?

Жантық. Түп-түгел жау болғаны да!

Қарабай. Өзім де осылай түйіп ем ішіме... Бұдан басқа жоруы болсын ба, мұның!.. Енді мынаны жоры: қара құрық қалың қол Қарабайдың жылқысын ойға-қырға қуып жүрсе ше?

Жантық. Түсіңде ғой, әйтеуір?

Қарабай. Қан жауғыр, өңімде болса нем қалатын еді, түсімде-дағы!

Жантық. Түсімде дегенмен, мұны жоруға аузым бармай отыр-ау, Қареке... Қинамасаңыз қайтер екен?..

Қарабай. Өзім де оңға жори алмап ем... Сен қай бір оңға жоритын едің!..

Жантық. Мына топырға көрініп тұрмаса иегі еді!.. Зәрем жоқ осы топырдан!..

Қарабай. Ә? Неден қорқасың, айт күмілжімей... Қара жер опырылып кеткелі тұрса да айт! Сенің қорыққаныңнан көрі қорқамын дегенің жаман болатын, айт!

Жантық. Мына топырдың аяғы бірдемеге апарып соғып жүре ме дегенім де...

Қарабай. Соқпай қоюшы ма еді!

Жантық. Үш жүздің кер аузы түгел жиналған түрі жаман екен, шабындымен-ақ құрта ма деп қорқам...

Қарабай. О, жағың қарыссын, жағың қарысқыр!

Жантық. Қойдым ендеше, Қареке... Қойдым...

Қарабай. Шыны осыған ұсап тұрғасын, амалым не!.. Айта бер, тартынба... Баян деген жәй сөз әшейін, тырнақ ілектірудің қамы...

Жантық. Олай демеңіз... Кім біледі, қызығатында-

ры шын-ақ Баян шығар... Намысына шоқ түсіп кетпесе, малға көздерін алартпас!..

Қарабай. Алартпас?! Баянды беріп көрші біреуіне — күні ертең көріңді қазып, бар малыңа ие боп шыға келсін!.. Бұл жұрт қасқыр емес пе торып жүрген!

Жантық. Солай ма еді, аңқау басым... Осында ма еді, бар бәлесі!

Қарабай. Енді қайда деп ең? Әттең артына ғана мінгестіріп жібермес пе ем, қызы құрғырды алып қана, жеті қабат жердің астына түсіп қана, қарасы өшкірдің қарасы өшіп қана кететін біреу табыла қалса!.. А, құдай, жан деп жаратсаң, бер осы тілегімді!..

Жантық. Олай болғанда, соны ізде десең етті, Қареке-ау?.. Ел ғой, табылар!

Қарабай. Сен-ақ таба аласың оны!.. Іздеші, құтқаршы мені Баян деген бәледен! Құтқаршы аты өшкір, құрғырдан!.. Жаным жәй табар ма екен, құтқарамын деші!

Жантық. Аянбайын, Қареке...

Қарабай. Бар, ізде!.. Хабарыңды жылқыға келіп бер... Кетем малдың ішіне... Отырмаймын жын ойнақтың ортасында... *(Киіне бастайды.)*

Жантық. Қарастырайын, Қареке... *(Кетеді).*

Қарабай. О, құдай, қыз бермедің, пәле берген екенсің ғой!.. Жетпіс жыл бағып жеті жапырағына тісім тимеген қайран мал жатқа бұйыратын болғаны да... *(Шыға беріп келе жатқан Күнікей мен Мақпалды көріп.)* Мына пәлесі әлі жүр ме еді соңымда!.. Уа, берік бол Қарабай!.. *(Бүктүсіп жата қалады. Әйелдер үйге кіреді).*

Күнікей. Уа, көтер басыңды, аш көзіңді... Мақпал келіпті әдейі іздеп.

Қарабай. Мақпал?.. Осы төңіректікі ме?.. Есенсіз бе?.. *(Танымаған болады.)*

Күнікей. Нағып танымай қалдың?

Мақпал. Е, бізді кімнің танығысы келеді дейсің...

Қарабай. Көрмеген адамым сияқты...

Күнікей. Қозының шешесі Мақпал емес пе кәдуілгі?

Қарабай. Қозы?.. Естімеген атым...

Мақпал. Баянның атын ұмытпасаң, Қозының атын да ұмытпауың керек еді ғой... Қозы Көрпеш десем, есіңе түсер ме екен?..

Күнікей. Қозыны бір күн көрмей қалса, Баянның бебеу қағып қолға тұрмайтынын нағып ұмыта қалдың?

Қарабай. Қан жауғыр, баланың қай жылағаны есте тұратын еді!

Мақпал. Қозы мен Баян бір күн тумады ма? Бірге отырмайтын ба едік ол кезде?

Қарабай. Есімде жоқ... Одан бері қайда көшіп, қайда қонбадық...

Мақпал. Жалғыз Баяның Қозыдан басқа баламен ойнамайтын еді, ұмытқан екенсің!..

Қарабай. Ойын баласын кім байқаған сол...

Күнікей. Байқамасаң, сол екі баланы айырам деп, қасыңнан қуып жібермедің бе жесір Мақпал мен жетім Қозыны? Қой бұлтақты... Енді екеуі де ер жетті: бірінің тірі екенін бірі ести қалса өлім ғана айырады оларды...

Мақпал. Жасыруға да шама қалмай барады: біз айтпасақ, ел айтады, ел айтпаса, жел айтады... Берермісің орайыңды?..

Қарабай. Не деп жағалатып келесіңдер, ә? *(Басын көтеріп алады.)*

Күнікей. Он жетіге толғанша тірі болса, Қозы мен Баянды қоспай қалмаймыз деген Мақпал екеуіміздің антымыз бар-ды: қан құйысқамыз! *(Екі әйел қанға былғанған орамалдарын көрсетеді.)* Міне... Сол күн бүгін жетті, сол ант бүгін толды. *(Жаулықтарын мойындарына түсіріп жүгінеді.)*

Қарабай. Ә!.. Қарабайды осылай алмақ болдыңдар ма! *(Әйелдердің орамалдарын жұлып алып, лақтырып тастайды.)*

Мақпал. Уа, мың жаса! Құлдық, құлдық! Балам малшың, өзім сауыншың болайын...

Күнікей. Қалма обалына екі бірдей балдырғанның... Боса, жібі!..

Қарабай. Е... Қарабай енді қатындардың тұзағына да түсе қалатын болғаны да! Түскен күні көрерсіңдер, оған дейін Қарабай малына бара тұрады... *(Шығып кетеді.)*

Күнікей. Қара тас, қара тас!

Мақпал. Тәңірім қорлап қойғасын, не айтайын...

Күнікей. Налыма Мақпал! Сен қайтып, Қозыға естіртт, мен барып Баянға естіртем, өздері табар орайын... Мен тас бекіндім! Айыртпаспын Қозыдан!..

Мақпал. Атай көрме Күнікей... сөнген өртті қайта тұтат дегенің бе... Айта алмаймын мен!.. Сен де аузыңа сақ бол. Тым болмаса, көріп қайтармын деп келіп ем Баянды... Енді оған да шыдар жәй жоқ... Өшірейін қа-

рамды... *(Сырттағы дабырды естіп, бұлар кетеді. Топ-топ жігіттер келе жатады.)*

Айдар. Екпіндеме, Қодар мырза!

Қодар. Сен де көкі берме босқа!

Таңқы. Өзге жұрт ат-қосшы-ау сендерге!

Бәрі үйге кіреді. Кейінірек Жантық келе жатыр.

Жантық. Қожыр-қожыр, тәйкем соқ! *(Үйге кіреді.)*

Айдар. Уа, сен жол-жора дегенді беліңе қыстырған екенсің! Ол өнегеңді осы топқа әкеп салмасаң да болатын еді, мақтаныш көргенің де!..

Қодар. Ағалығың осындайда есіңе түсетін болса, сен де қоя-ақ қой! Бұрын келсем де төр менікі, соң келсем де төр менікі деген ағалығың бар болсын да сенің!

Айдар. Кең даланы ен жайлап, малша жайылып жүріп, қалған екенсіңдер елдіктен!

Қодар. Жол-жораның да жөні бар! Бұрын келсең, атың жете алмай жаттың ба? Олай болса, қайтарда артыма мінгес!

Айдар. Қодар мырза, тарта сөйле тіліңді!

Қодар. Тіпті тартпаймын... Құлата бер, әзір тұрған аспаның болса!

Жантық. Ау, бетке ұстар жайсаңдарым, бір қыз үшін қайтесіңдер бет жыртысып...

Айдар. Жол көрген ағасың, айт мына әумесерге бұрынғының жол-жосығын!

Қодар. Мен келдім, орныңды босат дегеніңді естігім де келмейді.

Жантық. Жігіт намысы деген әркімнің-ақ өресі жете беретін нәрсе емес, алайда, қалайтын болсаңдар, қылша мойын тұтам, мырзалар...

Айдар. Қаладым сені!

Қодар. Мен Баянның өзіне-ақ тоқтағам, тұрам сол сөзімде!

Айдар. Е... Баянның құрығы саған түсіп болған екен ғой, сірә! Естірт олай болса, тарасын мына жұрт!

Қодар. Естірсін кезінде... Құрықты Баян салмаса, Қодар салады. Нең бар енді!

Айдар. Мұндай қырсықты көрсем, көзім шықсын! Сенің қырсығыңнан биге бара алмай, қызға жүгінетін болғанымыз да... Би алды өзіне оңай болар еді, қыз алдында қалай боларсың! Көресің де көзіңмен!

Қодар. Қырсық болмасаң, килікпе!

Айдар. Сен де соқыр өгізге ұсап соқтыға берме! Баян десең, ал мен де тоқтадым. Талтүсте адаспас: төбені көрмей, төменге көзі түсетін болса, Айдардың көңілі де суып сала беруге дап-дайын...

Қодар. Ендеше, атыңды ерттете бер!

Айдар. Сен болсам, кеше түнде-ақ жоғалар едім мен!

Қодар. Бүгін түннен өзің де қалмассың!

Айдар. Кетеріңде амандаса кет!

Таңқы. Екеуің кесіп-пішіп жатырсыңдар, былайғы жұрт сендердің қызықтарыңды көре келген-ау, сірә?

Қодар. Әй, маубас! Сенікі қай арам тер, осы?

Таңқы. Е, мен қошқардың тұқымы емес пе екем?

Қодар. Қошқардың тұқымы екенің рас болса, со да жетер саған! Өзіңдікі өзіңе бұйыра берсе, содан артық не олжа іздейсің!

Таңқы. Түп қазық — Қарабай ғой! Екеуіңді екі орап алатын дәулетімді бүгін жау айдап әкетпесе — салмақтасармыз! Жүріңдер жігіттер!

Айдар. Тоқта... Баян сөзін ести кет!

Таңқы. Қыз алдына жүгіне алмадық! *(Өз тобын алып кетеді.)*

Айдар. Міне есті жігіт!.. *(Қодарға).* Әне жол салып берді саған да, адаспайсың, түссең!

Қодар. Қидым бұл жолды саған! *(Жарқын кіреді. Бәрі соны қамалайды.)*

Жарқын. Тоқсан сері — тоғыз табан,
Тоқсан құзғын — тоғыз таған,
Отырсыңдар ма аман!..

Айдар. Елшінің шайқы-бас болғаны құрысын да! Не деді Баян? Кімнің аты озды?

Қодар. Әй, сор түртіп тұрмаса жөніңе көш! Не айтты?

Жарқын. Сәлем айтты!..
Ұлы жүз, сені ұлы күн,
Кіші жүз, сені кіші күн,
Баяндадым Баянға...

Қодар. Алалығың қалмайды-ау қашанда!.. Айта бер!..

Жарқын. Алысым деп аз айтып, жақыным деп көп айтты дей алмассыңдар...

Қодар. Баян не айтты дедім ғой мен саған!

Жарқын. Баян ба?.. Былай деді:

Қыран болса, қайтер еді?
Қияда күтер еді?
Құзғын болса, қайтер еді?
Өлімтікке үймелер еді.
Жапалақ болса, қайтер еді?
Жарбаңдап түнде ұшар еді.
Ал, жігіт болса, қайтер еді?
Оны жігіттердің өздері шешсін деді...

А й д а р *(Қодарға)*. Салыпты құрықты саған!

Қ о д а р. Осы ма бар айтқаны?

Ж а р қ ы н. Осы!

Қ о д а р. *(Айдарға)*. Жол көрген аға болсаң, бір қыз бәріміздің сүйегімізге таңба басып қоя бермек пе дер едің-ау! Сен бастап намысқа шапсаң, қайсымыз ермес едік саған!

А й д а р. Тапқан екенсің әумесерді!

Қ о д а р. Ендеше, мен шаптым! Салармын салмақты: не жұлып түспей, не ойып түспей, ат басын тежемес Қодар! Әй, Жарқын, қайта бар Баянға! Жауабын өзі келіп берсін: тимесін намысыма, көшсін жөніне! Білдің бе?

Ж а р қ ы н. Ауырлығы жоқ, айтайын... *(Кетеді.)*

А й д а р. Әй, Жантық! Ордаңда отырмыз, ырғағы табылса, салмақ салайық деген ой жоқ, қыз ағасы, басалқы сөзің бар ма айтар, жоқ па? Болмаса, өзді-өзің қырқысып-қырылысып аттана бер деймісің?

Қ о д а р. Басалқы айтсаң тура айт:

Аға деп тартпай,
Іні деп қақпай,
Қарыма тартсам — қарым сынсын,
Жақыныма тартсам — жаным шықсын деп айт!
Әйтпесе, айтпа!

Ж а н т ы қ. Мен қыспақта қалып отырмын, мырзалар... Баян бір абырой әпермейтін жұмысқа айналды... Кеше үш жүздің баласы үш сайды өрлей жөнелгенде түп қазықты суыра жөнелген жоқ-ты... Болмашыдан көңілің қалғалы тұр біріңнің... Айта алмаймын, қыстамаңдар...

Қ о д а р. Айтасың.

Ж а н т ы қ. Өрем жетпей қалды... Екеуің де ет бауыр, емшектесімсің, бір қызды қалай қақ жар дейсің маған? Біздің тілек — орынсыз сынап, салмақ салмасаңдар екен... Біздің қолқа — осы...

Айдар. Ұқтым түтініңді!

Қодар. Орта жүз, сенен әділдік күтпейтін едім, дәл шықтың ойлаған жерден!.. Болмаса, әлгі Таңқы шығар қарайлайтыныңа?

Жантық. Теріске жорысаң амалым не, шырағым...

Айдар. Табан ақыл белгілі ғой!

Қодар. Әй, Айдар, тағы да өтем алдыңнан: шыға қалсақ төбеде, құласақ етекте бір болуға жарайсың ба? Соны айтшы маған! Е, тәңірі деген, ат-жоны деген болмайтын ба еді!

Айдар. Ал қосылдым... Сонда басшы кім, қосшы кім?

Қодар. Кім бастайтынын осы жұрт көріп отырған жоқ па!

Айдар. Ере алмаспыз ендеше...

Жарқын келеді.

Жарқын. Ал, мырзалар, мақұл алды Баян, келе жатыр осында... Әрқайсың бойыңа лайық зияпатпен қарсы алыңдар... *(Қыз, келіншектің ортасында Баян келеді. Айдар тобы мен Қодар тобы екі жарылып, бір тізелеп қарсы алды.)*

Баян. Ал, ардақты аға, құрбы-замандастар! Көп қалады дегесін, алдарыңа келдім... Әлсізді жақтар, әділдікті арашалар деп келдім... Түсінер, жарға жықпас, Баянның жүрегіне дақ салмас деп келдім... Жаныңды ақтар, жүрегіңді ортаға сал демес деп келдім... Заманы бір, тілеуі бір тең құрбы зорлық етпес, көкпарға түс деп қолқаламас деп келдім... Өз басын өзіне билетер деп келдім... *(Жігіттер жауап қайтара алмай қалады.)*

Қодар *(Айдарды түртіп)*. Жол сенікі, сөйле...

Айдар. Бұл маған айтылған сөз емес... *(Шегініп кетеді.)*

Қодар. Ат терлетіп келіп қалғасын бізге де қиын боп тұр, бикеш...

Таңсық. Аттың тері иесіне болад та...

Баян. Ат-шапандарың әзір, мырзалар. *(Қыздар жігіттерге шапан жабады.)*

Қодар. Келер жол бар да, кетер жол қалмаған сияқты, бикеш.

Баян. Келуге жараған жол, қайтарда да адастырмайтын, мырза... Одан басқа не айтасыздар?

Таңсық *(Қодарға.)* Сіздің айтарыңыз қорлы сияқты көрініп еді ғой?

Қодар. Баян түсінбей тұр демексің бе? Түсінді...

Таңсық. Естігелі тұр демекшімін.

Қодар. Естіді... Айтылды бәрі де.

Баян. Айтылса, жауабы да қайтты ғой деймін. Келмек көңіл, қайтпақ лұқсат та бәрімізге де!.. Қош болыңдар, жақсы — жайсаңдарым...

Қыздарын ертіп кетіп қалады.

Жарқын. Қош болыңдар!..

Ол да кетеді.

Қодар. Не деп кетті, ей, мына қыз?

Айдар. Қош болыңдар демеді ме!

Қодар. Пәлі! Осымен-ақ айдап тастамақшы ма? Оңай екен тым! Уа, ер кәне еретінің! Шабындыға бір салып көрейін, қалай табынбас екен өзі кеп! Қане, Айдар, қосасың ба ат тізесін?

Айдар. Ат қосшым бол дегенің ерсілеу болар, мырза!

Қодар. Ендеше, мынау елден іргеңді бөл! Босқа барымтаға түсіп кетіп жүрме!

Айдар. Су сабасына түсер — біз де көрерміз сол кезде! Бұрыңдар, жігіттер, ат басын!.. Тартыңдар елге... *(Өз тобын алып кетеді.)* Қош бол, тентек!

Қодар. Уа, тартыңдар! Айдаңдар Қарабайдың бар малын! *(Өз тобын алып, бұл да жөнеледі... Сыртта шу... Баян мен Жарқын келе жатыр.)*

Жарқын. Көмекейге бір келіп, екі қайтып, айта алмай жүрдім, Баян... Сағынған самалыңдай соқсам, дүние көк шатыр аспандай кеңейеді. Бірақ, ақын тілін сатып, жырын құндайды деме... Ең жақсы деген түсім өңімдегіден аспады десең, маған сол болғаны...

Баян. Қуаныш болса, кешіктіре бергеннің несі жақсылық? Жақсы лебіңе жаным құмар, айт, аға... Бірақ, ақынсың ғой, адал көңіліңді артығымен білдірем деп, қиынға салма Баянды... Әлденеге алқынғандай болам... Аяй сөйле, Жарқын аға...

Жарқын. Аяп келдім — айта алмадым... Алыста жатыр, нұсқай алмадым... Енді айтпасам, айрылғандайсың. Көзің жетпесе, көңілің жетер, айтқалы тұрмын сондықтан... Түсіңде көрсең сенбе, өңіңде айтып тұрған ағаңдікі

шын деп біл... Енді, маған ер де, кезе бер дүниені!.. Міне, алып жоталы ақбас тау... Мен ойпаңды жаратпаймын ғой, бір жотасында ағаң жатыр... Күн найза бойы ғана көтерілген, жер бетін меруерт басқан, дүниенің балбыраған нау-етек, мейірімді, ақ жарқын бір мезгілі еді... Мен аспанда жүзген, сенің мына орамалыңдай ғана, ақ бұлтқа қарап, әлдекімнің айрылған үмітінің сәулесі екен деп, содан көзімді ала алмай жатыр едім...— Армысын аға,— деді біреу... Азырақ қорқып та кеттім білем, басымды көтеріп алсам, қасымда өрімдей бұралған жас жігіт тұр екен... — Бар бол, балдырған інім,— дедім... Батыр бала отты көздерін етекке жіберіп біраз тұрды да: — Осы бір ел ылғи мұнартып, қол бұлғап тұрғандай болады, аға, бұл қай ел? — деді. — Қарабайдың елі,— дедім мен... — Біле алмадым, аға,— деді бала ноян... — Бұл жақтан ылғи самал жел соғып тұрады, жарық жұлдыз осы жақтан туады... Қарабай деген аты жаман екен, оның елі болмау керек! — деді тағы да...

Баян. Апырмау, сен не айттың, сонда?

Жарқын. Мен не айтушы ем... Қарағым-ай, самал жел Баян жақтан соқпағанда, жарық жұлдыз Баян жақтан шықпағанда дей бергенімде, баланың екі қолы мойныма оралып та қалған екен... — Баян дедің бе, Баян дедің бе, жарқыным! Тағы бір айтшы! Ай мен Күн! Көк аспан, жасыл дүние, куә болыңдар! Мына жігіт Баян деді, Баян деді! О, жасаған, алдай көрме, Баян деген басқа біреудің аты болып шыға көрмесін! — деп, екі қолын көкке көтерді... *(Тоқталады.)*

Баян. Үзбеші тізбегін... айта берші!..

Жарқын. Ие, үзетін жері бұл емес... Қай жерге кеп тоқтап ем...

Баян. Екі қолын көкке көтерді, дедің...

Жарқын. Ие, екі қолын көкке көтерді... Тап сол жерде, әлдененің тиегін ағытып алдым деп, менің жалт беруім қалай!..

Баян. Қап!

Жарқын. Ие, өзім де өкініп қалдым артынан... Бірақ, тап сол жерде кейін бір аттап қалғанымды да жасыра алман...

Баян. Жалт бергенде, не дедің?

Жарқын. Не дейін, ауызға не түссе соны айттым да...

Болса еліңде бір аяулың,

Құс қондырмас, күн шалдырмас бір мәуең,
Соның атын Баян де де,
Үземін деп жапырағын,
Қолың созба қапыда.
Көр де алыстан, тек қуан...
Шайқалмасын алтын бесік.
Оянбасын куәсіз жан... Соқтықпай өт қасынан! — дедім мен... — Баян, Баян! — деді батыр бала үш рет. — Бәрі жасырады менен, сен де бұлдыратып барасың... Соқтықпай өт дейсің тағы да!.. Тәңірі-ау, бұл атты бұлай естіртке-ніңе де ризамын... Бұл ат әлі бар екен ел аузында. Ізі бардың өзі де бар болар... Кез дүниені, қу сағымды!.. Көрінген сәуледен алма көзіңді!.. Айналма, Қозы! — деп, қиядан қияға бір-ақ ырғып, жоқ болды көз алдымда...

Баян. Айналма, Қозы, деді дейсің бе?

Жарқын. Ие, айналма, Қозы, деді.

Баян. Көрпеш дегенді қосқан жоқ па?

Жарқын. Қозыдан кейін Көрпеш өзі-ақ келіп тұрған жоқ па...

Баян. Қозы... Қозы Көрпеш... Бұл бір кесілген үміт, өшкен сәуле сияқты еді — қайта оянды көңілімде... Түсімде айтсаң, оңай иланар едім, өңімде болғасын ойыма сыймай тұр... Естіліп, анықка шыға алмаса, естілмей-ақ жата бергені жақсы еді... Көңіл күйін не біржола сөйлетіп, не біржола үзетін сырды басып тұрсың... Ойламадың ба бұл жағын?.. Неге қозғадың бұл күйді?..

Жарқын. Кесілген үміт болмасын, өшкен сәуле болмасын деп айтып тұрмын, Баян. Басың базарға түспесін, Ақ Баян арманда кетпесін деп айтып тұрмын, Баян. Құс болса, көктен, адам болса, жерден табылар деп айтып тұрмын Баян...

Баян. Ендігі өмірім осыны тыңдаумен өтсін — қайта салшы әніңді...

Жантық келеді.

Жантық. Жау, жау, жау!..

Жарқын. Жау дейді, Баян.

Баян. Дей берсін, айта берші қайтадан...

Дауыстар. Жау, жау, жау!

Баян. Неге бөледі, неге шулайды, түге?..

Жарқын. Жау дейді, Баян.

Баян. Дей берсін, былай жүрші... айта берші...

Жарқынды алып кетеді. Жантық, Қарабай, жұрт шығады.

Жантық. Жау, жау, жау! Шапты Қодар, шапты!

Қарабай. Шабылдым, шабылдым, шабылдым! Бітті-тім. Жантық біттім!.. Бере көр қолыңды!.. *(Жантық сүйеді)*

Жантық. Аттан, аттан, аттан!

Қарабай. Қайсың бар, аттан, бар болсаң!

Жантық. Ешкім жоқ аттанған!

Қарабай. Кімім бар менің аттанар: қыз деген қырсықтан басқа не беріпті маған! *(Отыра кетеді... Қыздарымен Баян келеді... Қолымен Қодар келеді.)*

Қодар. Асқақтаған сұлу, сөз тыңда! Әкеңді сен үшін шаптым, соны айтқалы оралдым!.. Шабылған сорлы Қарабай, сені қызыңның қырсығы әкетті, соны айтқалы оралдым! Әр аурудың емі бар: қызыңды өз қолыңнан әкеп беріп, жылқыңды айдап қайтасың! Он қос жылқы қалыңым деп, он бір қос жылқы айыбым деп, қоса беремін!.. Соны айтқалы оралдым! *(Жүріп кетеді.)*

Қарабай. Уа, қайсың бар аттанар! Шабылған малды қайырар, жау қолынан айырар! Уа, қайсың бар аттанар?

Жантық. Жалғыз жан жоқ аттанған, жалғыз жан жоқ аттанар!

Баян. Мен бар! Әкел ерлер киімін, әкел ерлер құралын! Жауға аттанар мен бар!

Жарқын. Саған ерер мен бар!.. *(Баян құрал асынып, қолды бастап кете береді.)*

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ЕКІНШІ СУРЕТ

Тау аңғары... Көл жағасы... Жалғыз ағаштың жапырағын жамыла түрған қоңырқай қос... Үйдің қасында Мақпал.

Мақпал. Опасыз дүние десеңші... Иесі де кетті, дәулет те бітті... Ауған елдің жұртында, азынаған желдің өтінде қалғалы ұзақ — он бес жыл! Меңіреу тау бір тіл қатпайды... Тау кезіп, тасқа өрмелеп жалғызымның күні өтеді... Қоңыр тау жыласаң ғана, күңіренсең ғана үн қосады... Күлсең мазақтайды!.. Мұңдасың — мұңың ғана, сырласың — сырың ғана... Елі бардың не мұңы бар екен?.. Ел

сағынып барып ем... Сорлы басым, несіне бардым... Қайдағы үміт, не бастап апарды? Құрыған тандыр сорғалай бергесін, барып ем... Аяғында Баянды көруге де шыдамадам... Алыстан жарқыраған шырағым еді, енді о да сөнді... Мына тұста бір жарық жұлдыз тұратын еді, бүгін о да жоқ... Көзімді аша салып, Баян тауына қарайтын едім, бүгін ол жаққа бұрылғым да келмейді... *(Қозы келе жатыр... қарулы... Арқасында атқан аңы бар.)* Екі көзімнің бірі ақ қандай, қолқа тамыр үзілгендей... Қаусаған сүйек шын-ақ далада қалатын болғаның да... Ел дегенде, қол бұлғап, құшақ ашып тұратын Баяным едің, енді елде нем қалдың? Кепкен ерін біржола еміренбейтін болғаның ба... Қуаныш, жұбаныш деген сөздер ұмтылғаның ба біржола... Уһ! Баян деген атыңды алысқа, берікке сақтап жүр едім... енді қайттім?.. Ұмытайын ба, әлде?..

Қозы. Тағы «Баян!» *(Тыңдап тұрып қалады.)*

Мақпал. Жоқ, ботам! Ұмыта алмаймын! Қозым десем-ақ, ар жағым Баяным дейді қосыла... ұмытпаспын, ұмыта алмаспын! Жасаған, ақтық демім шығарда Қозым, Баяным дегесін, ерні құрғыр қайта ашылып кетпесін! Сол екі атты айтқан күйі тас бекіп, жабылып қалсын! Мұны өзің ғана есті! Қозым естіп қалып, өрт тастап кетпейін артыма!.. Әлде естіртсем бе екен... Қой, Мақпал, сақ бол!.. Отқа салмас болар жалғызды!

Қозы. *(шешесін құшақтай алып)*. Не айтып отырсың, жан анам? Жасырмашы менен... Ойыңа зорлық етпеші, бөлмеші, аудармашы басқаға... Көтерші жасырған сырыңның пердесін... Ойым ойран, басым мең-зең болып қайттым бұл жолы... Жан ана, берші жалғызыңның бір тілегін... Я алшымнан, я тәйкемнен түсетін күннің есігі бүгін ашылғандай... Жалғызын жарға соқса да, су түбіне кеткен меруертін алып шықса да, әйтеуір, алдында айырма жол жатыр... Түспей қалмаймын біріне... Сал баланды қияға — құламай кетсе, туысын ақтағаны, құласа, өкініш не!..

Мақпал. Әшейін еді, құлыным! Өзіңмен-өзің күңіреніп, ағашқа, тасқа тілдесіп жүргеніңде не айтылмайды дейсің... Албырт шақты анаң да өткізген басынан. Алысқа, қайтпасқа, оралмасқа кеткен бір өкініш те, еске түсіп кеткен... Алысты аңсап, жалғызының жолын тосып отырғанда, ескі шерді ермек етеді де сорлы анаң... Ойыңа не келмейді, жалғыз сөйлеген тіл нені айтқанын да білмей қаласың... Үйге жүрші, құлыным, дем алшы...

Қ о з ы. Жоқ, жан шеше, бұл емес, басқа күй!.. Ақ сүтіңді босқа төкпесең, ақ тілегің босқа кетсін демесең, сол алыстың жөнін сілте!.. Жалғыз жортар жолбарыспын, айға шабар арыстанмын — қорықпа қауыптан! Жай қолыңды, көтер білегіңді, бер батаңды! Аттандыр ұлыңды!

М а қ п а л. Құлыным-ау, не деп кеттің? Неден түйсігіп қайттың?

Қ о з ы. Жасырмашы, жан анам! Бүгін жер бетінде жалғыз-ақ ауыз сөз жүр!.. Ол — Баян!.. Жел Баян деп ызыңдайды, көл Баян деп теңселеді, өзен Баян деп ағады, тау Баян деп күңіренеді, көк Баян деп күрсінеді!.. Анам Баян деп мұңаяды, балаң Баян деп толғанады!.. Енді тек жөн сілтеуің ғана қалды, сілтеші, жан ана!

М а қ п а л. Баян деген көл бар-ды, құлыным... Сол көлдің самалында сен туып едің... Құмы маржан, суы бал еді... Адасқан аққу-қаз сол көлде табысушы еді... Сол дағы менің аузыма түсіп кеткен... Сол дағы анаң бейбақтың аңсап кеткені... Сол дағы жалғыздықтың ермегі... *(Қозы отыра кетеді.)*

Қ о з ы. Көңіл жәй таппады. Көл дегенің сая болмады балаңа... Басталған өрт үдей түсті... Болмаса, мен айтайын, сен тыңда ендеше... (Ұшып тұра келіп). Рас, Баян — сәнді көл! Рас, Баян — әнді самал! Рас, Баян — қол жетпейтін бір мәуе! Осының бәрі — бір Баян! Бір қыз... бұ да рас емес пе? Рас деші, рас де де, жөнін сілтеші!

М а қ п а л. Адасып қалдым, құлыным... Қайда алып кеттің сүйрелеп. Мен туған ел, өскен жерден басқаны білмеймін. Не сырым болушы еді менің! Не жасырғаным болушы еді сенен...

Қ о з ы. Жасырмасаң, айта алмай жүргенің бар! *(Жүгіріп тасқа шығып.)* Қанекей, міне көк, міне жер, міне күн, міне жел! «Жоқ» деші осылардың алдында! Мен де тынайын, Баян деген ызың да тынсын! «Жоқ!» дей алармысың? *(Мақпал мұңаюлы, баласына жақындайды.)*

М а қ п а л. Жасаған, жәрдем бер! Ауыр, маған бұл сының! *(Тасқа шығады.)* Ал, тыңдай бер, балам! *(Қаранып.)* Балам-ау, мынау не тобыр? Жер қайысқан неткен қол?..

Қ о з ы *(қарап)*. Ауған ел ме, айдалған ел ме?

М а қ п а л. Мына бір тобы бері бұрылды ғой...

Қ о з ы. Келсін, жөнін біліп қалайын... Кім біледі, Баянды білетіндері де бар шығар...

Аз ғана топпен Қодар келеді.

Қ о д а р. Армысыз, шеше...

М а қ п а л. Бар бол, балам.

Қ о з ы. Жол болсын, аға?

Қ о д а р. Әлей болсын, бала... Қалың жылқымен мына бір аңғарға тіреліп қалғаным — жөн сілтеп жіберуге жәйің бар ма?

Қ о з ы. Жөніңізді айтсаңыз, жөн сілтеу қиын болмас.

Қ о д а р. Бойыңда отың бар бала көрінесің, айтайын, білгің келсе! Керек болар — ұғып ал, ұға алсаң! Кім біледі, көргенің болмаса да, көргеннен өнеге алып, адам боларсың! Батыр болмасаң да, батырды көргеннің өзі қандай! Түр құлағыңды, қарай алсаң көзіңді де айырма менен!..

Қ о з ы. Ал, қарадық.

Қ о д а р. Ел шауып, Ертіс бұзып келемін!

Қ о з ы. Ие?

Қ о д а р. Бір байдың қызына көңілім ауып, батыр басымды еңкейтіп, аяғына жығып ем! Ер қадірін біле алмады!.. Басқа тепкендей іс істеді! Не елі болып, не өзі болып, ер намысын сыйлай білмеді!.. Көзсіз бай, бассыз елге ұшырадым...

Қ о з ы. Содан?

Қ о д а р. Не соданын сұрайсың! Босағасын түріп қойып, шаптым да жүре бердім!..

Қ о з ы. Ерлік-ақ! Есін бір жидырған екесің! Ер туса, намысын жібермесін де! Сол ердің қолын алуға болар ма екен?.. Өз намысым қайтқандай болдым ғой!..

Қ о д а р. Неге болмасын! Бес батпан шоқпар көтерген қолды байқап қал! Мә!..

Қ о з ы *(қолын қатты қысып қалады)*. Енді бір сұрау, батыр аға: қыздың өз ризалығы болған ғой, сірә?

Қодар қолының ауырғандығын білдіріп алады.

Қ о д а р. Тәңірі деген, шымылдыққа кірмей тұрып, қыз ризамын дегенді қашан көріп ең?

Қ о з ы. Қыз сырына қанық емеспін... Солай-ақ шығар... Қыздың өзін де әкеле жатқан боларсың! Көруге болар ма жеңгейді?..

Қ о д а р. Адам болатын бала екен деп тұрсам манадан!

Қ о з ы. Алдияр, аға, теріс кетсем...

Қ о д а р. Ылағып кеттің бетіңмен! Қызын өзі әкеліп, аяғыма өзі кеп жығылып, жалынып-жалбарынғаны қандай қызық!

Қозы. Солай ма еді!..

Қодар. Солай болмаса, ердің намысы қайтатын ба, кегі алынатын ба? Анайы елді жөнге салар, көргенсіздің көзін ашар іс керек емес пе!..

Қозы. Енді түсіндім, батыр...

Қодар. Ұқтың ғой! Ұмытпа! Кәне, жөн сілтеп жібер... Сау бол, шеше... *(Кете береді. Қозы еріп, жол сілтеп бара жатады.)*

Қозы. Мына бір қырқаны маңдайға ала тартсаңыз, ар жағы жазық дала болады... *(Бұлар кетеді. Мақпал жалғыз қалады.)*

Мақпал. Науыт болған қайран малды көрдің бе... Барымтаға түсіп жүрген әлдеқандай сорлы екен!.. Талауға да кетесің, қанжығаға да кетесің, көзің ашылар күнің болар ма, жарымжан...

Қозы келеді.

Қозы. Көрдің ғой, жан шеше?.. Жаңағы батыр намысын қалай қайтарып бара жатырмын деді?.. Естідің бе сен?

Мақпал. Қайдан білейін, құлыным! Намысын қайтарып бара ма, әлде біреудің намысына сарып кетіп бара ма!

Қозы. Айтпады ма өзі? Алдады, ар-намысымды аяққа басты, қорлады демеді ме?

Мақпал. Күштінің намысы қашан да шетін тұратын еді: намысым дегені — зорлығы, қорлады дегені. — қорланғаны, еңкейдім дегені — еңкеймеді, дегені болмасын, кім біледі!..

Қозы. Қап, ашып сұрамаған екем...

Мақпал. Өкінбей-ақ қой, балам... Күші асқанның барлығы жөн, барлығы дұрыс... Әділдік күште кеткен заман емес пе... Ағынан жарылады деймісің...

Қозы. Оның рас шығар, жан анам! *(Еркелеп құшақтап.)* Жалғыз баласына анасы да ағынан жарылмай қойды ғой... Өз бетіңмен кездесіп қалсаң не болсаң, ол бол... Жөн селтемеймін, адасып-адасып жөніңді тапсаң да, қаңғып кетсең де мейлің деді ғой... Бір күні тау жаңғырығып «Баян» деп қалса, оны қуып Қозы кетсе қаңғырып, жан анасының жаны тыныш отыра береді де...

Мақпал. Қаңғырып дедің бе?.. Кімнің жаны тыныш отырмақ? Менің бе?..

Қозы. Сенен басқа кімім бар?

Мақпал. Қоймадың ба еркіме!.. Қара бұлт қаптап келеді басыма! Амалым не, жалғыздыққа үйренген бас — қаламын да жалғыз... Шер боп қатқан тас шемен еді, берейін қолыңа... Көтердім қолымды, сен де көтер, сілтедім жөніңді!

Қозы. Ақ жарыл! *(Қолын көтереді.)*

Мақпал. Ақтарылдым біржола!.. Жасаған!.. Неге бастағалы тұрсың? Жалғызды да көпсіндің бе маған! Зеңгір тау, сен боласың да мұңдасым!.. Айсыз түн, сен боласың да сырласым!.. Ай мен күн сен боласың да көзге түсерім!.. Ескек жел, сенен күтемін де жалғызымның хабарын!..

Қозы *(қолын түсіріп жібереді)*. Жоқ, ана! Шыдай алмаймын мұныңа!.. Айтпай-ақ қой ар жағын... Сені күңірентіп қойып, күлмекпін бе мен? Айтпа, айтпа! Бәрі ұмыт, бәрі түстегі сандырақ боп қалсын... *(Отыра кетеді.)*

Мақпал *(құшақтап)*. Жоқ, құлыным, есті біржола! Сенің күдігіңді арқалап әкетем бе? Маған да ауыр, жеңілденсін жүрегім... Әшейін, аналық-тағы босатып жіберген... Тыңдай бер...

Қозы. Айтпа, айтпа, айтпа. Естімеймін!..

Мақпал. Әкете алман арқалап! Тыңда!.. Баян екеуің бір күні тудыңдар... Батпаған ай батыстан қарап тұрды, шыққан күн шығыстан қарап тұрды... Сәскенің кезі еді...

Қозы. Баян туған күні деймісің?

Мақпал. Баян екеуің туған күні деймін... Екеуіңнің даусың бірге шыр ете түсті...

Қозы. Құрдас болғанымыз ба?.. Баян да он жетіде ме?

Мақпал. Он жетіде, Қозым! Құрдассыңдар...

Қозы. Енді ар жағын айтпай-ақ қой... әкем өлді... жұтап қалдың... Қарабай қуып жіберді қасынан. Екі ана тірі болсақ, Қозы мен Баянды қоспай қалмаймыз, дедіңдер...

Мақпал. Қан құйыстық! Өйткені, үш жасқа толғанда Баян екеуің біріңді-бірің бір күн көрмей қалсаңдар, екі күн жылайтын едіңдер... Міне сол құйысқан қан... *(Орамалын көрсетеді.)*

Қозы. Ант десеңші мұны!

Мақпал. Ие, ант! Саған айта алмай жүргенім де сондықтан!

Қозы. Болды ана! Баян тірі болса, жөнін сілте... Не орындап, не бұзып қайтайын антыңды.

Мақпал. Баян тірі... Барып та қайттым жақында... Тек көруге жарамадым... Күдер үздіру керек болды — біріңе-біріңді өлді деп қойдық... ұмытсын дедік... *(Қозы түрегеледі.)*

Қозы. Бар тұман ашылды! Батқан күн қайта шықты, сөнген сәуле қайта көрінді... Он жетіде дедің ғой Баянды? Келер жылдың, келер бүгінгі күніне дейін, Қозың кетпес ешқайда... Аяқтама жырыңды, жылға жеткіз... Әдемі күйің аға берсін бұлақтай... Тек Баянның елі қай жақта, соны бір көрсетіп қой, алыстан болса да қарай жүрейін... Абай болайын сыртынан!

Мақпал. Баянның елі мына бетте!.. Сұлу ғана тауы бар, сылдырап аққан суы бар, аққу-қазды көлі бар... *(Тұрып.)* міне, мына тұста...

Қозы *(қарап)*. Мынау тағы неткен қол?

Мақпал. Құғыншы болар... Тым суыт екен жүрістері...

Қозы. Бұлар да бері бұрылды...

Жантық келеді.

Жантық. Армысыз, жеңеше...

Мақпал. Бар бол, қайным!

Жантық. Үй іргесін аямасаңыз, ат арқасын босатып, дем алып аттанайық деп едік. Еліміз шабылып, өзіміз сабылып келеміз...

Мақпал. Лұқсат, шырағым...

Жантық. Уай, бері жүріңдер, бері... лұқсат деді...

Қол бастап Баян келеді.

Қозы. Жол болсын, құрбым!

Баян. Жолдамақ сенен болсын, жас ноян... Күштіде кеткен кегін, төгілген ар-намысын қуып бара жатқан жанмын!..

Қозы. Ел намысын ер жоқтамас болар ма? Қызына қол бастатқан неткен ел еді!

Баян. Қыз намысын кім жоқтар? Өзі жоқтаса айып па екен! Ел шапқан батырды қуып қыз бара жатса — қыз басына бұ да қорлық па?.. Садақ тартсам, жеті қырға жеткізем, жеті қабат қалқаннан өткізем!.. Жолбарыс бұрылып кетеді, арыстан тайып кетеді алдымнан! Осы ма менің кемдігім?

Қозы. Айып менде құрбым... ағат кетті,— ауыр ала көрме...

Баян *(бұрылып)*. Қол! Дем ал!.. *(Қол әрі кетеді.)*

Қозы. Бір ой келіп бунап тұр, құрбым, тыңдар ма екесің, айтсам...

Баян. Айт, батыр.

Қозы. Ой келсе де, тіл күрмеліп тұрса қайтпекпін?..

Баян. Онда айтпай-ақ қоясың да... Айтарсың тағы бірде...

Қозы. Жоқ, байладым белді! Аяғы бар, басы жоқ деме тек...

Баян. Айт ендеше...

Қозы. Намысыңды мен жоқтап, айыбымды жуар ем алдында... Осы жолыңды қисаң қайтер маған?.. Осы еді айтпағым...

Баян. Қорлауың ба, қолқаң ба?.. Қол бастап елден шығып, орта жолдан еліңе қайт дейсің ғой?.. Бұ да қолқа болғаны ма! Білек сендерде болса, жүрек бізде екенін білмейтін бе едің, құрбым?

Қозы. Құрбым, ойым мен бойымды билей алмай, қыз алдын көрмеген тілім күрмеліп тұрса, тағы да айып менде... Айтар сөзім осы еді дей алмаймын... Бірақ, жауға қыз аттанғанда, жас батыр үйде жатқан ба? Жауыңды көріп қалып ем: о да намысым үшін шаптым деп еді, алдаған екен! Сенің намысың менікі болсын! Тағы сұраймын: қи маған осы жолыңды! Не жауыңның басын, не өзімнің басымды әкеліп иермін алдыңа! Сонда шапсаң да, сүйесең де, өзің боларсың төреші!..

Баян. Бала қыран алғыр да келеді, аңғырт та келеді... Намысыңды қумай-ақ қой десең, көнуім оңай болар еді... Мен қуайын дегеніңе обалыңа қалам ба деп те ойланам. Бұғанаң қатпаған көрінеді... *(Кете береді.)*

Жантық. Өзің жүргенің жақсы, қарағым... берме жолыңды!

Жарқын. Бикеш, іс иесін тапқанға ұқсайды! Жас арыстан кездесті — жол орайы енді оңалар! Сұраймыз — батыр жүрсін бізді бастап! Қи жолыңды!

Қол. Сұраймыз, қиыңыз? *(Шуласады.)*

Баян *(аз ойланып.)* Үш түрлі шарт қойсам, орындармысың?

Қозы. Он түрлісін қойсаң, көп болар деймісің?

Баян. Ендеше, өзіңнің оғыңды, менің садағымды аласың!

Қозы. Алдым!

Баян. Өзіңнің найзаңды, менің қалқанымды аласың!

Қ о з ы. Оны да алдым! Енді үшіншіңді айт!

Б а я н. Онымды жүрерде естисің!

Ж а н т ы қ. Қап... *(Әрі кетеді.)*

Қ о з ы. Қол, әзірлен! *(Қол әрі барып тұрады.)* Мен қаруымды алып қана шығайын...

Қ о з ы үйге кіріп кетеді. Ж а р қ ы н Баянға жақындайды.

Б а я н. Осы ма, жаным?..

Ж а р қ ы н. Басқа деуге қалай ойың бара алды?

Б а я н. Орныңа бар... Бірге қайтасың менімен...

М а қ п а л келе жатады. Ж а р қ ы н кетеді.

М а қ п а л. Ботам-ай, ажарыңа қарап, жүзіңді сындырғым келмей, үндемедім манадан... Көрген жерден алпыс екі тамырым иіп қоя берді... Жалқы құлын — жалғызымнан айырғалы тұрған кім едің, балам?..

Б а я н. Шешеке-ай, жасаған жаңылыс бастырмаса, таптым ба деп тұрмын іздегенімді... Мейірімің түсіп, ішің елжіреп тұрса, тек соған көрінгей-ақ-ты!.. Не, адасқан мұндық, әлі де адасудасың де, не таптың деші!.. Сенен жасырып, желге айтам ба, мен Баянмын зарлаған... Аңыраған анам сен болсаң, боздап келген ботаң менмін, жайшы құшағыңды!..

М а қ п а л *(Баянды құшақтап)*. Ботам, ботам, ақ ботам! Екі көзімнің бірі! Өшкен сәулем, сөнген үмітім! Сен бе едің, сен бе едің, күнім! Кірші ішіме! Садағаң болайын, садағаң! Бері әкелші ақ маңдайыңды!

Ұзақ сүйеді, Қозы келеді.

Қ о з ы. Айыпты мен ана... Жүріп бара жатқанымды айтпаппын да саған... Енді айтайын деп келсем — жарасып қалғанға ұсайсыңдар... Естідің бе анығын?..

М а қ п а л. Ана мен балада жаттық болушы ма еді! Айтты бәрін де... Жолың оңғарылсын, құлыным!.. Бері келші, арда емгенім!.. Сені де сүйейін тағы бір... *(Қозыны да ұзақ сүйеді.)* Бар енді!..

Қ о з ы. Ал, құрбым, мен даяр, енді үшінші шартыңды айт!

Б а я н. Оны айтпай өзім де қала алмаймын... Бері қара, батыр!.. Жоқтағаным кімнің намысы деп, менің атымды сен сұрамайсың; жұмсағаным кім деп, сенің атыңды мен сұрамаймын! Үшіншім — осы...

Қ о з ы. Мұныңды орындай алар ма екем! Осы шартыңды қоймағанда қайтетін еді? Не қырсығы тиетін еді соның!..

Б а я н. Қыз сырын сұрамас болар... Қыз арынын сынамас болар... Орындай алмасаң, өзім аттанам... Былай шығып алып, біреуден сұрастырып жүретін болсаң, алдама мені!

Қ о з ы. Амалым не, көнемін дағы...

Б а я н. Олай болса, аттан! Жауымды байлап әкелген күні, өкінсең де, өз аузымнан естірсің...

Қ о з ы. Сөз байлайық осыған!

Б а я н. Міне қолым!.. *(Екеуі қол алысады. Баян Қозыға садақ, қалқандарын береді).* Қыз жүрегі қорғауды сүйеді ғой. Қалқанды берік жасатып ем, тастама қолыңнан...

Қ о з ы. Менің жүрегімді қорғап көрсін, ендеше...

Б а я н. Ал, жолың болсын, батырым!

Қ о з ы. Қол, ер соңымнан! *(Жөнеле береді.)*

Қ о л. Баста батыр, ердік!

Жарқын Баян мен Мақпалдың қасына келіп, үшеуі қолдарын бұлғап тұрады.

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ҮШІНШІ СУРЕТ.

Оқиға Қарабайдың үйінде... Үйде Күнікей ғана бар...

К ү н і к е й. Шіріген түбірдің түбіне өрімдей тал несіне шықтың екен... Кім қызықпасын, кімнің әлі жетпесін саған... Бұтағыңа бұлбұл қонатын шынарым едің, енді мынау, шіріген түбірдің иіс-қоңысы бойыңды улап, құрт-құмырсқасы жапырағыңды жайлағалы тұр... Панасыз елдің шетіне несіне шықтың, несіне төгіліп бой жаздың? Күнәсіз жан күймейді дегені қайда? Баяннан да күнә табылғаны ма? Әлде, бәрі алдау, бояу ма? *(Қарабай келеді).* Әй, айтшы зарлатпай: не тапсырдың Жантыққа? Рас па жұрттың айтып жүргені?

Қ а р а б а й. Алма деймін мазамды! Бәрін де тапсырдым! Тапсырмағаным болса, өзі-ақ білер Жантықтың!..

К ү н і к е й. Баянды өз қолыңнан ұстап бер де, малымды алып қайт деуге нағып барды аузың?

Қарабай. Қан жауғыр, қақсама деймін енді! Қырық жыл таяқ айырмасам да, ақыл сала алмай-ақ қойдым-ау, сен қақбасқа!

Күнікей. Жаның сая іздей ме, сірә? Кімің бар көрінер көзіңе. Қыз да болса, жалғызың емес пе еді? Мал орнына жібере салғаның ба?

Қарабай. Қыз бере гөр деп, қашан сұрап ем құдайдан? Қызды бала деп берсе, қаталасқан өзім десін! Қызды малым демегенде, балам демек пе Қарабай!

Күнікей. О, дүние қоңыз, дүние қоңыз!.. Әкесі болмай кет Баянның!

Қарабай. Болмай-ақ қойды Қарабай... Тек малым қайтсын!.. Алсын бірі, тынсын құлағым!.. Қызды байға бермегенде үйде бұзаулатпақшы ма едің!..

Күнікей. О, тілің байлансын, жаман ауыз! Осы еді айтпағаның! Ұялсаңшы!

Қарабай. Сүргінге салып жүрген көп бұқа қояр сенің еркіңе!..

Күнікей. Тоба! Тоба!

Қарабай. Жармаспа тізгініме! Оралма аяғыма!

Күнікей. Баянның басына бұлт айналса, Күнікейдің көзі де жылаумен ойылады, білдің бе?

Қарабай. Ойылмаса ағып кетсін! Ағып кетсін деймін, есітемісің?

Күнікей. Күнікейдің көз жасы бұршақтай соғып, күңіренген даусы көріңнен оята алар сені! Сол күнге сен де әзірлен ендеше!

Қарабай. Қап! Қатын-баланың басқа секіргені қасқа тіске ақау түсейін деген-ау бұл!

Күнікей. Уа, мен анасы болам Баянның! Жұтқызбаймын жалғызымды сен жалмауызға!.. Көл тартылар, дария сарқылар, Күнікейдің күші таусылмас! Тек, Баяным қайтпай, малың қайтсын осыдан, қара пышақ қайраулы тұрады!..

Қарабай. Мына қан жауғырдан қашып құтылатын болам-ау!.. Аюға намаз үйреткен таяқ екенін тағы бір көрсетер ем көзіңе, күледі-ау жұрты құрғырдың жұрты!

Күнікей. Отқа түсермін, суға түсермін, сені де ала түсермін!

Қарабай. Жә! Жә! Жә! *(Шығып кетеді.)*

Күнікей. Енді Баянның өзінен айрылғаным ба? Алдауға түскен екесің ғой, ботам... Жасаған, естіртпе бұл қайғыңды... Құлағы құрғырды осыны естіртуге сақтасаң,

қазір ал! Көзі құрғырды соны көрсетуге сақтасаң, қазір ағыз! Қара күннің де бір соңы болар ма, жасаған!.. Бар қайғыны Баянға сақтамасаң, көтер қара тұманыңды!..

Таңсық келеді жүгіріп.

Таңсық. Сүйінші апа, сүйінші! Қуан апа, қуан!.. Ақ ботаң үйге келе жатыр...

Күнікей. Ойнай көрмеші, Таңсығым... Көктен түседі деймісің...

Таңсық *(құшақтап)*. Бере бер сүйіншіңді: Сүй мына жерден... Енді мына жерден. Мына жерден тағы бір...

Күнікей сүйе береді.

Күнікей. Шын айтсаң, қуанумен өт, Таңсығым...

Таңсық. Сұрт көзіңді... Жасың тый! Бас жүрегіңді... Құшақта мені... Енді мынаны айт: қайғылы адам қайтеді?

Күнікей. Көріп тұрған жоқсың ба, күнім...

Таңсық. Қуанған адам қайтеді?

Күнікей. Күледі де...

Таңсық. Қуантсаң, жыламаймын де, ендеше!

Күнікей. Жыламайын, күнім!

Таңсық. Ал, берік бол, қазір Баян үйге келіп кіреді!

Жүгіріп кетіп қалады.

Күнікей. Не айтып кеттің, күнім!.. Ұқпай қалдым ғой... Шын ба, ойының ба күндегі... Қалай иланармын бұған!... Өңім болғай-ақ-ты... Сенейінші, шын болар... Тияйыншы жасымды... Келші, ботам тезірек, көрінші бір көзіме, шығармайын құшағымнан!..

Қыз, келіншектің ортасында Баян келе жатады.

Ботам! Ботам! Жалғызым!..

Баян *(құшағын жая кіреді)*. Сағындым ғой құшағыңды... Көңілің неден жабырқау?.. Жалғызсырадың ба, әлде?..

Күнікей. Арманым жоқ, сау қайтсаң... Қараңғыда қалмадым ба... Ордалы жылан ортаға алмады ма... Жалғызым, барым... жарығым...

Баян. Серпіп таста бар ойды!.. Өзің де енді серпіл... Арыл ауыр салмақтан... Баяның да арылып қайтты... Баяғы Баян жоқ енді!.. Қалғып жатқан толқын ем, дауыл тербеп оятты. Енді тек өз толқынымда өзім батып кетпе-

йін... Сүйенішім бола көр... Ендігі ойлайтының осы ғана болсын!..

Күнікей. Адасып қалдым ғой ізіңнен... Көз жазып қалдым ғой қараңнан... Не деп кеттің, ақ ботам?..

Баян. Баян өзін осы жолы танып қайтты... Қарабайдың ұлысың деп алдаған екен ел-жұртым!.. «Еркек-шора» жоқ енді, Баян қыз екен! Жау қуа алмай, кейін қайтты... Әкел қыздың киімін! Киіндір тезірек!.. Жібек баулы сұңқарым келеді ұшып! Ақ тотыдай таранып, қарсы аламын құсымды!..

Күнікей. Ұзағынан, жасағаң, ұзағынан!.. Кімді көріп, нені естіп, тасып қайттың, айтармысың, ботам?

Баян. Қиядағы қыранды көрдім... Ұрса құлашы, сыбанса білегі, ашылса жүрегі, түйсе жұдырығы — бәрі көз тойдырады!.. Бәрі қызығуға жаралған! Аямапты бергенде?.. Қияда көрсең, қыран дерсің, қалыңда көрсең, жолбарыс дерсің, асқар көрсең, биігі дерсің, өз қасыңда бала дерсің, жібек жал арғымақ — Қозы Көрпешті тауып қайттым!.. Ай астында, жер бетінде теңі болса. Баянды алданыпты дерсің!.. Жауды сол қуып, сол алып келе жатыр...

Көп. Қозыны!

Күнікей. Қозымды көріп қайттың ба? Адаспапсың, тауыпсың... Жасырған сырды өз қолыңмен ашыпсың... Бетің түзу, балам... Бірақ, панаң кім болар?.. Тілеулесің аз болып, дертке дәрмен табылмай жүрмесе қайтерсің...

Баян. Арқамды тәуекелдей асқарға тіредім: сол пана! Тілеуімді сен тілейсің — сол пана! Дос, құрбы ұстап бермейді — сол пана!..

Күнікей. Бәріңе айтар бір қолқам: отыз тістен сөз өріп, желдей есіп кете көрмесін, балалар! Мен бір ұшық көрген шошынбалы жанмын, қарақтарым... Әр ауыз естігеніне ие болғай-ақ-ты!..

Көп. Иеміз, иеміз.

Қарабай кіреді.

Қарабай. Таланғаны талауда, талаудан қалғаны тарауда... жерге қарап қалған осы да!.. *(Әкелген бірдемелерін тығып жүреді.)*

Баян. Әке!..

Қарабай *(қарамай)*. Қан жауғыр, қайта қалған екенсіңдер төбеден!.. Мал қарасы көрінбей түспеңдер дегенім

қайда? *(Баянды көріп.)* Баянбысың, ойбай? Мал қайда? Беріп кеттің бе қолыңнан?..

Баян. Малың айдауда, жауың байлауда келе жатыр жақындап...

Қарабай. О, мың жылқы бол, мың жылқы!.. Келші бері... *(Баян әкесін құшақтауға келе жатады... Қарабай ыңғай бермейді.)* Малдан озып кетпей-ақ қойсаң болмады ма?.. Түгел ме, әйтеуір?..

Баян *(мұңайып)*. Түгел... келіп-ақ қалар ұзамай...

Қарабай *(теріс бұрылып)*. Қайдан түгел болушы еді! Қаусамады деймісің...

Баян. Жүрші, Таңсық... *(Қыздарды алып, мұңайып шығып кетеді.)*

Күнікей. Маңдайынан бір сүйсең, ерінің күйстін бе еді, қара тас! Еркелеп келгенде, кеудеге итермесең нететін еді! *(Күнікей де кетеді)*.

Қарабай. Өзін бір сүйіп көрмегенімді ұмытқаны-ау, бұл шіркін!.. Аузына не келсе, соны айта береді екен-ау, алжығасын!.. Алжи көрме, Қарабай!..

Жантық келеді, асығыс.

Жантық. Ассалаумалейкем, Қареке...

Қарабай. Жантығымбысың? Уа, бері кел *(Құшақтайды.)* Отыр қасыма, көтер көңілімді!..

Жантық. Жантығың да аянған жоқ, Қареке!.. Тінтпеген ой-шұқыры қалды ма екен жауыңның! Қысырың қосақтаулы, жалғыз тай шығының жоқ, мына қырдан құлап келеді малың...

Қарабай. Сен ғой сенгенім! Сен ғой! Жайшы алдыма, кеңейтші дүниемді... Аласы мен құласын, торысы мен төбелін жайшы мына жерге шұрқыратып...

Жантық. Көрмегеніміз де жоқ, Қареке... Он екі баулы елдің ордасы екен Қодар дегенің!.. Жолда бір батыр бала кездесіп, сол болмағанда, бой теңесер жау емес екен!..

Қарабай. Қалағаны Баян емес пе еді? Қалауын бер де, малыма мал қосып алып қайт демедім бе мен саған?

Жантық. Қареке-ау, Баян бармай қалды ғой! Қалай келіскендерін аңғармай да қалдым, әйтеуір әлгі батырға бізді тапсырды да, өзі жолда қалды ғой күтіп!.. Амалдың құрығаны да осыдан болды ғой...

Қарабай. Бәледен әлі құтылған жоқсың, десеңші!...

Жантық. Солай ма деп қорқам... Осы малға сол батырдың өзі де қызығып келе ме деп қалдым... Байдың

еркек кіндіктісі жоқ па еді, қызының басы бос па еді деп, тым-ақ сұрастырып келеді...

Қарабай. Ә?..

Жантық. Ен дәулет деген қандай пәлеге қол бұлғап тұрмайды!

Қарабай. Уай, не көңірсітіп отырсың өзің?

Жантық. Өзі бір тау жайлаған тақыр екен... шешесінен басқа несі бар екен соның!..

Қарабай. Уа, құтқар!.. Әкет, әпкелген бәлеңді!..

Жантық. Менің шамам келер ме екен, сірә... Қызқырқынды қасына алып, Баян да алдынан шығып бара жатыр екен, бұ да бір әлсіретететін жай... Жаратпадым, амал не Баянға...

Қарабай. Болмаса, соның өзіне бер, Баянды! Құтқар мені бәлеңнен!..

Жантық. Сабыр, Қареке!.. Міне, келіп те қалды... Жылы шыраймен қарсы ал... Ойласармыз кейін... *(Қол бастап Қозы келе жатыр... Қасында Баян тобы... Кейінірек, байлаулы Қодар келеді.)*

Қарабай *(есіктен қарап)*. Нағыз бәлең осы болар, Қаным қата қалды ғой! *(Орнына отырады. Жантық Қозыны қарсы алады.)*

Жантық. Алдияр, батыр! Әуелі қайғыдан, енді қуанғаннан Қарекең қозғала алмай қалыпты орнынан... Төрге шық... Жүздес иесімен...

Қозы *(иіліп)*. Армысыз, ардақты ата!.. Күш сарқып, бой тежеп қалған жоқ балаң... Малыңа қосып, жауыңды да ала келдім!..

Қарабай. Өркенің өссін, ұлым!..

Қозы. Айыптың міне! Бос әкелуге бата алмадым сізден! Зорлық көріп, қорлықта қалған қарт өзі айтсын дедім төресін! Өзі кессін дедім жазасын! Байлап босағаңда шірітсең де, айдап есігіңе салсаң да, енді ерік өзіңде!

Қарабай. Байладым өзіңе! Өңім түгіл түсімде көрмей-ақ қояйын... Ала кет балам айуаныңды!..

Қозы. Мақұл, ата!..

Қарабай *(Баянға)*. Балам, батырдың басқа сыйын істе!..

Қозы. Сый сұрамаймын, ата... Тауда қалған анам бар еді... Бикеш, тапсырғаныңды орындасам, лұқсат ет... Қайтайын ізімше!..

Қарабай. Батырға мал көп, дүние-боққа қарамаға-

ның жақсы, балам. Балам, бөгеме батырды... Шешем қалып еді деп тұр гой...

Баян. Айтар сыйдың атын таба алмай, мен де қысылып тұрмын, батыр... Аз күн аялдап, бойыңды жиып, дем алсаң қайтер? Мен де айтар ем, ойланып...

Қозы. Аз күндер түгіл, көп жылдарды қияр ем саған...

Әттең, анам қалып еді жалғыз... Көрдің гой өзің...

Қарабай. Жөн сөз...

Баян. Олай болса, өзің ата қалағаныңды! Айту өзіңнен, тарту бізден болсын!..

Қозы. Айтар ем, көңілім не қалап тұрғанын!.. Әттең, анам айтқан бір жорамал тілді байлап, ойды бөгей беріп тұр... Көріп тұрып, көрмегендей боп, қалап тұрып, қаламағандай боп аттана беремін де... Тағы да «әттең!» деймін — не анам, не мен өзім, айды көріп күн деп адассақ, өкініште өткен бір өмір болад та! Қарғаумен өтемін де ондай күнге ұшырай қалсам... Таудан соққан салқын жел, өкініш күйін сол ызыңдар құлағыңа!.. Сол күй менің күйім, сол мұң менің мұңым дерсің... Бұдан ар жағын айта берсем. дария шайқалғандай, дауыл қопарылғандай!.. Тынамын да осымен...

Қарабай. Жолынан қалдырма, балам...

Баян. Анаң айтса адастырмас!.. Берік ұстағаның жақсы... Баянды болсын сол жорамал! Алаңдама басқаға... Өкіндірмес, ана айтса!.. Өкініш күйін күтпеспін, батыр... Көріне түсіп, жоқ болғаның мұңайтады мені де... Амалым не, жолың түссе, соға жүр дегеннен басқаға жетпей тұр тілім...

Қозы. Баянды болсын деп қалдың-ау, бикеш... Байлағаның да тілімді... Әзір едім безуге — қалғаным да тұсалып... Қош болыңыз, қарт ата!.. Қош бол, бикеш!.. Бір сөзім қалып барады мойныңда: сұрауға шыдамай кетіп барам...

Баян. Қарыздармын қашан да!.. *(Қол алысады. Қодар ұмтылып алға шығады.)*

Қодар.. Батырлар салған із қайда, әділ би салған жол қайда?.. Дау бітіп, кек қайтса, бірінші белгі — білек шешілмейтін бе еді?.. Қыл арқанды қырмызы жібек деп ойлайсыңдар ма?.. Асау сұлу, Ақ Баян, атың әйел — шашың ұзын, ақылың қысқа, өкпем жоқ саған... Жас батыр, ескі жолды сен де білмейтін бе едің?..

Қ о з ы. Төреңе құлдық — қолыңды өзім шешейін, Баянның кім, жаным. Өн бойымды өрт алып, билетпей кетті ғой өзіме!.. Қай Баян? Қайдағы Баянды айтасың? *(Қодардың қолын шешіп жібереді.)*

Қ о д а р. Қасыңда тұрған Баянды айтамын.

Қ о з ы. Әлде, анам айтқан жорамал сен бе едің, жарқыным? Ойда тұрып, қияға қол созады демесең, ендігі қалауым атыңды есту болсын!.. Сұрамаймын деген сөзімді қайтар өзіме: өз аузымнан айтармын деген уәдең де барды! Құлатсаң, алдыңа құлайын, арманымды көріп айрылайын! Бересің бе қалауымды?

Қ а р а б а й. Не боп барады мына күн!.. Баян!..

Б а я н. Сорым ба, бағым ба, Баян екенім де рас!.. Сорым ба, бағым ба, Қарабайдың қызы екенім де рас!.. Жау жеңілді, уәде орындалды, енді несін жасырайын, анаң айтқан Баян — мен екенім де рас!..

Қ о з ы. Егер бұл, өңімде көріп тұрған түсім болса, ешкім оята көрмесін мені! Ай өтті, жыл өтті, батырдың өмірі өтті деп, аямасын ешкім!.. Түспен-ақ өтейін!.. Егер бұл алдамшы желдің ызыңы болса, ауа көрмесін басқа жаққа, алданып-ақ өтейін!.. *(Бір тізелеп).* Айыңа да, күніңе де ортақ болмадым демейін, жасаған, осы күнімді батыра көрме. Бірде болмаса, бірде көзің түсер деп, тау кезіп жалғыз жүруші едім ғой, көзің бір түсе қалған болса, тағы қарамадың демейін... Тек осы түсімді шын ет! Түс етпе, өмір ет! Қозы Көрпеш басқа тілек сұрамай-ақ қойсын сенен! Күнім дейін, тәңірім дейін табынып, алдыңа иілуге лұқсат ет, Баян! Тартып әкелген өз сәулең, айып өзіңде, қайта қуып жіберме Қозыңды! Айырса, тағдыр өзі айырып байқасын. Әзірмін алысып өтуге! Жеңсе, аямасын мені!.. Сен танышы мені! Балалық шағым бірге өткен, сүйекке біткен достық, қансыратып айырған жүрек — сен сол Қозысың деші маған!

Қ а р а б а й. Қозы!?

Б а я н. Мен сол Баян, сен де сол Қозы Көрпешсің! Жаңылыс, жала жоқ бұл сөзде. Ендігісін ата мен анадан сұралық та!

Екеуі қол ұстасып, Қарабай мен Күнікейдің алдына иіледі.

Күнікей. Қоса ағарыңдар, қос құлыным! Мен алдақашан қосқамын! *(Қозыны құшақтап, сүйеді.)*

Қ о з ы. Қос қаныңды құшағың-ақ айтып тұр... Ата, сен не айтасың?..

Қарабай. Жау төбемнен жаңа түсті деймін мен!.. Жолама маңыма!.. Әрі жүр!.. *(Қодарға.)* Уа, қайдасың төскейде малым қосылған, теңдесім! Төсекте басым сенімен қосылсын да! Мен саған бердім Баянды! Ал да, тын, құтқар мына бәледен!..

Күнікей. Күні кешегі жауыңа ма?.. О, жасаған, жасаған!.. Нағып қиясың!..

Қарабай. Өз тұяғым — өзіме ем! Сенсің менің қалауым!.. Құтқар, мына жеті ағайынды жұттан!

Қодар. Ұста білегімнен!

Қарабай. Ұстадым, айрылман!

Баян. Жазығым не еді, әке...

Қозы. Мейірім, ата мейірім!..

Қарабай. Уа, күн көрген тауыңды тап! Тауыңды!

Баян — Қозы. Мейірім, ата, мейірім!

Қарабай. Жоқ! Жоқ! Жоқ! *(Қарабай жұдырығын түйіп, екі қолын көтерген бойы, Қозы мен Баян жүгінген күйінде... Қодар Қарабайдың қасында... Күнікей Қарабайға жалыныштұрде тұрып қалады.)*

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Оқиға Қарабайдың үйінің сыртында жүріп жатады... Екі ақ қайың, ортасына қара өгіз сүйкеніп тұр... Қарабайдың үйінің сыртығана көрініп тұрады... Төбе... Қарабай үйінен айғайлап, алқынып шыға келеді.

Қарабай. Уа, мен Қарабаймын!.. Қара емен майыспаса, Қарабай қайыспас! Біліп қойыңдар мұны!.. *(Төбеге келіп отырады.)* Уһ!.. Қажытар болар ма қатын-бала! Қашан ғана жай табар екен жаным?.. Құдай-ау, қай жерде, қашан ғана қыз бер деп сұрап ем сенен? Не өңімде, не түсімде шықты ма екен аузымнан! Шықпаған-ақ шығар!.. Жіпсіз тұсадың да қойдың Қарабайды!.. *(Үйден Жантық шығады.)* Уа, бас аяғыңды! Қарабайдың басына күн туғасын, сенің аяғың да ауырлайын деген екен, мұндар!

Жантық. Аянып жүргенім жоқ-ау, Қареке...

Қарабай. Қарабайды отырғызайын деген жерің осы болмаса, тап бір емін!

Жантық. Айтсам, ұрсасың... Айтпасам, ендігі емі осы-ақ сияқты, мен де от пен судың ортасында қалдым-ау, Қареке...

Қарабай. Айта бер, сәндемей!

Жантық. Айтсам, ендігі орайы қолдан қосқан ба деп тұрмын.

Қарабай. Кімге дейсің?

Жантық. Қозы Көрпешке деймін... Баянның еншісін молырақ беріп ұзатсаң, кімнен кедей бола қояр екен... Аш өзегі жалғанар... қоңы толса — құнан да ат... Ендігі лайығы осы ма, деймін.

Қарабай. Қарабайдың естімейін деген сөзін енді сен де айттың ба!.. Уа, күйдірме жанымды!.. Басқаңды айт, табылады сенен! Табылады!..

Жантық. Басқама шыдарсың ба екен!.. Бұл тым алыс жол, ұзақ сапар, ауыр сын... Аттың белдісі ғана шыдар, адам шыдамас, қажыр, қайрат, ақыл, айла ғана шыдар... Амалсыздан аузыма түсіп отыр демесең, өз қара басым шыдамас едім...

Қарабай. Зәндем жолы болса да, айт! Шыдайды Қарабай, іркілме!..

Жантық. Шыдасаң бері қара: құлағың естісін, бетің бүлк етпесін!.. Не қуанышыңды, не ашуыңды білдірмей тұратын бол орныңнан...

Қарабай. Айта бер, әрі!

Жантық. Жи жүртты... Шық төбеге... Түс қызың сұраған мейірімге... Қостым Қозыға... Қосағыңмен қоса ағар... Сөз байлауы осы болды, де!..

Қарабай. Не дейді, мына сұм!

Жантық. Ар жағын тыңда: иығыңа лайық тон кигізем, игілігіңе лайық салтанатпен кел, балам, деп, қайырып жібермейсің бе Қозыны!..

Қарабай. Сонан соң?

Жантық. Көш бетпақтың шөліне!.. Ерсін Қодар көшіңе... Әкелсін айдап қалыңы мен айыбын: мінгестір де жібер... Қалсын қалғаны құм құшып!.. Сен баса бер ойбайға, олар жатсын сүзісіп!..

Қарабай. О, жалғыз сенерім, Жантығым! Қона қалдың ғой ойыма! Осы болсын ендігі іс. *(Тұрып кете береді.)*

Жантық. Алайда, ойлан, Қареке...

Қарабай. Осыдан артық ой туды деп пе ең дүниеде! *(Кетеді.)*

Жантық. Ендеше іліккен шығарсың сақалыңнан!.. Тоқсан қос жылқың түскен-ақ шығар қолыма!.. Мен сені жеті жыл көшсең өте алмайтын құмға апарып бір қамап көрейін, сен шығып көр содан!.. Бір құм боранда олай-пұлай боп кетсең... иесіз қалған малды айдап, «Жантекең» болып елге қайтсам, құдай кешірер, адам кешірмеске амалы да болмас!.. Ә, құдай, бергеніңнің бәрін жинап ал да, бер деп ем осы тілегімді — берді білем!.. Қарабайды сақалынан, тентек жастарды құлағынан жұлар болар... Тұр Жантық!.. Қуант бәрін де! Мас қыл түп-түгел! Отқа кеп өздері түсетін болсын!.. Жантекеңнің қақпаны, осы шығар шапқаны!.. *(Тұрып кете береді. Қозы мен Баян келе жатады.)* О, айым мен күнім, арыстаным мен ақ бөкенім келе жатыр екен ғой... Келіңдер, келіңдер!.. Қабақ ашылғандай, ашу басылғандай, ақыл жеңгендей, Қарекең көнгендей, балалар!..

Баян. Бір ішіңде қалай сыйып тұр осынша қуаныш!..

Жантық. Сендерге әкеп тұрмын ғой, қарағым...

Қозы. Жанға сая, дертке дауа сөз шықты ғой аузыңнан!.. Жақсы сөзің болса, айтар кезің, сынғанды жамасып, үзілгенді жалғасар кезің, Жәке... Ойың ақ, түтінің дұрыс секілді... Оңына айналған жел болса, естіртші Баянға, көтерші көңілін... Айтпағың не еді, айтшы Баянға...

Жантық. Баянның көз жасы, елдің тізесі батқан сияқты Қарекеңе... Қарасың көрсетіп қалды жаңа... Қарт әкең бір құласа түбірімен құлайтынға ұсады... Көзіне түспей, қытығына тимей, аялдай тұрыңдаршы азырақ... Кесіп айта алмаймын, үміт бар сияқты...

Баян. Бір қалауың бізде, Жәке!

Қозы. Жақсы лебіңе алдана тұрайық... Қала көрме ізінен... Ат орға соқса, қара нар жолға шөксе, аруана боздай өтсе — көрген көз де айыпты, сөйленбеген сөз де айыпты емес пе? Жақсы аға, жақсы сөзіңді аяма, бар болса... Қыл арқаның мойнымда болсын, шірімес қашанда!

Баян. Мен көзді аямаймын, сен сөзді аяма, Жәке!.. Жабыла берейік, әйтеуір...

Жантық. Қамшы салғызбаспын, балалар... Қуаныштарыңа ортақ бола алсам, сол да — менің бар тілеуім...

Баян. Жүр, Қозы, көңілге қорек, жанға азық берді ғой, Жәкең... *(Бұлар кетеді.)*

Жантық. Ха-ха-ха-ха!.. Көңілге қорек, жанға азық— Жәкең беріпті оны!!.. Ха-ха-ха-ха! Жанға сая жақсы сөз — Жәкең айтыпты оны! Ха-ха-ха-ха!.. О, көзсіз көбелек,

ессіз есерлер!.. Талай тарттырармын гөйгөйді! Айттырармын өлеңді!.. *(Қодар көрінеді.)* Уа, бері кел, Қодар мырза... Бері кел!.. Құлағыңды бұрап, суарып, шыңдап жіберейін... *(Қодар келеді.)* Өй, бар бол, сен бар болғыр! Көзіңе түртпесе, көрмейтінің бар екен де!..

Қодар. Не боптың?

Жантық. Осы алаңғасарлықтан әлі аузың күйіп болған жоқ па?..

Қодар. Не боптың дейім, мен саған?

Жантық. Әкесі қосқан Баянның сен көлеңкесіне күрсініп жүргенде, Қозы Көрпеш құшағында жүрген көрінеді ғой!.. Күрсінгенің-ақ құрысын да сенің!..

Қодар. Жаппа жалаңды Баянға!

Жантық. Мына жартасқа шық та, ар жағына көз жіберші!

Қодар. Иланбайым!.. Әкесі айтты, сөз бітті емес пе?

Жантық. Ақ Баян Қозы Көрпештің мойнына асылып бара жатпаса, мені шауып таста сонда!

Қодар. Еркелік шығар әшейін...

Жантық. Күйек асты болса, жақсы ма екен!.. Шықшы мына жартасқа! *(Сүйрейді.)*

Қодар. *(Жантықты серпіп тастап, жартасқа шығады. Кідіріс...)* У жайылып кетті ғой бойыма!.. Осы ма еді көрерім! Бұл мазағың — қай мазақ *(Бері келеді).*

Жантық. Солай ма екен!

Қодар. Жарып тастайын ба, күншіл ғар!

Жантық. Сабыр, сабыр! Дос пен қасты айыра білу керек болар... Бүкпей айтсам, достығым болар!.. Бүркей түссем қайтер ең?

Қодар. Бұл зорлыққа қалай шыдарсың! Ақ Баян, осы ма алғашқы тартқан сыйың? Жоқ, жоқ! Қабырғадан қан кешермін, тоқтатармын мұныңды! Ал, қарай қал қызығыма! *(Жүгіре жөнеледі. Жантық тоқтатады.)*

Жантық. Тағы да сабыр, мырза...

Қодар. Не айтпақсың?

Жантық. Кешегі күн кеше өтті, бүгінгі күн қиындаған, мырза... Алысып, астына түссең, одан не таптың! Ақыл, айла керек боп қалды енді!..

Қодар. Алыспай-ақ жығыла кет дегенің бе бұл?

Жантық. Әдісін тап дегенім! Қозы Көрпеш оңай жау емес! Ер, соңымнан, ұста етегімнен! Адастырман! Қо-

рықпа, құлатпан! Мұны ақыл көрмесең, өз дегеніңмен бол! Құласаң, қолыңды бер деме сонда...

Қ о д а р *(ойланып)*. Ердім! Бердім тізгінді. Көзімді байла да жетелей бер!

Ж а н т ы қ. Ендеше, не көрсең де шыдай бер!.. Не естісең де тыңдай бер! Жинай бер ішіңе!.. Қарекең не айтса, мақұл көр!.. Кет десе кете бер... Түбі Баян сенікі, түсін осыған, ұста осы сөзімді!..

Қ о д а р *(жиіркенген түрде)*. Бердім ғой тізгінімді! Жетелей бер демедім бе!..

Ж а н т ы қ. Жүр бері, ендеше... *(Екеуі кете береді. Жантық қайта тоқтатып.)* Тек бір сөзді байласып алайық енді: басы байлы болса, аяғы сайлы болады деген, күндердің күнінде Баяннан басқаға көз алартпайсың ғой?..

Қ о д а р. Қай сандырағың? Мал іздеп жүр деп пе ең мені!

Ж а н т ы қ. Қаракең тыныш болсын деп айтып жатырмын... Әкел қолды! Мен де ұстадым осыңды! *(Еріксіз Қодардың қолын алады. Кетеді.)*

Қ о д а р. Кімге ердім?.. Кімге байлаттым көзімді?.. Жолы сұйық, қолы арам деуші еді ғой осының. Жарға жықпасына кім кепіл?..

Қыздармен Баян өтіп бара жатады,
Қодар алдын бөгейді.

Қ о д а р. Бикеш, байланған тіл шешілгелі, қансыраған жүрек ақтарылғалы тұр!.. Бас бәйгеде, білек сында, сөз таласта тұр... Тұра бермек пе осылай? Болмайтын ба бір тоқырауы?

Б а я н. Білекке билік жоқ, оны айта алмайды Баян... Басқаның бәрі айтылған, бәйге біткен, жарыс тоқтаған!..

Билікті маған айт десең, осы — менің айтарым... бәйгеге түстің несі айып? Біткен соң тоқтау керек емес пе?

Қ о д а р. Біткен жоқ, Баян! Алтын жамбыны әлі ешкім атып түсірген жоқ!

Б а я н. Жамбысы бар ел айыпты ма?.. Оғың тимесе — жамбы айыпты ма? Аттың — оғың дарымады, ендігі дауың не? Тоқтау емес пе еді, жөні?.. Баянға білек күшін де көрсеттің: көңілім бармайтын, аузым айтпайтын мінезге қидың өзіңді... Амалым не көрмеске?.. Бірақ, оныңа да жауап бере кетейін: мен шегірткеден де қорқам, ал күш айтқанға жүрегім селт етіп көрген емес! Басым иілмес, ті-

зем бүгілмес!.. Менің билігім — жолыңыздан қалмаңыз! *(Кетіп қалады.)*

Қ о д а р. Жолымыз бір түссе — тәңірінің жазғаны дерсің, ендеше! Көлеңкеңнен көз жазбас Қодар да! *(Кетеді. Төбеге Жантық шығады. Айғайлап сөйлейді.)*

Ж а н т ы қ. Уа, алысқан арыстан, жұлысқан жолбарыс сияқты алыптарым — Қозы, Қодар, бері келіңдер! Сыншыл жұрт, сен де сал құлағыңды!.. *(Жұрт жиналады. Қозы, Қодар да келеді. Өз тобымен Баян келеді.)* Қаракең сөздің байлауын естіртеді... Жақыным демей, жатым демей, әкенің байлау сөзін айтады, естіңдер! Ел айғақ, жұрт куә болсын!.. Талас тынсын осымен! Жастар көңілі жайлауын тапсын!..

Қ а р а б а й, К ү н і к е й төбеге шығады.

Қ а р а б а й. Жұртым, Қарабай он ойланып, жүз толғанып, өз қолын өзі кесе алмады — жылата алмады Баянды!.. Әке біткеннің қайраттысы шығармын деуші едім, жалған екен ол ойым!.. Жығылдым қатын-баладан... Аты озғаның асқақтап дегендей, артта қалғаның наза тұтып дегендей, Баянды алғаның асқақтамай, алмағаның айыптамай аттаныңдар... Қодар мырза, ренжіме... Еліңе қайт, шырағым... Жылатып алған сұлудан — жыламай қосылған су мұрын деген... Ақылыңа көш!.. Көргенді елдің баласы екесің, әке сөзін қадыр тұт!.. Қозы шырағым, сен де қайт еліңе!.. Баяндай балам болса, байтақ елім бар... Сән-салтанатыңмен кел... Көшкен елдей күңірентіп аттанатын болсын Баяным!.. Екі ай он күн дегенде осы арадан табыл... Жұртым мақұлдаса сөз байлауы — осы!..

Д а у ы с т а р. Әділ-ақ! Әділ!

Б а я н. Кешіре гөр, әке!.. Мен сені жібімейтін тас деп, иілмейтін емен деп, өкпелі едім саған!.. Не қайғым, не мұңым естілмейді деп ойлаушы ем... Айыптымын, бәрі естілген, бәрі жеткен, бәрі ұялаған екен жүрегіңе... *(Жүгінеді.)*

Қ о з ы. Тұрсаң төсегің, жатсаң жастығың болармын, ата! Еліңді қорғар білегім бар! Жолбарыстай жүрегім бар! Бәрін салдым алдыңа!.. Көппін деп жауың басынбас, азбын деп ағайының жасымас! Жау көрінсе, алдыңа ұста, аяз қысса, арқаңа!.. Тереңге мені сал, биікке мені жұмса! *(О да жүгінеді.)*

Қ а р а б а й. Айттым, болды! Кестім, үзілді!.. Тараңдар!.. Жүр бәйбіше...

К ү н і к е й екеуі кетеді.

Жарқын. Ашылған күн,
Оңына айналған жел,
Еріген мұз,
қайтқан қаңтар,
Құтты болсын, дос-құрбылар!
Баян.-Қозы. Достық! Достық!
Жарқын. Жарасқан көңіл,
жайласқан жүрек
— Ағыл-тегіл ағылған бір ән де!..
Жабыққан көңіл,
жаралы жүрек
— Қарлыққан дауыс,
жыртық үйдің тамшысындай,
беймаза бір хал де!..
Алысып қалдың,
армансыз болдың,
Қияға шаптың,
құлаған жоқсың,
Жөніңе көштің,
әділетке мойын ұсындың.
Қодар мырза, саған да достық көңілімді білдірем!..

Қозы. Сөз сонысы айтылып жатыр... Наз еркесі алдымызда тұр... Талас бітті... Керіскенде — керістік, енді келісіп аттаналық, Қодар аға!.. Құшағымды жаямын — достасып айрылайық! Қуаныш бетіне шіркеу салмайық, Баянның жүрегінде қаяу қалдырмайық... Не айтасың? *(Қодар жауап қайырмайды.)*

Баян, Адал досымыз, қиыспас құрбымыз, сыйлар ағамыз болыңыз!

Қодар. Елім шалғай... Жерім де шалғай... Кімім бар арқа сүйерлік!.. Кімім бар, назым өтерлік!. Сары аурудан сауығу бар ма еді, өтемін де сарғая... Кімге құрбы, кімге дос бола алам, кетемін де күңрене! *(Кетіп қалады.)*

Қозы. Қайыспады-ау, қайсар жан: жалғыздық күйін тартпаған екенсің де!..

Жантық. Тым болмаса, аттандырып жіберейінші... *(Кетеді.)*

Баян. Ал, Қозы! Сен де айналма енді! Тауына қайт Баянның! Көк майсалы қиядан орын сайла Баянға!.. Жалғыз ана жүрмесін күңіреніп, сәлемін айт Баянның!.. Мерзімді таңды осында аттырып, мерзімді күнді осында шығарарсың...

Қ о з ы. Мерзімді таңды осында аттырғанша, мерзімді түнді осында өткізсем қайтер?..

Б а я н. Болмайды, Қозы! Күйеу жолы тіпті тар, жеті қақпаның сыртында ұстайды біздің ел!

Қ о з ы. Мұнысы да бар ма еді, әлі?.. Айрылыспақпыз ба осылай-ақ?.. Бұл кәдесі болмай-ақ қойса қайтетін еді? Шын жөнел дейсің бе, Баян? Басқа орайы болмас па? Тым ұзақ екен екі ай дегені!..

Б а я н. Бұған көнбеске не ылаж бар? Ендігі қолқа орынсыз болар: болсын әкенің тілегі... Сағына-сағая күтеміз де. Неғұрлым асықсақ, солғұрлым тез жетерміз! Сен де асық, жөнел, Қозым!

Қ о з ы. Тұрмайын ендеше... Жаңа тапқан сүйікті ел, Баянның құрбы-құрдасы, есен болыңдар. көріскенше! Алыстан отың көрінсе де, Баянды аймалаған самал осы жақтан соқса да, Қозының беті де осы жақта болар... Қош болыңдар, тегіс!.. *(Күнікей келеді.)*

К ү н і к е й. Көңілім жаңа орнықты ғой! Көзім жаңа тыйылды ғой! Келші бері, Қозым! *(Қозыны құшақтап, сүйеді.)* Сәлем айт, Мақпалға! Төріміз де, көріміз де бірікті деп айтты де! Екі балапанды бірдей бауырыма жалғыз басамын деп жүрмесін деп айтты де!..

Қ о з ы. Қош бол, егіз анам!.. Қош бол, Баян!

Қозы кете береді... Жұрт бірге кетеді... Аздан соң Қарабай шығады.

Қ а р а б а й *(Жерден топырақ алып шашады.)* Құтылдым ба, құтылмадым ба?.. Көзім көрмес, қолың жетпес жерге кеттің бе, кетпедің бе!.. Қараң батып болды ма, болмады ма!.. Уа, қайда әлгі қатын-баласы?.. Келіңдер бері! Бас аяқтарыңды!.. *(Күнікей, Таңсық, Баян, Жарқын, Жантық келеді.)* Уа, бітті ойын! Енді ішін тартып, шыным келе жатыр!.. Қуыршақ өртенді, бақсы кетті... жын тарады, базар тарқады!.. Жық үйді, арт жүкті, тарт көшті! Айдат жылқыны!

Ж а н т ы қ. *(таңданғандай)*. Бұл қалай болғаны, Қареке?

Қ а р а б а й. Бұл солай болғаны!

К ү н і к е й. Тағы не күйге салдың, жасаған?..

Қ а р а б а й. Қарабай қайта мінді тұғырына.

Б а я н. Қырсық жол енді басталды десейші!

Қ а р а б а й. Алдау-арбауларың бітсе, Қарабайдың да шыны осы болатын... Келме алдыма, жолама маңыма! Уа,

айдат жылқыны, шайнап көрмеген қызығын, айдап жүріп көрейін!.. Уа, отырмаймын жау алғырдың елімен өрт алғырдың жерінде!.. Тарт көшті, тарт! *(Кетеді.)*

Баян. Артқа сақтағаның осы ма еді? Алдауың ба еді құрылған... Аз күн аяулы едің, өте шыққаның ба сырғып?.. Жазым өтіп жылысып, қамалағаным ба қаңтарға?.. Жакеау, не білгенің бар? Қара күн қайта орнады ғой басыма?

Жантық. Ойбай, садағаң кетейін, Баян-ай.. Мен нені білуші ем... Көштің бетін алысқа тартқанға ұсайды Қарекең... Көреміз де жөнекей... Көшіңе ерген күшіктей, ере беруден басқа нем болсын менің?..

Күнікей. Жасым, қалсаң — ағыл, жау Қарабайдың үстіне!.. Қарғысым, қалсаң — айтыл, ат Қарабайдың өзін!..

Жантық. Жылама, бәйбіше, жылама!.. Мен жыласам қатыннан да асырар едім, пайда не?..

Күнікей. Баршы, сөйлесіп көрші тағы бір...

Жантық. Барайын, бәйбіше, барайын.... *(Кетеді.)*

Баян. Қозыға хабар беретін кім бар?

Жарқын. Мен болам да хабаршың... Жақсылыққа ғана жұмсаушы ем тілімді, жамандықты қалай айта алар екен?.. Кеттім, сонда да....

Күнікей. Жете көр!

Баян. Қара күн қайта орнады, тез жетсін деп айтты де, Баян. Үстіме тау құлағалы тұр, өзі құтқарып алсын деп айтты де, Баян. Отым сөнгелі тұр, өзі келіп тұтатсын деп айтты де, Баян. Таңым атқанша, күнім батып та болды деп айтты де, Баян...

Жарқын. Айтайын, айта алсам!.. *(Кетеді. Қарабай, Жантық, Қодар өтіп бара жатады.)*

Қарабай. Уа, Баяны қайда, Таңсығы қайда? Мініңдер аттарыңа! *(Кете береді.)*

Баян. Қодары қосылып қалыпты ғой?.. Қодар мырза, бұрыла кет!

Қодар келеді.

Қодар. Көлеңкеңнен көз жазбайын деп, көшіңе еріп барам... Күндердің күнінде жүрегің жылымаса — ашуыңды қиярсың...

Баян. Жалғыз қаз, жайылымға шықсаң — құтылмассың дегенің де — бұл, ілген жерде күлерсің!.. Бұл мінезің тас боп қатар ішіме, қанжарымды сол тасқа қайрармын!.. Ал, ат басын тежеме!.. Енді менімен алысып көр! Арманың қалмасын қайда да!

Қодар. Асыл сөз айтылып болды емес пе! Ақ маңдайым тірелді десейші одан да!..

Баян. Сөз осымен бітсе де, іс мұнымен бітпес, мырза!.. Сұм тағдырым сен болсаң — сен де сына қыз күшін! *(Таңсықты ертіп кете береді. Қодар салбырап тұрып қалады.)*

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БЕСІНШІ СУРЕТ

Оқиға көш жөнекей, далада. Сахнада Баянның шатыры... Шетіректе жартас.

Шатырда Баян, Күнікей, Таңсық. Баян мен Таңсық ыңырсып ән салып отыр.

Баян — Таңсық.

Баян көлі айнадай, мөлдір бұлақ
Сылдырап, жататұғын келіп құлап.
Түбіне түйме түссе көрінетін,
Баянның енді аман бол қалған елі,
Жағада судыраған көкше құрақ...
Ақ қайраң, құмың меруерт шалқар көлі...
Жататын қаз қаңқылдап, қу сыңқылдап —
Ақ қайраң, құмың меруерт шалқар көлі...

Баян. Тасташы Таңсық!.. Ән деп салып отырғанымыз жоқтау болып шықты ғой... Неден торығамыз?..! Әперші бөркімді... Өзім бір шолып қайтайын көк етегін — қайсың менен артық көрермін дейсіңдер... Апа, сен де қойшы нали беруді... Ықтай беру ме еді, ендігі қалғаны...

Күнікей. Жарқынның таба алмай қайтқаны да налытатын...

Баян. Жарқын таппаса, Қозының өзі-ақ табар бізді!

Таңсық екеуі кетеді.

Күнікей. Баян мынау, Қодар анау — басты жарып көзді шығарып бара жатқан... Қозыдан әлі бір белгі жоқ... Ендігі салмақ жалғыз өзіңе қалып жүрсе, майысумен ғана құтылсаң жарар еді-ау, ботам... Аяусыз қол жұлып әкете ме деп қорқамын да... Рақым, мейірім дегенді күту түгіл, қарасынан қашатын болған жоқпыз ба?..

Мен де барайыншы бір жағына... Дүниеден көрсетерің қалса — Қозымды көрсет деп тілейін де...

Шығып кетеді... Қодар мен Жантық келс жатады.

Қ о д а р. Жәке-ау, енді қалған не шара бар маған? Шын-ақ құлаған жерім осы болғаны ма? Жарға соққандай қирадым да қалдым міне! Кім бар күлетін — күлсін, кім бар көретін көрсін!.. Шын-ақ жұтатып қайтаратын бола ма осы қыз?.. Не деп қарғасам екен бұл жолды... Несіне соқтықтым!.. Әлпетін танытып еді ғой... Енді мынау — ашық шырай тура қарасудан да қалдым... Нем қалды? Неге алданып, неге қарайлап жүрмін? Неткен жан еді!.. Тас па балқымас, мұз ба ерімес!..

Ж а н т ы қ. Тәңірі деген, тас балқып, мұз ерімейтін бе еді, көрігі келіспей жүр де, көрігі, көрігі!

Қ о д а р. Арыны тым күшейіп кетті Баянның... Ширай бере ме деп қорқам...

Ж а н т ы қ. Түу, шырағым-ай!.. Қыз арыны деген қашаннан бері сөз болып еді? Ұзатылатын қыз ойбайлай беретін әдеті емес пе қашанғы!.. Ендігі жұмыс сыпайыгершілікке сыймай-ақ қойса да болмай ма!..

Қ о д а р. Күшке сал дейсің бе?

Ж а н т ы қ. Жігіттің азғаны, намыстың тозғаны да... Әйтпесе, өңгеріп алып жүре беретін болмашының бірі осы қыз емес пе еді бұрын!

Қ о д а р. Көзі үйренер, ерімесе де жібір, оралымға келер деп ем...

Ж а н т ы қ. Ол оралмаса, өзің ора шылбырды: алма мойны үзіліп кетер деймісің! Әкесі айтты — бітті емес пе? Ел естіді — куә емес пе? Ендігісін оң жақтан көрмес болар ма!..

Қ о д а р. Белге сал, талдыра соқ, қуаныш орнына қайғы сүй дейсің ғой?.. Мойынға орала ма деген жібек шашты, білегіңе ора дейсің ғой? Қыз жүрегін қанға боя дейсің ғой?..

Ж а н т ы қ. Ойбай, шырағым, тоқтай тұр: шаш-маш, жүрек-мүрек деген менің бір күлкім келетін сөздер... Тоқтай көр, шырағым,— мен қарқылдап қоярмын мұныңа... Мен жоқ жерде айтарсың бұл ертегіңді!.. Ай шыда, жыл шыда!.. Сабыр түбі салмаққа апарып соқса, өзің боласың да көтеретін... Біздікі әшейін тілеулестігі де дос, жардың...

Шатырға Таңсық келеді, Қодар оны Баян екен деп қалады.

Қ о д а р. Қозыны таба алмай қайтқаны рас болса, жерім кең емес пе, сөйлессем деп ем тағы бір...

Ж а н т ы қ. Сөйлес! Бірақ, кимелей кіріп, ықтата, ығыстыра сөйлес!

Қ о д а р. Ұзамассың... *(Шатырға беттейді... Жантық сырттан бақылайды.)* Баян, лұқсат па кіруге?.. Сыртыңнан құшақтаған масың келіп тұр... Оң қарап, жылы шырай бересің бе екен маған?

Т а ң с ы қ *(шатырда)*. Неңді бұлдап, неңді базына ғып лұқсат па дейсің? Елден, жерден айырып, құмға экеп қамағаныңды ма? Жоқ лұқсатым!

Қ о д а р. Баян, сені сүйгеннен басталды ғой, бәрі де... Айып па еді сүюім?.. Бір ақтартшы ішімді... Лұқсат, деші...

Т а ң с ы қ. Көрсетпе қараңды, естіртпе даусыңды!.. Дерміз, дейтін кезінде!

Т а ң с ы қ екінші жақтан шығып кетеді. Қ о д а р жақындай береді.

Қ о д а р. Баян! Бір тыңдап көрші мені де!.. Қайдан білесің, жан сөзі құлағыңа қонбаса, жүрегіңе қонар!.. Тым болмаса — ашуың тарқар!.. Ақ жүзіңе қан жүгірер... Онсыз құшағымды жазбаймын тірі боп!.. Саған ол темірдей тиер, бірақ — менде де жазар шама жоқ, Баян!.. Не күн боларсың, не түн боларсың, бәрібір алдым құшағыма!.. *(Шатырға кіреді.)* А!.. Дана қыз, тыңдағың да келмеді ме?.. Қоймадың ба қорлауды!.. Еңкейген басты сыйлай білмесең де, қорламасаң болмады ма!.. Алдыңа барымды алып келіп едім, ақтарайын деп едім, енді жағым қарысар!.. Намысы жоқ кеуде, жуан жұдырықсың дегенің ғой, бұл!.. Ендігі тентек өзім дерсің, ендеше!.. Сұлу қыз, үйітілген күшіктей, жұлынған тотыдай етермін! Құшағымнан жиренсең, қанжығамда қаңсылатармын. Шыдасып көрейік, кәне!.. *(Шатырдан шығады. Жантыққа ұшырасады.)*

Ж а н т ы қ. Кескінің келіспей шықты ғой, мырза!..

Қ о д а р. Келісерсің, сөйлесуге де менсінбей қойса...

Ж а н т ы қ. Ашуыңда зіл жоқ-ау деймін, шырағым.

Қ о д а р. Міндім ашуға! Салдым білекке, көп қылармын бұл күнін! Маңдайын күнге, табанын құмға жалатармын Баянның! *(Баян келе жатады.)*

Ж а н т ы қ. Кәне, менің көзімше бір тілдесіп көрші... Қалай соғар екен тамыры... Мен де алыстан басайын... *(Екеуі де шетірек кетеді. Баян бері келеді.)*

Б а я н. Қарай-қарай көз де талды... Күтумен көңіл де

талғандай. Ашылар күн, айығар заман болмас па бір...

Жантық. Қажыған ғой, сеземісің?

Баян. Алтын бесік — елім қайда қалды?.. Жақсы құрбы, жақын жандар қайда қалды?.. Қапыда айырылған ақ сұңқарым қайда қалды?.. Ойлаушы бар ма Баянды?.. Іздеуші бар ма?.. Ойлайтын, іздейтін кім екен?..

Қодар *(алдын орап)*. Ойлайтын да, іздейтін де менмін, Баян!.. Мойның бұр, оң қара!.. Жол ұзаған сайын, әңгіме қысқара бермек, ендігі еркеліктің не орны бар, ертең айтарыңды бүгін айтсаң екен!..

Жантық. Е, бәрекелде...

Баян. Ертең не айтар деп күтіп едіңіз?

Қодар. Әке сөзі байлау емес пе, есіңде шығар қосқаны!..

Баян. Байлау болса, несіне асығасыз, қосылған күні саларсыз есіме!.. *(Кете береді. Қодар бөгейді.)*

Қодар. Жоқ, Баян! Бұдан әрі күтуге жайы қалмай барады Қодардың... Талай таң атты, талай күн батты емес пе, қараңды қазір көрсет!

Баян. Солай ма! Енді күш көрсетемін, де!

Қодар. Солай болмасқа не қалды?

Баян. Біле білсең, Баянды басқа жерде сынар едің-ау!.. Көштің бетін елге бұрып, қалың елдің ортасында, құрбы-құрдастың алдында, шіреніп отырып айтар сөзің-ау бұл!..

Қодар. Қодардың арманы да осы емес пе? Тоқтайық деші осыған!.. Байлау етші осыны!..

Баян. Баяндай қызды солай сынар болар... Күш теңесер мен жоқ болсам, күшпен алар сен де жоқсың!.. Түсінерсіз осыған... *(Кете береді. Қодар бөгемейді. Баян шатырға кіреді.)*

Қодар. Әлде жұмбақ, әлде арбау! Әлде еңкею, әлде алдау? Әйткенмен беті бері қарағанға ұсайды ғой?

Жантық жүгіріп келеді.

Жантық. Ұсайды, ұсайды түлкінің құйрығына!.. Не сүйем демесе, не тием демесе, не тілін бермесе, не қолын бермесе, неменеге ұсайтын еді!.. Не айтайын саған!..

Қодар. Алдады демексің бе?

Жантық. Тұрған бойың бір адалдық-ау, шырағым... Тілді ал: сөзді қой, ал да жөнел!.. Әйтпесе, саған Баян жоқ, айрылдым де!.. Қайта бар: сөзді бір қылықпен байлат, қылықпен!..

Қ о д а р. Солай ма еді *(Шатырға келеді.)* Алданған екем ғой!..

Б а я н. Жәй ма, мырза?..

Қ о д а р. Ар ұятым төгіліп болды, Баян... Ұятың болса сен де ұял енді. Біржола сүйемін де, тиемін деп, жұрт жияр, той қылар күнді кес! Ел естісін, күлуді қойсын, Қодар бұлай жүруді қойсын!.. Әлгі айтқаның алдау болмаса, оң қарап, ойын-күлкің жараса жүрсе екен?..

Б а я н. Басқа айтарыңыз жоқ па?

Қ о д а р. Осы-ақ — бар тілегім...

Б а я н. Ендеше, алданба, Қодар мырза! Баян сені сүйе алмайды, сүймесе, тие алмайды... Қорқып, ықтай алмайды: Күтетіні — Көрпеш!.. Енді ар жағын түсінерсің, жөніңанау, жолың бос... Маза бер Баянға!

Қ о д а р. Олай болса сөз қысқа! Әкең қосқан Қодарға құдайың да қосты деп біл! *(Баянға жармасады... Алыс-жұлыс.)* Асауды ұстауға бұғалық бар... үйретуге тақым бар!.. *(Тоқтап.)* Асыл мойныма! Еркелік еді дермін мұныңды, түсірмеспін есіңе, асыл келіп мойныма! Асыл!..

Б а я н. Мен бе асылатын!.. Сақ бол өзің де! Арыстаным келеді — астында қалма! Жолбарысым келеді — жолында тұрма! Қыраным келеді — көзіне түспе! Көзіне түстің — іліндің, іліндің — жұлындың!.. Өз басыңды қорғай біл!..

Қ о д а р. Оған дейін мен бүре тұрайын сені!.. *(Қодар қайта ұмтылып, құшақтап, сүймекші болады, алыс, жұлыс.)*

Б а я н. Бес қаруыңды түгел асынып аттансаң еді бүйткенше!..

Қ о з ы көрінеді.

Қ о з ы. Уа, осы ма Қодар қашып келген жері!.. Осы ма Баянның көз жасын жұтып жатқан обыр құм!.. Осы ма бетпақтың шөлі! Бетпақ болар жерің де осы болар, Қодар мырза!.. Уа, қайдасың, Ақ Баян! Күн ашылсын, боран басылсын, шықшы бермен шатырдан! Айдай жүзіңді, жұлдыздай көзіңді көрсетші бері!

Қозының даусын естіп Қ о д а р тоқтап қалады. Б а я н жүгіре шығады.

Қ о д а р. Осы ма еді күткенім! Қайқаңдаған жел қайық, қайда әкеліп соқтың!

Таңсық Қозыға қарай жүгіріп бара жатып, Қодарға аялдайды.

Т а ң с ы қ. Қозы келді! Атын байла! *(Кетіп қалады.)*

Қ о д а р. Ә!.. Күлерсіңдер, күлерсіңдер!.. Күліңдер, күліңдер!..

Қодар тұрып қалады. Баян, Таңсық, Күнікей, Жарқын Қозыға барады.

Б а я н. Қозым! *Қозым! (Құшақтасады.)*

Қ о з ы. Кешіре көр, Баян жан!.. Бар деп дүниеге, жоқпын деп кедейлікке қарап, кешігіпсің деме, Баяным! Айтылған сөзден айыр шықпас деп, ұзақ түндерді өткізе алмай, дүние кезіп кетіп ем... Шынар ағаш, мөлдір бұлақ, жарық жұлдыз, сұлу тау көрсем — бәріне сенің атыңды қойып жүр едім... Не ел, не жел бермеді сенің хабарыңды... Бәрі жасырған екен жамандықты!.. Қуынан айрылған көл көрдім, сәнінен айрылған ел көрдім... Жапырағы жұлынған шынар көрдім... Ән сылбыр, үн былжыр, дала меңіреу жаны жоқ, қыз-жігіттің сәні жоқ екен... Баянның жәйін сонда ғана түсіндім...

Б а я н. Жүрегімдегі дүрсіл сенің дүбірің шығар, бүгін соққан самал жел сенің екпінің шығар деп ем, алдаған жоқсың, арманы не Баянның! Жеттің кезінде!..

Қ о д а р отыра кетеді.

Ж а р қ ы н. Таба алмай қайтып ем, Қозы... Менде болсын бар айып.

Қ о з ы. Әлде не дабыл қаққандай, аттан, жет дегендей болып еді, сенің үнің екен ғой оятқан! Досым, досым!.. *(Жарқынды құшақтайды.)*

Ж а р қ ы н. Ол Баянның үні-дағы!..

Қ о з ы. Бір сәуледен көзімді алмай тарта беріп едім, сенің шатырыңа кеп тірелдім, Баян... Сенің сәулең екен ол!..

К ү н і к е й. Жалғыз екенсің, балам, көзге түсе қоюдың да жөні болмас... Жүріңдер балалар, менің шатырыма бара тұралық...

Қ о з ы. Жол шеті осы шығар! Енді бетті елге қарай түзерміз! Қауыптанба жалғыз екенсің деп!

К ү н і к е й. Айтқаның келсін, балам... Жүріңдер сонда да, әуелі анаңның босағасын атта...

Бұлар кетеді. Жантық Қодарға келеді.

Ж а н т ы қ. Мал-жанның иесі келіп қалды, көрдің ғой? Енді бәрі сонікі! Осы болса күткенің, жетіпсің!.. Енді са-

ған Баян жоқ, мін атыңа, өшір қараңды!.. Баян бір балдырған еді-ау, түсіріп алдың аузыңнан!

Қ о д а р. Балдырған ғана деймісің...

Ж а н т ы қ. Өзіңе жоқты өзгенің қолында көргеніңе қуан енді!.. Елде барға шүкір ет!.. *(Кете береді. Қарабай келе жатыр... Жантық тоқтайды.)*

Қ а р а б а й. Жүрегі құрғыр неге алқынады!.. Жаны құрғыр неден шошынады? Әлде жауын, әлде қар, әлде теңіз, әлде жар ма, алдымда?

Ж а н т ы қ. Жауының, қарың, теңізің, жарың, — бәрі тұр алдыңда! Келдің құлар жеріңе!

Қ а р а б а й. Қан жауғыр, немене үйіп жатырсың үстіме? Не боп қалып еді тағы?

Ж а н т ы қ. Қозы Көрпеш келіп қалды!.. Жылқыны елге қарай айда, көш бетін кейін бұр деп жатыр, келе сала! Менмін дейді, ендігі ие!..

Қ а р а б а й. Бұрынғым ойыншық, жәйді жаңа түсірдім десеңші төбемнен!.. Уа, қалсын қатын-қызы осы жерде! Қамалсын шөлге. Бірінің шашын бірі жұлып, бірінің суын бірі тартып ішіп, қырылсын далада!.. Кетсін түге тоз-тоз боп! Қызы жылап сауыншың болайын дегенде, ұлы жылап отыншың болайын дегенде көрер Қарабай!.. Уа, айда жылқыны! Әкет зәндемнің түбіне! *(Кете беріп, Қодарға бұрылып.)* Нұсқадым — ұқпадың! Қолыңа бердім — айрылып қалдың!.. Сенің орныңа өзім асылып өлер ем, эттең қырықтағы да жасым емес!.. Жүр, Жантық! Басым шөлде қалса, аяғым жетер көлге!.. *(Кете береді.)*

Ж а н т ы қ. Қайран, баяғының еркегі-ай, десеңші!.. *(Қодарға.)* Ұзама осы маңайдан... *(Кетеді. Шатырға Күнікей, Қозы, Баяндар келе жатады.)*

Қ о з ы. Қодар ғой мынау!.. Нені малданып, нені сағалап жүр екен, білсем қайтер, Баян?

Б а я н. Қоя тұршы, Қозы... Жаман ойлыға қайтесің жақындап... Ол түгіл өзгеден қызғансам айып па, сені?

Қ о з ы. Кіре бер, шатырға... күткенін естіртуім керек... *(Баян шатырға кіреді. Қозы Қодарға келеді.)* Амандық ағадан емес пе еді, Қодар мырза!..

Қ о д а р. Аман көрінесің ғой!

Қ о з ы. Ағаң адасып кетіпті дегесін, шыдамадым іздемеске... Сол ма менің айыбым?

Қ о д а р. Іздегеніңді табарсың, бала... Күттірмеспін көп! Іздегенің мен болсам, тілей бер менің амандығымды!..

Қ о з ы. Айтар сөзің!.. Арым бар, ұятым бар деген де кезің бар еді-ау! Қазір қайда оларың? Жігіт пе деп қалып ем, ұры екенсің ғой жол тосқан!..

Б а я н. Қозы! *(Келе жатады.)*

Қ о з ы. Баянның жаны алдауды, білекке салуды көтеретін бе еді! Өз барың жетпесе, елде көргеніңді істесең болмады ма!

Б а я н. Қозы!

Қ о з ы. Намыс таласы, жігіт таласы дегенді аузыңа да алма, енді! Ол біткелі алдақашан! Қара қылмысыңның сазайын тарттыруға әзірмін қашан да! Қаласаң, қазір берейін!

Қ о д а р. Асқақтама! Асықпа, бала! Қапыда кетерсің!..

Қ о з ы. Ендеше, күте тұр! Құдайың шыдам берсін!

Б а я н. Қозы деймін, қуанышымды неменеге айырбастағалы тұрсың? Жүрші!.. *(Қозыны алып кетеді. Шатырға кіреді де, жабады.)*

Қ о д а р. Ә, көз алдымда күлгің келген екен? Көп болып жүрер! Қызығымды көр де, улан! Мен күлейін, сен тұлдан дегенің ғой бұл! Болмас, болмас, бала, мұның!.. Сен кірген шатырға мен кіре алмай ма екем!.. *(Жүгіріп шатырға келеді. Алдынан Таңсық шыға келіп.)*

Т а ң с ы қ. Кіруге болмайды! Ол күндерің өткен, мырза! *(Қодар тұрып қалады.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

АЛТЫНШЫ СУРЕТ

Оқиға орны өзгермейді... Айлы, жұлдызды түн...
Жантық жалғыз.

Ж а н т ы қ. Көшкен елдің жұртында ұлып қалды деген осы да! Малын айдап Қарабай кетті, бір шұңқыр бұйырмады бетпақтың шөлінен... О, Қодар, Қодар!.. Жан болып жаратылмай-ақ қойсаң нетті, шіркін... Мынасын бұлай жайпатып, анасын олай жайпатсам деп, едім, болмады!.. Жасық шіркін ширай түсе ме десем, болжырай түседі! Болмауға айналған секілді... *(Қодар келе жатады.)* Уа, көрінбе көзіме! Қозы тіріде саған Баян жоқ, Қарабай

тіріде маған мал жоқ. Маған мал, саған Баян керек. Қайсымызға қатты батар екен, көрейік екеуміз де... Жақең бір сүрлеу табар! Ал, сен ше? Сен бе! Қозы мен Баян қазір аттанады, бір қимылға жарамасаң, сен қаласың ұлып!..

Қодар. Жәке-ай, жаңа ұқтым ғой ойыңды.

Жантық. Қайдағы ойды дейсің?

Қодар. Қозы мен Қарабайды дегеніңді айтам...

Жантық. Қой шырағым... Мен айтпайтын сөз мұның! Өз ойыңды жаппа жаным, маған...

Қодар. Кімнің ойы болса да бәрі бір... Ендігі қалғаны осы-ақ! Я, Қозы! Я, Қодар!..

Жантық. Айтпашы жаным!.. Тұла бойым дір ете түсті ғой... Батыл сөзді алмашы аузыңа... Бірдемеге ұшырап жүрсең, өкініші кетпес өмірге...

Қодар. Өкінбеймін! Ұста осы сөзімді... Я Қозы, я Қодар!

Жантық. Қой деймін тілді алсаң... Қорлыққа көнген бас, аман-сауында еліңді тап...

Қодар. Жердің астымен қайтам ба елге?..

Жантық. Қуып жібермес... Аз жылдасын ұмыт болатын нәрсе ғой, тәңірі... Тіпті лайығы табылмаса, Қозы мен Баянның жолдасы есебінде бірге жөнел... Бұ да бір сый жұмыс... Жастар өздері орайласқан екен дер жұрт... Алысып, кім жықты, қайсыңнан қан шықты, кім сұрар дейсің ол жағын...

Қодар. Менде ұят- намыс деген жоқ деп ойлайсың ғой, сірә?

Жантық. Ендігінің жасына ар-намыс деген не тәңірі!.. Басынан аттап кетпесе, жығылғанды ұят санар кім бар...

Қодар. Шаңырақ түйенің басына мініп жүре бер дейсің ғой?

Жантық. Достық сөзім: айналып отырып осыған келер болсаң, ашпай-ақ қой абыройыңды!.. Сен қатты қимылға бара алмайтын жігітсің... Түнеруің бар да, жауарың жоқ жігітсің сен... Сынға салмай-ақ қой өзіңді...

Қодар. Неше сынап едің мені?

Жантық. Сынап болдым ғой... Мыналар болса, аман-есен аттанғалы жатыр... Қарекең болса, кетті жердің шетіне... Енді неміз қалды қарайлайтын? Мен де айдың-күннің аманында ел қарасын көріп қалғым келеді... Аттанғалы жатыр едім... Жақсы-жаман дескен күндеріміз болса, өлпе арқалатып жібермессің... Көрісуге көзі құрғыр

шыдамай жүрер деп, жүре бергелі жатыр едім... Кездесіп қалдың, қош бол, шырағым...*(Қолын ұсынады.)*

Қ о д а р. Бермеймін қолымды... қарайлайтын неміз қалды дейсің, аңғартқам жоқ па мен саған? Құрмалдық аты аталған жоқ па?.. Одан да, Қозы Көрпеш, Баян, бәйбіше боп бел алып бара жатқанда танамын де сертімнен! Сырт беремін де саған! Әйтпесе, тоқта, сына тағы бір!

Ж а н т ы қ *(Қодардың қанжарын ұстап).* Қанжарың қасыңда екен... Қайраулы шығар?.. Сынайын. Бірақ, қолың тітіреп жүретін болса, қалдырма мені жолымнан...

Қ о д а р. Ендігі таласты қанжар шешер! *(Қанжарын суырып алып.)* Міне антым: сала алмасам, маған серт! Қадалмасаң, саған серт! Сала алмасам, мен қалдым далада, қадалмасаң, сен қалдың!.. *(Таң атады... Қозы келе жатыр... Жантық жасырынады.)*

Қ о з ы. Даусыңыз тым қатты шықты, жәй болғайақ-ты, Қодар аға!..

Қ о д а р. Жәй емесін көрерсің, бала!.. Қодарды жер ғып кеткің келетін шығар... Көре қал кім төбеде, кім етекте қаларын!..

Қ о з ы. Намысыңды жібермегенің жақсы!

Қ о д а р. Олай болса, сен де қалма қапыда! *(Қанжарын суырады.)*

Қ о з ы. Мұныңа да тұрдық! Есіңде болсын бірақ: бұл соңғы айқас болады, ақтық қалауың деп суырам қанжарды! Намыс үшін емес, жазаңды беруге суырам қанжарды! *(Қанжарын суырады.)* Болмаса, менің қалауымды бер: жөніңе көш! Аяу болмайды бұл жолы!..

Қ о д а р. Берік ұста қанжарыңды!

Қ о з ы. Ендеше, өзің де ие бол! *(Екеуі айқасып қалады.)*

Қ о д а р. Қодардың мойны үзілген жерде-ақ аларсың Баянды!..

Қ о з ы. Арам тікенек, сен де алысқа барасың!

Қ о д а р. Танытайын бала! *(Сілтеп қалады. Қозы жалтарып қалады.)*

Қ о з ы. Танырсың өзің де! *(Бұ да сілтейді. Қодар жалтарады.)*

Қ о д а р. Таны ағаңды *(Тағы солай.)*

Қ о з ы. Мә таныған! *(Тағы да.)*

Қ о д а р. Қодар қанжарды былай салатын! *(Тағы да.)*

Ж а н т ы қ. Қап!

Қ о з ы. Олай емес, былай салар болар! *(Тағы да.)*

(Екеуі біріне-бірі батыра алмай, қарама-қарсы аңдысып тұрады.)

Қ о д а р. Бердім де Баянды!

Қ о з ы. Оқи бер, иман білсең!

Таңсық келе жатады.

Т а ң с ы қ. А! Қырылысып жатыр, қырылысып! *(Жүгіріп кейін кетеді.)*

Қ о з ы. Қап! Келе қалғанын көрдің бе!.. Алысырақ кетсек қайтер?

Қ о д а р. Қорқайын дедің бе? Тайма бала! Қазір бітірем жұмысыңды! Ап!

Қ о з ы. Мынау болар біткенің! *(Сілтейді. Қодар құлап, қанжары ұшып кетеді. Қозы Қодардың кеудесіне мініп алып жүрегіне қанжарын тірейді.)*

Ж а н т ы қ. О, болжыраған, жасық шіркін!..

Қ о з ы. Қара жүрегіңді қанжарға тапсырар ем, қара қаныңды қайда қоярмын! Арам жаныңды аллаға тапсырар ем, арам денеңді қайда қоярмын! Арам жаныңның арашасы мұндай көп болар ма? Қайттым де, қара ниеттен!..

Ж а н т ы қ *(жүгіріп барып)*. Апырау, кісі өлімі ғой мынау! Кісі өлімі, кісі өлімі!

Қ о з ы. Шығарма үніңді!

Ж а н т ы қ. Қозымысың, жаным? Тойыңды қанға боялы жатырмысың? Баян естісе, не айтарсың? Босат, босат, жаным! Естінің ісі осы болса, тентектің ісі не болмақ? Баян келіп қалар, көрмесін, естімесін мұныңды!.. Босат, босат!

Қ о з ы. Қайт! Қайттым де, қара ойыңнан! Қайттым де, жылдам!

Ж а н т ы қ. Қайтар жаным, тартар қолын өзі де... Тентектің есі кірмейтін бе еді!..

Қ о з ы *(тұрып.)* Мә, қанжарың! Жөніңе көшсең, әлі де кеш емес! Адасып үйірің тапсаң, өкінбессің кейін! Үйірің тап: өгей тұтсақ, бізде айып! Әйтпесе, өшір қараңды бұл жерден!.. Қанжар таласы да бітті осымен!

Кетеді. Баян келе жатады.

Ж а н т ы қ *(Қодарды сүйеп)*. Баян келе жатыр... Кегіңді кейінге сақта да, жабыс жақсылыққа!.. Үйірің тап деді ғой, шап бер осы сөзіне!.. Ұқтың ба?.. Кір ішіне,

білдің бе?.. Ашуың қалса, артқа сақта!.. Ес жоқ кезі болар да!.. Айнала беріп соқ, түсіндің бе?..

Сүйемелеп Қодарды тұрғызады.

Баян. Айғай-шу естігендей болып ем, не болды, Жәке, бұл жерде?..

Жантық. Айналайын, Баян-ай, ақылың дария, лебізің ем емес пе еді... Таппайсың ба ырғағын!.. Қоясың ба қырылыстырып?.. Жаңа осы жерде екі тау соқтыққандай, астан-кестен бола жаздамадық па?.. Өлім үстінен шыға жаздадың ғой!.. Екі арыстан қатар жата жаздады ғой!

Баян. Не дейсің, ағатай? Тағы неменесі еді бұл!..

Жантық. Құр тең көрмеу, құр қорлау, кек күшейтуден басқа неме жараушы еді!

Баян. Түріңіз өрт сөндіргендей, құрбы-замандасқа болар ма екен білуге?

Қодар. Өртке күйгендей десең, несі олқы!..

Баян. Біреудің қуанышына, біреудің күйгені қалай мақұл болмақ? Сізге лайығы да сол болғаны ма?

Қодар. Сен ғой лайықтаған!

Баян. Баянның дауы біткен жоқ па, ендігіңіз қай жорық? Алысуға жараған құрбының ортасында болып, бірге қуансаңыз нетті?.. Әзде бұ да ар ма еді, сізге?

Жантық. Осы ғой айтар сөз!

Қодар. Қорлап ең деп қуанам ба?..

Баян. Мен сізді достыққа шақырғалы келдім, Қозы Көрпеш — Баянның дос құрбысы болыңыз деп, қолымды ұсынсам, қағып жіберер ме екенсіз? *(Қолын ұсынады.)*

Қодар. Аз еді қорлауың! *(Қолын бермейді.)*

Баян. Ашуды қойып, ақылға көшсеңіз, қорладың деп қалай айта аласыз?

Қодар. Тең көргенің қайсы?

Жантық. Пай-пай, күйің қатты құрбылық-ай, десейші!.

Баян. Баянның дәмелендірген уақыты, айтып-айнығаң, аярсыған жері бар ма еді, сірә?.. Неге үндемейсіз?.. Жоқ шығар!

Қодар. Бар еді дей алмаймын...

Баян. Енді қалай өкпелей аласыз? Ашуға еріп, кастасудың не лайығы бар?.. Ұғынысып, достасып аттанайық та! Әркімнің жүрегіне тұрған қақ болса, аршып аттанайық та! Қалған көңіл болса — қалауын достықтан тапсын да!.. Дос-құрбы, адал ел-жұрт сағынғандай болған жоқпыз

ба, бәріміз де.. Тағы ұсынамын қолымды!.. *(Тағы ұсынады.)*

Жантық. Таптың, қарағым, орайын...

Қодар. Шалқая алатын не жәй бар менде!.. Бойдың басылмай, ойдың жасымай тұрған кезінен қалған базына да, әшейін... Сені сүйген Қодар отқа түсуге де әзір еді... Сол Баян достыққа шақырып, қолын ұсынса, алмасыма не шара!.. Міне қолым!.. *(Қол алысады.)* Сенің алдыңда мен айыпты едім, енді ауызға да алғым келмейді... Айтуға жеркенгендеймін... Кеш, Баян!.. Кеше гөр!

Баян. Салмай-ақ қойшы есіме... Алмашы ауызға... Тек, шын бер қолыңды!.. Бәрін тастадым, бәрін ұмыттым деп бер!

Қодар. Бәрін тастадым, бәрін ұмыттым! Шын бердім, Баян!

Баян. Алды-артым тұлдыр — жалғызбын: аға орнына аға болам деп; бер! Достық іздесем де, дос жия алған жоқ ем, досың боламын деп бер!..

Қодар. Болдым, бәрі де! Түгелмін!

Жантық. Тусаң ту, шырағым!

Баян. Ер жігіттен іздегенім жаңа табылды ғой! Ендігі жерде Қозы мен Баянның именер ағасы, сыйласар құрбысы, ойыны жарасып, өрісі біріккен дос-жары сен боласың! Жүр, жақсы аға, шатырға кірелік, Қозымен де қол алыс! *(Қодарды қолтықтап, шатырға беттейді, Қозыға ұшырасады.)* Қозы! Жаттан — жақын, қастан — дос, ашудан — ақыл тауып әкеле жатырмын! Көремісің?..

Қозы. Мені де алыңдар іштеріңе!..

Баян. Сенен де болған тентектік жоқ емес: ағаның алдында иіл, қолын ал!..

Қозы. Менде жаттық болмас... өткенді ішке сақтамайық, Қодар аға!.. *(Қолын ұсынады.)*

Қодар. Талай асқақтығың болып еді, ұмыттым бәрін де! *(Қол алысады.)*

Жантық. Бәрекелде, қарақтарым!.. Жарастығы жаңа табылды ғой!.. Қайран, тай-құлындай тебіскен, екі айналмай келіскен жастар десеңші!.. Ұзағынан, қарақтарым, ұзағынан!.. *(Күнікей, Таңсық, Жарқын келеді.)* Жастар жарасып, жағамыз жайлау боп жатырмыз, бәйбіше!..

Қодар *(иіліп)*. Армысыз, шеше...

Күнікей. Бар бол, балам... Ұлым болам десең, ұлымдай көрермін. Сыйым болам десең, сыйлай білермін... Ниетің ақ, бетің түзу болсын, балам...

Жантық. Соны айт-ау...

Күнікей. Кім біледі, анаңнан ерте айрылғандықтан қатал шығарсың, бері келші, маңдайыңнан сүйейін... *(Сүйеді.)*

Қодар. Ойымда не барын Баян-ақ айтсын, шеше...

Баян. Жол оңалды, апа... Асқынған ашу әлденеге соғар деп, ендігі қайғы сол еді. Бәрі жақсылыққа әкеп соқты... Жүрек жаңа орнына түсті... Осы тойды, осы қуанышты суытпай, елдің ортасына апарайық. Жылап айрылысқан құрбы-замандас бар еді, бірге қызықталық солармен!.. Жылап аттанып еді, күліп қайтты десін, елге жетелік тезірек...

Күнікей. Ендеше, отырмаңдар балалар. Атқа қоналық түгел!

Қозы. Бірге аттанамыз ғой, Қодар аға?

Жантық. Бірге болмағанда, не?

Қодар. Әрине бірге...

Жарқын. Ендігі сөзді Жарқынға беріңдер, достар!.. Бұл — мен жырлайтын жыр, бұл — мен салатын өрнек, бұл — мен тартатын сыр... Маржандай терермін, түсірмеспін біреуін. Алтынмен аптап, күміспен күптеп, жақсыңды асыра, жаманыңды жасыра жыр етермін бар елге! Жақсыңа құшақ ашқандай, жаманыңнан барлық жұрт қашқандай етермін!..

Қозы. Бердік түгел қолыңа!.. Жөнел ақын елге!..

Жарқын. Жел соғуын, өзен ағуын тоқтатып тыңдар бұл күйді!..

Баян. Бердік, бердік Жарқын аға!..

Жарқын. Елде жолығайық, достар! *(Кетеді.)*

Баян. Ал, біз де жөнелдік, ендеше!.. Ендігі қызықты көш жөнекей көрерміз де, Қодар аға! *(Әрі тұрады.)*

Жантық. Ойындарың жарассын, тек!.. *(Қодардан басқалары кетеді.)*

Қодар. Уһ!.. Зілдей басқан салмақтан құтылғандаймын... Жарасқан жастардың қатарына қосылып, көңіл де жәй тапқандай. Адасып тапқан, айрылып қосылған үйірім ыстық сияқты көрінеді... Оңалған деген осы да... *(Ойланып.)* Осы да деймін-ау!.. Осы болмай жүрсе қайтермін?.. Біреудің қызығы, біреудің тойы емес пе, бұл? Мұның маған несі қызық?.. Көзің көргенін айтамысың?.. Қолыңа түскен не бар?.. Жоқ, жоқ, жоқ!.. Қызық дейін мұны да... Қызықпайын біреудікіне... Қайта адастыра көрме, жасаған...

Жантық кіреді.

Жантық. Осы ма болғаның?..

Қодар. О, сиқыр, тағы келдің бе қасыма!

Жантық. Серт қайда манағы?.. Айтқаным келді ме, келмеді ме?.. Шаңырақ түйені жетелеп кеттің бе, кетпедің бе?.. Баянға күйеу болудан көрі, күйеу-қосшы болуға лайықсың деп пе ем, демеп пе ем?.. Қайран, ар-намыс арзандаған заман десеңші!..

Қодар. Түзелген бетімді тағы бұрайын дедің бе, сұмырай? *(Жағасынан ала түседі.)*

Жантық. Жо-о-қ!.. Бетің түзу! Баянға қол созғаның адасу еді! Бетің жаңа түзелді! Саған лайығы осы деп пе ем, демеп пе ем? Ертең елге жеткенде — Қодар мырза Баянды әкеле жатыр деп, құрбы-құрдасың алдыңнан шыққанда көрерсің көресіні!.. Намысы бар жігіт еді, ел белін бір көтеріп тастады, жалғыз кетіп еді, жарасып-ақ қайтты деп шулағанда, кірер тесік табылар ма екен сонда!.. Аз деп ақылымды аяған жоқ ем, босқа кетті деп несіне өкінейін!.. *(Қодардың қанжарын суырып алып, лақтырып тастайды).* Ойбай, таста мынаны! Бұл, сенен көрі біздің үйдегі қатынға лайық!.. Қатынға!.. Болмаса, бір қошқардың беліне байлап жібер!.. *(Шығып кетеді.)* Қошқардың, қошқардың!

Қодар. Не деді мына сұм!.. Бақа басыма секіріп, жапалақ жағама жармасқаны ма?.. Көрер күн, естір сөзім осы боп қалғаны да!.. Уа, кім бар, кім бар Қодарды көміп кететін! Жантық құрлы намысым болмағаны да!.. Жоқ, жоқ!.. Оятайын намысты! Ұятқа орағанша, қанға бояйын оны! Жаке, Жаке! *(Қанжарын алып, Жантықтың соңынан жүгіріп кетеді. Күнікей, Қозы, Баяндар сахнаға келеді.)*

Қозы. Анам, енді сіз де қайтыңыз райдан: Қарекеңді тауып, ала кетелік... Қаңғырған да, қайғырған да бір адам қалмасын далада...Елге не деп айтпақшымыз, қалдырып кетсек?

Күнікей. Қалсын деп ем жалғыз... Сендер сыйған тауға мен сыя алмаймын ба? Іздеме, балам, қала берсін!

Баян. Апа-ай, ендігі тізгінді бізге-ақ берсейші!.. Тас болса, жібітерміз, темір болса, балқытармыз... Бердің бе?

Күнікей. Мейілдерің, құлыным.

Баян. Ендеше, Таңсық екеуің жүре беріңдер ілгері. Біз, ойнап-күліп Қодар ағаймен бірге аттаналық... *(Күнікей, Таңсық кетеді.)* Қодар аға, аттан жылдам, түс алдымызға! Қодар аға-ау!..

Қозы. Көрінбейді ғой... Отыра тұралық мына жерге... *(Екеуі тасқа барып отырады.)* Сергелдеңмен басталып еді,

серуенмен тынды аяғы... Алыстағы арманым едің, ақ тотымдай қасымда отырсың, енді кімнің ортағы бар?.. Күн көріп, көңілі тынсын, жел естіп, елге жайсын, іштегі өрттің жалыны шықсын, оңашамыз ғой, ерсі көрмей, асылшы мойныма, бір сүйгізші жарыңа!..

Құшақтап, ұзақ сүйеді... Жантық, Қодар келе жатады.

Жантық. Қой деймін, жарамайсың сен!..

Қодар. Көр де тұр жарамағанды! *(Жүгіріп барып Қозыға қанжар салады.)*

Қозы. Ah!.. Арманда кеттім-ау, Баян! *(Құлайды.)*

Баян. Жасаған! Не жазып ем! Не жазып ем! *(Қозыны құшады.)*

Қозы *(Баянды құшақтап)*. Армандамын, Баян, армандамын! Арманым жалғыз өзіңсің!.. Жалғыз қалай жатармын!.. Баяным, Баяным... Қол жеткен арман сыймағаны да бұл күнге! Баяным... *(Өледі.)*

Баян. Көрпешім, Көрпешім!.. Жұмғаның ба көзіңді! Тағы бір айтшы Баян деп! Көрпешім, Көрпешім! *(Аздасын басын көтеріп алып.)* Қорқақ жау, осы ма еді аңдыған жерің! Бүйі ме едің бұғып отырған!.. Қозым, Көрпешім...

Жантық жүгіріп Қозының қасына барады.

Жантық. Апырам-ай, бұл не деген сұмдық еді! Ішінде жүр екен ғой арамдығы...

Қодар. Не істедім, не істедім?.. Неге арқаладым қанын? Жарасқан жастардың жазығы не еді! Жазығы не еді? О, жауыз Қодар! *(Отыра кетеді.)*

Жантық. О, шіркін, шіркін!

Баян *(тұрып)*. Арам жау, енді нең қалды істемеген? Төгілген жас көл болмап па еді? Дария болсын дегенің бе бұл! Екі дүниеде бір тілек — ыстық қаным бірге ақсын, екі дене бірге жатсын, екі адал жан бірге кетсін, енді маған сал қанжарыңды! Қарғыс айтпайын, алғыс айтайын, берші осы тілегімді!..

Қодар шегініп жүреді. Баян кеудесін тосып соңынан қалмай жүріп сөйлейді.

Жантық. О, жаттығың қалмаған, жат шіркін!..

Қодар. А, арам ит! Қозының қаны сенің мойныңда емес пе еді?.. Тісіңді жасырып, тіліңді шығарып, осы өлімнен де абырой алғың келді ме? Жібермейін саған Қозының қанын! (Жантыққа қанжар салады, *Жантық құлайды.)*

— Барлық қылмыс менде, Баян: міне қанжар, міне бас!..

Қодар кеудесін тосып тұрған Баянның алдына қанжарын тастап, жүгініп, өз мойнын тосады.

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

ЖЕТІНШІ СУРЕТ

Оқиға екінші пердеде Қозы Көрпештің қосы тұрған жерде. Қостың орнында енді Қозының моласы тұр, маңдайында «Қозы Көрпеш» деген жазуы бар... Қайғылы Баян келе жатыр...

Баян. Барлығы бітті... Барлық үн тынды... Қайдағы қайғы бас қосып, ұласып келіп, орнын осы арадан тапты... Риза бол Көрпешім, Баянның қолынан келгені осы-ақ... Ел есінен шықпассың — атың қалар ауызда, белгің тұрар ескертіп... Баурында өскен жалғыз ағашым деуші ең, саяңда сол болсын... Баяның да күттірмейді енді, аша бер құшағыңды... Сені көрген, сенің даусыңа жаңғырыққан тауыңды тағы бір аралап келейін... Әлі де артыңа қарайлайсың, әлі де нені қимайсың деме, Көрпешім... Қасымда сен болсаң, мен бе едім жарық дүниені қиятын жан! Бар дүниені құшағыма алғандай емес пе ем! Әр жапырақты аймалап, әр бұтаға бір ән салып берер ем!.. Енді неге қарайлайды дейсің!.. Дүние сөзі демесең, дүние күйі емес мұным... Айрылысу, қоштасу, қиыспау мұңы!.. Күн нұрын еркін төккендей, тоғай сыңсып, жел ыңырсып аймалап, шақыра береді Баянды. Бәрі шақырады! Бәрі шақырады! Сен көрген, сен құмартқан дүниені қия да алмаймын, сенен айырған дүниеге қарайлауым да жоқ. Ең алғаш сені көрген жерімді тағы бір аралайын, тағы бір құшақтайын, көзімді толтыра көріп, ала барайын өзіңе... Осы жартастың үстінде көріп едім сені... Бірінші лебіңді сонда естіп едім сенің... Бикеш деп, құрбым деп келіп, мен жоқтайын намысыңды деп, жолыңды маған қишы деп, жалынғандай болып ең... Атымды сұрама, атыңды айтпа дегенімде, амалым не, көнемін дағы деп, баладай мұңайып, бұл шартыңды қоймасаң қайтеді деп, қиылған едің... Ішің өрт еді сонда, өрт еді... Шыдай тұр, Қозым, қазір келем, аша бер құшағыңды...

Баян кетеді. Қодар келе жатыр. Қодар азған-тозған.

Қ о д а р. Күнде келем осында... күнде көрем Баянды... Көремін де, қашам, жақындауға батпаймын, тіл қатуға бата алман!.. Екі қолы былғанған, мен бір азғын қарғалған, қан кетер ме жуғаннан! Өзенге барсам, өзен жиіркенеді. Күнге қарасам, күн бұлтқа жасырынады. Суға кетуге де ойландым, — толқын лақтырып тастады... Таудан құлауға да ойладым, — қарағай ұстай алды етегімнен, құлатпады... Жер үстіндегі барлық қылмысты арқалап алып жеті қабат жердің астына түсейін деп ем, — жер де алмады... Бар қылмыстың шежіресі болайын деп ем, — ел маңына жолатпады... Мені көрген, жын көргендей қашады, Қодар десе, ит те ұлып қоя береді, үрмейді, ұлиды... Жүрмін ит жанды сүйрелеп...

Мақпал, Күнікей келе жатыр. Қодар тасаланады.

М а қ п а л. Қозым, екі бірдей анаң тағы да келді қасыңа... Көзде қалған жасымыз болса, сенің қасыңа төккелі келдік... Айтылмаған ана сөзі болса, сенің басында айтқалы келдік. Саған төкпеген мейірім қалса, белгіне бергелі келдік. Қалған жасымызды қасыңда өткізгелі келдік... Қос іңген бірге аңырағалы келдік. Естір ме екесің, құлыным, босағаңда отырып, қасыңа ал дегелі келдік... Созармысың қолыңды...

К ү н і к е й. Екі анаң үн қосса, тау күрсініп, көл шулап, қарағай бірге жылайды. Қайың бірге боздайды. Жел бірге үһілейді, соны айтқалы келдік... Құрбы-замандасың күлкіден айрылды, басы қаралы, жүрегі жаралы, соны айтқалы келдік. Жалғыз-ақ дұғамыз бар: соны оқығалы келдік...

Қарғыс дұғасын оқиды.

— Тірі жүрсең, ел қарғасын, Қодар!
Жер басып жүрсең, жер қарғасын, Қодар!

Қ о д а р. О, жасаған!..

М а қ п а л-К ү н і к е й. Су сұрай барсаң, көл қарғасын! Өле қалсаң, көр қарғасын! Қарғыстан басқа сөз қалмасын саған! Өмірің ұзақ, тартқаның азап болсын!

Молаға беттейді.

Қ о д а р. Шыдап болмас... қарғыс тоқталмас... Жан сергімес, арылмай. Алдарына барайын, аяқтарына жығылайын... тіл жете алса, бар күнәмді алдарына салайын... *(Жақындап барып.)* Армысыздар, аналар...

К ү н і к е й. Бар бол, балам...

Мақпал. Таң атпай басына кеп жүрген Қозымның көп досының бірі екенсің ғой, балам... Көп жаса... достық тап...

Қодар. Аңыраған дауыстарыңыз шыдатпады, шыдамадым көрінбеске...

Күнікей. Қайтейік, қарағым!.. Бізден көрі сендерге, құрбы-замандастарына керек еді, Қозы. Біздің сорымыз да сендерге тиген... Шыдамасқа не шара...

Мақпал. Отыр, қарағым, Қозының қасына... Баян да осы маңда болар... Барлық достары қосылып тілеп көрейік Қозыдан, тіл қатар ма екен... Белгі берер ме екен... Отыр, шырағым, мына жерге... *(Қодар ортаға отырып қалады.)* Күн осылай болды, балам... Күні кеше, қыз-жігітке көрік беріп, орталарында жүрген Қозы бүгін мынау...

Күнікей. Әділет бар дегені рас болса, өзі қазған орға, әлгі Қодар құлау керек еді...

Қодар. Әділдік осы еді ғой! Не жалғаны бар, жасаған!

Мақпал. Қарғыс атады деуші еді, о да бекер екен... Әлі жүр дейді жер басып...

Күнікей. Бәрі бекер, Мақпал... Сен көрген жоқсың, мен көрдім ғой Қодарды... Балам болам десең, баламдай көрермін, ниетің ақ, бетің түзу болсын шырағым дегенде, адалмын, ана, деп, алдыма иіліп еді... Жас қой шіркін, ілгері тілеуі бар шығар деп, жамандыққа қия алмай, ішім еріп, маңдайынан да сүйіп ем...

Қодар. О, қарғыс атқан Қодар!..

Мақпал. Сырты күліп, іші өліп жатқан ғой сонда! Оңбас, шіркін, оңалмас.

Күнікей. Тіріде досыңмын деп, Қозымен де, Баянмен де қол алысып еді... Достыққа деп берген қолын қастыққа жұмсап, сол қолымен қанжар салды ғой Қозыға!..

Қодар. Не жалғаны бар, жасаған...

Күнікей. Сен аттана бер, біз Қодар ағаймен ойнап-күліп бірге аттанамыз деп еді Баян!.. Қарғыс атқанның күткені де сол кезең екен...

Қодар. Рас... рас...

Мақпал. Жаны қара жауызды қарғап керегі жоқ... Жүр дейді ғой қаңғырып, қарғыс атқан сол тағы... Көрінген жан бір ит қосып, жолатпайтын болыпты ел маңына... Ақ қаншықтан қара күшік туса, Қодар туды деп бауыздап тастайтын болыпты. Қодарды аузына алған адам, үш

күн аузын ашпайтын болыпты... Кейінгі жас естімесін, білмесін дегені ғой!.. Осы да — елдің қарғысы!.. Қодар деуді біз де қоялықшы, Күнікей... Айуан десек болмай ма соны?.

Күнікей. Аузыңа тәңірім салған шығар, айуан дейік, Мақпал!

Қодар. Айуан, айуан!..

Мақпал. Сол айуанды айтам-ау, балам...

Қодар. Мен айтайын сендігісін...

Мақпал. Айта ғой, шырағым... *(Қараңып.)* Мына бір адам тағы келеді екен... Бұ да бір досы шығар, Қозымның... Бері кел, жаным... Қозының жатқан жері осы... Қозыны іздесең, бері кел... *(Алба-жұлба Қарабай көрінеді.)*

Қарабай. Һай!.. һай, һай былай!.. Құр-р, жануар, құр-р!.. *(Жылқы қайырып жүрген адамның көріністерін істейді.)* Құр-р, құр-р, жануарым...

Мақпал. Мұнысы кім еді, тәңірі! *(Қодарға тығылады.)*

Күнікей. О, қарғыс оғы тиген екен біріне!..

Мақпал. Кім еді, мұның, Күнікей?

Күнікей. Сұрама, Мақпал, қарама кәпірге... *(Бұ да Қодарға тығылады.)*

Қодар. О, жасаған!..

Қарабай. Су, су!.. Қырылдың-ау, қайран мал!.. Һай, һай былай!.. Бақа айғыр ма құлаған!.. *(Шошынып.)* Уа, бері кел, Жантық! Шақыр Қодарды! Жетсін, жетсін тезірек!

Мақпал. Қодар дегесін таныдым ғой!.. Естідің бе, балам?..

Қодар. Естідім... естідім... *(Екі әйел екі жағынан Қодарға тығыла береді.)*

Күнікей. Баршы қарағым, кетірші бұл маңайдан!..

Мақпал. Бастырмашы, балам, бұл жерді!

Қодар *(Қарабайға барып)*. Уа, әрі жүр, тірі аруақ! Баспа бұл жерді! Бұл бейіш маңайы! Қара қанды арам жан, аяқ салмасын деген бұл жерге! Былғамасын деген бұл жерді!.. Жоғал, жоғал әрі!..

Қарабай *(Қодарға жармасып)*. Құр-р, жануар, құр-р!.. Жануарым-ай, бар екенсің ғой, бақа айғырым!.. *(Қодарды атша сипай бастайды.)* Бар екесің, бар екен жануарым!.. Құр-р, құр-р, жануар!..

Қодар. Бұ да Қодарды айуан деп тұр, ә?.. Қодар айуан болса, сен малғұнсың, кет маңайдан, кет малғұн!..

Қарабай. Һай, һай былай!.. Су алдыңда жатыр... міне, мында! Сорлы иең тапты ғой, тауып келді суды!.. Һай былай, һай.. Уа, айда Жантық!.. Айда ілгері!.. Жетсін Қодар жетсін!.. *(Моладан сескенгендей шегініп әрі жүгіріп кетеді... Жарқын бастаған жұрт келе жатыр, Қодар салбырап тұрып қалады.)*

Көп. Қодар!.. *(Шошынып, шегініп кетеді.)*

Қодар. Жоқ, айуан дей көріңдер! Айуан тұр алдарыңда... Айуан!..

Көп. Айуан? Айуан!

Жарқын. Әлі тірі ме едің, айуан! Қара құзғын, енді кімге түйіліп жүрсің? Тірінің көзіне түсуге әлі де бар ма бетің?..

Мақапал. Жарқын-ай мұның кім еді тағы...

Жарқын. Сұрама, шеше, адамнан туыпты демесең, атын естімей-ақ қой... Ұстаңдар, жігіттер, құлатыңдар мына жардан!.. Кетсін төмен мың домалап! *(Қодарды ұстайды... Қодар қарсыласпайды... Баян келе жатыр.)*

Баян. Айғайдың, шудың орны ма еді бұл... Жақсы аға, жақын достар, не болған сендерге?..

Жарқын. Кешіре көр, аяулым!.. Жауыздың жазасын тарттырғалы жатырмыз... Жүрмесін жер басып, кетсін естен біржола.

Баян *(қарап)*. Қодар ма!.. Атыңды тағы бір ататтың ба маған! Босатыңдар!.. Тәңірінің қолы жетпей жүр деймісіңдер? Кім біледі, жазаның ең ауырын кесіп, бар күнәсін арқалай жүріп, тірінің есебінде жүрген өліктей болсын, осылай тартсын деген шығар жазасын... Ең жеңілі осы болса, мен риза бұл жазаға!.. Былғамаңдар бұл жерді... Босатыңдар!..

Қодарды босатады. Қодар салбырап, шығып кетеді.

Мақпал. Жүрші күнім, қосыңа... Айыға тұршы көргеніңнен...

Баян. Күңіренген қос анам қос кеудеңді бір иіскетіңдерші... *(Екі шешесін құшақтап, аймалайды)*. Әлім бітіп, дымым құрып қайтып ем, көзім шырадай ашылды ғой... Қозының қасын маған қалдыра тұрып, жұртты алып бара тұрыңдаршы үйге... Баян тіріде сөзі біткен бе айтатын, оңаша қалайын Қозымен...

Күнікей. Кешікпе, күнім!..

Мақпал. Ботам, тез қайт!

Баян. Қазір, қазір...

Мақпал. Жүріңдер, балалар... Кіре кетіңдер Қозының қосына *(Жұртты алып, аналар кетеді. Баян арттарынан қоштасып тұрады.)*

Баян. Қош болыңдар, қос анам! Қош!.. Қош болыңдар, құшағында өсірген екі мұңдық... Күтіп аламыз — өздерің де кешікпеңдер... Қозы шақырады мені — мен қазір кеттім, — сендер де келіңдер кешікпей. Қош бол, ойының бір ойың бір, дос-құрбы!.. Ортамыздан кеттің деп, шығара көрме есіңнен... Қош бол, алтын бесігім — өскен ел, туған жер!.. Қош бол, жарық дүние! Қараңғыға айырбастап барам... қош бол! *(Молаға кіреді.)* Келдім, Қозым, қасыңа...Біржола келді Баяның... Жаның тыныш болсын, Баяның қасында болады.. Оңдүниеде қол ұстасып тұрайық, бұл дүниеге көрсете кетейін — некемізді де өз қанаммен қияиын... *(Қанжармен шынтағын жаралап, маңдайшадағы «Қозы Көрпеш» деген жазудан кейін «Баян» деп жазады да, молаға кіреді.)* Аша бер, Қозым, құшағыңды!.. *(Қанжарды өзіне салып, құлайды).*

Шымылдық.

Соңы.

АҚАН СЕРІ, АҚТОҚТЫ

5 перделі. 5 суретті драма

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ақан серi.
Ақтоқты.
Науан — хазірет, Ақанның немере ағасы, қара қамшы адам.
Жалмұқан — Ақтоқтының күйеуі.
Қоңқай — Ақтоқтының әкесі.
Дәмелі — Ақтоқтының шешесі.
Мәрзия — Науанның тоқалы.
Мылқау балуан — Сердалінің балуаны.
Сейіт, Мұрат } Ақанның жолдастары.
Сердалі — ақын.
Балта — қарт адам.
Жылгелді — Мәрзияның ағасы.
Қорамса — Ақанның әкесі.
Қарасақал — бас құда.
Сәдір — Сердалінің серігі.

Шәкірттер, кемпірлер, қыз-келіншектер, тойға келген адамдар, күйеу қосшылары.

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ақан сері.
Ақтоқты.
Науан — хазірет, Ақанның немере ағасы, қара қамшы адам.
Жалмұқан — Ақтоқтының күйеуі.
Қоңқай — Ақтоқтының әкесі.
Дәмелі — Ақтоқтының шешесі.
Мәрзия — Науанның тоқалы.
Мылқау балуан — Сердалінің балуаны.
Сейіт, Мұрат } Ақанның жолдастары.
Сердалі — ақын.
Балта — қарт адам.
Жылгелді — Мәрзияның ағасы.
Қорамса — Ақанның әкесі.
Қарасақал — бас құда.
Сәдір — Сердалінің серігі.

Шәкірттер, кемпірлер, қыз-келіншектер, тойға келген адамдар, күйеу қосшылары.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ СУРЕТ

Уақиға мешіт қасында өтеді. Медреседе шәкірттер. Түн. Шәкірттер сабақ оқып отыр.

Шәкірттер *(Барлығы қосылып әндетіп).*

— Сүбіханәзел күлки уәл мәләкут,
Сүбіханәзел ғиззаті
уәл Ғазамати
уәл құдірәти
уәл Кербиәти
уәл жабарут...
Сүбіхан әл мәлікел хайелләзи лә ямут,
Сүббухөн, Қуддусөн,
Раббұл мәләикәти ууррух...

Барлығы қайтадан әндетеді. Асығыс басып, қызу сөйлеп Ақан келеді.

Ақан. Әділет, хазірет, әділет!
Хазірет итын қанға бояп,
Болмап па едің әлі де?
Қараңғыда сорғалаған қан ізі,
Тағы әкелді қақпаңа.
Тоқтат, хазірет, тоқтат мынауыңды,
(Хазірет жоғын көріп.)
Ә, жоқ екенсің ғой...
(Шәкірттерге.)

Тоқтатыңдар өлім үнін,
Тоқтатыңдар сарынды!
Көрден шыққан жан ыңқылын,
Күңіренген «сүбіханмен» жаппақ па ең?
Тоқтатыңдар! Қылмыс, қылмыс!

І-Шәкірт. Не дейді, не дейді?

ІІ-Шәкірт. Сөзі қандай жат еді!

ІІІ-Шәкірт. Дені дұрыс болғай-ақ-ты.

Ақан. Көк мешіттің ішінде — өсиет.
Сыртында қылмыс үйретпек пе едің бұл жұртқа?
Күндіз айтқан өсиетіңнен,
Түнде істейтін қылмысың көп,
Қайда апарып, қашан тынбақ бұл зұлым?
Алыстағы ақыретті айтып,
Жұртты жерге тұқыртқанда,
Әулиеден әріміз.
Азап үні бір аумастай,
Орнатарың тамұқ па еді осы елге?

І-Шәкірт. Түрі қандай қорқынышты еді? Белләһи жәй емес.

ІІ-Шәкірт. Ақан аға, мешіт қасында қатты дауыс шықпасқа тиіс емес пе еді...

Ақан. Жан даусының ақырын шыққанын қашан естіп ең?
Қылмыс атын атамасқа,
Адам зарын естімеске,
Келіп пе едік осында?

Сейіт. Ақан аға, Ақан аға, сабыр етіңізші, тоқтаңызшы!

ІІІ-Шәкірт. Құлшылық орнында — құлшылықта!

Ақан. Құлшылықтан құлдық таптық,
Арман не?
Сахарада сайран етіп,
Еркін өскен,
Асау жанды, қанды ел қайда?
Құлағыңа құмалақ тық,
Естілмесін мұң-зары!

ІІІ-Шәкірт. Басқаға лайықтың сізге айып болатынын да ұмытпассыз, молда Ақан... Бір кезде торыққан жанға сая болған мешітті бүгін азап орны десеңіз, оны хазірет...

Ақан. Жақтырмай жүрер, опасыздық деп таныр де!

III-Шәкірт. Сондықтан...

Ақан. Дереу жеткізермін де, хазіретке!

III-Шәкірт. Өкпелемессіз...

Сейіт. Ақан аға, хазіреттің көзіне түспей, барыңызшы!

Ақан. Опасыздық осы болса,
Су ұсынып, у бергеннің аты кім?
«Зарабулап» өткен талай үнсіз жан,
Өтпес үнсіз бәрі де!
Бір босанар тұтқын ой,
Кете бермес осылай,
Өкінер жұрт — ойланар!
Я тоқтарсың, я құларсың
Қара қамшы, қара надан хазірет!

Асығыс кетеді, артынан Сейіт те кетпекші болады, шәкірттер Сейітті ұстап қалады. Барлығы шуылдап Сейітті ортаға алады.

Сейіт. Жолдастық хақы босатыңдаршы мені. Мен өзім де ешнәрсеге түсінгенім жоқ әлі...

I-Шәкірт. Айтасың көрген-білгеніңді!

II-Шәкірт. Айтқың келмесе, қолың таза болмағаны да!

III-Шәкірт. Айтпашы қане көрейін. *(Барлығы шуылдасып тұрғанда, Науан келеді.)*

Науан. Не шуласып тұрсыңдар түге?
Дауырықпаңдар демеп пе ем?

I-Шәкірт. Мына Сейіт көргенін айтқысы келмей тұр-ған...

Науан. Сейіт? Оған тапсырған кім бар еді!

Сейіт. Менің айтып тұрғаным да сол еді, хазірет.

I-Шәкірт. Бірақ, біз көрмегенді бұл көріпті, біз естімегенді бұл естіпті.

Науан. Өздерің түк біле алмағынсыңдар ғой, сірә?

I-Шәкірт. Неге білмейік, көрдік, естідік...

II-Шәкірт. Қан сорғалап тағы әкелді қақпаңа, тоқтат, хазірет, тоқтат мынауыңды деді Ақан.

Науан. Ақан?

III-Шәкірт. Хазірет атын қанға бояп болмап па едің, деді сізге...

I-Шәкірт. Қаны тамған қара қамшы, деді сізді. *(Өзгелері қостайды.)* Ие, ие!..

II-Шәкірт. Азап үні бір аумастай, тамұқ орнаттың деп те айтты сізге.

Науан. Жә! *(Қамшымен тартып қалады.)* Сөз бе екен сол! Ол емес естігендерің! Ақан айтпайды оны! Жаңылыс естігенсіңдер. Не жалған бұларың!

Шәкірттер. Айтты, айтты, хазірет.

Науан. Айтпады дедім ғой! Болды емес пе? *(Бір-екі баланың құлағын жұлып қалады.)*

Шәкірттер. Болсын, болсын...

Науан. Қане, не естіңіндер?

Шәкірттер. Ешнәрсе естімедік, ешнәрсе естімедік...

Науан. Күн-фаякун!

Шәкірттер. Күн-фаякун, күн-фаякун...

Науан. Бара беріңдер... *(Шәкірттер орындарына барып қайтадан сүбіханды айта бастайды.)* Сейіт, сен бері келші. Мыналар не жаңылыс, не жалған айтады. Көрген де, естіген де сен ғана. Олар Ақанға дос та емес, сен жан ашыр, жаны бірдің бірісің. Әкең калимаға тілі келмей өтсе де, қара дініне берік адам еді. Сен дұрысыңды айтасың. Ақан қанша тентек болса да, о да сендей өз туғым, қасының сөзін тыңдағым келмейді. Қане не көрдің, айтшы түгел. *(Бұдан былай қарай шәкірттер біресе сүбіханды айтып, біресе әңгімеге құлақ салып, Науан оларға жекіріп қалып отырады.)*

Сейіт. Мен де дәл айта алар ма екем, хазірет. Біразын өңімдей, біразын түсімдей ғана білемін. Иләһи, бұ да жаңылыс болып шыққай еді... Ызыңы бар да, мағанасы қалмаған есімде...

Науан. Ойлан, бастап көр.

Сейіт. Ұмытпасам, әлде не ыңырсығандай болған соң, шошып кетіп, «Әятель-күрсіні» қайта-қайта оқып, тезірек сүйрей жөнеліп, сол бетімен жүгіртіп отырып, зиратқа алып барды. Ақан екен...

Науан. Ие, содан соң?

Сейіт. Екі адам қабірді қазып болып, аққа оралған өлікті енді ғана алып түскелі жатыр екен. Ақан жүгіріп келген бойы: «Бұларың тірі жан емес пе, жауыздар? Кінәсі не еді?» — деп, өліктің бетін ашып қалғанда, мен шалқамнан түстім.

Науан. Неге?

Сейіт. Бір таныс жанның жүзі елестеп кеткендей болды.

Науан. Бір таныс жанның?..

Сейіт. Ақан «Әлі тірі, ыңырсиды, ыңырсиды сор-

лы» деп, құшақтай бергенде, ана екеуі қабырға тастап та жіберді өлікті...

Науан. Тастап та жіберді? Тастап жіберді ғой анық?

Сейіт. Тастап та жіберді... «Құтқара көр» деп жалбарынған үнді мен де анық естідім-ау, деймін. Содан арғысын білмеймін.

Науан. Кім болды екен онысы? Өзің кім деп ойладың?

Сейіт. Кім деп ойлайын? Кім еді сол түні жерленген. Мен... Сіз білетін шығарсыз деп едім...

Науан. Малғұн! Хазірет істеген зұлымдық демексің бе!

Сейіт. Илаһи, сонша бір қадірлі жеңгеміз — Мәрзия емес, басқа болғай-ақ деп тілеймін, хазірет.

Науан. Жап аузыңды, малғұн! Бар, жай елге, нандырып көр жұртты!

Сейіт. Мен елге айту түгіл, есіме алуға қорқамын, хазірет.

Науан. Жоғал малғұн, жоғал! *(Сейіт кетеді хазірет шәкірттерге келеді.)* Жә! Тараңдар әрі! *(Балалар кетеді.)* *(жалғыз)* Жә! Хазірет емес, қара қамшы қойдым де, менің атымды!

Қамшым қалса, хазірет болып қайтпек ем?
Иек қағып, терсек жинап,
Өлім аңдыр деп пе еңдер?
Ұқпасаң обалың өзіңе,
Қамшым мен хазіретім қабат жүретінін қайсыңнан жасырып ем?
Қамшың қатал деймісің?
Қай қамшыдан қайқаңдамас бел бар еді?
Бірін мінбей, мыңды баққан кім бар еді?
Бірің жауыр болғанда бәрің қайқаңдасаң,
Кезек киерсің ноқтамды!

Ақан *(өзіне өзі сөйлеп).*

Анайы елдің алқымынан,
Айырылмаса бұл шеңгел,
Арашаға жарамасаң, пайдаң не!..
Көреді де, көзін жұмад,
Айтқың келсе, сырт айналад.
Не боп кеткен бұл заманның жасына *(Өте береді).*

Науан. Ақан-жан, ажарың мұнша неге сынып кеткен?

Ақан. Түсім оңалмай жүр, хазірет...

Науан. «Хазірет»... Аға деуді ұмытқансың ба сен, осы?

Ақан. Хазірет дегізіп болған жоқсың ба бұл жұртқа! Аға деуге ауыз қалай барсын?

Науан. А! Зіл айтамын, жатсырай келемін, де! Менен ығысса, саған тығылсын демеп пе ем мынау ел? Сенен күткенім осы ма еді?

Ақан. Менің күткенім де бұл емес-ті, хазірет.
Енді міне күн санап күшейген күдік,
Шешуі жоқ жұмбаққа қалдым.
Көргеніме құр таңданып,
Не сенім, не түңілу жоқ,
Жүрмін дағдарып.

Науан. Азапта екенсің ғой...

Ақан. Азаптамын!
Тіршіліктің бар мағанасы
Құлшылықтан табылса,
Қашайын деген мен бар ма ем?
Не таптым бірақ?
Сеніп келгем, түңіліп те болдым.
Зарлаған үн арылмады құлағымнан...
Езгі сөзді айтарың бар,
Өз қолыңды қандамасаң етті,
Өз қолыңды қандарың бар,
Езгі сөзбен ойнап керегі не еді?

Науан. Ұқтым ойыңды. Жасырмай жақсы аңғарттың. Тағы нең бар?

Ақан. Қамшы мен хазірет — екі нәрсе,
Сыйыспайды бір жерге, таста бірін!

Науан. Қамшым қалса, хазіретіңді қайтуші ем!
Бірі — жүген, бірі — ноқтам бұл елге!
Қос ноқта емес пе еді, сенің де бір кезде жаратарың...

Ақан. Хазіретпін дейсің, қара надандығыңды қайда қоймақсың сонда?

Науан. Надандықтан өлсе, Албан, Суан, Қаракерей өлер еді ғой. Отыр ғой олар да! Тағы нең бар айтатын?

Ақан *(дізерлеп қолын созып)*.
Әділет, хазірет, әділет!
Ғазиз бір жанды тірідей көмдіріп,

Неліктен байладың оғыңа?
Панасыздығынан басқа жазығы қайсы?
Әділет қайда, әділет, әділет?

Науан. Тарт қолыңды! Сандырағың емес шығар бұл. Бетің байқалды! Кездесіппіз! Әділет сен жақта екен ғой, аянбай-ақ қой ендеше! Әрі ғазиз жан, әрі жаныңа тиетін жан екен ғой! Олай болса, жаңылмаған екем! Бірақ жеңгеңнің өліміне көп қайғыра да берме, мына жұрт басқаға жорып жүрер. «Кіші қатын — кісі қатыны»... Сол «кісі» сен боп шығып, басыңа бұлт айналып жүрмесін түбінде... *(Кете береді.)*

Ақан. Нағып аузың барады, хазірет! Енді осыған да барғаның ба, зұлымдық емес пе мұның!

Науан *(қайырылып)*. Ә! Тие ме жаныңа! Талай тиер әлі! Болмаса ие бол аузыңа! Күн-фаякун!.. *(Кетіп қалады.)*

Ақан. Күн-фаякун!..
Несін қақтым бұл қақпаны...
Тас қорғанда ел отыр да,
Қақпасында хазірет.
Кімге естілмек адам зары?
Жапандасың, жалғызсың,
Кімге естілмек айғайың?
Өзіңе айттың, не шықты одан!
Неткен мағынасыз бос өмір!..
Әттең сонау,
Күлгенменен бірге күліп,
Жылағанмен бірге жылап,
Қайғылының қасында өткен күндерім!
Қайғы-қасірет, мұң мен шердің,
Шат қуаныш, асау тойдың,
Бәрі тауып дертіне ем,
Алғыс айтқан аз ба еді?
Неге кеттім қасынан?
Еркін елде ерке жел ем,
Соны тастап келдім-ау, осында!.. *(Сейіт келеді.)*

Сейіт. Мен бүлдірдім білем, Ақан ага.

Ақан. Ие?

Сейіт. Шыдамадым, бәрін де айтып қалдым хазіретке. Қоймады еркіме.

Ақан *(шошынып)*. Не айттың? Нені айттың?

Сейіт. Мәрзияның тірідей көмілгенін мен де көрдім, дедім.

Ақан. Басқа бүлдіргенің жоқ қой, әйтеуір?

Сейіт. Осы — бар айтқаным. Саған қарар бетім жоқ... Тоғызымда ән салдырып, он бесімде мешітке әкелдің. Ендігі жөнім не бөлмақ, Ақан аға?

Ақан. Бүлдірмепсің ешнәрсені, тек енді ие бол аузыңа. Сейіт, сен ауылға бара тұршы осы...

Сейіт. Жарайды. *(Кете береді, қайта бұрылып.)* Жылгелділер келіп қалды, Ақан аға. Жеткен екен кешікпей! *(Балта, Жалмұқан, Жылгелді келеді.)*

Ақан. Ассалаумағалайкум, Балта аға! Келдіңдер ме кешікпей...

Балта. Ақанбысың, әліксалам... Аманбысың, жарқыным. *(Құшақтасып амандасады.)*

Жалмұқан. Несін дәріптеп жатырсың оның! Ағалы-інілі қос әулие, иығынан түспейтінін бе? Өлең мен домбыра өз басыңнан өтпеп пе еді, Ақан? Найзаң тимеген қайсымыз қалып едік? Көтермеп пе едік оныңды? Мәрзия сенен асып па екен! Тірідей көмген деген не сұмдық еді? Жоқ, сен молда емес, айыпкерімсің. Қараны аққа бояп, ақтап шық ағаңды, әйтпесе, жанға жан, мен де бірің тірідей көмем!

Ақан. Бұл тілегің болмай қалмас, Жалмұқан. Бірақ, зұлымдықтан зұлымдық қана туып жүрмесін. Аптыға шапқаның осы болса, ол қиынға түспес.

Балта. Жалмұқан, соқтықпасаңшы Ақанға. Айыбы — араша түскені ме? Өзімен сөйлесейік те хазіреттің... Барыңдаршы бірің. *(Сейіт кетеді.)* Қайда әлгі қанды мойын хазіреті?

Ақан. Жылгелдінің жоқшысы болып атқа мінгенің маған да ұнап қалды, Жалмұқан. Мұны өзің де ұмытпа.

Көңілі түссе дариядай,
Қитығы ұстаса зындандай,
Тұңғиық жатыр алдында:
Әділетке апарар жол көп,
Тек осы болсын көздегенің.
Соқпақ тауып жүрмейік кейін...

Жалмұқан. Кекесінің шығар бұл! Қашанғы әдетім — қарашыма қарамаған кезім жоқ. Ханшамның қанындай жоқтаймын Мәрзияны. Тек, айыпкерім, ортаға түс!

Ақан. Әйтеуір әділет қой іздегенің?

Салмағыңды осыған салсаң,
Өрең жетпей қалмас.
Іс қызуы басылып,
Ізге қылау тұрған жоқ әлі.

Тек тая соқпа әйтеуір.

Тая соқпа, Жалмұқан. *(Кетеді.)*

Жылгелді. Мұнысы мойнына алып тұр ғой, ақсақал?

Балта. Е, ол қашан да осылай еді ғой. Бұрылыс, бұлтағы бар ма еді мұның!

Жалмұқан. Ұсынған мойныңды қылыш кеспеске әкелейін дейді.

Балта. Осының ақсайтан кезінің өзі-ақ жарасып тұратын еді елге. Ішкі сарайы әлі түзу екен, сірә...

Жылгелді. Солай екен.

Жалмұқан. А, қойшы әрі... бірін құла, бірін торы демес ем осылардың! Мұнысы білмей қалыпты, естімепті демексіңдер ме?

Балта. Бұған салсаң, көріне көлбей тартпайды дегенім де!

Жалмұқан. Көрерміз әлі. *(Науан мен Қоңқай келеді.)*

Науан. Ассалаумағалайкум.

Күн өткізбей, жұрт даурықпай,
Із суытпай, жақсы келіпсің, шалым...
Кәрі көзің көре қалған екен!
Әлдебіреу сыбыр етіп қалды ма?

Балта. Мысықтан басқаның қылығы жататын ба еді, жетті де жаманат!

Науан. Қалай, азуың бүтін бе еді?

Хазіреттің қызылы қатаң болатын.

Балта. Қатігез хазірет атанғаның рас,
Қасқа тіс сынға түссе, көреміз де!

Науан. Жоқ, бұл жолы биялайдаймын... Мені бір құрық әкеткен деп пе ең? Айтар дауым жоқ, лайығын тап та, кесе бер кесіміңді.

Жылгелді. Дауың болмаса жазығы не еді Мәрзияның, оны да өзің айтарсың?

Күнәсына көз жетсе,
Кесім сұрар мен де жоқ.

Науан. Сен қоя тұр, Жылгелді.

Сүйек сенікі екені рас,
Дау сенікі бола алмайды, бірақ.

Жалмұқан. Тоқта, Жылгелді.

Қарашыны қайтсін хазірет.
Қарауылдың қара ордасын тосайық алдыңа!
Уа, менмін жоқтаушы!

Науан. Жөніме көшсем, сен үшін көшкем, сөйле!

Жалмұқан. Сөйлесем, әуелі асқақтамайық.
Менің сендей, сенің мендей күніміз,
Кеше ғана емес пе еді?
Қашан кесіп өтіп ең алдымнан?

Науан. Бұл да бір тосу шығар, сен де көн!

Жалмұқан. Елдің ендігі қазығы мен емес, сен болып қалдың, көндік! Сонда мешіт маңын аққан жас, жосыған қанға айналдырмақ па едің? Кім қалды тақымың тимеген? Тал түсте эппақ сақалды хазіретімді қуып жіберіп, мешітімді тартып алдың! Хат танымасаң да хазірет дегіздің өзіңді!

Қоңқай. Қой шырағым... Қойдың құлағына тісім өтпейді, картопиясы бар жерге барам деп, хазірет жарықтық өзі кетіп қалды ғой... Солай емес пе, хазірет?..

Науан. Жә!..

Жалмұқан. Қарындасымды тірідей көмгендей, не айыбы бар еді? Шыңғыстың аруағын мен де шақырам. Кесіміңді айт дедің ғой. Мен де біріңді тірідей көмем, кіміңді қиясың, соныңды айт!

Науан. Болдың ба? Құр Абылайлап дау ала алмайсың, шырағым. Аққан жас, жосыған қанды есептесең, өтеуі үрім-бұтағыңа кетеді. Қамшыңнан қан сорғалап тұрып, кімге жөн айтпақсың! Кеше сен, бүгін мен болсам — дүние кезек емес пе, көнбеске сенің де шараң жоқ! «Елу жылда ел — жаңа, қырық жылда — қазан!» Дауым жоқ, айыптымын: бұл — қоян-қолтық келсең айтар сөзім. Сол айыпты әлі де сен тартасың, қайта-қайта, қос қабаттап тартқызам, бұл — егессең айтатыным. Қалауы сенікі! Алдымен, тірідей дегенді айтпайтын болайық! Қамшым қате тиді, өлді, көмдірдім...

Балта. Құдай жолы дегенің осы ма, хазірет?
Қара дүрсінді қойғандағы, ақ жолымыз осы ма?

Науан. Сен қоя тұр, шалым.
Алдыңа бас тартсам,
Бата қылуыңды біл.
Қара дүрсінді қай дуанға апарып өткізбексің!

Балта. Е, мұным да бар, де!

Науан. Жасырған емен! Менмін бақташың! Алдарыңда бір хазірет, бір Жылгелді тұр мынау: қайсысымен болғыларың келеді? Қайсысы айыпты екеуінің?

Балта. Айыпты сен. Айып тартар Жылгелді болсын десе, оны мына Жалмұқан білсін!

Жалмұқан. Тақым бұрау ғой мұныңыз...

Жылгелді. Енді айып салмақпысың? Осы ма жөніңе көшкенің?

Науан. Сен қой деймін, Жылгелді! *(Жалмұқанға.)* Айыпты мен дедім ғой, Жалмұқан! Қасымда қалсаң, қай кесіміңе де көнемін. Болмаса — жоқ! Жанға жан сұрадың ғой, оныңды да берем. *(Балта мен Жылгелді аң-таң.)* Ал, аңырмаңдар, созылған дау ескіре де беретін...

Қоңқай. О, береді хазірет, береді...

Балта. Сөзіңді ұстау оңай болып тұр ма сенің!

Біресе біз айыпты,
Біресе — сен.
Айтарыңды біржола айт та,
Алсаң — ал, алмасаң, аттан деші, бізге!..

Науан. Мен мына Жалмұқанның сөзін байлау көрдім. Жанға жан сұрады, бердім сонысын! *(Балта, Жылгелді — «Астапыралда, астапыралда!»..)* Шошынбаңдар, төлеуге болғанмен, өлімге емес... *(Жалмұқанға.)*

Төре тұқымы ұсақтап барасың,
Қарабайырмен сүйек жаңғырт...
Қоңқайға күйеу боласың.
Ақ патшаның баласына лайық қызы бар...

Қоңқай. Апырау, Ақтоқтым ба, хазірет?

Науан. Ақтоқтың! Басқа балаң жоғын білмейтін бе едің?

Қоңқай. Балаң дегенге ауылдастың бірі шығар деп қалып, онда да жеңгеңе ақылдасайық, онысыз мен құдайға құлдық ұруға да қорқамын деп ем ғой?

Науан. Мына надан не сандалады өзі!

Қоңқай. Жоқ, хазірет, жоқ!.. Мен жүрегім шайылған адаммын қатыннан...

Науан. Тоқта әрі! Надан. «Әррижалу қауамуна ғаланнисаіи» деген құранда.

Қоңқай. Қоңқайдың атын құраныңа да бекер-ақ кіргізіпсің, тіпті!.. Мені қой да, ана жеңгеңді кіргіз сол... Аулақ ет пәлеңнен...

Жылгелді. Керегі жоқ бұл кесімнің!

Бір сорлыны жоқтасаң,
Тағы біріңді сорлы етем деп тұрған жоқ па!
Керегі жоқ бұл төлеудің,
Мен тәңірі алдында сұрармын,
Оған дейін екі қолым жағаңда болар!

Уа, мына бәледен бас сауға сұраңдар, бас сауға!

Кетіп қалады

Қоңқай. Е, бәрекелді! Құтқаршы сөйтіп!

Науан. Тыныш отыр! Жалмұқан, байлауыңды айт! Қоңқайдың салмағын мен көтерем, бұл айыбымды тартқаным емес пе!.. Бұл теңдікті не алар, не алмас едіңдер, маған да елдің бүтіндігі керек. Осымен құдай десіп қол көтерелік, ұнаса мешітке кіріңдер, ұнамаса — өкпелемессің... Жүр, Қоңқай надан... *(екеуі мешітке кіріп кетеді, басқаларда аңрыс.)*

Балта. Ал, не отырыс бар?

Өзгеміз әрі кетсе ер қара,

Бері қалса құр айғақ екеміз,

Сөз сенде қалды. Жалмұқан... Не айтасың?

Жалмұқан. Өзің не айтар едің?

Балта. Біз ақты ақ, қараны қара деп өткен жанбыз!

Тоң мойын заманда томырық өстік.

Әкел әрі, атымды, айыпқа алып жүрер. *(Кете береді.)*

Жалмұқан. Құр өктем ғой мұның...

Өткен күннің өркөкірек болғанын қайт дейсің маған...

Балта *(қайырылып)*. Әлде не деп еді жынды Ақан? Не досы, не қасы болғайсың соның! *(Кетіп қалады.)*

Жалмұқан. Бәрібір сенің де айналып табар жерің осы мешіт. Мен — алдарақ, сен — соңырақ, сол-ақ айырмасы. *(Ойланып тұрып.)* Қой, кірейік мешітке... *(Кіріп кетеді.)*

Жылгелді *(қайта келіп)*. Ауыл, несіне қарайлайсыңдар, несіне отырсыңдар? *(Бері келіп.)* Ау, жаңағы жан ашырларым қайда? Жер жұтты ма, мешіт жұтты ма? *(Мешіттің ішінен қол көтеріп отырған Науан, Жалмұқандарды көреді.)*

А, мешіт жұтыпты, мешіт!

Жұртымау, бұған не демексің!

Аққа жақ, қараға қайырылмайтын мінезің бар емес пе еді?..

Кімге жалын, қайда бар дейсің?

Естір құлақ, көрер көз қайсыңда қалды?

(Жүгіріп барып мешіттің есігін қағып.)

Аш, ашыңдар! Жалмұқан, Жалмұқан!..

Туыспай кет, туыспай кеткір...

Сейіт *(келеді)*.

Жылгелді аға, қақпай-ақ қой ол есікті!

Қалсын мәңгі жабылып.

Нең кетер дейсің одан...
Сен сонау күзетшінің үйіне соға кетші...
Бармай кетпесін деді Ақан, ұғамысың?

Жылгелді. Ә, неге, не үшін дейсің, қарағым?

Сейіт. Ақан айтты дедім ғой... Білерсің барған соң...

Жылгелді. Ақанның беті дұрыс сияқты еді ғой, барайын, қарағым.

Асығыс кетеді, мешіттен Науан, Қоңқай, Жалмұқандар шығады. Сейіт шетте тұрып қалады.

Науан. Ал, шырағым, жолдарың болсын, қош бол. Бір жарықшақ туа жаздап, жоғалды әйтеуір... Созып кетпеңдер. Тойды тез жасаңдар, қызыңның некесін өзім қиып берем. *(Келгендер қоштасып кетеді.)*
Уһ!.. Әрең құтылдым ғой құрғырдан.
Ер өлімін елемейтін заман да бар еді,
Қатын өлімінің мұнша пәле болғанын кім көрген!..
«Қатын би болар, сиыр бұл болар» деген осы да!
(Кетеді.)

Сейіт. Е.. Тағы бір бас байланған екен ғой... *(Кетеді, жүгіріп Мәрзия, Жылгелді шығады.)*

Мәрзия. Жібер, жібер деймін, Жылгелді аға.
Кімін сыйлап, неден қысылмақ Мәрзия?
Таразыға тартып берем,
Қара шоқпар хазіретті,
Қалың топтың алдында!
Қара жүзін ашып берем — жұрт көрсін!
Жіберші деймін...

Жылгелді. Тоқта деймін, күнім...
Қара жерге қайта кіргің келмесе,
Күш сынасар күн бе, осы?
Құтылуды ойласаңшы, бауырым...
(Шекпені мен тымағын Мәрзияға еріксіз киғізіп жүреді.)
Жүр.. Жүр...

Мәрзия. Жан-аға, түсінсеңші!
Талай сырды ашып беріп,
Қара таңба басып кетейін де,
Қара жүзде таңба басар жер қалса!..

Жылгелді. Таң бір атар! Күн бір туар!
Тұзағынан бір құтылсаң,
Енді қайтып көрсетпеймін хазіреттің көзіне!
(Алып кетеді.)

Мәрзия Қош бол, тамұқ — қарғыс атқан хазірет!
(Кетеді. Ақан келе жатыр.)

Ақан. «Қош бол тамұқ!» Айтқан әйел.
Айтқызған кім — ұққанға?..
Талай жанның талып тапқан саңылауы,
Тағы қалса бітеліп,
Азап көріп, азат болған
Сорлы әйелдің жан сөзіне не мін бар?
Жалғыз саңылау жабылды да,
Жалғыз жылға суалды да,
Балғын ойлы барлық бала
Тағы қалды қараңғыға қамалып.
Хазірет емес, қылмыссың сен!
Мен де кетем,
Сен тамұғы,
Мен жендеті бола алмаймын елімнің.
Елге жетем, күліп өтем өмірден.
Мен бір күлмен,
Мен бір күлсем,
Басқалардың жынданғаны
Ойыншықтай көрінер.
Әзірейіл келіп тұрса Ақан жанын алам деп,
О да кетер үрейленіп,
Ақан жаны елде қалар мәңгіге!
Іште жатқан екі арыстан
Жеңісе алмай,
Бірін-бірі құр қартайтып,
Екі жуас төбеттей боп қалып ед.
Бірің өл де,
Бірің босан,
Сал ойранды еркіңше!
(Кете береді. Балаларды айдап Науан келеді.)

Науан. Оқыңдар! *(Балалар сүбіханды қайта бастайды.)*

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ЕКІНШІ СУРЕТ

Оқиға Ақанның үйінде өтеді. Ақан жалғыз, қолында домбыра... Төсек үстінде, айналасы шашылған кітап. Ән салып жатыр. («Аулым қонған Сырымбет саласына...» тоқтайды).

А қ а н. «Лә иләһа еллә алла!» — деп,
Ашып едім бұл өмірдің есігін..
Аяқ бассам бір «ағузә»
Күбір-күбір ішімнен,
Кіріп келсем, қап-қараңғы тамұқ екен кіргенім!
Қызса бойым,
Туласа ойым,
Басқа, көзге төпелеп,
Өз қолымнан тұсап, матап, тұтқын етіп беріп ем.
Енді мынау арманда өткен дер кезеңнің
Құйрығына жармасқалы отырған жан сарыны...
Ұстатпаса,
Жұлып тастап жүріп кетсе,
Топырақ құшып көшкен елдің жұртында
Қалсам сонда қайтпекпін?
Ah, ол кезім!
Мың бұралып, жүз толқындап,
Келіп тұрған ән бар еді бойымда.
Басқа теуіп,
Бет-аузына түкіріп,
Көрместей боп қуып едім маңымнан.
Жатсам түстен, тұрсам естен
Шығармысың өтеуі жоқ осы арман!
Көк жиекке көз салуға,
Әр төбеге бір шықтым.
Бұл өмірден мағына іздеп,
Асау ойды әр қияға бір салдым.
Жөн таба алмай құр сандалдым,
Әр аралға бір қамалдым,
Өмір — теңіз, таба алмадым өткелін...
Айсыз түнде адасқан жан,
Қол бұлғаған талай отты көрсем де,
Бұрылмадым, кете бардым —
Адасқанның алды жөн!
Әр аруаққа бір түнеумен,
Әр есікті бір қағумен,

Арманда өткен көп өмірдің
Өтеуі жоқ өкініші осы да...

Науан мен Қорамса келеді.

Қорамса. Көрсетер бетім қалған жоқ, хазірет. Көрем десең, көр мына көк соққанды! Бұрынғысының өзі жақсы еді, құр қылжаң. Түн бойы сарнап шығады, не оқытып жіберіп ең?

Науан. Сабыр, Қореке... Жаңылса жастығы шығар. Ашу алда, ақыл соңында емес пе? Есті Ақан ойланбады деймісің... *(Ақанға.)* Ұстаз хақы — қол қайда?

Қорамса. Ондайды білуден қалған бұл жын.

Ақан. Қол әдетін жаңылмапты,
Қол мынау ғой, хәзірет.

Науан. Жоқ... еріксіз созылған қол алынбайды деген. Ұстазың емес, ағаңмын. Үлкен басын кішірейтіп, өзі келді үйіңе. Хазірет емес, қан ішер деп кетіпсің! Жат мінезің, жаман жораң жайылмай тұрғанда, қайтамысың мешітке, жоқ па? Соныңды айт әуелі?

Ақан. Қайтар жол қалған жоқ, хазірет.
Мысқалдап кірген ауруым бар,
Батпандап бір-ақ шығарғалы отырмын,
Оңалмаймын онысыз.

Қорамса. Мұндайды кім көрген еді!

Ақан. Бұл бәрінің түйіні, әке.
Ұғына алар сен жоқ,
Ұғындыра алар мен де жоқ,
Жөн сұраспай-ақ қояйық.

Науан. Жел басылып, күн ашылатын. Есті емес пе едің, Ақан жан!

Қорамса. Тәңірі деген, қайдағы ес!
Есуас емес пе еді қашаннан.
Жын-перінің ұясы болған бұл!
(Кітаптарды түрткілеп.)
Міне, мұнда жатыр бар пәле:
Осы — жынның ұясы!

Ақан. Құр емес шығар...

Қорамса *(жүгіріп кітаптарға барып).*
Қолым бір жетпей жүр едің,
Жеттің бе хазіреттің алдында...
Құртайын көзіңді!

Кітаптарды лақтыра бастайды.

Ақан. Әке, не болған сізге?.. *(Таласады, Қорамса болмайды).*

Қорамса. Жолама маңыма, өртеймін бәрін де!

Ақан. Не айтармын саған...

Науан. Уа, тоқта әрі! Ақаннан өзің тентек екенсің ғой. Мен сөйлесем демеп пе ем, бара тұр! *(Шығарып жібереді.)*

Қорамса. Жолама маңыма, өртеймін бәрін де!
Әйтпесе, мен болармын сазайыңды тартқызар!
Тиме, шалажансар діниме!
Көгермегір, көк соққан... *(Кетеді.)*

Науан. Ақан жан, мен жөн сөйлесіп, ұғысқалы келіп ем.

Ақан. Оныңыз көрініп-ақ тұр. Қайрап-ақ әкеліпсіз.

Науан. Оны менен көрме... Көндікпеген асаудың қытығына неге тиесің? Әкең не деді жаңа, шалажансар дініме тиме деген жоқ па?

Ақан. Әкем бұрыс айтты. Әттең сорлы соқыр кімге айтарын қайдан білсін... Әйтпесе, сені хазірет дер ме еді? Қай жеріңмен хазірет ең?

Науан. Жасырмаймын, қамшымен! Қамшымен өтем қайданда.
Сол ма еді білмегің?

Ақан. Жоқ, өткен жоқсын әлі!
Өзің қазған ор бар алдыңда,
Құламай өтші, көрейін!

Науан. Ә! Ұқтым түтініңді,
Көмекейің көрініп тұр.
Мәрзияның өлімі ғой айтарың.
Ол қылтаңнан өткен Науан, сүрінбей!
Түйіліп келіп, күліп қайтқан Жалмұқан!

Ақан. Өткен жоқсың, хазірет...
Жалғыз сол ма ед?
Жаба берген жамандықтар,
Егіздеп-ақ өрмеп пе еді,
Көк мешіттің қасынан?
Көп қылмысты көзім көрді,
Ел сілкінер істер болды,
Қақ басында хазірет еді,
Айыбым сол — құр күңірендім, айта алмай!
Көп жылаумен көзі ойылған,
Көп қайғымен көңілі сөніп,
Үміті өлген екі үйіңнің бірінде,

Осы емес пе елге орнатқан заманың!
Әділет пен шындық дейтін қос жетім,
Теңдік сұрап барар жері қалған жоқ,
Енді нең бар көрсетпеген бұл елге?

Науан. Кетісіп болған екеміз! Айтысарың мен, алысарың кім екенін өзің де ұмытпа! Үніңді шығармауға жетеді менің салмағым. Болмаса тілді ал, ел әлі құлақтанған жоқ, қайт мешітке ізіңше!

Ақан. Қарауылдай елге Науандай надан хазірет болыпты деп қайтам ба мешітке?
Жоқ, жетіпті бір Ақанның басына!
Ішке толған шер мен шемен
Шыққалы тұр сыртыма.
Татымы жоқ бос өмірден,
Талмаураған көп ұйқыдан,
Лә иләһә еллә алладан —
Бездім міне, біржола!
Сен орнатар қараңғылық,
Сен боп келер зұлымдықпен
Арпалысып өтермін!
Енді сен де аянба,
Тісің барда ысқырып қал!

Науан. Ат құйрығын кескенім де... Адасасың, Ақан! Енді кездеспе маған, тұрма жолымда, кездессең рахым күтпессің: қара жерге қағып жіберермін! *(Кете береді.)*

Ақан. Ие, кездессек, сақ болғайсың жемсауыңа! *(Отырып.)*
Ұйқы өлімінің есінеуі ғой,
Көзім қалғып, көңілім ояу қалған екен, әйтеуір.
Серпіл көңілім,
Ән шарықтап, баяғыңа қайта бас!
Жүрегімді бір толқыт та,
Домбыраның құлағына бір ілін,
Шықсын даусың саңқ етіп!
Сорғалап кеп
Надандықтай жартасты соқ,
Қалсын жартас қаңсылап!
Қорқыт атам қобызындай,
Талмай, тартып күйіңді.
Фирдоуси мен Науаидай
Тарқатармын шеріңді!
Іздегенім өмір сенің толқының,
Еркін күлкің,

Қатты ашуың болса, бәрін көрсет те,
Бір жағаға лақтырып кет, өкінбен!

Кітап оқып жатады.

«Уа, жоқ жаным, кешіре көр,
Қайтсем сенен безе алармын!
Көтерген соң бұл қара жер,
Сен деп зарлап жүрген жанмын.
Жүрсем-дағы сар далада,
Көкірегім мен көзім сенде.
Бас ұрамын босағаңа,
Шықпасам да сәнді төрге,
Айым едің, баттың бұлтқа,
Шығармысың күлім қағып?
Тірі түстім мен тамұққа,
Неғып қалдым кетпей жанып?
Дертім де сен, дауам да сен,
Өзің білші, не дейін мен.
Тірілермін — тіріл десең.
Өлсін десең, өлейін мен.
Жалбарынам, сен есірке,
Сертті сақта, бұзба жаным.
Сенің асыл көкірегіңе
Шыбын қонса, қызғанамын...»

Жылгелді мен еркекше киінген Мәрзия келеді.

Жылгелді. Мына бір «жігіт» болмай әкелді, Ақан жан...

Ақан. Болмай әкелді? Не өнері бар еді?

Жылгелді. Домбыраңды берсең, өзі-ақ жөнін көрсетер.

Ақан *(домбырасын Мәрзияға ұсынып)*.
Онда оңай-ақ танысатын болғанымыз да.

Мәрзия домбыраны тарта жөнеледі.

— Шыға берісің жақсы екен.

Мәрзия *(әндетіп)*. Салатын сөзден кесте, әннен өрнек.
Қайран күн оралар ма, шалқып-сермеп,
Ел отыр құр күйзеліп, серги алмай,
Тағы оят жастар көңілін, қайта тербет...

Ақан. Мәрзия десеңші, Мәрзия!

Мәрзия. Мені тордан құтқарып, өзің түсіп қалдың ба деп қорқып ем, құтылдың ба, жарқыным?

Ақан. Өлгенім тіріліп, өшкенім жанар күн бар екен ғой әлі де. Кел, келші, ер жеңгем, Мәрзия! *(Құшақтайды.)*...

Мәрзия *(таңдана қарап)*. Қандай жақсы еді...
Көз көргенін ұмытпаған екен!
Бәрі орнында, бәрі жарасып тұр.
Бір кезде қыз-жігіттің туын тіккен ордасы
Жалп етіп құлағандай болғанда.
Көзден жасын сығып алмаған жас қалды ма екен
бұл елде?
Қыз-бозбала ұрланып кеп,
Орнын көріп кетуші ек.
Құтты болсын,
Өз қалпына түскен екен қайтадан!

Ақан. Бұл сырыңды кеш білдім ғой, Мәрзия:
Көп жеңгенің бірі де деп,
Көрмей өте беріппін.
Тұтқындағы зарыңды естіп қана таныдым
ғой сені.

Мәрзия. Ақан қайда — ән сонда емес пе еді,
Сен де кеттің,
Түндігі де жабылып қалған жоқ па?
Қарауылдың қазынасындай қайран ән,
Азан астында қалмасын деп,
Ақан құлағына қайта шалынсын деп,
Әдейі салатын едім тұтқында.

Жылгелді. Өлсе көрге сыятын еді,
Тірі қалып еді — елге сыяр емес.

Ақан. Әннен тартқан қасіретің де көп еді,
Болса қызығын да көресің де,
Осында бол, Мәрзия.
Шертер күй, шағар мұңың жоқ емес,
Бір жетерміз шаршы топқа! *(Сейіт келеді.)*

Сейіт. Жігіттер келіп қалды, Ақан аға...

Ақан. Үйге кіргіз, Сейіт... *(Сейіт жігіттерді алып кіреді. Қолдарында домбыра, салдар, кейінірек киім көтерген жігіттер. Мұрат келеді.)*

Жігіттер. Амансың ба, Ақан... *(Құшақтасып, амандасып жатады.)* көз талдырып, көңіл қалдыра жаздап.
Әрең қайырылдың-ау, Ақан...
Тобыңнан безгендей не жазып едік?..

Енді оралмасаң, біз де тозып кете
жаздамадық па?

Ақан. Өкпелерің орынды, жігіттер...
Ескі көшке ермей қалып,
Жаңа көшті бастай алмай,
Әрі-сәріге салғаным рас...
Енді Ақанды бердім қолдарыңа...
Сендердікі, сендердікі не барым...

Мұрат *(киімдерді жайып)*. Ырза көңілдің мырзалығына да көзің сал, Ақан аға.
Міне мынау — он бес қыздың,
Он күн, он түн кестелеген белбеуі,
Шым жібекпен тізген жақұт,
Лағыл, меруерт, бірі қызыл, бірі көк...

Ақан. А, жақсы екен, Мұратым.
Қыз көзінің жасындай-ақ,
Мөлдіретіп тізіпті.
Бір қадалмас, бір қадалса —
Қыз да көзін ала алмас.
Отпен ойнап, күйсе — өкінбес,
Іші күлсе, көзі жылап,
Қуанышын бір білдірмес қыздар-ай!
Не бағың, не сорыңа,
Көрерміз де кезінде...
«Мақпалдайын» ән болсын мұның орамалы.

«Мақпал» әнін айтады.

Сейіт *(зеренді көрсетіп)*. Мынаған не айтарсыз?

Ақан. Ай мен жұлдызды ортаға ала,
Көк өрнегін салған екен аямай!
Жазғы жарқын, күзгі салқын,
Қысқы аяздың, барлығының күйі бар!
Арманда өткен ақ саусақтар,
Мың бұралтып айтқан екен алыстағы мұңдарын...
«Ақ саусақтай» әнімді бердім оларға...

Мұрат *(бөрікті көрсетіп)*.
Мынаған қалмай жүрмесін!
Қара камшат.
Хандар кисе жарасқан.
— Мін табылса, ұят болар,
Енді бір күн қалдыра тұр деп еді.
Алып кеттім, қалдыруға бата алмай.

А қ а н. Бас қадірін мұнша білген,
Мұны тіккен кім, Мұрат?
М ұ р а т. Ән еркесі «Ақ саусақ» та,
Қыз еркесі Ақтоқты ғой бұл елде...
А қ а н. Ә, Ақтоқты деймісің!
Тәңірінің бір талғап жаратқан жаны еді-ау...
М ұ р а т. Ие, Ақтоқты...
Кімге арнайын —
Ақын ба, я сері ме деп,
Көп сұрады қиылып.
Айта алмадым, аямай тек өнеріңді,
Күн шығарда қызыл арай
Бір көрінер дедім де,
Ақан аға, атамадым атыңды.
Күрсінді де, тоқтай қалды, есті-ақ қой.
Өзі де енді келген екен балбырап...
А қ а н. Ақтоқтыдай аяулыға,
Оқа емес еді айтсаң да...
Былтыр жазда көргенімде,
Қара көзі бір жалт етіп қалғанда,
«Лэхаулымнан» жаңылып бір кетіп ем,
Аяғандай, қайтып көзін салмап ед!
Ұрлап қана күрсінгендей болғанында ішінен,
Сол лебінен естен тана жазып ем.
Ұзын кірпік найзадай кеп қадалғанда кеудеме,
Сорлы жүрек құр дірілдеп, қалып еді қансырап!
Аузы ашылып кетпегей де япырмау...
Сері дей бер,
Енді ешкімнен жасыратын сырым жоқ.
Бұл дүниені опасыз деп,
Безіп келіп еді де;
Өзі үйінде, ойы алыста,
Кезіп келіп еді де
Сүю деген адам үшін ұлы дін бар тұрақты,
Анаң — Хауа, атаң — Адам
Сол дін үшін тастап кеткен жұмақты...
Осы діннің пайғамбары болуға,
Көкшетауға көшеді де сері Ақан!
Бұ да ескі жұрт,
Сері біткен таптап-сарып,
Ығыр еткен мұны да.
Амалым не, үнім де еркін,
Тыным да еркін шыға алатын

Сар жайлауым осында!
Қондым осы жұртыма!

Жігіттер. Елге апарар сыйымыз не болмақ, Ақан аға?

Ақан. Ақын Жарылғаптан алып қалған бір әнім бар еді, соны апарамыз да.

Жігіттер. Азырақ құйып жібересің де құлағымызға...

Ақан. Болсын ендеше... *(«Толыбай» әніне салады.)*

— Торыны талға байлап мінген қандай,
Сыбанып ақ білекті түрген қандай!
Ауылы қалқатайдың қайда екен деп,
Сыдыртып сайлау жермен жүрген қандай?
Торыны бір тасаға байлай тастап,
Үйіне қалқатайдың кірген қандай!
«Қалқам-ау тырс еткізбей кірдің бе деп»,
Алдыңнан күліп шықса ақша маңдай!

Ақша таң сары белден атқан қандай,
Қасында ақша маңдай жатқан қандай!
Қалқамен үзілісіп әрең тұрып,
Торыға бағанағы қайтқан қандай...
Ішінде айтылмаған сыр қалмайды,
Сандықты құлыптаулы ақтарғандай,
Насыбай осы жерде о да керек,
Шақшаны тықылдатып қаққан қандай.
Алыстан бұрылып бір қарағанда,
Артыңнан қарап тұрса ақша маңдай...

Арқада толып жатыр жылқылы бай.
Боз үйге сөйлес қылған мен Толыбай.
Сол үйден бір сұлу қыз шыға келді.
Жамылып, жанат ішік құлпырып-ай,
Тағатым қызды көріп шыдай алмай,
Білектен ұстай алдым ұмтылып-ай!
Буыным былқ-сылқ етіп тұрғанымда,
Қолымнан шығып кетті жұлқынып-ай.
Қамшымен ашуланып, тартып қалдым,
Ақ көйлек шығын болды жыртылып-ай...

Салдар анда-санда қосылып кетеді.

Мұрат. Ақан аға, жарты аманат,
Жарым мазақ сияқты,

Паң айтылған бір сәлем де бар еді...

А қ а н. Айт, Мұрат.

М ұ р а т. Ақтоқтымен екеуміздің некемізді қиюға, Ақан келсін деп еді.

Ақтоқты ертең ұзатылады екен...

А қ а н. Ә? Бұл сұмдық қашан болып қалып еді?

Ж ы л г е л д і. Естімеп пе ең? Мәрзияның төлеуіне хазірет Ақтоқтыны Жалмұқанға берген.

А қ а н. Қайда барсам, қарсы алдымда хазірет!
Алдымды орап, тосқауылдап,
Әр тасадан бір сілтейді шоқпарын.
Кешігумен өткен күннің
Әр күн сайын тиіп жатыр шоқпары...
Кім, кім айтты келсін деп?

М ұ р а т. Айтуын төре күйеу айтты да,
Қыз әкесі басын изеді.

А қ а н. Бұл құрметім — сыйлай білсін,
Қой боп маңырап, ит боп үрсін,
Деген жоқ па, әйтеуір?

М ұ р а т. Бұлдайтындарын жасырған да жоқ.

А қ а н. Бар, қайта шап,
Жауабын да тез жеткіз:
Некесін қиюға шақырса да бармаймын,
Аужарын айтуға шақырмаса да келемін
Деп айтты де Ақтоқтыға.
Төре күйеуге — некесін мықтап қидырсын,
Жақсы аужар жаман некені бұзып та кететін деп айтты дерсің.

М ұ р а т. Өзім де аузым қышып қайтып ем, жеткізіп көрейін. Бірақ, Ақтоқтыны арашалауым да керек. Әр думанның ажары еді-ау, сол Ақан неке қиярға жүрсе, Қарауылдың қыз-жігіті басына қара жамылсын да деп, қатты налиды екен...

А қ а н. Қатты налиды екен деймісің?

М ұ р а т. Шақыртсам келер ме екен, жеткізсең қайтер деп, көп қинады жалынып, аша алмадым жағымды.

А қ а н. Баяғы сән табылса,
Бар әнімді аяман
Қарауылдың жасынан.
Жаз келсе, жапырақ жайқалмайтын ба еді,
Қосылдым тобыма!
Жет Ақтоқтыға.. *(Мұрат кетеді.)*
Хазіреттің қалауы —

Қарауылдың қақ ортасы болса,
Болсын тілегі.
Қайрай берсін, қайрайтындар қанжарын.
Хазіретпен кездесетін қан майдан
Қай жер болса да бәрі бір маған!
Қараңғыда қапы айрылған Лэйлім сол —
Ақтоқтыны жұтқызбаспын хазіретке!
Ал, жігіттер, аттандық...
Бұл жолымнан енді тайман,
Бұл бетімді енді бұрман артыма!
Жапан түзден жалғыз мола әзірлеп,
Ажал тұрса мені күтіп алдымда,
Күлер де Ақан өте берер қасынан!
Алдым алыс, бейне теңіз,
Жатыр жарын сабалап,
Кеттім кіріп ішіне!
Ән менен күй,
Сен де еркіңше бір жазыл,
Кеттім еріп соңыңа!
Аттаныңдар, достарым! *(Барлығы шыға береді.)*

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ҮШІНШІ СУРЕТ

Оқиға тойға әзірленген ауыл қасында өтеді. Үй қасында жалғыз Қоңқай.

Қоңқай. Солай болдың Қоңқайым! Төре тұқымына құда болдың, Қоңқай атың құранға да түсті...

Тәңірі деген, далаға шығып, желпініп бір алмасам, тіпті үйге сыя алар емеспін. Күні кеше екі кісі бас қосса, әркімнің аузына бір қарап, түгіне түсінбей, қайтып келіп қатынынан сұрайтын Қоңқай! Міне кім болдың бүгін! Кім болдың дейін мен саған! Байқашы өзіңді өзің: кімнің қолы батар екен қабырғаңа? Уа, қайда жүр әлгі Сердалі? Көкшетау дуанының көзі сүрінетін той жасағалы отырғанымда, жаман неме қатын-қалаштың арасынан шыға алмайын деп жүр ме өзі?! *(Қаранып.)* Түу-түу!.. Мына бетті қараңдар, қаптап келеді қара құрттай! Қап, сорлы «Басентиін де» келеді екен, аяқ асты болып қалып жүре

ме байғұстар... Осының бәрі де Қоңқайдың тойына барамыз деп аттанды-ау, ә? Мына думанда қызып кетіп, біреуіне тілім тиіп кетіп жүрмесе жарар еді... Тоба де, Қоңқай, тоба, де!.. Бәрі де хазіреттің арқасы! Кісі деп жарықтық хазіретті айтсаңшы. Аузында алласы отырса, көңілінде мен сияқты бір жазған тағы тұрады. Шыңғыс тұқымының сауырынан басып-басып байқады да, бір марқасқасын «Мә, Қоңқай!» деп ұстата салды! Ертең Ақтоқтыны ұзатып апарғанда атымды байлап жатқан біреуіне — «Уай, сен төре тұқымы болғанда, қайсысының баласы едің?» деп сұрасам, содан арғының керегі де жоқ маған... «Үлкен құданың өзін тарт, өзін тарт!» деп, шаңырақка аса жөнелгенде, өліп кетсем де мейлі! Былайғы қарауылдың төрінде өлгенше, Шыңғыстың шаңырағында өлгенің артық та... Уай, қайда әлгі Сердалі?.. *(Сердалі көрінеді.)*

Сердалі. А, Қоңқайбайдың өзі де тұр екен ғой мұнда! Жалмұқаннан күйеу аспайды, Қоңқайдан асар ата қайсы екен? Тойың құтты болсын, шалым!

Қоңқай. Айтсын, шырағым. Азырақ тоқтай тұршы, Сердалі Қоңқай ойлап-ойлап келді де, осы тойдың тізгінін саған берді. Естідің бе?

Сердалі. Өзің бе, әлде жеңгей де көнді ме?

Қоңқай. Қоңқайдың қатынға ақылдасуды қойғанын естімеп пе едің әлі!

Сердалі. Солай де, тіпті! Ендеше, тарқатармын шеріңді. *(Үш құданы арбаға ат қып жегіп мініп, қыз-бозбала ән салып шығады, ат айдаушы Балуан).*

Көп. Той құтты болсын, той құтты болсын!

Қоңқай. Айтсын, қарақтарым, бірге болсын! Баса беріңдер бөлекейге!.. *(Кетеді.)*

Қыз-бозбала кете бергенде бір жағынан Қарасақал шығады.

Қарасақал. Сердалі-ау, көк жұлын болды ғой мына жігіттер.

Қатында қанағат бар ма еді,
Қағып болды қалтаны.
Тоймайды сонда да...
Босаттыршы жігіттерді.

Сердалі. Оны маған қайт дейсің, өздерімен сөйлес қатындардың.

Әйелдер. Ендеше, кәдемізді бер! *(Шуылдасады.)*

— Жер жұтқыр Сараңбай, қалыңсыз қыз болса

да, кәдесіз күйеу болатын ба, еді? Неге зар қағасың, жер жұтқыр?

— Жер жұтсын сені, жер жұтқыр! *(Барлығы төмпештей бастайды.)*

Сердалі. Уай, «балтам-тапқа» салып жүрмеңдер құданы.

Әйелдер. Сал, сал балтам-тапқа! Онсыз мұның үні өшеді деймісің! *(Барлығы «балтам-тап» ойнауға отырады, басқарып жүрген Сердалі; Балуанды әдейі Қарасақалдың қасына отырғызады. Жағалай «балтам-тап» деп, ұрысып келгенде Балуан Қарасақалды ұрып жығады. Қарасақал ойбайлап жығылады. Қатындар Қарасақалдың қойны-қонышын ақтарып кәделерін алады).*

Қарасақал. Талаймысыңдар түге?

Әйелдер. Мә, мә, жоғалып қалғыр! Мә, мә!

— Көл қорыған қызғыш, ауыл қорыған ақ төс,
мә! *(Алғандарын Қарасақалға лақтырып қайтарады.)*

Қарасақал *(ашуланып)*. Бассыз ауылды бала басынады деп, не өзі бұларың? Күйеу-күйеу дегенмен, қатын-қалаштың көргенсіздігін де көтере береді деп пе еңдер? Шауып алыңдар ендеше. Түкіріппін! *(Кетеді.)*

Сердалі. Уай, мынау ашуланайын дей ме өзі? Қоң бітейін деген екен бұған! *(Әйелдерге.)* Кетіңдер әрі шуылдамай! *(Әйелдер кетеді.)* — Асаусып қалса Сердалімен сөйлесіп көрсін, *(Балуанға түсіндіріп.)* Алып кел жаңағы Қарасақалды, *(Балуан кетеді.)*

Сердалі. Әулие қыз Ақтоқты,
Сүрінбей өтші қане!
Ілдірмей келіп ең сұқсұрым,
Жұлдырмай кетші көрейін!
Қайыспашы қане!
Өмір бойы кетпестей етіп басармын таңбамды!
Аз қөңілді ауламап ең,
Көп күйіктің ызасына шыдап көр!
Ақ жүзіңді айғыздармын аямай,
Айна көрсең — Ақтоқты емес,
Жын көргендей шошынатын боларсың!
Еңкеймей бақ, Ақтоқты!

Қарасақалды айдап Балуан келеді.

Балуан *(Қарасақалды сүйреп Сердалінің алдына әкеліп)*. Шөк! *(Отырғызады.)*

Қарасақал. Сердалі-ау, қой десеңші Балуаныңа. Не керек өзіңе?

Сердалі. Қой-әй... *(Балуанды нұқып қояды.)*

Қарасақал. Өз жолың қашан да бөлек, мына жұртқа тыйым салсаңшы Сердалі...

Сердалі. Қоя тұр маймаңды!
Мен айттым сүйреп әкел, деп!
Көресіңді көрмей,
Көрге оп-оңай кірмейсің.
Біздің айтарымыз әлі айтылған жоқ күйеуге.

Қарасақал. Е, айт, олай болса.

Сердалі. Айтсам — бас балуанның бәйгесін күрестірмей бересің Балуанға! Бұл — бір! Тортөбелдің бәйгесін шаппай бересің, екі! Ақтоқтыда әркімнің өкпе-назы бар, не айтсақ та бүйірлерің қызып жүрмесін, үш! Осының бәріне көнбесеңдер, Ақтоқты аман аттанбайды, төрт!

Қарасақал. Сердалі-ау, орайы не болмақ мұның-ның?

Сердалі. Көргенді күйеу өзі-ақ білетін, бар, естірт төре күйеуге!

Қарасақал. Жарайды... *(Кетеді.)*

Сердалі. Төре біткен төбеңе бір ойнайын осы жолы. Жағамды жайлап, төбеме қыстап келіп ең, қалай болады екен, сен де көр! *(Кете береді. Мұрат өтіп барады.)* Әй, қайрыла кет! Е, сен қайдан жүрсің?

Мұрат. Жұмыспен жүрем де.

Сердалі. Ие?

Мұрат. Сері жіберіп еді.

Сердалі. Қайдағы сері?

Мұрат. Ақан ше? Олқы кеп тұр ма?

Сердалі. Ақан? Молдалығы қайда? Неке қиярға шақырылды демеп пе еді!

Мұрат. Мен білсем Ақтоқтының аужарын айтуға келеді-ау деймін... Молда мен оқығанды айыра алмасың бар, несіне Сердалі боп жүргенсің өзің!

Сердалі. Әй, сен не сандырақтап тұрсың?

Мұрат. Өзің сасудан аманбысың, сірә? Тойды Ақан бастайды, аужарды Ақан айтады. Шақыртқан Ақтоқты. Ақан келетін болды деп ем, қыз-қырқынды қасына алып, Ақтоқты алдынан шыққалы жатыр, енді ризамысың. маған?.. *(Кетіп қалады.)*

Сердалі. Қап! Күдігім де осы еді,
Кездескен жерін көрдің бе!

Ақанға қалай шақ келерсің!
Шаршы топ болғаны да құлар жерім.

Он бес пен жиырманың арасында талай-ақ шайқассам деп келгенімде, аяғым бір желмейтін еді. Енді қайттім? Ол жақсылыққа жанасам дегенде, жанас, жанас деп айдаңқырап жіберіп, өзім жақсыларға жанасып кетіп ем... Енді қайттім?

Бұл тойға Ақан келсе,
Шығар үн де сонікі...
Қасына ерген көп жақсым,
Сен не айтарсың маған?
Қияда қыран болса,
Қолыңда шәулі болатын алғыр құс,
Қалыңды сағала деймісің?
Әлде, сүйегіңе біткен әдетің —
Аунап жүре беремісің?
Сенімсіз ең, саған қалай сенермін... *(Ойланып.)*
Апырау, бір жақсылық жарқ ете түсті ғой!..
Бір Ақан, бір Жалмұқан,
Неге айқасып қалмайды бұл?
Мынау неге шайнап тастамайды оны?

Жалмұқан келе жатыр.

Жалмұқан. Сердалі ақын, қашаннан бергі өкпеназың болса, бәрін әкеліп осы тойда төгемін дегенің қалай? Той тізгіні сенде дегенде қуанып қалып ем, келістіремін депсің ғой... Сында тұрған — бірі қарындасың, бірі күйеуің, егес-ерегіске мұрындық болмақсың ба? Сыпайылығың да болсын, Сердалі. Сенімен егеспеймін, не айтқаныңа-көнгелі келдім, не тілесең, соның болсын... Не айтасың?

Сердалі. Күйеужан, еңкейе келген екесің,
Мен де шалқая бермеспін, тегі.
Әйтпесе, білетін сырың.
Сердалінің тобы, бетің бар, жүзің бар демей
Кететін кездері бола беретін.
Із тастамай, құр қампаймай,
Тура келдің, жаным сүйеді осыны!
Бердім, ала бер қолқаңды!

Жалмұқан. Берсең болды. Қарауылдың қақ жартысын қаласаң да, мен де қақпаспын қолыңды. Ақтоқты мен Жалмұқанның досы көп пе, қасы көп пе, білмеймін. Әйтеуір, осы тойда топырақ шашып қалатындар бар

сияқты. Бас-көз бола жүр! Той бастарың мен аужарыңда түйіртпегің боп жүрмесін. Іліп әкетер көп пе деп қалдым. Ішіңде нең бар, неңді іркіп қалдың, оны біздің іш те біліп тұрар, Сердалі.

Сердалі. Ендеше қалмасын күдігің, бердім түгел.

Жалмұқан. Сен берсең болды. Өзге топтың сенен биігі бар ма еді, тәңірі! Іштерінен ырылдай берсін, қабатын жай қайдан келіпті оларға. Енді Жалмұқан айылын да жимайды.

Сердалі. Сонда да сақ бол. Бір алаңғасар тағы келе жатыр деп естідім.

Жалмұқан. Оның кім?

Сердалі. Ақан жын!

Жалмұқан. Ақан?.. Мен нағып естімедім мұны?

Сердалі. Айтпады ма Ақтоқты? Айтса керек еді ғой...

Жалмұқан. Жоқ. Онысы несі екен!

Сердалі. Ұмытып кеткені де...

Жалмұқан. Ұмытып деймісің? Қалай ұмытады?

Сердалі. Ие, ұмытпаса да керек еді... Шақыртқан өзі деп естіп ем...

Жалмұқан. Қой, өсек шығар бұл!

Сердалі. Мен байыптар жай емес, өзінен сұрайсын да.

Жалмұқан (*өзіне өзі*). Ақтоқтының мінезіне көзім үйренбей-ақ қойды, әйтеуір... Басқа ойы жоқ әрине, көзі ешкімге түспейді... Бірақ, көңілі құрғырдың бір жалт етіп қалғаны сияқты болуын қарашы...

Сердалі. Қой, күдік алудың не лайығы бар? Қия басқанды есептей беріп керегі не!..

Жалмұқан. О, несін күдіктенейін... Бірақ, жаман айтпай жақсы жоқ: асқақтай келсе, Ақанның соғылар жары да екеуміз болайық десем, бұған не айтар ең?

Сердалі. Мұның қатты қинайтын тілек: досыңнан айрыл деп тұрсың!

Жалмұқан. Бойың көрінбей-ақ қойсын:

Іс бірге де, із басқа,
Қимыл бірге де, сөз басқа болсын...

Сердалі. Жоқ, Жалмұқан...

Араларыңды ашпауға,
Бар күшімді аяман,
Шамам келсе, жақындастырып көрермін...

Жеңгелер, қыздар келеді.

Жалмұқан. Ол қайдан болсын!

Жеңге. Ақын жігіт, сөзіміз сенде еді.

Сердалі. Мені ылғи бір өткел үстінде көресіңдерау сендер... Қоя-ақ қой енді... Күйеуге айтатын сөзің болса, соныңды айт!

Жеңге. Ойбай, күйеужан да тұр екен ғой... Жеңгесі үстінен шығып қалғанда, күйеу деген бұрылып кетпейтін бе!

Сердалі. Сәлем етпейтін бе, десеңші, құрғыр!

Қыз. Қарауылдың қадірі есінде жүрсін деп, Ақтоқты төре күйеуге бір салмақ салғалы жатыр... Қалай көрер екесің, күйеужан?

Сердалі. Аямаңдар! Мойны жуандығын қайда көрсетеді бұл күйеу! Менің батам осы!

Жалмұқан. Жарайды, белім үзілсе, мен де өкінбейін, ендеше.

Жеңге. Сүйінші сұрасақ та болады екен, бос қайтатын болдық-ау...

Жалмұқан. Сүйіншіге біз әзір, алмай тұрып, айтпа олай болса...

Қыз. Ал дегенің, бергенің де, болады сол... Армансыз екенсің, күйеужан. Қарауылдың ардагері, ақ иығы — Ақаны келе жатыр тойыңа! Ақан атқа қоныпты, алдынан шығып қарсы алайық дейді Ақтоқты.

Жалмұқан. Ақанды дей ме?

Жеңге. Енді кімді болушы еді! Ақанын сағынбаған кім бар еді бұл елде! Тойдың аты біздікі, қызығы жұрттыкі емес пе, жұрт құмары тарқасын дейді Ақтоқты.

Сердалі. Тіпті бір келісе кеткелі тұрған ісі екен де Ақтоқтының...

Жалмұқан. Жарайды... Қуансын Ақанын сағынғандар...

Жеңге. Ал, әзір болайық ендеше... *(Кетіп қалады.)*

Жалмұқан. Бұл қай көлденеңі? Ойыны ма, шыны ма?

Сердалі. Е, мұнда не тұр?

Жалмұқан. Не тұр!.. Ақан шыққан төбенің биік бола бергені жақсы ма?

Сердалі. Е, қойшы жоқты айтпай... Жолдастарыңмен алдынан шық Ақанның. Ақтоқтының көңілін қалдырма! *(Кетіп қалады.)*

Жалмұқан. Бұл не сыры еді... Ақанның ауруы Ақтоқты деген де бір өсек болатын еді, өтірік болмай шығып

жүрсе қайтермін? Әрі кетсе өзі біледі, бері қалса Ақтоқтының артта қалып бара жатқан арманы Ақан болғаны да! Айналып соқпасына кім кепіл? *(Кете береді, бағанағыдан бері Сердалі екеуінің сөзін бақылап тұрған Балуан Жалмұқаннан не екенін сұрап білмекші болады, Жалмұқан «ей, кетші мылқау неме» деп, кетіп қалады, Балуан аң-таң... Қолындағы Сердалі ұстатып кеткен домбыраны ойнамақ болады, естімек болады. Бірақ естімейді. Ызаланып шығып кетеді. Сыртта у-шу. «Ақан келді, Ақан келді!» деген дауыстар. Жұрт шулап сахнаға шығады. Жанында бір топ салдары бар Ақан шығады.)*

Ақан. Амансың ба, Қарауылдың қалың елі!

Көпшілік. Хош келдің, ардагеріміз!..

Хош келдің, Ақанжан!

Ақан *(шырқап)*.

Сауығып сары аурудан қанат қақтым,
Дер кезі өтіп кеткен мен бейбақтың.
Дариға-ай адасумен өткен өмір,
Елімде Ләйлім барын білмей қаппын.

Жұрт. Ой, Серің-ай десеңші, сері осылай келсін де.

— Ұмытқанды еске салды ғой. Бәлі, бәлі! Еркін айғай жаңа шықты ғой!

— Саңырау болып қалып едік. Құлағымыз бір ашылсыншы.

— Шақыртқан өзі деп еді, өркені өссін Ақтоқтының.

— Арман не, той төресі өзінікі болды.

Ақан. Амансың ба, Қарауылдың қыз, жігіті!
Не барымнан айрылдым ба десем,
Алып қалған өздерің екенсіңдер.
Мәжнүннің іздегені — Ләйлісі,
Мен де таптым Ләйлімді.
Жарық дүнием бір сен едің, сәнді топ,
Сені таптым — құшағыңа ал қайтадан.
Бұғауымды біржола үзіп, келіп тұрмын ортаңа,
Ән мен жыр да құшақтасып бірге қайтты
Туып-өскен еліне.
Біреуге оқтай, біреуге оттай тиетұғын айыбы бар,
Жасыра алман оны да.
Алмағым аз, бермегім көп бұл елге. Атың озып.
Балуан жыққан күндеріңді көргенде,
Шаттығыңды жырлармын;
Өгіз өліп, арбаң сынған күндеріңде,

Ішіндегі қайғы күйін қозғармын.
Сенсіз салған ән жесір де.
Әнсіз сен де құлазыған бір дала
Мөлдіреген қара көздің аты Ләйлім,
Ләйлім әнім, осы алдыңа алып келген тартуым!

Басын иеді, жұрт қостайды.

Жұрт. Ризамыз, жайдық құшағымызды! Көтер жұрттың көңілін! *(Сырттан Балта келеді.)*

Балта. Ә, Ақан ба? Ақан ба келген? Қайда өзі, тентек шіркін?

Ақан. Ақан міне *(Қолын ұсынады.)*

Балта. Керегі жоқ қолыңның, маған өзін бер Ақанның! *(Құшақтап амандасады, Ақан тобы Балтаға сәлем береді. Екінші жақтан Ақтоқты шығады. Жұрт тым-тырыс.)*

Ақтоқты. Есенсіз бе, Ақан аға... Елден бұрын асығамын деп кешігіп қалыппын, кеше көр!..

Ақан. *(әндетіп)*. Ақтоқты, айға бітсе сендей көрік,
Тау балқып кетер еді, тастар еріп.
Көзіңнің жалғыз ғана жанарынан,
Кеткендей бойдан қуат, ойдан ерік.

Ақан тобы. Әй, Ақтоқты, әй Ақтоқты,
Тал бойында мін жоқ-ты.
Қатар қойса алып кеп,
Хор қызында мін көп-ті.

Ақан. Ен жайлап ерке толқын мың өзгеріп
Жатқан жер кешке қарай бір кез келіп,
Қалам ба бал суына бір қана алмай —
Бұлағын «Ғайнелхият» құр көз көріп!..

Ақан тобы. Әй, Ақтоқты, Ақтоқты,
Жарығысың түнгі оттың!
Ақтоқтыдан айрылған,
Болмай қалмас жынсоқты...

Ақан. Аманбысың, Ақтоқты!..

Ақтоқты. Есенсіз бе, Ақан аға!
Төбем көкке аз-ақ тимей қалды ғой
Жүрегім жарылғалы тұрғандай.
Жүрек біткен бірге соғып,
Ат шапқандай ел үсті...
Дабылыңнан көтерілдік,
Көлден сыңсып аққу-қаз.
Шаршы топты бір жылатып,

Бір күлдірген әніңнен,
Айсыз түнде айрылғандай,
Арманда едік барлық жас.
Көңіл күйің қайтсек түсер,
Біз әзірміз бәріне.
Бұл жолыңа жарап кетсе,
Жанын қияр жастар барын
Құшағынан танырсың...
Сен не іздедің?
Біз сені іздеп,
Қаралы едік әр кезде,
Қоншы өзіңнің орныңа!

Ақан Ақтоқтыны құшақтап амандасады.

Қ а р а с а қ а л. Ойбай-ау, мұнысы несі, ерсі емес пе, тіпті!

Д ә м е л і. Серінің салты да, несі ерсі болушы еді.

Қ а қ а с а қ а л *(ашуланып)*. Уа, салт болса, бастарыңа шайнап жағыңдар! Қайда жүр, әлгі... *(Шығып кетеді.)*

А қ а н. Өкпең орынды, дауым жоқ, Ақтоқты.
Қарауылдың қайран жасы,
Қай жеріңде мін бар ед!
Құландай боп өз қағынан жеріген,
Кінә өзімде кете барған қаңғырып.
Бар дүниені шарлағанда,
Іздегенім сендер екен, сәнді топ,
Қайта таптым, арманы жоқ Ақанның.
Жалғыз тілек:
Қараңғыға көп қараумен,
Көз жатырқап қалса керек жарықтан,
Томағамды өзің алып,
Ақ білекпен серпіп қана жіберсең,
Талмас едім көктің жүзін шарлауға...

А қ т о қ т ы. Осы да алғанымыз... *(Жұрт қоштайды.)*
Тұғырыңнан ұшқан бетіңе кез келіпсің,
Тойдың туын қолыңа ал.
Сағынған елің де осында.
Сен ортада, жұрт қасында қашан да,
Құмарынан шығармай таратпа.

(Қыз-бозбала Ақанның маңына жиналады, екінші жақтан Жалмұқан тобы шығады, ішінде Сердалі.)

Сердалі. Тоқталма, Ақан, осы да сенен күткеніміз...

Жалмұқан. Немене айтылмағаны әлі де бар деп тұрмысың? Ақтоқтыға Ләйлімсің депті ғой! Қарай берің-дер қызығына!

Қоңқай. Уа, қойдыр әрі, бүлдіртпе тойымды!

Дәмелі. Тек тұр деймін саған.

Сердалі. Не болған сендерге? Неге қиғаштап тұрсыңдар түге?

Ақтоқты. Көрдіңіз бе, Ақан аға,
Кейін басқан кейбіреуге
Жалынды сөз жат көрініп қалғанын?
Оны ауырлай көрмеңіз...
Сердалідей тетелесің бар ескерер.

Ақан *(Сердалімен құшақтасып амандасып)* Сердалі!
Жалпақ елді жалғыз жайлап,
Жаман үйреніп қалды ма деп едім,
Олай емес екенсің, Сердалі.
Айыруға бәрі әзір,
Қосушы табылмап еді.
Абырой Ақтоқтынікі болсын,
Аямалық барымызды.
Тойды біз бастадық, енді сен аяқта: той біткенше сенің қолыңда болсын домбырам, мә! *(Ақан тобы Сердалімен амандасады, Сердалі Ақанның домбырасын алады.)*

Сердалі. Түу, Ақан-ай! Сен келеді дегенде, не болып кеттім екен, айтсыншы Ақтоқты. Бірақ, домбыраның жолы Ақтоқтынікі емес пе? Төрінде домбыраң, белдеуінде құлагерің тұрмаса, өкпелеп жүрсе қайтесің?

Ақан. А, солай ма еді? *(Сердалі домбыраны Ақтоқтыға береді.)* Сүріне жаздаған екем, сүйеп жібердің-ау, Сердалі!

Ақтоқты. А, үйге кірелік! *(Жұрт қозғалады, Науан тобы шығады.)*

Жұрт. Ассалаумағалайкум...

Науан. Уағалайкумсәлем... *(Ақанды көріп.)*
Ақанбысың тағы да!
Кездеспелік демеп пе ем!
Соқтыққалы келдің бе?
Қорамсаның көңілі үшін,
Қарғамаймын бір жолы,
Қайт ізіңше аулыңа!
Қайдағы жын, қосылған екен бастарың!..

Ақан. Сердалі, тоқтатшы мына кісіні. Иланса, мұның арты жақсылыққа соқпайды!

Ақтоқты. Тәңірі-ай, қайдан кездесе қалып еді!

Сердалі. Айыбы не Ақанның? Өзіңіз соқтықпасаңызшы, хазірет...

Ақан. Сөйлетпе, тоқтат деймін, Сердалі!

Науан. Айыбы не!.. Қайсың білмей тұрсың айыбын? Күні кеше имам деп бас игенің — бүгін кім? Домбыра ма еді бас иерің? Бұл айып емес пе екен!

Ақтоқты. Апырмау, араша дейтін болмайтын ба еді, үндесеңдерші бірің!

Науан. Еретінің Ақан болса,
Егескенің мен боламын, Қарауыл!
Еретінің біліп ер,
Білмеп едім деме ертең!

Ақан. Бір хазірет, бір Ақан, сыярмыз осы елге. Тоқтаңыз, қайтесіз мені сөйлетіп... Төрді сізге бердік қой, босағаны да қимайсыз ба домбыраға?

Науан. Ел түгіл, бел астынан естіртпесін үніңді!

Ақан. Қоймадың ба, хазірет...
Сөкпе, жұртым,
От тастауға келгенім жоқ ортаңа...
Амалым не өкшелеуді қоймаса!
Құғын көру ежелгі еншім,
Барлық ақын құғын көре туыпты.
Ән мен күйдің ұлы атасы дүниеге келерде,
Аяғы ауыр жүкті ананы
Құғынға алған — осы топ
Жеті басты жылан болып,
Жеті ай қуып,
Жер бетіне сыйғызбай,
Теңізге әкеп құлатып,
Жағасында той жасаған — осылар!
«Ая, тәңірім!» деп зарлаған
Сорлы ананың даусына,
Теңіздің де бойы елжіреп,
Төсін керіп,
Төсек етіп беріпті.
Көк толқынның үстінде туған ән мен күй!
Ел — сол теңіз,
Күй — көңілінің толқыны,
Босқа алысып әуре болма, хазірет!

Науан. Бел алып барады екенсіңдер гой, тіпті! Сені қумаған өзі қуылады да бір күні! Қане, кім екен қудырмайтын!

Ақтоқты. Өлсем етті мұны көргенше. Сердалі аға, неге үндемейсің?

Сердалі. Жалмұқанға айталық та. *(Жалмұқан тобына барады.)* Не болған саған?..

Мәрзия *(серілер тобына.)* Маған-ақ неге жібермейсіңдер?

Сейіт. Тыныш тұр деймін!

Науан *(жұртқа)*. Мен кімге айтып тұрмын манадан? Тараңдар деп тұрғам жоқ па!

Қыздар тобы. Ұят-ай *(Шегіне береді.)*

Ақтоқты *(Жалмұқанға арнап)*. Осында өз ұятын өзі білер жан қалмаған ба, сірә? Кімді кімге әкеліп соғып тұрсыңдар! Ойласаңдаршы! Сең соқтықса, қайық аман қалмайтын! Неге тартпайды аяғын!

Жалмұқан. Ақтоқты, сен де аптықпа бұл жерде! Алшаңдар жерің хазіреттің алды емес. Кімді арашалап тұрғаның айқын онсыз да! Жар салмасаң да ұқтық сырыңды.

Науан. Ұяла білу қызынан да қалған ба еді бұл елдің? Қайда әлі Қоңқай надан?

Қоңқай. Мен мұндамын, хазірет...

Науан. Әкетсеңші қызыңды!

Қоңқай. Ақтоқты!

Дәмелі. Отыр әрі былай!

Ақан. Хазірет, неге қалмайсың соңымнан?
Айтшы кане, өз тобыңның алдында!
Мен мешітке саңылау ізденп келмеп пе ем?
Құр іздеумен торыққан жан,
Әділетке көзін сүзіп келгенде,
Көрсеткенің не болды?
Түпсіз қара тұңғиықсың,
Қапылыста зынданыңа құлап кете жаздым да,
Есім жиып тұра қаштым қайтадан.
Әні менен сәні емес пе ед әр елдің?
Неге өшіктің осыған?..
Жылатуын сен жылатсаң,
Уатуын мен уатам.
Таласымыз осы болса,
Әділ келсек болмай ма?

Н а у а н. Әділдік пе! Жүрмейді бұл араға! Ол, әшейін даудың жолы! Қылдан жіңішке, қылыштан өткір көпір бар алдыңда. Мен сені содан өткіземін айдап! Құлым кімсің дегенде байланар тілің бар, тіліңді кесем бүгін! *(Жұрт үрпиісіп қалады.)*

А қ а н. Шариғатың ба бұл?
Әлде баяғы айлаң ба?
Ал түстім қақпаныңа:
Көпіріңмен қорқытпа, хазірет,
Ән салып өтермін!
Сен қалай өтерсің?
Тар көпірге жұрт қамалса,
Қайғысыз болар деймісің.
Көңілін көтеретін Ақан болар сонда!..
Құлың емес Қарауыл, Ақанмын дермін кім сұраса да!
Жұмағыңа күнәсіз сені жібер де,
Мені өзімнің Қарауылыма қайтар дермін!
Енді мені сөйлетпе!
Жарға жақын қалыпсың,
Қарашы артыңа!
Алақанын жайып келіп тұрған кімдер, кімдер артыңда? Өкси өткен өмірлер, кебінін сүйреткен өліктер келіп тұр! Қарашы артыңа, қарашы!..

Н а у а н *(шошынып.)* Тоқтат, тоқтат мынаны! Кетір, қу!..

Б а л т а. Уа, Қарауыл! Көп дауылдан қалған жалғызың, өшіп-жанған шырағың емес пе еді бұл тентек?
Ей, хазірет!
Оғыңды кімге қадағалы келесің?..
Көңіл — қазы, көз — таразы,
Жабысқан жала көп те,
Кінә жоқ еді ғой Ақанда.
Кімді қуып жатырсың елден?
Ісін ұқпай, ізін бағып,
Жала жауып, күйе жағып,
Нең бар мұнда!
Қой, тілді алсаң!

Н а у а н. Сенің өрең жетпейді бұл жерге!
Мен сөзімді Қарауылдың беліне айтам:
Келісім болмайды бұл арада!
Жайнамаз көрмеген тас маңдай,
Жайыңа тұр әрі!

Балта. Ата-бабам сенсіз де өліп көрген!
Алмай қайтарғаны жоқ әзір!
Қорқытқаның сол болса,
Мені-ақ алмай қайтарсын,
Мен де саған сыртымды бере құлармын!
Балалар, баса беріңдер! Көрейік күшін!

Жалмұқан. *(ақырып.)* Ендеше, көргің келгендірің шыдап та бағарсыңдар!

Ақан. Жалмұқан мырза, ауыз басқанікі,
Айтақ сенікі екен ғой!

Жалмұқан. Ақтоқтының сый-құрметін әлденеге балап, адаспасын ешкім!

Ақан. Ә, қызғанышың да бар екен ғой!..
Қызған, қызған!..
Ақтоқтыдай қыз тәңірісін,
Қызғанбаған қылмысты.
Жасырғам жоқ,
Құр қызғанба,
Қорғай да біл ерекше!

Жалмұқан. *(булығып).* Оны сенен сұрамаспын!

Ақан. Жоқ, қызғанба, Жалмұқан!..
Ақтоқты — бір мөлдір бұлақ,
Құяр жері кең дария!
Ақ төсінде құстар шулап,
«Ақ еркедей» ән төресін салғандай.
Ән ауруым, не тыңдамай,
Не қосылмай өте алман.
Кез боп қалсақ сол жағада,
Мырза бол да, сол жағаны маған қи!..
Аққуына үн қосайын,
Сарыарқадан салған әнді
Көкшетауда жұрт тоссын.
Бар арманым ән менен жыр,
Ақтоқты әннің арқауы екен,
Арқауы жоқ ән болмайды,
Мәжнүн етпе, сол арқауды қызғанып!

Жалмұқан. Жалғыз қалдырармын сол жағаңда!

Науан. Жалғыз қалдырар жерің осы, Жалмұқан!

Жұрт. Не дейді, сұмдық! Не деді, не деді?

Ақтоқты. Жоқ, жоқ! Жалғыз емес,
Мен болармын қасында! *(Жұрт жағасын ұстайды.)*

Науан *(булығып).* Жалмұқан, сенің үнің неге шықпайды!

Ақан қалса, Науан қалмайды тойыңда.
Қалағаның сенікі! *(Жұртқа айғайлап)*
Уа, Қарауыл!
Хазірет кесімі айтылды!
Не дінмен бол,
Не жынмен бол!
Жынға ергенің қал да,
Дінге ергенің кет бұл жерден!

Жұрт бір-бірлеп кете бастайды. Ақырында Ақан, Ақтоқты, серілерден басқа ешкім қалмайды.

Ақтоқты. Ақан аға, тас лақтырар топтың барын,
Кеш ойлаппын, амал не?
Ұятымнан өлер-ақ ем,
Қалған көңілің жұбана алса сонымa.
Жалғыз болсам арманым не,
Қасыңдамын қашан да!..
Ақан. Айтпа, Ақтоқты, жалғызбын деп,
Көрінгеннің бәрі Ақтоқты бола берсе,
Ақтоқтының қасиеті қалар ма еді?
Табынары көп жандардың
Жаны жайдақ, тәңірісінде тұрлау жоқ...
Қағба таппай, көп сандалған мен бір жан,
Таптым бүгін, қалған жасым тәңірісі сол,
Баста жалғыз Қағбама!..
Ақтоқты. Жүр, Ақан аға!..

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Түн... Уақиға орны Қоңқай үйінің қасы. Хазірет, Жалмұқан, Сердалі.

Науан. Сенің еңсең неге көтерілмейді, Жалмұқан?
Қатын ерге қарағанда,
Ер жерге қараса,
Қашан теңдік алушы еді?
Неге ықтай бересің?

Құдыққа құлан құласа,
Құрбақа құлағында ойнайтынын білмейтін бе едің?
Бұл жолы жығылма,
Жығылсаң, Қарауылдың төріндегі басың есіктен қарайтын боласың.
Қарашың да қалмайды қасыңда.

Жалмұқан. Күйеу деген бір мүгедек емес пе сол да бөгейтін.

Ақанға бәрі бос, маған бәрі кедергі.

Науан. Төре тұқымы, не боп барасың өзің!..
Күн жаумай су болып,
Етегіңе сүрініп, қай болжырауың бұл?
Ендеше, сойыл соғатын мен болам ба?
Бірақ, дау басында мен болсам,
Төреші кім болмақ, сен бе?
Сен құласаң, мен сүйеуге жараймын.
Мен құласам, сен ше?
Сен жарамайсың! Ойлан осыны... *(Кетеді.)*

Жалмұқан. Сердалі-ау, болдым ғой жерленіп. Бұған қашанғы шыдай берем, етегімнен неге баса бересің? Не білгенің бар? Төбемді ойып болған жоқ па, тынары қашан болады мұның?

Сердалі. Оны Ақтоқты біледі де...
Беті бері қайрыла ма деп ем,
Айрыла алмай қойды ғой...
Айғай шықпай, абырой ашылмай,
Өткіншідей елеусіз, тышар деп ем..
Енді жібердім еркіңе.

Жалмұқан. Жоқ, шаптым намысыма, жеткіз Ақтоқтыға: енді көтермеймін еркелігін!

Сердалі. Жарайды. *(Кетеді.)*

Жалмұқан. *(жалғыз)*. Қара аруақ, қайда жатсың тебіренбей! Шаңырағыңа қобыз ойнатып жатқан жоқ па? Өз ұйқың тыныш болғанына мәзбісің? Бұдан артық көрден сүйреп тастасын деп пе ең! Тебірен, оян! Көр мазақ болған ұрпағыңды! Азғандықтың бір белгісі де бұл: «Тозған үйге — тоңған аруақ» Ақан емес, біз болғанымыз да. Күні кеше ауылымның тұсынан атпен өтсе, айып тартатын көп тобыр, енді қара ағаштай ел болғасын, Ақан неге арқаланбасын!
Желігіңді басармын әлі!
Төре кегі оңай қолмен қайтпайтын.
Ойнамассың қара аруақпен!

Бір сілкінсем, түн орнатармын басыңа!
Ішкеніңді у, жегеніңді желім қып,
Алқымыңнан босатпаспын қолымды.
Сол күн бір ораламысың, жоқ па! Қара аруақ,
Оян, көр мына қорлықты!
Осы күнді маған бер біржола,
Не Ақанды ат жүректен!

Асығыс кетеді. Дәмелі мен Қоңқай шығады.

Дәмелі. Масқара-ай, масқара-ай...

Қоңқай. Масқара! Масқара! Шақыртпа неке қиярға, соқтықпа Ақанға дедім де оған! Неке бар да, қатын жоқ, отырсын енді осылай. *(Дәмеліге)* Ондаған қонақ ерте бір, кеш бір оп-оңай-ақ аттана беретін еді, бір қызды аттандыра алмай қажыттың-ау сен!

Дәмелі. Басыңа күн тумай тұрғанда не қиын еді, сорымыз да, елде жоқтың кездесе кеткені...

Қоңқай. Шеше деген білер болар еді қызының сырын!

Дәмелі. Төбемнен түсе қалғандай болған жоқ па... Мен қайтейін, кім күткен мұндайды.

Қоңқай. Қайдан түскенін сұрадым ба сенен? Қалай құтыларыңды ойласаңшы!

Кімге барар бет қалды,
Кімді бөгер жайымыз бар?
Әкеде абырой, қызыңда ар
Қалдырмайды мына жұрт!
Қара есекке теріс мінгізеді,
Қарауылда қарғыс болса,
Бәрін үйеді үстіңе!
Естімедің бе жаңа?
Осыны айтсаңшы қызыңа!

Дәмелі. Айту қиын емес-ау,
Емі жоқ дерт болса қайтерсің?

Қоңқай. Дерт болса, емі болмайтын ба еді!
Көбейген жоқ па әлгі бақсы-бәлгері!

Дәмелі. Күйем де жанам, өлем де өшем
Деп тұрған бір жан...
Қойып жүр ме еркіне...

Қоңқай. Сенің осы былқылың түпке жетіп бара жатқан... Ақан жанам десе, Ақтоқты отқа түсе қалу керек пе екен?

Дәмелі. Жанатын жалғыз Ақан дейсің бе..: Екі ғашықтың дерті де: емі болмайды дейді мұның.

Қоңқай. Айтпа деймін елде жоқ ашық-машық дегенді! Баяғыда сен де талай күйсегенсің маған... Арты қойболды болып шықпады ма! Кәне, сонда ала келген бақ-дәулетің?

Дәмелі. Ол бақ-дәулет емес!.. Басқа!

Қоңқай. Басқа түк те емес!.. Жел ұшық бір қаққаннан қалмайтын.

Дәмелі. Сені мен мен білмейтін бірдеме...

Қоңқай. О, бірдемең құрғыр, мен білмейтін немене болушы еді! Қай қазақтың моласын көріп ең содан өлген?

Жайраңдап Ақтоқты келеді.

Ақтоқты. Апа, жастық шағың есіңде ме,
Той-думанның туын көрсең,
Ақ иықтай Ақан келсе —
Қыз-бозбала қасында,
Әке барын, шеше барын кетуші ме ең ұмытып?
Ақтоқтың сол қуанған...

Дәмелі. Ие, күнім...,

Ақтоқты. Апа, жастық шағың есіңде ме?
Үлкендерден әрі ұялып, әрі сыйлап,
Қыз-бозбала кетуші ме ед,
Көл жағалап, бел асып?
Үлкендері үндемесе,
Көргендері елемесе,
Қайтушы ма ед қуанысып, бір жасап?

Дәмелі. Ие, күнім...

Ақтоқты. Апа, жастық шағың есіңде ме?
Қан жайлаудан қайтар күнді.
Қайғырып па ең әр талай?
Айрылысқан аққулардың табысқанын көргенде.
Әрі жылап, әрі күліп,
Неге қарап тұрушы ең?
Ақтоқтың сол қайтып тапқан арманын...
Ақтоқтың сол апасына жаны ырза...

Құшақтайды. Сердалі келеді.

Сердалі. Ақтоқты өзінен басқаны ойлай ма екен, сірә?

Ақтоқты. Ол немене, Сердалі аға?

Сердалі. Қарашада қаңтар барын,

Игі жақсы түксисе,
Қабағынан қар жауарын,
Кәрі әкеңнің не боларын,
Ойлай ма екенсің деймін!

Қоңқай. Оны ойласа, осыны істер ме еді, тәңірі деген...

Ақтоқты. Сердалі аға, не дейсіз? Не айтқалы келесіз?

Дәмелі. Қай жақсылықты айтады дейсің, күнім.
Қандасқанын ұмытып,
Қастасқандар достасып жатыр...
Сені Ақаннан, Ақанды елден айырмақшы,
Енді аяғың тартпасаң!
Әке-шешеңді қап арқалатып,
Қаңғыртып жібереміз дейді! Қай қылықтан бас тартушы еді бұлар!
Хазірет барда, қайғы арылушы ма еді бұл елден...

Ақтоқты!.. *(терең ойланып)*. Сорлы басым, сорлы Ақтоқты! Мұны неге ертерек ойламап едім...

Сердалі. Екі мүйіз айқасқалы тұр, Ақтоқты...
Бас таңдау сенікі:
Ақанды елден айырғың келсе, ұста етегінен,
Айрылма, бұл — сені мен маған ұнайтыны.
Болмаса, Ақан атын басқа соқ,
Жаман кетсе де, аман кетсін,
Бұл — аты Қарауыл елге ұнайтыны.
Байла сөзіңді, Төре текті аруақ шақырып,
Жарылғалы тұр.
Айтпадың деме,
Бүгінгі түн — сәтсіз түн!.. *(Кетеді.)*

Дәмелі. Мынау бір сұмдық барын айтып кетті ғой, ойланшы, құлыным... Құдай-ай, сақтай көр Ақанды

Қоңқай. Ойланатын не тұр еді,
Орнын таппай беріп пе ем!
Ақан бір құйын:
Соқты да өтті,
Өтті де кетті.
Оған не ерсі, не айып?
Өз жөніңді білсеңші!

Ақтоқты. Жоқ, жоқ, Айып Ақанда емес, Ақанда емес... Менде, өзімде... өзімде, әке...

Қоңқай. Құлан құрық, ақ сайтанға жел несібе болмақ па едің сонда?

Дәмелі. Жетті ғой жерлесің,
Жөн сөйлесең де, ұқпай ма!
Ақтоқты. Тілегіңіз немене еді,
Болды, болсын бәрі де...
Ақан атын атамаңдар енді..
Айықтым ол дертімнен,
Айықпасам, айығармын бір кезде.
Ұзақ түндер құрғатад та көз жасын...
Тәңірім куә, мен тоқталдым...
Жасата бер тойыңды...

Дәмелі *(Ақтоқтыны құшақтап)*. Нағып, нағып?.. Тоқталдым дедің бе, күнім?...

Қоңқай. Айықпайтын не бар еді! Жел ұшық демеп пе ем! *(Ақтоқтыны сүйіп.)* Есті тентек осылай болатын... Өсек-аяңның желігі басылсын, естірте берейін бе жұртқа?

Ақтоқты. Айттым ғой, әке... *(Қоңқай қуанып кетіп қалады.)*

Сорлы болған жалғызыңмын, жан апа,
Саяң бар ма қанатыңның астында...
Бір көзден жас,
Бір көзден қан
Қатар ағып сорғалап,
Қойным толар, тыйылмаса қайтермін?
Сен білмейтін сырым бар ма,
Сүймесімді сүйемін деп айтуға
Көңілім көнбес,
Аузым бармас,
Бұл азаптан арылмаспын, жан апа
Көре-тұра у ішпекпін,
Өз қолыңнан бере көр!..

Дәмелі. Айтпашы, күнім, өзің біле бер демеп пе ем, ұқпап па едің, құлыным... Қайда кетті әлгі жын... *(Жылап шығып кетеді.)*

Ақтоқты. Күнім сөнді, көңілім өлді!..
Ақан сүйсе арманым не ед?
Енді сүйген сол Ақаннан безген боп,
Арғымаққа жараспаған жабудай,
Жалбаландап қашпақшымын мен арсыз
Көз жасым көл,
Қайғым қара түнектей,
Мен ескексіз, алдым жар.
Келем жарға соғылуға,
Құлағанда қорықпайын,

Қайсың барсың, қайсың барсың,
Байлап берер көзімді?..

Қыза сөйлеп Ақан келе жатыр.

Ақан. Қайда кеттің, Ақтоқты?
Сен кетсең, ойын суып,
Ой басылып қалатынын білмейтін бе едің?
Көзден таса болсаң-ақ,
Көңілім жетім қалғандай,
Жалғызсырай бастаймын.
Жүрші, сәулешім.
Ақтоқты. Жоқ, Ақан аға, жоқ,
Ұмыт енді Ақтоқтыны,
Жеткен жерім осы бопты,
Қалдым орта жолда,
Түсім екен,
Ояндым да, жидым есімді.
Ақан. Не дейсің, Ақтоқты?
Ақтоқты. Сұрама, Ақан аға.
Менде қалған жалғыз жауап
Жат естілер құлағыңа.
Аттан тезірек!
Өзіме-өзім бөтен жандай,
Ойым кеткен диуанадай қаңғырып.
Үміт қолын соза беріп,
Құлап түссем —
Жазуы да тәңірінің.
Енді айналма,
Қанатыңды қайта қомдап,
Қайта шарла көк жүзін.
Жасағаннан жалғыз тілек —
Жер бетінде жалғыз қазық,
Көк жүзінде найзағайлы қара бұлт,
Жолықпасын жолыңда!
Барым — осы-ақ — айырларда айтатын...
Ақан. Қасиетті тілекке
Қанжар салған кім еді, кім?..
Ақтоқты. Мен, өзім.
Ақан. Өзім?!. Енді не қалды?!.
Қап-қара түн теңізіне түскен сәулең
Тартып алып келіп ед.
Дүние күліп, арманымның жазы орнап,
Су түбіне кеткен әнім

Толқынменен бірге толқып,
Қайта есіліп шығып ед!
Таптым деп ем бұл өмірдің мағынасын
Сары аязға қайта қамап,
Кетпексің бе бекітіп?
Ажарлы әннің арқауысың,
Сенсіз үнім шығар емес, Ақтоқты!
Арқауы жоқ ән болмайды,
Арқандағы қос бұрымдай,
Сені, Ақтоқты, әніме
Қоса өрейін деп едім.
Өз қолыңмен кеспексің бе сол қасиетті арқауды?..

Ақтоқты. Амалым не,
Тас кедергі тағдыр жатыр алдымда.
Содан қорқам:
Аямайды, қор етеді мына жұрт.
Ақтоқты емес, Ақан жайы — бар мұңым.
Бұлар қазір булығып тұр ашуға:
Анау хазірет, мынау төре,
Әлі айбынын бермеген.
Бұл меңіреу топ астына бір түсірсе,
Тізерлеуден жалықпайды ешкімді:
Мінезі ауыр бұл топтың.
Сорым шығар:
Өзім оңай болғаныммен,
Бір қиынға шығыппын...
Қош деселік,
Тербей берме жүрегімді,
Отқа келіп өзім түсіп жүрермін...

Ақан. Айтпа оныңды...
Білегімнен ұста да,
Жүрші бастап Көкшенің сұлу тауына.
Жанымда сен болсаң,
Жалғызбын дер мен бар ма ем?
«Оқжетпестен» салған әнім
Келіп жатар еліме...

Ақтоқты. Жоқ, жоқ... Қош болыңыз, қош болыңыз...
Енді қозғап керегі не бұл күйді...
Мың пәлеме жоламаңыз,
Аттаныңыз тезірек... *(Кете береді.)*

Ақан. Ақтоқты! Кеткенің бе біржола... Тоқташы...

Ақтоқты. Жоқ, жоқ!.. Сөнсін жүрек булығып.

Айрылайық осымен...

(Ақан жақындаса, ығыса түседі.) Жақындамаңыз, жақындамаңыз енді... *(Ақан шегініп кетеді).*

Ақан. Нәркес көзің қадалғанда,
Құр қансырап, қалсын деп пе ең
Қу моладай күңіреніп?..
Жүрегімді қанға былғап,
Шаңға аунат та,
Төбетіңнің біреуіне тастай бер,
Мен де жерден көтермеспін қызғанып...
Құлағыма Мәжнүн күйі келеді,
Бар айтарың осы болса,
Енді нем бар қарайлайтын артыма?
Бар сұлудың бір жары бар — қара жер,
Мен де апарып әнді сонда көмейін...
Жүгінгенім — жүрегің-ді жалғыз-ақ,
Билігіне көнбесіме шарам не?

Ақтоқты сол күйінде. Ақан ренжулі кетеді.

Ақтоқты. Аярсыған жерім бар ма,
Шынымды айттым, кінәм не?..
Қара көзден нұр тайғанша,
Жүрек сөніп қартайғанша,
Атың қалар жүрегімде,
Шығара алман есімнен.
Сәнді кештер,
Жақсы түстер —
Бәрі Ақанды елестетер көзіме...
Сары белден сарғайып таң атқанда,
Нәрестедей ойым таза кезінде,
«Ақаным» деп оянармын қашан да...
Салған әнің бәрі есімде, бұлбұлдарға үйретермін тоғайда...
Дұғам сенсің, өмір бойы оқитын...
Өлім, бір де, себебі, мың деген бар,
Соның бірі болмайын деп,
Іштегі өртті сөндірумен
Әурелікте өтер қалған өмірім!

Жалмұқан келіп тыңдап қалады.

Жер бетінде жалғыз қазық, көк жүзінде найзағайлы қара бұлыт жолықпасын жолыңда!
Шыным міне — мойныңа бір асылып,

Өліп кетсем, басқа тілек
Тілемес ем тәңірден... *(Ақан деп Жалмұқанның мойнына асыла жаздайды.)*

Жалмұқан. Бұл мен, құшағыңды арнағаның да мен бе едім?

Ақтоқты. Несін жасырайын, арнағаным Ақан еді... Сен болсаң, тәңірімнің бұйрығы да... Бұрылуым да, оралуым да шын... Енді менде жағаласар жай жоқ. Еркім өзіңде, тартқыза бер жазамды... *(Тізе бүгеді.)*

Жалмұқан. Жағылмаған күйе қалды ма бетіңе! Қара бет болып қара түнді жамылып аттанғалы тұрсың. Тілінгір бетің тілінсе етті!

Ақтоқты *(кенет өзгеріп)*. Қалайтының — қай мінезім? Ақтоқтыдан әлі де табылады... *(Желіге сөйлеп.)*

Қалауым сен болдың, енді нең бар?
Сүйетінім сен екесің,
Міне жығылдым аяғыңа.
Ақанға тек сыйлау екен,
Сенсің сүйерім, сенсің!
Қай қорлығыңа да көндім,
Бұл да шыным.
Жалыныштың көз жаутаңдаудан басқаға жарамас енді.
Ақанға ғашық Ақтоқты өлді,
Тірілмейді, мұным да шын.

Ән салған қыз, жігіттер көрінеді.

Жалмұқан. Алаңдауың қалмаса, мына ереуіліңді тоқтат! Онсыз ұйқың келмей ме сенің? Ендігәрі естіртпе маған! Ақан әнін салғызбаймын бұл елге! Тоқтат, кетір маңайдан!

Ақтоқты. Жалмұқан, сенен де бір тілек — Ақанға сен де соқтықпа енді. Сыңар жақ қалды деп, қорлық көрсетіп, мерт қыла көрмеңдер...

Жалмұқан. Ақан күйін әлі қоймап па ең? Мынауыңды тоқтат дедім ғой мен саған!

Ақтоқты. Тоқтатайын, тоқтайды біржола... *(Әрі барып, айғайлап.)*

Қарауылдың қыз-жігіті, тоқтаңдар!
Ақан әні салынбасын бұл елде...
Енді салған әндерің
Ешкімнің көңілін көтермейді.

Ақан басына пәле шақырады... Осымен Ақтоқты да тынды. Жастар ойын ақтамады Ақтоқты. Енді ешнәрсе күтпеңдер менен... Бұл — саңырау мен мылқаудың тойы, ән айтып не керегі бар... Қош бол, құрбы-замандас... *(Ән алыстай береді. Ақтоқты қайта өкініп.)* Жоқ, жоқ!

Тоқтаңдар, тоқтай тұрыңдар! *(Жүгіріп шығып кетеді.)*

Жалмұқан. Кәне, кетпегенің елігіп!
Ақ сайтаның арылушы ма еді сенің!
Тек, қолды қолмен қайыратын күнге жеткіз!

Ақан мен серілер өтіп барады.

Жігіттер. Қайтайық, Ақан аға!

— Я, қайту керек, Ақан аға... *(Бәрі қостайды.)*

Ақан. *(Сердаліге).* Тым болмаса амандасып аттанайын да!

Сердалі. Я, амандасып аттануың керек!

Салдар қоштасып кетеді. Ақан үйге қарай беттейді. Ызалы Жалмұқан шығады. Сердалі Жалмұқанға келеді.

Сердалі. Ә, бақытты күйеу, бақытты күйеу... Күрсінуің тоқталып, түлкі алатын қырандай, түйіл төбесінен... Әрі бұлтақтап, бері бұлтақтап, ақ түлкі өзі ілекті шеңгеліңе... Некеңді қиюға келе жатыр хазірет, қуанышың құтты болып, жүрегің тез орнықсын...

Жалмұқан. Қай жерім бақытты, Сердалі... Бітеу жара қала берем бе? Мынау Ақан бетіне таңба түспей-ақ кете бермек пе? Күттіргенің Ақтоқты болса, ол амалсыз бекініпті... Енді Ақан сау кетпесін де? Жұрт алдында жұлдырып бер!

Сердалі. Жұлынар жері енді келді, тек кезінде белгіңді бер *(Ақтоқты келе жатады.)* Ақтоқты келеді екен, бері жүр.

Екеуі кетеді, Ақтоқты келеді.

Ақтоқты. Қайрылмады бірі де... Неге бүйтеді? Түсіндіре алмадым-ау... Дауыл келе жатқандай неге тымтырыс? Ақан қайда? Біржола-ақ кеткені ме? Не ойлап кеттің, қош деуге де жиіркендің бе?.. Азап қана қалдың ба қасымда... Енді құшағымды саған жаям да, ермегім сен боласың да. *(Кетеді. Сердалі шығып айғайлап неке қиярға жұртты жияды. Ел қайта жылады. Науан, Қоңқай тобы, күйеу тобы, Ақтоқтыны алып Дәмелі, қыздар келеді).*

Қоңқай. Жасыратын жай жоқ, неке қиылмай тұрып, өсек-аяға тыйым болатын емес, хазірет. Асығыстау екені де рас, күйеу баланың көңілі де жай тапсын дедім...

Науан. Жын араласқан жерді жылдам аластамай қайтушы еді! Мешіт қасында қашанғы ән салдырып қоюшы едің!

Қоңқай. Құдай өзі кешіреді де... Шамам келді ме, қайтейін.

Науан. Шамам келді ме дегенше, наданмын десеңші. Әйтпесе, шамаң келмейтін бе еді!

Қоңқай. Иә, наданбыз, наданбыз... Мына қатын менен де надан...

Сердалі. Қырсық кетті, сөз бітті, жұрт дайын, бастай беріңіз, хазірет.

Науан. Сенімді куә сен боласың да, жүр араға.

Сердалі. Тәңірі деген осыдан артық қызығы бар ма еді, бері кел, Сәдір...

Қыз, күйеу, ойнамай-күлмей,
Жасырмай-бүкпей,
Шындарыңды айтатын болыңдар!
Қайын ене, неке суын апарып қой
хазіреттің алдына.

(Сердәлі, Сәдір ортаға шығады. Дәмелі хазіреттің алдына су құйған аяқ әкеліп қояды. Кесеге Ақтоқтының жүзігін салдырады, Қарасақал орамал жабады, куәлар Жалмұқан тобына келеді.)

Сердалі. Куәдірміз, куәдірміз,

Сәдір. Куәлікке жүрәдірміз,
Таңда хақ қасында,
Бұл күнде халық қасында,
Ғаділ куә боладұрмыз...
Ақтоқтыны жар етуге,
Жар емес-ау, жан етуге,
Ризамысың күйеу жан?

Жалмұқан. Разымыз...

Куәлар. Күйеу риза, хазірет.

Науан. Қалыңдықтан сұраңдар!

Куәлар. Куәдірміз, куәдірміз,
Куәлікке жүрәдірміз,
Таңда хақ қасында,
Бұл күнде халық қасында,
Ғаділ куә боладұрмыз...
Жалмұқанды жар етуге,

Жар емес-ау, хан етуге.

Ризамысың, қалыңдық?

Дәмелі. Риза...

Куәлар. Өзің айт, Ақтоқты. *(Ақтоқты үндемейді.)*

Жалмұқан *(өзіне)*. Көрсетпей қалма сырыңды...

Куәлар. Ризамысың, қалыңдық? *(Ақтоқты үндемейді.)*

Науан. Анасы айтты, болды да.

Қоңқай. Мен де ризамын, хазірет.

Куәлар. Қалыңдық риза, хазірет...

Науан. Ант суын ішкіз екеуіне де. «Әлхамду лелләһелләзи Фасилән бәйнәл хәлели уәлхарам!» Құдай аты — құран сөзі: неке бұзғанды тәңірі қарғайды, тәңірі қарғағанды ел қарғайды. Біліп ішсін екеуі де! *(Суды Сердалі-ге береді. Сердалі Жалмұқанға ұсынады.)*

Сердалі. Естідің ғой, күйеу жан?

Жалмұқан. Естідік. *(Ішеді. Сердалі суды Ақтоқтыға әкеледі.)*

Сердалі. Сен де естідің ғой?

Дәмелі. Естіді *(Ақтоқты суды алады да, ішпей бөгеліп қалады...)*

Жұрт. Іш, шырағым... Іше ғой...

Науан. Іш!

Жастар. Ішпе, ішпе!

— Іш! Іш!

— Ішпе, ішпе!

Ақан келеді.

Ақан. Тоқта, тоқта Ақтоқты, соңғы үмітті сөндірмей!

Ақтоқты. Жоқ! *(Суды ішіп салады да, аяқты лақтырып жібереді.)*

Жалмұқан. Уһ!..

Ақан. Аһ!.. *(Әйелдер... Ақтоқтыға сәукеле кигізеді).*

Құрметті топ, баса көктеп,
Әдеп бұза келгем жоқ.

Бұл жолы жығылғанын білерлік ес қалыпты менде де. Тағы бір кездескенше бәріңе де қош айтысқалы келдім. Атаң-анаң, қайын-жұртың алдында қош де сем, Ақтоқты сен де қысылма.

Тұғыр біреу де, қыран екеу,
Қалағаныңды алған шығарсың.
Тұғыр ұнамаса, ауыстырады,
Қыраны ұнамаса — бұйырғаны сол шығар.

Қош бол! *(Жалмұқанға.)* Жастық көтермейтін іс жоқ, жеңдің... Сен де есең бол! *(Кете береді.)*

Жалмұқан. Тоқта, тоқта, Ақан! Айтылмаған сөзің болып келген шығарсың, айт, сен де қысылма! Ақтоқтының айтпағаны болса, хазірет, оған да айтқыз. Ақ тілеудің алдында отырмыз, айтылмағаны қалмасын, тазарып келсін біржола!

Дәмелі. Бұл қай сынағаның, балам? Қызым деп, күйеуім деп, араларыңа арқан керіп қойған кім бар еді? Ақтоқты түк те айтпайды!

Қоңқай. Ие, түк те айтпайды!

Науан Жоқ, айтсын... *(Жалмұқанға.)* Сенің сұрамағың не, сен де ашып айт!

Қоңқай. Ендеше, айтсын...

Жалмұқан. Жасырмаймын, Ақанның артына қарайлайтыны бар ма, жоқ па, соны білгім келеді. У ішсең — түбіне дейін, шамданатын түгім жоқ, қалауын ашып айтсын. Ақан қалағаныңды алмай, армандасың деп тұрған жоқ па, күдік сөз қалдырмаймын енді!

Науан. Бұл сұралмай қалмайтын сөз... Не бар, не жоқ де шырағым.

Ақтоқты. Жоқ...

Ақан. Ие, жоқ, жоқ...

Науан. Үш қайыр...

Ақтоқты. Жоқ, жоқ... *(Айғайлап.)* ж-о-қ!

Жалмұқан. Жоқ болса, Ақан, енді сен де жоқ бол! Уа, қайдасың, Шыңғыстың аруағына шабатын жұрт! Міне көкпарым, әкетіңдер сүйреп! *(Жүгіріп шыққан көп жігіттер келіп Ақанды сүйреп әкетеді.)*

Сердалі. Уа, Ақанды қорғаңдар, Ақанды... *(Ақанды қорғаймын деп жүгірген Дәмеліні бөгеп қалады.)* Әрі жүр, әрі, аяқ астында оралғы болмай. Қорғай көріңдер, қорғай көріңдер Ақанды, Ақанды...

Дәмелі. Қорғағаның құрысын, екі жүзді зәнталақ! *(Жұрт у-шу, сыртта Ақанды қалай ұрғанын қарап тұрады. Аздан соң қолында Ақанның қираған домбырасы бар, түнере ойланған, өкінген пішінде Балуан шығады. Ақтоқты Ақанның домбырасын жұлып алып, бауырына басады.)*

Ақтоқты. Ақан, Ақан!..

Жалмұқан. Өлгің келсе бірге өл, азғын! *(Дәмелігe.)* Қызыңның Ақан деуін қойдыр!

Ақтоқты *(ұшып тұрып)*. Қоймаймын, қоймаймын! Қайсың бар естітін, естіңдер...

Саған көнсем, сүйгенім бе ед?
Көңілім құлағанын қашан көріп ең?
Ақаннан безсем, шыным ба ед!
Жүрегімді жерге төсеп,
Әрең айтпап па ем «ие» деп?
Ақан жаққан от бар да,
Сен қатырған мұз бар...
Отым қашан сөніп ед,
Мұзым қашан еріп ед!..

Науан. Сөйлетпеңдер енді...

Ақтоқты. Сөйлемей қала алман...
Хазірет деген атың қайда?
Бұл зорлыққа бас болғаның ба!
Сыйлайтынным сен болсаң,
Қарғайтынным кім болмақ енді!

Бұдан былай, жүріп сөйлейді.

Жалмұқан. Тоқта енді! Тоқта!

Ақтоқты. Тоқтамаймын, тоқтаман!
Ақан басын бұған қисаң,
Қарғамайтын кімің қалды, Қарауыл?
Ғаршыға асқан бір дұғаң болса,
Ол Ақанның қаз дауысы емес пе ед?
Қарауылда ел кеудесі бар болса,
Ол Ақаның емес пе ед?
Көп биіңнен не қалып ед, — дау қалған!
Көп төреңнен не қалып ед?
— Қойның тола жас қалған!
Ұрпағыңның ұрпағына кететін
Ақан әнін қарғағандай не болды *(Сердаліге бұрылып)*.
Домбырасын сындырғанда, қарап тұрған,
Үнің өшсін, Сердалі!
Бос кеудеңді құр қаққанмен,
Нең бар еді шаршы топқа салатын?
Күншілдік пен күндестіктің күңкілі өтіп,
Зәрі жетіп қалғанын
Елемеді жанға сенгіш сорлы Ақан!
Қанатымен бір қаққаннан
Нең бар еді қалатын?

Науан. Тоқтат, тоқтат!

Ақтоқты. Тоқтамаймын, жоқтауым көп айтатын...

Хазіретті атса, қате ме еді?
Әттең оғы дарымады,
Қаға бердің қасындағы көп қарға...
Жерлегенің Ақан болса,
Мен басыма қара салындым,
Адыра қалсын ойын-күлкі, тіршілік!
Жастарың шабандап,
Кәрілерің табандап,
Құлаттыңдар жарға әкеп,
Бар азапқа байладым басымды.
Мен Ақанның соңында өлем,
Тойларыңда мен де жоқпын,
Бара алмаспын басқаңа!
Ақан безгеннен мен де бездім!.. Естіңдер,
мен де бездім!.. *(Басындағы сәукелесін лақтырады.)*

Науан. Байлаңдар мынаны! *(Дәмелі Ақтоқтыға жүгіреді, Жалмұқан тобы Ақтоқтыны байлайды).*

Қарасақал. Сайқал! Өзім байлайын сені... *(Ақтоқтыны ұстап, байлатады. Жұрт у-шу.)*

Жалмұқан. Нем қалды мазақ болмаған!

Науан. Талақ ет, талақ ет кәпірді!..

Жалмұқан. Тәңірі алдында куәм бол, хазірет, мәңгі талақ еттім!

Ақтоқты. Тәңірі алдына куәм болыңдар, болыпты тілегім!

Науан. Әйел ердің мүлкі деген құранда...
Білгеніңше масқаралап,
Екі көзді жұмып тұрып,
Сол қолыңмен садаға қыл біреуге!

Дәмелі. Ұл көрмей, қыз көрмей өтіңдер түге!

Науан. Қатын қарғысынан қараңғылық орнағанын көргенім жоқ, бас таңбаңды, Жалмұқан, Қарауылдың ұлқызына үлгі болсын, байлап жібер бір есектің мойынына!

Жалмұқан. Күң мен құлдан,
Көк есектен,
Қайсың барсың өрбіген,
Ақтоқтыдай алқа тағам мойныңа!
Қайсың бар ең, құр қызығып,
Ірге тырнап, қолың жетпей қор болған?
Сырты қызыл, өзегін құрт жайлаған,
Ағаш көркі, алма берем қолыңа!
Қайсың барсың біле-тұра, жеркенбестен алатын?

Ә, құдай қарғап, қор жаратқан қара күш!
Түрің мынау — жұртқа таныс, өгіздей!
Сенен артық кім жарасар.
Сүйре де жүр,
Ақ маралды байлап берем мойныңа!
Тым болмаса қолыңды соз, қу мылқау!
Сен болыпсың осы елдегі лайығы!
Бұйырмаған дәмнен татып, бір кенел,
У боп барсын тамағыңа!
Саған бердім, саған бердім Ақтоқтыдай ылаңды!

Науан. Әмин! Күн, фаякүн *(Балуан ұқпайды, Ақтоқтыға бұрылады, Ақтоқты шырылдап қашады, көп арасынан Мәрзия шығады айғайлап, жұлқылап Балуанның қолын қағады.)*

Мәрзия. Соқыр өгіз, меңіреу-дүлей!
Өңмендеп кеп, өрімталды езіп-жаншып
Өткеніңді көрмесең,
Дүлей демей, не дейін!
Қара жұдырық, кімге тидің қапыда!
Сынып қалған қызғалдақты көр енді.
Бала бер деп, өмір бойы тілеуші ең,
Құдай қабыл етпеп ед.
Жетпеп еді арызың...
Қарғап-сілеп, қорлап-зорлап,
Ақ бетіне түкіріп,
Енді ал десе — шын бергені шығар. Ал, бөбегіңді, ал!
Алақаныңнан түсірме,
Арқалап өт дүниеден!..

(Балуан барлығына енді түсініп, өзінің істеген ақмақтығына ызалапып, жүгіріп Ақтоқтыға барып, Ақтоқтыны баладай көтеріп алдына алып, әлдилеп отырады).

Жалмұқан. Неғып отыр мына дүлей! Ендеше өлімтігін берермін саған, сорлы мылқау! Әкетіңдер, байлаңдар апарып ағашқа! *(Топ Ақтоқтыны әкетпекші болады.)*

Мәрзия. Ей, қанішер хазірет!
Қоймап па ең, тоймап па ең қан соқтаға?
Қолыңнан өткен көп зорлық,
Әлі аз боп па бұл елге?
Зұлымдығың асқан жоқ па басыңдағы шашыңнан?

Науан. Мұның кім еді, раббым?..

Мәрзия. Бір сұрауы болмайды деп пе ең? Міне, менмін сол сұрау!

Жалмұқан. Тым болмаса көме де алмап па ең, Мәрзия!

Жұрт аң-таң.

Науан. Өңім емес шығар бұл. Жоқ, жоқ! Сен емессің, сен емессің! Сен өлгенсің! *(Шегіне береді.)*

Мәрзия. Қай аурудан өліп ем,
Қай қолыңмен көміп ең?
Айтшы қане мына жұртқа!
Көмгенің рас,
Бірақ, қол-аяғым неге байлаулы еді?
Қайта байлаттырсаң керек болар, мә сол арқаның! *(Науанның бетіне арқан лақтырады.)*

Науан. Байлат Жалмұқан, байлат мынаны!

Жалмұқан. Байлаңдар көр алмаған кәпірді! *(Жұрт у-шу. Жалмұқан мен Науан тобы, Мәрзия мен Ақтоқтыны байламақ болады. Балуан бір ағашты жұлып алып қарсы ұмтылады, сілейіп тұрып қалған Науан, Жалмұқан тобы әрең жылжып сахнадан шыға береді.)*

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БЕСІНШІ СУРЕТ

Ағаш арасы. Таулы жер. Алыста ауыл. Ағашқа байлаулы Ақтоқты, ән салып отыр. Таң алды.

Ақтоқты. Ән мен күй, қыз-бозбала елдің сәні,
У да шу, ойын-күлкі ауыл маңы.
Қайғым бар қара тасқа тілемейтін,
Көңілімді көтеретін — Ақан әні.

Міне, таң да атып келеді. Жауын мұқатқан жұрт көңілі тынып, жатыр бөгіп... Тым-тырыс! Ояу жүрген Ақанның әні ғана! Біреу күйініп, біреу жылынып тыңдайды төсегінде. Қыз-бозбала үнін шығармаса да, ішінен қосылады. Әлде ғана алыста салған Ақан әні келіп еді, төре аулы жау тигендей бөрігіп қалды. Ойым енді түзеліпті. Қорқу, қысылу бар еді, бәрі де кетіпті енді. Мені қайғыдан өліп, қар-

ғыстан тұралап жатыр дейтін шығар-ау! Жоқ, қайғы деген қайрақ екен, мен де ширап келем! Ақан қасымда сияқты.

Сендерге жоқ, маған бар,
Сендерге жат, маған жар!
Бар азабы осы болса,
Қоса түссе де, несі ауыр!

Сері емес пе, ақсарбасын атамай шығыпты үйінен.. Ақтоқтысын мен атадым: қабыл ете көрсін... Кешегі түнді қайғымен өткізіп ем, бүгінгі күн қуаныш әкеле жатқандай екен... (*Тағы әндетеді.*)

Қай күнім, қара күнім Қарауылда,
Қарғайтын би, төре ме, Қарауыл ма?
Қарауыл — ханға төсек, биге жастық,
Бұл күннен арыларсың қай дауылда?

Қолдарына құрым киіз ұстаған, әндетіп бір топ кемпірлер шығады.

Кемпірлер. Қарғыс тиген бұрыннан
Киінеді құрымнан,
Қап түспейді иығынан,
Айрылады бұрымнан!
Бетіне жұрт түкіріп,
Бірі теуіп, бірі ұрып,
Кететұғын бұрылып,
Құдай-ау, шүкірлік,
Шүкірлік, шүкірлік...

Ақтоқты. Ә, қарғыс айтып, қара жабуға келеді екенсіңдер ғой, келіңдер, келіңдер, шешелерім...

I-Кемпір. Бала-ақ едің-ау, Ақтоқты! Қорлаған қор боп қалсын лайымда!

II-Кемпір. Қайғылы дегені осы ма, өлең айтып отыр ғой!

III-Кемпір. Мынауың бетіне түкіртпей жүрер...

II-Кемпір. Хазірет түкірсін дегесін, неге түкіртпесін!

I-Кемпір. Жүріңдер әрі, өңкей күң! (*Ақтоқтыға келеді.*)

Ақтоқты. Күйлі, қуаттымысыңдар, шешелерім!

II-Кемпір. Шүкір, қарағым...

I-Кемпір. Шүкірің құрғыр, несін шүкір дейсің. Қыларыңды қыл да, жоғал әрі.

Ақтоқты. Мойнына құрым орап, бетіне түкіріп қайтыңдар деп жіберген шығар?..

I-Кемпір. Ие, шырағым.

Ақтоқты. Істей беріңдер... Шеше, әуелі ана қолыңдағыны жауып жіберші үстіме, жаурап қалыппын.

II-Кемпір. Жабайын, жабайын қарағым. *(Ақтоқтыға құрымды жаба бастайды.)*

Ақтоқты. Былтырғы Ажардың жаурайтыны есіңде ме, шеше? Қарлы-жаңбырлы күз еді-ау, ие?

II-Кемпір. И, қарағым-ай, неге есімде болмасын... Аяғында өлді ғой содан... Тап соған жақын қалыпсың ғой өзің де...

Ақтоқты. Екеулеп әрең жылытып алып едік-ау, ие? Түн ортасы ауған кез еді білем...

II-Кемпір. Тіпті, таң алды.

Ақтоқты. Ие, таң алды екен. Талып қана келген бір үнді әрең естіп...

II-Кемпір. Онда да сен ғой естіген: бауырым, Ажарым-ай, қайда кеттің деп, дамыл көрдің бе түн бойы...

Ақтоқты. Ұры бекінген тауға адам бармай...

II-Кемпір. Сен болмағанда тіпті жан бармайтын еді ғой. Ұмытпапсың қарағым соныңды... Ұмытпаспын сол жақсылығыңды... *(Орай түседі.)*

Ақтоқты. Күн көтеріле есін жиып, «Апа!» деп, күлді, ә?

II-Кемпір. Ие, күлді «апа!» деп. Саған қолын созды. Қолын мойныңа әрең апарып, құшақтады былай... *(Құшақтайды.)*

Ақтоқты. Түу, жылынып кеттім ғой, ертерек неге келмегенсіңдер... Енді айта беріңдер айтатындарыңды, түкіре беріңдер.

III-Кемпір. *(жылап тұрып).* Тіфу... *(Түкіріп қалады.)*

I-Кемпір. О, көк ми, көк ми! Жоғал әрі! *(II-кемпірге).* Не айтып, не істеп жатырсың, күң шіркін! *(Құрымды жұлып тастап, Ақтоқтыға өзінің қара қамзолын орайды.)* Қарғыстары қара бастарына болсын өңкей залымның! Сорлы елдің маңдайына сыймай барасыңдар екі аяулы! Міне менің қарғысым, міне менің түкіргенім... *(Қатты-қатты сүйіп алып, Ақтоқтының бетін сүртеді.)* Келіпсіңдер деп өкпелеме қарағым, бар десе, кім келмей қалар дейсің. Көрген жамандығымыздың алды-арты осы болсын, дегеніңе жет! Бірің жетпесең, бірің жетерсің... Біріңе сүйеніп бәрің жет!.. *(Кемпірлер қолдарын көтереді.)* А, құдай, жеткіз тілектеріне! Бірін емес, бәрін жеткіз! *(Кемпірлер кетеді.)*

Ақтоқты. Несіне келдіңдер, несіне келдіңдер өңкей сорлы. Жылы сөзді несін айттыңдар, көңілімді босатып. Кім өкпелесін сендерге. Шыдап үйренген жоқ па едің бәріне де.

Тағы бір жылағанды көргеніңе несін таңданасың!
Ақан үні өшпейді, ұйқыңды талай ашар әлі!...
Талай шошып оянарсың, жеңген жау!
Талай аунақшырсың төсегіңде.
Ерегіссең қазір тұрғызайын ба орныңнан!
Кіміңді сыйлап, неден ұялмын әлі!

Айғайлы әнмен

Байлауда Ақанға арнап салған әнім,
Бір шықшы таңын жырта сары даланың,
Жау жатсын төсегінде мың аунақшып,
Оянсын, ары болса бозбаланың.
Қайдасың, Қарауылдың ардагері,
Қайнамай қалғаны ма бір жігерің.
Кім қалды ошағына тас болатын,
Қуылса елден түзге Ақан серің?

Жалмұқан шығады.

Жалмұқан. Неге келем, неге келдім тағы да? Бірін айдап тастасам, бірін міне байлап тастадым, кек кайтқан соң, көңіл тынбайтын ба еді! Жоқ, ол жоқ менде! Жеңілгеннен жеңгеннің күйі жаман болғанды осында көрдім. Әлде, аяушылық қысып, сол шығар айдап әкелетін? Жоқ, о да жоқ менде. Енді неге келем? Қызығам ба, қызғанам ба? Білмеймін оны, түсінбеймін ойыма... Ақтоқты! *(Ақтоқты байқамай ән сала береді.)* Ақтоқты! Қайдан қарасын. Ақтоқты, бір ғана сөзім бар еді, тыңдар ма екенсің? Масқараланған мен болсам, масқараланған кім екен? Естіген жоқ. Ақтоқты, осы апатқа қайсымыз ұшырадық? Осы еді айтпағым... Тыңдаған жоқ, тыңдамайды да. Ендеше түбіне дейін ішермін бұл уды! *(Сердалі келе жатыр.)* Ә, Сердалімісің? Сердалі, тоқтатшы мынаның азанын! Бердім ғой Балуанына, тезірек әкетші маңымнан! Әкетші! Әйтпесе, Қарауыл тағы бір сілкінеді! Әкетші! *(Кетеді.)*

Сердалі *(Ақтоқтыға жақын келіп.)* Әр мінездің орны бар емес пе еді, неге қоймайсың, Ақтоқты!

Ақтоқты. Осы ағаштың түбі аман болса, талай естірсің әлі! Қолымды Ақанның әніне шештірем. *(Басын кө-*

теріп, Сердалiні танып.) Сердалі!.. Не бетіңмен келдің қасыма? Ақанның сенен артық сенгені бар ма еді, сатып кетпесің бар ма екен, сірә! Өлшесем, өзіңмен кетсін — төре қасындағы жандай шап, төбет қасындағы төрт көз емес шығарсың деуші ем!

Сердалі. Есті емес пе едің, Ақтоқты, нені біліп айыптайсың мені! Сен, әйтеуір, сүюіңді білдің Ақанды, мен қорғауын ойласам, сол ма менің жазығым! Біріңе олай, біріңе бұлай көрініп қалған-ақ шығармын, өйтпеске амал бар ма еді! «Жаман кетсе де, аман кетсін» демеп пе ем? Сыртым қандай көрінсе де мейлі, ішім ақ екені анық емес пе еді!

Ақтоқты. Кет деймін, Сердалі, естіртпеші үніңді! Кімнен қысылған боласың!

Сердалі. Ашу үстіне ашу шақыра бергенде, не табам, дейсің, Ақтоқты?

Төре кегі қайтпапты онсыз да!
Қорлық табылса, қоса түскелі отыр
Игі жақсы бас қосып,
Ақан басына бәле іздеп жатыр.
Осы бәленің бетін аударып,
Салмағын өзім көтерер ем,
Жетегіме жараймысың?

Ақтоқты. Кет, кет деймін! Арашаламай-ақ қой!

Сердалі. Ақанды ма? Ақанды арашалама деймісің?

Ақтоқты. Сен арашалама деймін. Сенің арашаң арзанға түспейтін.

Сердалі. Ойланбай айтасың! Балуанға бердім деген байлау жасады Жалмұқан... Осының ар жағында да бір күндер жатқан жоқ па!..

Ақтоқты. Қандай күндер екен ол?

Сердалі Ақан бір жел, есті де кетті. Өлімнің де өкініші бітетін, тірі қалған тірінің ісін істесе несі айып? Тәңірінің берген мазағы да, Балуанмен араңа «куәдүрге» тағы да жүрмекпін! Не үшін, кім үшін көрмекпін осы қорлықты!..

Ақтоқты. Көрсең несі бар, лайық-ақ...

Сердалі. Лайық-ақ! Сен сол салпы ауыз мылқау үшін жаралып па едің! Қалай сыймақсың маңдайына?

Ақтоқты. Тағы нең бар айтатын? Іркіп тұрсың ғой бір сөзді...

Сердалі. Тым болмаса «көреміз» деген бір сөзің болсын да...

Ақтоқты. Сендей қор, садағасы кетсін Балуаннан! Тап мұндай арсыз емес шығар деуші ем. Кет деймін, қара жүз!

Сердалі. Ә, солай ма! *(Ақтоқтыға жабысады, зорлап құшақтайды, екінші жақтан Балуан шығып, Сердалiні желкеден қысып лақтырып жібереді. Буындырып өлтірмек болады.)* Өй, қызғаншақ екенсің ғой, өзің... Қойдым ойбай, қойдым ендігәрі... Жіберші ағатай!.. Жіберші!

Ақтоқты. Әке, қойыңыз, қайтесіз оны, жіберіңіз!

Балуан босатады.

Сердалі *(кетіп бара жатып)*. Меңіреу ит, бұл күнін көп көргені де Ақтоқтының. *(Кетеді, Балуан жүгіріп Ақтоқтыға келіп, босатпақ болады.)*

Ақтоқты *(ымдап сөйлеп)*. Босатпай-ақ қойыңыз. Босанар кезде босанармын. Жақсы көңілің көрінді, болды сол. Әкем сенсің, қызың менмін, құшақта қызыңды! *(Екеуі құшақтасып біраз отырады.)* Әке, Ақанға жетсең қайтер? Мынау ел жиын отыр, жалғыз-жарым келіп жүрмесін де. Өз аулында болмас, Балта шалдың аулынан табылар... *(Балуан — «Мен Ақанды ұрдым ғой, оған енді не бетіммен барам» дегенді ымдап, артынан Ақтоқтының айтқанына көніп, Ақтоқтыны орап-қымтап кетеді. Ақтоқты ыңырсып ән салады. Ақан, Жылгелділер келеді.)*

Ақан. Қор еткен екем ғой, қор еткен екем ғой, Ақтоқтым, Ләйлім... *(Құшақтап, сүйеді. Басқалары Ақтоқтыны шешіп алады.)*

Ақтоқты. Несіне іздеп келдің қадіріңді біле алмаған бір жанды. Кеш! Бір сен едің қорғаймын дегенім... Серігіңе жарай алмай менмін қапы соқтырған.

Ақан. Ләйлім, Ләйлім... Мен емес пе оралымға келмеген! Сенде кінә бар ма еді. Торға өзің түсіп пе ең, босата алмасам, менің олақтығым да... *(Ауыл жақтан «әкетті, әкетті!» деген айғай шығады. Жүгіріп көп адамдар келе жатады.)*

Жылгелді. Ақан, қаптап келеді мынау ел! Кетелік тезірек.

Сейіт. Ақан аға, келіп қалды!

Мұрат. Аттанайық тезірек, қолға түсеміз, Ақан аға!

Сәдір, Қарасақал бастаған қарулы топ бұларды орап алады.

Ақан. Ал, жөнелейік ендеше...

Сәдір. Жөнелерсіңдер! *(Жалмұқан, Сердалі, Науан келе жатыр.)*

Ақтоқты. Жасаған-ай, енді қайттім?.. Сен құтылып көрсеңші.

Ақан. Көреміз де бірге.

Жақсылықты бірге,
Жамандықты жалғыз көрмек пе ең!.. *(Сердалі жақындайды.)*
Я, не жақсылық айтасың?

Науан. Өзі келсе өкінбес енді, ұстаңдар Ақанды!

Сердалі. Күні кеше Ақан едің деп, баптаған болайын ба, болмаса сөздің жанды жерін қалайсың ба?

Ақан. Жамандықтың жайлап келер кезі жоқ.
Баптамай-ақ қой!
Үнің көрден шыққандай екен,
Не жақсылық айтармын дейсің!

Сердалі. Сен қассың десең де, Қарауылда қалған жалғыз досың мен-ақ екем. Мына жұрт кімді сыйлап іркіліп тұр? Орайын өзім тауып көрейін деп, арашаңа тағы да мен түстім.

Ақан. Арашалапсың! Айтарыңды айтшы өзің.

Науан *(айғайлап)*. Әкел бері байлап!

Сердалі. Естідің ғой? Әлімнің жетер жері осы-ақ: Ақтоқтыда жұмысың болмасын, өзің аман құтыл.

Ақан. Оныңды орындамасам?

Сердалі. Одан ауырына еріксіз көнесің де!

Ақан. Одан ауыры жоқ мен үшін!
Жүрегіңді қан қыламын десеңші,
Ақыннан шыққан азғын!
Одан әрі нем қалушы еді менің?
Тау құлатпақсың ба үстіме!

Ақтоқты. Ақан, керіспесеңші бұлармен!
Астына түстің, аяуы бар ма еді?
Тәңірім-ай, қайтермін, қайтермін...

Жалмұқан. Жетер, Сердалі!

Сердалі. Қане, не айттың?

Ақан. Айтар түгім де жоқ. бұл зорлыққа! Топырақ тартып әкелсе, амал не! Бір жоқтаушы табылар! Кетіңдер!

Сердалі. Ендеше басқасы ұнар? Ақтоқтыны бермесең, екеуіңді де байлап алады мына жұрт. Қосылған жандар қосақталып кетеміз дерсің? Шын ғашықтар солай өлмейтін бе еді!

Ақан. Сені де ақын дейді-ау мынау ел!
Күншіл деген жаман сөзден жиіркеніп,
Құшағымды ашып ем,
Ақтадың онымды!
Біріне көнбеймін тірі боп:
Қамшыдан басқа қару ұстап көргем жоқ, сөндерге қарсы қолыма не түссе де талғаман. Ақан қолы қанжарды қалай ұстайды екен, осы шығар көрмектерің? *(Қанжарын суырады.)*

Ақтоқты. Айтпашы қайдағыны! *(Ақанның қанжарын алады.)*

Сердалі. Жалғыз отырғандағы күш бұл жерге жүрмейді, Ақан.
Айналаңа көз салсаңшы!

Науан. Сердалі, сен дауласуға барып па ең! Тоқтат сауданы!

Ақан. Әне, қожаң шақырады, бар, арсаңда! Менде жауап жоқ айтар.

Сердалі. Қор боласың Ақан *(Ақан жүгіріп тасқа шығады.)*

Ақан. Ә, қоршап алып тұр екесің ғой.
Бір Ақан ба сондағың!
Ал, Ақан алдарыңда тұр.
Қара шоқпар қайсыңда бар,
Жап Ақанның басына!
Несіне іркілесіңдер!

Ақтоқты. Апыр-ау, өшіктірмесеңші,
Орайын істейік те...

Науан. Ұстаңдар деймін екеуін де! *(Қол жақындай береді.)*

Жалмұқан. Байлаңдар әрі! Өлімін өзім көтерем!

Сейіттер қарсы тұрады.

Ақан. Үймелеңдер, құзғындар,
Үймелеңдер үстіме!
Кеше төбеңде жүретін ақ иық,
Бүгін сынық қанат, алдыңда жатыр.
Қару қылар жайы жоқ.
Күштеріңді көрсетіп қалыңдар! Салыңдар қолды!

Ақтоқты. Топырақ шашасың ба бұл көпке? Қара өртке жалғыз шапқан бар ма еді, ойланайық та... Шығын сөзден пайда болып тұр ма... Бұл қамауды бұза алмайсың!

(Сердаліге.) Сердалі, аз ғана аялдай тұрсаңшы. Қолыңдамыз ғой... Берер азапты бердің, енді көзің тойғанша қызығына қарасаңшы! Тоқтата тұр жендеттеріңді! Қазір бір жөнін істейміз, амал жоқ...

Сердалі. Тез болыңдар! Айтқанға көнбеп ең, енді айрылмай бақ!

Кетеді. Қоршағандарға шегін дегендей етіп, шегіндіреді.

Ақан. Ақтоқты-ау, нені ойлан дейсің?
Қайтаратын қай жауап бар?
Бұл азапты несіне соза бересің!

Ақтоқты. Әрі ақындық, әрі бақыт
Сыймас болса бір жерге —
Заманыңның салты сол да,
Көнейік те біріне...
Тар қыспақта сынағанмен,
Тағдыр таймас, шегінбес
Көніп тұрмын әр неге де,
Сен де көн!

Ақан. Апырмау, не айтқалы келесің?

Ақтоқты. Арсылдаған көп төбетке,
Сүйек таста тым болмаса,
Мен болайын сол сүйек.
Жүрегім мен жанымды алдың.
Мәңгі-бақи бергем саған!
Құр сүлдерді бер де жібер,
Алып кетсін мәз болып.
Сен аман қал Қарауылдың елі үшін!
Мен құрбан боп аман алып қала алсам,
Арманым не қарайлайтын артыма?

Ақан. Айтпа деймін ондайды!

Сердалі. Болыңдар енді тезірек!

Ақтоқты *(жүгіріп әрі барып)*. Қазір, қазір... Болады дегендерің... *(Қайта Ақанға келіп.)* Ақтоқтының бір тілегін берермісің, серім?

Ақан. Бермеген тілегің бар ма еді, не түсті ойыңа?

Ақтоқты. Сүйгенім шын, несі мін:
Құшақтап тұрып,
Сүйіп тұрып өлейін,
Сүйіп тұрып, күліп тұрып өлейін,
Қанжарыңды бер!..

Ақан. Бұл азапты кім көріп еді, тәңірім! *(Тасқа шығады.)*

Ақтоқтым ба, қалауларың қанды топ?
Бере алмаспын қорлығыңа сендердің!
Қапылыста бүгін түссем қолыңа,
Күн айналмас, қаңсыларсың бас сауғалап ертең-ақ!
Бере алмаспын Тоқтымды!

Жалмұқан. Байлаңдар деймін, өңкей дүлей! *(Біраз жігіт Ақанды ұстай береді.)*

Ақтоқты *(жүгіріп тасқа шығып)*. Тарт қолдарыңды Ақаннан! Болды тілектерің бердім міне! *(Өзіне өзі қанжар салып құлайды. Ақан жүгіріп келіп құшақтайды.)*

Ақан. Азап! Азап! Сөнгенің бе, жұлдызым...

Бір адасып, бір түзеліп,
Бір жығылып, бір тұрып,
Өткен күнім арылмап па ең басымнан?
Бақыт деген жарқ етіп бір қалдың да,
Көзі ілеспей жоқ болдың ба қайтадан? Ақтоқтым...

Жалмұқан. жағы. Өлім... Кісі өлімі... *(Шегіне береді.)* Өлім...

Ақтоқты *(есін жиып, басын көтеріп)*. Қасымдамысың? Құтылыппыз ғой... Армансыз екенмін, серім... *(құлайды.)*

Ақан *(ұшып тұрып)*.

Көп күшіген, көп құзғындар!
Алдың зындан, артың ажал!
Аяйтұғын кімің бар?
Қансырадым көп соққыңнан,
Қара түнді қаламаймын,
Сендер де енді тыныңдар!

Өзіне қанжар салуға ыңғайланады, сырттан қатты шыққан Балта даусы келеді.

Балта. Ақан! Тарт қолыңды қанжардан! *(Көп жұртпен Балуан келеді.)*

(Балуан жылап, Ақтоқтыны қолына алады. Мәрзия Ақтоқтыны құшады.)

Балта. Қарауылдың ойы болса, қозғауға мынау өлім аз болып па? Жау қолынан бір айырып алған Ақаннан енді тағы айрылмақ па Қарауыл!

Мәрзия (*Ақтоқтыны құшақтап*). Тілегің бір мұңдасым-ай, жетіп жығылдың ба!.. Өкініш бар да, арманың жоқ, аяулым...

Балта. Налымаңдар түге, Қарауылға түгел қайғыртармыз Ақтоқтының өлімін. Алыспай жатып жығыла кететін бе едің! Ақан басына тиген шоқпар ел, Қарауыл сенің басыңа тиеді! Кәне, қайсың қалар екесің үйіңде!

Ақан. Баста, Балта аға! Қара жарға соқтықтым деп, тая соғып, тізгін тартқан жерім жоқ. Тасқа салсам мұқалмайтын найзамды ел кегіне суарып бер. Сол кегіңді ту етермін енді қалған жасыма! Тарт Құлагерді көлденең! (*Бәрі Ақтоқтыны көтеріп алып кете береді.*)

Шымылдық.

АМАНГЕЛДІ

4 перделі, 9 суретті тарихи драма

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Амангелді
Жайпақ — ер жігіт, кейін атты әскер әскадронының командирі.
Мұңайтпас — қойшы, кейін взвод командирі.
Тәуке — қарт адам.
Кете — ескі батыр.
Бану — Кетенің немере қарындасы, Кенжеғараның қалыңдығы.
Михаил Пластунов — Қарсақбайда айдауда жүрген адам, кейін ревком бастығы.
Петр Логинов — майданнан қайтқан офицер.
Алексей Логинов — Ояз бастығы, Петрдың ағасы.
Жапар — ру басы, бай адам.
Тымақбай — атқамінер.
Әрелдік — Қарсақбай кожасы болған ағылшындардың подрядчигі.
Зілғара — «Алаш» адамы.
Кенжеғара — «Алаш» жасы.
Байқара — Тілмаш.
Фон-Әверсман — Торғай облысының генерал-губернаторы.
Байтас — болыс.
Дробилин — пристав.
Болыстар, урядниктер, сарбаздар, әскерлер, халық.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ СУРЕТ

Қала, базар алаңының бір шеті. Бір топ жұрт, ішінде Тәуке, Жайнақ бар. Күңіреніп шеркеу қағылады. Қатерлі үн жұртты еріксіз сескендіргендей.

Жайнақ. Қонырау біткені қосыла әндетіп, неменеге ұлып кетті бұл!

Тәуке. Уақытсыз шеркеу күңіренсе, жай болмайтын. Бәле бар-да келе жатқан.

Жайнақ. Ия, мәз-мәйрамның үні емес мынау.

Жұрт. Қала дір ете қалғандай...

— Әне жүгіріс басталды! *(Урядниктер көрінеді.)*

Урядниктер. Ақсақалдар, билер, ауылнайлар, болыстар! Ояздың үйіне, ояздың үйіне! Ұшыңдар, ұшыңдар!.. *(Кетеді.)*

Тәуке.. Е, келіпті айтқаным, жай болмады бұл.

Жұрт. Қой, кез бен қадаққа апарып қалғанымызды қағып берейік те, қайталық елге қарай. Бір бәлесіне ұрынып қалармыз.

Тәуке. Қағатының қалса, бар. Біз қағылып болдық.

Әрелдік келеді.

Әрелдік. Сендерге осы керек. Малдарыңды ағылшын дүкеніне өткізіңдер, екі есе қымбат айналады деп айтып па ем, айтпап па ем, айтқамын! Шоқ, шоқ, шоқ!

Тәуке. Түймесіне түйенің құнын алатын ағылшыныңды айтамысың сен? Қарсақбай маңының ақсүйек болып қаусап қалғаны әлі аз болып жүр ме саған?

Әрелдік. Құдайдың жұтын ағылшындардан көремісің?

Тәуке. Құдайдың жұты анда-санда бір келсе, ағылшындарың күнде тонап жатқан жоқ па? «Ақ қылшықтың құлқыны!» деген атақ жай тарап кетті деп пе ең ел ішіне. Ендігі арманымыз сенің обыр ақ қылшығың болып па? Оттағаны несі екен!

Әрелдік. Жатқаныңнан тұрма ендеше! *(Бірнеше жігіттер жүгіріп өтеді.)*

Жігіттер. Қара мұртты, шоқша сақалдыларың айналмаңдар, қашыңдар қаладан! Қашыңдар!

Жұрт. Не дейді, не дейді?

Тәуке. Сақал-мұртқа келген қай бәлесі еді!

Петр көрінеді.

Жігіттер. Әне келе жатыр бірі! Қашыңдар! *(Жұрт тарап кетеді. Жалғыз Тәуке қалады.)*

Петр. Ау, ау!.. Жігіттер, жігіттер!.. Тұра тұрыңдар! Бұл немене? Неден шошынды бұлар?) *(Тәукеге.)* Ақсақал, мына жұрт неден қашып барады?

Тәуке. Біле алмадым, төрем... Жай емес шығар, бір себебі болады да.

Петр. Ол не себеп?

Тәуке. Оны айтуға менің тілім жетпейді, шырағым. Ол — әкем бастап, мен қостап, балам әрең аяқтап шығатын ұзақ сүре ғой...

Петр. Мүмкін... Мен де талай естігемін, көргемін өз көзіммен... Сіз Амангелдінің қайда жүргенін білмейсіз бе? Өте бір керегі бар еді маған. Ол өзі келіп пе еді базарға? Үш күн іздеп таба алмай жүрмін...

Тәуке. Амангелді?.. Мен оны танымайтын едім, төрем...

Петр. Жоқ, сіз тануыңыз керек. Оны білмегеніңіз ұят болады. Онда сіз бұл далада Амангелдіні білмеген жалғыз адам болып шығасыз. Сіздей кедей адамға ол ұят емес пе?

Тәуке. Мен түсінбей қалдым білем, шырағым.

Петр. Қорықпаңыз, ақсақал. Жасырмай-ақ қойыңыз. Амангелді менің досым болады!

Тәуке. Досым?

Петр. Иә, досым. «Батпақ-Қараның» жағасындағы

қамыс күркеде Амангелді екеуміз айлап бірге жататын едік. Құс атушы едік... Өзіңдей шалдармен талай күнді бірге батырып, талай таңды бірге атыртушы едік.

Тәуке. Бәрібір, тани алмадым, балам... Павла ма, Петра ма, бір жақсы жігітті білуші едім елге келе беретін. О да өзіңдей төре, осы мына ояздың інісі болатын. Әйбәт жігіт еді! Ауылға келіп ауылнай-болыстар дығыр орната ма, пристоп, урядниктер келіп шаңымызды қаға ма, бәріне ара түсіп, айырып алып қалушы еді. Тіпті туған ағасы ояздың аузынан да талай бейбақты тартып алып қалды. Жігітім-ақ еді! Ол көптен көрінген емес. Соғысқа кеткен. Сені көрген емеспін.

Петр. Мүмкін, сол көрген Петраң мен болармын? Ұқсамаймын ба, тіпті?

Тәуке. Жоқ, ұқсамайсың. Самайыңа ақ кірген, өзің жүдеусің... Ол ақсақ та емес-ті.

Петр *(күрсініп)*. Дұрыс айтасың, ақсақал... Ол Петра ақсақ емес-ті. Самайында ағы да жоқ еді. Дені сау, уайым-қайғымен жұмысы жоқ, күрсінуді білмейтін, парықсыз болатын. Енді міне, екі жыл герман соғысында болды да... өзгеріп қайтты... Өзіңдей шалдар мені ылғи «өзіміздің Петра» деуші еді, енді танымай қалатын болғаны да?

Тәуке. Апыр-ау, сен сол өзіміздің Петрамысың?

Петр. Сол шығармын деп ойлаймын.

Тәуке. Тура содан бастап, жүгір десең еттің Амангелдіге!

Петр. Солмын, сол Петрамын, қарт.

Тәуке. Ендеше, қазір келеді Амангелді! *(Жүгіре жөнеліп, тоқтап.)* Би-төренің арасында айырма жоқ, ақ төбет пе, қара төбет пе, бәрібір төбет дейтін өздерің, Амангелді екеуің болатынсыңдар. Сені де солардың біреуі ме деп қалып ем, балам. Өкпелемессің бір шалға! *(Кете беріп, тағы тоқтап.)* Амангелді әркімнің өз жалғызындай, оны жаман көзден бәріміз де қорғай жүреміз, балам. Шалдың онысын да кешерсің!

(Кетеді.)

Петр. Жоқ, Петр қаталаспапсың! Даланың билері мен қаланың төрелерінің арасын осындай шалдар да айырмайтын халге жетсе, ол аз олжа емес. Ақ төбет, қара төбет, бәрібір төбет деген жаңағы шалға оңай сөз бе еді! Қарапайым қазақ осыны айтса, көрген қорлық, тартқан азабың босқа кетпеген екен, сорлы дала!

Амангелді келеді.

А м а н г е л д і. Ау, Петрамысың? Аманбысың, досым! Қашан келіп қалып едің?

П е т р *(қол алысып жатып)*. Аманмын, мерген. Он күн болды келгелі, сонан бері сені іздеудемін.

А м а н г е л д і. Жақсы, жақсы, Петра... Демалыс шығар?

П е т р. Біржоланың өзі болар деймін... аяқты бердім.

А м а н г е л д і. Аяқты?

П е т р. Ия, аяқты. Төртінші жылы жапондар бір жаралап еді, енді міне он екі жылдан кейін немістер біржолата құртты білем.

А м а н г е л д і. Сен мақтау алып, жақсы соғысып жүр деп есітуші едік...

П е т р. Соғысып жүргенде жақсы едім, соғысқа жарамай қалған соң білдім кім екенімді.

А м а н г е л д і. Иә?

П е т р. Ешкімге керек емес екемін!

А м а н г е л д і. Мұның бір біз ұға алмайтын сырың болар...

П е т р. Өзім де ұқпаймын. Алтын иықтар маған ұнамайды, мен оларға ұнамадым. Әйтеуір бір бітімсіз кірбең кірді арамызға... Екі жыл соғыста болғаным ескі үміттерді біржола кесіп, түңілтіп қайтарды. Қандай мол күшті құнсыз етіп, қор етіп, құртып жатырмыз! Сенің намысың келсе, еліңнің атағы мен даңқы үшін намыстанайын десең, сен бір құбыжық, қыңыр адам саналасың. Кімдер, кімдер десеңші соны істейтін?.. Жалынсыз, жансыз, азғындар ғой! Майданда еліңнің атағы мен даңқы аяққа басылып жатқанын көруден ауыр не бар дейсің!.,

А м а н г е л д і. Петра, біз ақ патшаның сүйікті құлымыз ғой, мұндайыңды бекер айтасың бізге...

П е т р. Мен Амангелдіге айтып тұрмын. Солай емес пе? Әлде баяғы Амангелді жоқ па енді?

А м а н г е л д і. Баяғы Амангелді — Амангелді, Петра... Даланың құлағы да ашылған осы күні. Айта бер. Ал, мені іздесең, елге жүр, қымызға шық. Баяғыдай қатар тұрып, құс атайық.

П е т р. Жоқ, Амангелді... Ол құмардан айырылыппын біржола. Торғайдың жағасына бір шығыр орнатып аламын да, қауын-қарбыз, тары егемін... Міне, мылтықтың бір әулиесін түсіріп алып ем, енді сатқалы тұрмын. Шығыр орнатуға ақша керек. Көрші өзің! *(Әдемі қабынан алып, Амангелдіге мылтығын береді.)*

А м а н г е л д і. Пай-пай-ай!.. Қанды ауыздың өзі екен! Өнерлегенін-ай өзін...

П е т р. Айтпа деймін. Мүлт кету дегенді білмейді.

А м а н г е л д і. Жақсы екен, Петра, жақсы екен! Бір мергеннің арманы осындай-ақ болар.

П е т р. Саған арнап жасалғандай. Өзі де сені күтіп тұр, сен ал. Алеша да жабысып бағып еді, өкпелесе де бермедім. Соғыс құрғырдың салты сол ғой, елде қалған төрелер жиһаз жинайды. Алеша әшейін іліп қойғысы келеді. Сен ал. Маған шығыр орнатуға ақша керек.

А м а н г е л д і. Сені білмейтін кім бар бұл маңайда. Шығырды біз-ақ салдырып берейік. Сатпай-ақ қой мылтығыңды, өзің ұста.

П е т р. Жоқ, ол бір мен қабылдай алмайтын дәстүр ғой, Амангелді. Сатамын.

А м а н г е л д і. Бұрын мылтығыңды көріп беруге қол тигізбейтін едің, мынаны қалай қиып сатасың? Жүр, елге шық. Біраз қаз атып қызығын көр.

П е т р. Мен бір қызығары қалмаған адаммын, Амангелді. Қыңыр адам осылай құлайды емес пе! Осы күні түкке қызыға алмаймын...

А м а н г е л д і. Ылғи бір астармен сөйлейтін болыпсың, Петра... Мен сені әрең-әрең танып тұрғандаймын.

П е т р. Үйкүшік боларын сезінген қазымыр жанның дәрменсіз қыжыртуы да әшейін... басқа не бар дейсің... Кәне, тос алақаныңды.

А м а н г е л д і. Е, баяғым еске түсіп, алақан соғысқалы тұрмын де!

П е т р. Енді қалай! Базары болған соң, саудасы да болад та? Тос алақаныңды.

А м а н г е л д і. Ал, тостым.

П е т р *(соғып қалып)*. Екі жүз!..

А м а н г е л д і. О, алақаның баяғысындай екен! Бірақ, менің қалтама бір жүзден артық ақша түсіп көрген емес қой, бір жүз!.. *(Бұл да соғады.)*

П е т р. Міне, міне, баяғы мүйіз алақан!.. Жүз де тоқсан тоғыз! *(Соғады.)*

А м а н г е л д і. Жүз де бір...

П е т р. Жүз де тоқсан сегіз.

А м а н г е л д і. Жүз де екі.

П е т р. Жүз де тоқсан жеті.

А м а н г е л д і. Жүз де үш...

Жайнақ жүгіріп келеді.

Жайнақ. Қара мұрттың, шоқша сақалдың қаш қаладан, қаш! Ұсталасың қазір, қаш!. .Сені іздеп жүр ана жақта! *(Кетіп қалады.)*

Петр. Бұл немене?

Амангелді. Біле алмадым... Сақал мен мұртқа бір кезек келген сияқты.

Петр. Немене?

Амангелді. Менің ұққаным — қашу керек...

Петр. Мына жақ қашқан мен қуанға толып кетіпті. Ойын ба, немене бұл?

Амангелді. Ие, ойын болар... *(Дробилин келеді.)*

Дробилин. Киргиз, атыңды бер!

Амангелді. Неге, танып тұрмысың?

Дробилин. Атақты Амангелді қашып кетті.

Амангелді. Амангелді қашты?

Петр. Кім, кім?

Дробилин. Атақты жолбасар Амангелді дейтін.

Амангелді. Е, ол неге қашада?

Дробилин. Ояз начальнигінің үйін өртеп жатқанда ұстап алғанбыз...

Амангелді. Қызық екен...

Петр. Қашан, қай күні?

Дробилин. Өткен түні!

Петр. Бұдан гөрі сорақырақ ешнәрсе келмеді ме бастарыңа?

Дробилин. Немене?

Петр. Жала! Кет бұл маңайдан!

Дробилин. Немене? Сен не үшін кірісіп тұрсың осы араға?

Петр. Ұят үшін, Россияның елі үшін?

Дробилин. Сен өзің кімсің осы?

Петр. Капитан Петр Логинов!

Дробилин. А!.. Капитан Петр Логинов!.. Сен әйтіп көкіме ендеше! Мен ептеп білемін жайыңды: армиядан ақсақтығыңнан ғана босаған жоқсың!..

Петр. Ол сенің жұмысың емес.

Дробилин. Сенімсіз болған соң, менің қарауыма қуылып келдің.

Амангелді. Өй, саған керегі ат емес пе еді? Менімен сөйлессеңші.

Петр. Кет маңайымнан!

Дробилин. Сен маған бұйыра алмайсың. Тәртіп сақтау менің қолымда. Киргиз, атты әкел!

Амангелді. Жоқ, бере алмаймын.

Дробилин. А, бермеймісің! Ендеше атыңның қағазын көрсет! Ұрланған ат екеніне бәс тігем. Көрсет қағазыңды!

Амангелді. Қазақ малында қағаз болмайтынын өзің де жақсы білесің, жоқ қағазы.

Дробилин. Жоқ па қағазы? Жоқ! Бері әкел атты. *(Жармасады.)*

Амангелді. Жармаспа! Мен оңай бере алмаймын атымды. Басқалармен ойна!

Дробилин. Жоқ, бересің! *(Екеуі таласады.)*

Амангелді. Қоймадың ба! *(Дробилинді көтеріп алып, жерге дік еткізіп отырғызады.)* Қой енді!

Дробилин. Қарауыл, қарауыл! *(Алексей Логинов келе жатады.)*

Петр. Сол керек саған! Ендігәрі көрінгенге соқтықпайтын бол! Қазір мен сені ояздың алдында масқаралаймын!..

Дробилин. Кешіріңіз, капитан!.. Өтінемін...

Петр. Ендеше, жөніңді біл, шығарма үніңді! *(Амангелдіге.)* Сен бара тұр, мерген, бір айналып соғарсың. *(Амангелді кетеді, урядниктер бір топ адамды айдап әкеледі, Алексей Логинов келеді.)*

Дробилин *(честь беріп)*. Амангелді деп шүбәланған адамның тоғызы ұсталды да, екеуі-ақ құтылып кетті, господин ояз начальнигі.

А. Логинов *(қабағын шытып)*. Жетті...

Петр. Бұл ұят, Алеша... Босат бәрін де!

А. Логинов. Сен ешнәрсеге түсінбепсің, Петя!..

Петр. Көзім көріп тұрған жалаға да түсінбеймін бе?

А. Логинов. Әңгіме онда емес... Басқада...

Петр. Солай де!

А. Логинов. Байтас болыс қымыз әкеліпті, сен үйге баршы, Петя...

Петр. Жоқ, мен аяғына дейін көргім келеді.

Айдалғандар. Мырза-ау, қара мұртты, шоқша сақалдыны шетінен ұстаған деген не сұмдық бұл?

— Құдайдың берген сақалына да айыпты болғанымыз ба?

— Күзеп-ақ алыңдаршы құрғырды!

А. Логинов. Жә, тоқтатыңдар сөзді. Маған бір-ақ адам керек.

Айдалғандар. Е, алыңыз қай ұнағанымызды, алыңыз...

А. Логинов. Амангелді қайсың?

Айдалғандар. Амангелді ме керегің? Амангелді екеш ғой!..

А. Логинов. Қайсың деймін Амангелді?

Айдалғандар. *(бірінен соң бірі).* Е, менмін Амангелді.

— Менмін Амангелді.

— Менмін Амангелді...

А. Логинов. Енді түсіндің бе?

Петр. Өзің түсінсең, мен түсіндім...

Жайнақ. *(алға шығып).* Кешіріңіз мырза... бұлар достықпен мені арашалап тұр. Менмін Амангелді.

А. Логинов. Жоқ, сен болмауың керек... Сенбеймін саған.

Жайнақ. Сеніңіз, менмін Амангелді.

Петр. Осы, осы! Мен танимын ғой оны. Осы! *(Екі Логинов қарасады да, түсініседі.)*

А. Логинов. Жә, сен босаң, сен шығарсың... Ұстаңдар, әкетіңдер ананы! Босансын өзгелері! *(Жайнақты айдап әкетеді. Басқалары тарайды.)*

Петр. Не деген ұят, не деген масқара, Алеша!

А. Логинов. Петя, менің жұмысыма осы соңғы рет араласуың болсын. Либералдық пен уезд начальнигінің міндеті деген екі басқа нәрсе: туысқандығыңды салмақ етпе маған!

Петр. Қолдан қылмыс жасаттырма ендеше! Бұл өгей ел емес, туысқан ел! Россия! Жала жаптыруға қалай бардың сен? Үйің қашан өртеніп еді, Амангелді қашан ұсталып еді?

А. Логинов. Ол одан үлкенді істейді әлі!

Петр. Соны істететін сендер боласыңдар! Есіңде болсын осы айтқаным...

А. Логинов. Қандай күндер келе жатқанын ұқпайсың сен! Әдейі ұқпай жүрме бірақ!

Петр. Ұқсаң, ол күндердің аты — соғыс. Босқа қырылып жатқан — орыс солдаты. Күліп отырған — жау. Ұмытылған, аяққа басылған — Суворов пен Кутузов дәстүрі! Елдің басын біріктіре түсер уақытта сына қағып отырған — сендер! Жала да жаза, осыдан басқа білерің бар ма сенің? Заңсыздықты заң қолымен істейсіңдер! Мен сенің есіңе орыс офицерінің ар-ұяты дегенді салғым келеді!

А. Логинов. Оның орны бұл дала емес... Дегенің болды, осымен тын енді. Мен білмей тұр деймісің, алып қалдың Амангелдіні. Мен оны осы жолы кісенге отырғызуым керек еді. Сене салғаныма рақмет айтсын! *(Амангелді келеді).*

Амангелді. Жоқ, мен рақмет айта алмаймын сізге. Кісенделуге тиісті болсам, аямаңыз.

А. Логинов. А, сен бе едің Амангелді!

Амангелді. Менмін. Бір ғана сұрауым бар, соныма жауап беріңіз де, кісендей беріңіз: он жыл соңыма түсіп келесіз, сонда жаладан басқа бір қылмысың бар деп айта аласыз ба? Ар-ұятты айтып тұрсыздар, айтыңызшы бар деп!

А. Логинов. Қылмыс!.. Қылмыс деген арзан ғой ол... Сен одан қымбатқа түсіп жүрсің бізге. Болыс, билер ылғи арыз етеді үстіңнен. Жай ма соның бәрі?

Амангелді. Болыс, билердің үстінен кімге арыз етеміз?

А. Логинов. Мен сені неше рет шақырттым, неге келмедің? Достасуға шақыртпап пе едім!.. Достаса қалсаң мен сені он болысқа айырбастар ма едім!..

Амангелді. Әуелі достық белгілерін көргім келді.

А. Логинов. Өзің неге көрсетпедің оны?

Амангелді. Іздедім, таппадым.

А. Логинов. Достық деп танырлық ешнәрсе істелмеп пе?

Амангелді. Ел үшін істелмепті.

А. Логинов. Ел үшін дейсің, ә?

Амангелді. Ие, ел үшін, қалың бұқара үшін.

А. Логинов *(Петрге)*. Енді түсінген шығарсың! Бұл келмейді келісімге!..

Петр. Меніңше, бұл дұрысын айтып тұр.

А. Логинов. Мен сені қазір де достыққа шақырамын. Не қалайсың, айт, орындауға серт етем.

Амангелді. Менің сізден түк қалауым жоқ. Не қалауың бар деп қара үйлі қалың елден сұраңыз!

А. Логинов. Жоқ, Петя, келісім бола алмайды мұнымен! Өзің де сақтан, Петя! Заң орталықта шығады да шетке шыға қатая береді! *(Ызғарлы кетеді.)*

Амангелді. Петра, көзіңмен көріп тұрсың, айыбымыз не біздің? Кімге айтамыз, кімге шағамыз?.. Ылғи бір қорлау, ылғи бір зорлық. Адамбыз ғой біз де? Осы біз бөтен елміз бе? Өзімізді өзіміз неге тістелей береміз? Ме-

німен достас та, еліңе қастық істес, әйтпесе жауымсың дейді. Мұның атын не деуге болады?

Петр. Назаланба, мерген! Россия жалғыз Алексей Логинов емес. Ұлы ойы, үлкен жүрегі бар, сен соған сүйен! Сеніп сүйен. Қолыңды соған соз! Алдыңда бір асу тұр. Алешаның жан таласып жүргені де сол. Менің сені он күн бойы іздеп жүргенім де сол. Ол мынау патша жарлығында! *(Жарлықты береді.)* Оқы да, түсін, түсін де ойлан!

Амангелді. Патша жарлығы? *(Жарлықты ашып оқи бастайды.)* Бір мың тоғыз жүз он алтыншы жылы, жиырма бесінші июньде... ұлы мәртәбалы патша ағзамымыз...

Петр. Алеша қазір төбеттерін жібереді саған. Ұстатады сені. Ал да, жөнел. Оқырсың оңашада... *(Ысқырық естіледі.)* Жөнел тез! Арғы күні мені «Батпақ-Қарада» күт!

Амангелді. Әкел қолыңды! Қош! *(Қол алысады. Тез кетеді. Дробилин, урядниктер келеді.)*

Дробилин. Қайда жаңағы қазақ? Сол екен ғой Амангелді?

Петр. Мен саған ол емес дегенім бар ма еді?

Дробилин. Қайда кетті деймін мен?

Петр. Бері келші, бері... Желді даладан ізде дейтін мақалды білетін бе едің? Іздей бер сол даладан!..

Шымылдық.

ЕКІНШІ СУРЕТ

Түн. Көл жағасы. От басында жалғыз Амангелді.

Амангелді. Бір мың тоғыз жүз он алтыншы жыл, жиырма бесінші июнь... Біз, екінші Николай... Высочайше — жоғарыдан, повелеваем—әмір етеміз.. Әлдеқайдан аспаннан әмір еткендей, ә? Сонша жоғарыдан берген әмірді жердегі құлың ұрына қойса жақсы-ау! Жә, ар жағын оқып көрелік... Инородцев — бұратана, бұралқы халықтарды... Өз еліңде, өз жеріңде отырып, бұратана, бөтен атанамыз, ә? Бөтен!.. Өзіміздің Ресей халықтарының бірі — қазақты, түрікпенді, қырғызды деуге қорлана ма екен? «Ойда орыс, қырда қазақ болып отырған халықтармыз» дегенді ақ патшамыз ғана естімепті! Жақсы, жақсы, бұратаналар майданға шақырылатын болыппыз... Селебеге айдалатын малдай топтап айдап, наратпен жөнелтілсін депті... Бірақ

үлкеннен үміт етпеңдер, әскерге емес, қара жұмысқа деп айырып жазыпты. Баяғы сенбеу, бір сенбеу, қалыпты сол күйінде. Қару-құралға жақындатпапты. Тым болмаса осындайдың үстінде сен де осы Отанның бір ұлысың десе ғой, бұл жолы қорламаған екен деп қаламыз! А, қорламайтындары да бар екен. Би-болыс, молда-қожаларды ұмытпапты; оларға қадір-құрмет, айырықша сенім көрсетілсін депті!.. Сүйенерің солар, сорлатарың қалың қара бұқара екенін біз де жақсы білеміз. Екі жүз жыл бойында бізге берілген жалғыз сабақ сол ғой. Ұғыппыз ол сабақты! Ұқпасаң, өзің өкінерсің! *(Ойланып.)* Неткен жарығы жоқ, жылуы жоқ заман бұл! Қандай ауыр, қандай қараңғы түн. Сенің таңбаң түспеген бір нәрсеміз болсайшы. Желкең — жауыр, ойың — тұтқын, неткен болымсыз енші едің!.. Бір басыңда неше бұғалық, неше ноқта! Жоқ, ұшқынды өзің тастапсың, өрт боп кетсе, өкпелеме далаға!.. Мына бір сөзі немене болды екен? Іші толған бәледен икемге келмеуін көрдің бе... Реквизиция... Реквизиция дейсің, ә?

— Рәсри кәпқа сәкін — рек, би асын би — рекби, зи асын зи — рекбизи, тиге сәкін — рекбизит, сын асын сый ясия — рекбизиция!.. Уһ! Бір-ақ ауыз сөз, жыланның омыртқасын санағандай, мүшелеп, әрең оқып шыққаным. Жалғыз сөзді жарты күн ежелетіп қойған кім десеңші. Кім инемен құдық қаздырып қойған? Несі оқу, қай жері оқу мұның? Осы ғой біздің бір тас қамау! Сенің де қараң батар әлі!.. Реквизиция дейсін, ә?.. Айналайын дегені болса ашып-ақ жазар еді, ол жобаға жанаспас... Уай, сен бе едің бұл даланың жалғыз көрмегені!.. *(Пластунов келіп Амангелдіге қарап тұрады.)* Өрт боп жанғалы далам тұр, ұшқын боп түссең болғаны! *(Жарлықты отқа тастап жібереді.)*

Пластунов. Тоқта, салма отқа!

Амангелді *(атып тұрып)*. Кешігіп қалыпсыз, мырза... *(Сенбей қарайды.)*

Пластунов. Мен кешіккен жоқпын, сен босқа асығыпсың!

Амангелді. Сізге керегі менің асықпауым ба еді?

Пластунов. Тап осы жолы соның еді.

Амангелді. Онда қаталасыпсыз...

Пластунов. Жоқ, мен қаталасқан жоқпын, жолдас Амангелді.

Амангелді. Жолдас?!..

Пластунов. Ия, жолдас. Жолы бір адамдар жолдас аталады емес пе?

Амангелді. Жолдас! Жақсы сөз! Жат сөз емес, жақын сөз! Бірақ, бірінші рет естіп тұрғандаймын. Қазақ даласының естімеген сөзі сияқты...

Пластунов. Көріктен өтіп, балға мен төс арасында туған сөз!

Амангелді. Сіз мені кім деп тұрсыз?

Пластунов. Іздеп келген жолдасым деп тұрмын.

Амангелді. Мен сені кім деуім керек?

Пластунов. Іздеп жүрген жолдасым Миша Пластунов дейсің.

Амангелді. Ондай жолдас бұл күнге дейін неге кездеспей жүрген?

Пластунов. Іс кезеңін күткен шығар... Кезеңі келді, кездесті міне!

Амангелді. Жұмбақтамағанда?

Пластунов. Түндегі от алыстан көрінеді, Амангелді. Сенің қамыс арасындағы әлсіз отың жер астындағы жұмыскерлерге де көрініп тұр. Мені саған еңбек жұрты, Қарсақбай жұмыскерлері жіберді. Даланың досы жалғыз Петр Логинов емес... Ол аздау болар еді.

Амангелді. Петр Логиновты біледі екенсіз?

Пластунов. Ол түгіл өзіңді де жақсы білемін. Петр қалада керек болып қалды да, мен өзім келдім. Әдейі іздеп сөйлескелі келдім.

Амангелді. Аз сақтыққа, көп кешірім сұраймын, жолдас Миша, Жоғары шық, отыр... Бір Логинов досым бар да, бір Логинов жауым бар. Маған осыны түсіну де оңай болып жатқан жоқ.

Пластунов. Логиновтарды жақсы атадың, Амангелді. Бірі мәңгі досың да жолдасың. Бірі мәңгі жауың: Орыстың елі мен патшасы — бірі дос, бірі жау, екі дүние екендігі осыдан да көрініп тұрған жоқ па? Патшасына қол көтерсең, еліңе қолыңды арт, осы ғой сенің ұғынарың!

Амангелді. Соның жолын табу да оңай болмай жатыр-ау, жолдас Миша. Ол болашақ жолы ғой.

Пластунов. Ол жолды бізге біреу салып бере ме? Өзіміз саламыз, бірге саламыз. Оның кезеңі де енді келді. Қазақтың байлары мен билеріне әкелетін жолды патшалар әлдеқашан салып алды. Біз өз жолымызды өзіміз саламыз. Сенің отың Петербургқа да көрініпті... Сол жолды салысуға Петербург саған қолын созады.

Амангелді. Петербург қолын созады? Сен әлде сол Петербургтан келдің бе?

Пластунов. Ия, ия Петербургтан... Дәлірек айтсам, атақты Путилов заводынан. Он жыл болды келгеніме. Содан бері Қарсақбайдамын. Ағылшындарды байытып жатырмын...

Амангелді. Ия, ия?..

Пластунов. Патшаға қол көтергелі отырған бірінші адам мен екенмін деп ойлама сен! Біз мың тоғыз жүз бесінші жылы ту көтеріп шыққамыз. Жетер қанымызды соруың, тарт қолыңды дегеміз патшаға! Әттең, не керек, алтын тақ шайқалды да, құламай қалды.

Амангелді. Ия, ия?

Пластунов. Сол үшін көп жұмыскерді патшамыз жер аударып жіберді емес пе, Миша соның бірі.

Амангелді. Солай еді де!..

Пластунов. Солай, Амангелді. Жолымыз бір жолдаспыз деп жай айтқаным жоқ мен саған әлгіде. Сен біздің туымызды көтергелі отырсың.

Амангелді. Бізге жазығым не, күнәм не деп сұрауға болмайды, ә?

Пластунов. Кеше сен ояз начальнигінің қолына түсіп қалсаң, күнәм не деп өзің сұрай алар ма едің, жазығың мынау деп ол айта алар ма еді! Маған ұсап, айдалар да кетер едің. Бірақ отың сөнбес еді. Солай емес пе?

Амангелді. Мүмкін...

Пластунов. Ал даланың демалысы қалай?

Амангелді. Дала өрттей лапылдап, өзендей тасығалы тұр еді, ұшқынды патшаның өзі тастапты. Бірақ, өрт ыққа қарай жанады, өзен ойға қарай ағады ғой. Өртті желге қарсы, өзенді өрге қарсы айдайтын күш керек.

Пластунов. Ол күш сенің қолыңда емес пе?

Амангелді. Дала жалғыз өз қолыңда ма?

Пластунов. Жалғызбысың сен? Біз не үшін келдік саған? Құр қол келіпті деп те ойлама! Россия теңіздей шалқып, шірене толқығалы келеді. Тек сен үніңді қос!

Амангелді. Онда дұрысы — біздің қолда деген болад та?

Пластунов. Әрине, солай! Ал, ертең Торғайға генерал-губернатор Эверсман келеді. Петрдың қалада қалғаны да соған байланысты. Губернаторды далаң қалай қарсы алар екен?

Амангелді. Генерал-губернатордың өзі келе ме?

Пластунов. Ия, өзі келеді. Ол үш болыс қазақ елін

жинап қой деп, оязға әмір беріпті. Осы жиын қалай өту керек деп ойлайсың?

А м а н г е л д і. Ойды оқиғаның өз-ақ туғызып жатыр, жолдас Миша. Көрерміз. Оған дейін сен маған реквизиция деген сөзді түсіндір, мен оны губернатордың өзіне түсіндіріп көрейін!..

П л а с т у н о в. Ә, Жарлықты айтамысың!.. Жүр, оны ел ішіне барып түсіндірейік!

Екеуі кете береді.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ СУРЕТ

Дала... Құрылған стол, мінбер... Абыржып жүрген жұрт.

Ж ұ р т. Апыр-ай, алдының тарын-ай!.. Қыл көпір дегенің осындай-ақ болар...

— Жанарал келсе, жан алар деп жай айтты деймісің!

— Жалаң қылышын мойныңа салып қойып, үш сағатта жауабыңды бересің деді-ау!

— Апшыңды қуырып тұрып, көндік дегізгісі келед те!

— Жанарал деген жарты патша деп дұрыс айтылған ғой, біздің батпандай-батпандай болыс-билеріміз етігінің қонышына кіріп кете жаздап жүр.

— Ия, біреуі бір қыңқ ете алған жоқ.

— Сен немене, жанаралға солар қарсы болады деп келіп пе ең? Аузың бар, айт өзің!

— Мен айтатын кезең де келер еді.

Урядниктер мен Дробилин шығады.

Д р о б и л и н. Әрі қарай..! Әрі қарай!.. Дабырламаңдар бұл маңайда! Кетіңдер! *(Жұрт кетеді. Қасында Тымақбай мен Жаңабай бар, булығып күліп Байтас келе жатыр.)*

Б а й т а с. Өлтірдің, күшік, өлтірдің!.. Айтпа, ойбай, айтпа!

Ж а ң а б а й. Құдай тек күлуге жазсын, құрдассың ғой, күле бер, Байтас, бірақ, осынымды істеп бер, ағатай.

Б а й т а с. Күшік-ау, он бес дегенің ретке келмейді ғой, тіпті. Он жеті десеңші, тым болмаса!

Жаңабай. Он жетің екі жылдан кейін ілегіп кеткелі тұр деп, Ашамай бақсы күнде қақсап отырған жоқ па!..

Байтас. Ендеше, сақалың қауғадай қырық бес де!

Жаңабай. Қырық бес қауыпта тұр депті. Он бес көрінеді қауыпсызы.

Тымақбай. Жаңабай бұрыс айтады, Байтас. Айтқанын істеп бер. Он бесте болса, он бесте ақ болсын, Қыпшақтағы екі үлкен үйдің бірінде отыр ғой қалқиып...

Жаңабай. Жалғызбын ғой, бауырым-ау, жалғызбын ғой...

Байтас. Ей, қой енді, жыламай. Жарайды, бүгіннен бастап он бестесің, он бестесің, сақалды бала.

Жаңабай. Болды, бауырым, болды. Көк жорғаны қостым жылқыңа... Сен мін, игілігіңе мін! *(Кетеді.)*

Тымақбай. Байтас, қашаннан бері баталас едік, дәмдес едік... Жалбағайдың аруағы шығар менің де бүйтіп атқа мініп жүргенім. Менің әлгі Сары дейтін балам он тоғызда тұр ғой...

Байтас. Жігіт болып қалған екен ғой...

Тымақбай. Е, жігіт болып қалды... Менің былтыр ұзатқан қызымның аты Сара болатын... білуші ме едің?

Байтас. Е, білем ғой, білем ғой Сараны...

Тымақбай. Сол Сара мен Сарының атын ауыстыра қойсаң деймін... Жаңағының он бесте боламын дегенінен ұят емес шығар мұным. Сен күлме, мен күлгенді жақтырмайтын адаммын.

Байтас. Апыр-ау, осындайларыңды өзіме-ақ тапсыра салсаңдар болмай ма осы? Өзім ретке келтірем ғой, жұртқа күлкі болып не керек?

Тымақбай. Жоқ, сен жұмысың көп болыссың... Өзіміз реттеп әкелмесек, қайсыбіріне орын тауып бере бересің! Сөйт, Сары болмай-ақ Сара болсын да, қыз былсын. Бір-ақ әріп қой өзгертетіні. Рәсри болып — Сары болып тұр еді ғой, рәсіре қыла қойсаң, Сара болады да, шыға келеді...

Байтас. Кешке бір оралып соқсайшы біздің ауылға, табармыз ретін.

Тымақбай. Е, болды енді, болды. Мен әлгіге ұсап ат берем десем ұят болар, дәм-тұзымыз айырылмасын. Кеттім ендеше. *(Кетеді.)*

Байтас. Мынаның өзі күлкі де болайын деп тұр-ау сірә. *(Әрелдік келеді.)* Ия, ағылшыным?

Әрелдік. Болысекесі, ағылшындармен ойнай да берме бұдан былай. Біздің жұмыста деген қағазы бар адам босанатын болыпты мынадан. Ондай қағаздың маған соқпай кетпейтінін түсінетін шығарсың!..

Байтас. Қойшы, ей?

Әрелдік. Жалғыз несібелі ауыз өзім ғана деп жүр ме ең?

Байтас. Өй, бәріміздің сен асыратын болдың ғой онда. Кел, бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығаратын болайық...

Әрелдік. Ендеше, бері жүр... *(Бұлар кетеді, үлкен топ келіп отырады).*

Тәуке. Кәне, жұртым, болыс, билерің қарасын көрсетті. Бұған біз айтар жауап қайсы, неменеге байладың?

Тымақбай. Кімге дейсің?

Тәуке. Тәңірі деген, кімге болушы еді, ана жандаралға деймін тағы!

Жапар. Әлі де ойланайық, бір ай мұрсатана бер деп қарысып көрсек қайтеді?

Тымақбай. О да жөн... Тым болмаса тағы бір қыр асып қалар ма ек, әлде қайтер едік...

Тәуке. Ол айла-тәсілден біржола айдап шықты емес пе! Болады мен болмайдының бірін тап бастырмай, күн айығайын деп тұр ма саған! Болыстарың әзірлігін айтып, атой беріп шықты да, ендігі сөз елде қалып отырған жоқ па!

Жапар. Жауап нобайы бар да, соны батып айта алатын кім?

Кете. Қайран қараңғылық-ай!

Тымақбай. Батып деп... жұрт ұйғарса, мен-ақ айтайын! Тек, жөнін сілтеп беріңдерші.

Жапар. Айтамысың?

Тымақбай. Е, айтам!

Тәуке. Ендеше, әуелі жұрттың жалпы көңілін білдір. Бұратана деп кем санап, мал орнына қолмен аламыз дегенге ел көңілі жүдеулі де!

Тымақбай. Жоқ, жоқ, басым екеу емес, оны айта алмаймын.

Кете. Қайран қараңғылық-ай!

Тәуке. Оны айтпасаң, өзгеңде не береке болушы еді, тәңірі деген!

Т ы м а қ б а й. Жоқ, оны айта алмаймын. Бұл арадағы арғын-қыпшақ аман тұрғанда, сөз иесін таппай қоймайды. Менің де басым екеу емес.

Ж а п а р. Жалпақ елден тұсап-матап бере қою қиын болып тұр деп бір бастамайсың ба... Әзірге елдің ақсақалдары болып, ауыл басы бір-екі жігіттен бере тұрайық. Сөйте-сөйте жалпақ ел көндігіп кетер деп ойлаймыз деп барып, аңдысын бір аңдасаңшы...

Т ы м а қ б а й. Әй, мұныңыз да шұқырыма қона алмай, қыпықтап тұр-ау...

Ж а п а р. Одан да өзім қыпықтап отырмын десейші.

Т ы м а қ б а й. Мен бе? Мен осы күні ақ патшаның өзінен де қыпықтай қояр ма екем? Жалғыз Сарым ілегіп тұрғанда, не бетім бар аяйтын!

Ж а п а р. Ендеше, айт осыны! Мұны айтпағанда неңді айтушы едің!

Т ы м а қ б а й. Ақ патшаға кісі жібердік... Патшаның үшінші атасы қазақтан солдат алмаймын деп иттің терісіне жаздырып берген анты бар деген бір сөз бар... Соны біліп келуге Тоқаң мен Тәкең жүріп кетті... Ашсаң алақанында, жұмсаң жұдырығында отырған елміз ғой біз, қайда барады дейсің... Бір-екі ай мұрсатана берсеңіз қайтер деп, осылай жағалатсам ба деп едім...

К е т е. Пойттік-шорттік, сөз емес!

Ж а п а р. Мұныңды жанарал құлағына да қыстырмайды, жаңағыны айт!

Т ы м а қ б а й. Жоқ, оған тілім келмейді.

Ж а п а р. Келеді сенің тілің, айт... Артық кеткенің болса, тілмаш өзі жөндеп жібереді ғой...

Т ы м а қ б а й. Тілмашқа сүйей салды ғып айт дегенінің жаны бар... Бірақ, елдің көңілі жүдеулі деген керек болар ма деп ойланып отырмын...

Ж а п а р. Сені қысып бара жатса, біз де шулаймыз ғой елдің сөзі осы деп.

Т ы м а қ б а й. Бірақ, тор-төбел ат та осы маңда жақынырақ тұрсын... Мен кішкене ойлана тұрайын. *(Мүлгіп қалады.)*

К е т е. Ат дегені дұрыс!

Т ә у к е. Түбінде шатақ сенің сол ауыл басы бір-екі адам дегеніңнен шыға ма деп қорқам. Сол бір-екі адам дегенің кім болады ертең? Сорлайтын тағы да баягы қалың қара үйлі болад та.

Ж а п а р. Ол жағы кейінгі сөз болар еді-ау...

Тәуке. Жоқ, көріне қулыққа тартпаңдар, жұртым. Не елмен бірге болыңдар, не болмаса шығыңдар бөлініп.

Кете. Паһ, паһ, дұрыс айтты ақсақал!

Дауыстар. Ақсақал, дұрыс шыққан түтін сіздікі болып отыр. Берме тізгініңді! Берме!

Тәуке. Көзді жұмбайық бұл жерде, ел түтіні деген іргелі сөз. Айла табам деп бір жағың отырсың, алданып қалам ба деп бір жағың тұрсың. Айла табатындар аяншақ басады, мына жұрт бәрінен бұрын содан сақтанады. Арғынмын, Қыпшақпын демей, келсең түгел кел, жұрт қасында қалар болсаң ғана ортаға кір!

Жапар. Сіздің сөзде бір қырыс бар ғой, Тәуеке?

Тәуке. Қырыс неге болмасын! Көптің сөзі аяқ асты қалып, екі жақтап жүрсің, түге!

Жапар. Әзір оныңызды ертерек айтылған айып көрем, Тәуеке.

Тәуке. Ел сөзінің қарасыны көрінип отыр, жарып шығар біреуің бармысың, жоқ па! Кім сол ер, қайда сол ер? *(Аз кідіріс, Амангелді келеді.)*

Әйелдер. Батыр жігіт, батыр жігіт келіп қалды.

— Құдай-ай, бере гөр...

— Енді бірдеме болар! Атын байла!

Кете. Паһ, паһ, жеткен екен ғой!

Тәуке. Уа, бері кел, бері кел, батыр!

Амангелді. Ассалаумаликем, Тауеке! *(Қолдасып амандасады.)*

Тәуке. Бері отыр, не білдің жарқыным?

Амангелді. Осы өздеріңіз естіп, біліп жатқан жай ғой.

Тәуке. Не білдің деп ағат айтып жатырмын, не ойлап келдің?

Амангелді. Ойланатын ел болад та.

Тәуке. Біз ойлап қай алысқа барды дейсің. Қамалып отырмыз, құр тебіреніп, құр гуілдеудеміз әлі.

Амангелді. Ел тебіренсе, бірдеме шығар, бірге ойлайық ақсақал...

Тәуке. Қорлығы мен зорлығы қос қабаттап келіп тұр, батырым. Қолмен алам деп жандаралың жатыр да, жең ұшынан жалғасып би-болыстарың жүр. Жарып шыға алмай, былайғы жұртың отыр.

Амангелді. Көреміз де. Аспаннан жауар жақсылық жоқ шығар, ел тағдыры елдің өз қолында болад та. Құр қамалып отыра бермес... *(Қасында Алексей Логинов,*

болыс-билері бар генерал-губернатор фон-Эверсман шығады; Зілғара, Байқара да бар.)

Эверсман. Уәделі үш сағат өтті. Неменеге байлады екен, сұра!

Байқара. Жоғары мәртәбәлі генерал-губернатор фон-Эверсман уәделі үш сағат өтті, неменеге байлады екен мынау ел, сұра деп отыр. Кім бар жауап айтатын?

Жапар. Мына Тымақбай айтады, Тымақбай...

Байқара. Арғын руынан Тымақбай Жалбағаев жауап бермекші...

Тәуке *(Амангелдіге)*. Мұнықі жай сөз.

Амангелді. Айтсын, естиік. *(Тымақбай тұрады. Эверсман басын изейді.)*

Тымақбай. Жұрт деп, Арғын-Қыпшақ түгел жиналған жоқ, тақсыр. Жалғыз мен болмасам, біздің Жалбағайға қараған ауылдар да түгел емес. Қызбел, Кеңарал, Терісаққан, мына Қарсақбай жағы мойны алыс болғандықтан келе алмай қалды. Жайлауда ат-көлік деген арық болады, өйткені, күн ыстық... Биыл маса-сона да барырақ болып тұр. Жүргізбей келді осында. Бегімбет сияқты атсыз елдер түгел жоқ. Мен тек осындағы жұрттың аузын аңғартам...

Эверсман. Немене ұзақ сөйлеп кеткені?..

Байқара. Біраз ел келе алмай қалғандығын айтып жатыр.

Зілғара. Елдің кемістік жағын айтады. *(Эверсман иек көтереді.)*

Тымақбай. Біз патша ағзамға жалбарынып, біраз мұңымызды айтқымыз келеді. Әлгі бір теріге жазып берген ант бар деп, соны біле кеткен адамдарымыз да бар... Осындай даң-дұңда тұрғанда абайсызда ант бұзылып кетіп жүрсе, оның обалы патшамызға болып жүрмесін деп те ойлаймыз... Бірақ, оған қарамаймыз, қарамаймыз. Алдын бере береміз. Қазақтың күзем деген бір уақыты болады, содан соң шөп бар тасып алатын. Құдай бұйырса, биыл күзем ұзаққа созылмас деп отырмыз.

Эверсман. Бұл өзі бір мылжың, болтун қазақ емес пе еді?

Тымақбай. Жоқ, тақсыр, жоқ. Мен балтайт қазақ емеспін. Күзем біткен соң малдың қысқы азығын бірыңғайлап, үйіп, жиып алсақ, содан кейін бере бастаймыз. Жуырда болған Торғай базарында бір жанжал туып кетіп, осы ел жылда алатын шай-қанты мен кездемесін де ала алмай қайтты. Биыл жайлау тақыр, күздікке де ерте көшіп келе-

тін шығармыз. Баратын балалардың киім-кешегін жамап-жасқап беру үшін, Боқырау базарына бір аман-есен барып келсек, оның ар жағында тоқтау болмас дейміз.

К е т е. Қайран қараңғылық-ай!

Э в е р с м а н. Неменеге байлапты?

Б а й қ а р а. Октябрь айының ар жағын сілтейді...

З і л ғ а р а. Қарсы дау да емес, елпілдеп те тұрған жоқ. Маған сөз беріңіз. *(Эверсман иек көтереді.)* Қазақ елі, жаңағы бір сөздерің менің намысыма тиіп отыр. Бағынғалы екі жүз жыл болған елге ұят бұларың!.. Осынша келіп қиналасыңдар, осынша келіп бұлданасыңдар, сірә, жалындырғыларың келеді ғой! Оны күтпеңдер! Әуелі құдай, екінші ақ патша деп отырған ел емес пе едіңдер. Ақ патшаңа осыны істесеңдер, баяғыдан бергі бағындық деп жүргендерің жалған болғаны да. Патшалық, Отан дегенді түсінбейтін, елдігі жоқ, бір тағы жұрт болғанымыз да! Одан да жаппай қарсымыз деңдер, мықты болсаңдар! Әйтпесе елің-біз, қай күніңе де дайынбыз деңдер патшаларыңа. Күш тіресер жай жоқ бұл елде. Мен де осы елдің баласымын, білемін, қайғы-қуанышым бірге, сендермен. Өзің жоқтамағанды мен жоқтап жүрген адаммын.

Т э у к е. Уа, бұл неменесін бұлдап тұр? Ел жоқтамағанды бұл жоқтап, қашан әкеліп бақ орнатып еді басымызға?

А м а н г е л д і. Желкеңе мініп отырғанын бұлдайды да.

З і л ғ а р а. Бүліншілікке бет алыпсыңдар, қыздырманың қызыл тіліне еріп, бастарыңа бәле шақырып алғалы отырсыңдар. Құдаймен, патшамен тіреспеу керектігін бұл ел неғып жаңылып отыр...

Т э у к е. Осыларға да сеніп келдің-ау сорлы жұрт.

Д а у ы с т а р. Ел жаңылып отырған жоқ, жансыздарын танып отыр.

А м а н г е л д і. Сөз беріңіз, мен сөйлеймін.

Э в е р с м а н. Немене шуласып кеткендері?

Б а й қ а р а. Мына кісінің сөзін мақұлдасып жатыр...

З і л ғ а р а. Ана бір қазақ сөз сұрайды. *(Эверсман иек көтерді. Амангелді Эверсманның алдына барып бір тізелеп, тымағын қолына алып сөйлеп кетеді.)*

А м а н г е л д і. Құрметті генерал-губернатор, мен сізге ел ойының бар шындығын айтайын, ар жағын өзіңіз ойлай беріңіз. Жарнамада бізді мал мен мүліктей етіп, қолмен, күшпен алынады делінген. Бір тілекті дос емес, жауы-

ғып отырған жат елдей, лайықсыз жәбір, баяғы зорлық арқылы аламыз деген. Онсыз да қос ноқталап қойған елге бір жағынан күш, бір жағынан қорлау көрсетіп отырып, Отан, ел деген ардақты сөздерді айтып керегі не? Отандық, елдік белгілер қайсы? Ел мен елдің арасында күнде қағылып отырған темір сыналар ма? Сонау қалмақ жорығында шұбырындыға айналып, орыс халқын паналап, жан сақтап қалып едік. Содан бері дос отырған, орыс халқын аға тұтып, тілектес отырған, болашағымыз бір деп отырған елміз. Бұл екі ел бірін-бірі сүйеді, бірін-бірі алдақашан таныды. Ал, осы екі ғасыр бойында осы екі елдің арасында жауластырудан басқа істелген әрекет қайсы? Ол жоқ. Әлі баяғы заңсыздық, әлі баяғы қара күш! Ең аяғы осы жарнаманың өзін ұлы Россияның дос бір жұртына деп жазуды кемшілік көріп, «бұратана-бұралқы халықтарды күшпен алуға» деп отырсыздар. Олай болса, бұл елдің күтетіні не болмақ? Бұл сапарыңыздан өзіңіз де ешнәрсе күтпеңіз!

К е т е. Пah, пah, айтқан екен! Енді мен Байшұбарды ерттей берем! *(Кетеді.)*

А м а н г е л д і. Екінші, қасыңыздағы болыс-билердің береміз дегеніне бекер сенесіз. Олар бір адамын да бермейді, мынау елден алып береді. Елдің ойы жаңағы — мен айтқан. Отан, азамат, сүйіспеншілік деген қадірлі бір сөздерді бұл далада бекер ауызға аласыздар. Азаматтығының өзі берілмеген елден қай сүйіспеншілікті іздейсіз? Отаны жоқ елге қай Отанын сүй дейсіз? Үшінші, сіз қазақ елі деп қасыңыздағыларды айтасыз да, мен мынау тұрған қара үйлі қалың көпшілікті айтам. Бұл көпшіліктің ойы — қос ноқтасын сыпырғысы келеді! Мен сізге сол халықтың ойын айтамын. Ар жағын өзіңіз ойлай беріңіз...

Э в е р с м а н. Сіз бері келіңізші! *(Амангелді барады.)* Егер, осыны жұрт айтып отырса, мұның атын қарсылық дейді. Өзің айтып тұрсаң, дарға асылатын бірінші қазақ сен боласың!

А м а н г е л д і. Ел де осыны айтады, мен де осыны айтамын.

Э в е р с м а н. Мойның арқан сағынып тұрған жоқ па?

А м а н г е л д і. Жоқ, құрметті генерал-губернатор, арқам босануды сағынып тұр.

Э в е р с м а н. Немене? Мен сені қазір ұстатып, қараңғы үйге жаптырсам, қалай болар?

А м а н г е л д і. Менің құлағыма да тиген бірталай сөздер бар: Россия халқы қараңғы үй жағынан қапысыз көрі-

неді... Біз ойымызды ашық айтып тұрмыз, бұл жолда не көрсек те, өкінбесек керек.

Эверсман *(ызалы.)* Сөз ыңғайы осы болса, енді патшаның рақметіне шағым етпеңіздер! Шыдам бітті. Сентябрьдің бірі күні он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы бір адам Торғайға келмей қалса, күш жұмсайтын, жазаға тартатын қарулы қол шығады елге! Ал, мына жігітті (... *А. Логинов, Дробилин орындарынан тұрып, Амангелдіге қарай беттейді.)*

Амангелді. Жоқ, мұныңыз тым арзан! *(Жұрт арасына жоқ болып кетіп, қайта көрінеді.)* Бірінші көтерілген қазақ атқа мінді! Маған ергені менікі, ермей қалғаны сенікі! Аттан, аттан қараша үйлі қазақ елі! Аттан! *(Кетеді. Сахнада жүгіріс. Атылған мылтық даусы.)*

Дауыстар. Аттан, аттан!

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Байтас болыстың үйі. Түн... Стол басында хатшылар... Ояз бастығы А. Логинов киініп жатыр. Дробилин, урядниктер, Байтас, Кенжеғара.

Кенжеғара. Апыр-ау, барлық жолда жортуыл жүр деймісің?

Байтас. Ел ұйқыдан қалыпты, жалпағынан атқа мінген сияқты.

Кенжеғара. Мен Амангелдіңнен қауіптене бастадым, елді түгел ертіп әкете ме деймін. Атағы тым көтеріліп кетті.

Байтас. Басқа елдер де ағылып келіп қосылып жатыр дейді. Енді жалғыз-жарым жүруден қалсақ керек.

А. Логинов. Аттарың әзір ғой?

Байтас. Әзір, әзір.

А. Логинов. Жігіттерің ше?

Байтас. Он бес жігіт әзірледім.

А. Логинов. Жетер, сол. Ал тізімді бітіріңдер!

Хатшылар. Қазір, қазір... Менде елу шақты-ақ адам қалды.

— Менде отыздай ғана... Мына біреу Сары ма,

Сара ма?

Байтас. Сара, Сара...

Хатшы *(жазып)*. Сара Тымақбаев...

Байтас. Ойбай, ол қыз.

Хатшы. Қалай қыз болады? Ұл деп жазылған.

Байтас. Қыз деймін...

Хатшы. Байтас Бақбергенович, Тымақбай Жалбағаевтың бір ұлы болатын...

Байтас. Ұмытшағың-ай, сенің!.. *(Тыста ит үреді.)*

Хатшы. Е!.. Ұмытқан екем...

Урядник *(үйге кіріп)*. Болыс Сейіткерей Құнарбаев...

А. Логинов. Шақыр бері. *(Сейткерей келеді)*. Бітті ме тізімің?

Сейіт. Бітті. *(Тізімін ұсынады)*.

А. Логинов *(алып қарап)*. Мөріңді неге баспағансың?

Сейіт. Бір жиырма адам жайында сізбен келісейін деп едім...

А. Логинов. Қазір соған уақыт бар ма? Бас мөріңді! Неше жігітің бар қасыңда?

Сейіт. Он.

А. Логинов. Жиырмаға жеткіз! Бір тапсыратыным — құрметті адамдарыңды өкпелетіп алып, кейін бөгеу болып жүрмесін. Болыс басы жүз адам кемігеннен ешнәрсе етпес, мыңдарға мұрындық болып кетпесін... *(Кенжеғараға)*. Сіз бұл жағын тексерістіңіз ғой?

Кенжеғара. Өзім білетін жайларды ескерген сияқтымын. Он үш болыс Арғын-Қыпшақтың бәрін бірдей біле беру де қиын. Тура туысқандарын білгеніңмен қазақтың жекжат дегені толып жатады. Сондықтан, бірер күн кідіріп, тым болмаса болыс басы екі ақсақалдан алдырайық дегенім де сол еді.

А. Логинов. Уақыт қайда, қымбатты студентім-ау, уақыт? Көтеріліс өршіп бара жатқан жоқ па? Одан да қалаға келіп анықтасын, сол ақсақалдарды қалаға шақырыңдар.

Кенжеғара. Солай деп ұйғардық қой. *(Тыста ит үреді)*.

Урядник. Сары-Торғай болысы Әбель Кабулбаев келді.

А. Логинов. Бері шақыр. *(Әбіл келеді.)* Бітірдіңдер ме?

Ә б і л. Бітірдік.

А. Л о г и н о в. Бері әкел. *(Тізімді алып қарап.)* Мұнша неге аз? Өзгесі қайда?

Ә б і л. Бәрі сол, тақсыр.

А. Л о г и н о в. Параны қанша алдың?

Ә б і л. Тақсыр-ау, осы күні пара алатын кез болып тұр ма. Ел іші қазандай қайнап жатқанда пара алынатын ба еді...

А. Л о г и н о в. Білем мен сені! Пара алатын кез осы екенін сен де білесің, жұлынқұрт! Параны қанша алдың деймін?

Ә б і л. Пара алсам тамағыма түйілсін! *(Тыста көп ит үреді).*

А. Л о г и н о в. Бұл немене? *(Иттер азан-қазан,* Мұңайтпас келеді).

М ұ ң а й т п а с. Оңтүстіктен шапқын келе жатыр! Шапқын! *(Шығып кетеді.)*

А. Л о г и н о в. Біліп ем Амангелдінің алдымды орап кетерін! Ораған екен ғой... Ат қайда? Әкел бері тізімді!

Б а й т а с. Ат, әзір... *(Далада шапқан ат дүбірі).*

Х а т ш ы л а р. Біз де бітірдік, міне, Алексей Сергеевич! *(Тізімдерін береді. Мұңайтпас кіреді.)*

М ұ ң а й т п а с. Ауылды орап алды. Тығылыңдар! Қойдың арасына, қойдың арасына!

К е н ж е ғ а р а. Апыр-ай, қолға түспесек жарар еді!

Д р о б и л и н. *(келіп).* Ауылды түгел қоршап алыпты!

А. Л о г и н о в. Енді қайттік?

Д р о б и л и н. Мылтық атсам деймін!

А. Л о г и н о в. Дурак! *(Байтасқа.)* Тық, мына тізімдерді.

К е н ж е ғ а р а. Кебежеге, кебежеге! *(Тізімдерді кебежеге тығады.)* Мен бір үйге барып, қонып жатқан болайын. *(Кетеді.)*

Б а й т а с *(Урядниктерге).* Барыңдар, тығылыңдар қойдың арасына! *(Урядниктер кетеді.)*

А. Л о г и н о в. Байтас, сен мен үшін басыңмен жауап беретін боласың!

Б а й т а с. Өз басым аман қалса, берермін. Сіз мына үлкен сандыққа кіріп кетіңізші... *(А. Логинов сандыққа кіреді.)*

М ұ ң а й т п а с. Келіп қалды, әне! *(Үйдің әр жерінен сұғылған найзалар көрінеді.)*

Даладан. Тырп етпеңдер енді! *(Болыстар жүктің артына түсіп кетеді. Үйге Амангелді, Кете сарбаздар келеді.)*

Амангелді. Кеш жарық!..

Байтас. Жоғарылатыңыздар...

Кете. Босағаңа отырар деп пе ең, қарақшы! *(Қамшымен тартып қалады.)*

Амангелді. Тоқта!

Кете. Кеңірдегіңді суырып алайын ба осы! Отыр алдыма! *(Байтас тізерлеп отырады).* Жат! *(Байтас жатады. Мұңайтпас «ұр!» деп ымдайды. Бұдан былай Мұңайтпас келгендермен ылғи ымммен сөйлесіп отырады.)*

Амангелді. Тоқта дедім ғой, батыр. Әуелі жөнжайды сұрап алайық та.

Кете. Е-е, енді сұрай бер! *(Өзі қамшысын оңтайлап, қыпылдап отырады.)* Бір ауыз өтірік айтшы, кәне!

Амангелді. Тізім бітті ме? *(Мұңайтпас басын изейді.)*

Байтас. Бітті.

Амангелді. Жөнелттіңдер ме? *(Мұңайтпас басын шайқайды.)*

Байтас. Жоқ!

Амангелді. Тізім қайда? *(Мұңайтпас көзімен кебежені нұсқайды.)*

Байтас. Кебежеде шығар деймін.

Амангелді. Бері әкел! *(Байтас тізімдерді алып береді. Амангелді қарап отырады.)* Е-е, бес болыстың тізімі екен ғой, жақсы...

Кете. Менің жасым нешеде екен? Көріп берші.

Амангелді. Кете... отыз бірде екенсің.

Кете. Рұқсат бер, батыр, мынаған отыз бір қамшы соғам! Артық жеті жасымды, пойттік-шорттік, кештім әкесінің аруағына! *(Ұрып қалады.)*

Амангелді. Тоқтат!

Кете *(тоқтап)*. Ауыздықтай бердің-ау, әйтеуір...

Амангелді. Тұрғыз!

Кете. Тоқтай тұр, әлі... Бірде-бір еркін түсерсің қолыма! *(Байтас тұрады.)*

Амангелді. Өзің де жасық екенсің, жігітім. Жат дегенде жата кете ме екен еркек деген. Сол үшін дүрелетіп алса да болар еді, қазір уақыт жоқ... Жүк артында кім бар?

Байтас. Әбіл мен Сейіткерей болыстар қонып жатыр еді.

Амангелді. Болыстар, бері шығыңдар! *(Болыстар шығады.)* Ие, патшаға қанша адам бердіңдер, маған қаншасын қалдырдыңдар?

Әбіл. Қолыңызда ғой патшаға дегеніміз...

Амангелді. Жоқ, бұл маған бергендерің. Тізімге іліккен адам түгел маған еріп кетеді. Соған да көздерің жетпей ме? Патшаға беретіндерің бұл тізімге кірмегендер болады.

Сейіт. Сіздікі дұрыс екен-ау, батыр... Бұл тізімге кіргендер, әрине, сізге еріп кетеді.

Амангелді. Ендеше, отыра қалып жазыңдар, мынаның сыртына! *(Тізімдерді болыстарға береді, олар жаза бастайды).* Қазақ көтерілісінің бастығы Амангелді Имановқа...

Болыстар. Жаздық, жаздық...

Амангелді. Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы қазақ жастарының көтеріліске өз еркімен қатынасатындарының тізімін сізге жолдадық...

Болыстар. Жазылды...

Кете. Ішінде Кете де бар деп жазыңдар!

Амангелді. Анықтығына қолымызды қойып, мөрімізді бастық... Қойыңдар қолдарыңды, мөрлеріңді басыңдар...

Болыстар. Қойылды, қойылды. *(Мөрлерін басады.)*

Кете. Анықтап басыңдар!

Амангелді. Бері әкеліңдер! *(Алады.)* Енді, міне заңды болды! Енді далаға шығып, жаңағы жазғандарыңды жұртқа есіттіріңдер. Үшеуің үш жерде тұрып айғайлаңдар?

Болыстар. Апырай, осыны істетпесеңіз қайтер?..

Кете. Немене?

Болыстар. Жарайды, жарайды, айғайлайық! *(Далаға шығып.)* Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жастардың көтеріліске өз еркімен қатынасатындарының тізімі көтерілістің бастығы Амангелді Имановқа берілді...

Амангелді *(Мұңайтпастың ымдауымен ояз жасырынған сандықтың үстіне отырып алып, қамшысымен тықылдатып).* Оязға сәлем айтыңдар, інісі Петр үшін бұл жолы аман қалдырдым, ендігәрі кездеспесін! *(Кетеді.)* Сарбаздар, атқа қон! *(Шапқан ат бүбірі, найзалар жоқ болады, сандықтан А. Логинов шығады.)*

А. Логинов. О, залымдар, қорқақ қулар! Бұдан да өлген жақсы еді ғой. Не үшін тілдерін алдым осылардың *(Болыстар, Кенжеғара үйге келеді.)* Аттарды ғой алып кетті?

Кенжеғара. Жоқ... Аттар жегулі күйі орнында тұр.

А. Логинов. Ал, жігіттердіңді атқа қондыр. Кеттім. Сендерден тұк шықпайтынына жетті көзім!

Кенжеғара. Жігіттердің бірі де қалмапты, еріп кетіпті!

А. Логинов. Қымбаттым, ең ақылды қазақ Амангелді екен. Бұдан кейін қанша оттасаң да мейлің, мұның есесі қайтпайды. Ел біржола ауды оған. Сендер патшаға бір адам бере алмайсыңдар! *(Жүріп кетеді.)* Сірә, мен жасырынбай-ақ қойсам да болады екен-ау өзі. Бір ауыз жәбір сөз айтпауға келген ғой! *(Урядниктер келеді.)* Қаруларың қайда?

Урядниктер. Тартып әкетті, тартып әкетті.

А. Логинов. *(Дробилинге.)* Қылышың қайда сенің?

Дробилин. Құдай-ау, қалай суырып әкеткен мұны?

А. Логинов. Өй, ез, құр қоқай! Кеттік!..

Байтас. Біз де жүреміз бе?

А. Логинов. Неңмен жүресің?

Байтас. Әлде, тізімді қайта жасаймыз ба?

А. Логинов. Қайта жасайсыңдар... Бірақ, Амангелдінің айтқанындай етіп жасайсыңдар. Амангелдіге беретіндерің берілді, енді патшаға беретіндеріңнің тізімін жасайсыңдар. Өлі жандардың керегі жоқ. Енді бір адам қалмайтын болсын. Бір адам, түсінемісіңдер? *(Кенжеғараға.)* Сол Амангелдінің тобырына барып қайтсаңыз қайтер.

Кенжеғара. Жарайды, барайын.

А. Логинов. Қанша екен өздері, шын-ақ бірауызды ма екен, иық сияр жері бар ма екен, сол жайларды анықтап алу өте қажет... Түсінікті ғой?

Кенжеғара. Бұл ойды өзім де айтқалы отыр едім сізге.

А. Логинов. Рахмет, қымбаттым Кенжеғара, ертеңнен қалмай барып қайтыңыз. *(Болыстарға.)* Ал, қош болыңдар! Ертең осы уақытта қалада күтем! *(Бәрі Логиновты шығарып салып қайтады.)*

Байтас. Кенжеғара-ау, жалғыз көзі ашығымызсың, ендігі жайымыз не болғалы тұр.

Кенжеғара. Оязың айтпады ма жаңа? Енді тізім жасағанда, би-болыстың айналасын да сыпыра кететін боласың, тым болмаса, болыс басы бес жүз жігіт бермесең болмайды енді.

Байтас. Ойбай, ол қайдан болсын.

Кенжеғара. Он тоғыз бен отыз бірдің арасы емес, он сегіз бен қырық бірдің арасына саласың құрықты.

Әбіл. Сонда бәрін тоғытып, отыз бірдің ішіне кіргіземіз бе?

Байтас. Істеп көрмегендей сұрауын!..

Кенжеғара. Ендігі орайы осы болады.

Байтас. Осында біраз ақсақалдар жатыр еді ғой, шақырып алып ақылдассақ қайтер.

Кенжеғара. Шақырт.

Байтас. Мұңайтпас! Мұңайтпас! Бұл ит қайда жүр...

Кенжеғара. Мұңайтпас па! Ол әлгілерге еріп кетті.

Байтас. Кәпірдің жылтыңдауы жаман еді, кеткен екен ғой еріп. *(Ит үреді)* Апыр-ау, бір-екі салт атты келе жатыр ғой. *(Елеңдеседі).*

Кенжеғара. Біреу-екеу емес, мынау мол дүбір... *(Жөнеле берген арба дыбысы.)*

Байтас. Қап, әкетті білем пәуескелерді.

Кенжеғара. Амангелдінің манағы адамшылығында тұра алмағаны да!

Кете *(сырттан)*. Бармысың, болыс!

Байтас. Ойбай. Кетенің даусы! Бұғыңдар, үн шығармай *(Бәрі бұғып жата қалады).*

Кете *(сырттан)*. Арбаңды іздетіп әуре боп жүрме, мен әкеттім! *(Сақылдап күледі).*

Шымылдық.

БЕСІНШІ СУРЕТ

Амангелдінің лагері. Үлкен киіз үй. Төбесінде ту. Туда: «Сардар Амангелді Иманұлы» деген жазу бар. Белдеуде найзалар, айбалталар... Әр жерде белгі-қадалар. Құзетшілер тұр, біреуі Мұңайтпас. Ұсталар дүкені. Сырттан команда естіліп тұрады.

Команда. Сол аяқ, сол аяқ! Тура!.. Оң аяқ, оң аяқ!..

Мұңайтпас. Оң аяқ деген мынау ғой осы *(тебініп қалады)*. Сенсің оң аяқ! Аттауға келгенде, жаңылып ке-

тетін не сайтаның бар сенің? Жып етіп мынасы аттап кетеді. Сен, сол аяқ емеспісің? Оң аяқ дегенде аттай жөнелетін нең бар осы? Сен сол аяқсың, сен оң аяқ. Ал, енді ұмытпаңдар осыны! Оң аяқ! *(Жүріп кетеді, аяғын қате алады.)* Міне, көрдің бе, тағы шатасқандарын. Жоқ, сол аяқтан бастайын... Сол аяқ, сол аяқ! Бәсе, осылай болу керек. Сол аяқ! Тура!.. Кере атта! Кердең бас!..

І—Күзетші. Халық келеді, халық келеді!

ІІ—Күзетші. Халық келеді, халық келеді!

Мұнайтпас. Тоқта!.. *(Тұра қалып.)* Бері қарай, бері қарай жіберіңдер! Жарықтық жұрт күні-түні ағылады да жатады. Торғайдың кең даласына сыймай кетпесе қайтсін! *(Көп халық келе жатыр).* Қош келіңіздер, қош келіңіздер!.. Сәлем, үлкен ағалар! Сәлем!.. Сардар әне алдарыңызда, тура өзіне барыңыздар... Өзіне! *(Жұрт шұбалып ұзақ өтеді.)*

Жұрт. Ойбай, ой!.. Ел біткен осында екен ғой!

— Пәле, жер қайысады.

— Бұрынғының біріне ұқсамайды екен!

— Уа, өркенің өссін. Амангелді! Еліміздің ер ұлы!

— Бастағы ноқта мен аяқтағы кісенді алар болармысың!

— Жаңа бір ел етер болармысың, барымызды салдық жолыңа! *(Бұлар өтіп кетеді. Әйелдер келе жатыр. Кейінірек Бану мен Кенжеғара.)*

Мұнайтпас. Қош келіпсіңдер, апа-қарындастар! Қош келіңіздер. Әйел қауымына бір сәлем!

Әйелдер. Құдай-ау қызық думан осында екен ғой.

— Тү-у, көрсең көзің тоймастай екен!

— Сарбаз құрылып қалғаны ма, ей?

— Құрылып қалғанды айтасың, ойнатып жатыр ғой, әне!

— Апыр-ау, жердің беті көрінбейді!

— Жүріңдер-ей, жақын барып көрейік. *(Бұлар тура тартады.)*

Мұнайтпас. Ойбай, айналайын апа-қарындастар... Былайырақ жүріңдер... *(Әйелдерге жөн сілтейді. Манадан Кенжеғарамен кірбең сөйлесіп тұрған Бану да қозғалады.)*

Бану. Жақсы, қош болыңыз, менің басқа айтарым жоқ... *(Кете береді.)*

Кенжеғара. Тоқтай тұр деймін, Бану!

Бану. Айтып болған жоқсыз ба! Басқа жауабым жоқ менің.

К е н ж е ғ а р а. Тағы да айтам — байтал шауып бәйгі алмайды, бұл еркектің жұмысы... Желікпе! Қайт аулыңа!

Б а н у. Менің аулым осында. Ауылым түгіл барлық ел осында. Мені бір далаға біткен құрай деп жүр ме едіңіз!

К е н ж е ғ а р а. Ендеше, сарбаз қатынның керегі жоқ маған!

Б а н у. Оны маған қатының болған күні айтарсың! Қатын деп үйде қалғанды айтатынын өзің де ұмытпа! *(Кетіп қалады. Тәуке, Жапар, Тымақбай үшеуі келіп, үйге қарай беттейді. Кенжеғара Банудың соңынан кетеді, Мұңайтпас орнына келеді.)*

М ұ ң а й т п а с. Ол жаққа баруға болмайды, отағасы!

Ж а п а р. Уа, неменелерің бар еді ол жақта?

М ұ ң а й т п а с. Күзетшіге жауап беруге рұқсат жоқ, отағасы.

Ж а п а р. Шырағым-ау, сен осы Бақан үйінің қойшы баласы емес пе едің... Үйге кіргізбегенің — бізді танымай қалғаның ба?

М ұ ң а й т п а с. Болсақ болған шығармыз, қазір бағып тұрғаным қой емес, бірақ... Үйге кіргізу түгіл, жақындатуға рұқсат жоқ.

Ж а п а р. Ой, алды-ай, ә!.. Қойшы баладан рұқсат ала алмай, далада қаңтарылатын боламыз-ау... Қой, бала, біз үйге кірейік. Қолыңа қос ауыз ұстағанмен, әзір ешкім бола қойған жоқ шығарсың, барып Амангелдіні шақырып кел! Тауекең бар, Жапар, Тымақбайлар келді де.

Т ы м а қ б а й. Бар енді!

М ұ ң а й т п а с. Сарбаз тәртібі мынау болады, отағасы: «Кімсің, әй?» деп үш рет сұраймын да, жөнін айтпаған адамды гүрс еткізіп сұлатып саламын! Ал, үйге кірем деуіңіз турадан тура атылам дегенмен бірдей.

Т ы м а қ б а й. Қорлық қой мыналары!

Т ә у к е. Осы баланікі дұрыс болар... Сарбаз құрылған жерде тәртіп деген қатал болғаны жөн де. Неміз кетіп барады, сарбаз ойынын көре тұрайық та. Бұл да бір біз көрмеген өнер ғой! *(Бәрі ар жаққа қарап тұрады.)*

Д а у ы с т а р. *(сыртта)*. Оңға! Солға! Оң аяқ, сол аяқ!..

Ж а п а р. Әзір долаң екен...

Т ә у к е. Бір күнде үйрене қалады деп пе ең! Үйренед те сөйте-сөйте.

Ж а п а р. Қазақ жылқысы жоқтан үркеді екен-ау, өзі!..

Тымақбай. Әй, әне біреуі үзеңгіге ілігіп кетер ме екен...

Тәуке. Жоқ, түзетіп кетті. Жерден күміс алмады деймісің. Көрдің бе төңкерілуін!

Жапар. Құр атқа шауып үйренумен қай алысқа барамыз дейсің!

Тәуке. Бұл далада бар-жоғың ат болад та! Жоқ, бастары құралып қалған екен. Елдік осындайдан құралад та! Неше топ өздері?

Жапар. Мына бетте бір қырық-елу топ бар кемінде.

Тымақбай. Мына бетте одан да көп ендеше.

Жапар. Ақсақал, тұрамыз ба осылай? Шақыртыңыз Амангелдіні. Сарбаз ойыны құрлы көрмей ме бізді. Келсін.

Тәуке. Қой Жапар, бұл ойынмен ойнамайық. Келер өзі, ұсталар дүкеніне барып отыра тұрайық: жүгенімнің ауыздығы шығып кетіп еді, соны жөндетіп ала қояйын... *(Ұсталарға қарай кетеді.)*

Жапар. Мұңайтпас шырағым, жүреміз бе осылай сандалып. Болмаса, кете берейік өзі.

Мұңайтпас. Кете беруге де болмайды: батырдың лұқсат қағазы керек. Онсыз күзетшілер өткізбейді.

Жапар. Осында келгенде батырдың лұқсатымен келген бе екеміз?

Мұңайтпас. Келу үшін лұқсаттың керегі жоқ, кету үшін керек.

Жапар. Қап, мына қорлықты-ай, ә? *(Кенжеғара келеді.)*

Жапар *(Кенжеғараға)*. Күйеу бала, саған жол болсын?

Кенжеғара. Оқуыма жүргелі жатыр едім. Осы жақты да бір көре кетейін деп соққаным ғой... Біздің ауылдың біраз жігіттері де адасып осында келіп қалған екен...

Жапар. Шырағым, күйеуліктен бөтендігің жоқ, Бану біздің жақын ағайынның қызы болады...

Кенжеғара. Жапеке, күйеу дегенді айтпасаңыз екен бұдан былай. Ата-ананың еже-қабылын қояйық та... Мен жөнімді басқа жаққа бұрған адаммын.

Жапар. Апыр-ау, жаңа екеуің бірге келген жоқпысыңдар? Мұның қалай?

Кенжеғара. Бірге келгенім жоқ, осы арада кездестік. Өз қолымнан жетелеп әкеліп, сарбазға қосушы ма

едім! Өзі көрінеді үйір іздеп жүрген... Сарбаз қатын болмай-ақ қойсын, керегі жоқ!

Жапар. Немене, сарбаз болам дей ме?

Кенжеғара. Ауылымен түгел көшіп келе жатыр. Ұятыңа бақсаңшы деп ем, әлдекімнен естіген, елмен бірге болам деген шаңдауыт бірдемені айтты.

Жапар. Өзіне аңғарттың ба сырыңды?

Кенжеғара. Біржола кесіп айттым: сарбаз қатынның керегі жоқ дедім.

Жапар. Солай де...

Кенжеғара. Солай, Жапеке, жабайық осымен.

Жапар. Болсын, шырағым... Кеше түндегінің ішінде сен де болдың ба? Не болды өзі?

Кенжеғара. Сұрамаңыз... Ит қып кетті мынауың! Бұрынғы күн болса, тек осының үшін-ақ ит-жекке жіберілер еді, көрмеймісің!.. Үш болысты ит қып үргізіп, ояз сандық ішіне тығылып тірі қалды. Бес болыстың тізімін тартып әкетті.

Жапар. Апыр-ау, бұл осындай екен-ау!

Кенжеғара. Жоқ, бұл қара қазақтың жұмысы емес, бір түп қазық бар ғой деймін. Оның бойына мұнша өнер сыймаса керек еді.

Жапар. Жоқ, осының өзі.

Кенжеғара. Үлкен үміт сізде, Жапеке. Ояз осыны қатты тапсырды.

Жапар. Мен белімді байладым. Бірақ естеріңде болсын, бір тұсауға болмайды бұл, бұғау сала біліңдер!

Кенжеғара. Бұған деген бұғауда мін болмас, Жапеке. Ақ патшаның бір қаққанынан несі қалар дейсің!

Жапар. Шіркін, Ресей осындай ішінен бүлініп жатқанда, Қара теңізден бір-ақ аттап келіп түрік ағаң кіріп кетер ме еді десейші!

Кенжеғара. Ойбай, ауызыңды жап, Жапеке! Ол шеменің ішінде жатсын, әрі апарып терең көм!

Жапар. Жаным-ау, саған да айтуға болмай ма оны?

Кенжеғара. Болмайды. Сен маған айтпа, мен саған айтпаймын. Сөзбен емес, көзбен ғана ұғысайық оны. Күні туса көрерміз...

Жапар. Е, болсын...

Амангелді келе жатыр. Екеуі кетіп қалады. Тәуке шығады.

Амангелді. Бәсе, ел деп аттан салғанда, Тауекем неғып үйінде жатыр деп ем — жеткен екенсің ғой!

Тәуке. Кәрі көзім бір бәлені шалып қалды да, жата алмадым үйде. Ере келдім соңынан.

Амангелді. Ол немене, Тауеке?

Тәуке. Сенің бет алысыңнан сескене қалған шонжарлар Жапарды жіберіп отыр саған.

Амангелді. Не үшін?

Тәуке. Бүлдіру үшін болад та. Ақ патшаға олар да қарсы болғансып, қатар қонып, ту көтермекші.

Амангелді. Солай деңіз...

Тәуке. Елдің жайын менен сұрамай-ақ білесің ғой өзің, бірақ патшаға қарсымын деп ту көтерсе, қырық ру болып отырған елдің оларға еретіндері де аз болмас, батыр. Бүлдіру үшін деп соны айтам. Әуелі алдыңнан өтіп, сен икемге келе қалсаң, хан болғысы да келген екен. Онда жұрт біржола безініп кете ме деп, беттерін былай бұрыпты. Ендігі ойын аңғарарсың өзің, өзі де әне келе жатыр, амалын тауып, арқаныңды салып қал мойнына!

(Кетеді.)

Амангелді. Жоқ, мырзалар, қоясыңдар ол қалжақты! Арқам босануды сағынады деген жұрт енді сені төбесіне көтеріп хан қоймақ па екен? Ол заманың өткен. Бүгін иықтан сырғытып жерге түсірсе, ертең аяғының астында қаңсылайтын баларсыңдар әлі! Бұл жұрт ескі бөрікті қайта кию үшін аттанған жоқ! *(Жапар мен Тымақбай келеді.)*

Жапар. Жаным, қорған-қоргаушыңнан әрең өттік қой... Маңайыма ел жоламасын дегенің бе мұның?

Амангелді. Келгісі келген жұрт келіп-ақ жатыр, қорған-қоршауды сен-ақ көрген екенсің! Өзің де амалдап өтіпсің ғой, айта келгенің ол емес шығар, айта бер айтарыңды.

Тымақбай. Е, айтамыз қазір...

Жапар. Айта келгенім ол емес, әрине... Арғын-Қыпшақтың игі жақсылары бас қосып, әдейі жібергенде, сондайға жұмсаушы ма еді мені! Бары мен жоғы жалғасып, біріне-бірі қарасып отырған тілеуі бір елді жырып ала жөнелгенің қалай? Осы ел жалғыз сенің елің бе еді?

Тымақбай. Ие, осы бармыз ғой бәріміз де!..

Амангелді. Бары мен жоғы жалғасып дегенді сөз қылғымыз келсе, оны сол жұрттың өз ортасына салсақ қайтер? Тілеуі бірлер маған ерді де, тілеуі басқалар ерген жоқ. Ел деген, ауыл деген сыртынан қарағанда тұтаса көрінсе де, әр үйдің күңкілі өзіне басқа болады емес пе?

Жапар. Е, біз сонда басқа тілеуде ме екеміз?

Тымақбай. Соны айтатын кім осы?

Амангелді. Оны да сол жұрттан сұрайық.

Жапар. Жоқ, Амангелді, қанжығаға байлана кеткелі тұрған ел жоқ. Арғын-Қыпшаққа біз де таласамыз. Елден ешкім айырылғысы келмейді. Патшаға сен қарсы болсаң, біз де қарсымыз.

Тымақбай. Мен биыл айттым ғой жанаралдың өзіне-ақ!

Жапар. Қатар қонып, ту көтереміз, ата аруағын түгел шақырамыз. Бізге де еретін жұрт болар. Болмаса, бізді де ішіңе ал! Мынау үлкен дүрбелеңнің үстінде ақ үйлі, қара үйлі болып бөлінбейік, бірге болайық басы-қасында.

Амангелді. Сондағы тілегің не? Хан болғың келстін шығар?

Тымақбай. Оның да жөні бар сөз...

Жапар *(сескеніп қалып)*. Хан?

Амангелді. Ия, хан... Болғың келсе, несін жасырасың?..

Тымақбай. Дұрыс сөз... Осы сөздің өзі бекер аяқсыз қалды...

Жапар *(Тымақбайды нұқып қойып)*. Жоқ, Амангелді, ол қақпаныңды тоспа алдыма... Арғын-Қыпшақтан соңыма еретін қара-құрық жұртым бар, сол тобымды бөлмей-жармай келіп ішіңе кірем. Алсаң алдың, алмасаң оныңды айт, біз де кең даланың бір жеріне туымызды көтерерміз!

Тымақбай. Сол тудың өзін тігіп жатқан кісі бар ма екен, Жапеке? Айтылған жерде қалып қойған жоқ па өзі?

Амангелді. Жапар, сен әлденеден қысылысың бар адамша, тарпынып келген екенсің... Біз саған ішімізге кірме деген жоқпыз ғой?.. Кел, кір ішімізге. Неғұрлым көп жұртпен келгенің жақсы. Қанша елмен келсең, соған өзіңді мың басы етейік... Қанша үйің бар ере келетін?

Жапар. Үйдің санын қайтесің сұрап... Әуелі осы сөзіміз берік пе, соны байлап алайық та.

Амангелді. Бұл жұрт саудаласпайды, Жапар. Қалағаныңды беріп отыр, қайталауың болса, өзің боласың өкінетін.

Жапар. Жоқ, қайталау менде жоқ.

Амангелді. Ендеше, сөз қысқарсын осымен. Қанша үйің бар еріп келетін?

Жапар. Екі мың деп қайтейін, соған таяу болатын шығар.

Тымақбай. Біздің ауылдан бір жеті үйді қос!..

Амангелді. Ал, осыған келісейік. Тез көшіп кел!

Жапар. Болды. *(Тымақбай екеуі кетеді.)*

Амангелді. Мына қудың бунар жерімді тауып келіп соқтыққанын көрдің бе... Сен залым, қатар қонып, ту көтерсең не болар еді? Ең жаман іріткі сол болар еді! Жұрт жарықтықтың да шикісі бар ғой әлі. Жоқ, залым, кел, кір ішімізге! Қатар көтерген туыңды көргенше, қасымда ұстайын сені. Қанжығамда қаңсылап жүрсең, өз обалың өзіңе! Сендердің туыңды көрсетпен бұл жұртқа. Оны өзің де көрмейтін боларсың! *(Ойланып қалады. Петр мен Жайнақ келеді.)*

Петр *(Жайнаққа)*. Көремісің, мерген бір ауыт ойға кездесіп қалыпты ғой.

Жайнақ. Оңай болып жүр деймісің.

Екеуі. Амангелді, батыр!

Амангелді. Петр! Жайнақ! *(Үшеуі құшақтасып алады.)* Апыр-ау, Жайнақпысың? Неғып босандың!

Петр. Жалғыз барсам, өзіме қауып деп, әдейі босаттырып алдым.

Амагелді. Рақмет, Петр, жеткеніңе! Қанатсыз қалғандай едім.

Жайнақ. Петра. ер адам ғой, шіркін!

Амангелді. Петра деме, Петр Сергеевич де.

Петр. Түк те ерлік емес, өзі қысылып жүрген Алеша, қаланың қақ жартысын қосып бер десем де, беретін еді, сақтанам деп, жалғыз сені-ақ сұрап алдым. Ал, мерген, кел дегеніңе келе алмадым, орайын тапқаным осы-ақ болды.

Амангелді. Ақылдасқалы шақырып ем.

Петр. Ақылдаспай-ақ тауыпсың орайын. *(Айнала қарап.)* Таң қалып келдім... Үлкен бір армияның лагері сияқты! Тамаша! Кәдуілгідей соғыс тәртібінің исін сезініп, қуанып кеттім. Мынау ақсақ аяқ та қаздаңдап кетті. Құттықтаймын, Амангелді! Құттықтаймын, сардар!

Амангелді. Амал қайсы, Петр... Өрең жеткен жерге дейін бәрін де істегің келеді, бірақ, әлі былығып жатырмыз. Жиналдық та, ту да көтердік, бірақ, бұдан былай қарай қайда бастап, қайда апаратыным әлі өзіме де айқын емес. Ал жол болсын!

Петр. Елшімін, Амангелді. Эверсман кеткен, Торғай көзі шарасынан шығып барады. Алеша ұйқы-күлкіден қалды біржола. Оязынан көтеріліс шаққаны үшін Орынбор да жанын шығарып жатыр.

Жайнақ. Жүз мың қазақ көтеріліпті деп қала шушу етеді!

Петр. Соған Алешаның өзі де сеніп отыр. Қай күні келіп, қаланы алар екен деп зәресі жоқ. Мырзаңыз сасуда, аяғында маған жалынды барып кел деп.

Амангелді. Ие, маған не тілек айтады?

Петр. Тілегін қайтесің оның... Мен саған айттым, сен оның біреуін де қабылдамадың, бітті сонымен... Маған орайын тауып саған жету керек болды да, елшілікке ризалық бердім. Қорықпа, мерген, осылай басталады да, түзеледі әлі! Әзірге бәрі тамаша, бәрі тамаша келе жатыр екен. Сен нағыз қолбасы екенсің! Ал, жайыңды айтшы.

Амангелді. Міне, жиналып жатырмыз...

Петр. Келісім жоқ қой?

Амангелді. Болмасқа керек.

Петр. Дұрыс, Амангелді, Келісім болмасын. Ояз түгіл губерняның, губерния түгіл империяның басы дақ болып отырған шақ, ығыспа! Алеша әскер сұрап еді, Қостанайдан жүз елу, Шалқардан екі жүз әскер жібереміз депті. Ол саған қауып емес қой.

Амангелді. Ол қауып емес.

Петр. Қару-құрал жағың қалай?

Амангелді. Аз.

Петр. Мен саған жиырма мың оғымен, жүз бесатарға уәде етем. Келе жатқан отрядтардың қару-құралы тағы сенікі емес пе?

Амангелді. Бес жүз бесатарым болса, зеңбірегім болмапты демес ем.

Петр. Келген әскерді кең далаңа қарай сүйрей бер. Бар қаруын саған тастап, жаяу шұбап қайтатын ет!

Амангелді. Олай бола бермес, бірақ тұрыстым.

Петр. Бүлк етпе, сенің алдырмас қамалың — мынау далаң, келе жатқан қысың! Діңкесін қатырып жетелей бер!

Амангелді. Жалғыз дала емес, қала жағым көбірек қинап тұр.

Петр. Қалада сенің тілектестерің аз емес. Келер әскермен де сөйлесіп көреміз.

Амангелді. Рақмет, Петр. Ақылдаспағымның өзі де осы жай еді.

Петр. Оны мен бірден-ақ түсіндім, сардар. Ол жағына сене бер бізге. Бейбіт елмен белсене соғысатын орыс солдатын көрген де емеспін, білген де емеспін! Мүмкін, сенен гөрі солдат ызалы болар бұл өмірге!

Амангелді. Сенемін, Петр. Мұнда мен, қалада ссндер деп ойлаймын. Арқа тірегім де осы.

Петр. Сене бер! Қолдан келгенді аямаспыз. Өзің ойлағаныңды көзіңмен көрерсің әлі!..

Амангелді. Қой, Петра, мен көптен дәме етіп қалармын...

Петр. Мен де сол үшін айтып отырмын.

Амангелді. Ә?.. Осынша уәде бергендей, сенің өзіңнің сенерің немене? Ояз бен губернатор қару қоймаларының аузын ашып қойған ба саған? Әлде басқа бір көзді бұлағың бар ма?

Петр. Мен саған Россияның үлкен жүрегі бар демеп пе ем? Ең ұлы қойма сол емес пе! Сол қойманың қақпасы маған да ашық, саған да ашық. Бір Петрдың қолынан не келуші еді, ол жалғыз өзі шығырын да орната алған жоқ. Саған келер күш-құрал сол ұлы жүректен келеді. Қалай келеді, о да сенен жасырын сыр емес, өз көзіңмен көрерсің, өз қолыңмен аларсың, Амангелді.

Амангелді. Түу, шын-ақ армиям құрылып қалғандай еттің ғой!

Петр. О да, ұзамай болар әлі! Ал, сарбазды неменеге үйретіп жатырсың?

Амангелді. Жалғыз айналдырып жатқаным — ат пен найза, жаяу сарбаз жасауды дала жағдайына үйлестіре алмай жүрмін.

Петр. Дала жағдайы дегенмен, жаяу әскерсіз болмайды, сардар. Жаяу әскерің болуға тиісті!..

Амангелді. Жалғыз жетпей жатқаны жаяу әскер емес, Петра... Соғыса білетін, қару-құралы сай, патша әскерімен айқасар күндер таянып келеді. Сарбаздарға соғыс өнерін кім үйретеді? Мен бе? Менің өзіме кім үйретеді? Кете батыр ма?.. Петра, мен сені жібермесем деп тұрмын. Сен қал осында.

Петр. Мені кетеді деп кім айтты? Қақ қасымда сен дабыл қағып жатқанда, мен үйде қауын тіліп отырам ба?

Амангелді. Онда бар тілегімді беріпсің, Петя...

Қазақ халқы ұмытпас бұл еңбегіңді. Жүр, сарбазды қолыңа ал, жолдас мың басы!

Екеуі кете береді, бір топ әйелдер келеді, жастары бір тізелеп сәлем етеді. Бану алға шығады.

Бану. Батыр аға, кешіріңіз, батып алдыңызға келіппіз. Той іздеп, думан сағынып келген жоқ едік мұнда... Кәрі демей, жас демей, еркек-әйел түгел атқа қонар күн туыпты деп келіп едік...

Амангелді. Рақмет қарақтарым.

Бану. Сойыл соғар білегіміз болмаса да, үлкен бе, кіші ме, елдің үміт-тілеуін алып келіп едік...

Амангелді. Ең үлкен тіректі әкеліпсіңдер, қарағым. Емен жапырағымен, теңіз толқынымен дегендей, ел жалғыз еркегімен ел ме, әйелмен де ел де! Рақмет, шырақтарым.

Бану. Бізге тиер ескі еншіміз — от басы, ошақ қасы болса да сол елмен бірге қуанып, бірге қайғырғалы келдік.

Амангелді. Жоқ, қарағым, ескі еншіден құтылғалы келдік де. Бірақ *(Әйелдерге жақындап.)* жаңа еншіні тізе бүгіп, жалынып сұрап аламыз ба? Тұрыңдар... *(Шеткі бір әйелді қолтығынан демеп жібереді.)* Тұр, шырағым, тұрыңдар бәрің де. Ертең жаумен кездесіп қалғанда, мен «ат!» десем, сендер маған сәлем етіп отырасыңдар ма? *(Әйелдер тұрады.)* Жолдас деген жаңа бір жақсы сөз келді бізге. Жаңа сөз, жақсы сөз! Бұдан былай жолдаспыз бәріміз. Ескі әдеттер қалсын ескі жұртында.

Әйелдер. Жолдаспыз?.. Біз бе?.. Еркектерге ме? Қой, ойыны шығар...

Амангелді. Жолы бірді жолдас дейді. Ауыр асу, қиын күндер бар алдымызда. Жолдаспыз сол жолда. Бірге асамыз сол асудан.

Бану. Арқалап өткіз демеспіз біз де.

Амангелді. Жақсы айттың, қарағым... Қатарымда ұстармын қайда да, босағада болмас орындарың. Ең жақсы үйді таңдап алып, жайласа тұрыңдар әзірше.

Бану. Көп жайласуды керек те етпеспіз... Солай емес пе?

Әйелдер. Солай... Солай *(Әйелдер кетеді.)*

Петр. Ақылды да, өжет те қыз екен.

Амангелді. Өжет сарбаз етіп шығарып бер.

(Сырттан өлең естіледі.)

Өлең. Бас алға, аянба, жұмыскер,
Оянды, аттанды қалың ел.
Азаттық, бостандық жолында,
Жұмыскер, еліңе қолың бер!

(Пластунов келеді.)

Пластунов. Қазақ халқының сардары Амангелді Иманов! Сіздің қарауыңызға Байқоңыр мен Қарсақпайдан 300 жұмыскер келді. Қабыл етіңіз!

Амангелді. Миша, Миша, досым, жолдасым... *(Құшақтап).* Ойлаған жерімнен әрі түсіпсің. Таныттың жолдас дегеннің кім екенін!

Петр. Здравствуй, Миша? Сенбісің?..

Пластунов. Здравствуй, Петя! Әрине, менмін. *(Қолдасады.)*

Петр. Өзің бар қарауыңды асынып, біржола келгенбісің?

Амангелді. Әрине, біржола.

Пластунов. Сен ше, қонаққа келдің бе?

Петр. Жоқ, мен осындамын ғой...

Амангелді. Оны мың басы етіп белгілеп те қойдық, Миша.

Петр. Жоқ, Миша, мен саған әлі таңданып тұрмын. Танымай қалғандаймын. Үсті-басың арандай, кәдуілгі орыстың атақты батыры Илья Муромецтің өзі келіп қалған екен деп ем!

Пластунов. Илья Муромец болсам несі бар? Ол олқы ма, мен олқымын ба? *(Биікке шығып.)* Бері кел! Сен Алеша Попович бол да, тұра қал қасыма! *(Петр барып, қатарына тұрады.)* Сен де олқы батыр емессің!

Петр. Жолдас Илья Муромец, мына шын батырдың өзін қайтеміз? *(Амангелдіні нұсқайды.)*

Пластунов. Түу, жолдас Алеша Попович, жоқты айттың-ау... Бұрынғылардың қатесін біз түзесек, өкпелер деймісің! Қазақ халқының батыры Амангелді екеуміздің ортамызда тұрады да! Бері кел, қазақ батыры Амангелді!.. *(Үшеуі қатар тұрады.)* Кәне жараспағаны? Жауымыз да жамандай алмас! *(Күліседі.)* Бірақ, Петр, сен дұрыс танымай қалдың мені, дұрыс таңдандың. Мен соғыс адамы емеспін ғой. Менің асынып алғандарым өзімдікі емес, Амангелдінікі: Қарсақбай жұмыскерлерінің жіберген сыйлығы. Міне, батыр, өзің асын, өзің ки! *(Маузер, қылыш, тағы басқа қаруларын береді.)*

Амангелді *(қылышты асынып жатып)*. Орынсыз суырмаспын да, суырсам, абройсыз салмаспын қынабына! Осылай дейтін ғой орыс мақалы?

Пластунов. Иә, иә, солай дейді. *(Бинокльді беріп.)* Енді мынаны көзіңе дәлдеп ал да, алысқа қара! Алысқа!

Амангелді. Апыр-ау, неткен қырағы көз еді мынау! Дүниені жаңа көріп тұрғандай болдым ғой! Рақмет, Миша, жаңа бір көз бергендей болдың! Көрмегенімді көріп тұрмын. Қандай алысты, қандай айқын көре бастадым!

Пластунов *(көзін қөлеңкелеп)*. Белдер астынан қозғалыс көремісің? Көп қолдың дүбірін, үлкен қолдың дабылын естимісің? Алып теңіз шайқалғандай болады. Тулар жайқалады... Жалын шашқан қызыл тулар жайқалады. Есітемісіңдер, көремісіңдер?

Амангелді. Петр — көреміз, естиміз.

Пластунов. Сол — біздің қосылар қозғалысымыз, сол!

Амангелді. Сол болсын біздің қосылар қозғалысымыз!

Бәрі. Сол болсын, сол!

Амангелді. Жүріңдер, батыр жолдастар, жұмыскерлерді қарсы алайық. *(Қозғала береді).*

Шымылдық.

АЛТЫНШЫ СУРЕТ

Амангелдінің штабы. Мұңайтпас штаб ішін жинастырып болып, масаттанып қарап тұр. Қабырғада жарнамалар, бұйрықтар... Әртүрлі қарулар, бір пулемет бар...

Мұңайтпас. Осы менің өзім де оңай өле кететін қу емеспін ғой деймін... Осындай тәртіп, осындай жарасымды мен бір жақтан үйреніп келіп пе ем? Жоқ, өзім ойлап таптым, ойлансам әлі де таба беретінмін. Сардар штабқа сен иесің деген соңғы жерде, осылай жайнатып қою керек шығар дедім де төктім өнерімді. Күшігендерше шоңқиысып отыратын билер түсетін үй емес, соғыс кеңесі болған соң, айбыны мен ажары осылай оқшау тұратын шығар!.. Ендігі жараспай тұрғаны жалғыз менің жалба тымағым сияқты. Осының өзін қайтсем екен? Ұрсам дей-

мін жерге! *(Тымағын лақтыра жаздап тоқтайды.)* Тымақты Мұңайтпас ата-бабаларымның бірі сияқты да, тымақсыз Мұңайтпас аумаған өзім!.. Ойлаймын, ойлаймын да, сірә Мұңайтпас екеумізге де үлкен бір теңдік тигелі келеді-ау деймін... Кейде ұқпай қалатындарым болғанымен, осының бәрі сен үшін, сенің арман-тілегің дегенді енді ешкімнен сұрамасам керек. Бір жағынан сардар, бір жағынан Миша ағай, бір жағынан Петра баспалатып жүріп оны құйды мына жеріме! *(Кеудесін көрсетеді.)* Шіркін, өзгесі не керек, бір-бір іркіт толы, мес қарынды алдарына өңгеріп алып, төрді бермейтін мырзалар Мұңайтпастың алдында қайқаң қағып тұратын болды ғой қазір. Сардардың да соларда кеткен кегі көп білем! Әй, осының қорлығы өтіп еді-ау деп ойлап болғаныңша, сардар оны қаңсылатып тастағанын көресің. Кімнің кегі кімде кеткенін біздің сардар қайдан біле береді екен осы? Шіркін, сондай болар ма едім! Бірақ, сарбаз болып кеткенім қандай жақсы болды. Оң аяқ, сол аяқ дегендіріңді ұрып алдық қалтаға! Ат дегеніңіз әншейін ұршықтай ойнайды. Тақым дегеніңіз темірдей! *(Пулеметтің қасына барып айналдырып.)* Енді мынау жатқан қанды ауызды бір үйреніп алсам екен. Шіркін, мұның түймедей қара тұмсығын жаудың кеудесіне тосып қойып, ағытар ма едім оқты! Іс тігетін машинедей дем алмастан зіркілдегенде түйдек-түйдегімен төгеді ғой бұл! Мұның қасында жүз солдат дегеніңіз түк емес! Жүз солдат жүз атқанша, бұл мың атады! Әлде тіпті екі мың ата ма екен?.. О да мүмкін... Мұңайтпас мұны үйреніп алады әлі! Шіркін, мұның өңеші өгіз сыйып кетердей кең болып, бір-бір оғы он бұт болса... ұзындығы он құлаш болып, он көш жерден тисе, ә?.. Пристав пен урядниктерін, болыстар мен билерін соңынан шұбыртып, қара жолды шаңдатып-бұрқыратып, күңгір- күңгір қоңыраулатып губернатор мен ояз келе жатса... Сонда сардар дүрбісімен қарап жіберіп «Тарт Мұңайтпас!» дегенде, тартып кеп жіберсем! Гу-гу-гу етіп барып гүмп ете түскенде бір белесті аударып кеп тастаса!.. «Тарт Мұңайтпас!» дегенде, тартып кеп жіберсем, гу-гу-гу деп барып гүмп ете түскенде ойрантөбенің дал-далын шығарса!.. Патша да жоқ, губернатор да жоқ, ояз да жоқ, болыстар мен билер де жоқ болар еді-ау, ә?... «Тарттым, жолдас сардар!» деп... *(Қолын шекесіне апарады. Қолы тымағына тиеді. Тымақты тағы қолына алады.)* Әй, сені қайтсем екен? Жараспай-ақ тұрсың басыма! Атайын ба

есіктен!.. *(Тымақбай кіре береді.)* Шық, кім болсаң да, рұқсат сұрап кір! *(Тымағын лақтырып жібере жаздайды.)*

Тымақбай *(екі қолымен бетін қорғап)*. Ойбай, жаңылған екем, сөйтейін!.. *(Далаға шығып.)* Уһ, жарып тастай жаздады білем!... Босқа келсем, бұл қорлығыңды көрмес ем, амал қайсы көрмесіме!.. Лұқсат па кіруге?

Мұңайтпас *(салмақты)*. Бұл кім?

Тымақбай. Жапардың атқосшысы Тымақбай ғой жаңағы...

Мұңайтпас. Кіріңіз! *(Өзі қағаз оқып отырған болады.)*

Тымақбай *(үйге кіріп)*. Қарағым, Мұңайтпас, төрелеріңе сарбаз жақта жүрген соң, өзімсініп кіріп кетіп ем, рұқсат сұра дегенің қапелімде мені танымай қалғаның ба?

Мұңайтпас. Е, мына бір бұйрық жазып отырып абайламай қалғаным да...

Тымақбай. Бәсе!.. Екеуміз Байтас үйінен біліс едік қой... Атымды талай суарып, талай ерттеп беріп едің ғой... Бір күні бір торы төбелді солықтатып келгенің үшін құлағыңнан бірер жұлғаным болмаса, көңілің қалған жерің жоқ шығар маған?.. Ол баяғы ағалығым ғой, солай емес пе?

Мұңайтпас. Е, солай ғой...

Тымақбай. Ал енді, шырағым, сен осы күні төрелерге жақын жүретін болдың, мына заманыңның өзі қалай құбылып барады? Мен бір құлағымен күн көріп жүрген адаммын ғой, ағаңа соның жайын да түсіндіріп қоймайсың?..

Мұнайтпас. Қай төрелерді айтасыз, ағасы?

Тымақбай. Сен әлі жассың ғой, Мұңайтпас, қайдан білейін деп едің... Осы мына жүрген Петра, Мекайла дегендеріңді атаң қазақ төре дейтін... Өздері ақ патшаның айдасында жүрген соң бізге келіп паналады демесең, ағайын арасын бүлдіріп-бүлдіріп, күні ертең қош Мұңайтпасым деп тайып отырды олар.

Мұңайтпас. Бұл өз ойың ба? Әлде біреу айтты ма?

Тымақбай. Әлде біреу деп... Жалбағайдың Тымақбайы да бірдемені жорамалдай білетін, шырағым! Сен өзің естіп пе ең, жаздыгүні жанаралдың алдына жарып шығып сөйлеген жалғыз мен болатынмын!

Мұңайтпас. Е, естігем, естігем...

Тымақбай. Жанарал сонда «пах, пах, сөйлейді екен, итің!» деп қалған...

Мұңайтпас. Ие, заман құбылып барады дегеніңіз немене?

Тымақбай. Шырағым-ау, құбылмаған несі қалды? Арғын-Қыпшақ деп атқа мініп едік, Сардарың оны бытшыт қылып, бөліп-бөліп жіберді де, кім Арғын, кім Қыпшақ екенін танудан қалған жоқпыз ба біржола? Оның орнына сарбаз деген бір ел шықты ғой адам естімеген!.. Петра деген Қыпшақты қашан естіп ең? Сарбазды сол қолына алып кеткен жоқ па? Мекайла деген Арғын бар ма еді? «Былай тұр, былай отырды» сол билеп әкетті ғой! Осының бір ұшығын сен білерсің де ептеп құлағыма сыбырларсың деп келіп ем, шырағым...

Мұңайтпас. Ендеше, құлағыңды бері тос!

Тымақбай. Е, өркенің өссін... *(Құлағын тосады.)*

Мұңайтпас *(Тымақбайдың құлағынан ұстап алып, үйдің ішін айналдыра сүйрелей жүріп сөйлейді.)* Бірінші, Петра мен Мекайла төре емес, қазақ елінің достары! Ол екеуін біз аға дейміз. Бір де!

Тымақбай. Бір, ойбай, бір!

Мұңайтпас. Бұл алақандай Арғын-Қыпшақтың той-думаны емес, қазақтың барлық Мұңайтпастарының көтерілісі. Екі, де!

Тымақбай. Екі, бауырым, екі!

Мұңайтпас. Мен саған бауыр емеспін! Үш де!

Тымақбай. Емессің, ағатай, емессің!..

Мұңайтпас. Төртінші, бұл...

Тымақбай. Төртінші, әкетай, бесінші болсын... алтыншы болсын, жетінші...

Мұңайтпас. Төртінші, бұл... Сендерді осылай бақыртып сүйреп, дедектетіп әкеліп, есіктен ытқытып жіберетін көтеріліс! *(Тымақбайды есіктен ұшырып жібереді.)*

Тымақбай. Сол екен, ойбай, сол екен! *(Кетеді. Мұңайтпас күледі. Амангелді, Петр, Пластунов келеді.)*

Амангелді. Мұңайтпас, мыңбасыларды шақырып келші.

Мұңайтпас. Қазір, сардар жолдас! *(Кетеді.)*

Петр. Сонымен, екі асуға келіп бірдей тірелдік пе, жолдастар?

Пластунов. Ол қашаннан бері алдымызда тұрған асулар еді ғой. Асармыз бірдеме қылып.

А м а н г е л д і. Бүгін бірінен асып алайық, екіншісінен ертең асармыз деуге де келмей қалды. Қайтсек те қатар асуымыз керек.

П е т р. Онда ұсынысқа келейік.

А м а н г е л д і. Әуелі осы екі асудың біріне-бірі кезегін бермей тұрғанына келісіп алайық. Жау әскері темір жол бойына жиналып жатқанда, қаланы біз бұрын басып алмасақ болмайды, әрине. Қала сияқты берік қорғанға жау табанының тірелтпеуіміз керек. Бұл — бір, екінші, ал қаланы алдық. Содан соң? Не істейміз, қалай басқарамыз? Оязды қуып тастап, орнына өзіміз ояз боламыз ба? Елге жалғыз сардардың бұйрығын заң етіп қойса, онда, мен де патша сияқты бірдеме болып шыққаным ба! Ескі патшасын құлатқан жұртқа жаңа патша жасап береміз бе? Осыдан басқа тұк таба алмайтын болсақ, көтерілісіміздің не болып шыққаны, не бергені жұртқа?

П л а с т у н о в. Мұның екеуі де жауапты қадам, жолдастар. Қаланы алудың керектігі дау болмасқа керек. Солай емес пе? Көтерілістің түпкі мақсаттары мен алыс нысаналары кең көлемде шешілсе ғана баянды болмақ. Бұл да айқын. Қала алынғаннан кейінгі жөнімізді дәл нұсқап беретін бір-ақ жер бар, ол — Петроград! Шабуыл жасау күндері таяу тұрмаса, біреуіміз жүріп кетуге де болар еді. Мені ойландыратын осы ғана.

А м а н г е л д і. Мен, қаланы алып болғаннан кейін, қала мен далаға енді бұлар қайда апарар екен дегізбесек екен деймін.

П е т р. Меніңше, бәріміз де осы ойда сияқтымыз. Осыған байлайық та, кімге не тапсырылады, соны кеңесейік.

А м а н г е л д і. Жоқ, Миша, сен тез жүріп кет, алысу үшін Петроградтан ақыл сұрамасақ болмайды. Сарбаз осында, Петр екеуміз осындамыз. Бір қалаға жетіп жатырмыз ғой!

П л а с т у н о в. Байладық қой осыған?

П е т р. А м а н г е л д і. Дұрысы осы болар. Байладық.

П л а с т у н о в. Онда мен қазір жүрем. Қала шабуылын менен хабар болғанша тоқтата тұрыңдар дегім де келеді. Бірақ, патша әскері қаланы алып қойып жүрмесін. Ал мен жүрдім ендеше, кәне, қош болыңдар! *(Қоштасады.)*

А м а н г е л д і. Жолың болсын, Миша! *(Пластунов кетеді.)* Ал, Петра, енді екеуіміз Кете батыр мен Жапарды қолға алып жіберейік. Қазір келеді екеуі де.

Петр. Ол екеуіне не айтатының маған белгілі ғой. Мен ішінде болмай-ақ қойсам деймін... Мен сарбаз жаққа барайын да.

Амангелді. Жақсы... *(Петр кетеді.)* Қандай жақсы жолдастар, ә? Даланың қайғы-мұңы мен азап-бейнетіне ортақтасу үшін қандай адамгершілік керек! Соның жалғыз өзі ғана жеткілікті ме? Жоқ, о да аз болар еді. Шынайы шар болатты жасап шығару үшін тағы бір асылды қосады дейді, бұл екеуі сол ғой. Миша қандай қызық адам! Әрі қарапайым, әрі ылғи ой сала жүреді. Тоны жыртылмай тың жатқан кең далаға асыл тұқымды ой егіп жүрген адамға ұқсатам. Жолдас деген жалғыз ауыз сөзімен қанша ой салып еді. Жалғыз сол сөзімен сарбаздарға Миша ағай болып кетті. Біздің мектеп — күрес дегенін сарбаздар мақалға айналдырып әкетті. *(Бинокілін нұсқап.)* Мынаны көзіңе дәлдеп ал да, алысқа қара, алысқа дегені қандай терең ой! Жолдасыңды таппай қосылыпсың, адастырыпсың дей алмассың, қазақ халқы! *(Кете, Мұңайтпас кіреді.)*

Мұңайтпас. Кете батыр келді, Жайнақ пен Жапар қазір келеді, жолдас сардар! *(Честь береді.)*

Кете. Осындайларыңды тіпті лайық көрмеймін, батыр... Істей де алмаймын өзін... Менен оны сұрамассың... *(Отырады.)*

Амангелді. Батыр, сен әлігіде неменеге жанжалдасып жаттың осы?

Кете *(пулеметті көрсетіп.)* Мына бірдемелеріңнің тіліне түсінер емеспін... Сарбазға өзім үйрете алмайтын неменің керегі жоқ маған. Алып кетсең екен соныңды.

Амангелді. Батыр, бұл, біздің қолымыздағы ең бір өндіре соғатын қару емес пе!.. Пулемет дейді мұны. Әнеугі айқаста әрең қолға түсіргеніміз есіңде ме?

Кете. Жоқ, батыр, ата-бабам көрмеген нәрсені мен үйрете алман. Өлсең, тірілсең де қолма-қолға жететін не бар дейсің! Айбалта мен найза ғой шіркін соғыстың жаны! Мынаңды мен түсінбеймін. Мына бірдемесін маңдайына қалқалап алып, жатып соғысасың деген не сұмдық! Қатын болғаным ба мен жатып соғысатын!

Амангелді. Онда, мылтық, қылыш, пулемет жақтарын басқарысуға қасыңа Мұңайтпасты қосып берсем қалай болар?

Кете. Е, мейілдерің, айбалта мен найза жағын өзіме қалдырсаңдар болғаны. Өзгеңе қызығып жатқан Кете жоқ қой!

Амангелді. Ендеше, келісейік осыған?

Кете. Е, болсын! Осы ма еді шақыртқаның?

Амангелді. Осы еді. Енді бара бер сарбаздарыңа! Бірақ, өзің білмегенді сарбаздар үйренем десе, жанжал шығармайтын бол!

Кете. Е, менің жанжалымнан қорықпай-ақ қой! *(Кетеді.)* Қайран қараңғылық-ай!

Амангелді. Сарбаз Мұңайтпас Көпжасаров, бүгіннен бастап сен жүз басы боласың да Кете батырға жәрдемші болып барасың! Бар, жүз басыларша киініп кел!

Мұңайтпас. Қазір, жолдас сардар! *(Кетеді, Жапар мен Тымақбай келеді.)*

Тымақбай. Мен осы бір үйге кірмесем деймін, Жапеке...

Жапар. Е, неге?

Тымақбай. Әлгі бір қойшыны көргім келмейді, тіпті...

Жапар. Ендеше, аттардың қасында қала тұр. *(Жапар штабқа кіреді. Тымақбай әрі штабтағы әңгімені естігісі келіп, әрі қорқып әуреленіп жүреді.)*

Жапар. Шақыртқан екенсің, келдік сардар...

Амангелді. Сен немене, әлі үйрене алмай жүрмісің? Арғын-Қыпшақтың қолбасы Жапар Майлыбасов, әміріңіз бойынша келдім, сардар де!

Жапар *(қолын құсырып)*. «Сен немене, әлі үйрене алмай жүрмісің, Арғын-Қыпшақтың қолбасы Жапар Майлыбасов...» Ә, немене еді...

Тымақбай. Жаңылып қалды білем...

Амангелді. Жетер, жетер... отыр. Ал, жайларың қалай? Жорыққа аттана қалсақ, әзірмісіңдер?

Жапар. Өзімізше жаман емес шығармыз деуші едік, әлде ұнатпай кеттіңдер ғой... солай емес пе?

Амангелді. Ия, ұнатпадық.

Тымақбай. Ұнатпадық деді ме, ә?

Жапар. Ұнатпағанда, біздің өзімізде береке де қалмай барады. Әуелі бірталай жұрт едік. Соның өзі тоналып та болды. Жастар жағы сендерге ауысып кетті. Бүгін санатсам төрт жүз жігітім жоқ.

Тымақбай. Әй, осы жерден ұсталатын шығарсың...

Амангелді. Тонап жатқан кім? Неге тоналасың талтүсте?

Жапар. Басқа жаққа кеткен ешкім жоқ, осында ғой бәрі де. Жаяу әскер боламыз деп, біразы кетті. Соғыс өне-

рін үйрете алмайсың деп, тағы біразы кетті саған. Соларымның өзін қайтарып берсең екен...

Тымақбай. Жоқ, шатқалаңға тартып барады!

Амангелді. Жігіттерің жалғыз осыдан ғана қашып кетіп жатыр ма сенен?

Жапар. Басқа не себеп болады? Білгенімізше атқа үйреттік... Екі-үш рет жорыққа да шықтық... Соңғы жорықтан өткен түні ғана оралып келіп едік, таңертең тағы сексен жігітім саған ауысып кетіпті.

Амангелді. Жоқ. Шын себебін айтпай отырсың.

Жапар. Басқа себеп болмасқа керек.

Амангелді. Жайдан жай, тып-тыныш отырған орыс поселкесін кім шауып қайтты?

Тымақбай. Қап!..

Жапар. Үш күн, үш түн жорықта жүріп, атымыз арып, қарнымыз ашқан соң, бұрыла кеткеніміз рас еді. *(Амангелді столды ұрып қалады.)*

Тымақбай. А, құдай сақтай гөр! *(Шегініп кетеді.)*

Амангелді. Түрегеліп, тұрып бер жауабыңды! *(Жапар атып тұрады.)* Қырық шақырым бұрыс жатқан поселкеге қалай бұрыла кетесің?

Жапар. Біраз ғана аттарын алып, бір рет тамақтанғанымыз болмаса, не істеппіз?.. Ондай ат алу осында да болып жатыр ғой...

Амангелді. Мен атты тыныш отырған кедейлерден алып жатырмын ба екем!

Жапар. Апыр-ау, қарсы аттанғанымыз орыс емес пе еді? Оның несін аяй қалдың?

Амангелді. Орыс емес, патшасы орыстың!

Жапар. Тіпті түсінбеймін...

Амангелді. Түсінесің сен. Түсінбесең түсіндіремін, поселкеден жиырма ат, отыз өгіз әкетіпсің. Алпыс ат, тоқсан өгіз етіп, қайтарып бер! Қазір айдатып жібер!

Жапар. Осыны үзілді-кесілді сөз дейміз бе?

Амангелді. Бар орыныңа, қазір Мұңайтпас барады артыңнан, тапсыр соған!

Жапар. Амал қайсы, орындайын... *(Кетеді. Далаға шыққан соң.)* Бір кезеңің келер сенің де! Сен маған үш есе айып салсаң, мен он есе қылып қайтаруға тырысармын! *(Кетеді.)*

Амангелді. Басқалардың қорғаны жақсылығы болса, мұның қорғаны жамандығы! Ол қорғаныңды да алар-

мыз сенің, ашармыз бар сырыңды! Одан кейін не боларыңды өзің де білетін шығарсың. *(Мұңайтпас келеді.)*

Мұңайтпас. Жүз басы Мұңайтпас Көпжасаров, киініп келдім, сардар жолдас!

Амангелді. Түу, қандай әсем жігіт болып шыққасың! Бүгін жүз басы, одан кейін мың басы, одан кейін қолбасы бол!.. Оған дейін... Қазір Жапарға ере бар, да, тап өзінен алпыс ат, тоқсан өгіз айдап әкел. Ертең «Шолақ-өзекке» апарып тапсырып қайтарсың. Байғұстарды кеше Жапар шауып қайтыпты.

Мұңайтпас. Орындалады, жолдас сардар! *(Кетеді. Жайнақ келеді.)*

Жайнақ. Алты қос жылқының бетін бұрдым темір жол жаққа. Қай күні, қай жерде болуға бұйрық алғалы келдім, сардар жолдас!

Амангелді. Ол жылқыларыңның не істейтінін жақсы білемісің?

Жайнақ. Білем, сардар жолдас; жау әскерімен соғысады!

Амангелді. Қалай соғысады?

Жайнақ. Алыстан атой беріп, әр тұстан қара көрсетсе, оны артына тастап, жау әскері ілгері баспауға керек.

Амангелді. Содан соң?

Жайнақ. Шамам келіп, өнерім жетсе, құмға қарай ертіп алып әкете беруім керек, әкете беруім керек, сардар жолдас. Қала мен темір жолдан неғұрлым алыс әкете алсам, солғұрлым жылқыларымның жақсы соғысқаны...

Амангелді. Жақсы, жақсы ұғыпсың, Жайнақ. Осы екеуін орындай алсаң болғаны. Адамың қанша алған?

Жайнақ. Еркегі жүз, әйелі екі жүз!

Амангелді. Қару-құралсыз аттанбаңдар, соғысып қалатын да кезің болар. Тым болмаса, жиырма-отыз бесатар ал. Әттең аз, әйтпесе, бір-екі пулемет те ал дер едім.

Жайнақ. Пулемет дедіңіз бе, сардар?.. *(Артына бұрылып.)* Сарбаздар, он адым жақын келіңдер!.. *(Бір топ әйелдер жақындайды. Бәрі де ықшам, еркекше киінген.)*

Әйелдер. Сәлем, сардар жолдас! Сәлем!

Амангелді. Жолдарың болсын, сарбаздар... *(Жақындап.)* Қалай, сарбаз жолдастар, аязбен айқасқа бірге кіргелі тұрмыз, қыңқыл-сыңқыл жоқ па іштеріңде?

Әйелдер. Жоқ, жоқ, жолдас сардар, жоқ.

Амангелді. Тоңбайсындар ма?

Әйелдер. Тоңамыз, жолдас сардáр, тоңамыз...

Бану. Құба тал орманның ылғи ығына шыға бере ме, жолдас сардар... желіне де өседі ғой. Шыдайды да.

Амангелді. Ия, шыдау керек... Қарулы жауға қарсы аттанып барасыңдар, қорықпайсыңдар ма?

Әйелдер. Қорқамыз, жолдас сардар, қорқамыз...

Бану. Бірақ, оған да шыдасақ керек.

Амангелді. Қорықпау үшін не істеу керек?

Бану. Жаудың өзін қорқыту керек болад та.

Әйелдер. Иә, иә, жаудың өзін қорқыту керек болады.

Амангелді. Жақсы, жақсы айттыңдар, сарбаздар. Ал, жауды қалай қорқытпақсыңдар?

Бану. Оны мың басы білед те.

Жайнақ. Жаңа пулемет дедіңіз ғой, сардар. Ең болмаса, соны жұмсаймыз да.

Амангелді. Пулемет? Ол қайдан келді саған?

Жайнақ. Бөлім, әзірлен! *(Өзі де, әйелдер де мойындарына асып алған зырылдауықтарын қолдарына алады.)* Біздің пулемет мына болады, жолдас сардар! От!.. *(Бәрі қосылып, зырылдауықтарын айналдыра бастайды.)*

Амангелді. О, жолың болсын, Жайнағым, жолың болсын! *(Сақылдап күледі.)*

Шымылдық.

ЖЕТІНШІ СУРЕТ

Қала... Әскер казармасы. Сыртта қатты атыс, өрт шұғыласы. Көп пулемет үні. А. Логинов ауыр ойда... Беріректе Зілғара, Кенжеғара — бәрі де оқтан қорғаныш, бой тасалап тұр...

Зілғара. Әскер бүгін де келіп үлгермесе, қаламен қоштасатын-ақ шығармыз.

Кенжеғара. Бүгін?.. *(Басын шайқайды.)* Амангелді әскерді жолда бөгеп отыр ғой!

Зілғара. Жол бойында алты жерде соғыс бар дедің бе? Анық па сол?

Кенжеғара. Анық, алты жерде. Өзім көрдім.

Зілғара. Жалғыз қорғанымыз осы казарма болып қалды десейші онда...

Кенжеғара. Жалғыз Алексей Сергеевичтің айбы-

нымен жан сақтап отырғандаймыз. Тым болмаса, құмырысқадай қолқабысқа да жарамадық!

Зілғара. Сабаз алғашқы үш күнді елемегендей еді, бүгін мына пулеметі құрғырдың келіп қосылғаны күйзелтіп отыр ғой... *(Сыртта түйдек пулемет атысы... Пауза...)*

А. Логинов. Пулемет бұларға қайдан келді, ә? Қайдан келді? Кім берді бұларға?

Зілғара. Келе жатқан әскерден түсіріп алмас па?..

А. Логинов. Кім осының бәрін басқарып жүрген? Нағыз тұрақты әскерше соғысуды дала қазағы Амангелді қайдан біле қалды? Соғысудың айла-тәсілін кім үйретті оған?..

Кенжеғара. Қаланың біраз бұралқылары мен Қарсақбайдың қара жұмыскерлерінен басқа оған қосылған орыс баласы да жоқ еді.

А. Логинов. Петр қайда?.. Қайда жүр?.. Неғып хабарсыз жоғалып кетті, неғып?..

Кенжеғара. Оны Амангелді тұтқындамаса керек еді...

А. Логинов *(әкіріңкіреп)*. Өз еркімен соларға қосылып кетті демекпісің?

Кенжеғара. Жоқ, жоқ, Алексей Сергеевич... *(Дробилин келеді.)*

Дробилин. Тұтқын, тұтқын, Алексей Сергеевич!.. *(Тымақбайды желеді.)*

А. Логинов *(Тымақбайды қамшымен тартып қалып.)* Кімсің сволочь?

Тымақбай *(жығылып, тұрып)*. Өтіп кетті-ау, қамшың, өтіп кетті-ау... Өзің едім ғой, өзің, өзің...

Зілғара. Сабыр етіңіз, Алексей Сергеевич, сабыр!.. Бұл біздің адам... Мен сөйлесейін... Е, қайдан жүр едің қаңғалақтап?

Тымақбай. Е, Жалбағайдың Тымақбайы қамшыны сіздің алдыңызда жеді ме!.. Онда арманы жоқ екен!..

Зілғара. Оны қоя тұр, жаным, қате тиіп жатыр... Жөніңді айтшы.

Тымақбай. Жалбағайдың Тымақбайы жай жүруші ме еді? Жұмыспен жүред те...

Зілғара. Ие?

Тымақбай. Жапар өз мыңын алып шықты қаладан... Соны хабарлауға келіп ем... Рақмет қамшылап алғандарыңа!

А. Логинов. Немене? Жапар қаладан шығып кетті ме? Шын ғой?..

Тымақбай. Шын, төрем...

А. Логинов. Ендеше, Амангелдінің бір қанаты қырқылды десейші! Рақмет, рақмет... кешірерсіз бір қатемді. *(Кенжеғара.)* Барыңыздар, әскер арасына таратыңыздар бұл хабарды. Енді құтыламыз қоршаудан!.. Тез, тез!.. *(Кенжеғара мен Дробилин кетеді. Логинов қыза айғайлап.)* Ей!.. Күшейтіңдер отты! Жау қаша бастады! Құтылдық, құтылдық! *(Дробилин келеді.)*

Дробилин. Сарбаздардан елші келіп тұр.

А. Логинов. Елші келіп тұр?.. Ұста да алып кел бері!

Дробилин. Сөйлесіп шыққанша орныма кісі бересің дейді. Қасында елу сарбазы бар!..

А. Логинов. Көрдің бе, мазағын! Орнына өзің бара тұр да, бері жібер!

Дробилин. Мен өзім бара тұрайын ба?

А. Логинов. Болмаса басқа біреуді жібер! *(Дробилин кетеді.)* Құдай-ау, мұндай мазақты көрем деп пе ем! *(Қолында ақ ту, көзі байлаулы Жайнақ келеді. Зілғара тасаланады.)*

Жайнақ. Сардар Амангелді Иановтың елшісі сарбаз әпесері Жайнақ Жылқайдаров! Маған ояздың өзі керек сөйлесуге.

А. Логинов. Ояз бастығы алдыңда тұр, сарбаз «әпесері».

Жайнақ. Амангелді Иманов жіберді. Қарсылықты тоқтатып, әскерін алып қаладан шықсын, үш сағат уақыт берем деді. Ешбір бөгетіміз болмайды, қатын-баланы, керек-жарақтарыңызды әкете беріңіздер. Жолдарыңда бір сарбаз тұрмайды! Осыған әпесерлік уәде етеміз!

А. Логинов. «Әпесерлік» уәде етеміз!

Жайнақ. Иә, әпесерлік уәде етеміз.

А. Логинов. Басқа қандай шарттарың бар?

Жайнақ. Басқа шартымыз жоқ. Қаланы қолға алған соң, шартын өзіміз келтіре береміз ғой!

А. Логинов. Бір кезде менің түрмемде отырған қу едің-ау сен?

Жайнақ. Қазір мың басымын! Генерал Лаврентьевпен жеті күн соғысып, алға бастырмай кейін қайтарған мың басы біз боламыз!

А. Логинов. Алған тұтқындарың да бар шығар?

Жайнақ. Екі мың адам...

А. Логинов. Он мың десең қайтер?

Жайнақ. Ұзамай о да болады!

А. Логинов. Есіргенін көрдің бе өзінің! Амангелдіңе сәлем айт: сол үш сағатта өзі қашып құтылсын! Патша әскері жақындап қалды. Енді кешіксе, басы Торғайдың көшесінде қалады. Есіттің бе?

Жайнақ. Патшаның өзі құласа да, әскері келе береді деңіз!.. Ендеше өзіңіздің басыңызға да сақ болғайсыз. Енді ақ жалауды көрмейсіз, қызыл жалауды ғана көретін боласыз! Осыған әпесерлік уәде етемін. *(Кетеді.)*

А. Логинов. Жаңағы хабар шын болды! Амангелді елшіні сасқан соң жіберді! Көрдің бе айласын!.. *(Сыртта атыс күшейеді. Дробилин келеді.)*

Дробилин. Шабуыл күшейіп барады, господин ояз начальнигі!

А. Логинов. Айтпа бос сөзді! Бір адым аттатпаңдар ілгері! Марш! От, от! От!..

Зілғара. Е, тәңірім, жар бола гөр!

А. Логинов. От, от!

Дробилин. Алексей Сергеевич, қалдық қоршауда, қазарманы орап алды, орап алды!

А. Логинов. Шығарма үніңді, өле біл! От, от!..

Зілғара. Қой, ендігі жөні бассауға болар... Жүр, Тымақбай. *(Кете береді.)*

Тымақбай *(жүгіре беріп, құлап түсіп)*. Ойбай, оқ тиді, өлдім... Өлдім! Ала кет мені, Зілғара, ала кет! *(Зілғара қайырылмайды. Тымақбай домаланып жатады, сыртта «ура!» Петр, Мұңайтпас, сарбаздар келеді.)*

Петр. Көтеріңдер қолдарыңды! *(Сарбаздар казарманы қоршап алады.)*

А. Логинов. Петр?.. Сенбісің?.. Жоқ, мүмкін емес!..

Петр. Мен! Тоқтат қарсыласуды! Енді қорғайтын ешкімің қалған жоқ... Беріл, қолға түс!

А. Логинов. Патша офицері Петр Логинов!..

Петр. Мен патша офицері болған емеспін, қашан да орыс офицері болатынмын!

А. Логинов. А-а!.. Осыған жеттің бе! Патшаның жауы ма едің! *(Қолы қалтырап, Петрды атып-атып қалады, тигізе алмайды. Мұңайтпас. А. Логиновты атып қалады.)*

Петр. Алеша, Алеша... Осылай аяқтарыңды біліп ем,

бірақ... *(Мұңайтпасқа.)* Есіңде болсын, қашан да, өлікке оқ атпас болар...

Мұңайтпас. Кешіріңіз, жолдас командир!.. *(Амангелді, Кете, сарбаздар келеді. Петр Амангелдіге честь береді.)*

Петр. Жолдас сардар, жаудың соңғы қорғаны алынды. Қала түгел біздің қолда! *(Амангелді А. Логиновты көреді...)*

Амангелді. Рақмет, жолдас сарбаз командирі... Соғыстың аты соғыс қой, Петр... Не айтайын... *(Қолын қысып, даусын қатайтып).* Қаланың бірінші қызыл коменданты етіп тағайындаймын сені, жолдас Петр Логинов! Кіріс ісіңе!

Петр. Орындалады, жолдас сардар!

Тымақбай. Ай, Жапар ит-ай, жеттің ау түбіме!

Амангелді. Бұл кім?

Мұңайтпас. Тымақбай ғой кәдуілгі!.. (Қасына барып.) Е, сен қайдан бұл жерде өліп жатырсың?

Тымақбай. Қаланы алысып өліп жатырмын да!..

Мұңайтпас. Қаланы алысып? Шыныңды айт, шауып тастасын демесең!

Тымақбай. Ойбай-ай, сен бе едің!.. Айтайын, айтайын! Жапар жіберіп еді, Жапар...

Амангелді. А!.. Жетер, Мұңайтпас, жатсын... *(Жапардың қолын артына байлап, үш-төрт жолдасымен қоса айдап Жайнақ, Бану, Тәуке үшеуі келеді.)*

Жапар. Уа, босат, құтқар мына тентектеріңнен! Уа, шештір қолымды!

Амангелді *(Жайнаққа).* Қай жерден ұстадың?

Жайнақ. Дәл айтқан жеріңізден ұстадым, жолдас сардар!

Амангелді *(Жапарға).* Сен ол жаққа қалай шығып кеттің?

Жапар. Ешқайда шығып кеткенім жоқ, мен де жеті күннен бері осы қаланы алысуда жүрдім. Өтірік айтады!

Тәуке. Қаланы алысқан кісі қаладан жиырма шақырым жерден ұсталатын ба еді? Біз сені құлап жатқан қораның арасында ұстадық. Танып көрші кәне!

Жапар. Менің ол жерге жеткенім-ақ сол еді.

Амангелді. Неге бардың онда?

Жапар. Тымақбайды сол жаққа шөпке жіберіп едім... Сол ит кешіккен соң, қашып кеткені ме деп іздеп шығып едім...

Тымақбай. Тымақбай осында... Оны ит қылған сен, сен ит! Мені сен шөпке жұмсаған жоқсың, қаладан қашатыныңды айтып кел деп оязға жібергенсің... Екі ит қатар жатайық, ананы турап-турап менің қасыма салыңдар.. *(Өледі.)*

Амангелді. Енді не айтасың? *(Жапар үндемейді.)* Жоқ, сен ешнәрсе айта алмайсың! Сенің әр адымың қолымызда болатын біздің. Рақымет, саған Тәуке шал, қия бастырмай ұстадың! Сен залым біздің ішімізге бүлдіруге келгенсің. Алданған біраз жұрт бар еді соңында. Қазір сені олар да таныды, тастап кетті. Сені жазалайтын да сол жұрт! Шешілмейді сенің қолың!

Жұрт. Жазалансын қан майданды тастап қашқан арамы!

— Жазалансын!

Амангелді. *(биікке шығып.)* Шешілмейді сенің қолың! Сендердің қолдарыңды шешкен адам — туған еліңің қолын байлағаны да! Енді оны көре алмассыңдар. Тағын талқандап, патшасын құлатқан, енді тізгінін өз қолына алатын халқымыздың атымен, патшаның қазақ даласындағы қорғандарын ойрандаған сарбаздардың атымен мен сенің соңғы кесіміңді айтамын... *(Абайсызда Пластунов келіп қалады. Соңында қызыл ту көтерген екі гвардеец.)*

Пластунов. Жұмыскерлер мен солдат депутаттары Советінің атымен дегенді қос, сардар!

Сарбаздар. Миша ағай, Миша ағай келіп қалды! Миша ағай!

Амангелді. Миша! *(Жайнаққа)* Әкет мыңаларыңды! *(Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.)* Миша, аман қайттың ба? *(Амандасады.)*

Пластунов. Құттықтаймын, сардар, құттықтаймын. Ойрандапсың жаудың қорғандарын!

Амангелді. Оны мына сарбаздарға айт!

Пластунов. Әрине! *(Биікке шығып.)* Екі ғасыр бойы отаршыл патшаның қазақ даласындағы қорғаны болып келген қаланы алған сарбаздар, ғасырлар бойы теңсіздікте келген еңбекші қазақ халқы, күң орнында келген казак әйелі — бәріңді де Петроград жұмыскер және солдат депутаттары Советінің атынан құттықтаймын!.. Обыр патша құлады! Россия халқы енді өзі тілеген өкіметін орнатпақ. Ол халықтың өз өкіметі — жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі—Совдеп болмақ! Патшалы Россия жоқ енді, ол біржола жоғалды! Қазақтың еңбекші халқы, саған Со-

веттік Россия құшағын ашады. Обыр патша құлады, бір асудан астық. Енді ел билігін өз қолыңа алатын екінші биік асқар тұр алдыңда. Қанды майдандар, болат сыналатын сындар тұр!.. Қанаудан, қараңғылықтан, теңсіздіктен құтылуды арман еткен халық, қолыңды сол Советке соз! Теңдес елге, бақытқа ұмтылатын еңбек елі, өзің басқаратын, өз тілегіңді іске асыратын Советіңді құр! Күні кеше алдың түндей қараңғы жұрт, бүгін алдың жарық, ол — атқан Совет таңы! Ұлы заманның ұлы күні шығып келеді, оның аты — Совет!

Жұрт. Жасасын ұлы күн! Жасасын Советтер!

Пластунов *(«Правда» газетін суырып алып)*. Ленин бастаған большевиктер газеті «Правда» бізге мынадай айқын жол сілтеп отыр: «Советтерді барлық жерде де құру керек, нығайту керек, халықтың революциялық өкімет билігінің органы болып табылатын жұмысшы және солдат депутаттарының Орталық Советін *(яғни, Петроград Советін!)* бас етіп, оларды өзара байланыстыру керек»,— дейді. Міне біздің жол, еңбекші ел, осы сенің жолың!

Жұрт. Кім, кім жазған? Кім бұл алтын сөздерді айтқан?

Пластунов. Ленин! Адам баласының ұлы көсемі — Ленин!

Жұрт. Жасасын Ленин! Жасасын большевиктер! Жасасын Советтер!

Пластунов. Петроград Советі саған өзінің қызыл туын жіберді, қабыл ет, сардар! *(Амангелдіге туын береді.)*

Амангелді *(ту алдына бір тізелеп)*. Үміт көзің қараумен талған, ата арманы балаға қарыз боп қалған, еңбекші қазақ халқы, сенің алдыңда, қорлық-зорлықтан басқаны көре алмай құлазып жатқан қазақ даласы, сенің топырағыңды басып тұрып, ескінің куәсі еңкейген кәрі, сенің алдыңда, келер күннің армансыз жасы, сенің алдыңда, жалынды тілек шыққан күннің белгісіндей Қызыл ту, сенің алдыңда, елдің азат бостандығы үшін, бұратана бұралқылықты жою үшін, жетсе қан, жетпесе жанды атап, ант етемін! *(Ту алдына бір тізеленеді.)*

Жұрт. Ант етеміз, ант етеміз! *(Жұрт та бір тізелейді.)*

Амангелді. Петр Логинов!

Петр. Тыңдап тұрмын, сардар!

Амангелді. Жайнақ Жылқайдаров!

Жайнақ. Тыңдап тұрмын, сардар!

Амангелді Мұңайтпас Көпжасаров!

Мұңайтпас. Тыңдап тұрмын, сардар!

Амангелді. Қазақ даласына түгел көрінгендей етіп шаншыңдар қаланың төбесіне төңкерістің қызыл туын!

Ту қолдан-қолға өтіп, төбеге барып шаншылады.

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

СЕГІЗІНШІ СУРЕТ

Амангелдінің штабы... Кең террасада Амангелді мен Петр. Қарсыда Совдеп үйі. Сыртта команда...

— Бір, екі, бір, екі! Сол аяқ, сол аяқ!

Амангелді. Көремісің, Петр! Кешегі шұбалаң сарбаз бүгін аяқты қалай-қалай басады? Кәдуілгі емес пе?

Петр. Солдат, солдат! Қазіргі Россия топырағында әлі шаршап қажымаған, бар қызуы бойында тұрған солдат!

Амангелді. Қызыл майданға шақырылуға жарағанымыздың өзі не тұрады!

Петр. Иә, кешегі сарбаз үшін ол үлкен атақ!

Амангелді. Не барымыз бір атты, бір жаяу әскер полкы, баяғы он мыңдаған сарбаздан анағұрлым айбынды, ә?

Петр. Әрине!

Амангелді. Қолым босап кетсе-ақ, қарағым келеді де тұрады. Анау маңдайшадағы жазу мен екеуіне бір қарамай өте алмаймын.

Петр. Иә, ол үлкен жазу — заманның жаңа тілі.

Амангелді. Әрі жаңа, әрі түсінікті тілі. Таңертең тұра сала, біреу алып кетпеді ме екен дегендей, әуелі ылғи сол маңдайшаға қараймын: көк-ала таңнан күлімдей қарап тұрады орнында! *(Бөлімін ойнатып Мұңайтпас келе жатыр.)* Ысқыртуын көрдің бе, қойшыңның? Командир Мұңайтпас Көпжасаров, бері келші, бері.

Мұңайтпас *(бөліміне)*. Тоқта! Смирно! *(Бері келіп честь беріп.)* Бірінші қазақ жаяу әскер полкының бірінші взводының командирі Мұңайтпас Көпжасаров, әмірініз бойынша келдім, жолдас комиссар!

А м а н г е л д і. Жә, түсір қолыңды. Қалай, командир болып болдың ба, жолдас?

М ұ ң а й т п а с. Күндіз өзім үйретем, жолдас комиссар, түнде өзім үйренем...

А м а н г е л д і. Кәне, мені үйретіп көрші!

М ұ ң а й т п а с. Сізді үйрете алмаймын, жолдас комиссар, хақым жоқ!

А м а н г е л д і. Үйрет деп бұйырамын!

М ұ ң а й т п а с. Бұйрығыңыз орындалады, жолдас комиссар! *(Өз бөліміне)* Айнал! *(Бөлімін теріс қаратып қояды).* Қарамаңдар!.. Ендеше, смирно, жолдас комиссар! Шаго-ом арш! *(Амангелді жүріп кетеді.)* Тура! Оң иығыңды алға, марш! Бір, екі, бір, екі! Сол аяқ! Сол иығыңды алға!.. Жүгір! Тура!.. Тоқта! Смирно! Команда деген осы болады, жолдас комиссар... Қиын дәнемесі де жоқ!

А м а н г е л д і. Ал, солдатыңа айтар қандай мінің бар?

М ұ ң а й т п а с. Сізде әзір кавалеристің әдеттері көбірек. Оқа емес, бір жеті үйренсеңіз жетіп жатыр.

А м а н г е л д і. Естіп тұрмысың, Петр? Рақмет, Мұңайтпасым, рақмет! *(Қолын қысып.)* Сенің «сол аяқтаған» командаңның астында кешке дейін жүруге де шаршамас едім. Уақытым жоқ, бауырым, бар...

М ұ ң а й т п а с. Шаго-ом- арш! *(Бөлімін алып кетеді.)*

А м а н г е л д і *(ойланып қалып).* Енді, сірә, комиссарыңның өзіне де күні-түні үйрену керек болар, ә?

П е т р. Оның зияны болмайды, комиссар.

А м а н г е л д і. Бір дүние жаңарып жатса, енді бір дүние ескіріп жатады, ә? Тез жаңартар, тез ескіртер заманға жетіппіз, Петр! Ескіні көріп — жаңаны, жаңаны, көріп — ескіні түсінеді екеміз...

П е т р. Оны неге айттың, комиссар?

А м а н г е л д і. Солдатқа қарап — сарбазды, Мұңайтбасқа қарап — Кетені танығандаймын. Сарбаз жаңарып солдат болды да, Кете батыр ере алмай қалды... Ал полктарың әзір ғой аттануға?

П е т р. Әзір, комиссар.

А м а н г е л д і. Бірінші құрылған қазақ полктарының кіндік атасы сияқты едің, Петр. Өзің бастап апарып майданға сал. Алыстан қарап, сүйсініп отыратын болсын мұнда қалғандар...

П е т р. Артық мырзалық болып кетіп жүрмесін, комиссар. Торғай Совдебінің кіндік атасы сен десек, — ол

сенің шын еңбегің. Қазақ даласына совет туын бірінші орнатқан адам сенсің. Асыра айтқаным емес, қазақ халқының жаңа тарихы сенен басталады. Біз болсақ, саған жәрдем еткен ғана адамдармыз. Одан арғыңды достығың мен мырзалығың деп білем.

Амангелді. Жоқ, Петр, жоқ! Біз бұл жолға бірге түстік, бірге аяқтаймыз. Қандай шатқалдардан адаспай, айрылмай бірге өттік, сен, мен деп бөлмейік, біз дейік... Сен майданнан оралып келгенше полк демей, дивизия деп сөйлейтін болармыз. Торғай туы демей, жалпы Қазақстан қызыл тудың астында дерміз. Кәрі жолдастар бір күні Москваға да тартармыз... Жолдас Ленин, бірінің астымен, бірінің үстімен кетіп жүріп, қазақ даласына қызыл ту орнаттық, көріне ме осы арадан дерміз. Әрине, көрінеді дейді!

Петр. Шынында да сондай кездесу болар ма екен?

Амангелді. Болғанда қандай, тек майданнан аман қайт! Алдымызда қандай қызықты күндер келе жатыр, Петр! Қызыл қолбасы Фрунзе бізді елеулі күш көріп, майданға шақырып отыр! Қазақ совет республикасы құрылатын болған қаулы алып отырмыз. Мұның аты еңбек жұртының бар арман-тілегі орындалды деген сөз емес пе!

Петр. Ендеше сол күндерге дейін сау болайық. Мен жүруге әзірленем.

Амангелді. Жолың болсын, Петр! *(Петр кетіп қалады. Бану, Жайнақ келеді.)* Кел, кел, болыс қыз!..

Бану. Комиссар жолдас, ана жалмауыздардан арашалай көріңіз...

Амангелді. Біраз жұрт сенен араша сұрап жүр емес пе еді? Енді өзіңді арашалау керек боп қалды ма?

Жайнақ. Онша сеніп қалмаңыз, комиссар жолдас. Болыс қызың кәрі емендерді жалғыз қолымен шайқаң қақтырыпты. Тіпті жәрдем керек емес екен, мен босқа барып қайттым.

Амангелді. Онда, емен түптері босай бастағаны да!

Бану. Ай, берік-ау, әлі де...

Амангелді. Бірақ шайқалды ғой?

Бану. Ептеп шайқалады... Әне, келе жатыр шайқалып.

Амангелді. Ендеше емің қонғаны: құлайды ұзамай *(Зілғара, Байтас, Байқара, Кенжеғара келеді.)* Жоғарылата беріңдер...

Зілғара. Шығармас жоғарыңды қайтейік, төменші-

лікпен айтар арызы бар мына жұрттың... Айтпақ та, қайтпақ...

Амангелді. Қысқа келгендерің жақсы екен...

Байтас. Құрығыңды менен бастап салыпсың... Менақ жазалана берем бе осы? *(Амангелді Бануға қарайды.)*

Бану *(қағазын суырып алып.)* Жүз ат салынды бұл кісіге.

Байтас. Жүз ат түгіл, жүз битіме кім тиіп көріп еді? Жалғыз сол ма, ата мекен жерімді тартып алуға нең бар қолың барды? Сен өзің сол жерде тумап па ең?

Бану. Жерді мен сол елге алып бердім.

Амангелді *(Байқараға)*. Сіздің келген жұмысыңыз?

Байқара. Мен мынау істеріңіздің заңсыздығын айтқалы келдім. Испокон веков Россияның заңында біреудің малы мен жерін біреу еріксіз ала берсін деген статья болған емес. Мұның атын реквизиция, я болмаса, конфискация деуге ғана болады. Және, міне, мұнда тура айтылған. *(Кітабын аударыстырып жатып.)* «Жергілікті хүкүмет орындары мұндай насильственный мераларды қолданудан категорической формада лишаются!» делінген. Ондай шараларың біздің ауылға бара қоймағанымен...

Бану. Жоқ, барды. Сізден елу ат алынады.

Байқара. Ә?.. Бостандық маған елу атқа түспек пе?

Бану. «Ұзын тоғай», «Айрық» деген жерлеріңіз де алынады.

Байқара. Ендеше, мен не боларымды біле алмадым...

Отыра кетеді.

Зілғара. Жә, менің осындайға ілігетін не жөнім бар?

Бану. Бірінші, сіз ірі байлардың бірісіз. Екінші, «Алашорданың» съезін шақыруға осы елден мың ірі қара жинатып алдыңыз ба?

Зілғара. Оны тартып алдыңдар ғой өздерің!

Бану. Біздің әр ісімізге қарсылық істеушілердің басында қашан да сіз барсыз!

Зілғара *(Амангелдіге)*. Осыны сіздің жауабыңыз деймісіз бе?

Амангелді. Өзіңіз қалай ойлайсыз?

Зілғара. Менің айыбым — Алаш съезін шақыру болса, ол бір елдік тілек емес пе еді! Біз сіздің өзіңізді де шақырамыз. Осы да айып па?

Амангелді Е, мені қайтпексіңдер?

Зілғара. Сен бізден безінсең де, біз сенен безінбейміз.

Амангелді. Үлкен құрмет екен!..

Зілғара. Бекер ысқырына бересің, батыр. Он төрт мемлекет Советке қарсы аттанды, сол жорықтан аман қалғанымыз-ақ үйірге қосылатын болармыз.

Амангелді. Тура осыдан бастасаң ғой, Амангелді алдақашан құлап түседі!..

Кенжеғара. Маған бір ауыз сөзге лұқсат болар ма екен?

Амангелді. Сөйле, мырза.

Кенжеғара. Осы жұрт көргенді мен де көріп, келіп отырмын. Бірақ, мен мына жұрттан басқа бір жайды айтқалы келдім. Халқымыздың әр кезде әралуан еңбек етіп, көзден жасын сорғалата жүріп, күткен тілегі осы босандық еді. Әрбір әлді қазақ елу атпен, жүз атпен бостандыққа қолы жете берсе, алдақашан сатып та алар еді. Бірақ заман өз заңын біледі, өзі заңына ғана бағынбақ. Мұны түсіне білу керек дер едім. Менен елу ат алыныпты, оны аз дегім келеді. Керек деген күні енді жүз жылқы айдатып алыңыз. Сәлем айттырыңыз, өзім айдап әкеп берем, қазақ полктарының азық-түлігіне деп, бес жүз қой айдатып әкелдім осында. Әр жерде қазақ автономиясын сұрап, ешкімге сөзін тыңдата алмай, босаға күзетумен күнін өткізіп жүрген қазақ аз ба? Керенский берген жоқ. Колчак берер емес, берем дегеніне мен сенбеймін. «Алаш» деп арқа сүйеу қылып келдік: ақ генералдарға жылу жинаудан басқасын көре алғаным жоқ әлі. Қазақ халқына автономия совет арқылы келетін болса, мен барымды салдым соның жолына! Ұғынар уақыт жеткен сияқты, мырзалар!

Зілғара. Е, ол өз жұмысың.

Амангелді. Шынымды айтайын, сенен мұны күтпеген едім.

Кенжеғара. Білем, білем, комиссар жолдас. Кіналымын да, айыптымын. Торабы тоғыз заманға кез келіппіз. Адасыппын дегеннен басқа ақталарым да жоқ. Бірақ, оңай, қиын сәтті аңдып жатқаным жоқ, ойланумен бөгеліп келдім. Енді бәрін салдым жолыңызға, керегіңізге жарасам, өзімді қоса бердім.

Амангелді. Ертерек келмедің деп несін ескертейін, ештен кеш жақсы да... Ақ ниетіммен, адал күшімді әкелдім дей алар болсаң, түзелер бетіңе теріс жөн сілтесек, айып

бізде болар. Шек, кедергі қоймаспыз алдыңа... Ал, өзге жұрт, бұған қалай қарар екенсіздер?

Зілғара. Бостандық заманы ғой, әркімнің өз еркі білед те.

Амангелді. Ендеше көп созбайық, мырзалар. Жер еңбек ететін иесіне — қара шаруаға беріледі алдымен. Совет заңының негізгі екі тармағының бірі осы болады. *(Ілулі тұрған қаулы-қарарларды нұсқап.)* Оны мына қаулылардан оқуларыңызға болады.

Байтас. Ал, мына жүздеп, мыңдап алып жатқан аттар туралы жауап не болмақ?

Амангелді. Керек болып қалса тағы да аламыз деймін.

Байқара. Апыр-ау, ат керек болса, базар бар емес пе?

Амангелді. Сіз бұдан да әдемі бірдеме айтып қоярсыз, осымен қош дессек қайтер?

Зілғара. Қош деспей-ақ кетерміз, ендеше! *(Кенжеғарадан басқасы кетеді.)*

Амангелді. Маған қыр көрсете келіпті! *(Кенжеғараға.)* Хат-қағазға баяғы кемтарлық, әлі кемтарлық. Сол жағында боларсың, бара бер.

Кенжеғара. Маған бәрібір.

Амангелді. Айтқандайын, сен мына бір үндеуді қазақшаға аударып берші... *(Үндеуді береді.)*

Кенжеғара. Жақсы. *(Кетеді.)*

Амангелді. Бірің адал, астарсыз келерсің, бірің арам, астармен келерсің, көрерміз де кезінде. Есік біткенді тас бекітіп алып, отыра алмаспыз! Ие, Бану, тағы не айтарың бар?..

Бану. Орында дегендеріңізді орындап тастаймын да, қалай істелгенінен қауыптене беремін әлі. Шалыс басып қалып, шаңым қағыла ма деп келіп едім.

Амангелді. Жоқ, Бану, қағылса бәріміздің шаңымыз бірге қағылады да! Бұрынғыдай емес, пысып, ширап қалыпсың. Шағым айтушылар шамданып келетін болып жүр.

Бану. Онда қателіктерім болғаны да?

Амангелді. Жоқ, Бану, Октябрьдің екіге толғаны, Банудың тісі шыққаны. Кетіп қалма, осында бола тұр, жарай ма?

Бану. Жарайды.

(Үйге кетеді.)

Амангелді. Бір кезде қазақ елі атқа мініп аттан салғанда, әйеліне дейін атқа мінсе, ел боп аттанды деген осы деп қуанушы ем. Енді бүгін бірлі-жарымды болса да, сол қазақ қызы ел жұмысын басқара бастады. Көш жүре түзеледі деп осыны айтады да. *(Кете келе жатыр.)* Кел, кел, батыр...

Кете. Келейін деп келе жатқан жоқ, кетейін деп келе жатыр Кете! Уа, қош бол! Мың сарбазды қимадың маған, қош бол!..

Амангелді. Батыр-ау, сарбаз емес, солдат қой ендігіміз! Сен екеуміз солдат үйрете аламыз ба? Орынсыз өкпе айтыспайық та...

Кете. Уа, мейлі! Бір кезіңе жараған Кете, күн айналмай Мұңайтпас қойшы құрлы бола алмаса, қалып-ақ қойсын! Жатады аулына барып.

Амангелді. Батыр, сен осы ауыл қызметкерлерінің оқуына кірсең деймін...

Кете. Уа, айтпа құдайдың жоғын! Арба, шана деп оттап отыра алман! Мың сарбазды берсең — бердің, бермесең жоқ қайрылуым! *(Кетеді.)*

Амангелді. Кешегі күннің енді қайтып оралмайтынын ұғу да оңай болмай жатыр-ау бұл жұртқа! Ұқпайтын тек жалғыз Кете болғай-ақ-ты... *(Әрелдік келеді.)* Ие, мырза?

Әрелдік. Мені Қарсақбай ағылшындары жіберді, Совдепке жазған хатын әлгі бір Пластунов деген кісіге беріп едім, ол кісі ыңғай бермеген соң, осында келіп тұрмын.

Амангелді. Ие, не тілейді қожаларың?

Әрелдік. Бостандық заманы туғаны шын болса, Қарсақбай өз тәртібімен отырғысы келеді. Сатып алған жер, жалдап алған жұмыскер, өзі шығарып жатқан кен ағылшындардың өздерінікі ғой. Солай емес пе? Сондықтан олар өз тәртібімен оңаша отырғысы келеді. Қарсақбайда Совдеп орнатамыз дегендеріңді ағылшындар мақұлдай алмайды.

Амангелді. Мақұлдай алмайды деңіз!

Әрелдік. Мақұлдай алмайды. Әлгі бір Пластунов дегендерің Совдеп орнатам деп тағы келе қалса, Қарсақбай қарусыз отырған жоқ, тура ұстап тұтқынға салады.

Амангелді. Солай деңіз!

Әрелдік. Жатқан жыланның құйрығын баспас болар! Ана Пластуновың тартсын аяғын!

Амангелді. Жоқ, ол тартпайды аяғын! Ол кісі Қарсақбайда Совдеп орнайды десе, орнайтын болады. Ағылшындарыңа айта бар, орнайды Совдеп! Бар!

Әрелдік. Жарайды, айтайық! *(Кетеді. Кенжеғара келеді.)*

Кенжеғара. Әлгі тапсырмаларыңызды орындап едім...

Амангелді. Оқышы.

Кенжеғара. *(оқиды)*. Әрлан-нама... Түркстан уалаятында ғамал етуші шарық ғаскәрлярінің әрлан-намасы... Хұрмәтлу қазақ халқының жамғы жамағатләрінә!.. Ғаян уа баян етәміз...

Амангелді. Шырағым мынауың қай жұрттың тілі? Молда-қожалардан басқа ешкім түсіне ала ма мұныңды? Әлде үндеудің өзі соларға жазылып па? Жоқ, бұл қазақтың қалың бұқарасына арналған үндеу. Бері әкелші, бері... Тым болмаса, былай аударсаң еттің: Шығыс майданының Түркстан тобының үндеуі... Құрметті қазақ халқының барлық еңбекші еркек-әйел азаматтарына! Ұлы Қызыл Армия қазақ даласының әр түкпіріне ұялаған революцияға қарсы күштерді талқандап келеді. Көтеріліңдер, жолдастар, күреске аттаныңдар! Ауылдарда, болыстарда, оязда совет орнатыңдар! Досмухамметовтер сияқты буржуйларыңды тезірек құлатып, өкіметті өз қолдарыңа алыңдар, еңбекшілер! Осы емес пе негізгі мағынасы!

Кенжеғара. Кешіріңіз, мен ескіге тартып кеткен екемін...

Амангелді. Есіңде болсын, ескі ежені біз қабылдай алмаймыз... Бара бер... *(Кенжеғара кетеді.)* Сендерді де бір үлкен білімді санап келді-ау мына жұрт!.. *(Пластунов, Петр, Мұңайтпас, Жайнақ келеді.)*

Петр. Полктар майданға аттануға әзір, жолдас соғыс комиссары!

Пластунов. Атты полктың бір эскадронын қалдыра тұрғаның дұрыс болар, комиссар.

Амангелді. Ие, не сыбыс бар?

Пластунов. Бар сыбыс ойлаған жерден дәл шығып жатыр. Атбасар, Қарсақбайдың ағылшындары қарап отыратын емес; сыртқы қоршаудың іштегі тірегі болуға қатты әзірленіп жатқаны даусызға айналды.

Амангелді. Ие, Совдептен жайдан жай үрікпейді ғой!

Пластунов. Өткен түні Омбы арқылы бір керуен

қару-құрал түсіртіпті. Сырттан салқын салу дәуірінен өтіп кетіппіз.

Амангелді. Біздің «Алаш» мырзалары да солармен құшақтасып болыпты. Енді ол ұяны талқандайтын уақыт жетті, әрине.

Пластунов. Онда Совдеп емес, Ревком құрып қайтуымыз керек. Полктар аттанғаннан кейін біз сол жаққа барып қайталық. Жайнақтың эскадронын қалдырарсың.

Петр. Жақсы, Жайнақ Жылқайдаров, бар, әзір бол!

Жайнақ. Орындалады, жолдас полк командирі! *(Кетеді.)*

Амангелді. Қалада кімді қалдырамыз?

Пластунов. Бану қала тұрса қайтер? Кіміміз бар басқа?

Амангелді. Басқа қолайлымыз жоқ. Қалсын сол.

Пластунов. Онда солай шешейік. Мен қазір шақыртып алайын да, біраз тапсырма берейін. *(Кете береді.)*

Амангелді. Полктармен қоштасуға келесің ғой?

Пластунов. Келем! Келем! *(Кетеді.)*

Петр. Полктар күтіп тұр, комиссар...

Амангелді. Қазір келемін. *(Петр кетеді.)*

Мұңайтпас. Үлкен майданға бірінші рет аттанып барам, бата не болар, жолдас комиссар?..

Амангелді. Ә, Мұңайтпасым, бата не болар деймісің? Қазақ халқының атынан бара жатырсыңдар майданға. Елдің өр мінездерін ала барыңдар да, өз мінездерінен арыла барыңдар! Қиқым-сиқым өмірден не жұқпады бұл жұртқа! Қалсын өзінің заманымен. Азамат арын таза ұстаңдар! Тая соғу тар қыспақтарда туады. Сондай кезеңге сақ болармын! *(Құшақтап, қолын қысып.)* Әрі бірінші рет, әрі үлкен майданға кетіп бара жатқаныңды түсінсең болыпты, Мұңайтпасым... Үлкен майданға мен де бірінші рет ұшырап тұрмын. Бұл сын — саған да бірінші, маған да бірінші... Қайнауың жетіп, қанаттарың қатайды ма, оны қалай жарқ еткенің танытар. Ескі Россияның отар ұлы жаңа Россияның отандығын қорғауға аттанып барасың, жаңа ұл екеніңді сен де көрсет!.. Көзім сендерде болар... Осы — менің батам! *(Екеуі кете береді.)*

Шымылдық.

ТОҒЫЗЫНШЫ СУРЕТ

Сахна өзгермейді. Жалғыз Кете тұр...

К е т е. Бір кезеңнің келіп тұрғанын көрдің бе! Айғайды келіп салсам ғой, қатынға қалдырып кеткен қаласын астан-кестен қылатын қол көзіңді ашып-жұмғанша жиналып қалады. Солдаттарын жөнелтті. Амангелдіде не күш қалды енді? *(Кенжеғара келіп тыңдап тұрады.)* Қайтсем екен, ә? Мың сарбазбен жүретін Кетенің жұртта қалғанын көргенше өлген жақсы да! Амангелді қуып жіберді деп барам ба елге? Не айтамын? *(Кенжеғара келеді.)*

К е н ж е ғ а р а. Батыр, қаланы басқаруға сізді қалдырыпты деп естіп едік... Арызшы жұрт қаптап кетті, қайтеміз мұны?

К е т е. Мені емес, ана Бануды қалдырды!

К е н ж е ғ а р а. Солай ма еді... Бірақ, ол кісі бүлік шыққан болыстарға жүріп кетті ғой... Мына жұрт бізді екі батырдың біріне жолықтыр деп қоршап тұр... Өзіңіз білесіз, қалың ел Амангелді екеуіңіздің біріңізді үлкен, біріңізді кіші көрмейді ғой...

К е т е. Солай ма? Ендеше... Амангелді неге қуады мені?

К е н ж е ғ а р а. *(мүләйімсіп).* Ай, осы бір, екі қошқардың басы сыйыса алмайтын күн қашан қалар екен бізден... Осы елге екі батыр көп болып па? Кеше жұрт сарбаз болғанда екеуің деп ерген жоқ па еді! Күн аумай құбылып тұрған бір заманға қалдық қой әйтеуір...

К е т е. Құбылып жүрген Кете емес! Баяғы Кете — Кете, өледі сол Кете күйінде. Оны ана Амангелдіге айт!

К е н ж е ғ а р а. Мұның арты не жақсылық болар дейсің...

К е т е. Жоқ! Кете тіріде, орыстың бөркін кидірмес қазаққа. Отыр, жаз бір қағазды!

К е н ж е ғ а р а. Батыр-ау, қағаз жазу қиын емес, арты өзіңізге жаман болып жүрмесін...

К е т е. Қой сөзді, жаз!

К е н ж е ғ а р а. Кімге, не деп жазайын!

К е т е. Басқарусыз қалған қаланы Кете өз қолына алды деп жаз! Солдаттар кетті, сарбаздарым, қайта жинал деп жаз! Мына бір қағаздарын алып таста да ілсоның орнына!

К е н ж е ғ а р а. Жарайды, жазып әкелейін. *(Кете береді.)*

К е т е. Ана арызшыларды бері жібер!.. *(Столды аударып тастап жерге отырады.)* Бәлем, бір танытайын Кетенің кім еменін! Совдеп-мавдеп деп, Ребком-срепком деп, осы жұрттың өзі болды еркелеп! Кеңес бөлімі дейсің бе, жер бөлімі дейсің бе, кедей бөлімі дейсің бе, қатындар бөлімі дейсің бе, әркім бір түйе айдап кеткен, бір бәлеге қалдық қой қып-қызыл! Кетенің бөлімі, сарбаздың бөлімі деген бөлімді жай құртқан жоқ Амангелді. Кешегі мың сарбазбен жүретін Кете бүгін далада қалды! Сарбазды құртып, солдат жасаған дегенді түсінбеймін өзі... Орыстың бірдемесі сияқты! Жоқ, есіктен кіре бергенде-ақ тәртіп міне мынау, көнсең көндің, көнбесең, кеттім деймін пойттік-шорттік деп!.. *(Жұрт келе жатады.)* Бәрің де келіңдер, бәрің де! Кәне, не керек сендерге? Сөйлеңдер!

Ж ұ р т. «Сары-қопадан» бізді қайта айдап шықты, батыр... Әперген жерлеріңді қайта тартып алды. Осыдан келген бұйрық бар дейді.

К е т е. Дұрыс, бар бұйрық! Мен бердім! *(Біреуіне.)* Неше малың бар еді өзіңнің?

— Бір ат, бір сиыр, бір түйе ғой баяғы.

К е т е. Сол үш қараңа «Сары-қопаны» сұрап келіп тұрмысың? Баяғыдан бері қалай күн көріп жүр едің? Берілмейді саған. Малың жоқ, өзің оттаймысың?

— Апыр-ау аулымыз болып алып едік қой?

К е т е. Малы сыймай бара жатқан ауылың бар ма еді бір? Аулыңа да осыны айт! Бар! Арғын жері — арғындікі, Қыпшақ жері — Қыпшақтікі! Мөлимесін көздерің!.. *(Тағы біреуге.)* Сен екеуің неменеге қосақталып жүрген адамсыңдар?

— Е, бұл әйелім ғой... Байқараның үйінен еңбегімізді даулап келіп ек...

К е т е. Әйелім ғой!.. Қатыным десең болмай ма, қастерлемей-ақ!..

— Енді, қатыным болғанмен, әйелім деп тұрғаным ғой сыпайылап...

К е т е. Кет әрі былжырамай! Қатынға еңбек ақы сұрағаны несі екен ұялмай! Сен қатын неменеге келіп тұрсың жыртиып?

Ә й е л. Өлесі болдым, әкетай, көрмеймісің бет-аузымды. Күндік күні батыпты, бостандық таңы атыпты деп естіп келдім. Құтқара көр тоқалдықтан...

К е т е. Сенен басқа тоқал жоқ па екен осы елде? Отыр

ғой әне бәрі де! Соның бәрін айырып жібереміз бе? Қатынсыз қалсын ба, бәрі?

Әйел. Қашанғы шыдайын, өлесі болдым дедім ғой, сізге.

Кете. Жақын арада қатындар жиналысы болады, сонда бар! *(Кіжініп.)* Арызсыз келгендерің бар ма, сірә!

Жұрт. Батыр-ау, өздерің әперген жеріміздің сұрап келіп тұрмыз ғой.

Кете. Өздерің әперген!.. Сен алмаймын десең, қалтаңа біреу еріксіз тығып жіберетін бе еді? Малы барлар жерсіз қалсын да, жерді малы жоқтар алсын дегенді қай атаңнан естіп едің?

Жұрт. Жер шаруаға беріледі деген соң, байларды бақыртып отырып алып ек, ендігі жайды біле алмай тұрмыз

Кете *(қамшысын білемдеп)*. Міне, білетін нәрсе! Көремісіңдер! Уа, Кете болады ендігі бағынарың! Түп-түгел қызыл жон қып тұрып, айдайын ба көше-көшемен! Кіміңнен бастап, кіміңнен тоқтасам екен, ә?.. Кәне, кім бар жер сұрайтын? Қай қатынға бостандық керек? Саған ба? *(Тартып қалады.)* Саған ба? *(Айғайлап қамшылап жұртты қуып кетеді. Сахнаға Кенжеғара мен Зілғара келеді.)*

Зілғара. Өй, жігіт екенсің, Кенжеғарам! Қалыңға түскен қырандай тап ортасына келіп түстің ғой!

Кенжеғара. Оны айтуға ерте, иығым әлі сыйған жоқ. Оңай сене қояр емес Амангелді. Осы бір тұяқ ілеккен күндерді босқа өткізіп алмайық. Әзірміз бе қимылға?

Зілғара. Біз бір-ақ қырдың астында тұрмыз ғой. Тек сәтті сағат соққанда хабарыңды бер демеп пе ем!

Кенжеғара. Амангелді полктарын жөнелтті майданға. Қарсақпайдан қайтысымен қолында қалған жалғыз эскадронын да жөнелтеді. Тағы полк жасап алғанша қарап отырмай, Қарсақпайдан қайтқан бетінде бас салуымыз керек! Пластунов екеуінің көзі құрымай, таң атпайды бізге!

Зілғара. Осы болсын байлам! *(Асығыс Әрелдік келеді.)*

Әрелдік. Апыр-ай, осында екенсіңдер ғой!.. Бармысыңдар, түгелмісіңдер, әйтеуір!..

Зілғара. Немене жаным? Үрей қуғандай өң қалмапты ғой өзіңде!

Әрелдік. Сұрамаңыз... Амангелді ағылшындарды шыңғыртып тұрып айдап келе жатыр. Қарсақбайдың бастығы Хорслей сендерге хабар айт деген бір-ақ ауыз сөзге

келді... Айтқаным осы... Артымда қуғын болар, мен бұл өңірге тұрақтай алмаспын... Кеттім...

Зілғара. Апыр-ау, аз кідіріп дұрыстап айтшы.

Әрелдік. Жоқ, артымда қуғын бар, қуғын бар!

Зілғара. Мынау бір жаман хабар болды-ау...

Кенжеғара. Ал енді сіз де айналмаңыз...

Зілғара. Дұрыс. Қош бол! *(Кетеді. Жазып әкелген қағаздарын жыртып, жоқ қылып, Кенжеғара тұр. Айғайлап Кете келе жатыр.)*

Кенжеғара. Қой, енді мұның көзіне түспеген жөн болар! *(Кетеді. Соңында Тәуке, Бану, Кете келеді.)*

Бану. Тоқта, тоқта, тентек!

Тәуке. Уа, тарт атыңның басын!

Кете. Әрі жүріңдер, әрі, бірге сойылғыларың келмесе!

Бану. Бері әкел қаруыңды!

Кете. Уа, үйге бар желкілдемей!

Бану. Не бетіміз қалды жұртқа қарар!

Кете. Жұмыстарың болмасын менің бетімде!

Тәуке. Ессіз шіркін, сенің бетің бе екен айтып тұрғаны! Тым болмаса діниге берік болу да келмеді ме қолыңнан? Тоқтат!..

Кете. Саған-ақ бердім ол дінді, шоқынды шал! *(Қасында жұрт Пластунов келеді.)*

Пластунов. Тоқтат, бұзақы! Бұл не сұмдық еді!

Тәуке. Көрмеймісің, бір оңқай иіріп, бір солақай иіріп бөріктіріп жатқанын!

Пластунов *(жұртқа)*. Сендерге қамшы жұмсады ма?

Жұрт. Қамшы жұмсамаса, қашатын ба едік!..

Пластунов. Ұят, ұят! Масқара!

Кете. Ұят болса, қарамай-ақ өте берсең еттің! Сарбазымның жоқтығы да — кергізіп тастайтын шетіңнен! *(Амангелді келеді.)*

Амангелді. Бұл немене? Не болып қалып еді?

Бану. Сұрамаңыз, жұрт не десе, бәрі рас.

Жұрт. Әперген жерлеріңді қайтарып берді байларға. Көше-көшемен қуалап жүріп сабады! Көрсетпеген қорлығы қалған жоқ!

Амангелді *(Кетеге)*. Өзің айтшы!

Кете. Бәрі өтірік!

Бану. Рас, де, бұзақы, рас, де!

Амангелді. Тым болмаса жартысы жалған дейтін бір жан бар ма?

Бану. Жоқ, батыр, жоқ!

Жұрт. Бәрі шын, батыр, бәрі шын!

Амангелді. *(Бануға).* Сен қайда едің?

Бану. Терісаққан байлары ревкомды қамап алып, мен сонда кетіп едім.

Тәуке. Бастығы Тәуке, он бес азаматыңды кісеннен босатып әкеліп тұр Бануың.

Амангелді. Алыңдар қаруын!.. Байлаңдар қолын, құтырған болса!.. *(Бір-екі қызыл әскер Кетенің қолын байлайды, қаруын сыпырып алады.)*

Кете. Уа, сөзім бар, сөзім бар!.. *(Ұмтылып бері келеді.)* Қаруымды сыпырып алғанша, қатын қылып, басыма жаулық киғізіңдер! Уа, босат, сөзім бар, сөзім бар!..

Амангелді. Енді сөз берілмейді саған. Бір-ақ ауыз сөзің қалды сенің, бір-ақ істер ісің бар... Алдыңда соғыс соты, сонда айт! Ой-санаңда қалың қақтан аршылған бір саңлау болса, адал өле біл! Сен елдің бетіне түкірдің! Әкетіңдер! *(Қызыл әскерлер Кетені алып кетеді.)* Миша, жұртты тарата тұршы...

Пластунов *(жұртқа).* Тараңыздар Ревком берген бұйрықтың біреуі де өзгермейді. Орындалады бәрі де.

Жұрт. Болды, қарағым болды. *(Жұрт тарайды.)*

Амангелді. Миша, не пәле бар төңіректеп келе жатқан? Қай шатқалмен, қандай сораппен келе жатыр? Жай ма осы?

Пластунов. Жай емес, әрине. Айналамызда бықсу бар, бір жері тұтана бастаған сияқты.

Амангелді. Дұрыс айтасың, тұтана бастаған бір жер бар! Әлдеқайдан ордалы жыланның ысқырығы естілгендей болады. Тамыр-түбірге тиген жоқпыз ғой әлі... *(Жайнақ келеді.)*

Жайнақ. Ағылшындарды әкелдім, жолдас комиссар.

Амангелді. Майдан командованиесіне апарып тапсыр.

Пластунов. Шынын айт, қайда қоярын білмеген соң, Ревком осында айдатып жіберді де. Ал, жолың болсын! *(Қол алыс, Жайнақ кетеді. Басқалар да кетеді. Бану қалады.)*

Амангелді. Бану, бүгінгі бір сәтсіз түнің шығар, шырағым. Алғыс айтып тұрған жоқ шығарсың маған. Бі-

рақ, басқа кесімге жол жоқ. Не қазір, не кейін, түсінерсің бір.

Бану. Кесімге айтар арызым жоқ, комиссар. Еркегі сойылмен, әйелі қамшымен аттанған ауыр кезең, тар қыспақты мен де басымнан өткізбеп пе ем?.. Сары аязда қамыстай қалтырасам да, шыдап бақ қамын. Шыдау керек шығар дегемін. Сол аяз шыныктырмады дейсіз бе... Жақының болса, амалым қайсы? Өлімі ауыр ма, ұяты ауыр ма? Өліміне қайғырайын ба, ұятынан өлейін бе?

Амангелді. Жарқыным, осындай ма едің?.. Қазақ қызы мұндайды айтпайтын еді ғой бұрын!

Бану. Бұрын айтпаса, енді айтар... Қазақ қызының айта алмағаны аз ба еді бұрын... Көппен түскен жолынан көре біле бұрылғанын көзіммен көрдім, өзінен басқа айыптыны таба алмай тұрмын.

Амангелді. Білмес бір сырым болса, ол сен екенсің, Бану... Өліміне қайғырайын ба, ұятынан өлейін бе дедің-ау... Кетенің кесімін жалғыз айттым ба деп қалып едім, бірге айтқан екеміз. Ең жақыны сен осыны айтсаң, ел де осыны айтқаны да.

Бану. Менікі елдің ыңғайы да, өзім ойлап тапты дейміcіз...

Амангелді. Жоқ, Бану, өз ойың, өзім айттым де!

Бану. Олай демесеңіз екен... Бар әйелдің күнәсі сонда ғой, бір сөзім дұрыс шықты дегеніңізге тасып-төгіліп жүрермін.

Амангелді. Тасысаң, таси бер, қарағым, жасымасаң болғаны. Қолың жеткені аз ғой әлі, азға қанағат етпей үйрен... Уәдеміз осы болсын... *(Бануға жақындайды.)*

Бану. Болсын...

Амангелді. Ерсің де, ақылдысың да, Бануым... Әттең, мұны менен бұрын басқа біреу айтып қойғанын қайтейін... *(Кете береді.)*

Бану. Мен оны естіген жоқпын ғой бірақ...

Амангелді *(тез бұрылып). Бану!*

Бану *(қуанып кетіп)*. Ие?..

Амангелді. Жоқ... кейін... кейін...

Бану. Мен қазір кеткелі жатыр едім...

Амангелді. Жоқ, кетпе!.. Кейін... *(Үйге кіріп кетеді. Бану жалғыз қалады.)*

Бану *(әнмен)*.

Атқандай жүрегімнің жазғы таңы,
Тамылжып төгілгендей жаздың әні...

Атымды Бануым деп бір атадың,
Сол ма екен қөңілімнің жұбанғаны...
Ән салған орман, тоғай, сай мен сала...
Шала естіп, шала тыңдар көңілім ала...
Әлде не қуаныштың белгісіндей,
Алыстан леп береді үрлеп қана... *(Тәуке келеді.)*

Тәуке. Апыр-ау, батыр бар ма үйінде?

Бану. Бар... Асығыссыз ғой, тағы немене болып қалды?

Тәуке. Ойым жете алмай тұр, балам... Батыр-ай...

Амангелді келеді.

Амангелді. Неғып асығып оралдыңыз. Тәуеке?

Тәуке. «Жеті көл» жақтан үлкен бір қол келе жатыр... Ұнатпадым да, қалаға қайта шаптым. *(Пластунов пен Кенжеғара келеді.)*

Амангелді. «Жеті көл» жақтан күтетін қолымыз жоқ еді ғой?

Пластунов. Жалғыз «Жеті көл» жақтан емес, жолдас комиссар, әр тұстан!..

Амангелді. Бір қапымызды тапқан екен ғой, аңдып жүріп!

Пластунов. Әлгі айтқаның осы болмаса жарар еді.

Амангелді. Тауеке, тұрмаңыз, жөнеліңіз Жайнаққа! Эскадронын алып тез қалаға жетсін!

Тәуке. Жөнелейін, жөнелейін. *(Тез кетеді.)*

Амангелді. Ал, тұрмалық босқа! Қаруланыңдар, түгел! *(Штабтан оқ, мылтық, пулемет алып шығып, бәрі әзірленеді. Сыртта шапқан ат, атылған мылтық... Әр жердегі күзетшілер келеді.)*

Күзетшілер. Қалаға жау әскері кіріп келеді, комиссар жолдас!

— Түрмені қоршап алды!

— Әне, осылай бет алып келеді.

Амангелді. Осында болыңдар! Бұл қамалды оңай бермеспіз! Болады деген үміт үшін де алысып көргеміз, болғанды қорғап қала алармыз, жолдастар! Миша, отыр пулеметке! Үйге кір, іштен атыс! *(Күзетшілерге.)* Сендер, осы көше жақты қорғаңдар! Мына жерге, мына жерге бекініңдер! Кенжеғара, мына жерге бекін! *(Бануға.)* Тасалана білгейсің... *(Сыртта атыс.)* От! *(Пластунов іштен, басқалары тыстан ата бастайды.)*

Кенжеғара. Мына жақтан ақ ту көрінеді, жолдас комиссар, елші болар...

Амангелді. Онда жұмысың болмасын, атуыңды біл! От! *(Атыс. Зілғара мен Байқара көрінеді.)*

Байқара *(қолындағы туын бұлғап)*. Елші, елші келіп тұрмыз!

Амангелді. Сөйлеспеймін сендермен. Менде сөз жоқ.

Зілғара. Бізде бар.

Амангелді. Қайтыңдар, кейін! Елші деген бір ауыз сөз үшін атпайын.

Зілғара. Бізді сен керек қылмасаң да, сені біз керек дейміз ел үшін! Қарсыласуды тоқтат та, тағдырыңды біздің қолға бер? Өлмесіңе мен кепіл, құдай атымен ант етем!

Байқара. Міне, құран, Құран, Құран!

Амангелді. Ә!.. Менің өле-өлмесімді саудаға салғыларың келді ме? Ондайды өз араларыңнан іздеңдер!

Зілғара. Ажалмен бекер ойнайсың, батыр. Ол екі айтқызбайды, бір-ақ айтылады.

Амангелді. Қашыңдар, ажалдан қорықсаңдар!..

Кенжеғара *(өзіне)*. Кел келдесіп тұрғандарын, бес кісіге қарсы майдан ашып! Бата алмай тұр!..

Зілғара *(артына бұрылып)*. Ендеше өз обалы өзіне, атыңдар көздеп! *(Көп мылтық үні, Амангелді бұғып қалады.)*

Амангелді. Жоқ! Көздеп атқан былай болады! *(Атып қалады. Зілғара құлайды.)*

Кенжеғара. Қап!..

Амангелді. От!.. *(Алыстан атылған мылтық үні.)* Миша, естимісің, эскадрон келеді, эскадрон!... От!..

Кенжеғара. Апыр-ай, тағы аман қалды-ау, мынау... Жоқ, енді айналып келмес бұл кезең! *(Амангелдіні сыртынан атып қалады. Амангелді құлайды. Кенжеғара секіріп түсіп, қарсы жаққа қарай қаша жөнеледі.)* Құлады, Амангелді құлады! Ұмтылыңдар, ұмтылыңдар!

Бану. Сенде екен ғой бар пәле! *(Атып қалады, Кенжеғара құлайды. Бану жүгіріп барып Амангелдінің басын сүйейді.)* Батыр-ай, қалар ма екен жаның! *(Пластунов бері жүгіріп шығады.)*

Пластунов. Өлмейді комиссар, өлмейді, айтпай отыр жоқты! Комиссардың атымен!.. От!.. от!.. Өлмейді комиссар, өлмейді! *(Пулеметін ата береді.)*

А м а н г е л д і. Банумысың... Мені сүйеп отыргыз да, орныңа бар...

П л а с т у н о в. Эскадрон келе жатыр, комиссар, эскадрон! От!.. От!.. *(Қашып бара жатқан Байқара, Байтастар құлап-құлап түседі.)*

Б а н у. Батыр, батыр! *(Жүгіріп Тәуке келеді.)*

Т ә у к е. Шыққыр көзім, не көріп тұрсың! *(Амангелдінің басын сүйейді.)* Батырым-ай, тірегім-ай, көзіңді ашшы... Полкың келіп қалды, полкың!.. Әне, Жайнақ та көрінді!..

А м а н г е л д і. Сәлем айтарсыңдар...

П л а с т у н о в. Қашты, «алаштар» қашты, комиссар! От!.. От!.. *(Қатты атыс.)*

А м а н г е л д і. Эскадрон қалай соғысар екен, басымды көтеріңдерші, көрейін... Жалшыны байдың қуалап жүріп сабағанын көп көріп едім, байларды жалшының қуалап жүріп сабағанын бір көрейін, басымды көтере беріңдерші! Көтере беріңдерші... Бану!.. Миша!. Бану!.. *(Тәуке мен Бану Амангелдінің басын сүйеп көтере береді, Амангелді көзін аша алмай сұлқ түсіп кетеді. Жайнақ келеді.)*

Ж а й н а қ. Жолдас комиссар! Қала жаудан тазаланды! Ту орнында берік!

Пластунов үнсіз ғана фуражкасын алады, бәрі де үнсіз Амангелдіге үңіліп қалады. Амангелдінің алдына үлкен қызыл жалау қоршау болып түседі. Жалауда ат үстіндегі Амангелді ескерткіші. Халық жиналып ескерткішке қарайды.

Ш ы м ы л д ы қ.

С о ң ы.

ЛИБРЕТТОЛАР

ҚЫЗ ЖІБЕК

4 перделі, 5 суретті либретто

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Жібек
Батсайы — Жібектің жеңгесі
Дүрия — Жібектің сөрік қызы
Бекежан мырза
Бекежанның жігіті
Төлеген
Қарлығаш — Төлегеннің қарындасы
Қамқа — Шешесі
Базарбай — Әкесі
Шеге ақын — жолдасы

Бекежанның жолдастары, көпшілік, қыз-жігіттер.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Сағым ғана құлпырған шөл далада азғана көш өтіп барады, артынан үлкен топ қыз-жігіттер өтеді.

Жазғы көш, құлпырады, сайран дала,
Жарасқан қатар түзеп қыз-бозбала.
Оянар жас көңілде жаңа армандар,
Алыстан елес беріп сағымдана.

Қыз-жігіттер тобы да өтіп кетеді. Шырқаған әннен көтерілген құстар аз уақыт сахнаны толтыра ерсілі-қарсылы шұбырытып ұшады. Құстарға араласа шыққан бір топ қыз жалтылдап билеп кеткен... Енді ғана айқын көрінген сахнада көлеңкелі-жапырақты жалғыз ағаш... Әріректе жағасына орман өскен өзен, көш-жөнекей елдің күркелері, қостары... Қыздар биден кейін сол жалғыз ағаштың түбіне шоқтарылады...

Қасында жеңгелері, серік қыздары бар Жібек келе жатыр. Қыздар оны хормен қарсы алады.

Хор

Күн шығарда күлімдеп,
Түн ұялып қашады.
Шыға қалса Қыз Жібек
Күн де бетін басады.
Оянады Қыз Жібек
Шыққан күнмен таласа,
Қалар дүние бір түлеп
Жібек күле қараса...

Дүрия

Жазғы көш — жас көңілдің аңсағаны,
Даланы жайнататын жастар әні.
Әуеде әнін қосқан боз торғайдай
Қосылсын сағынысқан жас арманы.

Хор

Бұлбұлдай сайрашы,
Жабықпай жайнашы,
Қосылсын боз торғай,
Мұңаймай жырлашы.
Жадырап келсең,
Жарқырап жүрсең,
Мұңаймай күлсең,
Ұқсап бір аққуға,
Бір салсаң Гәккуге...

Жібек *(мұңаюлы)*

Жай таныс сырласыма, мұңдасыма,
Көз таныс замананың тұлғасына,
Еркі жоқ, есепте жоқ, есіркеу жоқ,
Неткен күн арнап туған қыз басына?
Аз арман сырым мәлім мұңдасыма,
Тілектес алыс-жақын сырласыма,
Несі ерсі, кімге қорлық, сол да көп пе,
Еркімен өзі қонса ұясына?

Хор

Ай мен күн де қозғалмай
Тұра алмайды, көшеді.
Мәңгілік жоқ түнге де,
Таң атады өшеді.
Көңіл күйі келетін,
Домбырамен тілдессе,
Көңіл кірі кететін,
Қосылып қыздар билесе...
Жібек топтың ортасына отырады.

Хор қосылған би

Оралады жібегім төккен сайын бетіне,
Әшекейлеп кестені шеккен сайын шетіне.
Ұл да анадан туады, қыз да — анадан,
Ойланар жұрт, ойланар жұрт өкіне...

Бекежан келеді.

Бекежан

Ер арманы — Жібек,
Тұғырында түлеп,
Түлеуменен жүдеп,
Отырмысың, тотым?

Батсайы

«Отырмысың, тотым?»
Қай уақытта болып ед
Жібек сенің тотың?
Имену жоқ, сыйлау жоқ,
Сенікі осы қай көку?

Бекежан

Қанды қолмын, жасырман,
Құс ұшырман басымнан,
Қаны тамған қанжармын,
Қыз алдына бас ұрман!
Ұсынсаң қолың жетпейтін
Қызыл нармын бір туған!
Ханға лайық басым бар,
Төрге сүйреп шығарам.
Ерге лайық кеудем бар,
Өрге сүйреп шығарам!

Дүрия

Бір көкірек әйтеуір,
Басылмай жүрген баяғы.
Қолы жетпеске ұмтылад,
Байқап баспай аяғын.

Бекежан.

Мен бір оқыс адырмын,
Сыпайы емен шадырмын,
Қойсаң қайтер, қарағым,
Соқтығып кетсем байқамай,
Үзіліп кетіп жүрмесін,
Үлбіреп тұрған сағағың!..

Жібек

Бекежан, көкірек барын естуші ек, күш көрсеткеніңе жол болсын!

Бекежан

Жоқ, күшіммен бірге сөзім бар өзіңде... *(Әнмен)*
Бір өзің айтарым да, тыңдарым да,
Қол жетпес құмарым да, шынарым да.
Жетпесе айтқан сөзім, амал қайсы,
Қалармын құлармын да, сынармын да.
Түскелі мен ізіңе көп жыл болды,
Созғалы саған қарай екі қолды,
Есіте алмай өз аузыңнан бір ауыз сөз
Өр көкірек өшпейтін бір шерге толды.

Жібек

Бекежан, мен бір жанмын көңілі жарым,
Жан қайда тыңдайтұғын қыздың зарын.
Өр көңілің елемей ме, ескермей ме,
Әркімде өзі ойлаған арман барын?
Қайтесің, өкінерсің, көңілің қалар,
Сөзіңе жан табылмас құлақ салар,
Жүрейік сый-құрметпен көңіл аулап,
Болмасын көңіл қалар, жұрт табалар...

Дүрия

Әттең мен Жібек емеспін, басқа жауап берер ем.

Батсайы

Не дер едің?

Дүрия

Мен бе? Мен оған былай дер едім... *(Әнмен.)*
Ақкемердің ауылым жағасында,
Алты ағаның бәйшешек арасында,
Жанапайлап шапқанмен кержайдақпен,
Өрең жетпей, Бекежан, қаласың да... —
дер едім.

Батсайы

Шоқ, шоқ, шоқ!

Жібек

Дүрия, саған не болған? Мен солай дедім бе?

Дүрия

Ендеше, басқасын айтайын... *(Әнмен.)*
Аңшы болсаң төбені айнала кет,
Түлкі етектен қашатын сайды ала кеп.
Жібек отыр жолында сені тосып,
Қанжығаңды шеш-тағы байлана кет!..

Батсайы

Ха, ха, ха!

Жібек

Тоқта енді, Дүрия!

Бекежан

Бәсе! Кесілді ме тілің? *(Әнмен.)*
Тас түлек, мұз балақпын қияда өскен,
Сорғалап талай тайғақ мұзға түскен.
Қиядан қызыл түлкі бір қылт етті,
Мендік бол, қиялап кеп іліп түссем!

Жібек

Бар айтарың осы болса, Бекежан мырза, сен де тоқтат ендеше!

Бекежан

Солай дедің бе, көрермін кезінде!

Қатты жәбірленіп шығып кетеді.
Сыртта дабыр... Төлеген мен Шеге көрінеді.

Төлеген

Жайықтың ақ маралы ар ма, Жібек,
Алты айда әрең жеттім жадап-жүдеп.
Деуші еді күн тимеген, жел сүймеген,
Қасыңда әлде біреу бар ма, Жібек?

Жібек

Тағы емен, марал емен тау жайлаған,
Мен бір жан шер жайлаған, мұң ойлаған.
Емеспін саяда өскен ерке тоты,
Жел сүйген, күнге күйгем, құмда ойнағам...

Шеге

Пah, пah! Ойдағының өзі екен! Жүр!..

Төлеген мен Шеге Жібек қасына келеді. Шеге кіре бере термелеп кетеді.

— Тотыдайын таранған,
Сұңқардайын сыланған,
Сұлу Жібек ар ма екен?
Құлап түскен қос жылан,
Қолаң шашың иықта,
Бойыңда бір мін бар ма екен?
Қасы-көзің қиылып,
Құдай мойның иіліп,
Ақ маңдайлы, ақша бет,
Жүрекке салмас қалай өрт!
Ақ сабағың үзілген,
Тісің меруерт тізілген,
Бейне бір етің қар ма екен!
Ат арылтып, тон тозып,
Алты ай жүріп, шөл кезіп,
Келіп тұрған алыстан
Төлегендей мырзаның
Арманы, сірә, бар ма екен!..

Дүрия

Келе сала қақсаған,
Біреудің жоғын жоқтаған,
Мына сорлың кім еді?

Шеге

Сұлу сипат көрікті,
Шекеде кәмшат бөрікті
Мақтауға біткен тіл едім.
Сұңқардай сұлу Қыз Жібек,
Көтермей ме мақтауды?
Құдаша, несін мінедің!.. *(екі рет)*.

Дүрия.

Дегенмен, жолдасыңа жол бермейін демейтін шығарсыз?..

Шеге

Жел сөздің білуші едім біраз жайын,
Таспалап ағытушы ем әр талайын.
Деген бар аталы сөзге арсыз тоқтар,
Айтылды аталы сөз, тоқталайын.

Төлегенге ишарат етеді.

Төлеген

Сүмбіл шаш, қиылған қас, құралай көз,
Шынымен іздегенім болдың ба кез?
Алыстан дабысыңды естіп ұштым,
Естуге өз аузыңнан бір ауыз сөз.
Ахау, ал қара-ай көк,
Дабысың жетті жер жарып,
Арманың кетті бойды алып,
Мен де өзіңдей, Жібекжан,
Жолға шыққан толғанып.

Жібек

Тұтқын ой талпынады жоғарыға,
Көз жетпес күннің қандай боларына.
Кейде өрге, кейде жерге тартқан көңіл,
Білмеймін қайда апарып соғарын да.

Төлеген

Аттандым қолды соза арманыңа,
Шыдар ем тау артсаң да салмағыңа.
Қолға қол айқасқандай, ойыңа ойым
Қосылса, уәдеге бел байладың ба?

Жібек

Асығыс болсақ та, ат үсті болмайық та...

Шеге

Елім бар еркін жатқан Жағалбайлы,
Көп жылқы етек алған баға алмайды.
Айрылса енесінен екі-ақ елі
Енесін қайтып құлын таба алмайды.
Болмаса мінер ат пен сауын бие
Басқа мал жылында бір саналмайды.
Ен дәулет иесіне біткеннен соң,
Қысырдың жалғыз тайы жоғалмайды.
Өреді сәскелікте мың боз бота
Атамай оны дағы қоя алмаймын.
Салдырған көк күмбезді кең сарайлар,
Ешбір жан көрген емес ондай жайды.
Иесі осыншама ен дәулеттің
Төлеген үлкен ұлы Баязарбайдың.

Жібек

Танығандай болдық
Кім екенін мырзаның,
Сыйға-сый қайда, жеңеше,
Биін көрсет қыздардың...

Қыздар билеп кетеді.

Төлеген

Жібекжан, бақшаң дайын жайнаған,
Бұлбұлым бол сайраған,
Мен тыңдаушың болайын,
Даусыңды естіп тоймаған.

Жібек

Бұлбұл емес, жәй құс боп,
Ұнамай жүрсем қайтермін?

Төлеген

Танымаған бұлбұлды
Құлағым болар кінәлі.

Жібек

Әр айыпқа жаза бар,
Тыңдай білмес құлақтан
Жұлып жүрсем қайтерсің?

Төлеген

Өзіне болар обалы,
Өзім тоса берермін.

Жібек

Әйел еңкек, ер шалқақ,
Құлағыңа қысқа қол
Жетпей жүрсе қайтермін?

Төлеген

Ah, дүние-ай, сол бір күн,
Шыныменен келер ме еңі..
Не қылсаң да еркің деп,
Асау басты алдыңа
Өзім әкеп иер ме ем!
Құлағынан асаудың
Жұлған қолдан сүйер ме ем!..

Жібек

Айтылған сөз — атқан оқ,
Кетер, кейін қайрылмас!

Төлеген

Айтылған сөз — берген серт,
Қайталанбас, айнымас!..
Уәде деші осыны!

Жібек

Жүруші ем мойын бұрмай тірі жанға,
Талайдың қолын қағып ұсынғанда,
Қосылса арманға арман жайдым құшақ,
Мен сендік, арғы жағын өзің қамда...

Шеге

Айналайын, Жібекжан,
Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Аққуым десін алғаның,
Бойында бір мін жоғынан.
Гәкку деп салған әдемі ән
Ере жүрсін соңыңнан.
Ақ тілеудің жолында
Самал соқсын алдыңнан.
Ал, отырыс болмасын,
Құдаларға барайық,
Барып бедел салайық,
Батсайыдай жеңгені,
Оң қолтыққа алайық,
Береннен шапан жабайық,
Жолын істеп лайық,
Жас баладай сыйлайық...
Ұстат, жеңге, қолыңнан,
Жаңылмаспын жолымнан,
Өзге қызық тамаша,
Бола жатар соңынан...

Батсайы

Жүріңіздер...

Төлеген, Шеге, Батсайы кетеді.

Қыздар

Жастар жаны жай тапты, болды тілек,
Жарылғалы тұрғандай соғып жүрек,

Ақ маралға ақ иық кез келіпті,
Қосағыңмен қоса ағар, сұлу Жібек...

Бекежан келеді.

Бекежан

Не болды десем екен, э?

Дүрия

Не ойласаң, сол болды!

Бекежан

Солай ма, Жібек?

Жібек

Қуаныш үстіне қайта оралдың, құтты болсын айт,
Бекежан...

Бекежан

Жоқ! Құт болмас, Жібек, жұт болар,
Кеудеңе қара құс қонар,
Тірі болса Бекежан,
Жүрегіңе шер толар!

Жібек тобы кете береді

Тоқтай тұр, Жібек, тоқтай тұр.
Көзіңнің жасы көл болар!
Қанмен жуып тойыңды,
Тойыңда салып ойынды,
Сені алмасам маған серт!
Кездесе қалсам жолыңда.
Арман еткен ойыңда
Қала алмасаң саған серт!
Қорлағаның мен екем,
Таңдағаның кім екен?
Күні-түні жортармын,
Алдымен соны құртармын!

Шығып кетеді.

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Оқиға Төлегеннің аулында өтеді. Төлегеннің Жібекке аттанғалы жатқан той үсті. Құттықтаған жастар. Төлеген, Шеге бар. Төлеген мұңаюлы отыр.

Хор

Тұрғанда қара ормандай қалың елі,
Қаймығып, қайысар ма жігіт белі?
Күн туса ер басына, сынға түсер,
Есеп пе асқар белі, дария селі.
Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың тусын солыңнан.
Ақбоз аттың шылбырын
Қыз Жібек алсын қолыңнан.

Би. «Киіз басу».

Биге қосылған хор

Алты қырдан асыра,
Ақ текемет төсейік,
Жеті қырға жеткізе,
Жібек кілем төсейік,
Жібектей сұлу Жібектің
Аяғы жерді баспасын,
Қошемет еткен бола ма,
Аяғы жерді басқасын...
Ақ қозыны бір өңкей,
Өз алдына қырықсын,
Ақтығына қозының
Ақ шағала қызықсын.
Ортаға сап ақ жүнді,
Көпіртейік сабалап,
Ширатылған жібек жүн,
Тарқатайық салалап...
Алты қырдан асыра,
Жеті қырға жеткізе
Ал, домалат киізді.
Жас жігіттер алдында,
Қыз-келіншек артында,
Кел домалат киізді...
Келіңдер, киізді алайық,
Ортаға жайып салайық,

Бұған қандай түр лайық,
Түр біткенді жинайық,
Ақ арқардың мүйізін
Ортасына киіздің
Жібектен орап салайық,
Жібекке болар сол лайық...

Қарлығаш келе жатыр.

Қ а р л ы ғ а ш

Жар тауып ерге серік ақ алмастай,
Жан тауып енді қайтып жаралмастай...
Байлаулы қол-аяғың, бұғаулы ма сең,
Еркіңмен сүйгеніңді ала алмастай?

Т ө л е г е н

Қол-аяқ тұсаулы екен, кете алмастай,
Күн осы арманыңа жете алмастай.
Қарлығаш, алдымызда әке жатыр,
Тас қорған баласы аттап өте алмастай.

Ш е г е

Жабырқама, Төлеген,
Жастар мына соңында,
Көнбесе, әкең ғана көнбес.

Қ а р л ы ғ а ш

Көп болса, батасын бермес!
Өкпелер де қалар,
Одан бірақ өлмес!

Т ө л е г е н

Қарындасын құшақтап

Ер көңілдім, ер жүректім,
Еркек болып тусаң ед!

Қ а р л ы ғ а ш *(Еркелеп)*

Еркек боп туған жан аға,
Жібекке берген сертіңде
Қайыспай-ақ тұрсаң ед!..

Төлеген

Иілермін, сынбаспын,
Еркек сертін бұзбаспын, қалқам...

Бұлар төрге барып отырады.
Базарбай мен Қамқа келеді.

Шеге

Базеке-ау, жыл артынан жылдар өтіп,
Жатпай ма қарттар кетіп, жастар жетіп?
Көлденең көрінгенге түсе берсе,
Қалатын әкенің де қадірі кетіп.
Қыс қайтар, қайрыла алмас жаз келгенде,
Қаңқылдап қатарласып қаз келгенде,
Сен де қайт райыңнан, сен де жібі,
Аттансын, рұқсат бер Төлегенге!..

Базарбай

Айтқаным — айтқан,
Одан сірә қайтпан,
Қалдым қатып соңымда!
Кіммен құда боларын
Сендейлерден сұраман,
Өзім білем онымды!

Қамқа

Қырандай қарап қияға
Ұл өскенін көрсеңші.
Қызыға қарап қыранға
Қыз өскенін көрсеңші.
Өзіңмен кетсін өз күнің,
Бер баланың тізгінін!

Базарбай

Ойлап жүрген жерім бар
Ұлы таудың бойында.
Қызын алып, қыз берсем,
Жағалбайлы жалпақ ел
Түгел болады қолымда!

Төлегенге бұрылып

Қатын алар сен болсаң,
Қалың берер мен болам!

Жұртқа

Көз жұмылмай тізгінді
Бере алмаймын балаға.
Көк-алалы жылқымды
Шаша алмаймын далаға!
Тоқтат жынның ойнағын!

Кетіп қалады.

Шеге

Қырық кісі бір жақ,
Қыңыр кісі бір жақ!
Аналық біздік болған соң
Қыңырды қырық жеңерміз,
Жібекті алып келерміз.

Қарлығаш

Жібек тонын Жібектің
Айыпқа алып берерміз.
Суытпаңдар ойынды,
Әкені кейін көрерміз...

Қамқа (*Төлегенге*)
Мен батамды бергемін,
Аттана бер, балам!

Баласының маңдайынан сүйеді.

Шеге

Айналайын, ер жеңгем,
Аттанады Төлеген,
Қыз-бозбала, әзірлен!
Ал, жеңеше, шашу шаш!

Қамқа шашу шашады. «Шашу» би... Хорға қосылады.

Хор

Енжу, маржан, гауһар тас,
Меруерт, жақұт аралас,

Ал, жолыңа шашайық.
Қыз-бозбала, тайталас,
Толқындасын қолаң шаш,
Шашуды алып қашайық.
Қыз жалынса қиылып,
Жігіт талдай иілсін,
Алданбасын айлаға.
Қыз алданып айрылса
Білезіктен қолдағы,
Бүгілер де иілер,
Бірде жылап, бір күлер,
Жігіт көзі сүрінер...
Амалын тап, қайтып ал,
Өнеріңмен арба да...

Ш е г е

Тоқтаңдар, жамбы бар,
Кезекпен садақ тартысып,
Сынасып бір қалатын.
Бір атқанда жамбыны
Түсіргенге бәйге бар
Қарлығаштан алатын!..

Жігіттер садақ алып, билей жүріп садақ тартады, жамбыны түсіре алмайды. Қарлығаш қолында шапан, оқталады да, ешкімге жаба алмайды. Бекежан тобы келеді.

Б е к е ж а н

Жағалбайлы жабылып
Тигізе алмай жатыр ма
Алақандай жамбыға?
Тимесе оғым менде айып,
Кінә болмас жамбыда!
Тарт жігіттер, әзірлен!

Музыка. «Садақ» биі. Бекежан тобы билеп кетеді. Би аяқтала бергенде Бекежан садақ тартады. Жамбы алдына келіп түседі. Қарлығаш манадан ешкімнің иығына жаба алмай жүрген шапанын Бекежанның иығына жабады.

Қ а р л ы ғ а ш

Жақыныма бұйырмай,
Жатқа жапқан шапаным,

Жабыл жігіт нарына...
Танымайтын сый аға,
Риза бол азыма...

Бекежан

Жоқ, қарағым, ризамын,
Бұл үйден сый ала алман!
Бұйымтайым жоқ емес,
Бұл емес, бірақ, бұл емес!

Шеге

Ә?!.. *(Жұрт күдіктеніп қалады.)*

Қарлығаш

Жат екен деп жатсырап,
Сыйламасақ, бізге айып.
Ұсынған қолды қағуды
Көрдіңіз қалай сіз лайық?

Бекежан

Жас екенсің, қарағым,
Айтыспайық, менде айып.

Қарлығаш

Көкжал ма деп қалып ем,
Оңай түстіңіз тайып!

Бекежан

Өзі болып Көкжалдың,
Өзің болып болжалдым,
Қайтер едің, қарағым,
Салып алып арқама
Жүре берсем қайқайып?

Қарлығаш

Тоқты-торым емеспін,
Үзіліп кетер беліңіз,
Отырып қалып жүрмеңіз,
Жылжи алмай шоңқайып!

Бекежан

Қап, қапың көп, дүние-ай!
Сынатар ем белімді,
Сынасарым сен емес!..
Шындасарым — Төлеген!
Жігіт болса жекпе-жек
Сол сынассын менімен!

Төлеген

Ә? Немене? *(Орнынан тұрады.)*
Шындасарың мен екем,
Таласарың не?

Бекежан

Жігіт пен жігіт шайқасар,
Намыс пен намыс айқасар,
Не болушы ед таласы?

Төлеген

(Жұртты таратып, Бекежанға)
Шауып алар болсаң да,
Айғайсыз-ақ келсең ед!

Бекежан

Кеудем толы кегім бар,
Өз қолымнан қайтарам,
Қыз Жібектей сұлуды
Алам деген антым бар
Осы-ақ саған айтарым!

Төлеген

Қыз Жібекті ме?.. Қой, ойының болар! *(Күледі.)*
Есіктен кірген басыңмен
Тесіктен шығып кетер ең,
Амалым жоқ, өз үйім, —
Күпілдеген кеудеңді
Жермен жексен етер ем!

Бекежан

Ол мақтанды қоя тұр!
Басынғанға ашынған
Кездесетін жерін айт!
Бас иісер жер емес,
Бас түйісер жерін айт!

Төлеген

Таласарың кім болса,
Сол болад та төреші.
Мен ұзамай аттанам...
Еркек болсаң сонда кел,
Қыз Жібектің алдында өл!

Бекежан.

Болсын! Есітерміз, қыз не дер,
Кім өлгенін жұрт көрер!

Бекежан кетіп қалады, Базарбай келеді.

Базарбай

Уа, неге тарамайды бұл жұрт?

Шеге

Базеке-ау, қолыңды жай, бер батаңды
Атаға жараса ма тым қаталдық.
Барайық бәріміз де қосшы болып,
Төлеңгіт жігіт басы неге атандық!..

Жұрт жүгініп алақанын жаяды.

Базарбай.

Әрі жүр, ала құйын, әңгүдік!

Жұрт ренжулі тұра келеді.

Төлеген

Алты ай болды-ау, әке,
Екі дай боп үй іші,
Жауығысып тұрғалы,
Қайыспадың бір.
Ісің тентек болса да,

Қарсы кеп сөз айтқам жоқ,
Байланғандай тіл.
Озбыр әке жарлығы
Тозар да кезі бар шығар,
Кесімді күнім таянды,
Мен аттанам бүгін,
Ендігісің өзің біл!

Базарбай

Уа, не дейді мына жүгенсіз?
Жалғыз кетесің, жалғыз!
Бір жан ертпеймін қасыңа!

Төлеген

Ер серігі — тәуекел,
Жалғыз да болсам аттанам!

Екеуі екі жаққа кетеді. Қамқа келе жатыр, жұрт қайта жиналады.

Қамқа

Өзеннің көркі тал болар, *(Төлеген келеді).*
Жігіттің көркі жар болар,
Жар қадірін білмеген,
Жар сүюге зар болар.
Аттана бер, жан балам,
Тілеуім болсын жолдасың —
Ақ жолыңа арнағам.
Жібегім болсын сырласың.
Жылқы иесі Қамбар-ай,
Қарағыма көз сал-ай,
Адасса, жолға сала жүр,
Сүрінсе, қолдан ала жүр,
Ақ тілеуге аттанған
Бағланымды баға жүр...
Аттан, қарағым, аттан!..

Төлеген

Аттанам, аттап өтіп асқарыңнан,
Нөсерлеп от жауса да аспанынан,
Арманда айлар өтті, күндер кетті,
Жасқанып кәрі әкедей тас бауырдан...

Жұрт Төлегенге еріп жөнеле береді.

Шымылдық

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Көл жағасы. Үйілген орқаш тастар, шырша ағаштар... Төбеде қарауыл тұр. Бір тастың үстінде Бекежан отыр.

Бекежан

Шеңгелдеп қызыл қанға боялған қол,
Алдында қия жатқан жалғыз-ақ жол.
Кек қайтпас қан жаламай, талас бітпес,
Бекежан ойланбай-ақ таңдарың сол!
Күн қаран қолынан іс келмегенге,
Көрерміз жан берерде сен бе, мен бе!
Мен емес тая соғар тайталаста,
Қанды қол, тая соқпа сермегенде! *(Аздан кейін)*

Сенімді серік бола алмадың, көп тобыр, тастап кетті тайталаста. Жалғыз-ақ жігіт қалды қасымда, оның өзі де бір-ақ күндік. Қыз алдына айбарыңмен барған да бір сәрі еді, енді менен кім жасқанар? Бар сенерім осы шатқал, кездеспей кете алмайсың!.. Тек, қанды мойның бері тартсын! *(Селк етіп)*. Бұл не дүбір?

Қарауылдағы жігіт

Келе жатыр Төлеген!

Бекежан

Жалғыз ба?

Жігіт

Жоқ, қыз-бозбаласы бар қасында

Бекежан

Бері кел! *(Жігіт бері келе жатыр.)* Жоқ, мен сенің жалғыз қалғаныңды аңдырмын!

Екеуі тас арасына тығылады. Аз кідіріс. Сыртта шу. Сахнаға Төлегенді шығарып салуға шыққан жастар келеді. Кейінірек Қарлығаш, Шеге, Төлеген.

Шеге

Күн бұлтсыз, аспан ашық, дүние күліп,
Балбырап жаздың әні тұр төгіліп.
Аққудың қанатынан төгілгендей
Жолдасың осы ән болсын, қалсын күдік.

Күдіксіз күліп тұрған ой менен қыр,
Құлпырып, толқындасын ән менен жыр,
Алдыңнан аққудай боп Жібек шықсын,
Қалмасын ақтармаған жүректе сыр...
Ал, оң сапар, жолың болсын, Төлеген. Бұдан әрі
бір аттауға рұқсат жоқ, енді біз қайталық.

Жастар

Ие, жолың болсын, жолың болсын...

Төлеген

Рахмет, құрбы-құрдастарым!

Қарлығаш

Сәлем айт Қыз Жібектей теңдесіңе,
Алдыңнан соқсын самал жел есіле,
Жолыңа қарауменен көзім талар,
Алғайсың сағындырмай елді есіңе...
Аман барып, сау қайт, көкешім...

Төлеген

Сағындырмаспын, қарындасым.

Қарындасының маңдайынан сүйеді.

Жастар

Қош, қош...

Олар кетеді, Төлеген оларды шығарып салып, сахнаға келеді.

Төлеген *(Жалғыз)*

Босанып көп бұғаудан шыққан кезде,
Бір ғана елестеші, сәулем, көзге.
Аққуым, айдын көлде жеке жүзген,
Көңілімде көлеңкем жоқ сенен өзге.
Ақ сұңқарым, Жібегім,
Жалғыз сенде тілегім.
Босана алмай бұғаудан,
Бір сені ойлап жүдедім...
Қош бол, көп сергелдең!

(Қару-жарағын асынып жатқанда Бекежан шыға келіп, оны атып қалуға садағын кезейді. Қасындағы жігіт садақты ұстай алады.

Жігіт. Тоқта, уәдең олай емес те! Адал жекпе-жек дегесің!

Бекежан. Қалған жалғыз серігім ең, сен де осыны айттың ба? Әрі тұр! *(Атуға әзірленеді).*

Жігіт. Ендеше есіңде болсын, оны сен атсаң, сені ататын желкеңде тұрар. Бұрын атпаса тәңірі атсын оны! *(Садағын оңтайлайды, Бекежан қысылады).*

Бекежан. Солай дедің бе!.. Ендеше, болсын дегенің: Төлеген көнсе, Бекежан атыспауға да дайын! Жүр бері, көзіңмен көр!.. *(Екеуі бері келеді)* Армысың, Төлеген!

Төлеген. Бекежанбысың!.. Бар бол!

Бекежан. Кездесер жеріміз Қыз Жібектің алды болса да, жолыңды әдейі тосып ем, Төлеген.

Төлеген. Оныңды айтпасаң да көріп тұрмын...

Бекежан. Кеудем толы кегім бар еді, саған арнаған оғым бар еді...

Төлеген. Е, оныңды да көріп тұрмын... Шыныңды айтқандайсың.

Бекежан. *(Жігітін нұсқап).* Қолымды мыналар қақты, әділ төрелікті осылар айтты. Қорқақтың ісі десең, жекпе-жегіңді берем, еркектің ісі десең, достығымды ұсынам...

Садағын Төлегеннің алдына тастайды.

Төлеген. Кінә менде емес-ті, адал келсең, жайдым құшағымды!

Бекежан. Тансам, тәңірім тапсын! *(Тізерленеді, қанжарын сүйеді.)* Міне антым. Осы болсын серт байлау! *(Қанжарын Төлегенге береді.)*

Төлеген. Байлауға байлау міне ендеше! *(Өз қанжарын Бекежанға береді).*

Бекежан. Ақ жолыңа көлденең түсе жаздадым, кешіре біл, Төлеген...

Төлеген. Енді ауызға алмай-ақ қой оны. *(Екеуі құшақтасады)*

Бекежан. *Кәне, біздің ел жолыңда, қонақ бола кет...*

Төлеген. Көп бұрылыс емес қой?

Бекежан. Жоқ, тап жолыңның үстінде.

Төлеген. Олай болса, жарайды.

Бекежан. *(жолдасына).* Ал аттарды алып кел осы араға! *(Жігіт кетеді.)* Қыз Жібектің алдына жауласып

бармай, достасып келгеніміздің өзі қандай!.. Таңғалсын көрген жұрт!

Төлеген. Жалғыз шығып ем, Бекежан, рахмет оныңа, менде болар бір қолқаң... Бірақ, садағыңды ұмытып кетіп жүрме... (Еңкейіп Бекежанның садағын алып берем дегенде, Бекежан оған қанжар салады. Төлеген құлайды.)

Бекежан

Бітті жұмыс, қайтты кек,
Қарға-құзғын жатсын жеп!
Қош! *(Кетіп қалады.)*

Төлеген.

Қош-есен бол, кең дүние-ай,
Желің жібек, жерің май.
Кімге аманат етермін,
Артымда қалған арманды-ай?
Сүйген жарым Қыз Жібек,
Күтумен көзің талығар,
Қарашығым Қарлығаш
Әлдекімге жалынар?..
Дала кең де салты тар,
Әр мойында бұғау бар,
Қараша үйлі елде бар,
Қызда бар бұғау, ұлда бар,
Кім үзер соны, кім алар?

Көлге қаздар келіп қонады.

Әуелеп ұшқан аққу, қаз,
Сенен басқа кімге айтам,
Жібекке сәлем дегейсің:
Достық іздеп, қас тауып,
Қапыда кетті дегейсің.
Жау қолынан өлді арман,
Айдалада сөнді арман!..

Төлеген тынып қалады. Бекежанның жігіті келеді.

Жігіт

О, сұрқия, сұмырай,
Тағы бір алдап ұрдың ба!

Ұмытпа берген антыңды,
Өз қанжарыңның ұшы табар сені!

Төлегеннің қанжарын алып жүгіріп Бекежанның артынан кетеді... Алты қаз биі... Төлегенді қоршап тұрып қалған қаздар...

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ СУРЕТ

Жібектің түсі

Түстегідей буалдыр да түсініксіз елес табиғат. Жібек өзін бірінші пердедегі жалғыз ағаштың көлеңкесінде ұйықтап оянғандай көреді. Қасында сондағы қыздар билеп жүр...

Бұлдыр қырқаның басынан Төлеген салған ән талып естіледі.

Сүмбіл шаш, сен уайым, беу жұбайым...
Жан сәулем, айта беріп не қылайын...

Төлегеннің өзі де көрінеді.

Жібек *(қуанышты)*

Аққудай айдын көлдің ақ төсінде,
Тосушы ем ертесін де, кешкесін де,
Қалғандай ұмытылып қайран «Гәкку».
Қайырлы қай сағатта түсті есіңе?..

Төлеген келеді.

Төлеген

Сарғайған сағынумен сорлы жүрек,
Аптығып алқынады құр дірілдеп,
Табысқан жазғытұрғы боз торғайдай,
Арман не қосылған соң шырылдап кеп!..

Сүйіседі. Қуанышты жастар бұларды қоршап алып орталарына отырғызады.

Хор

Торғын шәлі басыңда,
Жан сүйерің қасыңда,

Ақ сары аттай айқасып,
Күліп-ойна асыла...

Бұрынғы билер...

Төлеген, Жібек

Ертеде азғын елде сарнап-зарлап,
Үн қосқан қобызына талмай сарнап,
Өтіпті қосыла алмай талай ғашық,
Кетіпті су түбіне талды қармап.
Міне біз, соның бірі түсімізде,
Қосылып қуанамыз ісімізге,
Өмірде мұны, әрине, көргеміз жоқ,
Көп арман кете барды ішімізде...

Жұрт түстегідей аңдатпай жоқ болады... Төлеген де жоқ. Жібек жалғыз қалған... Сасып жүгіріп жүр.

Жібек *(айғайлап.)*

Төлеш!.. *(қараңғылық.)* Төлеш!...

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

ЕКІНШІ СУРЕТ

Сахна тез өзгереді. Ауыл сырты. Биік жартас, көл... Шошып оянған бойы отауынан жүгіре шыққан Жібек келе жатыр.

Жібек

Дүрия! Дүрия! Бері келші!

Жүгіре басып Дүрия, қыздар келеді.

Дүрия

Даусың қатты шықты ғой,
Шошып ояндың ба әлде?

Жібек

Түу, бауырым Дүрия-ай,

Неге ояндың десеңші!...
Оянбай-ақ қойсам етті!..

Дүрия

Әдемі бір түс көріп соны қимай тұрмысың?

Жібек. Түсім деуге қимай тұрмын... Кәдуілгі өңім екен деймін... Дүрия-ау, көз алдыңа келтіре алармысың, өзгеше бір дүние көрдім... Ертегідей десем ұғынармысың... Төлеген екеуміз қосылып, тойымыз болып жатыр екен... Қасымызда сен де барсың... Бәрің де барсыңдар... Үзілмей ойын-той болып, Төлеген екеуміз қосылған екенбіз... Қосылған екеміз, Дүрия!.. Жастар қуанышты аужар айтып жүр... Төлеген екеуміз ортада. Төлеш деймін, қатты қыспашы деймін. Қасы-көзі қиылып күледі, күледі де сүйеді, Дүрия! Әттең, өңім болсайшы... Осы көрген түсімді биенің бір сауымы ғана өңімде көрсем, арманым болар ма еді!

Дүрия. Әжем айтушы еді, жақсы көрген адамың түсіңде екі адым жақындаса, келмей қалмайды деуші еді... Екі адым жақындады ма қасыңа?

Жібек. Түу, түсінбейтінің-ай, Дүрия!.. Екі адымың не? Былай қысып сүйді дегем жоқ па!.. Екі адым жерден сүйе алатын ба еді!

Дүрия. Ендеше келмей қалмайды. Жүр отауыңа, жол ашарын жасай берейік.

Қыздар. Ақбоз ат, ақбоз ат!.. Төлеген, Төлеген келе жатыр! Сүйінші, Жібек, сүйінші! *(Бәрі қуанышты... Бекежан келеді.)*

Бекежан

Көп болды көрмегелі ар ма, Жібек,
Отырсың кімді күтіп жадап-жүдеп?
Шын сүйсе келер кезі болмады ма,
Жездейден хабар-ошар бар ма Жібек?..

Жібек

Бекежан, көрмегелі көп жыл өтті,
Отырмыз белді буып бұзбай сертті.
Қадірлес, заманың бір құрбы емес пе ең!
Хабарын өзің алып келсең нетті?..

Бекежан

Баса алмай ішімдегі жанған отты,
Кеп тұрмын шығаруға сыртқа дертті,
Жалынам, жалбарынам кешу сұрап,
Қасым деп досыма атып қалдым оқты...

Жібек

Бекежан, жүрген жерің жорық-майдан,
Тентек ең бар жиғаның осындайдан.
Барады көрген сайын жылы ұшырап,
Ақбоз ат анау тұрған алдың қайдан?

Бекежан

Айттым ғой, ерегіс бір іс істетті,
Түбіне Төлегеннің намыс жетті,
Атыста, айдалада жекпе-жекте,
Төлеген қайтпайтұғын сапар шекті.
Қапыда қыбын тауып атқаным жоқ,
Түсірдім бергенінде ол кезекті,
Амал жоқ танып тұрсаң айтпасыма,
Өзі өлді, ақбоз аты менде кетті!

Дүрия Сұмдық-ай! *(жүгіріп кетеді.)*

Жібек

Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,
Көңілім өлді деуге бара алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды.

Бекежан

Жібек!..

Жібек

Елді құртқан қарақшы,
Ел болып сені қарғасын.
Үрім-бұтақ, зәу-затың
Мендей болып зарласын.
Қаңғырып қалсаң далада,
Қасыңа бір жан бармасын!
Зарланған мен қарғаған
Алдына салып айдасын!

Азаматы осы елдің,
Бармысыңдар, қайдасың?

Бекежанның жігіті келеді.

Жігіт

Мен де осы елдің жігіті,
Ант бұзғанға аяу жоқ!

Бекежанға қанжарын сала береді.

Жібек

Тоқта! (Дүриямен бірге бір топ жігіттер келеді.)
Әкетіңдер!

(Бекежанды ұстап әкетеді.)

Жібек

Қараңғы қоюланып, торлап тұман,
Оралып мойныма қара жылан.
Болмаса айығар күн, арылар түн,
Жалғаннан тілек тілеп мен не қылам.
(Жар басына көтеріле береді.)
Есен бол, туып-өскен қайран елім,
Аша бер құшағыңды, шалқар көлім.
Өксумен өмір бойы өткенімше,
Қайғысыз көз жұмайын, бітсін демім...

Жібек жардан суға құлап кетеді.

Шымылдық.

Соңы.

АМАНГЕЛДІ

(Опера либреттосының соңғы өңделген нұсқасы)

Қатынасушылар:

Амангелді
Дәулет
Бану
Таран
Зілғара
Кенжеғара
Кете
Логинов

Болыс-билер, шөпшілер, сарбаздар, халық.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Өзен жағасы, талды қойнау. Алыста қостар. Еркек-әйел шөпшілер. Орақшылар жол тартып келеді.

Орақшылар.
Тарт, тарт, тарт!
Кере тарт, кере тарт,
Тарт жолды, кере тарт.
Тас қайрақ, ақ орақ,
Жарқылда от шайнап.
Білекте күш қайнап,
Көзінде от жайнап,
Тарт жолды, кере тарт,
Кере тарт, кере тарт.
(Шөпшілер тоқтап, орақтарын жанып тұр. Әйелдер келе жатыр).

Әйелдер.
Кере тарт, орақ әні өрле аспанға,
Кешқұрым шалғы әнінен ән асқан ба!
Кең дала жаңғырықсын бізбен бірге,
Ән өрлеп бел-белестен әрі асқанда.
Ахау, әрі асқанда,
Ән аспанға,
Шырқа аспанда.
Кере тарт, ой үлкенде, күш жастарда,
Қызығып күлімдесін күн аспанда.
Бірге ессін, ерке желмен салған әнің,
Бар елің тыңдап қалсын әр асқардан.
Ахау, әр асқардан,
Шырқа аспанға,
Шалғы әнінен
Ән асқан ба!
(Шөпшілер тағы да жол тартып кетеді).
Орақшылар.

Ақ орақ, тас қайрақ,
Жарқылда от шайнап.
Білекте күш қайнап
Көзінде от жайнап,
Кере тарт, кере тарт!
(Дәулет келеді).

Дәулет

Тоқтаңдар, тоқтаңдар!
Жан күйзелер хабар бар,
Терістен соққан ызғар бар,
Жинал жұрт, жинал!

Дауыс.

Жинал, жұрт!

Дауыстар.

Жинал жұрт, жинал!

(Жұрт жиналып, Дәулетті қоршайды).

Дәулет.

Күндіз орақ, түнде семсер
Қолға алатын күн туды.
Айыр, балта, сом темір
Семсер болып, найза болып
Шыңдалатын күн туды!

Бану.

Не дейді!

Дәулет.

Ер сыналар, ел сыналар,
Кәрі-жасы, ұлы-қызы
Атқа қонар күн туды!

Жұрт.

Не дейді!

Дәулет.

Кер ауыз, алты бақан дала салты,
Ескі сор арылмапты, ескі қалпы.
Бірікпей не тілегі, не білегі,
Білмеймін, не боларын мұның арты.
Бірі тұр, бірі отыр деп, бос керісіп,
Жұрт тарап, бет-бетімен кетті қайтып.
Екі ұдай ірге ашылды, бет байқалды,
Таразы қай жағына кетер тартып!
Қауіп бар ойланатын, қайран жұртым,
Таразы қай жағына кетер тартып!
Екі жол жатыр алдында,
Апарар жерін байқасаң,—

Біреуі — көр, біреуі — өр,
Сынға түскен қайран ел,
Жауабыңды өзің бер.
Жан ашырың жатыңмен
Жағаласып, алысып
Келе жатыр осында,
Жауабыңды өзің бер!

Жұрт.
Қара түн орнар болса ел басына,
Қалың ел сілкінетін жаны ашына.
Қара тас жарылатын тамып кетсе,
Кеудеден қайнап шыққан көз жасына!
Бітеу жара жарылып,
Екі ұдайға қол жетсе,
Жағаласып бағар ел!
Айыр, орақ, балғасын
Таразыға салар ел!
Жақыны кім, жаты кім,
Адаспай-ақ табар ел.
Тайталаста күн қалса,
Жағаласып бағар ел!

Бану.
Қайдасың, ер-азамат ардагердей,
От болса жүрегіңде қалған сөнбей,
Қара күн келе жатса ел басына,
Жалының көтерілсін аспанға өрлей!
Қашаннан жүрегіңде қайнаған кек
Қиратсын тас қорғанды, соқсын селдей.
Қасыңда қазақ қызы бірге болар,
Тұра алсаң оққа қарсы ықтай бермей!

Әйелдер.
Шаң көрінді, шаң көрінді!
Келе жатыр елдің ері!

Хор.
Жеткен екен ардагерім!
Кел ортаға, Амангелді!
Елдің ері Амангелді!

(Зілғара, Кенжеғара, болыс-билер, молдалар келеді.)

Зілғара.
Сары дала сағымданған сайран дүние,
Түсесің ойланбасаң қандай күйге?
Зар жұтып, қайғы құшып, келдім ұшып
Сорлы елім сергелдеңде қалған күнде!

Кенжеғара.
Қара күн, назалы үн,
Қан кешкендей боламын...
Зілғара.
Серкең кім тар өткелде қойды бастар?
Ханың кім ту көтеріп қолды бастар?
Боласың топалаңда қырылғандай,
Толады қойны-қонышың қан мен жасқа!
Жұрт.
Ел бастар деген азамат,
Сөзің жылы, жүзің жат.
Әйелдер.
Бастағаның осы ма?
Еркектер.
Арманы қайда жеріңнің,
Сенімі қайда еліңнің?
Әйелдер.
Ақтағаны осы да!
Еркектер.
Күн ашықта мойнымда ең,
Күн жауғанда қойнымда ең.
Әйелдер.
Сатпағаның осы ма?
Еркектер.
Тар өткелге жеткенде,
Тарығып үміт еткенде.
Әйелдер.
Бар айтарың осы ма?
Бәрі.
Осы-ақ болса айтарың,
Бар болғаның осы да!
Кенжеғара.
Қаралы күн, назалы үн,
Қашан тоқтар азабың!..
Зілғара.
Асау ел кең арқаны ен жайлаған,
Қайғырам, жаным ашып айтам сағаң.
Патшаңа бақан алып ұмтылғанда
Не таптың белуардан кешкенде қан?
Зілғара тобы.
Қаралы күн, қара түн,
Қайғыға толы назалы үн...
Жұрт *(Дәулетке)*.

Рас айта ма, әлде жалған?
Ел болмайды басшысы аз ған.
Ел басына күн туғанда,
Басшы ма екен бұғып қалған?

Б а н у.
Екі айтпайтын ерің сол!
(Зілғараға) Өтірік айтпа қолма-қол!
Кешіксе де келеді,
Алаңдама, берік бол!

Ш ө п ш і л е р.
Керекті кезде келмесе,
Табылмаса қасыңнан,
Батырлығы басына!
(Айыр, орақтарын тастап, бытырай бастайды).

З і л ғ а р а.
Жүр! *(Жұрт ере бастайды).*

Ә й е л д е р.
Қайран ел,
Асқар бел
Сынған жер! *(Амангелді келеді).*

А м а н г е л д і.
Сарғайып сары белден таң атарда,
Самал жел — ескек соғып оятарда,
Күн жетсе тас бұғаудан босанатын,
Ұмтылмай тіршілікке ел жатар ма!
Түн емес, күн келеді, қазақ халқы,
Атқа қон, еске түсір ерлік салтын,
Басыңнан қос ноқтаны бірге сыпыр,
Күшпен күт қарсы тұрып істің артын!
(Зілғараға) Ар қайда, ұят қайда, намыс қайда?
Панаң жоқ күзді күнгі қамыстай да,
Күн туса ел басына ер сыналар —
Елімен қатар тұрып алыспай ма?
Ала ауыз, ақ көт торғай қылмың-қылмың,
Бұралқы, босаға аңдыр, жылмың-жылмың,
Шенге сат, шекпенге сат, пайдаңды тап,
Не керек жердің мұңы, елдің мұңы!
(Жұртқа) Беретін бұл қорлыққа жалғыз жауап —
Күн туды асынатын қару-жарақ.
Ел де өзің, ерің де өзің, өзіңе сен,
Атқа қон, ту көтеріп майданға шап!

Ж ұ р т *(наразы).*
Кім пана, кім сенімді, кімге ерерсің?

Алды-артың бір буалдыр не көрерсің!
Қайран ел, еңбегің еш, жігерің құм,
Быт-шытқа ұшырасаң сонда өлерсің!

Зілғара.

Бұралқы сөз, қызыл жел,
Құлақ салмас оған ел.
Біз қамқоршы далаға,
Зарыңды айтар қалаға,
От басқалы тұрсың ел.
Ұрынбайсың апатқа
Өзгені қой, өзіме ер!

Амангелді.

Маған ерме, соған ер!
Өз көзіңмен сынап көр.
Сатып кетіп жүрмесін,
Кім екенін танып кел!
Жері қайда — ел сонда,
Елім қайда — мен сонда,
Ел дегенің маған ер!
Еліңменен бірге бол!
Не көрсең де бірге көр!
Жылағың келсе соған ер,
Ел дегенің қозғалма,
Ел емесің соған ер,
Ел дегенің маған ер!

Бану.

Кек пен шер алай-түлей жалын атса,
Сұрапыл нөсер төгіп дауылдатса.
Қайғылы қара күннің азғындарын
Елінің теріс бата — қарғысы атса!
Жан ермес елін сатқан азғындарға,
Жаңа күн қолын бұлғап дабыл қақса!
(Қобалжыған жұрт тоқталады).

Хор.

Ант осы — халқың түгел қару алар,
Кәрі-жас, ұлы қызы жауға аттанар.
Кекті ашу қажыр-қайрат, шер, намысын
Қалдырмай қан майданға ала барар!
Жері қайда — ел сонда,
Елі қайда — ер сонда.
Ері қайда — ту сонда
(Амангелдіге)

Ел қасыңда, баста алға!
Ту алдыңда, жұрт сонда,
Ту бастайды оң жолға.
Ердің туы — ел кегі,
Ал қолыңа, баста алға!
(Жұрт Амангелдіге еріп жөнеле береді).

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Оқиға орны өзгермейді. Таңертеңгі қалың ақ тұман алдыңғы суреттегі көріністі белдеулеп алып, жер бетін көрсетпейді. Жоғарғы жағы ғана көрінген мая үстінде айыр, орақ, тырнауыштар — ту белгісі сияқты. Сырттан атты сарбаздар хоры жақындап келеді.

Хор.
Жері қайда — ел сонда,
Елі қайда — ер сонда,
Ері қайда — ту сонда,
Ел қасыңда, баста алға!
Ту алдында, жұрт сонда,
Ту бастайды оң жолға,
Ердің туы — ел кегі,
Ал қолыңа, баста алға!
Баста алға!

Сарбаздар сахнаны көлденеңнен кесіп өте береді. Алдында Аман гелді. Қалың ақ бұлттан аттардың бастары, қару асынған сарбаздардың кеудеден жоғарғы жақтары ғана көрінеді. Амангелді қолын бұлғап тұрып қалады да, шатыр алдына келіп, қару-жарағын тастап, ойға кетеді.

Амангелді.
Талай көлі суалған,
Талай бастар қуарған,
Шөлге айналған жерім бар.
Талай ерін жер алған,
Талай көңілін шер алған,
Аты қазақ елім бар.
Көзінің жасы көл-дария,
Қалай мәңгі құрғатам?
Көңілі шерлі көп жетім,
Қалай мәңгі жұбатам?
Алдында ауыр асу бар,

Мақсат алыс, жолы тар,
Тілек үлкен, күш шағын,
Алты ауыз, дала, салтың бар,
Қайткенде көңілің оянар?
Қайткенде басың құралар?
Қараңғыда қараша,
Қайтсем сені уатам?
Қайтсем мәңгі жұбатам?
(Бану келеді).

Бану.
Ер көңілі неге жүдеу, жаралы ма?
Батырға ерлік теріс қарады ма?
Көшпе бұлт төнері бар, жауары жоқ
Қабағын бір түйді де, тарады ма?

Амангелді.
Аспаннан...

Бану.
Түскенім жоқ.

Амангелді.
Енді қайдан?

Бану.
Келемін...

Амангелді.
Жолың болсын.

Бану.
Өр Найманнан.

Амангелді.
Кім едің?

Бану.
Батыр да емен,
Бағлан да емен...

Амангелді.
Енді кім?

Бану.
Хабаршыңмын
Қан жайлаудан.

Амангелді.
Хабаршы?

Бану.
Таңданасың.
Несіне оның?

Амангелді.
Қайран ел...

Бану
Шерге толы,
Кекке толы...
Амангелді.
Қарлығаш!
Бану.
Жалғыз тамшы,
Амангелді.
Су әкелсе...
Бану.
Қабыл ал...
Амангелді.
Мың қанағат
Еттім соны.
Бану.
Дабылың жетті еліңе, қуан батыр.
Жалпақ ел атқа қонды апыр-тапыр.
Әкелген қарлығаштың хабары — сол,
Кете ағаң ту көтеріп келе жатыр...
(Амангелді, Бану дуэті)
Амангелді.
Арман не келер хабар болса осындай,
Күтсең де дәл он екі ай жыл құсындай.
Кеткен ел әр түйе айдап, қиян жайлап,
Қалмассың осы жолы бір қосылмай!
Арман сол — атқанда таң сары белден,
Жарысып өскен көңіл ескен желмен,
Құлпырған жаңа дүние жайлауына,
Қайран ел, қол ұстасып ассаң бірге!
Бану.
Арман сол — жауыңа түс жай тасындай,
Ескі сөз — ер сыналар шайқасуда.
Ат үсті, атан қомы, жалғыз тілек,—
Арманға арман қалмас бір қосылмай.
...Арман сол — атқанда таң сары белден,
Жарысып өскен көңілім ескен желмен,
Құлпырған жаңа дүние жайлауына,
Дариға-ай, қол ұстасып барсам бірге!
Кете.
А-ха-ау! *(Аты аласұрып, сөзін бастай алмайды).*
Аха-ау! А-ха-хау!
Амангелді.
Пай-пай, батыр, түс аттан!

Кете аттан түсіп жатыр, тұман серпіліп, енді сарбаздар лагері түгел көрінеді: ұсталар дүкені, сүйелген қарулар, әр жерде топ-топ сарбаздар, әйелдер, бір шатырда қағаз жазып отырған Кенжеғара.

Кете.

А-ха-ау! Күн туса жалпақ елге, жауға аттанар,
Ер Кете қатын ба еді үйде қалар?
Қырық тасып қысқа күнде, қырық басылған,
Тап мына менің атам ер Көтібар!
Құса боп өле жаздым үйде жатып,
Ешкімнен келсін деген болмай хабар.
Қорлау ма, қомсыну ма, менсінбеу ме,
Білмедім ойларыңда әлде не бар?

Амангелді.

Батыр-ау, есіңде ме патша ызғары
Тор көзді терезесі зындан бары?
Қарлы аяз, алыс-жұлыс құмда, шөлде,
Ай емес, жылдар бары одан әрі?..
Жүк ауыр бұл сапарда, үміт алыс,
Шыдайды ердің ері, елдің нары.
Аял жоқ, толастау жоқ күні-түні,
Біржола тоқталғанша елдің зары!

Кете.

Қалың ел қара ағаштай көтерілсе деймін-ау,
Өлейік-тірілейік бірге десе деймін-ау,
Бетіңе жау бұрылып қарай алмас,
Қасында көкжал Кете бірге жүрсе деймін-ау!
Пойттік, шорттік, бірге жүрсе деймін-ау!
(Амангелді, Кете дуэті).

Амангелді.

Жол жатыр алдымызда тоғыз торап,
Көрбілте бәрі сүрлеу, бәрі сорап.
Байқап бас аясыңды, аңғал батыр,
Қоятын шартым, сол-ақ, қаупім сол-ақ!

Кете.

Батыр-ай, болмадың ғой алдымды орап,
Мен бір жан сөзге шорқақ, ойға да олақ.
Қасыңнан бәрі кетсе, Кете кетпес,
Жатқанда қас дұспаным елді тонап!
(Соңғы екі жолдарын екеуі де қайталайды).

Амангелді.

Жә, хош кепсің, қосқа кір!

Кете.
Тоқта, азырақ сабыр қыл!
(Артына бұрылып).
Ей, қанды көз, қанды ауыз,
Жай жүргенде — әлемет,
Жауға тисе — қиямет,
Қабағыңнан қар жаусын,
Садағыңнан қан жаусын,
Сардарбектің алдынан
Шеру тартып өтіп кет!

(Өзгелерден ерекше киінген, ескі, қарулар асынған Кетенің «батырлары» сахнаға келеді. Жұрт жиналады).

Кете «батырларының» хоры.
Ер азығы елде деп,
Бөрі азығы белде деп,
Тата алмадық аунақшып
Жау тигенде елге кеп.
Ер азығы жолда деп,
Бөрі азығы жонда деп,
Атқа міндік жата алмай,
Жолды, құдай, оңда деп!
Жауың қандай, қай жақта?
Көрейік деп келеміз,
Аяғынан аспанға
Ілейік деп келеміз.
Сыбағасын жауыңның
Өзге емес, біз береміз!
Кете. Өлең емес, бұл жерде,
Өнер керек демеп пе ем!
Соны көрсет бұларға,
Қол-аяғың безектеп!

(Кете тобы билеп кетеді, әйелдер қосылады. Полковник киімінде Зілғара, ояз бастығы Логинов, болыс-билер келеді.

Дәулет. Төр сіздікі...
Амангелді. Жоғарыла, қонақтар!..
Логинов. Қонақ емес біз саған,
Қожаң келді, бөркіңді ал!
Би-болыстар.
Шыр бітпеген қарақшы!
Зілғара.
Ертең күнің не болар?

Логинов.

Тізеңді бүк, бөркіңді ал!
Сен бе әлектің бастығы?
Сақ болғайсың басыңа!
Қара кісен, темір шынжыр,
Сағынғаның сол болса,
Өз қолыммен
Кигізермін мойныңа!

Амангелді. Жаңалық па темір бұғау? Мына жұрттың қайсысының мойында бұғау жоқ? Сол бұғаудан босанудан басқа арман жоқ менде де!

Логинов. Тоқта, тоқтал!

Зілғара.

Тоқта, сотқар!
Өшсін үнің,
Сөнсін оттар!
Тара, тобыр,
Көшсін қостар!

Логинов.

Ұмытпаңдар,
«Итжеккен» бар,

Би-болыстар.

«Итжеккен» бар,
«Итжеккен» бар!

Логинов.

Тарат, сотқар!
Тобырыңды
Қазір тарат,
Қазір тоқтал!

(Амангелдіге қамшы үйіреді, ол қозғалмайды. Жалпы керіс басталады).

Дәулет.

Тарт қамшыңды! Қамшың салған таңбаң аз ба
Мына жұрттың бойында!

Кете. Тайтаңдама! Көк найзаға әрең ие
Болып тұрған Кете бар!

Болыс-билер.

Тарт тіліңді! Қамшы жемей
Есің кірген кезің жоқ!

Амангелді.

Азаттыққа ұмтылған ел,
Қаймығары қамшы емес,

Арқадан ер, бастан ноқта
Алынғанша келісім жоқ, бітім жоқ!
Аққан қаны, төккен жасы,
Қақ боп қатқан жүрегіне,
Тот боп батқан сүйегіне бұл жұрттың,
Ерімейді, жібімейді ол!
Қалжақ емес, қан майдан — бұл.
Бұғауынан босанғанша,
Өз тізгінін өзі алғанша,
Тоқталмайды бұл айқас!
Біз күтпейміз,
Сен де күтпе толасты!

Кете. Тәңірі деген, маған жібер!
Көк найзамның ұшы білер.
Әлі күнге тайтаң-тайтаң,
Осы ма елдің босағаны?
Осы ма еді көрсетерің?
Маған жібер, көк найзамды қолыма әпер!
Көтекемнің құны қайда?
Алайын да осындайда!
Қолымды ұстап, қан майданға
Шақырғанды кім көрген?
Жібер! Жібер!

Кете тобы.
Бізге жібер, бізге жібер!

Зілғара.
Азат едің қайран елім,
Құмартқаның құлдық болса,
Мыналардың содырынан
Қара күнің қайта оралар.
Ойлан, ойлан, алдыңда көр,
Әлдіменен кім тіресер!
Жық қосыңды,
Тара әр көлдің басына!
Құр желікпе! Жұртта қалар бесігің!
Жабусыз қалар есігің!

Логинов *(кәрленіп)*. Тоқтат, тоқтат!
Қалжақ іздеп келгенім жоқ мен мұнда!
Бір күн, бір түн кеңдік берем:

Ертең түстен бірің қалмай тарайсың!
Байлам осы —
Ертең түстен бірің қалсаң,
Ата-бабаң моласының қасынан,
Бір шұқырды өзіңе де қазып қой!

Зілғара *(Амангелдіге).*

Бір шұқырды өзіңе де қазып қой!

(Болыс-билер бәрі де кетеді. Жұрт дел-сал).

Амангелді.

Ел-жұртым, менің зарым — сенің зарың,
Сенікі бойда барым, ар-иманым.
Қобалжу кірмеді ме көңіліңе
Көргенде өз көзіңмен жау ызғарын?

Жұрт. Жоқ, жоқ!

(Сырттан Таран тобының хоры естіледі).

Хор. Ен дала, еркін ел,
Еркін ес ерке жел.
Ен дала, ерке жел,
Оянған түрін көр.
Қорланған құлдықта,
Құл болған зорлықта,
Бауыр ел, қолың бер!
(Таран тобы сахнаға келеді).

Таран.

Қазақтың аманбысың, еркін елі!
Арқаның оянды ма самал желі?
Тілейміз сәтті сапар, бауырлас ел,
Сәт сапар батырлары, елдің белі!
Білекке білек қоса келдік біз де,
Бізге де ата мекен қазақ жері.
Ежелден еңбегіміз араласқан,
Аралас аққан тері, қайғы-шері.
Қабыл ал барым әзір, жоқ жайымды,
Қолбасы, елдің ері Амангелді!

Амангелді.

Жақсы келдің, ескі досым,
Зеңбірегін бізге тосып,
Кәрін төгіп жау отыр...
Орақ, найза, айбалтамен
Айбат шегіп, қарсыласып ел отыр.
Ертең түсте тарамасақ,
От астында қалмақпыз...
Жас баланың, кәрі ананың

Сүйектерін сай-саладан
Тауып, теріп алмақпыз.
Қарсы шабар,
Бұрын басар,
Күш аз болып, дағдарысып отыр ек!

Таран.
Жаудың сыры маған мәлім,
Тікірейген мұрты болса,
Іштен жейтін құрты да бар!..
Біз де құр қол келгеміз жоқ,
Саған тартар сыйлығымыз —
Біз жеңеміз, соған сен!
Бас қаруың елдің кегі,
Арман-шері емес пе?
Ол қару жоқ жауыңда!
Кезің осы аттанар.
Жауың есін жинағанша,
Сен бұрын шап, бұрын бас!
Сал ұранды, атқа қон!

Амангелді.
Атқа!.. Қон! Атқа!
(Қол жөнеле береді)

Хор. Ер туады ел үшін,
Алтын бесік жері үшін,
Ел басына күн туса,
Көрсетеді бар күшін.
Ер туады ар үшін,
Қара көз сұлу жар үшін,
Ар мен жарға күн туса,
Ер аямас бар күшін.
Анадан туған барлық ер,
Жұмса жауға, бата бер!
Отқа салып суар да,
Тасқа салып сынап көр!
Азамат, атқа қон,
Оң сапар, болсын оң!
(Бәрі кете береді).

Бір шетінен өртеніп жатқан қала... Жаңа шығып келе жатқан күн шұғыласы өрт жалынына жалғаса көрінеді.

Тағадай иіп салған гимназия үйінің алдындағы алаңда сарбаздар мен патша әскері ұрыс салып жүр, екі жақ кезек ілгерілеп, кезек шегінісіп қалады. Гимназияның маңдайында жарқырап көрінген екі басты алтын қара құс.

Бір шетте, биікте, өрт-жалынның ішінде Амангелді, Таран, ту ұстаған Дәулет. Оларға қарсы бетте полковник Логинов, кіші командирлер. Бұл екі топ та анда-санда ғана, жарық түскенде ғана көрініп кетеді. Бірі — ат үстіндегі, бірі — жаяу топ.

Бір кезде гимназияның маңдайындағы екі басты алтын қара құс құлап түседі де, оның орнына қызыл ту көтеріледі. Жүгіріп шыққан қала халқы сарбаздармен құшақтасып табысады, у-шу... Шаттық. Амангелді, Таран, Дәулет, Кетелер сахнаға келеді. Қала халқы оларды қарсы алады.

Хор. Таң атты да, күн шықты,
Құтты болсын жаңа күн!
Қара күнге қайту жоқ,
Құтты болсын жаңа күн.
Ескі дүние есігін
Өз қолыңмен жапқан күн.
Жаңа дүние есігін,
Өз қолыңмен ашқан күн.
Оралмасын ауған түн,
Құтты болсын шыққан күн!
Сай-саланың бұлағы,
Бір арнаға құйған күн.
Тарыққан мен зарыққан,
Бірін-бірі тапқан күн!
Азаттыққа, елдікке,
Қол ұстаса шапқан күн.
Құтты болсын, батырлар,
Биік белден асқан күн!
Қала менен даланың
Қуанышын қосқан күн!

Амангелді.
Алтын таң дүниеге жалын шашқан,
Жалмауыз екі басты аузын ашқан
Құлады жасыл түсіп төбесінен,
Бұлт ауды, күлді дүние, айықты аспан!
Алға бас, енді азатсың, қазақ елі,
Арқаңнан алынды ерің, босап белің.
Түн ауды ел үстінен біржолата,
Күн шықты мәңгі батпас, аты Ленин!

Амангелді. Ленин! Ленин! Ленин!

Таран. Ленин! Ленин! Ленин!

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Кетенің сотқарлары қаланы бөрліктіріп жүр. Көрінгенге соқтығады, әурелейді. Қызығарлық бірдеме көрсе, әкете береді. Ішік, кілем,

қоржын арқалап алған. Кейбіреулері қыздардың үкілі бөріктерін киіп алған. Бірі — ойнақы, бірі-шайпау, бейбастақ. Қыз-келіншектерді сүйрелеп жүр. Бәрінің бет-бетімен жамырап айтатын өлеңдері де дөрекі:

Бөрі азығы белде деп,
Ер азығы елде деп,
Ойран салып қалайық,
Қолға тиді өкімет!
Бөрі азығы жонда деп,
Ер азығы жолда деп,
Көз сарғайтқан қыз-қатын,
Қашан түсер қолға деп!
Өкіметің Кетекем,
Арғы атасы Көтекең,
Не қылсаң да бостандық,
Өкімет деген осы екен!

(Ашулы Бану келе жатыр. Қорланған жұрт Бануды қоршап алады).

Жұрт. Бұрыла кет, Банужан,
Жынданыпты Кете ағаң!
Тонап жатыр тал түсте,
Жаудан жаман салып лаң!

Әйелдер. Көрмеген қандай қорлық бар,
Төгіліп болды ұят-ар!
Қуаныш толы жүрекке
Қайта толды қайғы-зар!

Бәрі. Қайта орнады қайғы-зар,
Таланған біз сорлылар,
Құтырған қасқыр ағаңнан
Құтқаратын не амал бар?
(Бану тепсініп Кетеге келеді).

Бану. Құдай-ау, қандай масқара,
Еліңді салған талауға!
Не бетің қалды, бейшара,
Ел бетіне қарауға!?
Қолына тиген қару бар,
Не керек бұған ұят-ар?
Меңіреу, мылқау заманнан
Меңіреу туған бір сотқар! *(Ашулы)*
Кете аға, тоқтат талауды,
Абырой-ардан не қалды?
Жау болып тиген еліңе,
Өшір елден қараңды!

Кете. Кет әрі!.. *(Дәулет, жұрт келеді).*

Дәулет пен жұрт.

Тоқтау сал мынау қара таяғыңа,
Шайқы бас, көжеге мас саяғыңа!

Бану. Кәрі аруақ, замананың азғын жаны,
Еліңнің, тұр да, жығыл аяғына!

Кете. Кет әрі, былшылдамай өңшең надан!
Қайтқан бақ, қайдан ғана қайттың маған?
Қит етсең закон айтып орысшалап
Отырған бұл қаланы қалай бағам?
Көнер ме ыңғайыма көп законшік,
Бір ауыз білмеген соң орысшадан?
Шіркін-ай, пәйттік-шорттік, хан болар ма ем,
Басыңа орнататын ақырзаман!
Қызыл жон қылар едім бір-ақ күнде,
Алты-ақ күн бура болсам бұрқылдаған!

(Зілғара бастаған қошеметшілер келеді: қолдарында табақ-табақ ет, атанның басы, қымыз. Бану мен Дәулет кетеді.)

Зілғара тобы.

Ер Кете, жайнағандай еркін дала,
Бір жасап кәрі-жасы, бала-шаға.
Елің мәз, көңілі жаз, қуанышпен
Келіп тұр, сыбағаңды қолына ала...

Зілғара. Қаланы жалғыз алған ер Кетеке,
Жолыңа қыз садаға, ұл садаға!

(Кетеге қымбат шапан жабады, кісе байлайды, әкелген табақтарын тартады. Кете тобы мәз, тамаққа отырады).

Зілғара тобы.

Қаланы алған Кетекең,
Арғы атасы Көтекем,
Атақ-даңқы жер жарған,
Ер Кетекең осы екен! *(Кете мәз.)*
Қаланы алса Кетекең,
Арғы атасы Кетекем,
Хандар киген дулыға,
Ердің жолы осы екен!
(Зілғара Кетенің басына дулыға кигізеді.)

Зілғара.

Бір сөзім бар, алдияр!
Арылар ма екен ескі зар?
Алысқа көзің салдың ба,
Еліңнің күні не болар?
Түн артында күн тұрса,

Күн артында түн де бар.
Жүрегім сезіп бір ызғар,
Зар илейді, алдияр...
Естуге келді мына жұрт,
Елдің күні не болар?

Кете.

Тұрғанда қолда құдірет, баста бағы,
Талай ой ер Кетеге келер тағы.
Орнатам өз қолыммен ел іргесін,
Қолдай гөр, ер Қаптағай аруағы!
Хан қоям, қалағаным — Амангелді,
Алты арыс Орта жүзге арқадағы.
Хан болад Амангелді қызыл тулы,
Болшайбек, кеңес деген осы дағы.
Хан қоям қызыл тулы, аты шулы,
Қолдай гөр, хан Абылай аруағы!

Зілғара тобы.

Елдің ері Кетекең,
Арғы атасы Көтекең,
Алаштың ақ туына,
Ие болар осы екен!
(Зілғара Кетеге ақ ту ұстатады).

Кете.

Болшайбек, бас уәзірі өзім болам,
Тілмаш қып Зілғараны қасыма алам,
Әлгібір Сәбдеп-мәбдеп дегендерін
Сыйда бұт, тік аяққа бере салам.
Отырсын тақтай мүжіп кеңсаралда,
Қит етсе, жон терісін тіліп алам.
Қаланың қастығы көп, достығы жоқ,
Он үйден бір контрды жер аударам!
Алпыс күн атан болып жай жүргенше,
Алты күн бура болам бұрқылдаған!
(Дәулет пен Бану келеді).

Бану.

Басы айналған бақ құмар,
Алаңғасар жолбасар!
Айналаңа қарашы,
Дос көретін кімің бар?
Ортаға алып көп сұмдар,
Ада болған ұят-ар.
Төбет етіп қойыпты
Көрінгенге арсылдар.

Мазақ болмай дұспанға,
Кет қаладан, елге бар!

Кете.

Қаланы алған ол емес,
Басқа да емес, мен болам!
Басқаратын қаланы,
Сендер емес, мына, мен болам!
Кете батыр ойланып,
Кесіп қойған кесім бар.
Амангелді хан болды,
Хан болмайтын несі бар?
Бас тілмашым — Зілғара,
(Зілғара тобына бір-бір тарақ қағаз үлестіреді).
Оқу бөлім, жер бөлім,
Ауру бөлім, сау бөлім,
Басқаратын осылар!
(Бануға)
Жетім бөлім, жұт бөлім,
Қатын бөлім, қай бөлім
Саған бердім біржола,
Ал да жөнел үйге бар!
Кесімі осы Кетенің,
Көнбегенің шауып ал!

Дәулет.

Осы ма еді еліңнің
Алыстан арман еткені?
Лапылдаған тілекке
У болды ма сепкенің?
Қолын созған бейбақтың
Кеудесінен тепкенің?
Тарта алмасаң қолыңды,
Су түбіне кеткенің!

Кете.

Оттама! Кете батыр аты шулы
Сен емес, мен орнаттым қызыл туды.
Келе сап қыжың-қыжың, кіжің-кіжің,
Кім едің басынғандай сен сол ғұрлы?
Ұстаңдар, кісендеп сап, дүрелеңдер,
Өзім-ақ көріп алам жоқтауыңды!
(Кетенің серіктері Дәулетті ұстап, әкете береді).

Дәулет.

Жөнел, Бану, тез жөнел,

Жетсін батыр қалаға!
(Бану кетеді).

Зілғара.
Жарадың батыр, жарадың,
Бітті жұрттың таласы.
Ақырдың, тынды, жым болды
Үш жүздің түгел баласы.
Қас батырдың белгісі
Тау құлатар туласа,
Ер жүректің белгісі —
Біржола құлар, құласа!
Өзің бол істің басында,
Біз тілекшің қасыңда.
Осы тұрған әлеумет,
Көрсетуге сый-құрмет,
Шақырамыз қонаққа,
Рахым ет, батыр, рахым ет!

Кете. Рақмет!
(Сырттан қайтып келе жатқан Амангелдінің сарыны естіледі. Кете қасындағыларға қолын сілтейді). —
Рақмет! *(Зілғара тобы жайды түсініп, тез тарап кетеді. Амангелді келеді, қасында Кенжеғара, айналасын қоршаған қала адамдары, әлде нені айтып келеді).*

Амангелді.
Неткен сұмдық, не масқара!
Не бетің бар елге қарар?
Үсті-басың әлем-жәлем,
Басыңдағы мынауың нең,
Бақсы болған бейшара! *(Дулығасын ұшырып жібереді).*
Құр бақұмар, қара надан,
Біле ме екен не қылғанын?
Тізе бүгіп, атша шұлғып,
Ақ ту ма еді бар арманың?
(Ақ тудың сабағын ортасынан сындырып, лақтырып жібереді).
Кеше кім ең, бүгін кімсің,
Батыр емес, тірі өліксің!
Майдан айтар жалғыз кесім:
Атыласын... Сол-ақ — кесім!
(Кенжеғараға ишарат етеді. Кенжеғара Кетені алып кетеді).

Амангелді *(жалғыз)*.

Түспестей енді ешкімнің алдауына,
Тоқтау сап жылап-сықтап зарлауына.
Кең жайып керегесін елдігіңнің,
Қайран ел, жеткізем бе арманыңа?
Арман бар шерге айналған кеудең толы,
Ұлы үміт, ұлы сынау, жолың соны.
Қайсар ел, қаймықпасаң тар өткелде,
Арманға сонда ғана жетер қолың!
Даланың желі тұрақсыз,
Мінезі жоқ тұрлаулы.
Ертелі-кеш өзгеріп,
Бір бағытта тұрмайды.
Кейде дауыл бұрқанып,
Алдыңнан құм борайды,
Оңнан күткен самалың
Тұман болып торлайды.
Қатты соқ, аянбай соқ, заман желі,
Қаптасын жердің бетін заман селі.
Шіріген ескі-ұсқыны айдап әкет,
Қатты оят, түгел оят дүниені!
(Амангелді кетеді, Бану келеді)

Бану.

Қыранды көрем, күрсінем,
Жасыра алар жай қайда?
Табылмаса дертіңе ем,
Күрсінуден не пайда?
Ішіңде жалын құр жанар.
Күрсінсең қайта тұтанар,
Айтуға қайтып тіл барар?
Қадалар көзің, құр қарар...
Не деген бөлек жан еді,
Қанды көз алғыр қырандай.
Асаудай неге тулайды,
Жүрегім сабыр қыла алмай?
Қараған көзі кеудеме
Қадалды келіп найзадай.
Қыран келе жатқандай
Төбемнен түсіп сорғалай!
Сабырсыз соғып сандалтып,
Жүрегі құрғыр, не айтасың?
Қалар көңіл құр қайтып,
Қой, желікпе, қайтесің ..

Ол — даланың қыраны,
Бар өнері халқына,
Аттандырып елмен бірге,
Қала бер қарап артынан...
Тәуба, тәуба, не дедім мен,
Жасыра алман — арманым сен,
Бір жан білмес жалғанда,
Қалайын мен-ақ арманда!
(Кенжеғара келеді).

Кенжеғара.

Ән құрысын, тоқта Бану, сәтсіз күнгі,
Құйысқан, айыл-тартпақ бірге үзілді.
Ер кетті ат мойнына, құлаған кім?
Ер қайда енді бізге Кете-сынды?

Бану.

Не дейді?

Кенжеғара.

Жаманатқа жаршы боп,
Амалсыз келдім, не айып бар?
Қанжары мынау батырдың,
Аманат саған алып қал.
Аманат деді Кете ағаң,
Мына қанжар Бануға,
Жарар деді Бануым
Жауымнан кегін алуға.
Аузым бармас айтуға,
Басынан балық шіріпті,
Кете-сынды батырды,
Өлімге қиды-ау, атуға!
(Қанжарды Банудың алдына тастап, бұрылып кете береді).

Бану.

Арам қара, сырт айналма,
Сырт айналма, бер қара!
Бар күдігім сенде ғана:
Адастырған сен ғана!
Құдайым-ау, елден ала,
Қандай жаза, қай жаза!
Адал емес сенің қолың,
Сенің қолың бұл қаза!..
Ақ қанжар, иең қайда, құлады ма,
Қан майдан, тар өткелде сынады ма?
Қайттың ба, қанын ұрттап өз иеңнің,

Жатқың кеп қайта түсіп қынабыңа?
Майысам сандалтқан ой салмағынан,
Жалынам, тәңірі, өзіңе жалбарынам.
Тартқандай таразыға тар қыспақта,
Не айт дедің қан боп қайтқан қанжарыңа?
(Амангелді келеді).

Амангелді.

Ақ жүзіңе айқындала,
Қанды тарта, нұрды ала,
Жанды ауырта, салқын сала
Түсе қалса көлеңке —
Себебі бар, емес жай,
Ұмытылмас оп-оңай!

Бану.

Ұмытылмас оп-оңай!

Амангелді.

Оқ жаңылыс тиген жоқ,
Болды кесім, атылды оқ.

Амангелді, Бану, Кенжеғара үшеуі (трио):

Аңғал батыр өзі оралды
Сұрқия жау торына.
Көзін байлап, жетелеп кеп,
Құлатыпты орына.
Кесім қатал, жанға батар,
Жанға батар — жылатар,
Қатесі жоқ, сол жұбатар,
Көзден жасты құрғатар.
Ойдан кетпес қаралы өлім,
Бетке таңба, сүйекке ар.
Басқада емес, жауда кегің,
Досың біз-ақ уатар.

Бану.

Аямай кеп аяз соқты
Жазды күткен жаныма.
Қанжарымды суарармын,
Көп қараның қанына!
Өмір бойы өкінішін
Шығара алман ойымнан.
Қанды қанжар кек алғанша,
Түсіре алман қолымнан!
Аямай кеп аяз соқты.
Жазды күткен жаныма,

Қанжар қалмас бір боялмай
Осылардың қанына!

Кенжеғара.

Неге көндім орындауға
Қатал айтқан кесімді?
Сезініп ем өзгертерін,
Кейін түсіп есіне...
Кесім қатал, жанға батар,
Саған да бір тақ атар...
Айналаңнан үміт үзбе,
Жан табылар жұбатар.
Өкінішті, қаралы өлім,
Бетке таңба, сүйекке ар.
Кегіңді алар, пана болар
Жандар барын есіңе ал!..
(Бану мен Кенжеғара кетеді).

Амангелді *(жалғыз).*

Боздайсың, жалғыз қалған, жас аруана,
Зарыңа кім түсінбес, соңлы бала.
Қия алмай ескі әдетін, ескі салтын,
Қиғаштап қиғылық сап жатыр дала.
Арналған ішке кетер. сырым саған,
Ешкімге айтылмаған, ақтармаған.
Дариға-ай, бірге кетер өзімменен,
Айтылмай қала барған жалғыз арман...
Ән салған бірге сайрап сай мен сала,
Шала естіп, шала тыңдап, көңілім алаң.
Күн ауған, көңіл баяу, кеш салқыны
Алыстан леп бергендей үрлеп қана...

(Сырттан мылтық атылады. Амангелді селт етіп орнынан тұрады. Штабтан Кенжеғара шығады).

Амангелді. Бұл не, бұл?

Кенжеғара. Сарбаздар ғой бейбастақ!

Амангелді. Шошытпасын қаланы,
Айдап әкел осында!

(Кенжеғара кетеді. Сырттан Кете серіктерінің хоры естіледі).

Хор.

Ер азығы елде деп,
Бөрі азығы белде деп.
Жата алмадық аунақшып
Жау тигенде елге кеп...

Амангелді.

Сарбаздар! Бері келіңдер!

Бану *(Амангелдіге жүгіріп келіп).*

Олар емес, қапы қалма,
Олар емес, сен алданба!
Басқада емес, барлық пәле,
Барлық сұмдық мынада!

(Кенжеғара Амангелдіге мылтығын көтере бергенде, Бану Кенжеғараны атып салады, мылтықтың даусын естіген Зілғара тобы сахнаға шығады).

Зілғара.

Ха, ха, ха, бостандық мас!
Енді біздең құтылмас!
Ұстаңдар!
(Алаш әскері Амангелдіні қоршап алады).
Атыңдар!

Бану. Тоқтаңдар, адаспаңдар!

Зілғара. Оқ!

Бану. Жоқ!

Зілғара. Оқ!

Бану. Жоқ! *(Амангелдіні қорғап, алдына тұра қалады.)*

Амангелді.

Бану дуэті. Алданған адал жүрек елдің жасы,
Сен бе едің азғындардың балғаласы?
Бүгінгі атқан таңды, шыққан күнді
Қазақтың тілемеп ед қай баласы?
Ей жастар, елдің туы құлағанда,
Ата-анаң шашын жайып жыламай ма?
Сондағы оқ шығарған жендет кім деп
Не айтарсын кейінгі ұрпақ сұрағанда?
(Зілғара Амангелдіні өзі атып қалады).

Амангелді.

Ел-жұртым, менің зарым — сенің зарың,
Сенікі ойда барым, ар-иманым.
Жараса құрмалдыққа ұлы асуда
Болар ма одан артық ер арманы!
Ел жұртым, менің зарым — сенің зарың...

(Құлайды. Сахнаға Таран бастаған және Дәулет бастаған Амангелдінің сарбаздары шығады. Алаш адамдарын айдап өтеді).

Реквием.

Қызыл ту — жаңа заман құбылысы,
Атқан таң, шыққан күннің шұғыласы.
Қанымен Амангелді жазып кетті
Ескі мен жаңа заман шекарасын.
Алдында тізе бүккен, басын иген,
Қайран ер, бар еліңнің кәрі-жасы.
Ұмытпас, сені есінен шығара алмас
Жас ұрпақ — жаңа заман құрбыласы,
Қайран ер қан майданда құлағанда,
Көзден жас қан аралас бұлағанда,
Қызыл ту қадалған жер дерсің ұрпақ,
Кімде-кім жер ортасын сұрағанда!

(Жоғарыдан шымылдық төмен түседі. Оркестрде музыка өрістей береді).

Шымылдық.

ҚЫЗ ЖІБЕК

(сценарий)

Көшпелі елдерге жер қашан да тар... Көпшелі көршілес әр кезде өзгенің жеріне, өзгенің көліне қызығады. Көрші бір елден күш тайғанын сезінсе, күшті көрші оны шауып алуға да әзір. Бұл — даланың қайталай беретін ескі дерті. Жеңсе, жеріңді алады, жеңілсе, қызын беріп құтылады. Бүгін жауласып жатса, ертең құда болысып жатады, арғы күні құда мен құда қастасып, қастасқандар қайта достасып жатады. Дала безгегі деп атарлық ең үлкен ескі дерт — осы: достасулары да, қастасулары да дертсіз емес... жұқпалы дерт.

Ақ Жайықты бейбіт жайлаған Алты-Шекті елінің басына да осындай бір ауыр күн туып қалған еді. Ақ Жайық ұзын өзен ғой. Оның бойына да сырқырамасы бар аурулар сия беретін.

Көз көрім жер — тұтасып кеткен бұрқыраған шаң. Будақтаған шаң астында топталып шапқан ат тұяғының дүбірі естіледі. Әсіресе ұзаққырап, біресе қайта жақындаған шапқын дүбірінен жер дірілдегендей. Шаң арасынан лек-лек болып бір бетке қарай шабуылдаған қол көрініп қалады. Тізеге тізе, үзеңгіге үзеңгі тиістіре шапқан топтар... Гуілдеп-гүжілдеген шабыстар...

Анда-санда шаң арасынан жарқ етіп қалған күн көзі найза ұштарына шағылысады. Шаң бораны қайта бұрқырап кетеді. Шабуыл гүрсілі үдей түседі...

Құйындай бұрқыратып келе жатқан шабуылға қарсы тұруға әзірленген Шекті елі Қосөркеш бір тауға бекініпті. Таудың құламалы бөктерінен төмен қарай қатар-қатар тізілген қорғаныс қолы: ту ұстағандар, айбалта, садақ, қол, оқ асынғандар, ұзын найзалы атты әскер...

Әр рудың ту ұстағандары алдарақ, оңашарақ тұр. Әр топтың алдында найза ұшына тағылған қыл құйрық тулар...

Қорғаныс қолының нақ ортасында Қаршыға мен Бекежан танылады. Қорғаныстың бар қимылы осы екеуінің қолында екені байқалады.

— Ау, әлгі Жағалбайлы қолы көріне ме, көрінбей ме? — деді Бекежан. — Қарауыл төбе неге үндемейді?

Түйе өркешіндей шаншылған Қосөркеш таудың екі биігінде тұрған екі жігіт — жоқ, көрінбейді деген белгі берді. Жалауларын екі рет төмен қарай еңкейтіп қалды.

Шапқын дүбірі жақындап келеді. Өрге қарай тұтаса ат қойған жау айғайы. Жау қолымен бірге будақтаған шаң Қосөркештің етегіне қарай тіреліп келеді. Біресе шаңнан сытылып шыққан салт жауынгерлер көрініп қалады, күнге шағылысқан найза ұштары жарқылдайды. Біресе шаң оларды қайта орап кетеді.

Бекежан қыл құйрық туын алға қарай серпіп қалды:

— Қозғал!

Қорғаныстағылардың садақ оқтары ысқырып-зуылдап, таянып қалған шаңға қадалып жатыр.

Басқыншылар өрге қарай, қорғаныстағылар ойға қарай тап берді... Айқас басталып кетті. Иесінен айрылған ерттеулі аттар осқырып кісінеп, қалың шаңның жел жағына қарай шығып барады. Шаң үстінде қарама-қарсы зырлаған-зуылдаған садақ оқтары. Жарқ етіп, айқасып қалған қылыштар, найзалар...

— Гуһ, гуһ!..

Қосөркеш тауының етегінде жатқан өзен беті шұп-шұбар: адам, мал... Өзеннен өтіп жатқан босқын жұрт. Өзен беті қайнап кеткендей. Атты, түйелі, жаяу адамдар — кемпір-шал, әйелдер, балалар.

Өзен бетінде жүзіп жатқан бала бесіктері, қалқып бара жатқан үкілі тебетейлер. Бесіктегі балаларын төбелеріне көтеріп алып, өзеннен өтіп бара жатқан әйелдер... Жүзіп бара жатқан қой, ешкі, жылқылар.

— Гуһ, гуһ!..

Қалың шаңның ішінде қанды айқас жүріп жатыр. Шаң астында ыңырсу, шаң астында айғай-шу, ұрыс-керіс. Шаңнан сытылып шыққан жауынгерлер шауып келген бойы жез қалпақтарымен суды қалқып алып, жұтып-жұтып жіберіп, қайта шауып шаңға кіріп кетеді.

Қан-жын иісіне кең даланың барлық қарақұстары, кезқұйрықтары жинала бастапты. Шаң үстінде мыңдаған қарақұстар айналып жүр. Айналып жүр, төмендегелі жүр...

Өзеннен өткендер туған жермен қоштасып, күңіреніп кетіп барады. Қалып бара жатқан мекенге бұрылып қарап иттер ұлиды. Көш алды көшпелі құмға кіріп барады...

Көкжиектен белуарлап күн көтеріліп келеді. Таңертеңгі мөлдір таза аспан. Балғын көк жамылған жер. Айнадай тұнық көл жатыр.

Су бетінде айнадан көрінгендей жеңіл ақ бұлттар.

Қанаттары зың-зың ән салып ұшқан аққу, қаз да су бетінен көрінеді. Сып-сып етіп ұшқан үйректер... Ақ мрамордай аппақ аққулар көлге қонғалы келеді.

Көлге жақындап келіп тоқтаған екі салт жолаушы да әуелі су бетінен көрінді. Бұлар — Төлеген мен Шеге.

— Аққу, аққу! — деп қалды Төлеген, қызыға қарап.

— Алты-Шекті алдымыздан аққуларын жібергені ғой... Жолымыз болады екен! — деп, Шеге де қуана қарап тұр.

Аққулар қуанышты сұңқылдасып, көлге қона берді де, қайта көтеріліп кетті. Үндерінде наразылық бар, қауіп бар... Көлді айнала ұшып, мазасыз сұңқылдасып қона алмай жүр.

— Гэк-ку, гэк-ку!..

Аққулар көліне қоштасқандай назалы үнмен кейін оралды. Жолаушылар әлі қарап тұр. Аққулар бұлардың төбесінен ұшып өтті.

Көл жағасында шала жығылған ауыл қалған. Шашылған үй нәрселері — кілем, жастық, көрпе...

— Бұл ел бір апатқа ұшыраған болды ғой,—деді Төлеген.

— Апат болғанда да айта қалғандай болған екен...

Төлеген түсі суынып кетті. Оның көңілінде бір қақпа тарс жабылып, бір қақпа сарт етіп ашылғандай. Аққу қанаттарының көлеңкелері Төлегеннің бетіне түсіп өтіп жатыр...

Қайғылы көш, қаралы көш баяу қозғалып келеді. Қара жамылған аттарды бос жетелеп алған қаралы әйелдер үнсіз келе жатыр.

Көшпелі елдің көші көрме сияқты ғой. Сұлу қыз, көркем жігіт, жүйрік ат, кілем жапқан сәнді көш, барлық байлық, барлық сән-салтанат көзге ұрып тұрмақ. Бұл көште оның бірі жоқ. Ат үстінде сирек кездесетін қыз бозбала әдейі жұпыны киінгендей, жүдеу де жұпыны.

Түйеге артқан шаңырақ күлдіреуіштерінің арасынан жас балалардың көздері жылтырайды. Көшке ерген иттер артына қарап шоқия қалып ұлиды. Төлеген мен Шеге осындай көшке кездесті.

— Аязғана Алты-Шекті кіммен арандасып қалды екен? — дейді Шеге.

Төлегенде үн жоқ, сазарып алған, өз ойына үңіліп кеткен...

Төлеген үндемеген соң, Шеге өз ойын өзі аяқтады:

— Қайбір алыстан келген жау дейсің... Өзді-өзі шығар...

Бұлар алға қарай қаттырақ шауып жөнелді...

Көш бойын өрлей айдалған қалың жылқы. Жылқышылардың ішінде жеңіл киінген жас қыз — Жібек. Астындағы ақ боз ат қыз тақымында ұршықтай ойнайды. Қыз кеудесінде алқа жарқырайды.

— Хабаршы, хабаршы! — десіп қалды жылқышылар, суыт келе жатқан екі салт аттыны көріп.

Қыз атын кілт тоқтатып, келе жатқандарды тосып қалды. Ақ боз ат көлденеңдеп орғып, ауыздығымен алысады.

Хабаршымысыңдар, жолаушымысыңдар? — деді қыз.

— Жолаушы болмай-ақ хабаршың болар едік... Амал қайсы, жолаушы едік,— деді Төлеген.

— Ендеше жолдарың болсын!

Елі шапқынға ұшыраған қызға сән-салтанатымен жүрген жігіттер ұнаған жоқ. Жолаушыларды жаратпай бір қарап өтті де, қыз шауып жөнеле берді.

Жас қыз атын орғытып, жылқы соңынан шауып барады. Төлеген тұрып қалды. Жігіт жүзіне қуаныш шыға келіпті. Сергіп, елегізе қарап тұр.

— Аққу осындай-ақ болар! — дейді Шеге. — Қыз ба, пері ме?.. Тым болмаса бір ауыз сөз айта алмай қалғанымды қарашы!

— Әттең қас-қабағында кірбең барын қайтейін,— деді Төлеген.

Көш әлі жабырқау қозғалып келеді. Төлеген мен Шеге аң-таң тұрып қалған. Арт жақтан екі адам қатты шауып келеді. Аттары ақ сабын... Өздері де әбден қалжыраған, дауыстары қарлыққан, әрең естіледі:

Уа, сүйінші, уа сүйінші! Уа, су, уа су!..

— Уа, сүйінші, уа, су! Су!..

Бұлар ешкімді көрер емес, ешнәрсеге мән берер емес. Жасаураған көздері алға қарайды. — Уа, су, уа, сүйінші!

— Ау, жаным жөндеріңді айта кетіңдерші! — деді Шеге. Шапқыншылар естіген жоқ, елеген жоқ. Өтіп кетті...

Бұл екеуі айдалып келе жатқан жылқыны қуып жетті. Жас қыз бұларға да бұрылып қалды:

— Хабаршымысыңдар, қашқынбысыңдар?

Шапқыншылар қызға да қарағаң жоқ, көрген жоқ, кете берді:

— Уа, сүйінші, уа, су! Жеңдік, жеңдік!

Алға қарай қадалған көздерінен жас парлайды. — Су, су!..

Жібек атын тез бұрып алып, көшке қарай шауып жөнелді:

— Сүйінші, сүйінші! Жау жеңіліпті, жеңіліпті! Сүйінші!..

Жібектің айналасына атқа мінген жастар, балалар жиналып барады. Бәрі де: — Сүйінші, сүйінші! — деп айғайлап, көш бойы дүрлігіп кетті. — Сүйінші, сүйінші!.. — Ерсілі-қарсылы шапқыласқан жұрт аузында осы сөздер ғана...

— Уа, сүйінші, уа, сүйінші! Жеңдік, жеңдік!

— Қалағандарың сендердікі!

Екі салт ілгері кетті. Айғай-шудан дала жаңғырығады. Шапқыласқан жұрт бірінен-бірі сүйінші сұрайды. Біріңбірі бөркін қағып әкетеді.

Бір кезде қоршап алып шауып келе жатқан жастар Жібектің өзінен сүйінші сұрады.

— Сүйінші, Жібек жан, сүйінші!

Жібек алқаның салпыншақтарын бытыр-бытыр үзіп, лақтырып келеді. Жастар қағып алады.

Бірінен-бірі сүйінші сұрасқан қалың шабыстың ішінде Төлеген мен Шеге де келеді. Ақ боз атты қыз жеткізер емес... Шашбауындағы теңгеліктерін, үсті-басындағы тана моншақтарын жұлып алып лақтырып кетіп барады...

Биіктеу төбе басында бір топ адамдарымен Сырлыбай тұр. Бәрі де ат үстінде. Төбені жанамалап көштер өтіп жатыр.

— Шапқын, шапқын! — десіп қалды жұрт.

Екі салт төбе басында әрең шауып шығып, аттарынан домалай құлап түсті: — Сүйінші! Жеңдік! Су, су!..

Жібек топ алдында озығырақ шауып келеді. Көзінде қуаныш жасы. Тана-моншақтарын әлі үзіп, лақтырып келеді. Өкшелеп келе жатқан жастар әлі қағып алып келеді. Бір кезде басындағы тебетейін лақтырып жіберді. Төлеген

оны осы кезде қуып жетті. Қыз жалаңбас, қынама қара жеңсіз, ақ жібек көйлек, күрең барқыт шалбарлы қыз ақбоз ат үстінде қарлығаштай көрінеді. Ағып барады, ұшып барады.

— Уа, сүйінші! — деді Төлеген.

— Қалағаның сенікі! — Қыз беліндегі зер белбеуін ағытып жіберіп Төлегенге лақтырды. Кімге лақтырғанын көрген жоқ, тағы да ұзап кетті. Зер белбеу жарқ етіп келіп Төлегеннің қолына ілікті... Төлеген сүйінші мәнін аңғаргысы келгендей тұрып қалды. Шеге қатарласып келіп белбеуді Төлеген атының сағалығына орап жатыр:

— Я, сәт! Жас сұлудың белбеуі
Қас тұлпардың мойнына!
Белбеуін берген қыз кетпес,
Ертең-ақ болар қойныңда!..

Аллаһу әкбар! — Иек қақты.

Төбе басында Сырлыбай тобы. Көздерін қалқалап алысқа қарап тұр...

— Көрінді, көрінді! — десіп қалды.

Қағылған дауылпаз, керней, сыбызғы, қобыз күйлері келеді. Жеңіс күйі жақындай берді. Найза ұшындағы қылқылқұйрық тулар қалың сезіледі. Шекті бұл жолы жеңіп қайтыпты. Көштер тоқтап тыңдап қалыпты. Түйелер тоқтап тыңдап қалыпты. Адамдар бір сәтте өзгеріп жадырап кетіпті. Қуаныш, қуаныш... Жеңіс күйі гүрсілдеп естіледі. Найзалар күнге шағылысып келеді. Қылқұйрық тулар бұлаң қағады.

Қол алдында Бекежан мен Қаршыға... Екеуі төбе басына шауып шықты. Сырлыбай алдына келіп тоқтады:

— Аруақ, аруақ!

Бекежан шауып келген бойы найзасын Сырлыбай алдына қадап жіберіп, қамшылы қолымен кеудесін соғып бас иді.

Қаршыға аттан қарғып түсіп, ту қасында тізерленіп қалыпты:

— Туың міне, қисайған жоқ, алдияр! Желбіреп барып, желкілдеп қайтты. Қолың әне, жеңілденсе де, жеңіп қайтты, алдияр! Абырой арзанға түскен бе, өрен жастан шығын аз емес, қара жамылып қайтқан ат та аз емес. Әйтеуір ата мекен — Ақ Жайықты жаудан тағы бір айырып қалдық, алдияр!

— Қаршығам болып кетіп ең, қыраным болып қайтыпсың, тұғыр биігі сенікі! — деді Сырлыбай.

Бекежан қызғанышпен киіп кетті:

— Жайықтың жағасы қанға боялды, алдияр! Күндіз күн тұтылды, түнде ай тұтылды. Найза қысқарып, таяқ болып қалды, қылыш қысқарып, пышақ болып қалды. Жеріңе қызыққанды жерде сабадық, суыңа қызыққанды суға салып сабадық: шаңға аунатып ұрдық, қанға аунатып қырдық!

— Ұраның басқа болса да, өрісің бір екенін көрсеттің, Бекежан мырза? Сый таңдауы сенікі, төр биігі сенікі, көршім!.. Қапыда кеткен жайымыз бар еді, жұртым! Етекжеңді жинай алмай қалып, қаша көшкен жайымыз бар еді!.. Тағы айтамын, ұраны басқа болса да өрісі бір Бекежан мырза болмасы, Алты-Шекті абыройдан біржола айырылатын ба едік, әлде қайтер едік?.. Абырой-атаққа ортақсың, жаным! — деді Сырлыбай.

Қаршыға мен Бекежанның иығына алтындатқан, оқалатқан шапандар жабылып жатыр...

— Осы апаттан елдің жанын кім алып қалса, Шектінің ұлын құл етіп беруге, қызын күң етіп беруге ырзамын деген сертім бар-ды. Қалауың болса, өзің айтарсың, қақпаймын қолыңды! — деп тоқтады Сырлыбай.

— Не айтармын, не айтпаспын қалауымды... Абырой-атаққа ортақсың дегенің жетіп жатыр... — деп, Бекежан дүдәмал жауап қайтарды.

Шекті қолы төбені орап, айнала қоршап келеді. Жауынгерлер, сырнай-кернейшілер... Бекежан әр рудың жауынгерлерімен таныстыра бастады:

— Міне мынау — таңбасынан танырсың, Балталы-Бағаналы қолы... Мынау — Төрт қара — Шөмекей, Мынау — Байбақты — Тана... мынау — Жаппас — Беріш...

Салт әскер лек-легімен өтіп, төбені айнала қатарланып жатыр...

— Тас түскен жеріне ауыр... Мынау көп қаралы аттар, Алты-Шекті сенің өз шығының...

Қаралы аттарды жетелеп, қаралы әйелдер өтіп барады. Бәрі де күңіреніп, жоқтау айтып барады:

Қара суды қайнатып,
Қаймағын алған бар ма екен?
Боз іңгенді боздатып,
Ботасын сойған бар ма екен?..
Атына қара жамылған,
Қатыны қара жамылған
Иесіз қалған қараша үй,

Сені ойлайтын бар ма екен?
Жетім қалған баланы,
Жесір қалған ананы,
Ойлайтын адам бар ма екен?..

Қаралы әйелдер өтіп кетті. Бірақ, олардың зары ұзақ естіледі. Төбедегілер мұңайысып қалған. Белбеу-кіселерін шешіп алып мойындарына салды. Қол өтіп жатыр. Жоқтау әлі естіліп тұр.

— Көштің бетін Ақ Жайыққа қайта бұр! — деді Қаршыға Сырлыбайға. — Жабыққан көңіл қайта жадырасын, даланы жарқыратқан сәніңмен, аспан жаңғырығар әніңмен орал Жайыққа!.. Жетім-жесір уанатын болсын, босқан елің жиналатын болсын!..

Сырлыбай оған басын изеді де, Бекежанға қарап:

— Жағалбайлы қолы қайда? — деп сұрады.

Жағалбайлы келмей қалды, алдияр! Жау жағадан алғанда, Жағалбайлы аяқтан шалды. Жағалбайлы бауырың уәдесінде тұрса, қаралы қатын осынша көп болар ма еді! — деді Қаршыға.

— Уа, қаралы қатын жоқтауын Жағалбайлыға қарап айтсын! Ендігі кегің Жағалбайлыда! Қаралы атқа ер салсаң, қаралы туың Жағалбайлыға қарап желбіресе, қарсы алдында тағы да мен болуға ант етем! Бірінші қалауым — осы!.. Екінші қалауымды Жағалбайлының барлық еркек кіндіктісін қозыдай көгендеп алдыңа әкелген жерде айтамын! — деп, Бекежан қызып кетті. — Шыдадым оған дейін!..

Төбе басына Төлеген мен Шеге келіп әдеппен сәлем берді. Сырлыбай салқын ғана сәлем алып, етекке қарап:

— Бәйбіше! — деп қалды. Берілген әмір осы ғана.

Төбенің етегіне керілген арқанға қаз-қатар тізілген қара сабалар күмп-күмп пісіліп кетті.

Алдарында сары-ала шара, сар-шаған аяқтар, тізілген әйелдер... Ортасында Айгөз... Аяқтарға қымыз құйыла бастады...

Әйелдер төбенің етегіндегі бұлақ басына орналасыпты. Ойға қарай созылған көгал...

Қымыз құйған әйелдерден екі жаққа қарай қаз-қатар маржандай тізілген қыз-келіншектер төбені екі жағынан орап алған... Аралары бір-бір адым.

Жібек шауып келген бойы аттан түсе қалып, бұлақ суына еңкейді. Мөлдір бұлақ қыз ернінен дір етті. Алқынған қыздың жүзін көрсетті.

— Күнім-ау, қымыз ішсеңші! — деп, Айгөз қызына аяқ ұсынады.

— Жоқ, апа!.. Бүгін судың күні! Сүйіншіге жараған күні!..

Жібек ойнақы күлімдеп шешесіне таяу, қымыз әперіп тұрған қыздардың қатарына тұрды.

Қымыз құйылған аяқты Жібек екінші қызға әперді, ол үшінші қызға, үшінші қыз одан әрі... Аяқ қолдан-қолға тез өтіп қатар тізілген жауынгерлерге жетіп жатыр. Босаған аяқтар сол тәртіппен қолдан-қолға өтіп айналып қымыз құйған әйелдерге келеді. Асығыста, көпшілікте қолданатын бір әдіс сияқты.

Қыз жеңгесі Кербез де осы арада. Құйылған қымыз Жібек қолынан жауынгерлерге кетеді, Кербез қолынан оралып келеді.

Қымызды қыз қолынан алып, босаған аяқты қыз қолына тапсырып күлімдесіп, жымыңдасып қалған жауынгерлер...

Төбеде Сырлыбай Төлегенге қарап:

— Е, жол болсын, қай туған боласыңдар? — деп сұрады.

— Төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған Жағалбайлы боламыз,— деді Шеге.

— Е, Жағалбайлымыз де!..

— Мына жігіт — Базарбай мырзаның үлкен ұлы Төлеген.

— Ел басына күн туса, еңіреп келіп қосылар егізімнің сыңары екенсіңдер ғой! — Сырлыбай сөздері наразы шығып жатыр.

— Төсекте басың қосылса, Қосөркеште қаның неге қосылмады? — деп қалды Бекежан.

— Ата салты ақ тілеумен жас жігіт арманы іздесе оған тиым жоқ еді ғой! Оның аты қанымызды қосқан емей, немене болушы еді? — деді Шеге.

— Қорғаныста қоспаған қаныңды төсекте қосқалы келдім де!.. Пah, пah! Қаралы елден қалыңсыз қалыңдық іздеп жүрміз де! Пah, пah!.. Онда жолдарың болыпты: көр әне қаптап келе жатқан көп қаралы жесірді. Таңдай бер шетінен!.. — деп Қаршыға қатты түйілді.

Ат жетелеген қаралы әйелдер төбені айналып қайта келе жатыр. Әлі жоқтау айтысып келеді.

Төлеген енді ғана атын алға бастырып, қамшылы қолын кеудесіне басып, Сырлыбайға тіл қатты:

— Алдияр, Жағалбайлының айыбы қанды қырғынға келмей қалғаны болса, сол қырғынның айыбы кімде? Абыройы неменеде? Соны ойлаған кім бар? Бүгін біреуді сен жеңіп жатсаң, ертең біреу сені жеңіп жатады. Осыдан тапқан олжамыз қайсы? Қаралы ат, қаралы жесір қаптап келе жатса, жеңгендегі тапқаның осы ма? Жеңген ел, сен осындай күйге ұшырасаң, жеңілгенінің күні қандай екен? Соны ойлаған кім бар? Күнде қырғын, күнде итжығыс, кімге бақ, кімге сор? Осыны ойлаған кім бар? Мен сізден ең алдымен осыны сұрағым келеді.

— Уа! — деп қалған Бекежан даусы қатты шықты, Төбенің етегіндегі әйелдер де, қымыз әперіп тұрған қыздар да сол дауысқа амалсыз елең етіп қалыпты. Бәрінің көзі төбеге ауыпты.

— Алдияр, лұқсат ет, мұның жауабын мен берейін! — деп Бекежан киіп кетті. — Уа, сен ел шетіне жау тигенде бұғып қалған бұқпантай, не көкіп тұрсың өзің? Айыбыңды жуып-шаюға келген шығарсың десем, айыптауға келген екенсің ғой! Бүгін бұл елге ат мойнына алтын сағалдырық салған жігіт дәрі емес! Келемін деп келмей қалған, еремін деп ермей қалған ендігі кезек сенікі Жағалбайлы! Мен бірдеме білсем, мұрныңнан тізіп, бұйдалап алып айдайтынның бірі сенсің!

Бекежан қанша ызғар көрсетсе де, Төлеген қысылған жоқ. Тағы да Сырлыбайға қарап сөйлеп кетті:

— Қосөркеш қырғынын көргенім жоқ, алдияр. Шақырған болсаң, естігенім жоқ. Өз жөніммен жолаушы кетіп едім. Бірақ, естіген болсам, келер ме ем, келмес пе ем? Келсем — кең далаға сен де сыясың, сен де сыясың, тоқтат қырғынды деуге келер ем. Оныма құлақ аспасаң, келмей-ақ қалар едім!..

Етектегі әйелдер көзі түгел төбеге қарап қалыпты. Біреулері қызыға қарайды. Енді біразы қауіптене қарайды. Төлеген әлі сөйлеп тұр. Бекежан әлі ызғарлы түйіліп тұр.

Жібекке таяу тұрған қыздың қолындағы қымызы төгіле бастады. Жібек оған: — Көзіңе қарасаңшы! — дей бергенде өзінің қымызы да төгіле бастады. Енді қатар тұрған екі қыздың қымызы да ақтарыла төгіліп кетті. Жібек Төлеген атының мойнындағы белбеуін таныды.

Төлеген сөйлеп тұр:

— Өзді-өзіміз болмашыға таласып, күнде қырылысып жатқанда, сырт көз бізді бақпай ма екен? Әлсіреген елге қызықпай ма екен? Қысық көзді, қиғаш қабақ көршің бар

бір бүйіріңде! Тістесе-тістесе бақсының құмалағындай шашылып кеткен еліміз бар. Күннің шығысынан батысына дейін созылған ұлан-байтақ жеріміз бар. Сыймай жүрсек екен-ау, сыйыса алмай жүрміз ғой! Мен сізден осы жайларымызды кім ойлау керек деп сұрар едім.

Сырлыбайдың арт жағында тұрғандар «сөз-ақ қой» десіп қобалжып қалды.

Мана «сүйінші!» сұрасып жұрт шапқыласқанда Жібек те сол жұртпен бірге еді. Жанымен, жүрегімен бірге де... Мына жігіт сөйлеген сайын, енді ол жеңіс те, «сүйінші» де ақымақтық сияқтанып барады. Бәсе-ау, не жетпей қырылысады осы ел? Жеңіп қайтқандары кім? О да осындай бір көрші ел болатын. Қыздың аз жасында бірінші кездесіп тұрған жағаласы ма? Жоқ!

— Жібекжан, аяқ... — деп, шешесі кезекті аяқты ұсынып еді, қыз естіген жоқ. Төбедегі Төлеген сөзіне құлақ түріп қалды. Шеше қызына түсіне қарайды. Жеңге түсіне қарайды...

Қымыз құйып отырған шеше де, жеңге де, Жібек те, аяқ әперіп тұрған қыздар да Төлеген сөзіне құлақ түріп қалған.

— Ол сұраудың жауабы — аман-сауында еліңді тап! Жағалбайлымен келісім болмайды! — деді Бекежан.

— «Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деген. Мырза, сен отқа қарай итермелеме бұл елді,— деді Төлеген.

— Уа, мен Қосөркеште жеті рет жекпе-жекке шығып, жеті басты қанжығама байлап қайттым. Сегізінші бастың кезегі, Жағалбайлы, сенікі!

— Өзгенің басына қызыққан өз басын да ойлай жүргені жөн болар! — деді Төлеген.

— Ау, Бекежан мырза, сен сөзді бөле бердің ғой, — деп Сырлыбай наразылық білдіре бастады сөзін. — Ел бірлігі деген сөз ұялайды ішіме... Бірақ, жау жағадан алғанда, емшектес елім Жағалбайлы, жалт бергенің о да бір түйнек болып жатыр мынау елдің ішінде... Ашу алда, ақыл соңда, ойланармыз ел болып... Сен айтқанды ел Жағалбайлы түгел айтып отырса, құлақ аспай қалмас бұл ел... Әуелі жеңіспен қайтқан ерлердің сый-сияпатын істелік... Қаралы мен жаралының көңілін аулайық. Көш бетін Ақ Жайыққа бұралық...

Шұбатылған сәнді көш ойға да құлап барады, қырға да шығып барады. Қызылды-жасылды кілем жапқан түйелі

көш. Сәнді киінген көш жетелеген әйелдер, Қатар түзеген қыз-бозбала.

Ән естіледі.

Ақ Жайық ел бесігі ата мекен,
Қаз қонып, аққу ұшып жатар ма екен...
Ән салған алты бақан әткеншекте
Балбырап баяғы тақ атар ма екен!..

Қыз-бозбалалар айтысып барады:
Жігіттер.

Мінген атым астыма қара керім,
Аямайын керімнің ащы терін.
Ойының ба, шының ба, қалқатайым,
Айтсаң екен сөзіңнің тұрар жерін.

Қыздар.

Қара кердің бір түнгі теріп қисаң,
Мен тұрайын сөзімде, өзің тұрсаң.
Оң жағында жатармын ақ отаудың,
Керегеден өте ғой басың сыйса.

Осы сияқты қалжың-айтыстар әр жерде үзілмей келеді. Бір топ қыздың ортасында Төлеген мен Шеге. Қыздар Төлегенді батыра сықақтап келеді:

Басында қарағайдың тиын ба екен,
Жігітке өлең айту қиын ба екен...
Атының мойнындағы алтын белдік
Берілген Қосөркеште сыйың ба екен?

Шеге. Уай, қыздар тие берме намысыма!..

Төлеген. Тоқта, Шеге... Мен жеңілдім... Қосөркеште бола алмағаным рас қой... Жеңілген жолымызды бер.

Шеге. — Қап! — деп, қоржыннан бір топ ақ жібекті суырып алып, бір шетінен жеңген қызға ұстатып еді, жұқа жібек жазылып, желбіреп көтеріліп кетті.

Төлеген мен Шеге тағы бір топ қызға жақындап келеді.

— Қыз сұлуы жаңағыдай-ақ болар! Бекер айтыспадық! — дейді Шеге.

Бұл қыздар да өлеңмен қарсы алды:

Аулым қонар Аққұмның ар жағына
Қандай жігіт кездесер қыз бағына?
Жалғыз атты жолаушы қаңғырма екен,
Кім ілігер байғұстың қармағына...

Шеге. — Уай, қармағымның басы алтын, сабы күміс-ей!..

Төлеген оны бұл жолы да тоқтатып тастады:

— Тоқта, Шеге... Бұл қызға айтар да жауабым жоқ. Жеңілдім, жолын бер!

Шеге қоржыннан бір топ қызыл жібекті алып, бір шетінен қызға ұстатып еді, жібек жазылып, тарқатылып, желбіреп кетті.

Төлеген ілгері жүріп кетті. Наразы Шеге қатарласып келе жатып:

— Апыр-ау, аузымды аштырмадың ғой тіпті!.. Қыз бір ауыз өлең айтса болғаны, жеңілесің де қаласың... Өзіме жіберші, көріп алайын! — деді.

Төлеген жолдасына күлімсірей қарады да, үндеген жоқ, Бұлар үшінші топқа кездесті. Бұл жолы Шеге шыдай алмай, бұрын айғайлап жіберді:

Е-ей!.. Жапанда көрсем не дер ем?
Аққу дер ем шөлдеген,
Неге шөлдеп жүр дер ем!..
Көз тимесін көлденең,
Әрірек барып қон дер ем...
Қайда кеткен көл дер ем,
Жүгіріп, зарлап іздер ем.
Аққусыз көл адыра,
Ер соңымнан, жүр дер ем.
Көлді орнынан көшіріп,
Алдыңа әкеп төгер ем!..
Әттең, дүние-ай, қайтейін,
Мен болсам қыз іздеген,
Қолым бір жетсе мойныңа,
Асылып-ақ өлер ем!..

Қыздар. Қой, байғұс, обалыңа қалмай-ақ қояйық Өлмей-ақ қой, тірі бол! *(Күліседі.)*

Төлеген.

Жеңілдің, Шеге... Жолыңды жаса!

Шеге.

Мен бе жеңілетін? Тәңірі деген, не айтады өзі! Е-е-ей!..

Төлеген.

Тоқта, жолыңды жаса!

Шеге амалсыз, қоржыннан тағы бір топ жібек алып, бір шетінен қызға ұстатты. — Мә!..

Төлеген мен Шеге тағы ілгері кетті. Шеге қатты наразы:

— Мен бірдеме білсем, сен қатын ала алмайтын жігіт болып шықтың! — дейді Төлегенге.

Көшті бойлап Жібек тобы келе жатыр. Жібек манағы жеңіл қалпында емес, сәнді киінген. Қасында жеңгесі, серік қыздары бар. Ән айтысып келеді:

Жазғы көш, құлпырады сайран дала,
Жарасқан қатар түзеп қыз-бозбала.
Оянар жас көңілде жаңа армандар
Алыстан елес беріп сағымдана...
Жазғы көш жас көңілдің аңсағаны,
Даланы жаңғыртатын жастар әні.
Әуеде әнін қосқан боз торғайдай,
Қосылса сағынысқан жас арманы...

Төлеген мен Шеге Жібек тобына жақындап келеді.

— Ал, ақын болсаң, осы қызбен айтысып көрші! — дейді Төлеген жолдасына. Шеге таңырқап қалыпты. Жас сұлуды таныр-танымас халде сияқты. Төлеген жолдасына түсіне бір қарады да, өзі бастап кетті:

Сүмбіл, шаш, қиылған қас, құралай көз,
Шынымен іздегенім болдыңыз ба кез.
Алыстан дабысыңды естіп ұштым,
Естуге өз аузыңнан бір ауыз сөз...
Дабысың жетті жер жарып,
Ажарың кетті бойды алып.
Мен өзіңдей арманды,
Жолға шыққан толғанып...

Жібек көзі ат мойнындағы зер белдікке түсті... Тани кетті. Жеңгесі де танып қалды. Жігіт көзі жауап күтеді. Жеңге көзі жауап бер деп қадалады. Қыздар көзі ұната қарайды. Боз торғай әнінен басқа бір дыбыс жоқ. Тілектес ән, таза да нәзік ән. Жібек жауап қайтарды:

Асау ой талпынады жоғарыға,
Көз жетпес күннің қалай боларына
Кейде өрге, кейде жерге тартқан көңіл
Білмеймін қайда апарып соғарын да!..

Төлеген

Аптығып, алқынады сорлы жүрек,
Айта алмай айтатынын құр дірілдеп
Табысқан жазғытұрғы боз торғайдай,
Қасыңа бірге қонсам шырылдап кеп!..

— Уай, мынау не сандалады? — деген дауыстан қыздар тобы шошынып қалды. Қарулы жігіттері қасында, Бекежан екен. Қарулы жігіттер бұзып-жарып қыздардың арасарасына кимелеп кіріп кетті. Бекежан өзі Жібектің сол жа-

ғынан келіп қатарласты да, Жібек Төлегенмен екі арада қалды.

Ән үзіліп кетті, қыздар түсі бұзылып кетті.

Жібек атының басын кілт тартып тоқтап қалды. Өрескел мінезге қарсы қойылатын әдеті болу керек. Қыздар түгел тоқтады. Еркектер сорайып алға шығып кетті.

Ыңғайсызданып қалған еркектер де аттарын тез бұрып алып, енді олар да қыздар тобына қарсы тұр.

— Жарасым дегенге жаның қас па сенің? Неге кимелейсің? — деді Кербез Бекежанға наразылық білдіре.

— Немене, жараса қалып па едіңдер?.. Қайда жүр десем, сайда жүр екенсіңдер ғой! Азабымды сен көтер, қызығымды өзім көрем дегілерің келе ме? Жоқ, ол болмайды. Бір Бекежан болмаса, көрер ем қандай өлең айтқандарыңды! Өлең емес, жоқтау айтып, шөл кезіп кетер едіңдер! Жоқ, жоқ, Бекежансыз көрген қызық арам болар бұл елге!.. Сандалмасын ешкім!..

Наразы Жібек Бекежанға үмітін үзер жауап қайырды:

— Бекежан аға, айтып жеткізе алмай жүргеніңіз бір Қосөркештің жыры болса, оны осы ел өзі-ақ жеткізер еді-ау... Алып бола алмай жүргеніңіз болса, алар едіңіз... Жат қорлығынан құтқарысып, өз зорлығымды орнатам десеңіз, бұл ел оған көнбей жүрер... Ат тізгінін тарта ұстасаңыз қайтер? — деді.

Бекежан: — Жібекжан, алып бола алмай жүргенің болса деп, жай айтпаған боларсың. Ойланып айтқан шығарсың... Жарайды, түстім қақпаныңа, мен де соған шап бердім!.. Алып бола алмағаным жоқ емес. Әкең маған қалауыңды өзің айт, қақпаймын қолыңды деген. Сол қалауым алынған жоқ әлі...

Жібек: — Қалауыңыз қарлығаштың қаны, не адамның жаны емес шығар. Беремін десе, берер. Аларсыз.

Бекежан: — Одан олқы болса, қалау болмай адыра қалсын да!

Жібек: — Онда мен түсіне алмадым, өкпелемессіз...

Бекежан: — Созған қол, айтар сөзімді орайын тауып қаға бердің-ау, Жібекжан. Өр көкіректің шерге толы екенін неғып түсінбейсің?

Жібек: — Онда түсінбейтін біреу емес, екеу болып шықтық...

Бекежан Жоқ, түсінесің, Жібекжан,
Түсінетін күн бүгін,
Түсінбесең осыма,
Өкінетін күн бүгін!

Жібек одан әрі тыңдағысы келмей:

— Кербез, күймені алдыршы! — деді жеңгесіне.

Жібек атынан түсе береді, жетегінде ақ боз ат, көк күйме жөнеле береді...

Көздерімен атысқан екі жігіт — Төлеген мен Бекежан қарама-қарсы тұр. Төлеген қасында Шеге, Бекежан қарулы жолдастарының ортасында.

— Сіз жаңа маған әйелдер алдында қыр көрсете сөйледіңіз-ау деймін! — деді Төлеген.

— Немене, арқаңа батқаны енді ғана білініп келе ме?

— Жоқ-ау, еркекке еркек еркекше сөйлесетін шығар деп ойлаушы ем!

— Мен, немене, қатындарша сөйлестім бе?

— Бет тырнай сөйлегеніңізге қарағанда қатындаршадан алыс дей алмас едім. Басы қаралы, көңілі жаралы елдің ойын-сауығын, ойран-ботқа қылғаныңыз еркекке емес, тентекке лайық мінез емес пе екен?

— Ә!.. Батқан екен, бағыланым!.. Ендеше, еркекшемді де айтайын: аман-сауында аулыңды тап! Қынабың бар, қының бар болғанымен, қылыш ұстай білмейтін боларсың, арманда кетіп жүрерсің... Мен де қанжығамды былғап жүрмейін, қайта ғой!

— Қалауыңыз қылыш болса, оны езгілесіп тұрмай-ақ қояйық ендеше!

— Болды тілегім!.. Бірақ, бұл ойын шаршы топтың ортасында болады. Кімді жанамалап жүргенің белгілі. Екі бастың біреуі соның алдында жатар .Әкел қолыңды!

— Мә!

Екеуі қатты сілкілесіп қол алысты да, екі айрылып шаба жөнелді.

Көш тоқтаған. Күйме тоқтаған. Қалың жұрт екі дай отыр. Орта тұста Сырлыбай тобы. Айгөз, Жібек, Кербез де осы топта.

Шеге мен Қаршыға екі жақтан шауып келіп Сырлыбай алдына тоқтады. Екеуінің қолында екі ақ жалау. Қаршыға жалауын төмен қаратып ұстап келеді, Шеге жоғары қаратып ұстаған.

— Қалай, келісімге келтіре алдыңдар ма? — деп сұрады Сырлыбай.

— Жоқ! — деді Қаршыға.

— Біздің жақ әзір келісімге! — деді Шеге.

— Амал қайсы... бастай бер,— деді Сырлыбай.

— Құдайым-ай, екеуінің бірі жазым болмаса игі еді! —

деп, Айгөз шаршысының ұшындағы зер оқаны мойнына салды.

Екі дай сығылысып тұрған аттылы-жаяулы жұрттың орталығында Қаршыға мен Шеге. Екеуінің ортасында сүйеме: сүйемеде екі-екіден тізілген сайыс қарулары: кеспелтек, найза, жалаң қылыш, қанжар, жақ, садақ, оқтар... Қарулар екі түске боялған... Майдан ортасына шаншылған ақ жалау...

Қаршыға жалауын бұлғап қалып еді, Бекежан шауып келіп сүйемеден кеспелтектің бірін алып кетті.

Шеге жалауын бұлғап қалды. Төлеген де бір кеспелтекті әкетті. Жұрт гуілдесіп тұр:

А, құдайым, аққа жақ,
Жазым етпе ақтан ақ!

Қаршыға мен Шеге екеуі екі жаққа қарай жалауларын сілтеп қалды... Екі жақтан қарама-қарсы шапқан Бекежан мен Төлеген дәл орталықта сайысып өтті. Кеспелтектер сарт етіп соғысып, жарқ етіп қайшыласып қалды. Дарыған жоқ. Жақындасып келгенде Бекежан:

— Оң көзіңе оқыра! — деп қалды Төлеген оған.

— Өз айтқаның өзіңе! — деді. Бұлар кездескен сайын осындай бірдеме айтысып өтеді: «Танауыңа сабауым!», «Жұм көзіңді, жұм!» т. т.

Кеспелтектер кеудеден тіресіп, аттар аспанға қарғып қалды. Ортасынан үзілген кеспелтектердің бас жағы ұшып-ұшып кетті.

Бекежан шауып барып найза алып кетті. Төлеген де соны істеді. Бұлар тағы екі жаққа шауып кетіп барады.

Сырлыбай тобында қобалжу:

Өліспей тынбайтын болды-ау бұлар...
Қайран арыстандар-ай!
Нағып бір дауасы табылмай тұр!—

деп, Сырлыбайға қарайды.

Сырлыбай көзін қиғаштап Айгөзге қарайды. Айгөз қызына қарайды. Жібек қатты бұралған домбыра шегіндей ширақ отыр.

Найзагерлер орталықта тағы айқасып өтті. Бекежан найзасын түйрей шанышқысы келеді. Төлеген қағып жібереді. Найза ұштары жоғарыда жарқылдасып қалады. Тағы бір кездескенде, найзалар да сынып қалды.

Қара тер болған қаңтарулы аттар екі жаққа кетіп барады. Қаршыға — Бекежан, Шеге — Төлеген қарама-қарсы тұр. Қолдарында садақ, оқ.

— Сандалмай, қанша жерден атысарыңды айт! — деді Бекежан.

— Жүз қадам, — деді Төлеген.

— Оқ талып келіп, дарымасын дейсің ғой! Елу қадам!

— Онда кезекті маған беріңіз... Мен жүз қадамнан-ақ атайын. Сіз содан кейін елу қадамнан атарсыз!

— Жоқ, оның болмайды. Жалаулар жарқ еткенде екі садақ бірдей тартылады. Елу қадам. Қорықсаң, бұғып қал!

— Ендеше өз обалың өзіңе! Өлшеңдер жерді!

Сырлыбай тобы даурығып кетіпті:

— Өлісер жерге енді келді. Келіп қалды!

— Садақ оғы найза емес, қағып жібере алмайсың.

— Қаралы мен жаралымыз аз болып тұр ма, Сырлеке... Тапсаңшы бір амалын!..

Сөздер Сырлыбайға айтылып жатса да, көздер Жібекке қадалады. Жібек үлкендерге қарады. Әкесіне, шешесіне қарады. Барлық көздер осыны айтып тұр екен.

Жібек орнынан тұрып даяшыларға қарай жүріп кетті.

— Е, бәрекелді! Жолың оңғарылсын! — десіп қалды жұрт.

Қаршыға мен Шеге жалауларын бұлғап қалуға ыңғайланып қалып еді.

«Тоқтаңдар!» деген Жібек даусын естіді. Тоқтасып қалды.

Екі жақта садақтарын әзірлесіп тұрған Бекежан мен Төлеген орындарынан қозғалып, Жібекке жақындады. Жібек сөйлеп кетті:

— Ер-азамат, бір елдің өліп-талып көрген аз қызығын бір көш бойына жеткізбедіңдер-ау... Көзі жас, көңілі жарым елге соны да көпсінгендерің бе? Қыры сынған елге қыр көрсету ұятқа саналушы емес пе еді? — деп аз кідіріп қалды.

— Менің берер жауабым мынау,— деп Төлеген садағын қыз алдына тастай берді. Бекежан әлі тұнжырап тұр.

— Кімде-кім қан төгуге құмартса, оны жақтар бір жан табылмайды бұл елден. Жауыңа атар оғыңды жақының атсаң, ел бетіне қалай қарайсың?

— Құдай бүгін қорқақты жарылқайын десе, ертең де күн бар, көреміз!

Бекежан ортадағы тудың сабағын көздеп садағын тартып қалды. Оқ тудың сабағына кірш етіп қадалды. Төлеген де тартты садағын. Оның оғы да дәл қадалды.

— Талас-тартыс туатын, бір байламы болатын. Ел десеңдер — ел бар, би десеңдер — би бар. Қалауларың қайсысы, барарсыңдар біріне...

— Мен қайсысына да көндім, — деді Төлеген.

— Менің қалауым өзің! — деді Бекежан, — Айтар жерім бұл емесін білемін. Айтпасыма амалым жоқ, таласымыз жалғыз сен, төреші де өзің бол! Өзгеге мен тоқтай алмаймын.

— Төрешінің арманы таластыру емес, табыстыру, қастастыру емес, достастыру болса, қайтесіңдер?

Төлеген. Мен көндім.

Бекежан. Нар тәуекел, мен де көндім.

Жібек екі садақтың оқтарын қолына алып, екеуінің ұзынды-қысқалығын, түзу-қисықтығын, ауыр-жеңілдігін байқағысы келгендей, екі қолына кезек ауыстырып, кезек салмақтап тұрып қалыпты. Жүзінде ойлану, жымию бар. Бар ойы жүзінде ойнайды. Жігіттер де қыз жүзіне бағып, бірге ойланып, бірге жымиысып тұр.

— Онда көшті тоқтатпайық, жігіттер. Ойын-сауық үзілмесін. Төрешілерің мен болсам, құдай ойыма не құйса, соны айтармын. Мына екі оқтың бірін қорамсадан көзімді жұмып тұрып алып, әлсіз қолмен аспанға атармын. Сол оқ қай жерге қадалса, отауым сол жерге тігілер... Сол оқтың иесі отауға да иесі болып кірер. Енді бірің сол отаудың жан қиысар досы болып кірерсіңдер. — Жібек екі оқты алып, бұрыла берді...

— Бір қатер ауды білем басымыздан. — Шеге Бекежанға қолын созды. Қаршыға Төлегенге қолын созды: — Тек баянды болсын!

Көш қозғалып кетті. Қыз-бозбала тағы да ән салып барады.

Көк күймеде Айгөз, Жібек, Кербез...

— Тек ұзағынан сүйіндірсін құдайым, — дейді Айгөз.

— Оқты таңдарда көзіңді байлап береді. Таңдағаныңды танымай қалып жүрме! — деп, Кербез ақыл айтады.— Біреуі мынау қызыл ала, біреуі сары ала екен...

— Қызықсың-ау, Кербез... көзім байлаулы болса қызыл ала, сары ала екенін қайдан көремін?.. — дейді Жібек күліп.

Қызының көңілінде таңдағаны барын шеше жүрегі тәнып отыр. Өз ырзалығын білдіргісі келгендей, Жібекке мейірім төге қарайды.

— Онда мен таңдаған оғың оң қолыңа түскенде жөтеліп қалайын! — дейді Кербез...

Көш бойында үлкендер тобы мен Сырлыбай келе жатыр. Қаршыға мен Бекежан қуып жетті.

— Бекежан мырзаның бір ауыз сөзі бар, — деді Қаршыға.

— Е, айт, жаным, — деп, Сырлыбай атының басын тартты.

— Айтсам, не ерермін көшіңе, не ермеспін, соны айтқалы келдім. Аңыс байқалды, әділ байлам болар ма екен, соны сұрағалы келдім. Қалауыңды айт дегенің бар еді, соны айтқалы келдім. Берсең, ат тізесін қостым деп кетемін... Бермесең, ат құйрығын кестім деп кетемін...

— Жастар, өзді-өзің бір байламға келген соң, енді маған салмақ салмассыңдар деп қуанышта едім. Құдайға анық, шыным осы. Бірің отауға күйеу болып кіреді, бірің сол отауға досы болып кіреді деген соң, біріңе емес, бәріңе ырза көңілден бақыт тілеп едім. Қаршыға, сен солай демеп пе ең?

— Солай дегемін, Сырлеке... Сөз солай байланғаны рас: бірі ақ отауға иесі болып кірсе, біреуі ақ тілеулі досы болып кірмек те...

— Жарқыным, жат мінезін көрсетпе, ендеше... Сынасуға жараған сыйласуға да жарайтын. Байласқан серттеріңді бұзып, біреуіңе бүйрегім бұрылса, кім болғаным менің? Қызымның көңілі қайсыңа ауса, мен соныңа батамды беремін. Одан өзгеңе жоқпын. Солай емес пе, жұртым?

— Солай, Сырлеке, солай... Әділ әкенің сөзі осы...

— Ендеше, не болса да тез болса екен... Мен жығылып қалсам, сүйей бер деп келдім. Сен маған жығылып қалсаң, өкінбе дейсің. Әділ-ақ ақыл шығар... Алар-алмасым кейін байқалар. Көнбесіме не шара? Тек тез болса екен, тез!..

Шалқып шалқар көл жатыр. Аққу әні, қаз қаңқылы... Көк күйме жолға тоқтапты. Көзі байлаулы Жібек, қолында садақ. Екі жағында Қаршыға мен Шеге ат үстінде... Жібек алғарақ кетті. Екі оқ қолында... Кезек алмастырып барады.

— А, құдайым, аққа жақ! — деп Қаршыға мен Шеге зарлап тұр...

Күйме қасында Айгөз бен Кербез жылап тұр:

— Жасаған-ай, жаңылыстыра көрме!

— Жаңылыстыра көрме, жасаған!

Жібек садақты тартып қалды. Ақ орамал байлаған садақ оғы аспанға тік қарғып кетіп, енді жерге шаншылғалы барады.

Қаршыға мен Шеге оқты қуғандай шаба жөнелді. Жұрт қабындап солай қарай ағылып барады.

Жібек көзіндегі байлауын лақтырып жіберіп, қолында қалған оқты тексеріп жатыр. Жоқ, жаңылыспапты... Қыз көзінде қуаныш... Шеше көзінде жас, құшақтап алыпты.

Қаршыға мен Шеге жерге қадалған оқ қасына аттарынан домалай түсті... Шеге айғайға басып жіберді:

Уай, біздің оқ, біздің оқ,
Атқан қолдан айналдым.
Қадалыпсың жерге кеп,
Қадалған жерден айналдым.
Ақ орамал желбіреп,
Орамалдан айналдым.
Уа, таңдаулы оқ — біздің оқ!
Төлеген сенде арман жоқ...

Бір топ қыз-келіншек Төлегенді ортаға алып келеді. Тағы бір топ Жібекті ортаға алып келеді. Ақ отау тігіліп қалған... Белдеуінде Төлеген мен Жібектің аттары.

Алқа-қотан отырған жұрттың ортасында екі жерде лаулап жанған от. Қыз-келіншектер екі оттың арасына әкелді де, Төлеген мен Жібекке қол ұстастырды: ол екеуі екі оттың арасынан қол ұстасып өтулері керек екен. Қыз-келіншектер соңдарында. Қарсы алдарында Айгөз бастаған әйелдер күтіп тұр... Төлеген мен Жібек жүріп кетті.

Ал етектен, от ана,
Тазарып өтсін екі жас.
Алма етектен, от ана,
Таза болса екі жас.
Жабысқан жоқ от ана,
Аман өтті екі жас.
Сарандық қылма, қайны ана,
Екі жасқа шашу шаш!..

Айгөз бастаған әйелдер от арасынан өтіп келе жатқан қыз-күйеуге шашу шашады. Хор тоқталмайды. Жастар билеп кетеді.

Інжу-маржан, гәуһар тас,
Меруерт, жақұт аралас.
Қыз-бозбала тайталас,

Қолға іліксе ала қаш.
Қыз жалынса қимылып,
Толқындасын қолаң шаш.
Жігіт талдай иілсін,
Жұрттың көзі сүрінсін,
От ана, ұшқын төк, жалын шаш
Қайны ана, алтын төк, алтын шаш!

Оттар лапылдап жанып, ұшқындаған жалын, шашылған шашу қосыла жарқырап, шұбартып кетті.

Айгөз бен Көрбөз қыз бен күйеуді қолтықтап Сырлыбай алдына әкеле жатыр. Барлық жұрт бата тілеп, алақандарын жайды. Қаршыға, Бекежан, Шеге қолдарын көтерді. Сырлыбай алақанын жайып:

— Ұзағынан сүйіндірсін, қарақтарым, ұзағынан!.. Екі аққудай жарасымды, егіздің сыңарындай татулық тілеймін екеуіңе. Күндіз есте, түнде түсте бірге болыңдар... Көңілі жарымға күле қарамаңдар. Достарың көп, дұшпандарың аз болсын.

— Әумин! — жұрт иегін сипады.

— Екі сөзің есімде қалар, Сырлеке! — деді Бекежан. — Көңілі жарым дегенде де, достарың көп болсын дегенде де мен ескерусіз қалмаған шығармын... Сынасуға жараған сыйласуға жарайтын деген сөзің тағы бар еді... Жігіттігіңе көңілім ырза, Төлеген. Ала алмай жүрген қалауым бар деп едім ғой, ол сен екеуміздің достығымыз екен... Міне, мынау сол достығымның белгісі. — Қанжарын суырып алып, Төлегенге ұсынады. — Құшақтасып-ақ қалар ем, эттең, Жібекжан қызғанып жүрер.

— Достығыңа — достық. Бекежан аға... Сыйласар ағамыз... сырласар досымыз бол деп тілейміз. Көңілдегі бір күдік өшсін осымен. Достыққа — достық белгісі, менің қанжарымды сен байлан.

Екеуі қанжар ауыстырып алысып жатыр. Бұл қуанышқа Шеге бірдеме айтпай қала алсын ба!.. Домбырасын бұлғап, айғайға басып кетті:

Е-е-ей!.. Соқтыққанда екі нар,
Сорлап еді-ау кінәсіз
Арада қалған шыбындар...
Құтты болсын, қол алыс,
Қалдырмасын іште зәр...
Бәрекелді, Жібекжан,
Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Аққуым десін алғаның,
Бойында бір мін жоғынан

Гәкку деп салған әдемі ән,
Ере жүрсің соңыңнан...

Шешесі мен жеңгесі Жібекті отауға алып келе жатыр. Олардың артында Шеге, Төлеген, Қаршыға...

Ақ отаудың іші... Ақпен оралған кең жер төсек. Лаулап жанған от. Айгөз мойнында таныс зер белдік. Айгөз әуелі отқа тұз тастап, май құйып жіберді. От тырс-тырс ұшқын атып, көтеріле жанып кетті.

Айгөз. — От ана, тәуіп, тәуіп!

Өзіңе тапсырдым. *(Белдікті отқа тосып-тосып алды).*

Жер ана тәуіп! Тәуіп!

Өзіңе тапсырдым. *(Белдікті жерге ұрып-ұрып алады.)*

Ақ төсек тәуіп! Тәуіп!

Өзіңе тапсырдым. *(Белдікті төсектің орталығына ұзынынан салды.)*

Зер белдік, тәуіп! Тәуіп!

Өзіңе тапсырдым...

Кербез Жібекті отырғызып жатып:

— Мынадан аттап өтуге болмайды! — деп белбеуді нұсқап көзін қысады.

Төлеген мен Жібек зер белдіктің екі жағында қарама-қарсы отыр. Белгілі бір кезеңге дейін қыз-күйеу ол шекараны аттап өтпеуге керек сияқты. Түсініп отыр, жымиысып отыр... Ол дәстүрді сақтау қиын сияқтанады.

Төлеген. Жібекжан, — дей беріп еді, сырттан: «Қабу, қабу!» деген шу естілді. Керегенің іргелік көздерінен қаз-қатар адам көздері жарқырайды. Отауға арбадай үлкен бесік көтерген қыз-келіншектер кіріп келеді. Қыздар қос-қос қолдасып, бесікті тербете бастайды:

Қабу, қабу, ақ отау, есігіңнен
Аттап өтті екі жас есі кірген.
Ақ тілеуді арқалап алып келдік,
Үй болған соң жарасар бесігімен...
Әлди-әлди, жылама,
Мезгілсіз емшек сұрама!
Ақ Жайыққа шомылып күндер батсын,
Сары белден сарғайып таңдар атсын,
Құдай берсе, беретін қос-қосынан,
Егіз тапсаң, екеуі бірге жатсын...
Әлди-әлди, жылама,
Мезгілсіз емшек сұрама!..

Ұялған қыз-күйеу төмен қарасып кетті. Айгөз: — Болды, болды! — деп, жастарды шығарып жіберді.

— Құдай-ай, жаңағы жастар қандай дөрекі қалжың айтып кетті, — деді Жібек.

— Қашаннан бергі дәстүр ғой. Ертең кездесеріңді бүгін айтты деп... сыпайыламай, бадырайтып айтты деп өкпелемей-ақ қой.

— Өкпелегем жоқ-ау, құлағым жарылып кете жаздады.

Төлеген Жібекті құшақтағысы келгендей қолын созып еді, Жібек арада жатқан белдікті көзімен көрсетіп, кейін шегінді. «Болмайды!»

Қыз ойына әлдене келген сияқты. Орнынан тұрып, белдікті айналып өтіп бесікке барды. Күлімсіреп тербетіп қойды. Бесіктің өрнек салған жамылтқысын ашып еді, қуыршақтан жасалған екі баланы көрді. Сырттағы жастар бала болып баж етіп қалды. Жібек шошынып шегініп кетті:

— Төлеш!.. — деп қалды.

Төлеген атып тұрып Жібектің қасына келді. Енді екеуі күлімсірей қарасып, бесікті бірге тербетіп тұр.

«— Әлгі айтқандары осы ғой? «— Осы.» «— Түбінде осыған бір келеміз ғой?» «— Келеміз» дескендей, көздері әрі сөйлесіп, әрі ұғынысып тұр.

Балалар жылап жатыр. Жібек еңкейіп екеуінің бетінен сүйді. Жылау тоқтала қалды. Сыртта ұзай берген жастар күлкісі...

— Сенің сүйгің келмей ме?

— Мен туғаннан кейін сүйсем қайтер?

— Мейлің...

Белдік — қыз екендіктің белгісі. Қыз-күйеу зер белдіктің екі жағында отыр. Көздері біресе белдікке қадалады, біресе біріне-бірі қадалады. Ата-аналардың тазалық-адалдық дегенді кінаратсыз сақтау үшін жасаған ишаратына әрі мойын ұсынып, әрі азғана күлімсірей қарасады. «Ұзақ шыдаса алармыз ба екен?»

Кенет Төлеген түсі ойланған қалыпқа ауысып кетті. Жібек көздері де дір еткендей болды.

— Жібекжан, арамызда жатқан зер белдікке қарағанда... — дей беріп, Төлеген аз кідіріп қалып еді, оның ойын Жібек аяқтады:

— Екеуміз Ақ Жайықтың екі жақ жағасында тұрғандай көрінеміз бе?..

— Ие, екі жағада тұрғандаймыз... Даусымыз да жетеді, үніміз де қосылады. Әттең, су терең, дүлей толқын алайтүлей... өткел жоқ...

— «Өткелсіз судан құлаштай сермеп, дүзіп өт!» демейтін бе еді?

— Деуін депті-ау... Бірақ, сол дүлейді сен де біліп қой: әкем мені сенің еліңмен достасуға жіберген жоқ, шауып әкелуге жіберді!

— Онда сенің ел шабатын жасағың қайда? Жасырғаның болғаны ма?

— Мана, төбе басында, естідің бе, жоқ па, мен бейбақтың арманы жауластыру емес, елдестіру... Жасағымды жолдан қайырып жібердім.

— Онда өткел емес, әшейін кедергі болғаны да... Ондай кедергіні былай ысырып тастаса да болатын шығар...

Жібек зер белбеуді ысырып тастап, төсек үстіне құлай береді...

Сыртта Шеге айғайы:

Қаршыға, өзің ақын, өзің батыр,
Ақынсың ойға терең, сөзге батыл.
Дайын бол, қапы кетпе, сөз кезегі
Бұрылып саған қарай келе жатыр.

Шеге қандай ақ жарқын ақын болса, Қаршыға түсі салқын, сөзге сараң адам сияқты.

— Сен өзің күйдің тілін білуші ме едің? — деп езу тартты. — Білсең, мен тартайын, сен айтып берші мына жұртқа!

Күйші қобызын тізесіне тіреп алды да, зарлатып, боздатып жүре берді. Бұрқырап боран соққандай, орман теңселгендей болады. Жадырап шыққан күн көзі бұлтқа кіргендей. Қозы жамырап, қой маңырап кетті. Қыз сыңсиды, құлын кісінейді... Қалың қамысқа өрт кіргендей дүркірейді. Көл бетінде қаз қаңқылдайды, шағала күледі. Жадырап шыққан күн сәулесі көлге түскендей...

Қаршыға қобызын қасына қойып, Шегеге қарап еді, ол іркілген жоқ:

— Ей, Қаршыға, Қаршыға-ай,
Ауыр сын салдың жыршыға-ай
Мен баяндап көрейін,
Өзің болшы сыншым-ай...
Тура айтасың әр нені,
Ақ көңілімнің шыншылы-ай.
Найзадай түйреп айтасың.
Жұқаламай, шымшымай!
Талай жерге бардың-ау,
Қыпыңа мен салдың-ау.
Нар көтерсе, көтерер

Өкпеңді айтып қалдың-ау.
Ішіңде жатқан бір шерді.
Тарқатып бір алдың-ау...
Енесі тепкен құлынның
Еті ауырмас дегендей,
Табысып жатқан еліңнің,
Жайлауын тапқан көңілдің
Жарасымын айтқанда,
Күзді күні қайтқан қаз,
Келер жылы көктемде,
Көліне келіп қонғандай,
Мен де бір жасап қалдым-ау...

Екі ақын осылай, бірі күйімен, бірі жырымен айтысып, іш ақтарысып отырған сияқты. Біріне-бірі сүйемел, жұртқа айтар бір ойларын бірі күймен, бірі жырмен жеткізіп жатыр.

Ақ отауға күн сәулесі түседі. Кербез бастаған жастар отауды қоршап алып «ояту» айтып жатыр:

Жас келін, жылдам тұр, шелек ал, суға бар.
Бұзауың шешіліп кетіпті, еміп жүр, ұстап ал.
Күйеуің ұрсып жүр далада, қанбаған ұйқысы,
Түн бойы зар қағып жылаған балалар...

Жастар мәз... Күйеу аң-таң, одырайып оянды. Жібек ойын-қалжыңға әрең түсініп, киіне бастады. Қоршап алған қыздар «қабу, қабу!» айтып, қолдарын бір көтеріп, бір түсіріп, Жібекті бір көрсетіп, бір көрсетпей жібереді.

Ойнақыланып Бекежан келді:

— Қозың жамырап, үйің аңырап тұрса, еркектің не қыларын білмейді екесің-ау!.. Мә, қамшы!.. Бірінші қамшы қатының, екінші қамшы атыңа демейтін бе еді! Қамшы тимеген ат жалқау болады, қамшы тимеген қатын мылқау болады. Тартып жібер, қайқаң етіп қалсын!

Төлеген ойнап Жібекке қамшы сілтеп қалды. Қыздар у-шу...

Кербез қуанышты... Зер белдік орнынан «қозғалмапты». Қыз-күйеу тазалық дәстүрін «бұзбапты». Кербез зер белдікті қыз беліне қайта байлап берді:

— Келер кездескендеріңше шешілмесін беліңнен!

Енді төсекке жабылған ақ жібекті шетінен жыртып қыздарға үлестіре бастады:

—Жақсы ырым — жарым ырыс! Қымбатыңды қиынға сақта! Біріңнен-бірің өнеге ал, алмағаның адыра қал!

Ақ жібекті ұзынынан жыртып, Жібектің қолына берді:

— Білуші ме ең?

Жібек оны Төлегеннің беліне байлап жатыр:

— Өзім байлап берейін, өзім шешіп алармын... — дейді күлімдеп.

Айғайға басып Шеге келеді:

«Тотыдайын таранған,
Сұңқардайын сыланған...»

деп басталатын термесін айтады. Жібек тізе бүгіп сәлем етіп:

— Бар болыңыз, Шеге аға! — деді.

Биіктеу белде Сырлыбай тобы: үлкендер, Айгөз, Қаршыға, Шеге, Бекежан... Жастарды тосып тұр.

Төлеген мен Жібек ортада, Кербез бастаған қыз-келіншектер өлең айтысып кетіп барады.

Төлеген төбеге жақындап келіп, аттан түсіп, бір тізерлеп сәлем берді:

— Армысыз, ата...

— Бар бол, балам.

— Ата-анам, рұқсат болса, елге бет алсам деп едім...

С ы р л ы б а й. Рұқсат, шырағым. Жері бір, суы бір емшектес екі елдің той-думаны қосылса, ой-думаны ешқайда кетпес. Сондай күнге тезірек жеткім келеді, балам. Екі түрлі тапсырарым бар: той-думанның бейнеті біздікі, зейнеті жұрттыкі болсын. Жағалбайлыны тойға түгел ала кел... Күмісбұлақтың басында әулие тасқа кездесерсің. Ел болам деп аты қазақ сол тасқа таңбасын салған-ды. Көре алмай жүргеніміз жалғыз-ақ Жағалбайлының таңбасы...

— Есімде болар, ата.

— Басқа айтарым жоқ. Жолың болсын!

— Әумин!.. — Үлкендер иек қақты.

— Жолың болсын, құлыным... Көп күттірме Жібекті — деп, Айгөз Төлегеннің маңдайынан сүйіп жатыр.

— Алысқан қол, айтысқан серт. Таңбалы тасқа дейін Бекежан досың бірге барар... Қылыш таңбалы Қыпшақ өзгемізді иығымен басып келіп еді. Әулие тасқа Ор өзенін жайлаған аз ғана Арғынның таңбасын мен де апарып басып кетем. Қатар бассам, қол ұстасқаным болар... Ал, аттандық...

Бекежан, Шеге жөнеле береді.

Жібек тобы Төлегенмен оңашарақ, биік жар тас қасында қоштасып жатыр. Қыз-күйеудің жүздерінде қуаныш аралас мұңаю, сөз таба алмай қысылысу бар... Құр қарасып қалыпты.

— Ал енді біріңе-бірің бірдеме демейсіңдер ме!.. — дейді Кербез.

— Аузыңа түссе айтарсың! Айт дегенде қоя беретін өлең бе екен ол!

— Осындайда сөз айтыса ма екен!—десіп, қыздар мәзмайрам...

— Бір-ақ ауыз сөзім бар — деді Жібек, әрең аузы барып. — Қайтуға қандай асығып тұрсаң, қайта келуге де сондай асығар ма екенсің?.. Сен асықпасаң, ол асығар еді, ақ боз атты сен міне кетсең қайтер?..

— Қайтуға асыққаным — қайтып келуге асыққаным емес пе, Жібекжан...

Екеуі аттарын ауыстырып алды. Жібек ақ боз аттың мойнынан құшақтап, басы-көзін аймалап, Төлегенге айтарын атқа айтып жатыр:

— Айналайын ақ боз ат, жаның бірге еді менімен... Асыға гөр, ақ боз атым. Бар арманым, бар сырым жалғыз саған айтылған. Бірге кетіп барады сенімен. Сенімдім, серігім... Осындай жар тас басында жалғыз елестеген жан көрсең, ол мен дерсің сағынған.

Үш салт атты бұлдырап ұзай берді... Жасаураған қыз көзінде бұрылып артына қараған Төлеген... Ақ боз ат...

Тастан тасқа секірген көгілдір су бұрқыратып көбік шашады. Сыбырлайды, сылдырлайды, күбірлеп қояды.

— Тақ-тұқ, шақ-шұқ!.. — Қашалып жатқан тас дыбысы келеді.

Ерттеулі аттар қаңтарулы тұр. Оңашарақ ақ боз ат.

— Тақ-тұқ, шақ-шұқ!

Білектерін түрінген, жеңіл киінген Төлеген мен Бекежан «Таңбалы тасты» қанжармен қашап, таспен ұрып, өз таңбаларын түсіріп жатыр. Өзен бойында өздігінен тұрып қалған биік жарт тастың үсті-басы шұбартқан таңба. Ру таңбалары: қылыш таңба, көз таңба, айшық таңба, ашамай таңба... Әлде қай заманда бытыраңқы елге бірігу ойы келіп, бірлескендірінің белгісі етіп, кесек жар тасқа таңбаларын салған.

— Мен бітірдім, — деді Төлеген, маңдай терін жеңімен сүртіп жатып.

— Мен әлі бітіре алғаным жоқ... Ор өзенін жайлаған аз ғана Арғын Жағалбайлы мен Шектінің арасында көрінбей қалмасын деп, үлкенірек ойып жатырмын. Сен бара бер...

Шойын құман шырт-шырт түкіріп, қайнай бастапты. Қасында Шеге. Қоржыннан қос қазы, жал-жая суырып алып, тамақ әзірлеп жүр.

Көйлекшең Төлеген өзенге келіп жуынып, еңкейіп су ішіп жатыр. Бекежан деп келіп қалған арқаға қызыға қарағандай. «Қанжар қандай дәл қадалар еді, садақ оғы қандай мұлт кетпес еді!»...

Жүгіріп келіп қанжар салғысы келгендей, Бекежан тез басып келеді. Қанжары оң қолында, оңтайлы келеді. Төлеген судан басын көтеріп:

— Бітірдің бе, Бекежан аға, ал тамаққа отырайық, — деді.

— Отырсақ, отырайық. — Бекежан сылқ отыра кетті.

Базарбай жылқысын бір тар қылтаңнан өткізіп, өзі ат үстінде, қамшысын шошайтып санап тұр. Тар ауыз — екі жақпар тастың арасы. Ар жағы кең жазық, ойпат. Қалың жылқы тар қылтаңнан топандай опыр-топыр өтіп, жазыққа шыға жайылады.

Базарбайдың ерні жыбыр-жыбыр... Ішінен санайды. Көп жылқыны қайырып-үйіріп, тар ауыздан еріксіз өткізіп жүрген жылқышылар. Кісінеген биелер, шұрқыраған құлындар, қиқулаған жылқышылар.

Төлеген мен Шеге Базарбайға осы арада кездесіп, сәлем берісті:

— Салаумаликем... Салаумаликем!..

Базарбай сәлем алды ма, жоқ па, онысы аңғарылған жоқ. Көзі келгендерді ұнатпай бір жанап өтті. Ерні күбірлейді. Сәлем алды ма, малын санай берді ме?

Базекең жылқы санын мыңнан, жүзден шумақтайтын болу керек. Санап тұрып, ұзын қыл шылбырды бір түйіп қояды.

Өтіп жатқан бір қос жылқыны санағанда шылбырды тағы бір түюге ыңғайланып еді, бірер бас жетпей қалған сияқты. Базекең қамшысын шошайтып, Төлеген мен Шегенің астындағы аттарын бірге санап жіберді де, шылбырды тағы бір түйді.

Әкесінің жүзі бер қарағанға, Төлеген де әкесіне қарап еді, әке қолындағы қамшы ашықтан-ашық аттарды нұсқап өтті...

Шеге атын бұрып алып, бір бүйірде көрінген ауылға қарай беттеп еді, Базарбай зекіп қалды:

— Тоқта!

Шеге қайта келіп Төлегенмен қатарласты.

Базарбай қасындағы жылқышыға Төлеген мен Шегенің аттарын нұсқап:

— Мынау аттарды кешке дейін суытып қой... Ертең жайлаудағы жылқыға апарып қос! — деді.

Жылқышы амалсыздан ыржиып Төлеген мен Шегеге карай келе жатыр.

Тар ауызға тағы жылқы топаны құйыла бастады. Базарбай тағы санап кетті. Шеге мен Төлеген аттарынан түсіп, шылбырларын жылқышыға ұстатып жатыр... Жылқышы аттарды жетелеп әкете берді.

Төлеген төсек үстінде, салғырт. Жүдеген, бозарған. Қайғы-мұң, қарсылық, қайсарлығын домбыраға айтқызып отыр. Арман бар, мұң бар, қарсылық бар. Бірақ бұл тұтас күй емес, үзік-үзік, бір желігіп, бір баяулап кетеді. Қасында Шеге, шешесі Қамқа... Бәрі де көңілсіз.

Ауыл сыртында тасыр-тұсыр шабыс, кісінеген ат.

— Ақ боз ат қой! — дейді Төлеген.

— Жоқ-е... Сусын ішесің бе? — деп, шешесі сөзге айналдырады.

— Жоқ.

Ауыл сыртында ақ боз атты қуып жүргендері рас. Жарау ат жеткізбей жүр. Есті ат ауыл тұсына келгенде кісінейді. Иесін шақырады. Қуғыншылар жақындағанда тағы шырқап кетеді. Тасыр-тұсыр алыстаған кезде Төлеген тыншығады да, жақындаған кезде алас ұрады. Қызу сөйлеп кетеді. Тасыр-тұсыр жақындап келеді. Ат кісінеді.

Төлеген басын жастықтан жұлып алып:

— Шеге, жүгірші далаға... Мынау ақ боз ат... Шақырып жүр ғой, жүгірші! — деді.

Шеге есікке барып: — Жоқ, бір асауды ұстай алмай жүр... — деді.

Ат дүбірі алыстап кетті. Төлеген жастыққа қайта шалқайып еліре сөйлеп:

— Асау емес, ақ боз ат... — деді. — Жете алмай жүр түге... Жетесіңдер ғой! Мен өзім де жете алмағамын. Өзі тоқтағанда ғана жеткемін... Шеге, апа, тоқтатыңдаршы қуғынды. Ақ боз ат өзеннің ар жағына шығып кетпесін... Онда айрылғанымыз. Еліне бір-ақ тартады. Алдынан Жібек шығып: «Иең қайда?» — дегенде, не айтар екесің? Шеге-ау, естіп едің ғой, екі елдің той-думанын, іргесін біріктірейік дескеніміз қайда? Соны неге айтпайсың әкеме?..

Қуғын дүбірі тағы да жақындап өтті...

— Шеге, Шеге аға-ау! — Төлеген дауысы жыламсырап

шықты. — Тоқтатшы, тоқтатшы мынаны... Баршы әкеме. Әулие тасты айтшы.— Шеге шығып кетті. — Әулие тас деймін-ау... Бұл елде аттап өтпес қандай әулиелік бар еді, тәңірі. Нені қасиеттеп, нені құрметтей білуші едік... Айрандай ұйимыз, іркіттей іриміз?..

Ақбоз ат алда, қуғыншылар соңында, өзенге қарай сілтесіп барады. Құрық салар-ақ жер... Бәрі опыр-топыр өзенге жетті. Ақ боз ат іркілген жоқ. Қарғып өзенге түсті. Жүзіп кетті. Біресе атты толқын көміп жібереді, біресе толқын қырқасында ақ боз аттың аппақ жал-құйрығы көрінеді. Жылқышылар жағада үйіріліп тұрып қалды.

— Өй, өңкей боқташақ! — дейді Базарбай үй қасында тұрып.

Шеге мен Қамқа Базарбайға жақындап келеді.

— Білем не айтатындарыңды. Әрі жүріңдер, әрі! — деді Базарбай.

Шеге қаймықса да, шеше қаймыққан жоқ.

— Ұлыңды ұяға, қызыңды қияға қондырар кезің болды ғой, әкесі... Балаң сары жамбас ауруға шалдықпасын десең, бер өз тізгінін өзіне,— деді.

— Немене, қыруар малды қырқа матап беруге қыз таба алмай барам ба Жайыққа?

— Алты-Шекті көп-көп сәлем айтты сізге, — деп, Шеге сөзге қосылды.— Біресе мен жеткізе алмай, біресе сіз тыңдамай келген Алты-Шектінің сәлемі бар еді. Болмашыдан қалысқан көңіл болса, оны ұмытайық. Ойын-сауығымыз қосылсын, жастарымыз жат болып өспесін, іргеміз, елдігіміз қосылсын, таңбамыз қатар тұрсын деп тілеп қалды.

— Ақында да ақыл бар деп ертіп жүр-ау сені! Не айтып тұрғаныңды білемісің өзің? Жалпақ ел Жағалбайлыны ат төбеліндей Алты-Шектіге атқосшы қылып бергің келе ме? Қыз айттырған сырттан шалады, қызын берген іштен шалады. *(Қамқаға түйіліп.)* Аядай алақаныма жеті ру Жағалбайлы түгел сыйып, алты ру Шекті қалып па? Қызын алып, қыз берсем, Жағалбайлы түгел қолымда болады! Соны да білмей ме көк ми балаң?.. Жағалбайлы неліктен шеттеп кетті Жайықтан? Шектіден, Шектіден!

Ақ боз ат өзеннің ар жағында жалғыз ойқастап жүр. Оркырап кісінейді. Белгі береді, шақырады, іздейді.

Үйден Төлеген шықты. Ат даусына қарай бет алып барады. Ысқырып қалды. Ақ боз ат күмп беріп өзенге қайта түсті. Жүзіп келеді. Су үстінде басы, су бетінде күміс жал, жарқыраған қара көздер.

Қолында қара жалау. Шапқыншы келе жатыр:

— Жау! Жау!.. — Шапқыншы ауыл ортасын жарып өтті. — Жау! Жау!..

Екінші шапқыншы келе жатыр:

—Жау, жау! Ертістен өтіп кетті! Ертістен, Ертістен!

Бұл шапқыншы да өтіп барады. Үшінші шапқыншы келе жатыр:

— Аттан, аттан! Жау, жау!..

Ауыл дүрлігіп далаға шығып қалды. Төлеген әкесіне келді:

— Әке, көріп тұрсың ғой... Ел шетіне жау келсе, ең алдымен елге сын... Ел екеніміз рас болса, бір тудың астына жиналатын күн туып қалды. Азды-көпті қол жинап алуға рұқсат берсең, аттанар едім.

— Шектіні шауып қайт деп берген қолымды жолдан қайтарып жіберіп, енді менен Шектіні қорғайтын қол сұрап тұрсың ба? Әбден-ақ басыңды айналдырып жіберген екен Шектінің бір шүйкебасы.

— Жалғыз Шекті емес, әке, қазақ деген елдің түгел қорғанар күні туып қалды. Бұл келе жатқан қауіпті жау! Үрім-бұтағыңның не алғысын алатын, не қарғысына қалатын күнге кездесіп тұрмыз!..

— Жағалбайлы қысылса, аунай кететін кең даласы — «Бетпағы» жетеді. Шектінің басына күн туса, мүрдем қапсын!

— Әке-ай, не айтайын саған... Шеге атты ерттей берші... Мен бүгін аттанам.

— Қасыңа ертер бір адам береді екен деме!

— Жалғыз да болсам, аттанам!

Төлеген ауылдан шауып жөнелді. Артында қолдарын жайып «жолың оңғарылсын!» деп тілеп қала берген шешесі мен Шеге...

Жасауға толы Жібектің отауы. Кербез бастаған қыз-келіншектер кесте тігіп, бау ызып, өрнектеп қызылды-жасылды терме тоқып отыр. Кербез қолында сәукеле.

Сырттан гуілдеген-гүжілдеген дауыстар келеді. Қыз-келіншектер ауыздарын сылп еткізіп қалады.

— Қашан тынар екен бұл сұмдық?

— Тынуын бір тынар-ау, қалай тынарын айтсайшы!

— Бұқадай өкіріп, айғырдай оқыранып жатқан бір сотқар өңкей.

Гүжілдеген дауыстар көтеріліп барады...

Қолында қамшы, жеңіл киінген Жібек отауға кірді. Кербез сәукелені қолына ала түрегеліп:

— Сәукелең де бітті, еркем, киіп көресің бе?

Жібек қамшысын керегеге іле тастап:

— Мына шуды тоқтата алатын бір адам табылмай-ақ қойды ма? — деді жеңгесіне.

Бір өзің болмасаң, өзгеге тоқтар сиықтары көрінбейді... Сәукеленді киіп көрші... — деп, Кербез ығыса жымиып сәукелені Жібектің басына қарай жақындата беріп еді, Жібек сәукелені жұлып алып лақтырып жіберді.

— Немене, Төлеген келе алмай жатыр деп жаның ашып, жарым көңілге алданыш жасағың келе ме? Киер кезінде киермін өзім. Келеді Төлеген, келеді!

— Еркем-ау, келмейді деп ойласам, осыны істер ме едім... Келеді, келеді!

Сырттағы дауыстар күшейе береді. Жанжал шегіне жеткен сияқты. Жібек ашулы қалпында аз ойланып тұрды да, құрулы тұрған шымылдық ішіне кірді. Шынтақтары шымылдықты түрткілеп шешініп жатқаны аңдалады. Ұзамай шымылдықты аз ғана ашып:

— Киімдрімді экел! — дегенде, Жібек жарым-жарты жалаңаш екен. Белінде зер белдік, қос бұрымды қолаң шаш, қырын қарап тұр...

Көйлек, жеңсіз қамзол, кестелі етік көтерген қыздар шымылдыққа кіріп, шымылдық жабылып кетті.

Көк ала жібек кең шатырда бір топ жігіт керісіп, керілдесіп, енді қол күшке бет алғандай:

— Сен осы кіммін деп кеуделейсің?

— Мен тұрғанда, сен кім едің?

— Тарт деймін тіліңді!

— Тартпасам не қылатын едің?

Қолдарында найза, айбалта, қылыш. Әр елдің бағланы мен батыры, еркесі мен серкесі табан тіресіп айқаса кеткелі әзір тұр. Сынған найза, жыртылған киім, басы жарылған, тізесін құшақтап отырғандар да бар... Шатыр іші опыр-топыр...

— Адай тұрғанда Жаппас саған қашан жол тиіп еді! Қыс, қыс деген соң!

— Қыссаң, өзің қыс! Адайдан ықтап сала беретін мені Таз деп тұрмысың, Тана деп тұрмысың!

— Таз бен Тана сенің қанжығаңда жүр ме еді, не оттап тұрсың сен, Жаппас!

— Тоқтат енді, найзамның ұшында кеткің келмесе!

— Тоқтасаң тоқта! Сен үреді екен деп, мен бұғып қалады деп пе ең!

Найзалар сілтесіп, қылыштар жарқылдаса бастады. Басында сәукеле, Жібек шатырға кіріп келеді.

— Армысыздар, ағалар... — Жібек бір тізелеп сәлем етті...

— Тәңірі деген, мұнысы кім еді?

— Кім өзі? — десіп жігіттер аңырысып қалды:

— Қыз ба, қатын ба? Пері ме, сайтан ба?

— Таласып жатқандарың мен емес пе, неге танымай қалдыңдар?

— Сенбісің?

— Мен дей ме? Осы ма екен?

— Көрген емеспін!

— Көрмей қалай таластыңдар? Әлде таластарың мен емес, Сырлыбайдың атағы ма еді?

— Жоқ-е, Жібек жан сен болсаң, бір басыңа осы тұрған қырық жігіт түгіл қырық рулы ел таласса, көп пе екен!..

— Ендеше, сол Жібек менмін... Таласып жатқан қырық жігіт болсаң, бір Жібекті қырқыңа қырық жапырақ қылып бөліп бер дейсіңдер ме?

— О, құдай сақтасын!

— Болмаса, біреуіңді таңда дейсіңдер ме? Кім еді оларың? Кәне, шықсыншы бері!

— Жоқ, жоқ... Оның реті тіпті келмейді!

— Олай болса, екі жағымыз да қиналмайық, ағалар... Мен Жағалбайлының жесірі емеспін бе?

— Оны білеміз-ау... Бірақ, сол Жағалбайлыдан күдер үзіліп болған емес пе еді!

— Онда Төлегеннің асына келген екенсіңдер ғой! Әлде жерлесуге келдіңдер ме?

— Шырағым-ай, айтпашы қайдағы сұмдықты.

— Жоқ, жоқ, ағалар... Жалпақ ел түгел күдер үзіп кетсе де, менің үмітім үзілмейді. Мен некесі қиылған жанмын. Бір-ақ қиылған, мәңгіге қиылған! Менің қолым қанжар ұстай да біледі, садақ тарта да біледі. Оңай олжа деп қызықпасын ешкім! *(Аз бәсеңсіп.)* Ер-азамат, қайсыңның жүрегіңде бір арман жоқ, менің арманыма да аяқ-асты қарамассыңдар деймін. Осыныма іштерің жылыса, сый-құрметті бұзбай-бүлдірмей қош деселік... Оныма құлақ аспасаңдар, мен бір жалғыз боздаған ботамын, жетелеңдер де, жүре беріңдер...

Жібер жыламсырап шығып кетті. Қылыштар қынабына қайта салынып, айбалта, шоқпарлар босағаға тасталып жатыр. Жігіттер қыры сынып қалыпты.

Қолында найза, иығында садақ, Төлеген жалғыз шауып келеді. Қарғытып өзеннен өтті. Шытыр-шытыр жарылған кеуілжірін жарқ-жұрқ шашып ақ тақырмен де шапты. Дуадақ, бөкен жайылған көк даладан да өтті.

Бір бүйірден шаңдатып Бекежан қолы қиыстап келеді. Бекежан өз алдында, бет алыстары бір, Төлегенмен кең жазықта кездесті.

Төлеген қоржыннан жез тұрбаны суырып алып:

— «Жаумысыңдар, елмісіңдер?» — деген әуен берді. «Елміз!» деген әуен алды. Содан кейін екі жағы да іркілмей шапқан бойында, қияласа келіп аттарын қарғыта тоқтасты. Аттар жер тарпиды.

— Бет алысың Ақ Жайық екен, жол болсын! — деді Бекежан.

— Бірге болсын, Бекежан аға!

— Сені де шақырып па?

— Жау жағадан алғанда, шақыру күтетін бе еді!

— Ер жігіттің екі елі бар. Біреуі қайын жұрты... Мақұлдақ!

— Екі ел емес, барлық қазақ даласы шақырып жатыр дер едім.

— Сонда да деймін-ау, көз тіккенің Шектінің туы ғой... Солай емес пе?

— Бұл жолы қолыма қандай ту ілінсе де аянайын деген ойым жоқ!

— Жақсы, жақсы...

Бекежан жігіттеріне бұрылып: — Шабыңдар бір-екеуің... Қыз-Жібектен сүйінші алыңдар! — деді. Екі жігіт шауып жөнелді.

— Өзіңе жол болсын! — деді Төлеген.

— Бірге болсын. Жау келгенде төрде, жау кеткен соң босағада болатын басым бар емес пе! Туымды ұстасын, қолымды бастасын деп Сырлыбай шақыртыпты... Не бағым, не сорым, тағы бір сынағалы келемін!

— О, бәрекелді! Бір сен, бір мен, бір Қаршыға болып қатар аттансақ, қандай жау қарсы тұра алар екен бізге!

— Ендеше тұрмайық. Жөнелдік!

Екеуі қатарласа шауып жөнелді.

— Айда атыңды!

— Айдасақ, айдайық!

Бірінде қуаныш, бірінде алай-түлей ауыр ой, екі жігіт құйындатып кетті.

— Жағалбайлы қолы қайда, келе ме? — деп сұрады Бекежан.

— Мақтана алмаймын. Келмейді,— деді Төлеген.— Кездескеніміз жақсы болды... Жібек көзіне сопайып жалғыз көрінбейтін болдым.

Бекежан ойына көп қорлық келді: Жібек аулына күйеу қосшы болып көрінбек пе? Төлеген келген соң, Шектінің туын сол ұстайды да... Тіпті, Шектінің туын бұған берсе де одан үлкен, бірнеше елдің туы Төлеген қолына тимесіне кім кепіл? Анада айтқан сөзіне қарағанда, сыртқы жауға қарсы тұрар осы екен деп қалды ғой қалың жұрт...

— Айда, досым! Айда!.. Айда ақ боз атты. Бүгінгі күн сенің күнің! Айдай түс!..

— Бар қуанышыма ортақсың, Бекежан аға... Ақ боз ат айдаусыз да ауыздығымен алысып келеді.

— Жоқ, айдай түс! Күн сенікі!

— Ал ендеше, босаттым тізгінін!

Ақбоз ат ағып алға шығып кетті... Ұзай береді.

Айда, айдай түс! Күн сенікі!— деп Бекежан ызаланып келеді. — Айдай түс!... Шектінің туы не сенікі, не менікі! Айда, айда!

Бекежан садағын оңтайлап алып, «Айдай түс, айда!» — деп келе жатып, Төлегенді ту сыртынан атып жібереді. Тағы атты, тағы атты...

Арқасына садақ оғы қадалған Төлеген құлап барады. Жерге құлап түсті. Еріне оқ қадалған ақ боз ат ыршып кетті. Соңында Бекежан, қуып келеді, атып келеді. Енді оғы дарымай келеді.

Ауылдар көрініп қалды. Боталар бұрыла қашты. Жанжағынан иттер абалап Бекежанның соңына түсті.

Сырлыбай аулы далаға шығып, қуаныш күтіп тұр еді. Бәрі мәз... «Ақ боз ат, ақ боз ат!» деген көлденең дауыстар шошындыра шықты.

— Бекежан! — деген дауыстар одан жаман шошындырды.

Ақ боз ат Жібек алдына келіп кісінеп жіберді. Дүр сілкінді де, мөлиіп тұрып қалды. Жібек көзі атқа, ат көзі Жібекке қадалады. Ерге қадалған оқ ортасынан сынып жерге түсті... Ат сауыры сорғалаған қызыл қан...

Жібек атын құшақтап жылай бастады...

Бекежан бар екпінімен келіп атынан домалай түсіп,

Сырлыбайдың алдына тізе бүкті. Сырлыбай бір басып Бекежанға қарады да:

—Ау, жаным, түсің қалай жаман еді, ел басына бір қаралы күн ала келген жоқсың ба? — деді.

Бекежан мылқаудай үнсіз... Не істегенін енді аңғарғандай, жаншылып қалыпты:

— Ақталарым жоқ. Күнәлі басымды арашаламаймын!— деді. Өзін өзі бастан ұрғандай жез қалпағын ұшырып жіберді... Қалпақ домалап Қаршығаның алдына келіп тоқтап еді, ол қалпақты теуіп жіберді. Домалаған қалпақ кімнің аяғына жақындаса да, шегініп қалады, безіне қарайды. Ақыры қалпақ жұрттың сыртына шығып жоқ болды.

Қаршыға жалаң бас қалған Бекежанның басына садағын көлденең басып сындырды да, лақтырып жіберді.

— Кет! Кет бұл елден!

Бекежан әрең қозғалып қоршаған жұрт арасымен кете берді. Бекежан кімге жақындаса да, ол теріс айналып қалады...

Манадан айнала шауып, орқырап, кісінеп жүрген ақ боз атты мойнынан құшақтап Жібек тұр.

— Иең қайда? Тірі ме? Маған не деді Төлеген? Алып кел деп жіберді ме сені? Қай жерде қалды? — Жібек ішкі зарын шашып-төгіп атқа айтып тұр. Төлегеннің қасында болған, қайда қалғанын көрген-білген жалғыз дос жан — ақ боз ат қой. Жібек мұңын атына шағып тұр. Ат та қыз мұңын ұққандай, күйініп алас ұрады. Қалың ақ тұман ат пен қызды бірте-бірте орап, көміп жіберді...

Соцы

АУДАРМАЛАР

А. Н. ОСТРОВСКИЙ

ТАЛАНТТЫЛАР МЕН ТАБЫНУШЫЛАР

Төрт перделі комедия

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Александра Николаевна Негина — жас қыз, артистка.
Домна Пантелеевна — оның шешесі.
Князь Ираклий Стратоныч Дулебов.
Григорий Антоныч Бакин — чиновник..
Иван Семеныч Великатов — бай помещик.
Петр Егорыч Мелузов — оқыған жас.
Нина Васильевна Смельская — артистка, Негинадан үлкен.
Гаврило Петрович Мигаев — антрепренер.
Ераст Громилов — трагик.
Вася — купец баласы.
Матрена — Негинаның ас пісірушісі.
Мартын Прокофьич Нароков — режиссер жәрдемшісі, шалдау адам.
Аға кондуктор.
Кондуктор.
Вокзал қызметкерлері, жүргіншілер...[1]

[1] Сахнаға лайықтанған нұсқасы.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Оқиға Негинаның пәтерінде өтеді. Үй іші жұпыны

Домна Пантелеевна *(терезеден тысқа қарап сөйлеп)*. Бір үш-төрт күннен кейін кел; бенефист өткен соң төлейміз түгел! Ә? Немене дейсің? Өй, көк дүлей! Естімеуін қарашы. Бенефисіміз болады; бенефист өткен соң төлейміз деймін түгел. Кетті-ау, әйтеуір. *(Отырады.)* Қарыз да қарыз, қарыз да қарыз басып жатқан. Анаған бір сом, мынаған екі сом... Бенефист дегенмен түсім қанша болатынына кімнің көзі жетеді әлі. Қыстығүні болған бенефисте не бәрі қырық екі сом елу-ақ тиын түскен. Қырып-сыпырып алғанда болғаны-ақ сол. Жарымес бір купец шегір көк тасты сырға салыпты... адыра қалсын, кімге керек ол! Көрмегенім сол ма екен! Қазір мынау жәрмеңкенің үстінде екі жүздің өзін түгел алармыз деймін. Ойбай-ау үш жүздің өзін де аласың, бірақ қолыңда тұра ма десеңші; саусағыңның арасынан судай ағып кетеді. Менің қызыма бақыт қайда! Өзін-өзі қылыштың жүзіндей-ақ ұстайды, жұртқа сонда да жақпайды. Көз сүрінерлік сыйлық алып көрген емес. Әлгі бір, неткенде бүйтіп, былай бір болады ғой... Ол болған емес, мысалы князь. Оған не қымбат, не қиын! Болмаса анау Иван Семеныч Великатов... жалғыз қант заводтарының өзі бәленбай миллионға тұрады дейді. Осындайда бір-екі бас қант жіберсе ғой, бізге көпке жетеді. Кеңірдектерінен ақшаға батып отырып, сорлы қызға бірі қарасайын демейді. Мен әлгі купец дегендерін ауызға алғым да келмейді — олардан неңді аласын! Олар театрға

да келмейді. Кейде бір құтырынған біреуін құйын айдап келмесе, жоламайды. Ондайлардан жүгенсіздіктен басқа күтерің де жоқ. *(Нароков келеді.)* Ә, Прокофьич! Қош келдің!

Нароков. Аманбысың Прокофьевна!

Домна. Мен Прокофьевна емес, Пантелеевнамын.

Нароков. Е, мен қашан Прокофьич едім! Мен Мартын Прокофьичпын.

Домна. Ах, кешіріңіз, артист мырза!

Нароков. Егер менімен сен деп сөйлескіңіз келсе, тұп-тура Мартын деңіз, сыпайырағы осы болады. Прокофьевич деген немене? Дөрекі, мадам, тіпті дөрекі!

Домна. Әкем-ау, сені мен біз кішкене адамдар емеспіз бе, бізге сол сырлап-сыпайысудың не керегі бар?

Нароков. Кішкене адам! Ғафу етіңіз, мен кішкене адам емеспін.

Домна. Онда үлкен адам болғаның ба?

Нароков. Үлкен адам.

Домна. Ендеше, бұдан былай білетін болдық. Сен үлкен адам, біздей кішкене адамдарға не жұмыспен келдің?

Нароков. Сөйлесу түрін осыдан өзгертпейміз бе, Домна Пантелеевна? Сізге бұл қалжың құмарлық қайдан пайда болып жүр?

Домна. Мінім-ақ шығар, несін жасырайын, қашаннан бері осылаймын да. Қалжыңды жақсы көрем. Сенімен сөйлескенде несіне қысылайын.

Нароков. Сізге бұл қалжың құмарлық қайдан пайда болды деймін? Сүйекке біткен бе, тәрбие арқылы пайда болған ба?

Домна. Не айтайын мына кісіге... қайдан болушы еді? Анау-мынау, оны-мұнының бәрі қайдан пайда болады? Бар өмірім кедейлікте, мещандардың арасында өтті; құдайдың құтты күні есітітінің боқтық, одан құлағың босаған емес. Мен бір пансионнан шығып па ем, мені бір мадам тәрбиелеп өсіріп пе еді? Біз деп аталатын жұрттың бар өмірі боқтық-боқтастың ортасында өтеді. Әдеп, сыпайлық деген байлардың ойлап шығарғаны емес пе...

Нароков. Дұрыс. Енді түсіндім.

Домна. Көрінгеннің бәріне қалай иіліп-сызылып қаларсың. Көрінген дегенімнің атын да айтып жіберер ем, көңіліңе келіп қалар... Кім көрінгенге қайтіп «сіз» деп тұрарсың?

Нароков. Ие, жабайы жұрттың бәрі сен деп сөйлеседі.

Домна. «Жабайы жұрт!» Айтарсың! Сен қайдан келген мырзам едің?

Нароков. Мен мырзамын, нағыз мырзаның өзімін... Жә, кел, сен деп-ақ сөйлесейік. Одан шошынатын түгім жоқ.

Домна. Шошынатын не тұр? Сенің мырзалығың қай жеріңде?

Нароков. Мен саған Лирше айтайын: тұла бойымда түгел мырзалық. Мен оқыған адаммын, жоғары дәрежелі мектепте оқыдым. Мен бай да болдым.

Домна. Сен бе?

Нароков. Ие, мен!

Домна. Уа, шіркін-ай!

Нароков. Ант іш, олда-білдә деп, айт деймісің?

Домна. Жоқ, оның керегі не. Ант ішпей-ақ қой, былай да иланам. Бірақ, сен неліктен «шуфлер» болып жүрсің?

Нароков. Мен шу-фылор да, сифлор да емеспін. Керек болса суфлер да емеспін: мен режиссердің жәрдемшісімін. Осындағы театр бір кезде менікі болатын.

Домна *(таңданып.)* Не дейді! Сенікі ме?

Нароков. Мен ол театрды бес жыл ұстадым. Гаврюшка онда хатшым еді менің, актерлердің сөзін көшіретін.

Домна. Гаврила Петрович пе? Кәдуілгі осындағы ампренер ме?

Нароков. Тап өзі.

Домна. О, жазған басым. Солай еді де! Театр жұмысында саған да құдай бақ бермеп еді десеңші! Солай ғой?

Нароков. Бақ! Мен бақты қайда қоярымды білмеген күндерім болды. Қанша болғанын содан байқа!

Домна. Онда сен неғып құлдилап кеттің? Ішкен боларсың? Ақшаңды қайда шаштың?

Нароков. Мен ешуақытта ішкен емеспін. Мен бар ақшамды бақ жолына сарп еттім.

Домна. Өйткендей, сенің бағың қандай болғаны сонда?

Нароков. Мен ең сүйген ісімді істедім, менің бағым сол еді. *(Ойға кетіп).* Мен театрды сүйем, мен көркемөнерді сүйем, мен артистерді сүйем, түсінемісің? Мен бар мүл-

кімді саттым да көп ақша жинап алып, театрға жұмсадым. Бұл бақыт емес пе? Осындағы театрды жалдап алып, жалт еткізіп, жаңартып шықтым: декорациясын да, киімін де, бәрін де. Жақсы артистерді жинап алдым. Жұмақта тұрғандай жан рахатын таптым. Түсім бар ма, жоқ па, мен оған қараған емеспін. Бәріне де еңбекақыны мол-мол кесіп, уақытында беріп тұрдым. Осындай рахатта бес жыл сайрандағаннан кейін, бар ақшамның сарқылып бара жатқанын көрдім. Ойын мезгілі аяқталарда бар артистің есебін беріп, үлкен бір қоштасу қонағын өткізіп, әрқайсысына айта жүргендей сыйлық жасадым...

Домна. Ал, содан кейін?

Нароков. Содан кейін менің театрымды Гаврюша алды. Енді мен оған қызмет ететін болып қалдым. Ол маған аз ғана еңбек ақы төлейді, тиындап-тебендеп жәрдем етеді. Не бәрі осы-ақ сүйіктім.

Домна. Күніңді осымен ғана көремісің?

Нароков. Жо-жоқ. Қу құлқынға мен қайдан да болса табамын. Сабақ берем, газеттерге жазып тұрам, аударамын. Гаврюшкеге қызмет ететін себебім — театрдан кете алмаймын, көркемөнерді ерекше сүйемін. Міне, сол оқыған, нәзік сезімді адамыңыз осы күні өңкей бір топас адамдардың ортасында қалды, артистік сезімді күнде жаралайтын дөрекі сөздер естиді. *(Столға барып.)* Мынау не кітаптар?

Домна. Саша оқып жүр ғой осы күні. Бір оқытушы келіп жүр еді.

Нароков. Оқытушы? Қандай оқытушы?

Домна. Студент Петр Егорович. Білетін де боларсың?

Нароков. Білемін. Қақ жүрегінен қара қанжар қадалсын оның!

Домна. Мұның қай қаталдық?

Нароков. Түк аярым жоқ.

Домна. Қанжар сұқпай тұра тұр, ол Сашаның күйеуі болады.

Нароков. Күйеу?

Домна. Түбінде не боларын құдай біледі, әзір күйеу деймін. Қызым бір жерде танысқан екен, содан бері келетін болды. Солай болғасын, кімім дерсің, күйеуіміз деймін. Әйтпесе, әйтпесе, көршілердің қалай ысқыратынын білесің ғой! Шынында да жақсы бір орын тапса, қызымды соған беремін. Осы күні күйеуді қайдан таппақсың? Бір бай ку-

пец кездессе екен-ау. Олардың жақсылары да ала қоймайды, жаманына кездессең, қып-қызыл сор. Саша мына жігітті жақсы көреді: өзі момын бала, ондай жігітке қыз берсе, несі бар? Берем.

Нароков. Қызым сүйеді деймісің? Қызың соны сүйе ме?

Домна. Сүймейтін несі бар? Жас қызға театр маңында сілікпеге түсіп жүрудің не керегі бар! Өмірге арқау болатын не алады одан?

Нароков. Сен де осылай ойлап, осыны айтамысың?

Домна. Ие, мен осыны айтамын, алдақашаннан бері осына айтамын. Жамандықтан басқа түк жақсылық шықпайды бұдан.

Нароков. Сенің қызың талант: ол сахна үшін туған емес пе!

Домна. Сахна үшін туғанына дау бар ма! Оны кішкене күнінде-ақ театрдан сүйреп шығара алмайтын едім. Шымылдықтың ар жағына барып, қалш-қалш етіп, тұрып алатын. Әкесі байғұс музыкант еді ғой, сыбызғы тартатын. Ол театрға жөнелсе, қызым әсте қала алмайтын. Сахнаның сыртында бірдемеге жабыса қалып, демін алмай, қатып қалатын.

Нароков. Көрдің бе, әне! Оның орны сахнада ғана.

Домна. Одан артық орын бар деймісің оған!

Нароков. Қызыңның от жалынды құмарлығы бар сахнаға, түсінемісің, құмарлығы бар! Өзің де айтып отырсың ғой!

Домна. Құмарлығы болса қайтейін, онда тұрғанда түк жақсылық жоқ. Мақтайтын дәнеме жоқ. Театр мына сен секілді үйсіз-күйсіз, қаңғыманың орны.

Нароков. О, дүлей надандық! Қара жүрегіңе қанжар қадалсын сағасынан!

Домна. Әй, қоя тұршы қанжарыңды! Сендердің сахналарыңда да іліп алар дәнеме жоқ. Мен қызымды байға беру жағына бейім ұстаймын. Осы күні қызға жабыса кететіндер де көбейіп алыпты. Жабыса кетіп, қайдағы жоқ пәлені сыбырлайды құлағына... Ана князь Дулебовты қарасайшы, о да жармасып жүр, енді қартайғанда қызға қырындамақ. Жақсы ма осы? Не айта аласың, кәне?

Нароков. Князь Дулебов? О, қара жүрегінен қанжар қадалсын оның!

Домна. Жұрттың бәрін қанжарлап болдың, әйтеуір. Көп боп кетіп жүрмесін. Бірақ бәрі де тірі ғой, әзір?..

Нароков. Тірі болмағанда қалай? Бәрі де тірі, денсаулықтары құдайға шүкір, құдай өмір жастарын ұзақ қылсын. *(Тетрадь ұсынып.)* Мә, мынаны Сашаға берерсің.

Домна. Мұның немене?

Нароков. Бұл — Сашаның ойнайтын ролі. Саша үшін өзім көшірдім.

Домна. Мынауың бір ерекше ғиззат екен... жұқа қағазға жазылыпты, ал қызыл таспамен байланыпты...

Нароков. Әрине, солай. Бер өзіне. Несін әңгіме қылласың!

Домна. Кедей бола тұрып, осынша кербездіктің керегі не? Үзіліп кетпей-ақ қойсаңшы. Мынаған ғой, қалтаңды қағып бердің?

Нароков. Қалтамды қағып берсем, несі бар? Таза жанды Сашаның үлбіреген әдемі қолына жалбаланған кірлі қағазды қалай бермекпін?

Домна. Жоқ, осының не керегі бар, неменеге? Осының немене, өзі?

Нароков. Сен неменеге таңданасың? Таңданатын дәнеме жоқ. Тап осылай болуы керек, өйткені мен Сашаға ғашықпын!

Домна. Әкем-ау, мынау не дейді? Ең қызығы енді келеді екен ғой! Ойбай-ау, сен шал емеспісің! Кәрі сайтан сенікі не? Саған қандай ғашықтық керек?

Нароков. Саша жақсы емес пе? Айтшы өзің, жақсы емес пе?

Домна. Ие, жақсы. Бірақ саған одан не түседі?

Нароков. Е, жақсыны кім сүймейді? Жақсыны сен де сүйесің. Сенің ойыңша, адам біреуді жақсы көрсе, «ап!» деп асай қоя ма? Менің жаным нәзік жаралған. Сен оны қайдан түсінейін деп ең!

Домна. Енді түсіндім, есер екесің.

Нароков. Түсінгеніңе құдайға шүкір. Есер екенімді мен өзім де білем. Есер деп, мұқатқаның ба ол мені?

Домна *(терезеге барып.)* Князь келіп қалды білем. Ие, сол екен.

Нароков. Жә, мен кетейін ас үй арқылы. Сау болыңыз, мадам.

Домна. Сау болыңыз, мусье... *(Нароков кетеді. Дулебов пен Бакин келеді.)* Үйде жоқ, жоғары мәртебелі князь, ғафу етіңіз. Саша бір жаққа кетіп қалып еді.

Дулебов. Оқа емес, мен күте тұрамын.

Домна. Еркіңіз білсін, князь.

Дулебов. Сіз өз жұмысыңызды істей беріңіз. Маған айналмаңыз, мен күте тұрамын. *(Домна кетеді.)*

Бакин. Түйісіп қалдық-ау, князь.

Дулебов. Оқа емес. Екеуіміз де сиятынбыз ғой бұл үйге.

Бакин. Жоқ, Қалай болған күнде де екеуміздің біріміз артықбыз. Сол артық адам әрине — мен. Маған деген бақ ылғи осылай келеді. Жаңа Смельскаяға барсам, онда Великатов отыр, тіпті тіл қатпайды. Тырс етіп үндемейді де.

Дулебов. Ол үндемесе, сіз бастасаңыз етті. Сіз жақсы сөйлесе білесіз. Олай болса, ұтатын жақ сіздің қолда емес пе?

Бакин. Олай бола бермейді ғой, князь. Менің сөйлесе білгенімнен гөрі Великатовтың үндемегені анағұрлым салмақтырақ қой.

Дулебов. Ол неліктен?

Бакин. Өйткені, ол бай адам. «Малдымен тіреспе, әлдімен күреспе» деген орыстың мақалы болғандықтан, мен жалт беріп тайып отырам. Великатов бай, сіз болсаңыз сүйкімділік пен жағымдылықтың адам аспас асқарысыз. Оңалмас жол осылай түспек қой.

Дулебов. Жә, сізге қару болатын қасиет қайсы дейміз сонда?

Бакин. Ол — өжеттік, князь, өжеттік. Өжеттік алмас қорған жоқ деуші еді ғой.

Дулебов. Қорғанды алу оңайырақ та болатын шығар... Бірақ, енді ол өз жұмысыңыз. Жығылам деп қауіптенбесеңіз, өжеттікті сынамайтын не бар.

Бакин. Мен сүйкімді көрінем деп жағынып, жалбарынғанша, тұяғым ілікпей-ақ қалғанын артық көрем.

Дулебов. Әркімнің өз жамбасы бар...

Бакин. Сыйпап-сылап, еркелетіп-аялап, серінің заманын тірілтуді біздің қыздар үшін мен артық құрмет көрем.

Дулебов. Әркімнің өз көзқарасы бар.

Бакин. Менімше, мынадай ғана жарнама жасасам, жетіп жатыр: «мен, міне, тап өзің көріп тұрғандаймын; сізге мынаны ұсынам, мынаны ұсынам; қалай, сіз мені сүйесіз бе, сүйе алмайсыз ба?»

Дулебов. Бірақ мұныңыз әйелдерді қорлау болады емес пе?

Бакин. Ол жағы өздерінің жұмысы: қорлық көре ме, көрмей ме, онда менің жұмысым жоқ. Әйтеуір, мен алдамаймын. Қаптаған жұмыстан мұрын сіңбірерге уақытым болмай жүріп, мен шын ғашықтыққа қалай салынбақпын? Ендеше мен өтірік ғашықпын деп қалай алдай алам? Өйтер болсам, қолдан келмес бір үміт туғызып алып жүрсем қайтпекпін? Шіркін, басы ашық келісімге жететін не бар дейсің.

Дулебов. Әркімнің мінезі әртүрлі ғой. Бірақ, тәңір жарылғасын, Великатов дегенің кім, соны айтшы?

Бакин. Ол туралы сіз қанша білсеңіз, мен де сондайақ білемін. Асқан бай. Көрші губернияда ұшы-қиыры жоқ жері бар. Қант заводы, тағы да жылқы заводы, оның үстіне арақ-шарап заводы бар. Мұнда ол жәрмеңкеге келеді. Ат сата ма, сатып ала ма, ол арасын мен білмеймін. Оның қыздармен қалай сөйлесетінін де білмеймін. Ал. біздің арамызға кіргенде көбінесе үн шығармайды.

Дулебов. Өзі сыпайы адам ба?

Бакин. Өте сыпайы. Ешуақытта да таласпайды, кім айтса да көне кетеді. Сенімен шын сөйлесіп отыр ма, болмаса қалжақ етіп отыр ма, онысын да түсіне алмайсың.

Дулебов. Өте сыпайы екен.

Бакин. Сыпайы болғанда қандай! Театрдағы адамның бәрінің атын біледі. Кассирді де біледі, суфлерді де біледі, ең аяғы бутафорды да біледі, бәріне де қол беріп амандасады. Ал енді кемпірлердің басын айналдырып алғанын тіпті сөз қылмаңыз. Бәрін де біледі, бәрінің де мұңмұқтажына ортақ. Қысқасы қай кемпірге болса да бала, бала болғанда ең әдепті, ең бір қылт еткізбей тұратын бала.

Дулебов. Жастар жағына онша еңкеймейтін, бейімделмейтін адам болу керек. Солай ма?

Бакин. Ол жағынан қауіптенбеңіз, князь. Ол сізге қауіпті бақ емес. Ол жастардан шеттеп жүреді, өзі бастап соқтықпайды. Егер өзіне біреу тіл қата қалса, не бұйырасыз, не қажет еділен басқа сөзі жоқ.

Дулебов. Мүмкін мұнысында бір есеп болар, өзіне жұрттың көңілін аударайын дейтін шығар?

Бакин. Оған оның керегі не? Ол ертең, арғы күндер кететін адам.

Дулебов. А... Солай ма?

Бакин. Сөз жоқ. Оны маған өзі айтты. Жүруге әзір отыр.

Дулебов. Әттеген-ай, кетіп қалады деңіз!.. Өзі бір соқпасы жоқ, тыныш, өте сүйкімді адам екен.

Бакин. Оның салмақтылығы тоғышарлығынан ғой деймін. Ақылды бүркеп бола ма, бірде болмаса бірде жарқ етпес пе еді. Ол ылғи үндемейді, олай болса, асқан ақылды емес. Бірақ ақымақ та емес. Өйткені, орынсыз қалжыраганнан да үндемегенді тәуір көреді. Әкеден қалған байлықты шашып-төкпей сыпайы қалыпты сақтауға қанша ақыл-өнер керек болса, онікі де дәл сонша ғой, деймін.

Дулебов. Әкесі оған берекесі кетіп бүлінген шаруаны қалдырып еді, ол оны көтеріп экетті, әңгіме осында емес пе.

Бакин. Е, күнделіктің есебін білетін болар.

Дулебов. Күнделіктің есебінен басқасы да болар. Сонда ол тіпті ақылды адам болып шығады.

Бакин. Олай деуге түк сенімім жоқ. Бірақ, маған бәрібір, мейлі ақылды болсын, мейлі ақымақ болсын. Жалғыз-ақ сонша бай болуын жаратпаймын да.

Дулебов. Оныңыз қалай?

Бакин. Шыным сол. Кейде, ол кедей болып, мен бай болсам, қандай жақсы болар еді деген ой келеді.

Дулебов. Олай болғаны сіз үшін жақсы болатыны рас қой, ол үшін қалай болар?

Бакин. Е, ол жатқанынан тұрмасын. Онда менің не жұмысым бар? Менікі өз мұңым. Ал енді іс жайына келейік: мен сізбен жағаласпай-ақ босатам орнымды. Көріскенше сау болыңыз, князь!

Дулебов *(қолын беріп)*. Қош болыңыз, Григорий Антоныч! *(Бакин кетеді, Домна Пантелеевна келеді.)*

Домна. Кетіп қалды ма, күте алмады ма?

Дулебов. Сіз мына пәтерге қанша төлейсіз?

Домна. Он екі сом, жоғары мәртебелім...

Дулебов *(бұрышты нұсқап)*. Дымқос болар өзі.

Домна. Пәтер де ақшасына қарай болад та.

Дулебов. Пәтерді жаңалауларыңыз керек. *(Екінші есікті ашып)*. Мұнда не бар?

Домна. Сашаның бөлмесі. Оң жағыңыздағы — менің бөлмем, анау — ас үй.

Дулебов *(өзіне)*. Тар екен. Ие... әрине, бұлай тұруға болмайды.

Домна. Әл-ауқатымызға қарай, жоғары мәртебелім...

Дулебов. Тәңір жарылқасын, өзіңіз түсінбейтін нәрсені сөйлемеңіз. Жақсы артисткаға бұлай тұруға болмайды. Болмайды деймін мен сізге, болмайды. Бұлай тұру келіспейді.

Домна. Оған шамамыз қайсы? Киретін кіріс, түсетін түсім қайсы деймін?

Дулебов. Сіздің түсіміңізде біздің не жұмысымыз бар?

Домна. Жоқ-ау, ол қайдан келеді деймін, жоғары мәртебелім...

Дулебов. Қайдан келеді. Онда жұрттың не жұмысы бар? Қайдан алсаңыз, содан алыңыз. Бірақ, бұлай тұруға болмайды... Бұл, бұл... Тіпті келіспейді. Әр жағын қайтесіз сөз қылып.

Домна. Тым болмаса, еңбек ақы болса екен-ау...

Дулебов. Еңбек ақы ма, басқасы ма, ол сіздің өз жұмысыңыз.

Домна. Бенефисте де түсім аз, тіпті жаман.

Дулебов. Оған кім айыпты? Бенефисте түсім мол болу үшін жақсы таныстықтар керек. Таныс бола білу керек, әркімнің қыбын таба білу керек... Мен сізге, өзіңізге тартатын он шақты кісіні айта алам. Солардың қыбы табылса, бенефист те түсімді мол береді: бәйгесі бар, сыйлығы бар, түспейді тәңірі. Бұл оңай жұмыс, оны жұрттың бәрі біледі. Тәуір адамдарды үйге келтіретін болыңыз... Мынау үйдің қай жеріне келеді? Мұндай үйге кім келмек?

Домна. Жұрт дегеніңіз Сашаны әшейінде ұнататын сияқты. Ал бенефист болса, ешкім жуымайды, шақырып келтіре алмайсың.

Дулебов. Ол қандай жұрт? Гимназист, семинарист, лавкеші, ұсақ чиновниктер — оларыңыз! Олар алақаны тесілгенше қол шапалақтап Негинаны он рет сахнаға шақырады. Бірақ, ол соғылғандарың сынық күреш бере ме екен, сірә!

Домна. Оныңыз рас, жоғары мәртебелім. Әрине, таныстық дегеніңіз етек алып жатса, іс басқаша болар еді.

Дулебов. Әрине, солай. Жұртты кінәлап болмайды. Жұрт ешуақытта да кіналі бола алмайды. Кәдуілгі жұртшылық пікірі дегеніңіздің өзі сол ғой, оны кіналасақ, күлкі болар едік. Сол жұрттың бейілін аударып ала білу керек, ол сені сүйетін болсын. Сіздің қызыңыздың айналасында бай жастар дөңгеленіп жүрсін де, шын достары мына біз сияқты байсалды адамдар болсын. Біздің бәріміз де ұзақ

күнге қолы босамайтын адамдармыз: біреудің үй ішілік жұмысы бар, біреудің шаруашылық жұмысы бар, енді біреудің қоғам жұмысынан қолы босамайды. Біздің бар бос болатын кезіміз кешкі бірнеше сағат қой: соны өткізетін ең қолайлы жер жас артистканың үйі болу керек емес пе! Біреу шаруашылық жұмысының азабынан, біреу басқаратын кеңсесінің, я болмаса, ауданының күн бойғы әлегінен босап, дем алады.

Домна. Бұл айтқандарыңыздың жайын мен онша ұға алмаймын ғой, князь. Осы сөздеріңізді Сашаға айтыңыз.

Дулебов. Айтамын, сөзсіз айтамын. Әдейі соны айтуға келіп отырмын.

Домна. Өзі де жүгіріп келе жатыр екен.

Дулебов. Ал енді сіз бізге оралғы бола көрмеңіз бірақ.

Домна. О не дегеніңіз, өз қызыма өзім жау деймісің мені? *(Негина келеді.)* Сен неғып кешігіп қалдың? Князь сені көптен күтіп отыр. *(Қызының киімдерін алып кетеді.)*

Дулебов *(Негинаның қолынан сүйіп)*. Қуанышымай, көп күттірдің ғой.

Негина. Кешіріңіз, князь. Әлі сол бенефист жайында жүгіріп жүрмін, азап болды өзі! *(Ойланып қалады.)*

Дулебов. Не дейсіз, достым-ау...

Негина. Сізге не керек?

Дулебов. Сіз соңғы ойнаған пьесаның аты немене еді, әлі?..

Негина. «Уриель Акоста».

Дулебов. Ие, ие. Сіз тамаша ойнадыңыз сонда, тамаша. Сезім қандай, адамгершілік қандай! Ойыны жоқ, тамаша ойнадыңыз.

Негина. Рахмет, князь.

Дулебов. Осы күні бір адам түсінбейтін пьесалар жазылып жүр. Түгіне түсінбеймін.

Негина. Бұл пьеса ерте жазылған.

Дулебов. Ерте? Кім жазған өзін, Каратыгин бе, Григорьев пе?

Негина. Жоқ, Гуцков.

Дулебов. А, Гуцков па... білем, білем. Оның тағы бір тамаша комедиясы да бар ғой: «Орыс жақсылықты ұмытпайды» деген.

Негина. Ол Полевойдікі, князь.

Дулебов. Ие, ие, сонікі екен ғой, мен жаңылған екем... Полевойдікі. Николай Полевой, мещандар арасынан шыққан. Өз бетімен оқып французша үйренген, француздардан ұрлап ғылым кітаптарын жазған... Содан соң біреумен таласып, ғалымдармен бе, профессормен бе, әйтеуір біреумен... Одан кейін не болсын, келіспейтін де іс қой! Содан кейін оған ғылым кітаптарын жазуды тоқтаттырған болатын. Водовиль жазуды кеңес еткен. Кейін ол содан көп ақша тауып, алғыс айтып жүрді: өзім мұны ойлап таба алмас едім деп жүрді. Сіз неге мұңаюлысыз?

Негина. Жұмысым көбейіп кетті, князь.

Дулебов. Сұлуым, сізге шат болу керек, ойланатын кезіңіз болған жоқ әлі. Өзіңізді өзіңіз алдандырып, бірдеңемен көңіл көтеретін болыңыз. Жаңа біз сіздің шешеңізбен сөйлестік...

Негина. Не жайында, князь?

Дулебов. Сіздің жайды, қымбаттым; басқа ненің жайын болсын! Сіздің пәтеріңіз жақсы емес... Өзі артистка, өзі әдемі жас қызға мұндай үйде тұруға болмайды, бұл келіспейді.

Негина *(жәбірленіп)*. Пәтерім жаман ба? Жаман болса қайтейін? Бұдан жақсырақ пәтерлер болатынын мен өзім де білем... Сіз, князь, мені аясаңыз кедей екенімді есіме салмасаңыз етті. Кедей екенімді, сіз айтпасаңыз да, сағат сайын, минут сайын сезем.

Дулебов. Мен сізді аямаймын ба? Сұлуым, мен сізді қатты аяймын.

Негина. Оныңызды сездірмесеңіз екен, ішіңізден аясаңыз екен, князь. Сіздің аяғаныңыздан келер маған түк пайда жоқ. Оныңызды естіп отыру — жәбір. Сіз менің пәтерімді жақсы емес деп табасыз, менімше, бұдан артық пәтердің маған керегі де жоқ, өзіме осы үй ыңғайлы. Сізге менің пәтерім ұнамайды, сізге мұндай үйде болу ұнамайды. Ал сізді күштеп әкеліп жүрген де кісі жоқ қой.

Дулебов. Қызбаңыз, қызбаңыз, қуанышым! Сіз түгел тыңдап, сөздің байыбына бармай жатып, сізге жан-тәнімен берілген адамға ашулана бастадыңыз. Олай етуге болмайды...

Негина. Сөйлеңіз ендеше, мен тыңдадым.

Дулебов. Мен әдепті адаммын, мен ешуақытта жәбірлемеймін. Менің әдептілігім жұртқа мәлім. Егер менде бір ой болмаса, мен сіздің пәтеріңізді сөкпеген болар едім...

Негина. Ол не ой, князь?

Дулебов. Мен сізге бұдан анғұрлым артық пәтер ұсынғым келеді.

Негина. Тап осының бағасына ма?

Дулебов. Бағасында жұмысыңыз болмасын.

Негина. Мен түсіне алмадым, князь.

Дулебов. Міне көресіз ғой, ардақтым, мен өте ақпейіл адаммын. Жұмсақпын, мұным да жұртқа мәлім. Мен осы жасқа келгенімше нәзік сезімді балғын күйінде сақтаған адаммын... Мен осы күні де жас жігіттей құмарта алам...

Негина. Оныңызға қуанамын. Бірақ, осының бәрінің менің пәтеріме қандай қатынасы бар?

Дулебов. Онда түсінбейтін не тұр, сіз тіпті байқамайсыз ба? Мен сүйемін сізді... Сізді еркелету, әлдилеу мен үшін өлшеусіз жан рахаты болар еді... Осы менің керегім... Менің керегім... Менің жанымда өте көп нәзіктік бар. Маған біреуді еркелету керек, онысыз мен тұра алмаймын. Келіңізші бері, балапаным!..

Негина *(түрегеліп)*. Сіз естен айрылған боларсыз!

Дулебов. Мұныңыз дөрекі шықты, дөрекі шықты, достым!

Негина. Сізге бұл ой қайдан келіп жүр? Құдай, сақтай гөр! Мен сіздің олай ойлауыңызға ешбір дерек берген емеспін! Осыны айтуға батылыңыз қалай барып отыр?

Дулебов. Ақырын, достым, ақырын.

Негина. Бұл немене? Біреудің үйіне келіп алып, басы жоқ, аяғы жоқ, жанға жәбір ақымақтық айтпақ па едіңіз!

Дулебов. Ақырын, тәңір жарылғасын, ақырын! Бұлай сөйлесуге сіз әлі жассыз.

Негина. Тапқан екенсіз! «Сіз әлі жассыз!» Ендеше, жастарды қалай болса солай жәбірлей беруге болады ғой, сірә? Олар үндемеу керек қой?

Дулебов. Мұнда тұрған қандай жәбір бар? Күнде болатын істің бірі. Сіз өмірді де білмейсіз, тәрбиелі қоғамда да болып көрмегенсіз, сондықтан құрметті адамның бірін бас салып, мінеп жатырсыз! Қалайсыз өзіңіз! Сіз мені жәбірледіңіз!

Негина *(жылап.)* Құдайым-ай, не айтайын. Жоқ, бұған шыдар шамам жоқ.

Дулебов. Әр нәрсенің өзіне лайық келісімді түрі бар, құрметті қаншам! Сіз дені дұрыс тәлім-тәрбие алмаған екенсіз. Сізге менің ұсынысым ұнамаған күнде де, сіз маған алдаразы болсын айтып, қабылдамайтыныңызды сыпайы түрде білдіріп, ең болмаса, қалжыңға айналдыруыңыз керек емес пе еді!

Негина. Ах, тәңір жарылғасын, менде жұмысыңыз болмасыншы. Маған сіздің әдеп салтын үйреткеніңіздің керегі жоқ. Мен не істейтінімді өзім де білем. Не жақсы, не жаман екенін де білем. Құдайым-ай, қайтейін!.. Мен сіздің даусыңызды естігім келмейді.

Дулебов. Ал сіз неге айғайлайсыз?

Негина. Неге айғайламайым? Мен өз үйімдемін, кімнен қорқам?

Дулебов. Жақсы! Қуанышым, тек мынаны есіңізде ұстарсыз — мен жәбірді ұмытпаймын.

Негина. Жақсы, жақсы ұмытпассың.

Дулебов. Ғафу етіңіз, мен сізді тәлім-тәрбие алған ба деп ойлап едім. Мен сізді аспазшы әйелдерге ұсап, болмашыдан ыршып, болмашыға жылай бастар деп ойлаған жоқ едім.

Негина. Жақсы, жақсы, мен-ақ апазшы болайын. бірақ, менің адал болғым келеді, былғанбаймын. *(Домна көрінеді.)*

Дулебов. Олай болса, құтты болсын! Бірақ, жалғыз адалдық аз болады: оның үстіне, соңынан жылап жүрмес үшін, ақылдырақ, сағырақ, әдептірек болу керек. Маған билет жібермеңіз, мен бенефисіңізге бармаймын, уақытым жоқ. Егер барғым келсе, кассадан аламын билетті. *(Кетеді. Домна кіреді.)*

Домна. Бұл немене? Не болды өзі? Князь кетіп қалған ба? Ашуланып кеткен жоқ па, әйтеуір?

Негина. А, мейлі, ашулана берсін!

Домна. Саған не болған өзі! Жи есіңді! Алдыңда бенефист тұрғанын білемісің? Есің дұрыс па өзіңнің?

Негина. Амал қайсы сонда! Оның не айтқанын естімегесін айтасың ғой.

Домна. Онда сенің жұмысың қанша, айта берсін. Оның сүйгенінен сенің бірдемең кеміп қала ма?

Негина. Сіз оның не айтқанын білмейсіз. Басқаның жұмысына неңіз бар қатынасып?

Домна. Тіпті білемін, еркектердің не айтатынын тіпті жақсы білемін.

Негина. Соның бәрін үндемей-ақ тыңдай беру керек пе?

Домна. Тыңдаса несі бар? Шата берсін, сәе берсін еркінше, сен ішіңнен күле бер!

Негина. Үйретпеңізші жоқты! Қойыңызшы, тәңір жарылғасын! Өзімді өзім қалай ұстау керек екенін білемін.

Домна. Көріпіп-ақ тұр білгенің: дәл бенефистің алдында сондай адаммен жанжалдасып қала ма екен!

Негина. Апатай, менің онысыз да жарым көңіл болып отырғанымды көресіз ғой. Мен дір қалтырап барам, байланыспаңызшы маған.

Домна. Жоқ, сен тоқтай тұр? Сен шешеңнің ақылын есті! Дәл бенефистің алдында керекті адамдармен кісі керісіп қала ма екен? Шыдай тұрсаң болмады ма? Бенифестен кейін ұрсыса бер, қанша ұрыссаң да, онда мен бір ауыз сөз айтпаймын. Өйткені, еркектерге ерік беріп қоя беруге болмайды, оларды шідерлеу керек. Мейлің, бақшаға қойған қарақшы де!

Негина. Апатай, жетті ғой енді.

Домна. Жоқ, тоқтай тұр! Сен бенефист алдында сыпайы болуың керек еді.

Негина. Мен ешкіммен ұрысқаным жоқ. Мен тек жәбірлендім де, енді менің мазамды алмаңыз дедім.

Домна. Міне ақылсыз, міне ақылсыз! Сен шамаң келгенше сыпайы болсаң етті... «жоғары мәртебелім, біз сізге қашан да ризамыз, біз сізге қашан да рахмет айтамыз, бірақ мұндай иттікті естігіміз келмейді!» десең, болмады ма? Біз де сіз ойлаған жерден шыға алмаймыз, сіз ойлаған мінездің адамы емеспіз де! Осы емес пе айтатын сөз! Әрі шын, әрі сыпайы!

Негина. Өткен іс өтті, енді әңгімелеудің не қажеті бар?

Домна. Мен болсам оқыған адам емеспін, бірақ кісімен қалай сөйлесуді білем. Сені әлі оқытушы оқытып жүр.

Негина. Енді оқытушыда неңіз бар? Сіз мұның бірін де түсінбейсіз, сондықтан, басқаның жұмысына араласпаңыз.

Домна. Түсінетін немене тұр? Кәдуілгі студент... Тапқан екеміз асқақтайтын нәрсені! Барон емес қой бір! Студент дегенді көргеміз... сөзден басқа түгі жоқ... тыр жалаңаш, көк тірнек. Қоқырайғаннан басқа несі бар? Ең болмаса үсті-басы да бүтін болса екен!

Негина. Оның сізге не жазығы бар істеген? Не күнәсіне күйдіріп жатырсыз? Мені не күнәм үшін азаптай бересіз?

Домна. Әрине! Ұсынсаң қолың жетер ме! Ол туралы сөйлеуге де болмайды! Жоқ, айналайын, мені ешкім де тізгіндей алмайды. Ұрысқым келеді екен, ұрсам да салам, көзіне ұрсам. Нағыз жанға тиетін жәбір сөздерді теріп алып, тасқа басқандай етіп айтам, шешеңмен жанжалдаспау керектігін сен де біліп қой.

Негина. Кетіңізші!

Домна. Мынаны қара тағы: кетіңіз дейді! Кетсең өзің кет, менімен сыйыса алмасаң!

Негина. Әне, біреу келе жатыр білем. Апатай, бара тұрыңызшы. Екеуміздің ақылға толы әңгімемізді есіту ешкімге де қажет емес!

Домна. Олай болса, тіпті кетпеймін. Қарай гөр сен мұны! Өз шешесін өзі жер-жебіріне жетіп жәбірлейді де, оның үстіне тағы да ұпайы кеткен адамымсиды! «Ақылға толы әңгімемізді» дейді. Мен сенің әлгі сабалақ бас студентің мен екеуіңнен ақымағырақ емеспін. *(Негина терезеге қарайды.)*

Негина. Великатов екен! Біздің үйге бірінші келуі, біз болсақ, мынау...

Домна. Ол үшін уайым жемеңіз, сударыня, мамзель Негина, атақты артистка! Кісімен сөйлесуді біз сіздей білетінбіз... Бірақ жаңағыңды есіңе бір салармын.

Негина. Қасында Смельская бар екен.

Домна. Ие. Сенен басқалар біледі...

Негина. Аттары қандай, аттары қандай еді!

Домна. Смельская атпен сырғытып жүреді, біз болсақ — жаяу. *(Смельская мен Великатов келеді.)* Қош келдіңіз, келіңіз, Нина Васильевна.

Смельская. Есенсіз бе, Домна Пантелеевна! Сіздің үйге қонақ әкелдім: Иван Семеныч Великатов *(Великатов басын иеді.)*

Домна. Ах, сізбен танысу сондай көңілді біз үшін. Сізді мен көптен білемін, театрда жиі көремін, бірақ, танысуға тура келмеп еді.

Смельская. Жақсымысың, Саша! Мен келейін деп жиналып жатыр ем, қалпағымды да киіп ем. Иван Семеныч келіп қалды. Маған ерді де, бұ да жүре берді. Сен ашуланып тұрмысың өзің? Бұл біздің мың құбылатын адам ғой...

Негина *(Великатовқа қолын беріп жатып)*. Қойыңыз... Мен қатты қуанам, Иван Семеныч, сіз әлдеқашан келетін жолыңыз бар еді.

Великатов. Бата алмадым, Александра Николаевна, мен бір қорғаншақ адаммын.

Смельская. Ие, өте қорғаншақ адамсыз, қатты ұқсайсыз!

Домна. Тап осыны бекер айтасың. Иван Семеныч жұрттың бәрімен де үйлесе кетеді, оны өзім көрдім. Тәкаппарлық деген бұл кісіде атымен жоқ.

Великатов. Атымен жоқ, Домна Пантелеевна.

Домна. Мен дұрысын айтқанды тәуір көрем.

Великатов. Мен де, Домна Пантелеевна.

Негина. Отырыңыз, Иван Семеныч.

Великатов. Ол үшін мазаңыз кете көрмесін, тәңір жарылғасын. Сіздердің өзара жұмыстарыңыз болуы мүмкін. Сіздер бізге алаң болмаңыздар. Мен Домна Пантелеевнамен сөйлесе тұрам. *(Отырады, Смельская мен Негина сыбырлап сөйлеседі.)*

Негина. Жай былай боп тұр, Нина...

Смельская. Нағып?

Негина. Не істеуге де білмей отырмын.

Смельская. Ал, енді не істеу керек сонда? Сен былай етсең қайтер... *(Сыбырлайды.)*

Домна. Сендер немене, сыбырласа қойғандарың? Осыны да әдептілік көремісіңдер?

Великатов. Бөгемеңіз, оларды, әркімнің өз жұмысы болады.

Домна. Қандай жұмыс! Түк те емес. Олардың не сөйлесіп отырғанын білем. Шүберек жайы. Сол олардың жұмыстары.

Великатов. Сіз бен біз үшін шүберек жайы түк те емес, әрине, ал олар үшін ең керектінің бірі.

Домна. Бенефиске көйлегі де жоқ, ақша да сондай...

Великатов. Олай болса оның аты түк те емес бола ма? *(Терезеге қарап.)* Мына тауықтар сіздікі ме?

Домна. Қайсысын айтасыз?

Великатов. Ана бір кохинхинскийлері.

Домна. Е, бізге кохинхинскийлер қайдан келсін! Екі пилянка, екі шпанка, бір орыс тұқымды қоразымыз болатын. Қораз емес, ақиық еді — бәрін ұрлап кетті.

Великатов. Сіз тауықты жақсы көресіз бе, Домна Пантелеевна?

Домна. Құс баласы дегеніңіз — менің бір құмарым. *(Мелузов келеді.)*

Негина *(Великатовқа)*. Таныстыруға лұқсат етіңіз. Петр Егорыч Мелузов. Иван Семеныч Великатов.

Смельская. Ах, Иван Семеныч, білесіз бе, Петр Егорыч — студент, Сашаның күйеуі.

Великатов. *(қолын беріп)*. Сізбен танысуды өте көңілді деп білем.

Мелузов. Сіз үшін мұнда тұрған не көңілділік бар? Бұл әшейін айтыла салатын сөз ғой. Таныстық — таныс болдық. Сол ғой не бәрі.

Великатов *(сыпайы)*. Тіпті дұрыс. Айтыла салатын сөздер тіпті көп, мен қосыламын сізге. Бірақ, менің жаңағы сізге айтқаным, ғафу етіңіз, бос сөз емес. Артистқалардың тәрбиелі адамдарға күйеуге шығуы — мен үшін өте көңілді нәрсе.

Мелузов. Олай болса, сізге рахмет айтамын. *(Великатовтың қолын қысады.)*

Негина. Жүр, Нина, мен саған қөйлегімді көрсетейін. Содан бірдеме шығарып болар ма екен, көрші. *(Великатовқа.)* Кешіріңіз, біз сізді қалдыра тұрамыз. Сізге көңілсіз де болмас, сіз оқыған адаммен сөйлесе отырасыз, ол бізбен сөйлесу емес қой. Апа, жүріңіз, шкафты ашып беріңізші. *(Бұлар кетеді.)*

Великатов *(стол үстіндегі кітаптарды көріп)*. Кітаптар, дәптерлер.

Мелузов. Ие, ептеп оқып жүрміз.

Великатов. Қалай, ілгерілеу де бар ма?

Мелузов. Басқалармен салыстырғанда деген сияқты, аздап бар.

Великатов. О да жарайды, Александра Николаевнаның уақыты да аз ғой. Күнде дерлік жаңа пьеса, ойынға әзірлену керек, киім жайын да ойлау керек. Сіз қалай ойлайтыныңызды білмеймін, мен осының бәрі де едәуір қиындықпен келеді ғой деймін. Рольмен бірге грамматиканы оқу солай болатын шығар.

Мелузов. Ие, оңай емес.

Великатов. Бері қалғанда, ұмтылуы бар, тіленуі бар, мұның өзі де — ұлы жұмыс. Атақ абыройы болсын!

Мелузов. Атақ не үшін болмақ?

Великатов. Адамгершілік ниет үшін. Артисткаға білім беріп, сабақ оқыту кімнің есіне келген!

Мелузов. Сіз күліп отырған жоқсыз ба, сірә?

Великатов. Ешқандай күлу жоқ. Айып етпеңіз, мен ондайға жоқ кісімін. Мен жастарды өте жақсы көремін.

Мелузов. Солай дейсіз бе?

Великатов. Олардың әңгімесін тыңдауды қатты ұнатам... жаныңды бір желпіп тастайды. Ойлары биік, адамгершілік қасиет жоғарыға тартады. Кейде күндеймін де.

Мелузов. Күндейтін мұнда не тұр? Сіздің ой-тілегіңіз биік болып, жоғарыға ұмтылуына кім бөгет?

Великатов. Бізге ол қайда! Бізді өмірдің күнделігі қажытады. Жұмаққа баруға мен де асықпын, бірақ күнәң жібермесе қайтерсін.

Мелузов. Сіздің қандай күнәңіз бар?

Великатов. Ауыр күнәларым бар. Дүниелік қамы, кіріс пен түсім, біздің күнә осы ғой. Қашан да қолға түсердің айналасында жүресің, жаның ұсақтай береді, биік тілек, жоғары ойлар басыңа келмейді де.

Мелузов. Сіз жоғары ойлар деп нені айтасыз?

Великатов. Жоғары ойлар деп адамгершілік қасиет өте көп болып, бірақ, орындалу оңайға түспейтін ойларды айтамын. *(Смельская мен Негина келеді.)*

Смельская. Айналайын, бұларың түкке тұрмайды, бұларыңнан түк шықпайды.

Негина. Мен өзім көріп тұрмын. Жаңадан тіктіруге қымбатқа түседі.

Смельская. Енді қайтпексің сонда? Онысыз болмайды ғой. Жүрелік, Иван Семеныч!

Великатов. Еркіңіздемін сіздің. *(Негинаға қолын ұсынады.)* Сау болып тұрыңыз.

Негина. Аттарыңыз қандай жақсы еді.Бірде бір мініп көрер ме еді.

Великатов. Қашан да әзір, тек бұйырсаңыз болды, Домна Пантелеевна, сау болыңыз. Сіз менің жеңешеме қатты ұқсайды екенсіз, мен сізді аз-ақ, аз-ақ жеңеше деп қалмадым. *(Бәріне қолын береді.)*

Домна. Солай ма екемін?

Великатов. Қатты ұқсайсыз. Тіпті таң қалып тұрмын. Аз-ақ жеңеше деп қалмадым.

Домна. Дей беріңіз, бөгеу болар не тұр.

Смельская. Ал, жүрдік. Қош бол, Саша, қош болыңыздар.

Великатов. Қош болыңыз, жеңеше. *(Смельская мен Великатов кетеді.)*

Домна. Қандай қалжыңбас еді! *(Негинаға.)* Сен оны менмен дейсің. Түк те менмен емес. Бұдан артық үйіріліп тұрған емен. *(Кетеді.)*

Негина *(терезеден қарап)*. Сырғытып жөнелгендерін қарашы. Неткен тамаша еді! Нина бақытты-ақ қой; мінезі қандай ақжарқын. *(Мелузов Негинаны құшақтайды.)* Тап бір аюдай құшақтайсың. Өлгендей жек көрем осыны. Жоқ, Петя, тимеші маған!

Мелузов. Саша мен сенен осы күнге дейін, тым болмаса, бір рет еркелік көрген емен. Қалыңдық пен күйеу деген осы болса, жақсы-ақ екен!

Негина. Кейін, Петя, кейін... азырақ есімді жиғызшы. Қазір менің уақытым жоқ ондайға.

Мелузов. Оған уақытың жоқ болса, кел сабаққа отыралық.

Негина. Қайдағы сабақ! Басыма бенефистен басқа түк кірмейді. Көйлек жоқ — әңгіме осында болып тұр.

Мелузов. Біз көйлек жайын кеңеспейміз, ол менің сабағым емес. Бұл жағынан сабақ беруге мен жарамаймын.

Негина. Қазір маған сабақ беруші емес, ақша керек, ақша.

Мелузов. Мен бұл жағынан да таза-тақырмын. Орын тауып алсам, жегіліп көрермін; сол кезде біз де кедейлік көрмей тұратын боламыз. Ал, қазір біз не істемекпіз? Саша, таптым, кел сырласайық!

Негина. Мен соныңнан тартынам, ыңғайсыз көрем.

Мелузов. Менен ұяламысың?

Негина. Жоқ-ә, әшейін ауыр да, көңілсіз көрінеді.

Мелузов. Ол сезімді жеңуің керек. Сен менен қалай өмір сүруді үйрет деп сұрадың ба? Олай болса, сен қалай сезінесің, қалай сөйледің, не істедің, соның бәрін маған айтуың керек. Мен саған қалай сезініп, қалай сөйлеп, не істеу керек екендігін айтатын болдым. Сонда сен ақырындап өзгеріп, жақсылана бересің де, біраздан кейін былай боласың...

Негина. Не болам, айналайын?

Мелузов. Өте жақсы әйел боласың. Сендерден жұрт қандай әйел болуды қаласа, сондай боласың.

Негина. Ие, менің саған айтар алғысым көп. Мен қазірдің өзінде де бірталай өзгеріп, жақсарып қалдым. Оны өзім де сезем... Ол сен арқылы келген жақсылық... қарыздармын... олай болса, баста. *(Отырады.)*

Мелузов. Ендеше, менімен қатар отыр. *(Негина қатар отырады. Мелузов құшақтайды.)*

Негина. Ал, тыңдай бер. Бүгін таңертең маған князь Дулебов келді. Маған пәтерің жақсы емес екен, бұлай тұру келіспейді деді. Мен азырақ жәбірленіп қалдым да, егер менің пәтерім ұнамайтын болса, сізді ешкім зорлап әкеліп жүрген жоқ қой дедім.

Мелузов. Жігітсің, Саша! Содан соң?

Негина. Содан соң, ол маған жаңа бір жақсы пәтерге көшуді ұсынды.

Мелузов. Оған оның не керегі бар?

Негина. Оның жанында әлі күнге дейін толып жатқан нәзік сезімдер бар екен де, еркелететін адамы жоқ көрінеді.

Мелузов *(күліп)*. Міне күтпеген жерде адамға таптырмайтын ақыл! Оның еркелететін адамы жоқ екен *(бірақ біреуді еркелеткісі келеді?)*, сондықтан, мына пәтер жақсы емес, сен басқа пәтерге шығуың керек! Міне саған князь! Ұғынған екен.

Негина. Сен күлесің, мен жылап жібердім.

Мелузов. Өзі де солай болу керек — менің күлуім керек те, сенің жылауың керек.

Негина. Ол неге?

Мелузов. Ойлашы өзің! Мұндай әңгімеден сен күліп, мен жылайтын болсам, жақсы бола ма екен?

Негина. Ие, онда тіпті жақсы болмас еді. *(Басын сипап.)* Басың ғой осы! Петя, айтамысың маған, сен неден осынша ақылдысың?

Мелузов. Ақылдымын ба, жоқ па, ол әлі белгісіз. Бірақ, сендердің көбіңнен ақылдырақ екенім — о да даусыз. Ақылдырақ болатын себебім — мен көп ойлаймын да, аз сөйлеймін. Сендердің ойлаудан гөрі сөйлеулерің көп.

Негина. Ендеше, мен саған ең жасырын сырымды айтайын... Бірақ, сен ашуланып жүрме! Ол барлық әйелдердің ақауы. Мен бүгін біреуді күндедім де.

Мелузов. Кімді күндедің, қалқашым? Не үшін?

Негина. Бірақ сен ашуланба! Смельскаяны күндедім. Оның ылғи шат тұратынын, әдемі аттармен жүретінін күндедім. Күндеу жаман екенін білем, білем жаман екенін.

Мелузов. Күндеу мен қызғаншақтық — хауіпті сезімдер. Еркектер мұны жақсы біледі де, сендердің сол мінездеріңмен пайдаланады. Күндеу мен қызғаныш арқылы әйелдер толып жатқан жамандыққа ұрынады.

Негина. Білем, білем, көрдім талайын... Ол менің ойыма бір минутқа ғана келді де, содан ақылға көштім.

Мелузов. Саша, екінің бірін-ақ ұстау керек. Сен екеуміз адал еңбекпен адал тұрмыс құрамыз деп тілейміз. Олай болса, әдемі аттар жайын ойлаудың орны қайсы?

Негина. Әрине! Еңбек өмірінің өзінің де қуанышы бар емес пе, Петя? Бар ғой?

Мелузов. Болғанда қандай!

Негина. Сен бүгін тамақты осында іш! Түскі тамақтан кейін мен саған ойнайтын ролімді оқиын. Күнді түгел бірге өткізейік. Сөйтіп, үй ішінің тыныш тұрмысына үйрене берейік.

Мелузов. Таптың, қалқашым!

Негина. Бұл не? Біреу келе жатыр ма? *(Смельская келеді, қолында екі бөлек нәрсесі бар.)*

Смельская. Міне, Саша, ал! Иван Семеныч екеуімізге екі көйлек алып берді. Мынасы саған, мынасы маған. *(Бәрі ашып қарайды.)*

Мелузов. Оның Александра Николаевнаға сыйлық жасайтын не хақысы бар?

Смельская. Тәңір жарылғасын, ол ойыңызды қоя тұрыңыз. Сіздің философияңыз тап қазір тіпті орынсыз. Бұл сыйлық емес тіпті, бұл бенефист билетінің құны ғана!

Мелузов. Сізге не үшін әперді?

Смельская. Онда сіздің не жұмысыңыз бар? Мені сүйетіні үшін әперді.

Негина. Нина, тап маған керегін алған екен. Қандай жақсы еді!

Смельская. Мен ғой таңдап алған. Саған қандай керегін білем ғой мен. Ал кеттік, Саша, кеттік тез.

Негина. Қайда?

Смельская. Мен Иван Семенычтың атымен келдім, соқтырамыз. Содан кейін түскі тамақты вокзалда ішеміз. Иван Семеныч сіздің барлық труппаны вокзалға қонаққа шақырды қоштасуға. Ол, ұзамай кетеді.

Негина. Білмей тұрмын...

Смельская. Саған не болған, айналайын, неменесіне ойланасың? Бармауға бола ма екен! Оған сен де рахмет айтуың керек емес пе.

Мелузов. Мұндай уақытта сіздің өзіңіздің қайтетініңізді білгім келер еді?

Негина. Петр Егорыч, білесіз бе... Менің барғаным дұрыс қой деймін... Әйтпесе, келіспес. Жұртты түгел өзімізге қарсы қойып алармыз: князь болса ашуланып кетті, Великатов та жәбірленіп жүрер.

Мелузов. Үй ішінің тыныш тұрмысына қашан үйренетін боламыз?

Смельская. Оны енді бенефистен кейін, Петр Егорыч! Үй ішінің тұрмысын ойлайтын уақыт па екен қазір? Күлкі ғой оныңыз. Үй ішінің тұрмысы тойдырып та болар әлі. Осы кезде қолайлы сәтті құр өткізбеуге тырысу керек.

Негина. Жоқ, Петр Егорыч, мен барам. Бармай қалуым дұрыс емес.

Мелузов. Қалауыңыз болсын. Ол өз жұмысыңыз.

Негина. Әңгіме менің нені қалауымда емес бұл жерде. Мүмкін, мен тіпті қаламайтын шығармын мұны, бірақ, бару керек. Ойланудың түк керегі жоқ, бару керек, әрине.

Мелузов. Ендеше барыңыз!

Смельская. Жинал, жинал! Бол!

Негина. Мен қазір! *(Киінуге кетеді.)*

Смельская. Сіздің ойыңыздағы қызғаныш емес пе? Тынышыңыз қашпасын, ол арғы күні жүріп кетеді, және оны мен Сашаға бере де қоймаймын!

Мелузов. «Бере де қоймаймын». Ғафу етіңіз, мен еркек пен әйелдің арасындағы мұндай қарым-қатынасты түсінбеймін.

Смельская. Оны түсіну қайда сізге! Сіз өмірді тіпті білмейсіз. Азырақ біздің... жүріп байқасаңыз үйренесіз әлі. *(Негина келеді.)* Ал, кеттік. Қош болыңыз! *(Кетеді.)*

Негина. Петя, сен кел кешке, сабаққа отырамыз. Мен ақылды болам. Мен ешуақытта да сенің айтқаныңнан шықпаймын. Бұл жолы кешір! Кешір, жарқыным! *(Сүйеді де, кетіп қалады.)*

Мелузов *(қалпағын көзіне киіп алып)*. Ым-ым!.. Қайталық өзіміздің қораға қарай! Бұған қылар айла қайсы?

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Қала бақшасы. Театрдың бұрышы, сахнаға шығатын баспалдақ көрініп тұрады. Бақшада скамейка, ағаш саясында стол, орындықтар, скамейкалар. Бір столда трагик, театрдан Нароков шығады.

Трагик. Мартын, антракт па?

Нароков. Антракт. Сен тағы да «Оралдың арғы бетіндеге» басып отырмысың?

Трагик. Менің Васям қайда? Қайда менің Васям?

Нароков. Мен қайдан білейін.

Трагик. Мартын, бері келші.

Нароков. Ал келдім, не бар?

Трагик. Ақшаң бар ма?

Нароков. Қара гүрешім де жоқ.

Трагик. Досың үшін де жоқ па? Дос деген ұлы сөз емес пе!

Нароков. Қалтамды қақсаң да, қара гүреш таппайсың.

Трагик. Жаман.

Нароков. Бұдан жаман болады деймісің.

Трагик. О, жұрт, жұрт!.. Мартын!

Нароков. Тағы немене!

Трагик. Қарызға алшы біреуден!

Нароков. Кімнен дейсіз? Бізге ақша беретін жұрт та көп емес қой.

Трагик. О, жұрт, жұрт!

Нароков. Ие, «жұрт, жұрт!»

Трагик. Мартын, сен де жұртқа өкпелей бастадың ба?

Нароков. Сұмдық бір былық қитұрқы пыш-пыш басталғалы келеді.

Трагик. Қитұрқы? Қай жерде? Кімге қарсы?

Нароков. Александра Николаевна Негинаға қарсы.

Трагик *(кәрленіп)*. Кім ол? Қайда өзі? Сен оған айт, мен Ераст Громилов, ісім сонымен болады де!

Нароков. Сен түк істей алмайсың? Шығарма үніңді! Келтірме жынымды! Мен онысыз да қапаланып келдім, сен босқа айғайлама! Сендермен көргенімнің бәрі азап! Бәріңнің де бірталай артық мінездерің бар, бәріңнің де жетпей бірталай жатқандарың бар. Әбден шаршадым сендермен. Күлкішілердің толып жатқан артық күлкісі бар, сенде қайғылы хал артып жатыр. Сендерде әсемдік жетпейді,

әсемдік. өлшеу-шек жетпейді. Көркемөнер деген — өлшеу. Сендер актер емес, әшейін құр есер, қылжақсыңдар!

Трагик. Жоқ, Мартын, мен жаным жоғары адаммын... Менің жаным сонша жоғары! Мартын, жалғыз-ақ жәбір нәрсемен мас кезімде ғана жаным жоғары адаммын... *(Жылайды.)*

Нароков. Міне есуас!

Трагик. Мартын! Сені жұрт жынданған адам дейді; айтшы маған, осы дұрыс па, жоқ па?

Нароков. Рас, дауым жоқ; бірақ, бір ғана шартым бар: осы сендердің бәрің ақылды болсаңдар, мен жынды болғаным, онда мен таласпаймын.

Трагик. Білесің бе, Мартын? Біз неменеге ұқсаймыз?

Нароков. Неменеге ұқсаймыз.

Трагик. Сен Лирді білемісің?

Нароков. Білемін.

Трагик. Есіңде ме, сондағы ағаш ішіндегі дауыл... мен сондағы Лирмын, сен менің ақымағымсың.

Нароков. Жоқ, адаспа өйтіп, біздің арамызда лирлер жоқ. Ал екеуміздің қайсымыз ақымақ екенін өзің түсіне бер. *(Театрдан Негина шығады.)*

Негина. Мартын Прокофьевич, бұл немене? Мыналар маған не істегелі жүр?

Нароков. Білмеймін, білмеймін, менен сұрамаңыз.

Негина. Бұл жылататын жәбір, көріне қиянат қой.

Нароков. Тек жыламаңыз. Олар сенің бір тамшы көз жасыңа да тұрмайды. Сіз қара тағандардың арасындағы жалғыз-ақ көгершінсіз. Сондықтан, олар сізді қақпайлайды. Ақтығыңыз бен тазалығыңыз, ақтығыңыз бен тазалығыңыз олардың күндейтіні.

Негина *(жылямсырап)*. Мартын Прокофьевыч, есіңізде ме, ол тап сіздің алдыңызда, сіздің алдыңызда уәде етпеп пе еді, бенефист алдында маған ойнатам деп? Мен бір жұма соны күтіп ойнағаным жоқ. Бүгін міне, бенефист алдындағы ең соңғы ойын. Ол жексұрын не істеп отыр енді? Ол бүгін Смельская ойнайтын «фру-фру» ды қойдырмақ.

Нароков. Уа, қара жүрегіне қанжар қадалсын сағасынан!

Негина. Менің бенефисімнің алдында Смельскаяны ду көтертіп, гүлдер бергізбекші. Мені жұрт ұмытып та болды мүлдем. Маған сонда қандай түсім болмақшы?

Трагик. Офелия, без бұл жұрттан!

Негина. Мен оған айта бастап едім, ол қалжың қылады, көзімше күлкі етеді.

Нароков. Ол — ағаш, емен, терек.

Тарагик. Офелия, без бұл жұрттан!

Негина. Мартын Прокофьевич, мені жақсы көретін жалғыз сіз ғана.

Нароков. О, солай ғой! Өмірден де, бар жарық дүниеден де сізді жақсы көрем.

Негина. Мен сізді түсінемін, өзім де сізді жақсы көрем.

Нароков. Түсінесіз де, жақсы да көресіз бе? Міне мен бақыттымын, я бақыттымын. *(Ақырын күледі.)* Баладай бақыттымын.

Негина. Мартын Прокофьич, Петр Егорычты іздеп келе қойыңызшы: сахнаға келсін деп айтты деңіз.

Нароков. Мен қазір сондай бақытты болғандықтан, жан сүйеріңізді қабақ шытпай-ақ шақырып, жетектеп әкелейін.

Негина. Ол менің күйеуім, Мартын Прокофьич.

Нароков. Бәрібір, бәрібір, ақ көгершінім! Күйеуің, ерің. Егер сіз оны сүйетін болсаңыз, оның аты жан сүйер болады. Бірақ оны күндейтін де түгім жоқ, мен өзім бақыттымын.

Негина. Кассаға да соға кетіңіз, менің бенефисіме билет алынып жатыр ма екен, жоқ па. Мен сізді киінетін бөлмеде тосам, шай ішерміз. *(Нароков кетеді.)*

Трагик. Шайың роммен болатын болса, мен де келем.

Негина. Жоқ, ромсыз. *(Сахнаға кетеді.)*

Трагик. Менің Васям қайда? Қайда менің Васям?

Әрі кетеді. Дулебов пен Мигаев келеді.

Дулебов. Негина бізге жарамайды деймін мен сізге. Сіз құрметті топтың көңілін таба білуіңіз керек. Қара тобыр емес, құрметті жұрттың қамын ойлаңыз. Ал бізге Негина ұнамайды: өте жабайы, қылық та, мінез де жоқ қой өзінде.

Мигаев. Киетін киімі жөнді емес, әйтпесе үлкен талант.

Дулебов. Талант! Таланттан сіз не түсінетін едіңіз?

Мигаев. Оныңыз рас, князь, одан біздің түсінетінімізше шамалы әрине; бірақ, біз неге қарап бағалаймыз ғой...

Кешіріңіз, князь, түсімге қарап. Түсімді көп берсе, талант болғаны.

Дулебов. Әрине, сендер түсімді есептейсіңдер.

Мигаев. Дәл дұрыс айттыңыз, князь, біз түсімді есептейміз.

Дулебов. Сіздер, ана бір... аңдалмайтын нәзік ажар бар ғой, соны түсінбейсіздер.

Мигаев. Түсінбейміз, жоғары мәртебелі князь. Сонымен бірге, былтырғы жылы ардақты адамдарға арналған рольдер үшін ажарлының да бір атақтысын шақырған жайымды баядайын сізге...

Дулебов. Ие, не болды сонда?

Мигаев. Қып-қызыл зиян болды, князь. Ажар да болған жоқ, қуаныш та әкелген жоқ.

Дулебов. Ажар да болған жоқ? Ажар болмады деп айтуға қалай аузыңыз барады.

Мигаев. Айыптымын, жоғары мәртебелі князь, шынында ажар болды. Кейде, ол киініп жатқанда барлық труппа сол бөлменің қасынан кетпейтін болды, біреуі есіктен, біреуі тесіктен сығайлайтын. Біздің артистен киім ауыстаратын жеріміз ылғи бір сүзгідей шүберектен жасалған ғой.

Дулебов (*қарқылдап*). Ха, ха, ха! Міне, осының өзі қуаныш емес пе!

Мигаев. Дұп-дұрыс, қуаныш та болды... Бірақ, сіз үшін қуаныш болды да, мен үшін қайғы еді.

Дулебов. Ха, ха, ха! Сен мәтелдеп кеттің.

Мигаев. Онысыз болайын деп тұр ма, одан-бұдан ептеген хабарың болмаса, арам өлесің... Біздің сыбайластардың бәрі сол ғой, князь.

Дулебов. Сен әлгі Бодевиль дейтін жеңіл мінезді пьеса жаза алар едің. Кешіріңіз, мен сізге сен деп сөйлесіп кеттім. Ол енді сізге құлап тұрғандықтың белгісі.

Мигаев. Біздің арпалысатынымыз да сол, адамды өзімізге тарту ғой, князь. Тек мені бақытқа жеткізіңіз, оның ар жағында сіз дейсіз бе, сен дейсіз бе, маған оның бәрібір.

Дулебов. Неге! Мен сыпайы, әдепті адаммын қашан да. Жә, сіз жеңіл пьесалар неге жазбайсыз?

Мигаев. Жазып байқадым, князь.

Дулебов. Не шықты?

Мигаев. Театр мен әдебиет комитеті ұнатпады.

Дулебов. Ғажап екен. Неге ұнатпады?

Мигаев. Біле алмадым, князь.

Дулебов. Сіз тағы да жазатын болсаңыз, маған айтыңыз. Мен сізге табан аузында... онда менің..: несін сұрайсын, тек маған айтыңыз.

Мигаев. Естіп тұрмын, князь.

Дулебов. Мен ар жағын табан аузында! Онда менің, а, несін сұрайсың, тек маған айтыңыз. Мен сізге Негинаның орнына нағыз артистканы шақырып берем. (*Қолдарын жайып*). Өзі де енді келіскен, аузыңның суы құритын болады. Саусақтарыңды сүйетін боласың.

Мигаев. Саусақ сүйгеннің оқасы жоқ, князь. Оған шыдауға болады. Тек көздің жасын жұдырықпен сығып жүрмеймін бе, князь.

Дулебов. Ха, ха, ха! Сіз тағы мәтелдеп кеттіңіз! Жоқ, шынында сіз жеңіл пьесалар жазыңыз, менің ақылым осы. Ал, шақырам деген артисткам, мен сізге айтайын, ғажап!

Мигаев. Бағасы қандай болады, князь?

Дулебов. Бағасы, әрине, қымбатырақ болады.

Мигаев. Қай түсімнен алып төлеймін. князь? Онысыз да жылдан-жылға олардың бағасы көтеріліп барады. Түсім болса ылғи төмендеді. Жалақыны миллионерлершеақ, іркілмей төлейміз. Әлде қақ жары боламыз ба!

Дулебов. Қақ жары деген не? Қалай қақ жары?

Мигаев. Жартысын сіз төлейсіз, жартысын мен.

Дулебов. Ха, ха, ха! Мүмкін... Негина деген не? Ол қайдан келген бірінші артистка? Онымен бірге болу көңілсіз-ақ, жұртты көтеріп әкете алмайды, жабырқау түсіреді.

Мигаев. Амал қайсы! Егер, князь, сізге ұнайтыны осы болса, енді мен Негинамен алдағы уақытта шарттаспаймын.

Дулебов. Қалтарыссыз осы.

Мигаев. Негинамен жасасқан шарттың уақыты жақын арада бітеді.

Дулебов. Сәті келді деген сол. Біздің топ сізге түгел алғыс айтатын болады.

Мигаев. Біздің топ дегеніңіз, князь, алдыңғы бір-ақ қатар ғой...

Дулебов. Бірақ, басқа жұрт біздің ыңғаймен болады ғой!

Мигаев. Ұтылып жүрмесем жарар еді.

Дулебов. Жоқ, тиышың қашпасын оған! Негинаға

жұрт салқындап болды әбден: көрерсіз бенефисінде түк түсім болмайды. Бәс тігесіз бе осыған?

Мигаев. Жоқ, ерегісе алмаймын, князь.

Дулебов. Менімен бәстесуге болмайды да. Мен жұртты сізден гөрі жақсырақ білемін, не боларын тағы артық түсінем. Ал, шақыратын артисткам, ол енді жұрттың бәрін аяғынан тік бастырады! Шат-шадыман күнге сонда жетеміз.

Мигаев. Шат-шадыман күнге? Қасқырша ұлып жүрмесек жарар еді, князь.

Дулебов. Ха- ха, ха! Сен тақпақшылсың, дау жоқ, тақпақшылсың. Ах, кешіріңіз. Кейде мен құлай достасып кеткенде, өстіп, сен деп жіберем, әйтпесе, мен сыпайы адаммын тұтас алғанда... Мен үй қызметшілеріне де сіз деп сөйлесем. *(Сауытын суырып алып.)* Темекі тартқың келе ме?

Мигаев. Тартайын, князь. Қымбатты болар?

Дулебов. Мен арзанын тартпаймын.

Мигаев. Менің бір қайғым болып тұр, князь.

Дулебов. Ол немене?

Мигаев. Трагик жығыла мас. Анау бақшаны кезіп жүрген сол.

Дулебов. Өзінің паспорты дұрыс па екен?

Мигаев. Бұлардың паспорты дұрыс болған кезі болатын ба еді!

Дулебов. Ендеше туған жеріңе айдатып жіберем деп қорқытуға болады ғой.

Мигаев. Қорқытам десең, өзіңе қымбатқа түседі, князь, айрыласың. Қорқыта алмаймын.

Дулебов. Неге?

Мигаев. Бұлар кең жанды адамдар, князь. Маған олар, Камчаткаға айдатып жіберсең де көріп алайын, сен залымсың дейді! Залымсың дейді. Олар осы бір сөзді айтқанда сонша нақысын келтіріп айтады, сен зыта жөнелесің.

Дулебов. Олай болса, бетіне қақпай, еркелетіп ұстаған жақсы.

Мигаев. Онысыз да сылап-сыйпап ұстап отырмын, князь. Арыстанды үйретуші оның үйшігіне қалай кіреді екен деп таңданады ғой жұрт, біз оған таңданбаймыз. Мен арыстанның қасына қорықпай баруға бармын, бірақ Трагиктің көңілсіз кезінде, әсіресе, мас кезінде, мен оның қасына бара алмаймын.

көңілсіз кезінде, әсіресе, мас кезінде, мен оның қасына бара алмаймын.

Дулебов. Ха, ха, ха! Өзіңді әбден қорқытып болған екен. Жә, мен өз адамдарымды тауып алайын. *(Кетеді. Трагик келеді.)*

Мигаев. Темекі тартқың келе ме? *(Манағы шылымды ұсынады.)*

Трагик. Жілігі татымайтын, сасығы шығар? Сенен жақсысы қайдан шықсын.

Мигаев. Жоқ, жақсы, князьдікі.

Трагик. Өзің неге тартпайсың?

Мигаев. Маған өз шылымым артық көрінеді. *(Күміс шылым сауытын сыырып алады.)*

Трагик. Шылым сауытың қандай әдемі. Әшейінде ылғи ақшам жоқ дейсің.

Мигаев. Есер-ау, бұ да әлдеқашан суысып кететін еді, сыйға берілген нәрсе болған соң, көзімнің қарашығындай сақтап жүрген жоқпын ба? Жазуын көрсеңші — «Гаврило Петрович Мигаевқа жұрттың сыйлығы» деген ғой.

Трагик. Эфиоп!

Мигаев. Ешбір дәстүрге түсінбесең, сенімен сөйлесіп не жарисың. Әне, жұрт шығып жатыр екен, антракт болды білем. *(Кетеді.)*

Трагик. Эфиоп! *(Отырады.)* О, жұрт, жұрт! *(Дулебов, Великатов, Бакин, Вася келеді.)*

Бакин. Бұл тамаша болды. Бұларды осылай үйрету керек. Ендігіде есте болады. Мен кассаға кіріп, білдім: не бар түскені — он төрт-ақ сом.

Вася. Ол көп ақша емес. Ертең таңертең және кешке де біраз билет сатылса, түсім болар.

Бакин. Жүз сом, одан аспайды.

Вася. О да — ақша.

Бакин. Ол көп емес. Аздаған шығындарың мен бересілерің де бар шығар ондай-мұндай шүберек-мүберекке? Онысыз артистка тұра ала ма. *(Васяға.)* Сізге бересілі емес пе еді?

Вася. Біз несиеге береміз.

Бакин. Жасырасыз. Мен жұртшылық пікірінің тап осындай бірауыздылығын қатты ұнатам. *(Великатовқа)* Сіз қалай қарайсыз?

Великатов. Дәл дұрыс айтасыз.

Бакин. Негина князьді жәбірлеу арқылы бүкіл біздің қоғамды қорлап отыр. Ендеше, ол қоғам оның орайына оның өзін де елемей өте бермек, Негинаның бар-жоғын мүлдем ұмыта алады. Енді отырсын, тістерін тізіп қойып. Үйренеді сонда әдептілікке!

Вася. Негина князьді қалай қорлап жүр?

Бакин. Сіз князь Ираклий Стратонычты білетін бе едіңіз? Міне ол кісі!

Вася. Біз қалай білмейміз. Бұл өңірде князьді білмейтін кім бар екен.

Дулебов. Ие, біз көптен таныспыз, мен оның әкесін де...

Бакин. Олай болса, бұл кісінің қандай адам екенін де білесіз ғой? Бұл ең қадірлі адамымыз, бұл біздің ортамыздағы сыншы аристарх! Біздің қоғамның жаны, не жақсының дәмін біледі, қалай жақсы тұруды біледі; бұл кісінің көркемөнерді жаны сүйеді, әрі жете бағалай біледі. Бар суретшінің, артистердің, әсіресе, артисткалардың қамқоры...

Дулебов. Жетер...

Бакин. Әркімнің еңбегін бағалауымыз керек, князь. Оның үстіне мырза, қонақжай, үй іші дегенге ерекше қарайтын адам. Мырзалар, ұғыңдар мұнымды! Бұл біздің заманда сирек кездесетін адам. Қысқасы, қай жағынан алып қарасаң да, ең құрметті адамымыз. Дұрыс айтып тұрмын ғой?

Вася. Дұп-дұрыс.

Бакин *(Великатовқа)*. Бұл жөнінде екі түрлі пікір болуға мүмкін емес, солай ғой?

Великатов. Дәл дұрыс айтасыз.

Бакин. Мырзалар, тап осы қай жағынан алып қарасаң да ең құрметті, үй ішіне ерекше қарайтын адамымыз бір қызды бақытты етуге ниет етіп еді, атап айтқанда Негинаны. Мұнда тұрған қандай жамандық бар? Бұл кісі оған сыпайылап қана: «Жаным, сіз менің бұлағымның басына көшсеңіз қайтеді?»—дейді. Қыз жатад та, жәбірленеді, жәбірленеді де, жылайды!

Дулебов. Жоқ, Григорий Антоныч, қойыңыз енді. Тәңір жарылғасын, қойыңызшы!

Бакин. Князь-ау, неге қоям?

Дулебов. Сіз біреуді мақтай бастасаңыз, ең құрметті адам дегеніңіз тіпті құрметті адам болмай шығады.

Бакин. Ендеше қалағаныңыз болсын. Мен білмеймін... Мен қашан да дұрысын айтамын. Князь, лұқсат етіңіз, мен азырақ қана айта түсейін. Сонымен, көресіздер ме, мырзалар, Негина жәбірленіпті. Бұл жәбірлену оның басына кіріп те шықпас еді, өз ойымен қайтсе де мұны іздеп таба алмас еді, өйткені, тегін тексерсең, мұнда тұрған түк жәбір жоқ қой. Байқасақ, басқа біреудің әсері бар екен.

Дулебов. Мен естідім оны.

Бакин. Ол қыздың ақылшы студенті бар екен. Олай болса, істің сыры оңай ашылады.

Дулебов. Сол әсер театрға да тарапты.

Бакин. Студенттер өз жұмысын біліп, иті мен көлбақасын сойып, неге тыныш жүрмейді, ә! Артисткалардың көзін ашуды ойлап тапқандарын қарасаңшы. Артискалардың арасындағы ғылми үгіт — өте қауіпті нәрсе! Бұған қарсы тығыз шаралар қолдану керек.

Дулебов. Әрине.

Бакин. Олар артисткалардың көзін қалай ашпақшы. Онда князь екеуміз қайда кетпекпіз?

Дулебов. Уай, жетер, коя тұрыңызшы. Өтінемін сізден!

Бакин. Мен болдым. *(Великатовқа).* Сіз бүгін жүріп кетесіз бе?

Великатов. Әрдайым ойлағаның бола бере ме. Мен бүгін жүріп кетсем деп ем, бірақ бүгін ойламаған жерден үлкен бір іс туып қалды.

Бакин. Құшақ-құшақ түсім көлбеңдеп тұр ма?

Великатов. Екі ұшты іс болып тұр — құшақтауың да мүмкін, оп-оңай айрылуың да мүмкін.

Бакин. Бүгін кешкі тамақта бірге болсақ, жақсы болар еді.

Великатов. Оқасы не, мен қарсы емеспін.

Бакин. Князь, сіз қалайсыз?

Дулебов Жарайды, барайық.

Бакин. Ойын біткен соң, осы араға жиналып, барайық бір жерге! Қазір анда дивертисмент жүріп жатыр ма?

Вася. Бір әңгімеші әңгіме айтып жатыр.

Дулебов. Жүріңіздер, барайық, азырақ күліп шығайық.

Бакин. Күлетіні болса деңіз, князь. *(Бұлар кетеді.)*

Трагик. Васям қайда менің?

Вася. Вася осында, не керек еді?

Трагик. Күнім-ау, қайда жоғалып кеттің?

Вася. Өзіңе немене керек, тез айт!

Трагик Немене керек? Құрмет керек. Сен өз міндетіңді білмеймісің.

Вася. Ендеше, азырақ күте тұр. Көрсетемін құрметті. Көбіне шыдасаң, аз ғана шыдай аласың ғой. Мен әңгімешіні тыңдаймын, біздің адамдардың бәрі сонда. Ал, достым, ұстама мені! *(Кетеді. Сахнадан Негина, Смельская, Мелузов шығады.)*

Смельская. Солай екен, Саша, сенің халің тіпті көңілді емес. Мен бәрін де түсінем. Бірақ, менің мұнда түк күнәм жоқ. Ах, Саша, мен де қатты қысылып тұрмын.

Негина. Қайдағы қысылу, қысылу саған қайдан келеді! Мен иланбаймын. Сен бұл дүниеде ойнап-күліп, оңай тұрасың.

Смельская. Әне көремісің. *(Негинаны былайырақ әкетеді.)* Менің соңыма князь қадалып түсіп жүр.

Негина. Онда не болады! Ол сенің өз жұмысың.

Смельская. Әрине өз жұмысым, оны білемін ғой. Бірақ, мен Великатовтан да айрылғым келмейді.

Негина *(аздап қызынып)*. Сенің соңында Великатов та бар ма еді?

Смельская. Өзі бір қызық адам екен: күнде келеді маған, менің бар тілегімді орындайды, бірақ, түк айтпайды... Өзі ұялшақ адам болар, сірә. Ондай мінезді адамдар болады ғой. Енді қайтерімді біле алмай қойдым. Князьға салқындық көрсетсең, жауың көбейеді. Ал, Великатов болса, мүмкін, ертең-ақ кетіп қалады да, одан да айрыласың. Князьға оң қарап жүрмеу адамгершілік болмайды ғой деймін, оның үстіне, маған Великатов анағұрлым ұнайды.

Негина. Солай болмағанда қалай! Ол кімге ұнамайды дейсің?

Смельская. Солай деймісің? Ол туралы мен не естіді десеңші! Миллиондаған байлығы бар екен. Ол әдейі жабайы көрініп жүреді. Мен қайтерімді білмеймін. Сенемісің, Саша, әбден зықым шықты.

Негина. Мұндай жұмыстың мен түгіне түсінбеймін ғой, ана Петр Егорычтан сұрап көр.

Смельская. Қойшы әрі! Ол не түсінуші еді? Ол өзінің философиясын соғады, керек еді маған! Айналып кетейін, Саша, сен де соны босқа тыңдап жүрсің. Тыңдама, тыңдама оны, өзіңе өзің жақсылық іздесең! Ол сені жолыңнан адастырып жүр. Философия кітаптан оқығаныңда ғана жақсы. Біздің орнымызда ол тұрып көрсінші! Дүниеде

әйелдің халінен жаман не бар дейсің! Сен үйге қайтамысың, бірге жүрейік!

Негина. Мен Гаврило Петровичпен сөйлесейін деп ем. Мен соны күтем. *(Мелузовқа келеді.)*

Смельская. Ендеше, мен де күте тұрам.

Трагик *(Мелузовқа)*. Сен кімсің? Мұнда неге келдің?

Негина. Менімен келді.

Трагик. Александра Николаевна! Саша! Офелия! Мұның бұл жерде не жұмысы бар?

Негина. Ол менің күйеуім, оқытушым.

Трагик. Оқытушы! Ол саған немене үйретеді?

Негина. Не жақсылық болса, соны үйретеді?

Трагик *(Мелузовқа)*. Ендеше, бері кел. *(Мелузов келеді.)* Қолыңды әкел! *(Мелузов қолын береді.)* Мен де оқытушымын, оқытушы. Маған неге қадала қалдың? Мен бір бай купецті оқытып жүрмін.

Мелузов. Маған сұрауға болар ма екен?

Трагик. Сұра!

Мелузов. Мысалы, сіз не үйретесіз оған?

Трагик. Адамгершілікті үйретем.

Мелузов. Ауыр сабақ.

Трагик. Мен де солай деп ойлаймын. Ол сенің жаграфияң емес. Сөйтіп екеуміз де оқытушы екенбіз, жақсы. Солай болғандықтан, жүр буфетке барып, ішіп жіберейік, әрине, сенің есебіңе.

Мелузов. Ғафу етіңіз, бұл сапарда мен сізге жолдас бола алмаймын. Мен ішпеймін.

Трагик. Саша, Саша! Александра! Біздің артистердің арасына, ән мен жырдың мешітіне кімді әкеліп жүрсің сен?

Мелузов. Жә, жүріңіз... Сіз шарап ішерсіз де, мен су ішермін.

Трагик. Әрі кет, әрі! Әкетіңдер мынаны? Қайда менің Васям? *(Дулебов, Великатов, Бакин, Вася келеді. Арт жақтарында шарап, рюмка көтерген буфет қызметкері, кейін тағы біраз адам. Келгендер отырасады).*

Вася *(Трагикке арақ құйып жатып)*. Құрметпен өтінемін, алыңыз!

Трагик. Өтінбей-ақ қой, онсыз да ішіп салам. «Құрметпен өтінемін, алыңыз» деген көп сөз неменеме керек? Іш де, болды! Түсінемін сол бір сөзде қандай терең мағына жатқанын. *(Мигаев келеді.)*

Негина. Гаврило Петрович, бері келіңіз!

Мигаев. Сізге не керек еді?

Негина. Сахнада сіз менен қашып жүрдіңіз ылғи. Мен сізбен осы арада, сырт жұрт алдында сөйлескім келеді.

Мелузов. Сіздің қылықтарыңыздың себебін естігіміз келеді.

Мигаев. Қандай қылықтарымның?

Мелузов. Сіз Александра Николаевнаның бенефисін жәрменкенің тап аяғына белгіледіңіз.

Мигаев. Ең қолайлы уақыт. Шарт бойынша, мен Негина ханымға жәрменкенің тұсында бенефист жасауға міндеттемін. Бірақ онда басында ма, аяғында ма екені айтылмаған. Ол менің өз жұмысым.

Мелузов. Сіз заң жолында тұрсыз, түсінемін. Бірақ адам үшін заңнан басқа адамгершілік міндеттер де бар.

Мигаев. Ол қандай екен? Және осы әңгімелеріңіздің неменеге қажеті болып тұр?

Мелузов. Ендеше тыңдаңыз: сіз бенефисті соңғы күндерге дейін жылжытумен келдіңіз. Оның өзін де кеш жариялап, Александра Николаевнаға бенефист алдында ойнатпадыңыз. Сіздің қылықтарыңыз осы.

Мигаев. Дәл дұрыс айтасыз.

Мелузов. Бірақ Александра Николаевнаға мұны істейтін жолыңыз жоқ еді. Өйткені, жәрменке тұсында түсімді ең мол берген Александра Николаевна, басқалар оны істей алған жоқ. Ал енді мына мінезіңізді ақтап көріңіз!

Трагик. Эфиоп!

Мигаев. Менің білуімше, сіз біздің театрда қызмет істемейсіз. Сондықтан, не істеп, не қоятыным жөнінде мен сырт адамдарға есеп те бере алмаймын.

Дулебов. Жөн сөз. Бұл — қайдан шыққан жауап алу? Театрдың иесі бұл екен, ол өзінің есебі мен ыңғайына қарай іс істейді.

Мелузов. Бірақ мұндай мінездерді жосықсыздық дейді. Мұндай қылыққа барған мырза адал адаммын деп саналуға да хақысы жоқ. Менің жұрт алдында бетіңізге айтайын дегенім осы ғана. Осымен қанағаттанамыз да.

Мигаев. Ұнағанын істеңіз, ұнағанын істеңіз, маған бәрібір. Әркімге әр түрлі нәрсе ұнайды. Жұрттың бәрінің

қыбын таба алмайсың. Менің қылығым сізге ұнамайды екен, князьға ұнайды, князь мақұлдайды оны.

Мелузов. Князьда менің не жұмысым бар? Адамгершілік жөні жұрттың бәріне бірдей!

Бакин. Әй, жұрт-ай! Қайран сөзді босқа сөйлеуге ерінбейсің-ау, әйтеуір! Мигаевқа адалдық жөнін үйретпекші! Тап осының балалық. Адалдық дегенді ол алдақашаннан бері жоққа сену деп санайды. Ол басына таяқ тигенше, адал адам мен арам адамның айырмасы бар деп ұққан емес. Жағына бір-екі шапалақ тисе, бұл сонда ғана ойланады: а, мені ұрып жатқаны — бір шикіні басқан екемін ғой, дейді.

Трагик. Менің әулиелігім келсе, ол күн алыс та емес. Оңбай бір соғылады бұл.

Мигаев *(Негинаға)*. Бұлай болғаны, сіз, Негина ханум, менен жәбір көрген екенсіз ғой, тегі?

Негина. Әрине, түсінбей сұрап тұрсыз ба?

Мигаев. Олай болғанда, сіздің бұл театрда қалам деп зорланатын орныңыз жоқ қой... Шартымыз болса уақыты өтіп барады емес пе?

Негина. Солай екені рас, бірақ шартты қайтадан жаңалайық деп, сіз өзіңіз өтінген жоқ па едіңіз?

Мигаев. Кешіріңіз, мен жоқпын ол ойда. Жұрттың тілегі бойынша, мен сіздің орныңызға басқа бір артистка шақырмақшымын.

Трагик. Офелия, без бұл жұрттан!

Негина. Сіз мұны маған ертерек білдіруіңіз керек еді ғой. Мені басқа театрлар да шақырып еді, мен бәріне де бұрылмап едім. Мен сіздің сөзіңізге сеніп ем.

Мигаев. Сөзге бекер сенесіз. Біз әрбір сөзімізге ешуақытта да жауап бере алмаймыз. Біздің тізгін жұрттың қолында, жұрт нені қаласа, соны орындауға тиіспіз.

Негина. Апырау, енді мен қайда барарымды да біле алмай қалдым-ау. Сіз мені қиын халге түсірдіңіз...

Мигаев. Айыптымыз... Басқа бір артисткаға мен мұны істемеген болар ем. Сіз болсаңыз, белгілі талантсыз, сізге бұдан келер зиян да жоқ. Сізді кім болса да құшағын жайып қарсы алады емес пе.

Негина *(жыламсырап)*. Енді маған күлгіңіз де келе ме! Жақсы, тым болмаса бенефисімнің алдында айтқаныңыз да жақсы болды. Тым болмаса, ертең өзім үйренген жұртыма бір қоштасайын. Ертең мені ақтық рет ойнайды деп жариялаңыздар.

Вася. Біз жариялаусыз-ақ жаярмыз жұртқа.

Негина *(Великатовқа)*. Иван Семеныч, сіз ертең жүріп кетпейсіз ғой?

Великатов. Жоқ, кетпеймін.

Негина. Онда, боласыз ғой театрда?

Великатов. Сөзсіз боламын.

Бакин. Бірақ оны сіздің бенефисіңіз үшін қалады екен деп ойламаңыз, оның басқа жұмыстары біткен жоқ. Бір жерге салатын қармағы бар, сол үшін қалады.

Великатов. Шынында да бар. Оным жаман да емес, мырзалар; мен сіздерден жасырмаймын да: мен Александра Николаевнаның бенефисін сатып алғым келеді, мүмкін аздап пайда да түсер.

Негина. Сіз менің бенефисімді сатып алмақсыз ба түгел? Қой, сіз ойнап айтатын боларсыз? Оныңыз мені жәбірлей түсіп, тағы да күлкі етейін дегеніңіз бе?

Великатов. Түк қалжыңы, түк күлкісі жоқ. Сіз бенефисіңізді қалай бағалайсыз, қанша алғыңыз келеді?

Негина. Мен ешбір баға қоймаймын, тек зиянға түспесе болғаны.

Вася. Бекер олай деп ойлайсыз: сіздің бенефисіңізді әбден сатып алуға болады.

Великатов. Егер театр лық толы болып, орындары қымбат сатылса, бенефист — артистка қанша ақша алар еді? Ең қымбатқа түскен бірде-бір бенефист болған жоқ шығар?

Трагик *(столды ұрып қалып)*. Болған, менікі болған.

Вася. Жәрмеңкенің бас кезінде екеуміз үш жүз елу сом алғамыз.

Великатов *(Негинаға)*. Үш жүз елу сом алсаңыз қайтер?

Негина. Жоқ, мен ала алмаймын. Мұныңыз тым көп, мұныңыз сыйлық сияқты... Мен сыйлық ала алмаймын. Ол менің әдетімде жоқ.

Великатов. Жап-жас артисткадан мұндай сөзді есту қатты қуантады мені! Жақсы басшыңыздың барлығы бірден көрініп тұр. Адамгершілігі мол, адал басшыңыз бар екен.

Вася. Александра Николаевна, түк те қымбат емес, құдай біледі. Егер іс Иван Семенычтың қолына тисе, ертең сіздің ойыныңызға бүкіл жәрмеңкенің адамы түгел келеді. Мен елу сом қосамын — төрт жүз сом, аласыз ба?

Великатов. Жоқ, мен ешкімге жібере алмаймын, Александра Николаевна, бес жүз сом алыңыз.

Вася. Тоқтадым. Мен одан әрі бара алмаймын. Дәл бағасы осы!

Негина. Апырым-ау, мырзалар, не істеп барасыздар? Менікі бір әреңпәреңнің бенефисі, оның үстіне шығыны бар.

Вася. Зиян шекпейміз. Сауда жөнін білетін жұртпыз. Ертеңгі он бірге дейін бір билет қалмайды. *(Великатовқа.)* Жарнаға кіруге лұқсат етіңіз. Екі бель-этаж бен бір дюжина орындық.

Великатов. Кассирдан барып алыңыз. Және, сатылған билеттердің ақшасы мен сатылмаған билеттерді маған әкеп берсін деңіз. Жоғары орындарды да ұмытпасын. Мен осы арада күтемін.

Вася. Жақсы, айтамын. Екі бель-этаж бен он екі орындықтың ақшасын алыңыз. *(Ақша береді.)*

Великатов *(ақшаны алып жатып)*. Мұныңыз жүз сом.

Вася. Дәл солай. Біздің тағы бір төрт адам бар еді, олар да алатын болар, мен жүгіріп барып келейін. *(Кетеді.)*

Великатов. Александра Николаевна, мен әлі сіздің ырзалығыңызды алып болғаным жоқ қой?

Негина *(Мелузовқа)*. Петр Егорыч, қалай етпекпін? Біле алмай тұрмын. Сіз қалай болсын десеңіз, солай болады.

Мелузов. Мен де білмеймін. Мұндай мәселелерде мен де шорқақпын ғой. Бірақ әзірше бәрі де заңды сияқты. Көніңіз, ырзалық етіңіз.

Негина *(Великатовқа)*. Ырзамын, рахмет сізге.

Великатов. Рахмет айтатын түк орныңыз жоқ, мен пайда тапқалы отырмын. Мен сізге рахмет айтуға тиіспін.

Мигаев *(Дулебовқа)*. Князь, сіз бәс тіге жаздадыңыз-ау?

Дулебов. Е, мұны кім күткен? Бұл тіпті ерекше жағдай.

Бакин *(Великатовқа)*. Маған да билет қалдырыңыз. Бұл бір тамаша болғалы тұр. *(Вася келеді.)*

Вася. Билет пен ақшаны кассир қазір әкеледі, қассаны есептеп жатыр. Мен бес сомнан тағы он орын алдым. Міне ақшасы. *(Ақшасын береді.)*

Великатов. Қымбат емес пе мұныңыз?

Вася. Түк те қымбат емес. Төрт билетті жаңа ғана бес сомнан саттым. Ертең бірінші қатар он сомнан кетеді, сыйлық үшін әр сақалдан он сомнан тағы да аламын.

Дулебов. Е, қойшы әрі, он сомнан билет алатын ақымақ бар деймісің? Бұл бір орталықтың театры ма еді!

Вася. Құрметті князь, қассирда бірінші қатардан бірақ орын қалды.

Дулебов Олай болса, ол орынды маған қалдырыңыз, Иван Семеныч.

Великатов. Он сомға ма, князь?

Дулебов. Жұрттың бәрі жындана бастаса, амал қайсы?

Вася. Ал, Гаврило Петрович, жаба бер лавкеңді! Александра Николаевна қалай бұдан кетсе, солай сенің саудаң да құриды. Бітті! Ешкім келмейді театрыңа! Күтетінің осы болсын!

Негина. Петр Егорыч, пальтомды әперіп жіберші. Сау болыңыздар, мырзалар. Рахмет сіздерге. Енді болмаса, жылауға тұр едім, көңілімді көтердіңіздер. Шын айтам, мырзалар, соншама жәбір еді, соншама жәбірленіп ем.

Трагик. Вася, бір шампанский сұра.

Вася. Керек болып қалды ма?

Трагик. Енді қалай, есуас: сен үлкен адамгершілік істедің, сені құттықтау керек, бауырым.

Вася. Манадан соны айтсаң еттің. Ей, бір бутылка шампанский әкел!

Негина. Қош болыңыздар, мырзалар.

Великатов. Лұқсат етсеңіз, менің арбаммен қайтыңыз дер едім.

Смельская. Арбаңызды ұсынумен бірге, үйіне апарып қайтуға өзіңізді де ұсынатын боларсыз, әрине?

Великатов. Жоқ, оның не қажеті бар, Александра Николаевна өзінің күйеуімен барад та. *(Мелузовқа.)* Кучер сізді де үйіңізде түсіре кетер. Содан кейін қайырарсыз.

Мелузов. Гафу етіңіз менің қамымды жеуіңізді артық деп санаймын. *(Киіне бастайды, Великатов оған жәрдем етеді.)* Босқа әуре бола көрмеңіз, мен басқаның жәрдемінсіз үйренген жанмын. Ол менің бұлжымайтын заңым.

Великатов. Бірақ, ол заңды ылғи бұзбай ұстау қиын ғой. Адам болғасын, бірінсіз бірінің күні бар ма еді.

Негина. Сіз үлкен адамгершіліктің, әдептің адамы екенсіз. Мен сізге деген алғысымды айта да алар емеспін... мен сізді сүйемін ертең.

Великатов. Бақыттымын деп санаймын.

Смельская. Ертең? Ол ұзақ емес пе? *(Дулебовқа.)* Князь, мен сізді бүгін, тап қазір сүйемін.

Дулебов. Әзірмін қызметіңе, аяулым. Еркіңіздемін. Қайтсеңіз де. Сізде тізгінім. *(Смельская сүйеді.)*

Негина. Ал, мырзалар, қош болыңыздар, қош! *(Кете береді.)*

Трагик. Офелия! Хордың қызы! Мені де қайыр дұғаңнан тастама!

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші перденің қалпы, кеш, стол үстінде май шам.

Матрена *(есікке барып)*. Бұл қайсың?

Домна *(сырттан)*. Мен.

Матрена. Қазір ашайын. *(Домна келеді.)* Театр тарады ма?

Домна. Жоқ әлі. Тарап болған жоқ, жарты сағаттай күтерміз. Мен әдейі ертерек қайттым. Шай әзірлеу керек. Саша келгесін күтіп қалмасын. байғұс бала. Самауырың әзір ғой?

Матрена. Тұтаттым самауырды, қазір-ақ шуылдар.

Домна. Шуылдаса бастыра ғой.

Матрена. Бастырып керегі не! Біздің самауыр шуылдағаннан кейін де тез қайнай қоймайды. Әр дауысқа бір салып, әндетіп отырып алады. Үре бастасаң, одан жаман тұншыға береді, өзіңді мазақ етеді. Ылғи ұрсысып жүргенім.

Домна. Театрдан әбден зықым шықты: ыстық, тұншығып кететінсің. Сытылып шыққаныма қуандым.

Матрена. Жаздыгүні ыстық болмағанда қайтушы еді. Төрт қабырға — қамау ғой белгілі. Жұрт көп шығар?

Домна. Театр лық толы. Алма тастасаң түсер жер жоқ.

Матрена. Қарай ғөр! Жұрттың алақаны қызарды десеңші?

Домна. Бәрі де болды. Бар, самауырыңды қарап кел де, үйдің ішін жинастыршы! Тоқтай тұр, арба даусы шығады. Саша дейін десем, ертерек. *(Великатов келеді, Матрена кетеді.)*

Великатов. Есенсіз бе, Домна Пантелеевна!

Домна. Есенсіз бе, Иван Семеныч. Сіз қалай бүйтіп түнделетіп жүрсіз...

Великатов. Жұмыс бар, Домна Пантелеевна.

Домна. Ертеңге қалдыра тұрсаңыз етті. Ыңғайсыздау болып тұр, біздің үйге кештетіп еркек келмеуші еді.

Великатов. Мазаңыз кетпесін, Домна Пантелеевна. Мен Александра Николаевнаның қайтуын күтпей-ақ қояр. Сіз бен екеуміз туралы ешкім ешнәрсе дей қоймас.

Домна. Қойыңызшы қалжыңды.

Великатов. Солай болғасын, қауіптенбей-ақ қойыңыз, жеңеше.

Домна. Мен қайдан сізге жеңеше болып қалдым?

Великатов. Мен сізге қайны болуға жарамаймын ба?

Домна. Іздесем, таптырмас қайны болар едің. Сырбаз жігіт, арғымақсың!

Великатов. Домна Пантелеевна, мен сізге бенефистің ақшасын әкелдім.

Домна. Рахмет, құлдық шырағым. Қазір бізге ең керекті нәрсе сол ақша болып тұр. Оның себебі — Иван Семеныч, ең алдымен борыштан құтылайық деймін. Ақшасыз күнің бар ма...

Великатов. Күн жоқ, әрине...

Домна. Бәріміз де адамбыз ғой.

Великатов. Бәріміз де адамбыз, Домна Пантелеевна.

Домна. Борышымыз онша көп емес, бірақ ұяты бар адамның тынышы да болмайды екен.

Великатов. Тынышы болмайды, Домна Пантелеевна. *(Ақшасын береді.)* Міне, Александра Николаевнаға беріңіз.

Домна. Рахмет, Иван Семеныч, сізге көп алғыс айтамыз. Шай ішсеңіз қайтер?

Великатов. Рахмет, қыстамаңыз, Домна Пантелеевна. Ешнәрсеге көңілім соқпайды, әсіресе, шайға. Көңілімде бір мұңым бардай, енжармын, Домна Пантелеевна.

Домна. Пахондрия шығар.

Великатов. Дәл солай, Домна Пантелеевна, Пахондрия.

Домна. Ақша көп те, жұмыс жоқ, содан болады ол, байланады келіп.

Великатов. Дәл таптыңыз, дәл содан.

Домна. Енді қайдан болушы еді? Енжарлық деген сондайдан байланады.

Великатов. Енді қайдан дегеніңіз дұп-дұрыс. Бірақ, мұңым бар, Домна Пантелеевна. Жәрмеңкеде бір трактирдан бір трактирға шабасың да жүресің. Сенесіз бе, мінеки жетіге айналып барады, күніне екі рет мас болам... Мені не бірдеме соқты да, не болмаса, құдайдың өзі істеп отыр.

Домна. Жалғыздық.

Великатов. Жалғыздық, Домна Пантелеевна. Сөзіңіз алтын, жалғыздықтан басқа түк жоқ.

Домна. Өмірлік жолдас тауып алыңыз.

Великатов. Оны қайдан тап дейсіз?

Домна. Үйленіңіз, жақсы бір қыз алыңыз. Сізге қандай асыл текті қыз болса да тиеді ғой.

Великатов. Қорқамын, жеңгей.

Домна .Құдай сақтай гөр, неден қорқасыз? Қорқатын не бар?

Великатов. Бұрынғымнан да көңілсіз бола ма деп қорқамын.

Домна. А, солай ма, жоқ олай болмайды! Үйленген адам мен бойдақ адамның арасында көп айырма бар.

Великатов. Әйелдер фортепьян ойнауды қатты ұнатады. Ал, мен оны жек көрем.

Домна. Дегенмен о да музыка ғой. Бойдақтың не қызығы бар? Көңілдестерімен қосылып арақ ішкеннен басқа өмірден көрер қызығы қайсы?

Великатов. Шаруашылығы бар ғой. Домна Пантелеевна. Ол туралы не айтасыз?

Домна. Әрине, шаруашылық баққан адамдар туралы сөз басқа.

Великатов. Менде ол күнә бар... Деревняда менің қырық бөлмелі әдемі үйім бар, бір шақырым жерді алып жатқан бақшам бар, бақшада бөгет, толып жатқан отырғыштар, қоршаулар... Жылқы жағым да құдайға шүкір.

Домна. Олай болса, бар шаруашылығыңыз жақсы алпауыттың шаруасындай орнықты екен.

Великатов. Бәрі де орнықты, Домна Пантелеевна.

Ішің пысса, есік алдына шығасың. Есік алдында аппақ киндия әтештері жүреді кердеңдеп.

Домна. Аппақ дейсіз, ә! Айтарлықтай екен!

Великатов. «Амансыздар ма!» десең, «саулығыңызды тілейміз» деп жауап береді.

Домна. Үйретіліп қойған, ә?!

Великатов. Үйретілген. Сонымен бойың сергиді баяғы. Үйдің төбесінде, қоршауларда тоты құстар отырады, құйрықтары күнге шағылысып, жалтырап-жанып...

Домна. Тоты құстарыңыз да бар ма, әкем-ау!..

Великатов. Паркке шықсаңыз, бөгетте қос-қосымен жүзген аққулар. Ылғи қосақталып жүреді, Домна Пантелеевна.

Домна. Апырау, аққулар дейсіз бе? Жұмақ екен ғой! Тым болмаса, бір көрер ме еді көзім.

Великатов. *(сағатына қарап).* Жеңеше, сіз бен біз ішті ақтарып, сонша сырласып кетіппіз-ау, тіпті кеткім келмей тұр. Тағы біраз сөйлесер едім, амал не, жұмысым бар еді, кешіріңіз.

Домна. Мен де сөйлесе берер ем сіздей жақсымен. Сіздей сүйкімді, әдепті адамды мен өмірімде көрген емеспін.

Великатов. Домна Пантелеевна, мен сіздің бенефисіңізден пайда түсірдім. Сізге кішкене ғана сыйлық ұсынуға лұқсат етіңіз. *(Шығып кетіп, Домна Пантелеевнаға қағазға ораған сыйлық әкеп береді.)*

Домна. Мұныңыз немене, әкем-ау...

Великатов. Орамал.

Домна *(жайып көріп).* Қайдағы орамал, көл-көсір шәлі ғой? Мен туғалы мұндай шәлі жамылып көрген емен. Апырау, мұның қанша тұрады?

Великатов. Білмеймін, қанша тұратынын. Маған жайға түсті. Таныс купецтен көңілдестікпен алдым.

Домна. Әкем-ау, маған не үшін әкелдіңіз мұны? Мен тіпті қайтерімді білмей тұрмын... Лұқсат етсеңіз, мен сізді сүйіп алар ем, бауырым. Сүймеске жаным шыдар емес.

Великатов. Сүйіңіз еркіңізше. *(Домна Пантелеевна сүйеді.)* Ал, қош болыңыз! Александра Николаевнаға менің құрметті сәлемімді айтыңыз, мүмкін көріспеспіз де. *(Кетеді.)*

Домна *(Великатовты шығарып қайтып).* Апырау, осындай адамдар қайдан пайда болады? *(Шәліні жамылып).* Мен енді мұны иығымнан да түсірмеспін. *(Айнаға қарап.)* Нағыз барыня, тап өзі! Міне адам! Басқалар адам

ба екен! Қарағым да келмейді біріне. Шіркін-ай, болады-ау осындай адамдар. *(Тыңдап.)* О, қайсыңыз? *(Нароков келеді, қолында гүл венок.)*

Нароков. Мә, ал, мә! Міне қызыңның асқаны. Мақтан!

Домна. Мен бір көрмеген адаммын-ау ондайды! Оны қайт дейсің маған? Сыпырғыш етем бе?

Нароков. Надандық! Бұл — жүрттың көңілі толғандықтың белгісі. Дарын жүртты бақытты етеді, бұл — сол таланттың танығандығының белгісі! Бұл — құрмет, сияпаттың куәлігі.

Домна. Бұл сыпырғыштар да ақшаға түсті ғой, құдай біледі. Сол ақшаның өзін-ақ берсеңдер, қандай жақсы болған болар еді. Ақшаға біз орын табар едік. Мынаны біз қайтпекпіз? Пешке жағудан басқа неменеге жарайды дейсің.

Нароков. Ақшаны сен жұмсап бітіресің, мынау қашан да ескерткіш болып қалмай ма?

Домна. Уа, шіркін-ай, осындай қоқыр-соқырды сақтап отырамыз да! Тап бүгін-ақ терезеден лақтырып жіберем. Сен одан да мынаған қара! *(Шәлісін көрсетіп көлбеңдейді.)* Міне, бұл — сыйлық! Қандай әдемі, қандай әдеппен берілді!

Нароков. Әркімдікі өзіне лайық, мен сені күндемеймін. Ал қызыңның таланты қызықтырад та, күндетед те, Мен мынадан бірнеше жапырақты ескерткішке алайыншы. *(Бірнеше жапырақ үзіп алады.)*

Домна. Бәрін ал, керек болса, оған жылайын деп тұрған мен жоқ.

Нароков *(қалтасынан бір қағаз алып беріп)*. Мынаны Александра Николаевнаға бер.

Домна. Бұл тағы немене? Біреудің сәлем хаты шығар? Онсыз да тойдым осындай ес жоқтықтардан.

Нароков. Бұл менен... Өлең еді. Мен де жыр бақшасында туғам.

Домна. Қайда, қайда туғамын дейсің, Прокофьич?

Нароков. Алыста, онда сен болған да емессің, болмайсың да. *(Өлеңін көрсетіп.)* Міне көремісің, айнала шеті ылғи гүл: ұмытпас үшін, Анютаның көздері, Василки деген гүлдер мен егін басы. Мынау міне ұшып жүрген көбелек, мынау отырған бал ара... Мен бұл суретті бір жеті отырып салдым.

Домна. Өзің-ақ берсейші.

Нароков. Ұялам! Мынаны көресің ғой? *(Басын көрсетеді.)* Әрі буырыл, әрі қасқа! Ал мынадағы сезімдер қылауы түспеген жас, балдырғандарға лайық, сондықтан өзіме ұят көремін. Мұны Александра Николаевнаға сен бер, бірақ тастай салып жүрме. Сен дөрекі әйелсің, сенде сезім жоқ, сендердей дөрекі мінезді адамдардың мұндай нәзік, көркем нәрселерді табанға салып таптай салуы оп-оңай.

Домна. Өй, кетші әрі. Сезімдісін қайтерсің мұның! Жұрттың бәрі сондай бола бере ме екен! Тастай бер мына столдың үстіне, келгесін өзі көрер.

Нароков *(қағазын столдың үстіне қояды)*. Ие, мен сезімді жанмын. Қош! *(Кетеді.)*

Домна. Міне есуас? Бірақ ақпейіл адам, мен одан қорықпаймын. Кейбіреулер тіпті құтырып кетеді: ыдысты қиратады, кісіге соқтығады, тістейді, ал, бұл жуас. Бір арба келді білем, Саша шығар. *(Есікке барады. Қолында коробка, гүлі бар Негина кіреді.)*

Негина. Ох, шаршадым-ау! *(Қолындағыларын столға қояды.)*

Домна. Ылаушыны қоя берейін бе?

Негина. Жоқ, жіберме! Мен азырақ дем алайын содан кейін арбамен жүріп таза ауада дем алып қайтайық. Әлі кеш емес. Ылаушы осы кешке түгел жалданған.

Домна. Тұрса, тұрсын ендеше, ақшаны тегін алмақ па!

Негина. Иығыңыздағы шәлі қайдан келген?

Домна. Великатов сыйлады. Бенефистен пайда түсірдім дейді. Қалай, жақсы ма?

Негина. Өте жақсы шәлі, қымбат шәлі.

Домна. Жайға түсіп еді, дейді.

Негина. Сенбеңіз оған. Ол ылғи солай сөйлейді. Ол болған екен ғой осында?

Домна. Ие, келді, ақша әкеп беріп кетті.

Негина. Менімен неге көріспей кетті?

Домна. Білмедім, асығыс екен, тегі кететін болар.

Негина. Мүмкін. Өзі бір қызық адам екен, түсіне алмайсын. *(Ойланып.)* Сондай еркектер әйелді айналдырам десе, оп-оңай үйіріп әкетер еді.

Домна. Әрине үйіріп әкетер еді. Айтып керегі не! Оған еріп кеткен әйелге кінә да таға алмас едің. Қалай кінәларсың! Жүрек деген тас емес қой! Мұндай сырбаз кездесе бере ме! Тап мұндай адамды өміріңде де кездестіре алмас-

сың. Моп-момақан, жұп-жуас, жібек бір сызылған. Ол маған өзінің үй-жайы туралы бар сырын айтты. Апырай, шаруасы қандай көл-көсір еді!

Негина. Ол асқан бай адам.

Домна. Шай ішкің келе ме?

Негина. Жоқ, тоқтай тұрыңыз азырақ. Мынау немене?

Домна. Прокофьичтің саған әкелген ескерткіші.

Негина *(қағазды алып қарап)*. Ах, қандай жақсы. Қандай ақпейіл, сүйкімді шал!

Домна. Ие, ақпейіл, жақсы адам. Бірақ, әбден башмұрты бітіп, жындануға айналыпты. Ал ақшаның жайын қалай шешеміз?

Негина. Әңгіме қылатын неменесі бар? Алдымен борыштан құтыламыз да, қалғанына тұра береміз де.

Домна. Қанша қалады дейсің, біз байымаспыз.

Негина. Ие, бұдан былай еңбек ақысыз, қиынырақ болар. Баратын жер де жоқ, ешкімді білмейсің де.

Домна. Қалса бір екі жүз, жүз елудей қалар, одан артық қалмайды. Сонымен күніңді көр амалдап. Бар жазыңа сол-ақ. Күзге қарай бізді Москваға шақырып отыр ғой, онда да артистка керек көрінеді.

Негина. Әлде сахнаны тастап, күйеуге шықсам ба екен? Өйтейін десем, Петр Егорыч әлі орын тапқан жоқ.

Домна. Сахнаны тастаймын деген тағы неменесі! Басқа жұмыста үш жылда таба алмайтынды бір-ақ күнде түсірген жоқпысың?

Негина. Табуын көп табасың-ау, жұмсауың да сондай ғой.

Домна. Қалай есептесең де біздің өмір тәтті емес қой, Саша. Шынымды айтсам, осы қайыршылық тойдырды әбден.

Негина. Тойдырды. Ие... тойдырды. Олай да ойлайсың, былай да ойлайсың, аяғында ойлауды да қойдым. Жә, ертеңгіні ертең көрерміз.

Домна. Әрине, ал шай ішейік. *(Тыңдап.) Тағы кімді* құдай айдап әкеле жатыр. *(Бакин келеді.)*

Бакин. Мен шай ішуге келдім, Александра Николаевна!

Негина. Ах, кешіріңіз, мен сізді қабылдай алмаймын қазір. Әбден шаршадым, дем алуым керек, мен жалғыз отырып, тыншығайын деп едім.

Бакин. Жарты-ақ сағат, жарты сағат деген немене.

Негина. Шын айтам, дәрменім жоқ, шаршадым.

Бакин. Ендеше мен он минуттен кейін, болмаса, ширек сағаттан кейін келейін, үлгіресіз ғой демалып.

Негина. Жоқ, жоқ. Кешіріңіз. Ертең келіңіз, болмаса басқа бір күні. Тек бүгін емес.

Бакин. Александра Николаевна, мен ойға алғанымды өзгерте беруді сүймейтін адаммын. Мен қашан да ойға алғанымды орындағым келетін адаммын. Өкшелеп соңына түссем, ойымдағым орындалатын да еді!

Негина. Ойыңдағыңыздың орындалғанына мен де қатты қуанам. Бірақ, кешіріңіз, мен қатты шаршадым, отыра алмаймын сізбен.

Бакин. Ендеше, кете беріңіз. Мен осы бөлмеден кетпеймін. Түні бойы осы орындықтан қозғалмаймын.

Негина. Қойыңызшы қалжыңды! Жетті ғой.

Бакин. Сенбейсіз бе? Ендеше, мен табан аудармайтын адам екенімді көрсетейін сізге.

Домна. Мен де ешнәрседен тайсалмайтын әйелмін. Керек болып қалса, «қарауыл!» деп айғайлай да аламын.

Бакин. Сіз мені біреу-міреу осы үйден көріп қала ма деп қорқасыз ғой?

Негина. Мен ешкімнен де, ешнәрседен де қорықпаймын.

Бакин. Бүгін сізге құмарлардың бәрі де вокзалда: князь да, Великатов та, Смельская да сонда, олар таң атқанша сонда болады.

Негина. Онда менің не жұмысым бар?

Бакин. Күйеуім десеңіз, ол ұйықтап жатқан болар. Мен тіпті соны сүйетініңізге сенбеймін де.

Негина. Құдай-ау, шыдар жай қайда бұған? Мен сізді ешнәрсеге сендірген де емеспін ғой!

Бакин. Сіз оны құмарлардан қорғаныш есебінде ғана қолға ұстап жүрсіз. Сізге біреу ұнай қалса, сіз оны тастап кетесіз. Қашан да осылай болатын ғой.

Негина. Жарайды, жарайды.

Бакин. Сіз тым таңдап кеттіңіз, не күтесіз осы, қандай жақсылық? Сіздің алдыңызда оқыған адам, ауқатты адам отыр... Мен сізді айналып-толғанып, сый-сияпат жасамай жүрсем — ол менің салтымда жоқтықтан. Мен өзеуреген нәзік сөзбен ғашықтығымды айтқан емеспін, ол менің салтым емес. Біз бала емеспіз, бізге аярсудың не керегі бар? Келіңіз, ересек адамдарша сөйлесейік.

Негина. Қош болыңыз! *(Кетеді.)*

Домна. Ал, әкем, біраз сөйледің, жетер енді. Мазалама жұртты! Болмаса, әйтеуір сөйлегің келсе, менімен сөйлес. Мен сөзді қалтамнан іздейтін кісі емеспін.

Бакин *(айғайлап)*. Мен бәрібір тағы да келемін. *(Кетеді.)*

Домна. Мен есікті жабамын да, енді ешкімді кіргізбеймін. Мейлің өрем қап есік алдында.. *(Кетеді, Ар жақта дауыстасып сөйлескен адамдар, Негина келеді.)*

Негина. Немене тағы да? *(Домна Пантелеевна, қолында бір бутылка шампанскиі бар Вася және Трагик келеді.)*

Домна. Міне қаңғымалар, осылар ғой шын қаңғыма. Еріксіз кіріп келді. Ешбір жөн-жосықты құлақтарына да ілмейді.

Вася. Болмайды, Домна Пантелеевна, Александра Николаевнаның саулығына ішіп жіберуіміз керек емес пе! Бұдан қалай қашсаң да құтылмайсың! Немене болыпты? Біз барлық адамгершілік, адалдық, құрметімізбен келдік! Қандай тәртіпсіздік бар?

Трагик. Мен бар жерде тәртіпсіздік қайдан жүрсін?

Негина. Босқа әуре болған екенсіздер, мен іше алмаймын.

Вася. Ол енді өз еркіңізде. Сіз ішпесеңіз, бізге көбірек тиер, өзіміз-ақ ішіп саламыз. *(Асхана жаққа қарап дауыстап.)* Айналайын, ақылдым, стакан берші.

Домна. Жә, бері әкел, мен-ақ ашайын.

Трагик *(Негинаға)*. Сен ішпеймін деймісің? Жарайды, көрейік, қалай ішпейді екесің менімен!

Вася. Күштеудің керегі жоқ.

Трагик. Мен күштеймін, мен өтінемін. *(Домна Пантелеевна бутылка мен стакандарды столға қояды.)*

Вася *(құйып жатып)*. Жасыңыз үлкен, сізден бастаймыз.

Домна. Ішсем бе екен, қызып қалармын ба екен?

Вася. Онда қайтеді? Неден қорқасың? Түн ғой, қызып қалсаң да, келер бәле жоқ, одан түк қорықпаймыз.

Домна. Ал, Саша, құттықтаймын сені! *(Ішеді.)*

Вася *(Негинаға)*. Енді сізден өтінеміз! *(Стакан ұсынады.)*

Негина. Мен ішпеймін деп айтқамын.

Вася. Болмайды. Қалай жәбірлейсіз бізді? Біз сізге барлық достығымызбен келіп тұрмыз. Тым болмаса жартысын!..

Трагик *(тізерленіп)*. Саша, Александра! Сен кім өтініп тұрғанына қара! Алдында кім тізерленіп тұр? Громилов, тап Ераст Громиловтың өзі! Көремісің?

Негина. Жарайды, азырақ ішейін. Бірақ одан кейін ішпеймін. *(Ішеді.)*

Вася. Еркіңіз білсін. Қалғаның өзіміз ішіп қоямыз. Бірақ, сарқытыңызды ішкесін, ойыңызды бөлетін боламыз-ау? *(Өздеріне құйып.)* Енді міне біз ішеміз. *(Трагикке стакан береді.)*

Трагик. Екеуміздің атымыздан сен құттықта! Бүгін менің шешендігім күрмеліп тұр.

Вася. Табысыңызбен! Жүз жыл өмір, бір миллион ақшаңыз болсын!

Трагик. Тағы да құй! *(Вася құяды. Трагик ішеді.)* Болғаны ма?

Вася. Біткені!

Трагик. Ендеше, кеттік!

Вася *(Негинаға)*. Кешірім сұраймыз! Қолыңызды беріңіз. Надандыққа кешірім етіңіз! Бұл үйге көп рахмет, енді екінші үйге барамыз. *(Екеуі кетеді.)*

Домна. Міне қаңғымалар! Құйын айдап жүргендей! Енді есікті біржолата бекітем. Шаршатты түге. *(Есікті жауып келіп.)* Ал, енді шай ішейік.

Домна. Матрена, шай құйып әкелші. *(Қызына.)* Кәне, әкел алған сыйлықтарыңды.

Негина. Көрдіңіз ғой, бір сырға мен бір түйреуіш.

Домна. Менің жинап қойғым келеді. О да аз ақшаға келмейді ғой. *(Алып қалтасына тығады.)* Бұл нәрселердің жақсысы — ақша керек боп қалғанда, залогқа салуға болады. Бұл мына жапырақ сыпырғыш емес. *(Шай келеді. Негина шай іше бастайды.)*

Негина. Маған Великатов қандай гүл әкеп берді! Қараңызшы!

Домна. Гүл деген немене ол. Гүлдің аты гүл! Далаға тастаған бір ақша. Мен солай санаймын.

Негина. Жоқ, көріңізші. Бәрі қымбат гүлдер, қайдан алады екен!

Домна *(гүлді қарап)*. Жақсы екен, дауым жоқ. *(Гүл арасынан қағаз тауып алып.)* Мынасы тағы немене?

Негина *(хатты ішінен оқып)*. Ах, ах!

Домна. Не болып қалды?

Негина. Ах, тұра тұршы! Тағы бір хат бар еді, ұмытып кеткен екем. *(Қалтасынан хат алады.)* Бұл Петр Егорычтан. *(Оны да ішінен оқиды.)*

Домна. Естіртіп оқысайшы! Шешеңнен жасырамысың?

Негина *(оқиды)*. «Ие, қарағым, Саша, көркемөнер бос қалжың емес, мен мұны түсіне бастадым. Бүгінгі сенің ойыныңнан мен қанша жылылық, қанша шындық таптым! Саған, шынымды айтсам, таң қалдым. Сен үшін өте қуандым! Бұл жанның сирек кездестіретін, қымбат қасиеті. Ойыннан кейін сіздің үйде біреу-міреулер болатын шығар. Сіздің үйде қонақ барда, мен бір қысылған халде болам, бір көңілсіздік басады. Соларыңды ұнатпаймын ба-ау, қысылам ба-ау, әйтеуір ыңғайсыз халге түсем. Қонақтарыңның бәрі де маған қырын қарайды, жаратпайды, болмаса сықақ еткілері келетін сияқты. Өзің білесің, менің еншім ол емес қой. Осыларды ойлап, мен ойыннан кейін саған бармай-ақ қояйын дедім. Ал, сен бірер минут уақыт тапсаң бақшаларыңа шықшы, мен сонда күтем. Әрине, мен саған ертең ертемен келсем де болар еді, бірақ жаным тасып төгілгелі тұр, жүрегім ақтарылғысы келеді». *(Көзінің жасын сүртеді.)*

Домна. Ал, ана хатты оқы!

Негина. Жоқ, апа, оқып керегі жоқ, ұялам.

Домна. Ұялам деген немене? Оқуға ұялатын талай хат алатын шығарсың, бірақ шешеңе оқығанның несі бар?

Негина. Ендеше, шыдап бақ. *(Оқи бастайды.)* «Мен сізді бір көргенде-ақ жараттым. Сізді көру, сіздің үніңізді есту — мен үшін бір айтып жеткізе алмайтын ләззат! Мен сізді сүйетінімді хат арқылы білдіргеніме кешірім сұраймын; сүйекке біткен жасқаншақтығымнан мен көңілімді ауызша айта алмас едім сізге. Енді менің бақытым сіздің қолыңызда. Құмарым Александра Николаевна, арман еткен бақыт дегенімді айтар болсам, ол мынау еді: менің кең бақшамның, менің салтанатты сарайымның, менің жайнаған бөлмелерімнің жас балдырған хозяйкасы болса! Жас хозяйкаға бәрі бас исе, менің өзімнен бастап бәрі де құлындай құлдық ұрып тұрса! Сонымен жаз өтсе. Күзге қарай сұлу жар екеуміз, оңтүстік жақтағы бір қалаға кетсек. Сұлу жарым театр сахнасында ойнаса. Театрдың бар тағдыры менің қолымда болғансын, ол театр сахнасында жұлдыздай жарқырар еді! Мен жан рахатын тауып қандай мастанар едім. Бұдан арғыны мен арман да етпеймін, тұ-

ра келе көрерміз. Менің бұл арманым үшін ашуланба, арман етуге кімнің болса да еркі бар. Егер ертең сіз мені қабылдайтын болсаңыз, арманымның кесімін сіздің көзіңізден танырмын. Егер қабыл етпесеңіз, ұмтылғаным үшін сізден жаза шегіп, жаралы жүрегімді қолыма алып кете беремін де. Бірақ үн шығармай кетермін. Сіздің Великатов» *(Жыламсырап.)* Апа, бұл не? Мына жексұрын не жазған? Оған кім лұқсат етті мұны жазуға?

Домна. Лұқсат етті деген немене?

Негина. Мені осынша сүюге деймін.

Домна. Ақылсыз-ау, ол үшін лұқсат керек пе екен?

Негина. Өлтірер едім өзін...

Домна *(ойланып)*. Аққулар... Көлімде аққулар жүзеді дейді.

Негина. Онда менің не жұмысым бар!

Домна. Саша, Сашутка, біз бұл күнге дейін бұл жөнінде шындап сөйлескен емеспіз. Шыны міне енді келе жатыр. Кедейліктен көз аштық па, сірә, мынау келе жатқанның аты байлық болады. Құдай-ау, қайдан келеді десеңші! Қалай қызықпассың, қалай ғана қызықпассың! Құдай, өзің кешіре гөр, сайтан емес пе, өзі? Дәл уақытына кездесіп тұрғанын қарашы: жоқшылықтан қалай құтыламыз деп отырғанда, сап ете түсуін көрдің бе! Сайтанның дәл өзі ғой! Ойпырмай, жұмсақтығы қандай, қайырымдылығы қандай! Ал бұл істің жайын шындап кеңесейік.

Негина. «Шындап», шыңдайтын мұнда не тұр? Мені кім деп ойлайтын едіңіз өзі? Осы да «іс» болғаны ма? Мұның аты масқара емес пе! Менің сүйгенім Петяның айтатыны есіңде ме? Мұнда ойланатын да, кеңесетін де тұк жоқ. Әлдеқандай шүбәң болса, бірдемені ал да, бал аш. Мен қызыңмын ғой сенің. Жұп па, дара ма, жұп па, дара ма — сонымен білесің де қоясың. *(Мелузовтың хатын алады.)*

Домна. Мен қалай ашам, бұл сенің жұмысың, құдай сақтасын.

Негина *(хатты оқып)*. «Егер сен бірер минут уақыт тапсаң, бақшаларыңа шықшы, мен сонда күтем». Сорлы, сорлы! Мен оны бұл күнге дейін аз сүйген екемін. Мен қазір ғана оны бар жанымменсүйетінімді сезіп отырмын! *(Нароковтың хатын алады.)* Мынау да бар екен ғой. Мұны да өмір бойы сақтау керек, мені мұндай ешкім де сүйетін болмайды. Шәліңді бере тұршы. Мен барып келейін.

Домна. Қайда барасың, қайда барасың? Не болған саған?

Негина. Қоя тұрыңызшы, сіздің жұмысыңыз емес қой.

Домна. Қалай менің жұмысым емес? Сен менің қызымсың!

Негина. Ие, мен сіздің қызыңызбын, ойыңызға келгенді істей беріңіз маған. Бірақ жаным өзімдікі ғой. Мен Петяға барамын. Ол мені сүйеді, ол аяйды, сені мен мені ол жақсылыққа жетеледі.

Домна. Ал мынау іс туралы не айтасың? Айтсаңшы бірдеме.

Негина. Іс, іс! Ертең айтайын, шыдай тұрыңызшы ертеңге дейін. Қазір бөгемеңіз мені. Мен қазір сондай таза, сондай бейілдімін. Мен бұрын ешуақытта да мұндай болып көрген жоқпын, мүмкін, күні ертең-ақ мұндай бола алмаспын да. Жаным сонша таза қазір, сонша жақсы, бөлмеңіз осы халімді.

Домна. Мейлің, ендеше, мейлің.

Негина. Мүмкін, қазір келермін, мүмкін, таңертең қайтармын, білмеймін оны. Бірақ көзіңмен де, сөзіңмен де тие көрме маған...

Домна. Не айтады мынау, мен шешең емеспін бе сенің? Мен де әйелмін, саған бөгеу болмау керектігін білемін; менде де жан жоқ деймісің?

Негина. Ал, мен кеттім.

Домна. Тұра тұр, әуелі жақсылап жамылып ал, суық тиіп қалмасын! Жүрегіңнен айналайын, алтын жүрегіңнен! Мен есікті жаппаймын, сені күтіп, шай ішіп отыра берем. *(Негина кетеді, Домна Пантелеевна екінші жаққа шығады. Бакин келеді.)*

Бакин. Ешкім жоқ қой, есіктері де ашық тұр. Менің алдымнан бір көлеңке өтіп кетіп еді, сол болды-ау... Қайда, кімге кетті екен? Күйеуіне кетіп барады дер едім, оның орны жоқ, күйеуі осында келе алады. Әй, таза ауада жүріп қайтуға бақшаға кеткен шығар. Мен оны осында күтейін. Қуып жіберер деймісің, бір жарты сағат отыруға лұқсат етер. Мен осы үйге қызбен бірге шай ішіп, таңертеңге дейін отырам деп Великатовпен бәс тіктім. Ұтылғым келмейді. Қыз мені қабыл ала. ма, жоқ па, сол жөнінде мен Великатовты хабарландырғым келіп еді. А! Мен мынаны істеуім керек екен ғой: кучерді жіберем де, мен осы үйде қалдым деймін! Егер мені бұл үйден қуып жіберсе, таңертеңге дейін қаңғыра тұратын бір жер табылар. *(Терезені ашады... Бұл кезде Мелузов пен Негина үйге кіреді. Негина өтіп*

кетеді.) Иван, қайта бер вокзалға, мені осында қалды деп айт.

Мелузов. Жоқ, сіз мұнда қалмайсыз. Кучеріңізге тоқта деңіз. Сіз қазір шығасыз бұл үйден! Сіз немене? Ендеше мен айтайын: *(Терезеге барып.)* Иван тоқтай тұр! Мырзаң қазір шығады.

Бакин. Біреудің үйінде әмір етуге сіздің қандай қақыныз бар? Мен сізді білмеймін, білгім келмейді де!

Мелузов. Жоқ, өтірік айтып не керек, білесіз. Өтірігіңіздің бұзық астары да бар. Сіздің адал қызды жаман атаққа шығарғыңыз келеді.

Бакин. «Атаққа?» Театрдан кейін келу «атаққа» шығару болмақ па? Сіз не біліп айтасыз мұны?

Мелузов. Ал жақсы; бірақ сізді осында қалды деп айтуға кучерді неге жұмсайсыз?

Бакин. Сіз артистер мен театрдың алдыңғы қатарында отыратын жұрттың арасындағы қарым-қатнасты қайдан түсінейін деп едіңіз! Сіз сонау төбеде отыратын адамсыз ғой.

Мелузов. Мен мынаны түсінемін: сіз, театрдың алдыңғы қатарында отыратын адам, бұл үйден кетесіз де, мен, сонау төбеде отыратын адам қаламын сонда.

Бакин. Сіз қаламысыз осында?

Мелузов. Ие, мен қаламын.

Бакин. Е, бұ да жақсы болды! Мен, ең болмағанда, жұртқа жаюға тұратын жаңалық ашқан екемін...

Мелузов. Кімге жайсаң, соған жай.

Бакин. Мүмкін, сіз қызып кетіп, аэырақ мақтаныш қосып жіберген болармысыз?

Мелузов. Жоқ, сеніңіз, қаламын. *(Негина келеді.)*

Негина *(қолын Мелузовтың иығына салып).* Ие, бұл қалады.

Мелузов. Енді шүбәңіз тарқаған болар. Енді сізге бір-ақ жол қалды ғой деймін...

Негина. Кету...

Мелузов. Неғұрлым тезірек болса, соғұрлым жақсы болар еді.

Бакин. Жақсы болар, жақсы болар!.. Маған не жақсы болатынын мен өзім білемін.

Мелузов. Жоқ, білмейсіз, сіз менің сөзімді бөліп жібердіңіз. Тезірек кеткеніңіздің тәуір болатыны — әзірше есіктен шығуыңызға болады, ал кешіге берсеңіз, терезеден ұшатын боласыз.

Негина (*Мелузовты құшақтап.*) Айналайын!..

Бакин. Жарайды, жас жігіт, ұмытпассыз осыныңызды! (*Кетеді.*)

Негина. Ах, күнім Петя! Көгершінім, жүр, түн бойы атпен жүріп қайтайық: аттар осында тұр.

Мелузов. Қайда барамыз, Саша?

Негина. Қайда барғың келсе, сонда. Таңертеңге дейін бәрі сенің еркіңде. Апа, хош, жап есікті. Біз кеттік. (*Мелузов екеуі кетеді.*)

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Вокзал залы. Ортада ұзын стол, үстінде бутылка, ыдыстар, гүлдер. Стол басында Трагик. Сырттан дауыстар естіледі: «Станция, Боряхимов қаласы. Поезд 20 минут тұрады. Буфеті бар. Буфет қызметшісі келеді.

Қызметші. Не бұйырасыз?

Трагик. Васям қайда менің?

Қызметші. Құдай-ау, неше рет сұрайсыз менен? Біз қайдан білейік.

Трагик. Ендеше, бауырым, әрі кет! (*Қызметші кетеді.*) Қайда менің Васям? (*Вася келеді.*)

Вася. Вася міне, саған немене керек?

Трагик. Бауырым-ау, қайда жоғалып кеттің?

Вася. Жұмысым болды да. Не керек еді, соны айтшы.

Трагик. Бауырым-ау, бүгін екеуіміз неге ішпедік?

Вася. Неге? Тотияйыннан басқаның бәрін де ішкен сияқтымыз ғой. Жеткілікті болды ғой. Азырақ шыдайық та!

Трагик. Сен өзің мені жақсы көресің бе, жоқ па?

Вася. Оны сөз қылып не керегі бар?

Трагик. Сен мені не үшін жақсы көресің?

Вася. Сен талантсың, сол үшін. Әңгіме бітсін осымен. Тыңда бірақ, арақ та-арақ деудің керегі не? Арақ та азырақ дем алсын да!

Трагик. Жарайды ендеше, дем алсын.

Вася. Мен приказчигімді Харьковқа жіберетін едім, соған оны-мұны түсіндіруім керек, жүр үшінші класқа барайық; сен де азырақ қыдырып қайт.

Трагик. Жарайды, барайық. *(Кете береді, бұларға Нароков пен Мелузов ұшырасады.)*

Нароков *(Васяны тоқтатып)*. Тоқтаңыз, тоқтай тұрыңыз. Мә, сізге сағатым. *(Сағатын ұсынады.)*

Вася. Мартын Прокофьич, сіздің сағатыңыздың маған не керегі бар?

Нароков. Маған он сом ақша беріңіз, өтінемін!

Вася. Сағатыңның маған керегі жоқ.

Нароков. Беріңіз, беріңізші енді. Қысылып тұрмын.

Вася. Қысылып тұрсаң, мен саған былай да сенемін.

Нароков. Керек емес, керек емес. Сағатымды алыңыз. Ол қымбат сағат, мен оны кейін төлеп алам. Тез-ақ төлеп алам.

Вася. Саған ақшаның не керегі болды? Шыныңды айт!

Нароков. Азаптамасаңыз екен. Бересіз бе, жоқ па, соны айтыңызшы?

Вася. Жоқ, бауырым, мен неге керек екенін білгім келеді.

Нароков. Мазалағаныма кешірерсіз ендеше, керек емес.

Вася. Жоқ, ал. Мә! *(Сағатты алып қалтасына тығып.)* Міне ақша, ал. Өсімін сұрамаймын, қорықпа.

Нароков *(ақшаны алып)*. Рахмет, рахмет айтам сізге. Сіз мені құтқардыңыз. *(Вася мен Трагик кетеді.)*

Мелузов. Олар мұнда да жоқ, сіз қаталасқан боларсыз.

Нароков. Жоқ, білемін, білемін. Жүрегім де соны айтып тұр: ол бүгін кетеді. Көрмейсіз бе мен әлі есімді жия алмай тұрмын ғой.

Мелузов. Бірақ, мүмкін емес. Ол менен жасырмаса керек еді; мені не үшін алдайды? Мен бүгін таңертең ғана Сашадан хат алдым. Мінекей: *(қалтасынан хат алып оқиды.)* «Петя, сен бүгін біздің үйге келме, үйіңде бол. Мені күт. Мен кешке таман өзім барамын».

Нароков. Ие, түсінікті. Бірақ; солардың бүгін кететіні де даусыз. Мен барып едім оларға, мені кіргізбеді. Домна Пантелеевна шықты да: — Саған уақытымыз жоқ, уақытымыз жоқ, біз қазір темір жолға жөнелейік деп жатырмыз, — деді. Мен буған нәрсе, чемодандарын да көрдім. Содан соң жүгіріп сізге бардым.

Мелузов. Жүрңіз, ана залға барайық, оларды кірер есіктен тосайық.

Нароков. Мен естен айрылдым. Қазір осы кеш пе, таңертең бе? Мен түгін білмеймін, поезд қашан кететін еді?

Мелузов. Кешкі сағат 8-де кетеді. Жиырма минуттай қалды.

Нароков. Ендеше олар келеді. Жүр. *(Екеуі кетеді. Негина, Домна Пантелеевна, Смельская, Дулебов, Бакин, Матрена келеді.)*

Смельская. Саша, сен жолға неғып тез жинала қойдың? Ешкімге айтқан да, жоқсың.

Негина. Айтуға уақытым болды ма? Мен телеграмманы бүгін ғана алдым да жүруге жиналдым.

Смельская. Егер біз, князь екеуіміз, вокзалға келмесек, сен қоштаспай да кете береді екенсің.

Негина. Уақытым болмады. Мен ешкіммен де қоштаса алмадым. Мен сіздерге Москвадан жазармын деп ойладым.

Смельская. Сен сонымен Москваға кетіп барамысың?

Негина. Ие.

Смельская. Шартың қандай?

Негина. Өте жақсы ұсыныс алдым. Бірақ өзім әлі бел байлағаным жоқ. Мен саған жазып жіберермін.

Дулебов *(Бакинге)*. Мен бүгін Великатов жүретін шығар деп, сонымен көрісіп қалғалы келіп едім: жасырынып кетіп бара жатқанның жазасы үшін бір бутылка шампанский ішейін деп ем.

Бакин. Мен де сол үшін келгем.

Дулебов. Бірақ, поезд келіп тұр, ол әлі жоқ. Сірә қалатын болар.

Бакин. Ойбай, бұл миллионщик мырзалар үшінші қоңырауда бір-ақ сап ете түсетін әдетті шығарды ғой.

Смельская. Петр Егорыч қайтеді?

Негина. Ах, ол туралы ешнәрсе айтпай-ақ қойшы.

Смельская. Сен оған айттың ба?

Негина. Жоқ, ол білмейді. Ол осында келіп қала ма деп қорқам. Тезірек жөнелсек екен.

Бакин. Әне Иван Семеныч. *(Великатов, кондукторлар келеді.)*

Бас кондуктор. Станция начальнигі үй ішімен отыруға лайық бөлімі бар арнаулы вагон тіркеуге бұйрық берді.

Великатов. Ие, мен одан соны өтініп едім. *(Бұрынғыларға басын иеді.)*

Бакин. Сіз жүресіз бе?

Великатов. Жоқ, мен Александра Николаевна мен Домна Пантелеевнаны шығарып салам. *(Кондукторға.)* Вагон әзір болғасын мына нәрселерді апарып салғызыңыз. Бізді тастап кете ме деймін, жүрегім орнықпай тұр.

Бас кондуктор. Ол үшін тынышыңыз қашпасын.

Домна. Иван Семеныч, билеттерді алдыңыз ба?

Великатов. Алдым, Домна Пантелеевна, бар жүгіңізді де тапсырдым.

Домна. Ендеше, билетті маған беріңіз. Билетсіз кіргізбейді ғой.

Великатов. Вагонға отырарда берермін сізге.

Домна. Кешігіп қалып жүрмейік, Иван Семеныч. Бізді тастап кете ме деймін, жүрегім орнықпай тұр.

Бас кондуктор. Тынышыңыз қашпасын, мен өзім келіп, сіздерді отырғызып жіберем. Менсіз поезд тырп етпейді. Нәрселеріңізге қазір кісі жіберем.

Домна. Әйтеуір бір сенімді кісі болсын, бүлініп қалмасын, білдің бе.

Великатов. Ал, кіріңіз!

Бас кондуктор. Қазір. *(Кетеді.)*

Великатов. Мырзалар, жолаяқ үшін бутылка босатайық, мен әкелуге бұйырдым. Александра Николаевна, Нина Васильевна, өтінем!

Домна. Ие, үйден аттанарда әуелі азырақ отыру керек. Матрена, сен де отыр. *(Бәрі де столға отырады. Великатов арақ құяды.)*

Великатов. Александра Николаевна, оң сапар болсын! Домна Пантелеевна!

Домна. Қалатындарға да жақсылық тілеймін!

Смельская *(Негинаны сүйіп)*. Саған бақыт тілеймін, Саша! Жазып тұр. *(Кондуктор келеді.)*

Кондуктор. Қай нәрселерді ал деп бұйырасыз?

Домна. Әке, әкем. Матрена, көрсетші. Өзің бірге бар, жақсылап байқа. *(Кондуктор нәрселерді ала бастайды.)*

Домна. Кондуктор!

Кондуктор. Не бұйырсыз?

Домна. Сен жастықтарды еденге домалатып тастамай, сағырақ бол.

Негина. Апа!

Домна. Немене «апа!» Айтқан дұрыс та. *(Кондукторға.)* Ана шеткі дорбаға тиме. Тиме деймін, онда дөңгелек нандар бар, шашып аласың.

Негина. Апа!

Домна. Уа, немене! Осыларға да сене берем бе!

Негина. Бәрін де алыңыз, бәрін де. *(Тыста қоңырау.)*

Домна. Ай! Кетіп қалды! *(Атып тұрады.)*

Великатов. Тынышыңыз кетпесін, Домна Пантелеевна. Сізді тастап кетпейді.

Кондуктор. Ол — үшінші класқа берілген қоңырау. Уақыт әлі көп. *(Матрена екеуі кетеді.)*

Домна. Өлердей қорқытқанын қарашы. Осы бір қоңырау дегендері жаныңды шығарады. *(Нароков, Мелузов, қолында бутылкасы бар буфет қызметкері келеді.)*

Негина *(Мелузовка келіп)*. Үн шығарма, тәңір жарылғасын, бір ауыз сөз айтпа. Мені сүйетінің рас болса, үндеме. Мен кейін бәрін де айтармын өзіңе.

Нароков *(қызметшіге)*. Сен сенбеп едің, сенбеп едің. Енді көр міне, мен ақша төлеймін бе екен, жоқ па! Сен жақсы қызметкерсің! Мә, сол жақсылығың үшін он сом, сыйлық! *(Ақша береді.)* Арағың үшін, қалғаны өзіңе.

Қызметші. Рахмет. *(Кетеді.)*

Бакин. Мырзалар, сөз! Сөз тыңдайық!

Нароков. Александра Николаевна! Бірінші бокал сіздің талантыңыз үшін! Мен сіздің талантыңызды ең бірінші байқаған адам болғаныма масаттанам. Шынында, талантты аңғарып, бағалайтын менен басқа кім бар мұнда? Мұнда көркемөнер керек пе, өзі? Мұнда... О, қарғыс атсын!

Бакин. Мартын Прокофьич, шатасып қалдың.

Нароков *(ашуланып)*. Жоқ, мен шатасқан жоқпын. Жас артистканың қорқа басқан алғашқы адымынан-ақ мен атақты адамның болашағын аңдап қалғанмын. Сізде талант бар, ақтай біліңіз, өсіріңіз. Талант деген — адамның ең артық байлығы, ең қымбатты бақыты! Сіздің талантыңыз үшін! *(Ішеді.)*

Негина. Рахмет! Мартын Прокофьич!

Бакин. Дұрыс!

Дулебов. Едәуір жатық сөйлейді екен!

Нароков *(Мелузовқа)*. Маған да, өзіңізге де құйыңыз... *(Негинаға.)* Екінші бокал сіздің сұлулығыңызға!

Негина (түрегеліп). Ах, ол не дегеніңіз! Оныңыз не?

Нароков. Сіз өзіңізді сұлу емес деп ойлайсыз ба? Жоқ, сіз асқан сұлусыз! Мен үшін талант қайда болса, сұлулық сонда! Мен өмір бойы сұлулыққа бас иіп келдім, молама кіргенше сұлулыққа бас иіп өтем... Сіздің сұлулығыңыз үшін! *(Ішеді.)* Енді қоштасып, қолыңыздан сүюге лұқсат етіңіз. *(Негинаның алдына тізерленіп, қолынан сүйеді.)*

Негина *(жыламсырап)*. Тұрыңыз, Мартын Прокофьич, тұрыңыз.

Великатов. Жетер, Мартын Прокофьич, бұзбаңыз Александра Николаевнаның көңілін!

Нароков. Ие, жетті! *(Есікке беттеп барып тоқтайды.)*

Қайғы да емес, жас та емес,
Жора етем саған басқаны.
Қызыл гүлдің бақыты —
Тағдырдың саған жазғаны.
Сен жұмақтың гүлісің
Жайнаған әсем жан-жағың.
Ақынға сен қашан да,
Бос айтылмас арманы.
Бақытты күндер алдыңда,
Бақытпен бірге жұрт қоршар.
Азап тартқан жұрт ақынды,
Сұлуым, сен есіңе ал! *(Әрі барып.)*
Аяусыз ием тағдырдың
Айдауында ылғи мен.
Бақытсыз ақын бақытты!
Бақыттұ болсаң жалғыз сен! *(Кете береді.)*

Великатов. Мартын Прокофьич! Мартын Прокофьич!

Нароков. Жоқ, жетті, жетті. Одан әрі дәрмен жоқ.

Негина. *(Бас кондукторды ымбап шақырып алып кетеді).* Жүретін уақыт болды деңізші. Өтінемін сізден.

Бас кондуктор. Әзір кішкене ертерек, бірақ, мейліңіз білсін. Мырзалар, вагонға отырсаңыздар қайтер?

Домна. Ах, мені алдымен жіберіңдерші, жіберіңдер, әйтпесе үлгірмеймін.

Бас кондуктор. Оң жаққа қарай ең соңғы вагонға. *(Мелузовтан басқасы кетеді. Негина қайтып келеді, кейін бас кондуктор да келеді.)*

Негина. Жә, Петя, қош бол. Менің тағдырым шешілді.

Мелузов. Қалай? Не? Не дейсің?

Негина. Мен сенікі емеспін, сүйгенім! Болмайды. Петя!

Мелузов. Енді кімдікісің?

Негина. Қайтесің оны біліп! Бәрібір емес пе саған. Сөйтпесе болмады, Петя. Мен ұзақ ойландым, шешем екеуміз қосыла ойладық. Сен жақсы адамсың, өте жақсы адамсың! Сен айтқанның бәрі рас, бәрі дұрыс. Бірақ, амал не, болмайды... Мен қанша жыладым, өзіме өзім қанша ұрыстым... Сен мұны түсінбейсің. Көресің бе міне: қашан да осылай, ылғи осылай болады... қашан да... былай... ылғи осылай... жалғыз мен қайда бармақпын?.. Күлкі болмақпын ба!

Мелузов. Күлкі? Шын-ақ күлкі?!

Негина. Әрине. Сен айтқанның бәрі шын, бәрі дұрыс. Жұрттың бәрі де солай тұру керек, солай... Ал егер талант болып... алдымда мені атақ күтіп тұрса? Оған айналмаймын ба, безейін бе? Содан соң артынан өкініп, өмір бойы өксіп өтейін бе? Егер мен артистка болып тусам қайтпекпін?

Мелузов. Саша, не болған саған, Саша? Талант пен бұзылғандық егіз бе екен?

Негина. Жоқ, бұзылғандық емес! Қалай едің өзің! *(Жылайды.)* Сен түк те түсінбейсің... Мені түсінгің де келмейді. Мен артистка емеспін бе? Сеніңше де маған бір героиня болу керек емес пе еді. Әйелдің бәрі бірдей героиня бола бере ме екен? Мен артистка... Мен егер саған күйеуге шыққан болсам, мен сені тез-ақ тастап, сахнаға кетер едім. Еңбек ақысы аз да болса, тек сахна болсын маған. Мен театрсыз тұра алармын ба, сірә?

Мелузов. Бұл — мен үшін жаңалық, Саша.

Негина. Жаңалық! Жаңалық болатыны — сен осы күнге дейін менің жанымды ұққан жоқсың. Сен мені бір героиня болар деп ойладың, мен бола алмаймын... Болғым келмейді де. Сендер мынадай болсаңдар, мен мынадай адаммын деп, басқа жұртты кінәлағандай бола алмаймын!

Мелузов. Саша, Саша, біреудің адал тұрмысы басқаға кінә бола ма екен? Адал тұрмыс басқалар еліктеу үшін жақсы өнеге емес пе?

Негина. Сен осындайсың... Олай болса, мен іштеңеге түсінбейтін ақымақ болғаным ғой. Бірақ, апам екеуміз

осылай ұйғардық. Екеуміз біраз жыладық та, осылай ұйғардық. Ал, сен мені бір героиня болса екен дейсің... Жоқ, ол күрес менің қолымнан қайдан келсін. Менде қанша күш бар! Ал, сен айтқанның бәрі дұрыс. Мен сені ешуақытта да ұмытпаймын.

Мелузов. Ұмытпаймысың? Оныңа да рахмет.

Негина. Менің өмірімдегі ең аяулы күндерім сол болатын. Енді ондай күндерім болмас-ты. Қош, сүйіктім!

Мелузов. Қош, Саша!

Негина. Мен жинала бастағаннан-ақ сені ойлап жылай бастадым. Мә? *(Қағазға ораған шашын алып береді.)* Сен үшін бұрымымның жартысын кесіп алдым. Ал ескерткішке!

Мелузов *(алып қалтасына салып)*. Рахмет, Саша.

Негина. Керек десең, тағы да кесіп берейін. Тіпті қазір-ақ...

Мелузов. Керек емес, керек емес. *(Великатов есікті ашады.)*

Великатов. Александра Николаевна, жүріңіз. Соңғы қоңырау болады қазір.

Негина. Қазір, қазір. Кете беріңіз. *(Великатов кетеді.)* Ал, қош! Бірақ, сен маған ашуланба! Ұрыспа маған! Кеш мені! Кешпесең, маған ауыр болады, ешбір қуаныш көрмеймін: кешір! Тізерленіп тұрып жалынамын саған.

Мелузов. Керегі жоқ. Қалай тілесең, солай тұр. Менің жалғыз-ақ тілейтінім — бақытты бол! Тек бақытты бола біл, Саша, Сен мен і де, менің айтқандарымды да ұмыт! Қайтсең де, өзіңше бақыт тап! Не бар айтарым осы, сен үшін өмір мәселесі шешілген.

Негина. Сөйтіп, сен ашуланбайсың ғой? Міне, енді жақсы болды. Ах, жақсы болды! Тек, тыңдашы, Петя, егер бірдемеге мұқтаж болсаң, маған жазып жібер!

Мелузов. Не дейсің, Саша!

Негина. Жоқ, құдай үшін, жазбай қойма! Мен сенің қарындасыңдаймын, қарындасыңдаймын. Петя, тым болмаса, осы қуанышымның жолын кеспеші. Қарындасыңдай болайын... Одан басқа немен қайтарам сенің бар жақсылығыңды? *(Бас кондуктор келеді.)*

Бас кондуктор. Мен сізге келдім. Жүріңіз вагонға, поезд қазір қозғалады.

Негина. *(Мелузовтың мойнына асылып)*. Қош, Петя! Қош, сүйіктім! Көгершінім! *(Сытылып шығып.)* Жаз Петя, жаз! *(Кетеді. Оның артынан бас кондуктор кетеді.*

Мелузов жалғыз. Қоңырау, Поездың жөнелген дыбысы... Трагик пен Вася келеді.)

Трагик. Сен не дедің? Ол кетіп қалды ма?

Вася. Солай, бауырым, біздің Александра Николаевна кетіп қалды. Қош! Бар көргенің осы.

Трагик. Қайтеміз, екеуміз сауытқа жылып, сыртынан бақыт тілейміз де. *(Смельская, Дулебов, Бакин келеді).*

Бакин *(күліп).* Міне бұл тамаша! Мен оған «шығыңыз, әйтпесе, сіз де кетіп отырасыз!» деймін айғайлап. Ол маған «кете берсін жәбірленбеймін, мырзалар, көріскенше сау болыңыздар!» дейді. Тамаша, тамаша! Ендеше, бұл мыналарды өз үйіне экеткені гой?

Смельская. Онысы байқалып-ақ тұратын. Мен жаңа ғана түсіндім. Әйтпесе Негина арнаулы вагонмен кетер ме еді! Қай байлығымен? Шешесі мен екеуінің орны бүрісіп отыратын үшінші кластың бір бұрышы емес пе.

Бакин. Ендеше, Великатов неге соларды шығарып салам деп, өтірік айтты?

Смельская. Ол сөзден қашқаны да. Егер ол солармен бірге жүрем десе, жұрт күлкі қылмай ма? Алдымен сіз-ақ бастар едіңіз. Великатов, ондайдан ұялады да, не болмаса, жаратпайды ондай әңгімені. Онысын мен білемін. Ол өте ақылды істеді.

Дулебов. Мен сізге ол ақылды адам деп айтқамын.

Бакин. Біз гой Негина ханымға бақытты жол болсын деп жатырмыз! Осыдан артық бақыт болар ма, сірә? Егер мен мұнысын білген болсам, Великатовтың мойны үзілсін деп тілеген болар едім. Князь-ау, кейде поездың бетін түзеп тұратын стрелочниктің мас болатын кезі де болады гой... Кенеттен айырма жолда гүрс етсе игі еді. *(Мелузов есікке ұмтылады.)* Сіз қайда барасыз, сізге не болды? Құтқармақпысың? Үлгіре алмайсыз. Қорықпай-ақ қойыңыз! Великатов сияқты адамдар өлмейді, от пен судан зиянсыз-ақ өте береді. *(Мелузов тоқтайды.)* Азырақ кеңейсейік, жас жігіт. Болмаса сіз атылып қалуға асығатын шығарсыз? Онда мен сізді бөгемеймін, атылыңыз! Студенттердің іс ыңғайы келмесе-ақ атылып қалатын әдеті гой қашан да...

Мелузов. Жоқ, мен атылмаймын.

Бакин. Алты атар сатып алатын ақша жоқ па? Мен сатып әперейін.

Мелузов. Өзіңіз үшін алыңыз.

Бакин. Енді сіз қандай іске кірісесіз, тағы да оқу үйретуге ме?

Мелузов. Ие, басқа не істемекпін? Бұл — біздің ісіміз, бұл — біздің міндетіміз.

Бакин. Тағы да артистканы оқытасыз ба?

Мелузов. Артистка болса, артистка болар.

Бакин. Тағы да ғашық болып, тағы да күйеуі болуды арман етесіз бе?

Мелузов. Күле беріңіз маған, лайығы осы енді. Сендермен бірге мен де күлем өзіме. Шынында да күлкі емес пе, күлкі. Еңбекпен тапқан ақшасына сорлы кедей еңбектенуді үйреніп шықты. Солай болғасын, еңбектене бер. Мен болсам, ғашық болуды ойлаппын! Жоқ, бұл әсемдік бізге жараспайды.

Смельская. Ах, қандай сүйкімді еді!

Мелузов. Біздей соры қайнаған еңбекшілердің өз қуанышы бар. Оны сіздер білмейсіздер, оған сіздердің қолдарыңыз жетпейді. Ол — құр шаймен отырғандағы достық әңгімесі. Ол — бір бутылка пивомен отырғандағы кітап жайының әңгімесі. Ол кітаптарды сіздер оқымайсыздар. Ол — ғылымның ілгері басуы жайындағы әңгіме, оны сіздер білмейсіздер. Ол — мәдениет ілгерілеуінің әңгімесі, оған сіздер қөніл бөлмейсіздер. Одан артық бізге не керек? Мен болсам, басқалардың жеріне түскен екенмін; қайғысыз — қамсыздықтың, жұмыссыз уақыт өткізудің, күлегеш сұлу әйелдің, арақтың, гүлдің, қымбат сыйлықтардың ортасына кірген екемін. Бұл қайтіп күлкі болмасын? Әрине күлкі!

Смельская. Ах, қандай сүйкімді еді!

Бакин. Сіз жәбірленімпаз емессіз. Ә, мен жекпе-жекке шақырасыз ба деп ем мені.

Мелузов. Жекпе-жекке? Оның не керегі бар? Сіз бен біз онсыз да жекпе-жектеміз, үнемі жекпе-жекте, үздіксіз алысамыз. Мен жұрттың көзі мен көңілін ашамын. сіздер бұзасыздар.

Трагик. Адамгершілік *(Васяға.)* Шампанский сұра!

Мелузов. Кел, міне, алысайық: сіз өзіңіздікін істеңіз, мен өз жұмысымды істеймін. Көрейік, қайсымыз бұрын қалжырар екеміз. Сіз тез тайып шығасыз, жеңіл ақылдылықта кісі қызығатын дәнеме жоқ. Бұзылғандыққа белшеңізден батасыз да, арыңыз арындап, тоқтайсыз. Мен өз жұмысымды аяқтап шығамын. Егер мен жұртты үйретуден тоқталып, адамды түзетуге сенуден қалсам, болмаса, дү-

ниенің бәріне қолымды бір-ақ сермеп, түк істемеуге түссем, сонда маған алты атар сатып әперіңіз. Рахмет айтармын. *(Киіне бастайды.)*

В а с я. Шампанский әкел!

Т р а г и к. Жарты дюжинасын,
Жарты дюжинасын!

Шымылдық.

Соцы.

МОЛЬЕР

САРАҢ

Бес перделі комедия

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Гарпагон — Элиза мен Клеанттың әкесі, Марианнаға ғашық.
Ансельм — Элизаға ғашық.
Клеант — Гарпагонның ұлы, Марианнаның сүйетін жігіті.
Элиза — Гарпагонның қызы, Валерды сүйеді.
Валер — Элизаны сүйеді.
Марианна — Клеанттың сүйетін қызы.
Фрозина — Жеңгелікте жүретін әйел.
Симон — Аралықта жүретін әйел.
Жак — Гарпагонның әрі аспазшысы, әрі атшысы.
Лафлеш — Клеанттың қызметкері.
Клода — Гарпагонның қызметкер әйелі.
Брендавуан, Ламерлуш } Гарпағонның қызметкерлері.
Комиссар.
Писарь.

Оқиға Парижде. Гарпагонның үйінде өтеді.

---

[1] Сахнаға лайықтанған нұсқасы.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Элиза, Валер.

В а л е р. Элиза, айналайын, бұл немене? Сіз жаңа ғана берікпін, өзгермеймін деп едіңіз ғой, маған? Енді ойланып қалғаныңыз қалай? Мен қуанышымнан жарылғалы тұрғанда, сіз күрсінесіз ғой? Мені бақытты еткеніңізге өкінемісіз, болмаса, менің жалынып, жалбарынғаныма құлақ асқаныңыз өкініш пе?

Э л и з а. Менің өкінетін ешнәрсем де жоқ. Валер... жалғыз қауым сізді тиісті мөлшерден артығырақ сүйемін бе деп ойланам.

В а л е р. Жақсылық істерде қауыптене ме екен, Элиза?

Э л и з а. Валер, менің ең үлкен қаупім — сіздің жүрегіңіз өзгеріс тауып, салқындап кете ме деп қорқам.

В а л е р. Жоқ, Элиза, мені олай жәбірлемеңіз, жалынамын, әділ болсаңыз екен. Ондай сенімсіздікті жәбір де көремін, өлім де көремін, сізді қалай сүйетіндігімді мың еселеп көрсете алатын уақыт беріңіз маған!

Э л и з а. Сүйіп жүрген кезінде адам айтқан сөздің бәріне де құлай сенеді ғой... Валер, сіз мені алдай аларсыз деп ойламаймын, шын сүйетініңізге де сенемін, өзгермейтініңізге де сенемін. Ешнәрседен шүбәленгім де келмейді. бірақ жұрт не дер!.. Содан қорқамын да, содан күрсінемін.

В а л е р. Е, жұрт не айтпақ?

Э л и з а. Сізді мен қандай білсем, жұрт сондай білетін болса, мен ешнәрседен қорықпас едім. Сізге мен өмір

бойы қарыздар болуым үшін сіздің мен үшін істеген істеріңіз жетіп-ақ жатыр ғой! Екеумізді ең алғаш кездестіріп, бірімізді бірімізге көрсеткен қатер үстін мен ешуақытта ұмыта алмаймын. Қандай қатер барына көз жұмып, таң қаларлық ерлік көрсетіп, сіз мені судан алып шықтыңыз... қандай аялап есімді жидырдыңыз... Кейін, мені сүйгендігіңіз жолында қанша шыдамдылық, қанша әдептілік көрсеттіңіз. Бір мен үшін туысқандарыңыз бен туған еліңізден баз кешіп, осында қалдыңыз, бір менімен айрылыспас үшін, менің әкеме қызмет етуге көндіңіз. Мен мұны ешуақытта ұмыта алмаспын. Өйтпеген күнде мен сізге уәдемді де бермеген болар едім. Бірақ, басқалар үшін, мүмкін, бұл жеткіліксіз көрінер. Олар мені түсіне алар ма екен?

В а л е р. Сізді ақтайтын жалғыз менің сүюім ғана. Сізге ақталу керек болса, ол сіздің әкеңіз ғой! Өзі сонша сараң, балаларына сонша қатаң әкенің мінезі нені болса да ақтайды емес пе... Қымбатты Элиза, мұны айтқаныма кешірім етіңіз, бірақ ол кісі жөнінде басқаша айтуға болмайды да... Одан соң, мен әкем мен шешемді тауып алсам, ол кісімен де бір орайын табармын. Мен хабарды асыға күтудемін, егер кешіге берсе, іздеуге өзім жөнелем.

Э л и з а. Ах, Валер, мені тастап ешқайда кетпеңіз... өтінемін... Менің әкеме ұнауға тырысыңыз, одан басқаның керегі жоқ.

В а л е р. Мен онсыз да аянып жүргенім жоқ. Ол кісінің қызметіне кіру үшін қанша амал-айла істегенім өзіңе де белгілі. Әкеңізді өзіме біржола сендіру үшін істемеген айлам қалды ма!.. Мұнымды адалдық жолы дей алмаймын, бірақ, керек адамның ыңғайына көшпеске шараң қайсы! Басқа шара қалмаса, жағынбасыңа бола ма? Сеніңіз маған, айып жағынушыда емес, жағынуды тілейтін адамда болады.

Э л и з а. Сіз менің ағаммен де достасып алсаңыз жақсы болар еді.

В а л е р. Екеуімен бірдей үйлесе алар ма екем... Бірінебірі тіпті ұқсамайтын адамдармен бірден орайласа кетуге болмайды ғой. Бұл жағын сіздің алғаныңыз абзал болар, сіздің ағаңызбен араңызда үлкен достық бар ғой... Әне, өзі де келе жатыр екен. Мен кетейін, сіз онымен қазір сөйлесіңіз. Онша ашық кетпеңіз, керекті мәлшерде боларсыз.

Э л и з а. Білмеймін, батылдығым жетер ме екен соған...

В а л е р кетеді

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Элиза, Клеант.

Клеант. Сен жалғызбысың, Элиза? Қуанып кеттім ғой! Мен саған бір жасырын сырымды ашуға тиістімін, тыңдашы.

Элиза. Ие, тыңдап тұрмын. Не айтпақ едің маған?

Клеант. Айтарым толып жатыр, көп-ақ... Толып жатқанды бір-ақ сөзбен айтсам — мен ғашықпын.

Элиза. Ғашықпын?

Клеант. Ие, ғашықпын, аз ғана сабыр ет, шығарма үніңді! Мен әкенің еркінде екенімді жақсы білемін: бала әкеге бағынуға тиісті: әке тілегінен тыс, ата-ананың ризалығынсыз біз ешқандай адым жасамасқа міндеттіміз; олар нені ұнатса, біз де соны ұнатуымыз керек; басқаны тілек ете алмаймыз: бізге не лайықты, не лайықсыз екенін олар жақсы білмек; жастықтың желігі қашан да бір апатқа әкеліп соқтырмақ, тағы-тағылар, тағы-тағылар... Мұны мен білемін... Элиза, мұның бәрін саған айтып жатқаным — сен өзіме айтып жүрмесін дегенім... Біліп қой, Элиза, мен ғашықпын, мұндай сөздерге саңыраумын!

Элиза. Сен немене, айттырып та қойғанбысың, Клеант?

Клеант. Жоқ, бірақ бұл шешілген әңгіме. Тағы да өтінем, бір ауыз қарсылық айтпа маған!

Элиза. Сен мені қарсылық етуге бара алады деп ойлаймысың?

Клеант. Жоқ, Элиза, бірақ сен ғашық емессің де, оның жүрегіне етер әмірін білмеуің мүмкін. Мен сенің естілігіңнен қауыптенем.

Элиза. Менің естілігімді сөз қылмай-ақ қояйық, Клеант! Өмірінде тым болмаса бір рет естілігінен айрылмаған кім бар дейсің!.. Егер мен саған жүрегімді ашып көрсете қалсам, сенен гөрі мен ессіздеу екенімді өзің де көрер едің.

Клеант. Сенің жүрегің бе? Егер сенің жүрегің де солай...

Элиза. Әуелі сен туралы сөйлесіп алайық, сен кімге ғашықсың?

Клеант. Бір жас қызға ғашықпын... Өзі біздің жаққа жақында ғана келген еді. Бір көрсең болғаны — қызығасың да, ғашық боласың. Аты Марианна. Ауру шешесімен бірге тұрады. Шешесін сонша жақсы көреді, шешесін сонша еркелетіп күткенін көргенде, жаның балқиды. Неге қолы

тисе де бәрін сонша сүйкімді істейді. Сүйкімділік те өзі, мейрімділік те өзі, әсемдік те өзі, нәзіктік те өзі, тазалық та өзі... Ах, Элиза, егер сен оны көрген болсаң!..

Элиза. Мен оны қазір де көріп тұрмын... Сен оны шын сүйеді екенсің, маған сол жетіп жатыр.

Клеант. Басқа жолмен білдім, өздері өте мұқтаждықта тұрады екен. Аздың өзін әрең жетістіретін сияқты. Элиза, сүйген адамыңа аздап болса да өзіне сездірмей жәрдем етудің қуанышын көз алдына әкеліп көрші! Бір әкенің сараңдығынан сондай қуаныштан бас тартпасқа амалы жоқ болған халімді де көз алдыңа әкел! Ғашығыма сүйетіндігімді көрсете алар дәрменім жоғын да түсін!

Элиза. Ие, бұл ауыр хал.

Клеант. Өмір бойы қысып-сығып, сараң қолдың уысынан шығармаудан асатын сұмдық бар деймісің! Жас шағымызда пайдалана алмайтын болсақ, ол байлықтың келешектегі керегі не бізге? Мен қазірдің өзінде кеңірдегімнен қарыздармын, өйтпесем күн көре алар емеспін! Менің ісіме әкем қалай қарар екен, соны байқап алуға жәрдем етші. Әкем қарысып көнбейтін болса, мен Марианнаны аламын да, кетемін бұл жерден, байладым осыған. Бірдеме қылып көрерміз күнімізді. Қарыздар болып біреуден ақша аламын да, кетемін... Элиза, егер сенің басыңа да менің күнім туып жүрсе, екеумізде кетейік. Әкені тастап кетейік те, күнәсіз ауыр жазаға ұсаған қорлықтан құтылайық біржола.

Элиза. Ие, шешесіз күннің қандай ауыр болатынын күн санап көбірек сезіне бастағанымыз рас...

Клеант. Әне, әкем даусы шығады. Кетейік бұл жерден. Оңашарақ барып, батыл бір байлам жасайық, жүр.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Лафлеш.

Гарпагон. Кет, болмасын қарсылығың, қазір кет! Жоғал көз алдымнан, кезеп!

Лафлеш *(өзіне)*. Осы қарғыс атқан қуарған шалдай жауызды енемнен туғалы көрсем, не дейсің!.. Күнәлі пенде не демейді, бірақ мен осының бойында сайтан бар шығар деймін.

Гарпагон. Сен неменені күбірлеп тұрсың?

Лафлеш. Сіз мені не үшін қуасыз деймін?

Гарпагон. Сен, кезеп, маған сұрау бергің келе ме өзі? Жоғал тез, өлімші қылып сабап салсын демесең!

Лафлеш. Мен сізге не жаздым?

Гарпагон. Кет маңымнан, сол-ақ маған керегі!

Лафлеш. Сіздің балаңыз мені күте тұрарсың деп еді, сударь.

Гарпагон. Күтсең, менің үйімде күтпей, далада күт! Иіскеленіп, тіміскіленіп осы маңайда жүретін түк те жоқ саған. Оңбаған, сұғанақ көз, жансыз! Мен не істер екен деп, көзімен сүзіп, аңдып жүргені қашан да. Бірдемесі көлденең жатса, қымқыра кетуге болмас па екен деп жүреді ылғи.

Лафлеш. Е, қымқыртасыз ғой, сіз... бәрін кілттеп, құлыптап, оның үстіне күні-түні күзетіп шығасыз!

Гарпагон. Бәрін кілттеп, құлыптап ұстасам, солай ету керек болғаны да. Күні-түні күзетіп шықсам, өзіме сол ұнағаны. Көрдің бе, менің не істейтінімнің бәрін білгісі келеді! *(Өзіне.)* Айтпақшы, бұл кезеп менің ақшамның қайда тығылғанын біліп қойған болса, қайттім? *(Дауыстап.)* Әй, сен біреу-міреуге менің тыққан ақшам бар деп айтып қойған жоқпысың?

Лафлеш. Сізде тыққан ақша бар ма еді?

Гарпагон. О, қаңғырма, мен саған тыққан ақшам бар дегенім жоқ! *(Өзіне.)* Мынау мені жындандыратын шығар. *(Дауыстап.)* Мен сенен, біреу-міреуге менің ақшам бар деп аузыңнан шығып кетпеді ме деп сұрап тұрмын?

Лафлеш. Сіздің ақшаңыз бар ма, жоқ па, онда біздің жұмысымыз не! Одан бізге суық та, жылы да емес қой.

Гарпагон *(Лафлешті жақтан тартып қалуға қолын сілтеп қалып.)* Сен өзің суырылғың келеді екен! Қойдырармын мен оны. Кет маңайымнан! Соңғы рет айтамын, кет!

Лафлеш. Жақсы, кетейін.

Гарпагон. Тоқта! Бірдемені ала кетіп бара жатқан жоқпысың?

Лафлеш. Сіздің неменеңізді ала кетуге болатын еді!

Гарпагон. Сенбеймін, қолдарыңды көрсет!

Лафлеш. Міне қолым.

Гарпагон. Ана қолыңды көрсет.

Лафлеш. Мә, ана қолым...

Гарпагон *(Лафлештің шалбарын нұсқап).* Мынаған ештеңе тығып алған жоқпысың?

Лафлеш. Қараңыз!

Гарпагон *(Лафлештің үсті-басын сипалап.)* Осы бір кең шалбарды ұрланған нәрсені тығу үшін ойлап шығарған! Осындай кең шалбар кигендердің бәрін дарға асып тастар ма еді шетінен!

Лафлеш *(өзіне)*. Неден қорықса, сонысы басына келер ме еді десейші! Қандай қуана-қуана тонар едім мен сені!

Гарпагон Ә?

Лафлеш. Не дедіңіз?

Гарпагон. Ұрлар едім дегендей болдың ғой?

Лафлеш. Мені сонша тінтіп, бірдемеңізді ұрлап барады деп ойлайсыз-ау деймін...

Гарпагон. Дәл түстің ойымнан. Дәл түстің... *(Қалталарын қарайды.)*

Лафлеш *(өзіне)*. Барлық сараңдарды, барлық сараңдықтарымен бірге қарғыс атар ма еді, шіркін!

Гарпагон. Қалай, немене дедің?

Лафлеш. Немене дедің дейсіз бе?

Гарпагон. Ие. Сараңдар мен сараңдық туралы не айтып тұрсың?

Лафлеш. Қарғыс атар ма еді, деймін.

Гарпагон. Кімді?

Лафлеш. Сараңдарды деймін.

Гарпагон. Ол сараң дегендерің кім?

Лафлеш. Жерді босқа арамдап жүрген залымдарды айтам.

Гарпагон. Оларың кім, кім өзі?

Лафлеш. Е, сіз неменеге қысыласыз?

Гарпагон. Ол менің өз жұмысым.

Лафлеш. Мен сіз туралы айтып тұр деп ойлайсыз ба?

Гарпагон. Мен не ойлағым келсе, соны ойлап тұрмын. Бірақ сен кім туралы екенін маған айтуға тиістісің!

Лафлеш. Мен... мен... өзімнің бөркіме айтып тұрмын...

Гарпагон. Бөркіңе айтсаң, бөркің былай басыңнан ұшатын болады!

Лафлеш. Сіз маған сараңдарды ұрсуға тиым сала алмайсыз ғой?

Гарпагон. Тиым сала алмаймын, бірақ сенің бейпіл сөзіңді естімеу үшін, көмейіңді тығындап тастауға шамам келеді! Шығарма үніңді!

Лафлеш. Мен ешкімді атаған жоқпын.

Гарпагон. Енді бір ауыз сөз айтсаң, мен сені сілейтіп салатын болам.

Лафлеш. Ненің етін жегенін мысықтың өзі біледі.

Гарпагон. Үніңді өшіремісің, сен?

Лафлеш. Өшірем амалсыздан.

Гарпагон. А! А!

Лафлеш. *(қамзолының қалтасын көрсетіп)*. Мында тағы бір қалтам бар, оны да қарап қалыңыз... Енді риза шығарсыз?

Гарпагон. Бірақ алғаныңды қайырып бер!

Лафлеш. Немене?

Гарпагон. Алғаныңды қайырып бер деймін!

Лафлеш. Мен ешнәрсе алғаным жоқ.

Гарпагон. Шының ба, анық алған жоқпысың!

Лафлеш. Анық алғаным жоқ.

Гарпагон. Қош бол! Зәндемге кет!

Лафлеш *(өзіне)*. Берген екесің есебімді.

Гарпагон. Егер, бірдемеге қолың тиіп кеткен болса, обалы өз мойныңа болсын.

Лафлеш кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон жалғыз.

Гарпагон. Осы көк жалқау қаңғырмадан-ақ жаным түршігеді әйтеуір, көргім келмейді өзін... Көп ақша дегенді сақтау да аз жұмыс емес екен. Ақшасын сенімді бір жерге сақтап, қалтасына керегінше ғана салып жүретін адам қандай бақытты екен! Қайда тығарсың құрғырды? Темір сандық дегендеріне мен тіпті сене алмаймын. Ұрыға қол бұлғап тұратынның өзі сол емес пе! Ұрылар ең алдымен сол темір сандыққа тап береді!

БІСІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Клеант, Элиза.

Клеант пен Элиза сахнаның түбінде сөйлесіп тұрады.

Гарпагон *(әлі де жалғыз шығармын деп қалып).* Кеше ғана қайырып алған он мың экю ақшаны бақшаның ішіне көмгенім дұрыс болды ма екен осы, жоқ па? Жақсы болды ма соным, жоқ па, біле алмай тұрмын. Алтындай он мың экю үйде тығулы... *(Клеант пен Элизаны көріп қалып.)* О, құдай! Өзімді өзім ұстап бердім білем! Қызып кетіп, естіртіп алдым ба? *(Клеант пен Элизаға.)* Немене бар?

Клеант. Әшейін, әке!

Гарпагон. Сендер көптен осында ма едіңдер?

Элиза. Жаңа ғана келдік.

Гарпагон. Сендер ештеңе естідіңдер ме?

Клеант. Нені дейсіз, әке?

Гарпагон. Мен жаңа...

Клеант. Не дедіңіз?

Гарпагон. Сөйлеп едім...

Клеант. Жоқ, естіген жоқпыз...

Гарпагон. Өтірік айтасың өтірік!

Элиза. Кешіріңіз...

Гарпагон. Шет жағасын естідіңдер, көріп тұрмын оны. Мен осы күні ақша табудың қиындап кеткенін айтып тұрғамын өзіме-өзім... Он мың экю ақшасы бар адам бақытты ғой деп, соны айтып тұрғамын.

Клеант. Сізге бөгеу боламыз ба, деп, біз жақындауға бата алмап едік.

Гарпагон. Сендер басқаша түсініп қалмасын деп айтып тұрмын мұны. Менің өзімде он мың экю ақша бар екен деп ойлап қалып жүрмеңдер сендер.

Клеант. Біз сіздің жұмысыңызға араласпаймыз ғой, әке.

Гарпагон. Егер менің он мың экю ақшам болса, заман жаман деп зарланар ма едім мен.

Клеант. Құдай-ау, бай екендігіңіз жұртқа мәлім, сіз неменеге зарланбақсыз, әке?

Гарпагон. Мен баймын ба? Оны айтқан адам өтірік айтады! Міне өтірік! Ондай өтірікті кезептер ғана тарата-ды.

Элиза. Ашуланбасаңыз екен, әке.

Гарпагон. Өз балаларың өзіңе жау болып шыққанына қалай таңданбассың!

Клеант. Сізді бай деген адам жауыңыз болмақ па?

Гарпагон. Жауым болмай, кімім болмақ! Сенің осы дүниені шашып жүргеніңді көріп, осындай сөздерді естіген біреу мені бір ақшалы адам екен деп, бір күні бауыздап кетеді, әлі!

Клеант. Мен нені шашып жүрмін?

Гарпагон. Нені! Босқа селтиіп қаланы кезіп жүргенде киетін костюміңнің өзіне кім қызықпас! Сонша малынып киіну үшін менің қалтама түсуден басқа жолың жоқ сенің!

Клеант. Мен сіздің қалтаңызға түсем бе? Қайтіп?

Гарпагон. Оны мен қайдан білейін! Осы бір басыңнан аяғыңа дейін әлем-жәлем қылып тағынып алған ленталар неменеме керек? Шалбарың түсіп кетпеу үшін бес-алты бау қадатып алсаң, сол жетіп жатқан жоқ па? Шығынсыз, бұлсыз түскен өз шашың барда басыңа парик киіп не керек? Парик пен ленталарың ең кем болғанда жиырма пистоль тұратынына мен бәс тігер ерім. Жиырма пистоль деген жылында он сегіз ливер, алты су, сегіз денье өсім береді. Мұның өзі де бері салып сегіз проценттен есептегенде ғана!

Клеант. Оның дұрыс.

Гарпагон. Жә, мұны қоя тұрып, өзге жайды сөйлесейік. *(Элиза мен Клеант ымдасып қалғандарын сезіп қалып.)* Э?.. *(Өзіне.)* Осылар мені тонағысы келетіні сияқты! *(Дауыстап.)* Сендер немене десіп тұрсыңдар?

Элиза. Біз қайсымыз бастап сөйлеу жайында келісе алмай тұрмыз. Екеуміздің де сізге айтарымыз бар еді.

Гарпагон. Сен екеуіңе менің де айтарым бар.

Клеант. Біздің айтарымыз үйлену жайында еді, әке,

Гарпагон. Менің айтарым да үйлену жайында.

Элиза. Ах, әке!..

Гарпагон. Неменесі ах? Сен неден қорқып кеттің? Үйлену деген сөзден қорықтың ба, болмаса, үйленудің өзінен қорықтың ба?

Клеант. Үйлену дегеннен біздің қорқатынымыз — сіздің оған қалай қарайтыныңызды білмейміз. Біздің сезіміміз сіздің қалауыңызға орай келмей ме деп қауыптенеміз.

Гарпагон. Шыдаңдар, шыдаңдар... Сендер қауыптенетін ешнәрсе жоқ. Сен екеуіңе не керек екенін мен жақсы білемін. Менің бет алған ісіме екеуің де жәбірлене алмас-

сыңдар. (Клеантқа.) Сен осы маңайдан онша алыс тұрмайтын Марианна деген қызды көріп пе едің?

Клеант. Ие, көргемін, әке.

Гарпагон. (Элизаға.) Сен ше?

Элиза. Мен естіп едім.

Гарпагон. Клеант, саған ол қыз қандай көрінді?

Клеант. Тамаша қыз!

Гарпагон. Қандай қасиеттері бар деп ойлайсың?

Клеант. Әдептілік, сыпайылық дегеннің өзі де сондай-ақ болар! Ал енді ақылдылығына келсек...

Гарпагон. Сырт сипаты мен адамға жұғысым жақтары ше?

Клеант. Оны ауыз айтып жеткізе алады деймісің, әке!

Гарпагон. Тап сондай қыз туралы ойлануға болады емес пе?

Клеант. Болғанда қандай, әке!

Гарпагон. Одан артық әйелім болсын деп тілеуге де болмайды ғой, дұрыс емес пе?

Клеант. Одан артықты тілеудің түк керегі жоқ!

Гарпагон. Аса жақсы хозяйка да болар еді өзі, ә?!

Клеант. Болғанда қандай!

Гарпагон. Ері де әр кезде разы болып отырар еді ә?!

Клеант. Әбден!

Гарпагон. Бірақ кішкене бір бөгет болатын нәрсе де бар: не бары бір өзі, жасау жағынан тыржалаңаш шығар деп қорқамын.

Клеант. Ах, әке-ай, сондай қызға үйленер болсаң, жасау деген немене ол!

Гарпагон. Бұл жөнінде ойымыз бір жерде шыққанына мен өте қуаныштымын. Сол қыздың сыпайылығы мен әдептілігі маған қатты ұнап кетті де, азғантай да болса жасауы болса, мен сол қызға үйленуге бел байладым.

Клеант. Ә?..

Гарпагон. Немене?

Клеант. Белімді байладым дедіңіз бе сіз?

Гарпагон. Марианнаға үйленуге деймін.

Клеант. Кім үйленбек? Сіз бе, өзіңіз бе?!

Гарпагон. Ие, ие! Мен, мен, мен!

Клеант. Менің басым айналып барады... кетейін. мен...

Гарпагон. Ештеме етпес. Ас үйге барып, салқын су ішіп жібер. Көбірек іш!..

Клеант кетеді.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Гарпагон, Элиза.

Гарпагон. Міне осы — бұл заманның жастары! Түк қасиет жоқ, су болған тауық, әшейін! Сонымен, Элиза менің мәселем осылай шешілді. Ал енді, сенің ағаңа бір жесір қатынды алып беруге ұйғарып қойдым; хабарын бүгін таңертең алып ем, ұйғардым соны. Сенің өзіңді Ансельм мырзаға бермек болдым.

Элиза. Ансельм мырзаға?!

Гарпагон. Ие, ол байсалды адам, есті де ақылды. Жасы елуден асқан жоқ, бай адам екендігі жұрттың бәріне белгілі.

Элиза. Қалай ұйғарсаңыз да еркіңіз, әке, бірақ мен тіпті күйеуге шыққым келмейді.

Гарпагон *(Қызын мазақтап)*. Қалай ұйғарсаңыз да еркіңіз, айналайын қызым, бірақ сіз шығасыз күйеуге.

Элиза. Айып етпессіз, әке.

Гарпагон. Айып етпессіз, қызым.

Элиза. Ансельм мырзаның әр қызметіне де әзірмін, бірақ, сіздің лұқсатыңыз бойынша, ол кісіге күйеуге шықпаймын.

Гарпагон. Әр қызметіңізге әзірмін мен де, бірақ, сіздің лұқсатыңыз бойынша, бүгін кешке сол кісіге күйеуге шығасыз.

Элиза. Бүгін кешке ме?

Гарпагон. Бүгін кешке.

Элиза. Ол болмайды, әке.

Гарпагон. Болады, қызым.

Элиза. Жоқ.

Гарпагон. Болады.

Элиза. Мен сізге болмайды деймін.

Гарпагон. Мен сізге болады деймін.

Элиза. Сіз мені бұған көндіре алмайсыз.

Гарпагон. Мен сізді көндіре аламын осыған.

Элиза. Ондай адамға күйеуге шыққанша, мен өзімді өзім өлтірермін.

Гарпагон. Сен өзіңді өзің өлтірмейсің, сол адамға күйеуге шығасың. Жүгенсіздігін көрдің бе өзінің! Әкесімен осылай сөйлескен қызды кім көрген, ә?

Элиза. Қызын осылай күйеуге берген әкені кім көрді екен?

Гарпагон. Менің таңдауымды кім болса да мақұлдайтынына бәс тігем. Оны теңің емес деп ешкім айта алмас.

Элиза. Сіздің таңдауыңызды ешкім мақұлдамасына мен де бәс тігем.

Гарпагон *(сахна түбінен Валерді көріп)*. Әне Валер жүр. Төрелікті сол айтсын, тоқтаймысың соған?

Элиза. Мақұл.

Гарпагон. Ол қандай кесім айтса да, бағынасың ғой?

Элиза. Бағынайын. Ол не айтса, сол болсын!

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Элиза, Валер

Гарпагон. Валер, бері кел! Біз сені төреші етіп отырмыз. Менікі дұрыс па, қызымдікі дұрыс па, төресін сен бер.

Валер. Сіздікінің дұрыстығында сөз бар деймісіз!

Гарпагон. Сен өзің біздің таласымыздың немене екенін білемісің?

Валер. Жоқ, білмеймін. Бірақ, сіздікі дұрыс болмауға мүмкін емес: сіз деген кісі ақыл-ақиқаттың өзі емессіз бе!

Гарпагон. Мен тап бүгінгі кештен қалдырмай, мұны бір әрі бай, әрі байсалды адамға күйеуге берем десем, бұл менің бетіме ыржақтап, бармаймын дейді. Сен бұл туралы не айтар едің?

Валер. Сен бұған не айтар екенсің дейсіз бе?

Гарпагон. Иә, солай.

Валер. Ehe!.

Гарпагон. Немене?

Валер. Асылында мен сіздің пікіріңізді жақтаймын. Сізді қателесіпті деуге болмайды ғой. Бірақ қызыңыздың да өзінше бір далбайы болуға мүмкін... Сондықтан...

Гарпагон. Немене, Ансельм мырза теңі емес пе екен? Ол ақылды, жұрымды, туысты, мінезді, әрі бай адам.

Оның үстіне алғашқы әйелінен ешбір бала қалған жоқ, қазына деген сол емес пе!

Валер. Солай екені, солай, әрине... Бірақ, Элиза сізге осынша неге асығасыз дей алады ғой?

Гарпагон. Темірді қызған кезінде соғу керек те! Осы бір реті келіп қалған кезді өткізіп алсақ, қолыңа қайтып түсейін деп тұр ма! Ол және жасаусыз алатын болып отыр ғой!..

Валер. Жасаусыз?

Гарпагон. Ие, жасаусыз.

Валер. Ә... онда менің бір ауыз қарсы айтар сөзім жоқ. Бұл дәлеліңіз сонша даусыз болғандықтан, қарсы айтатын дәнеме жоқ.

Гарпагон. Жасаусыз беретін болған соң, менің жаныма қалардың қанша екені де түсінікті ғой!

Валер. Әбден түсінікті! Бұған айтар қандай қарсылық болады дейсіз! Шынына қалғанда, қызыңыз сізге «үйлену деген — дүниедегі ұлы істердің бірі, күйеуге шығу деген — не өмір бойы бақытты болуыңды, не болмаса, бақытсыздыққа ұшырауыңды шешетін қадам» дей алады, әрине. Көрге кіргенше босана алмайтын етіп басыңды байлау үшін, мықтап ойлану керек екені даусыз ғой...

Гарпагон. Жасаусыз дедім ғой!

Валер. Сіздікі дұрыс, әрине, бәрінің түйіні осында ғой... Сізге біреу-міреу мұндайда қыздың жүрегі деген есептеспеуге болмайтын нәрсе дер, әрине. Жар болып қосылатындардың арасында жас жағынан тым алшақ айырма болса, ерлі-зайыптылық үшін ол бір қауіпті нәрсе деп те айтар...

Ыңғай, сезім үйлесімі дегендер де бар ғой...

Гарпагон. Жасаусыз дедім ғой!

Валер. Ие, оныңыз даусыз сөз... Үлкен түйін... бұл туралы ақ сайтанның өзі де аузын аша алмас. Дегенмен, ақшадан гөрі қызының бақытты болуын қымбатырақ бағалайтын ата-аналар да болады. Ондай ата-аналар өздерінің пайдасы үшін қызының бақытын ешуақытта құрмалдық етіп жібермейді... Ондай ата-аналар ерлі зайыптылықтың өзі даусыз, жанжалсыз, қырыс-тырыссыз болуын ойлайды ғой.

Гарпагон. Жасаусыз демедім бе!..

Валер. Дұрыс, дұрыс! Өшірдім үнімді! Жасаусыз деген соң бәрі де айтылып болғаны...

Гарпагон *(бақша жаққа қарап, өзіне.)* Өй, ит үре-

ді білем... Біреу-міреу менің ақшамды жағалатып жүр ме?.. *(Валерге.)* Сен, кетіп қалма, мен қазір келем. *(Кетеді.)*

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Элиза, Валер.

Элиза. Валер, мұның қай ойының?

Валер. Шалдың қытығына тимей, дегенімізге жету үшін болад та. Оған қарсы келдім дегенше, не барды бүлдіріп болдым деу керек емес пе. Сіз де не айтқанына көнген ыңғай көрсетіңіз, ойлағанымыз сонда ғана орнына келеді, әйтпесе...

Элиза. Ал, мына бүгін кешке қиылғалы тұрған некені қайтпекпіз, Валер?

Валер. Оны бірдеме етіп болдырмауды ойласайық...

Элиза. Ойлауға кешігіп те қалдық. Кешке дейін көп уақыт қалған жоқ қой.

Валер. Аурумын деңіз де, кейінге қалдыра тұруды өтініңіз.

Элиза. Мен аурумын дер едім, емші ұстап береді ғой!

Валер. Сөз еместі айттыңыз! Емші деген немене түсінуші еді? Іркілмей, жасқанбай ауырдым деңіз де, қай ауру ұнаса, соны айтыңыз: емшілер бәріне де сене береді, бәріне де себеп табады...

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Элиза, Валер, Гарпагон

Гарпагон *(әріректе, өзіне)*. Құдайға шүкір, сезікті ешнәрсе байқалған жоқ.

Валер *(оны көрмей)*. Тіпті болмаса, қашып құтылармыз. Содан соң өзімізге өзіміз иеміз ғой. Егер қымбаттым Элиза, сіздің мені сүюіңіз берік болса... *(Гарпагонды көріп.)* Ие, қыз деген әкесіне бағынуға тиісті. Күйеуім қандай екен деп талғап-таңдау деген қыздың жұмысы емес ол! Әсіресе жасаусыз орайы келген күнде, сөз қыларлық тіпті дәнеме жоқ. Не берсе, соны ал да тын.

Гарпагон. Солай! Тамаша айтылған сөз.

Валер. Кешіріңіз, сударь, азырақ қызыңқырап кетіп, еркіндеу сөйлеп кеттім білем.

Гарпагон. О не дегенің? Жаным жай тапқандай болып кетті, қызыма не айтсаң да, қалай бұйырам десең де бердім тізгінімді. *(Элизаға.)* Енді сен бұлтара алмайсың. Маған берілген әкелік тізгінін бердім мынаған. Ол не айтса, сонысынан шықпайтын бол!

Валер *(Элизаға)*. Ал, енді бұдан былай қарай, менің айтқанымды тыңдамай көріңізші, сірә!..

Элиза кетеді.

ОНЫНШЫ КӨРІНІС

Валер. Мен ере барып, ақылымды құя берейін құлағына?

Гарпагон. Қарыздармын саған. Бар, әрине...

Валер. Енді оны уыстан шығармай ұстау керек.

Гарпагон. Дұрыс оның, әсіресе осының дұрыс...

Валер. Тыныш болыңыз, бәрі де ойдағы жерден шығады.

Гарпагон. Құдай жолыңды оңғарсын! Менің біраз оңашаланатын жұмысым бар...

Валер *(Элиза кірген есікке барып, Элизаға айтып тұрғандай)*. Дүниедегі ең құнды нәрсе ақша болады. Осындай экеңіз барлығын сіз құдайға шүкіршілік етуге міндеттісіз. Ол біледі өмірді, қызды жасаусыз-ақ алатын адам табылып тұрғанда, ар жағы не болар екен деп ойланатын дәнеме жоқ. Жасаусыз деген бір-ақ ауыз сөз — сұлулық, жастық, ата-тегі, естілік, сыпайылық, адалдық дегендердің бәріне тұрады...

Кетеді.

Гарпагон *(жалғыз)*. Қандай жақсы жігіт еді мынау! Әр сөзі алтындай! Бақытты деп осындай қызметкері бар адамды айту керек те!

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Клеант, Лафлеш

Клеант. Оңбағансың, сен! Қаңғырып қайда жүресің осы? Мен саған не бұйырып ем...

Лафлеш. Солай екені рас, сударь... Мен сізді қайтсем де күтейін деп ем, сіздің әкеңіз, турасын айтсам, биязы мінезді кісі емес қой, мені турадан тура қуып жіберді. Тіпті ұрып та тастай жаздады.

Клеант. Ал, біздің істің беті қалай? Жағдайдың өзі шатқаланға соғып, қиындап барады? Қызға таласатын әкеміз бен екеуміз болып шықтық.

Лафлеш. Сіздің әкеңіз де ғашық па?

Клеант. Ие, ғашық екен.

Лафлеш. Апыр-ау, ол кісіге ғашықтылықтың не лайығы бар? Бірдеме соққаны ма? Сайтан әурелеген шығар! Ол сияқты адам ғашық бола ма екен?

Клеант. Біздің күнәміздің содыры да.

Лафлеш. Сіз оған шынын неге айтпадыңыз?

Клеант. Сенімсіздік тумасын дедім. Өйтпесем, оның үйленуін бұзу маған қиындай бермек. Ал, жауап не?

Лафлеш. Құдай біледі, сударь, қарызға ақша алу деген сұмдық бір бәле екен: сізге ұсап аралықта жүретін жалдаптың қолына түскен адамның көрмейтіні болмайтын шығар!

Клеант. Онда ешнәрсе болмайтын болғаны да?

Лафлеш. Қалай болмайды? Біздің Симон, мен сізге айтайын, сирек кездесетін жалдап қой, сіз үшін дүниенің астын үстіне келтірдім дейді.

Клеант. Сонымен, он бес мың франк тие ме қолыма?

Лафлеш. Тиеді. Бірақ, болмашы бір шарттарына риза болсаңыз ғана тиеді.

Клеант. Ақшаны алып беретін адамына сені кездестірді ме?

Лафлеш. О не дегеніңіз! Мұндай істер олай істелмейді ғой! Ақша алатын сіз қандай тығылсаңыз, ақша беретін адам одан бетер тығылады ғой! Ол сізге кім екенін білдірмеуге тырысады. Ақша беретін адам мен екеуіңізді жалдап Симон көлденең бір жерде кездестірмек те, сіз өзіңіздің әл-ауқатыңыздың жайын, үй ішілік жайларыңызды таныстыратын боласыз. Әрине, сіздің әкеңіздің кім екенін есітсе, іс оңына келіп жатыр ғой. Ал енді қоятын шарттары мынадай: Мұның өзін Симонға анау ақша беретін адамның өзі тәптештеп беріпті: нақты сөзге кірісуден бұрын бұл жайларды сіз біліп алсын депті. «Қарыз беруші ар-ұятына тозаңдай дақ түсірмес үшін, берген қарызына әр жылда бес процентттен ғана өнім алады».

К л е а н т. Бес-ақ процент пе! Неткен мейірімді жан еді! Оның аяғына жығылу керек қой!

Л а ф л е ш. Оның дұрыс сөз... «Бірақ қарыз алушыға керекті сумма қарыз берушінің өзінен табылмайтындықтан, ол сумманы ол жылына жиырма процент өсім төлемекші болып, басқа біреуден алып береді. Сондықтан соңғы айтылған жиырма процентті де қарыз алушы төлейтін болады».

К л е а н т. О, құдай атсын! Мынасы жиырма бес процент болып шықты ғой!

Л а ф л е ш. Ие, мен де солай дедім.

К л е а н т. Тағы да бірдемесі бар ма?

Л а ф л е ш. Тағы бір кішкене ғана шарты бар. «Қарыз алушыға керекті он бес мың франкының қарыз беруші қолма-қол ақшадай оң екі мыңын ғана бере алады. Қалған үш мыңын қарыз алушы мына төмендегі аттары аталған бұйымдай алуға тиісті».

К л е а н т. Мұнысы, неменесі?

Л а ф л е ш. Бұйымдардың аттарын естіңіз: «Бірінші — венгер шілтерімен әшекейленген әдемі керует... алты орындық, бір сырмалы көрпесімен... Бәрі де тозығы жетпеген бүтін және екі өңді қызыл да көк қазына астары бар... Екінші — қызғылт сұр саржадан жасалған жібек баулы, шашақты ұзын қоршау шымылдық...»

К л е а н т. Мен оны қайтпекпін? Керегі не?

Л а ф л е ш. Тоқтай тұрыңыз... «Үшінші — екі ғашықтың басынан өткен шырғалаңдарын баяндайтын суреттері бар қабырғаға ұстайтын тоқыма... Төртінші — жаңғақ ағашынан жасалған он екі аяғы бар, екі жағына бірдей созылатын үлкен стол. Аяқтары түгел қырналған... Аяқ қойып отыратын алты скамейкасы бар...»

К л е а н т. Оны мен қайтпекпін деймін!

Л а ф л е ш. Шыдай тұрыңыз... «Бесінші — үш кең өңеш мылтық... үшеуіне үш аяқ... Алтыншы — ішімдік қайнататын кірпіш пеш... өңеш, ойығы түгел»...

К л е а н т. Уа, қатырдың діңкемді!

Л а ф л е ш. Қызбай тұра тұрыңыз... Жетінші — шегі түгелге жақын болон лютнясы... Сегізінші — Қытай белиярды мен дойбы тақтайы; қолы бос адамға жақсы ермектің бірі деп саналатын гректің «еркек қаз» дейтін ойыны... Тоғызыншы — үйдің төбесіне іліп қойсаң, үй ішіне ажар беріп тұрарлық ішіне шөп тыққан кесертке тұлыбы... Осы айтылған, шынына қалғанда, төрт жарым мың

ливер тұратын бұйымын қарыз беруші бір-ақ мың экюге кесіп беруге әзірлігін білдіреді».

К л е а н т. Уа, құрып қана кетсін қанішер сұмырайдың мұндай әзірлігі! Мұндай сұмдықты кім естіген? Еселеп алар өсімі аз болғандай, ол сұм маған үш мың ливерға ескі-ұсқысын қоса өткізбек қой! Ол қоқтығы екі жүз ливер шығарып бере алар ма маған?.. Бірақ, амал қайсы, көнуге тура келеді. Ол зымиян пышағын мойныма тақап тұрып, көнбес еркіме қояды деймісің! Қарғыс атқан әкенің сарандығы міне қандай күйге әкеліп соқтырады. Осындай әкеге өлім тілесек, оған таңданатын не бар?

Л а ф л е ш. Шынын айтсақ, сіздің әкеңізге біткен сарандыққа ешбір адам баласының шыдауы мүмкін емес. Құдайға шүкір, суайттыққа онша бейім емеспін, еріксіз жетелеп әкеліп дарага астыратын істің иісі сезіле бастасақ, тайып беруді де білем, бірақ, шынымды айтайын, сіздің әкеңізді тонап алғым келеді де тұрады. Кейде тіпті сіздің әкеңізді тонаған адам бір ізгі іс істеген болар еді-ау деп те ойлаймын.

К л е а н т. Жаңағы ескі-ұсқыларының тізімін көрсетші...

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Клеант, Лафлеш, Гарпагон, Симон.

С и м о н. Ие, сударь, ол жас жігіт ақшаға мұқтаж болғандықтан, сіздің қойған шарттарыңыздың бәріне де көніп отыр.

Г а р п а г о н. Симон мырза, осы істің артында бір қауіп жоқтығына әбден сенесіз ғой? Сол айтып тұрған жігітіңіздің аты-жөні, әл-ауқаты, туған-туысқандары өзіңізге белгілі ме?

С и м о н. Жоқ, Жігіт туралы менің білерім өте аз. Мені оған кездейсоқ біреу айтыпты. Бірақ ол сізге өз жайын түгел айтады. Оның маған жіберген адамы жаңағы айтқан жақтарыңыздан мін табылмайды деді. Менің білетінім — ол бір байдың баласы, шешесі жоқ, әрі кетсе сегіз айдан қалмай, әкесінің өлімін күтетін көрінеді. Егер керек етуші болса, мерзімінен қалмай өлетініне кепілдік етуге де әзір.

Г а р п а г о н. Бұл жақтарының бәрі де қолайлы істі танытқандай екен... Симон мырза, жақыныңды жақсы көру

деген кімге болса да қолыңнан келгенше жәрдем беруді парыз етеді ғой.

Симон. Әрине.

Лафлеш *(Симонды танып, Клеантқа ақырын ғана).* Мынасы несі? Біздің Симон сіздің әкеңізбен сөйлесіп тұр ғой!

Клеант. Менің кім екенімді біліп қойғаны ма? Әлде сен айтып қойып па ең?

Симон *(Клеант пен Лафлешке).* А, а!.. Сіздер тым асыққан екенсіздер!.. Кездесудің осында боларын сіздерге кім айтты? *(Гарпагонға.)* Кешіріңіз, сударь мыналардың келіп қалғанына мен кінәлі емеспін... Мен бұларға ешнәрсе айтқан жоқ едім. Бірақ, мұнда тұрған елеулі бәле де жоқ. Бұл жігіттердің біздің кеңесімізге құлақ салмастай сыпайышылықтарына мен сенем. Ал енді түсінісе беріңіздер..,

Гарпагон. Қалайша?

Симон *(Клеантты нұсқап).* Жаңағы мен айтқан сізден он бес мың қарыз алғысы келетін жас жігіт осы...

Гарпагон. О, қаңғы бас, сен бе едің!

Клеант. Әке-ау, қарыз берушім сіз бе едіңіз!..

Симон қашып кетеді. Лафлеш тасаланады.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Клеант.

Гарпагон. Тал түсте тоналғалы жүрген сенбісің?

Клеант. Оңай байығалы жүрген сіз екенсіз ғой?

Гарпагон. Осыны істеп жүріп, менің көзіме көрінуге қалай батылың барады сенің?

Клеант. Осыны істеп жүріп, инабатты адамдардың көзіне көрінуге сіздің батылыңыз қалай барады?

Гарпагон. Өмір бойы өтелмес қарыз алып, әкеңнің маңдай терін моншақтатып жүріп жинаған дүниесін осынша шашуға жеткен ысырапқор, қайда сенің ұятың?

Клеант. Тиынға тиын пайда табу үшін әйгілі қан сорғыштардың бәрінен асып, өзіңізді өзіңіз осынша масқаралап тұрып, сіздің қызарғаныңыз қайсы?

Гарпагон. Кет оңбаған, кет көзіме көрінбей!

Клеант. Мұқтаж болғандықтан есесімен қайтаруға ақша алған адам оңбаған ба, я болмаса, мұқтаж адамды

тырдай ғып тонап алып, ақшасын қайда қоярын білмейтін адам оңбаған ба? Сіздіңше екеуінің қайсысы жаманырақ?

Гарпагон. Кет деймін саған, кет ашуымды келтірмей. *(Клеант кетеді.)* Жамандықсыз жақсылық та жоқ деген осы да. Енді мен өзімді де бақылап ұстап, шығармаспын уысымнан!.. Ойбай-ау, ақшамды біреу қағып кеткен жоқ па екен, қарайыншы... *(Кетеді.)*

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Фрозина, Лафлеш.

Лафлеш *(Фрозинаны көрмей)*. Міне шырғалаң!..

Фрозина. А, Лафлеш достым, сенбісің? Сен мұнда қайдан пайда болдың?

Лафлеш. Әкем-ау, Фрозинамысың? Сені қандай себеп айдап әкелді мұнда?

Фрозина. Менікі баяғы белгілі жұмыс қой... Шамам келгенінше ешкімді алаламаймын, жортып жүріп жағыстырып жіберем. Өзің білесің, онысыз бұл дүниеде тұра аламысың?.. Сен екеуіміз, сол ептілігімізбен күн көріп жүрген адам емеспіз бе, сорлы.

Лафлеш. Сен есебін тауып, осы үйдің иесін ілектіргелі жүрген жоқпысың?

Фрозина. Ие, бір азғантай жұмысына дәнекер болып, бірдеме түсірем бе деген ойым бар.

Лафлеш. Мынадан ба? Өй, оның болмас... Бұдан бірдеме түсіре алсаң, сенің атақ-даңқың өлмейтін болар! Мен саған бұл үйде ақша деген қымбат екенін ескерткім келеді.

Фрозина. Еңбектің де еңбегі бар емес пе?

Лафлеш. Сен, сірә, Гарпагон деген кісіні білмейтін боларсың. Гарпагон деген мырза барлық адам деген заттың ішіндегі ең бір адам емесі болады. Қандай еңбек көрсетсең де, ол саған алғыс айтып, қалтасына қол сұқтыра қояр ма екен! Мақтау айту, құрмет көрсету, достық бейімін білдіру жақтарынан буаз қылар десем де болар, бірақ, ақша деген жақты атамаңыз!.. Оның жүрек тұратын жерінде жүрек емес, не бір кепкен сухарь, не болмаса, мүжілген бір сүйек шығар. Ол үшін беру дегеннен жаман сөз де жоқ. Ол тіпті, «саған жұдырық бергім келіп тұр» деп те айта

алмайды, оның орнына «мен саған бір жұдырық қарыз етемін» дейді.

Фрозина. Құдай-ау, адам дегенді қалай сауу керектігін маған үйретіп әуреленудің не керегі бар? Мен кімді болса да жібіте алам, қандай жүрек болса да еріте аламын. Әлсіз жерінің бірде-бірін ескермей өткізбеймін.

Лафлеш. Дәл бұл жолы оның бірі де түкке тұрмайды. Одан ақша дегенді ілектіре алсаң, мен де көрермін! Көз алдында мүрдем кеткелі жатсаң да, ол былқ етпейді. Қысқасын айтқанда, ол үшін ақша деген атақтан да, арұяттан да, адамшылықтан да қымбат! Ақша сұраушыға жай ғана көзі түсіп кетсе, қалтырай бастайды! Ақша сұрау деген оның жүрегіне найза шаншып, шек-қарнын шыжымдап тартумен бірдей тиеді оған! Өзі әне келе жатыр, қош бол!

Кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС.

Фрозина, Гарпагон.

Гарпагон *(өзіне)*. Орнында екен... Қозғалмапты... *(Фрозинаға.)* Ал, қалай, Фрозина?

Фрозина. Құдайым-ау, тіпті денсаулығыңызды сұраудың керегі жоқ қой, гүл-гүл жайнаған жүзіңіз сау екендігіңізді өзі-ақ айтып тұр екен!

Гарпагон. Кім, мен бе, гүл-гүл жайнаған?

Фрозина. Мен сіздің мұндай жасарып, мұндай сергіп кеткеніңізді бұл күнге дейін көрмеген едім.

Гарпагон. Шын солай ма?

Фрозина. Менімше, сіз бүкіл өміріңіздің ішінде дәл бүгінгідей қыршын жас болып көрмеген болуыңыз керек: мен кейбір жиырма бестегі жігіттерді де білем, бізбен салыстырғанда олар қуарған шал әшейін!

Гарпагон. Дегенмен, Фрозина, мен қазір кемі жоқ алпыстамын.

Фрозина. Е, оның не оқасы бар? Алпыс жас та көп болып па? Нағыз гүлденетін кезі ғой еркектің!

Гарпагон. О да мүмкін... Дегенмен, бір жиырма жасты иықтан сыпырып тастай алсаң, теріс болмас еді-ау деп ойлаймын...

Фрозина. Әшейін, күлуге айтасыз ғой оны!.. Оның сізге түк керегі жоқ. Сіз жүз жыл жасайсыз!

Гарпагон. Солай деп ойлаймысың?

Фрозина. Сөз жоқ. Барлық нышанаңыз соны айтып тұр. Жақындаңызшы бері!.. Тап сол айтқанымдай: мына кесіріңіздің түбінен көлденең түскен сызық — ұзақ жасайтындығыңыздың белгісі.

Гарпагон. Сен бұдан да бірдеме білуші ме едің?

Фрозина. Білгенде қандай! Қолыңызды бері әкеліңізші... *(алақанына қарап.)* Құдайым-ау, тіпті ұшы-қиыры жоқ!

Гарпагон. Немененің?

Фрозина. Мына бір сызықтың қай жерге жеткенін көресіз бе?

Гарпагон. Е, көремін.

Фрозина. Сенсеңіз — сеніңіз, сенбесеңіз — мейліңіз, мен сізге жүз жасайсыз дедім ғой, соған, кем дегенде тағы жиырма жас қосыңыз!

Гарпагон. Өтірік емес пе?

Фрозина. Сізге тіпті өлім жоқ. Сіз балаларыңыз бен немереліріңізді қолыңыздан жерлейсіз.

Гарпагон. Ол теріс болмас еді-ау... Ал, жұмысымыздың жайы нешік?

Фрозина. Оның жайын сұрап керегі не? Мен қолыма алған істің келмегені болатын ба еді. Ал, мына құдалық жағы болса, оны маған тапсырыңыз да қойыңыз! Мен аралассам, орнына келмейтін құдалық болмайды! Үйлендіргім келсе, мен түріктердің сұлтанын венецияның республикасына да үйлендіре алар едім!.. Сіздің жұмысыңыз одан жеңілірек қой... Шешесі де, қызы да мені жақсы біледі. Оларға сіз туралы да айтпағаным қалған жоқ. Шешесінің құлағына да сіз Марианнаны көшеде де, терезеден де әлденеше рет көріп, үйленуге бел байлағаныңызды сыбыр етіп қалдым.

Гарпагон. Ие, шешесі қалай қарады оныңа?

Фрозина. Қуанып кетті, әрине. Сіз бүгін кештен қалдырмай құдалық шартына қол қойылуын тілейді және қалыңдықтың өзі де ішінде болуы керек дегенімде, шешесі табан аузында ризалық етіп, қызын маған тапсырды, Марианна түскі астан кейін сіздің қызыңызға келіп шықпақ, содан кейін базар жаққа барып, кешкі тамаққа осында келмек.

Гарпагон. Онда, екеуі менің арбаммен барып қайтар...

Фрозина. Е, әбден келісті.

Гарпагон. Ал, жасау туралы шешесімен сөйлесе алдың ба? Аз да болса, жасауы болу керектігін айттың ба? Қыз деген күйеуге құр қол, жасаусыз келуі болмайтын нәрсе ғой!..

Фрозина. Қалай құр қол дей аласыз? Қалыңдық сізге жылына он екі мың ливер кіріспен келмек.

Гарпагон. Жылына он екі мың ливер кіріспен келмек!

Фрозина. Ие! Ең алдымен қалыңдығыңыз тамақты шөкімдеп қана жеп тәрбиеленген... Салат, сүт, сыр, алма, бар жейтін тамағы осы ғана. Бұлардан басқа дәмді мен тәтті, қымбатты мен ақшалы дегендеріңізде жұмысы жоқ. Осының өзін жылына үш мың ливер кіріс деп бір қойыңызшы. Одан кейін, өзі тазалықты қанша жақсы көрсе де, жарқырап киінуді тіпті жек көреді: сәнді көйлек, үске тағынатын асыл моншақ, үйдің ішкі жиһазын жарқыратып қою дегендердің оған түк керегі жоқ... Басқа әйелдердің бұл жағына қандай құмар, қандай қомағай келетінін еске алсаңыз, мұның өзі жылына төрт мыңнан кемге айналар ма еді? Одан соң, ол ешбір ақшалы ойын дегенді көргісі келмейді. Осы күнгі бай әйелдері мен бай қыздарын алып көріңіз сіз. Мен осындағы бір әйелдің бір жылда жиырма мың франк ұттырғанын білем! Бірақ, біз төрт есе кем алайық: сонда ол жылына бес мың ұттырар еді ғой! Ал енді қосыңыз бәрін: ақшалы ойыннан бес мың, киімнен төрт мың, тоғыз мың ба? Үш мыңды тамағынан үнемдеймін деңіз, сонда жылына тура он екі кіріс болады да шығады!

Гарпагон. Есеп жағың келіп-ақ тұр, бірақ, былай, қолға түсерін көре алмай тұрмын-ау...

Фрозина. Бәлі, айтқан екенсіз!.. Бұдан артық сізге қандай қатын керек? Сал, сылаң болмаса, ысырап дегенді білмесе, карта ойнамаса, сіздіңше, осының бәрі қолға түсерге қосылмай ма?

Гарпагон. Сен ол анаған, мынаған ақша жұмсамайды, ала келетін жасауы сол дейсің. Бұл жасау емес, мазақ қой. Қолыма түспеген, ала алмаған жасауға, мен алдым деп қолхат бере алмаймын. Сен менің қолыма түсір, қолыма түссін, ұстап көретін болайын!

Фрозина. Құдай-ау, оның да болады... Бір жақта

үйіміз бар, жеріміз бар дейді, соның бәрі сізге қалмай ма!

Гарпагон. Оларын көру керек... Одан соң, тағы бір нәрсе менің тынышымды кетіріп жүр Фрозина... Марианна жас... Өзің білесің, жастың өзі жасқа қарай өзеуреп тұрады ғой... Марианнаға өзімді кәрі емеспін бе екен деп те қорқамын. Жас әйел үйіме де бір жаңа жосық ала келіп жүрсе, маза болмай, тұзым татып кетіп жүрмес пе екен?

Фрозина. Ах, сіз оны жақсы білмегендіктен айтасыз да!.. Марианна бұл жағынан да басқа әйелдерге ұқсамайды ғой. Мен сізге айтайын, ол жас жігіт дегенді көргісі келмейді де, шалдарды жанындай көреді.

Гарпагон. Марианна ма?

Фрозина. Ие, ие, ауызынан емшек табы кетпегендерге қараудың өзін жаным жек көреді дейді. Ал енді, адам сияқты сақалы бар кәрілерді көргенде не болғанымды біле алмаймын дейді. Қанша қартқа басса, сонша жақсы ғой, шіркін, дейді... Сіз одан жасыңызды да жасырмаңыз. Марианнаға алпыс жастағы адам керек, одан жастың қажеті жоқ. Осыдан төрт-ақ ай бұрын ол күйеуге де шығып қала жаздап, күйеуі құрғыр жасым елу алтыда деп айтып қойып, оның үстіне шарт қағазға көзілдіріксіз қол қоя бастағаны емес пе!.. Құдалық бұзылды да қалды!..

Гарпагон. Тек содан ғана бұзылды ма?

Фрозина. Тек содан ғана. Маған елу алты жас деген аз және көлденең көзілдірік мінгізіп қоймаған мұрында не сән бар дейді!

Гарпагон. Мұнысы таң қаларлық мінез екен. Мұндайды естіп білген емес едім. Онысына қатты қуанарлық екен. Егер мен әйел болсам, қылжақтаған жасты өзім де сүймеген болар едім.

Фрозина. Оныңыз түсінікті. Жас деген тракайларды неменесіне сүю керек? Кенедей жабысатын немелерге кім қызықпақ?

Гарпагон. Мен әйелдердің жастарды сонша сүйетіндеріне тіпті түсінбеймін.

Фрозина. Ақмақтықтан сүйтеді. Жастық деген немене, не тұр онда? Сол әлгі жас қырымпоз дегендер адам ба солар? Неменесіне қызығуға тұрады?

Гарпагон. Мен өзім де соны күнде айтамын. Дауыстары тауықтың балапанының даусындай, мұрттары мысықтың мұртындай, тьфу!..

Фрозина. Әсіресе, сізбен салыстырғанда, олар адам болмай қалады! Адам деген сіздей болу керек те! Қарасаң, көзің тояды. Әйелге ұнау үшін де сізше киіну керек қой!

Гарпагон. Мен сеңіңше де онша не емеспін ғой?

Фрозина. Суретке салуға болатынсыз! Азырақ бұрылыңызшы... Бұдан асар ажар болады деймісің!.. Азырақ жүріп көріңізші... Түу, тіпті теңеуге тіл жоқ! Жүрісіңіз еркін, денеңізді ұстауыңыз әсем, денеңіздің өзі тастай, ешбір аурудың белгісі де жоқ.

Гарпагон. Ие, мен, құдайға шүкір, кейде бір өкпем қысылып қалатыны бар демесем, ешбір елеулі ауру деген-ді білмеймін...

Фрозина. Ол түк те етпейді. Өкпеңіздің қысылып қалатыны сіздің сәніңізді бұза алмайды: тіпті сіз жөтеліп қалғанда, соның өзі сізге жарасып та тұр...

Гарпагон. Сен маған мынаны айтшы: Марианна мені ешуақытта да көрмеді ме екен? Көзі шалған кезі болмап па?

Фрозина. Ешуақытта көрмепті. Бірақ ол екеуміз сіз туралы көп сөйлестік, мен сізді әртүрлі бапқа салып мақтадым да, суреттедім, ондай еркекті тал түсте қолыңа шам алып іздесең де, таба алмайсын дедім.

Гарпагон. Ақылдысың ғой сен! Рахмет.

Фрозина. Менің сізге кішкене ғана өтінішім бар еді. Менің бір қуынып жүрген дауым бар еді де, содан айрыламын-ау деп қорқам: ақшам жетіңкіремей тұр. *(Гарпагон қабағын түйеді.)* Егер сіз аз ғана мейірім етсеңіз, мен дауымды оңай-ақ ұтып шығар едім... Марианнаның сізді көруге қандай құмар екенін көресіз әлі!.. *(Гарпагон жадырайды.)* Сіз оған қандай ұнар екенсіз!.. Есінен айрылатын болады! Мына баумен бекітіп қойған шалбарыңызды көргенде, аузынан суы ағатын болар!..

Гарпагон. Айта бер, айта бер!..

Фрозина. Сол дауымның өзі қинап, мен үшін үлкен іс болып тұр... *(Гарпагон қабағын түйеді.)* Егер ол даудан жеңіліп қалсам, біржола тоналып та қалғаным. Маған ақша онша көп керек емес... Марианнаға мен сіздің жайды тәптештеп сөйлеп бергенімде, қандай қуанышпен тыңдағанын көрсеңіз!.. *(Гарпагон қайта жадырайды.)* Көзі біржола жайнап кетіпті! Мен несіне аянайын, төктім өнерімді. Аяғында мен сол кісіге табан аудармай, қазір күйеуге шыққым келіп тұр деді ғой!

Гарпагон. Қарыздармын, Фрозина, қарыздармын. Қарыздарлығым сонша, қандай алғыс айтуға да біле алмай тұрмын...

Фрозина. Мейіріміңіз түсіп, маған азырақ жәрдем етіп жіберсеңіз екен... *(Гарпагон қабағын қайта түйеді.)* Сөйтсеңіз мен етек-жеңімді оңай ғана жинап алып, адам қатарына қосылар едім де, сізге өмір бойы алғыс айтып өтер едім.

Гарпагон. Қош бол. Мен бір жазып жатқан хатты аяқтап тастауым керек еді.

Фрозина. Ант етіп айтам, сударь, сіз мені үлкен мұқтаждықтан құтқарған болар едіңіз...

Гарпагон. Сіздерді базарға апарып қайту үшін мен арба жек деп тапсырып қоярмын.

Фрозина. Халім сонша ауыр болмаса, мен сіздің мазаңызды да алмаған болар едім.

Гарпагон. Кешкі тамақты ертерек беріңдер деп тапсырармын. Түнге қарай тамақ жеген зиянды болады.

Фрозина. Қайырым етіңіз, сударь, түссін мейіріміңіз!.. Мені қанша қуантқан болар едіңіз...

Гарпагон. Менің кетуім керек, әне мені шақырып жатыр. Көріскенше сау бол. *(Кетеді.)*

Фрозина *(жалғыз)*. Сен иттің тұқымын жын-сайтан неге талақайлап тастамайды екен! Бұл сараңға жетпес жалбарынуым. Бірақ, бұл жұмысымды аяқсыз қалдыра да алман. Мұнда болмаса, басқа бір жерде қабар қақпаным. Алармын өзімдікін!

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС.

Гарпагон, Клеант, Элиза, Валер, Жак, Клода, Брендавуан. Ламерлуш.
Клоданың қолында сыпыртқы.

Гарпагон. Бәрің де бері келіңдер! Бүгін істелетін істерді тапсырып, міндеттеріңді бөліп беремін. Клода, бері кел, сенен бастайық... Сыпырғышыңның қолыңда жүргені өте жақсы екен. Сыпыра бер, қай жер болса да таза болсын!.. Бірдемелерді қиратып алма. Үй ішінің стол-орын-

дықтарын ысқылап сүртіп жүрме, бояуын кетіресің, Кешкі тамақ үстінде сен бөтелкелерді бақылайтын бол, бірсу ұрлап әкете ме, сынып қала ма, кім біледі, ие бол көзіңе. Шығыны болса, еңбек ақыңнан ұстап қалам.

Жак *(өзіне)*. Өй, қуыңның тапқаны-ай!

Гарпагон *(Клодаға)*. Бар.

Клода кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Клеант, Элиза, Валер, Жак т. б.

Гарпагон. Брендавуан мен Ламерлуш! Сен екеуің рюмкаларды жуып, ішімдік құйып тұратын боласыңдар. Ішімдікті керек дегенде ғана құйыңдар. Ішімдік жайын тіпті ұмытып та кеткен адамға ішіңіз де, ішіңіз деп дамыл таптырмайтын есуас қызметкерлерден алмаңдар үлгіні. Бір сұрап, екі сұрағанша қозғалмаңдар орындарыңнан және стол үстіне суды молырақ қойыңдар, аямаңдар суды.

Жак *(өзіне)*. Әрине! Шараптың өзін іше берсе, жұрт жылдам мас болып қалмай ма!

Ламерлуш. Мынау үстіміздегі кенептерді шешіп тастаймыз ғой

Гарпагон. Бірақ уақыты келгенде шешесіңдер. Киімдеріңді киіңдер, бірақ былғап алмайтын болып көздеріңе қарап жүріңдер.

Брендавуан. Сударь, менің желеткемнің тап алдыңғы жағында майдың табы қап-қара болып тұрғаны есіңізде шығар.

Ламерлуш. Менің шалбарымның арт жағы түгел жыртық екенін де білеміз ғой... Тек еңкейе берсем болғаны...

Гарпагон *(Ламерлушқа)*. Жетер! Қонақтарға көбінесе алдыңмен бұрылатын бол, арт жағыңды үйдің қабырғасына жапсыра ұста! *(Брендавуанға.)* Сен қонақтарға қызмет еткенде қалпағыңды міне былай ұстайтын бол! *(Көрсетеді.)*

Брендавуан мен Ламерлуш кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Клеант, Элиза, Валер, Жак.

Гарпагон. Элиза, сен столдың үстін жинап алар кезді бақыларсың. Ішімдік, жемдік бірдеме көзден тайып кетіп жүрмесін. Бұл нағыз қыздардың істейтін ісі. Оған дейін менің қалыңдығымды жақсылап қарсы алуға әзірлен. Екеуің базарға барып келерсіңдер. Мен не айтып тұрғанымды есітемісің?

Элиза. Есітемін, әке.

Кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Клеант, Валер, Жак.

Гарпагон. Ұлым мен сенің бүгінгі қылығыңды кештім. Өгей шешең келгенде қабағың жадыраңқы болсын, тыржиып жүрме!

Клеант. Мен бе, әке! Мен неменеге тыржиям?

Гарпагон. Әкелерінің екінші рет үйленуіне балаларының қалай қарайтындарын білемін мен! Өгей шеше дегенге қалай қарайтындарын да білем. Егер сен бүгінгі қылығың біржола ұмытылсын десең, өгей шешеңе сүйіспеншілік көрсет, әдепті бола біл.

Клеант. Әке, мен дәл шынымды айтсам, ол кісінің маған өгей шеше болғанына қуанышты да емеспін. Сізді алдап қайтейін, қуана да алмаймын. Бірақ әдептілік, сүйіспеншілік дегендеріңізді түгел орындауға уәде етемін сізге. Ол жағынан тынышыңыз қашпасын.

Гарпагон. Шаманың келгенше тырысатын бол.

Клеант. Ол жағынан көңіліңізді риза етермін.

Гарпагон. Сөйтіп, ақылды бол.

Клеант кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Валер, Жак.

Гарпагон. Енді, Валер сен керексің, Жак мырза сіз де бері келіңіз.

Жак. Божағыңыз ретінде келейін бе, әлде аспазшыңыз ретінде ме? Мен сізге әрі божақ, әрі аспазшымын ғой.

Гарпагон. Маған екеуі де керек.

Жак. Әуелі қайсысы болып келейін?

Гарпагон. Аспазшы ретінде кел.

Жак. Қазір... *(Сырт киімін тастап, аспазшы киімінде қалады.)*

Гарпагон. Сол қайта киінудің не керегі бар еді?

Жак. Не бұйырасыз?

Гарпагон. Мен бүгін кешке қонақ шақырмақшымын, Жак мырза.

Жак. Таң қаларлық іс екен!

Гарпагон. Сол кешкі тамақты сен жақсылап әзірлей аласың ба, жоқ па, соны білгім келеді.

Жак. Ақша жағын жақсылап берсеңіз, тамақ та жақсы әзірленетін болады.

Гарпагон. Уа, жер жұтсын сені! Ақша деген немене! Ол бір менің білмейтін нәрсемдей, қит етсе бәрі ақша, ақша, дейді. Ақша, ақша! Бәрің барып тіреlген екенсіңдер ақшаға! Ақшасыз бір адым аттауға болмайды ғой, сірә!..

Валер. Бұндай ақылсыз жауапты мен естіген емеспін. Ақша көп берілсе, тамақты жақсы жасауға болатынын өзінен басқа ешкім білмейді деп ойлайды ғой, сірә!.. Өй, ақымақ соны да білгендік деп айтып тұрмысың? Сен өз жұмысыңа шын-ақ шебер болатын болсаң, аз ақшаға, арзанға жақсы тамақ жасап бер!

Жак. Әрі арзан, әрі жақсы болсын ба?

Валер. Әрине!

Жак. Қанша адам болады?

Гарпагон. Сегіз адам болар ма екен, он адам ба... Бірақ сен сегіз адамға ғана тамақ әзірле. Сегіз адам тоятын тамаққа он адам да тояды.

Валер. Әрине.

Жак. Олай болса, тамақ тоғыз түрлі болғаны жөн... Сорпа... салқын тамақтар...

Гарпагон. Өй, әбілет бассын сені! Мен бүкіл қаланы тойындырмақ па екем!

Жак. Қуырдақ...

Гарпагон *(оның ауызын басып)*. Сұмырай! Сен менің бар дүниемді бір-ақ жұтып қоятын шығарсың!

Валер. Сен айналып кетейін, достым, өзің де біліп қой және жақын жекжаттарыңның бәрінде де ұғындырып

қоюды ұмытпа, қонақ шақырғанда етті көп берген адам — ол қонақтарына турадан тура қастық еткені. Шақырған қонақтарын жақсы көрген үй иесі шамасы келгенше тамақ жағын тежей ұстауы керек. Тіпті кәрі заманнан қалған мәтел де бар емес пе: біз тамақты өмір сүру үшін ғана жейміз, тамақ жеу үшін өмір сүрмейміз деген.

Гарпагон. Шіркін, мәтел-ақ екен! Жақындашы бері, сол үшін мен сені сүйіп алайын. Туа-жүре осыдан ақылды ешнәрсе естіп көрген емен. Біз жеу үшін өмір сүреміз, өмір сүру үшін емес... Жоқ, бұлай емес, қалай еді әлі?

Валер. Тамақты өмір сүру үшін жейміз, тамақ жеу үшін өмір сүрмейміз депті.

Гарпагон *(Жаққа)*. Естіп тұрмысың? *(Валерға)*.

Валер. Кім айтқанын өзім де ұмытып қалдым. Қандай ұлы адам айтты екен мұны?

Гарпагон. Осы мәтелді жазып қояйын бір жерге ұмыттырмашы маған. Мен бұл сөздерді алтыннан ойғызып залға жаздырып қоямын.

Валер. Сөйттіңіз. Ал енді қонақтарға беретін тамақтың жайын маған тапсыра салыңыз, өзім ойдағы жерден шығарып берем.

Гарпагон. Тапсырдым.

Жак. Е, бәрекелде, бұл маған да жеңілдік болды.

Гарпагон (Валерға). Адамның бір көп жей алмайтын, жесең бірден-ақ ауырлатып сала беретін бір тамақтары болады ғой, сондайды ескерерсің. Мысалы майы шылқылдап тұрған бұршақ пен салмадан жасалған бір тамақтар болатын еді ғой...

Валер. Өзіме сене беріңіз...

Гарпагон. Одан соң, Жак мырза, ана арбаны тазалап қойыңыз.

Жак. Кешіріңіз, мұныңыз божаққа берілетін бұйрық... (Божакша киініп алады.) Сонымен маған бірдеме дедіңіз бе?..

Гарпагон. Арбаны тазалап қой, жегетін аттар да әзір тұрсын деймін.

Жак. Аттар дейсіз бе, сударь? Сеніңіз маған аттарыңыздың бір аттауға шамасы жоқ. Сорлы жануарлардың тамағы кемдеу болып жүр деп өтірік айта алмаймын, оларға тіпті түк берілмейді, қашаннан бері сондай ораза ұстап келе жатқандықтан, жануарлар аттан гөрі, аттың көлеңкесіне ұқсап қалды.

Гарпагон. Сорлы жануарлар дейтін, ол аттар немді бітіріп жүр еді!

Жак. Іштеңе істемесе де тамақ жеу керек болады ғой, сударь. Тамағын тойғыза берсең, аттың істемейтін жұмысы бар ма?

Гарпагон. Базарға апарып келу деген ат үшін де онша ауыр жұмыс емес қой.

Жак. Жоқ, сударь, аяқтарын алып жүре алмайтын аттар арбаны сүйрей алады дей алмаймын. Көтерем атты қамшылауға қолым да бармайды.

Валер. Е, бұл тамақ істеуге үйде қалсын да, божы ұстап барып келуге мен көршіміз Пикарды шақырайын.

Жак. Е, мейілдерің, ат өлсе, менің қолымнан өлмесін, әйтеуір. *(Гарпагонға.)* Осындай жағынымпаздарды менің жаным жек көреді, сударь... Нан ба, арақ па, отын ба, шырақ шам ба, соның бәрін сығымдап ұстап кем бергізетіні — сізге жағыну үшін істейді соның бәрін. Сонысына жыным келеді менің. Әшейінде сіз туралы не айтатынын естісеңіз, құлағың шірігендей!.. Қалай десеңіз де мен сізді жақсы көремін. Аттардан кейін жақсы көретінім — сізсіз... Бұл болса, жағымпаз әшейін!

Гарпагон. Мен туралы нелер айтылатынын біле алар ма екем, Жак мырза?

Жак. Біле аласыз, сударь... Егер сіз ашуланып қалады демесем, айтып та жіберер едім.

Гарпагон. Түк ашуланбаймын.

Жак. Әй, ашуланасыз ғой деймін, сөз жоқ, ашуланасыз.

Гарпагон. Ашуланбаймын дедім ғой, қайта саған алғыс айтып жүретін болам. Өзім туралы жұрттың не дейтінін білуге мен де құмармын.

Жак. Ал енді, білгіңіз келген екен, сударь, онда мен адалымнан көшіп, қайда болса да жұрттың сізді мазақ қылатынын жасырмай айтамын. Жұрттың жабыла сөз қылатыны жалғыз сіз, қия басқаныңызды аңызға айналдырып алғаны да сіз. Сіздің сараңдығыңыз жайындағы гу-гу әңгімеден аяқ алып жүргісіз деуге болады. Бір адам сізді өз алдына календарь жасатып алыпты, календарында ораза ұстайтын күндер екі есе өсіп түсіпті, онысы үй қызметкерлері оразадан көзін ашпайтын болсын дегені екен деді. Енді біреу, сіз қызметкерлеріңізге мейрам күндерінде өмірде бір рет сыйлық беріп көрмепті. Қызметкер есебін алып шығатын болса, еңбек ақы беріп көрген емес екен деді. Еңбек

ақыны ұстап қалуға келгенде сіз тұяқ ілектіретін бірдемені таппай қалмайтын сияқтысыз. Бір аз ғана етті жеп қойғаны үшін сіз көршіңіздің мысығын сотқа тарттырыпты деп те айтысып жүреді... Бір түні сіз өз аттарыңыздың сұлысын ұрлап жатқанда қолға түсіп қалыпсыз... Менен бұрынғы божағыңыз сізді ұстап алып, сілейтіп тұрып сабап алыпты-мыс... Бірақ, оны сіз жұрттан жасырып жіберіпсіз... Қысқасы, қайда барсаң да сіз туралы естімейтін сұмдығың жоқ. Қала түгел сізді мазақ етіп алған.

Гарпагон *(Жақты салып қалып)*. Сен, ақымақсың, оңбағансың, кезепсің, жүгенсіз!

Жак. Кәне, айтқаным келмегені? Сөз жоқ, ашуланасыз демеп пе ем? Аз ғана шынды айтсам, ашуланасыз деп ескерткемін сізге, сенбегенсіз!

Гарпагон. Әуелі қалай айтуды үйреніп ал!

Кетеді.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Валер, Жак.

Валер. Жак мырза, менің байқауымша, сіздің адалдығыңыз өзіңізге қымбатырақ түсетін сияқты ма, қалай өзі?

Жак. Ол сіздің жұмысыңыз емес, жандай шап мырза! Мені ұрғанға күлмей тұра тұрыңыз, өзіңізді ұрғанда күлерсіз.

Валер. Құрметті Жак мырза, ашуланбасаңыз екен...

Жак. Жыртақай мырза, есіңізде болсын, мен сізбен жыртаңдасқым келіп тұрған жоқ. Мазалай беруді қоймасаңыз, бет-аузыңыз басқаша қисаңдайтын болады. *(Валерді сахнаның түбіне қарай итереді, сабамақ ойы бар сияқты.)*

Валер. Жә, ақырын, абайлаңыз!

Жак. Түк те ақырыны жоқ. Мұндай қалжың ұнамайды маған!

Валер. Ал, болсын тілегің!

Жак. Надансың сен, дөрекі!

Валер. Құрметті Жак мырза!

Жак. Көрінген қаңғыма үшін мен құрметті Жак мырза бола алмаймын. Таяқты ала салып, төмпештің астына алса келіп, шікірейер едің, мырзам.

Валер. Немене? Таяқты? *(Жакты кейін итеріп жібереді.)*

Жак. Жә, жә, мен сабасам дегемін жоқ қой...

Валер. Есіңде болсын, сендей қырымпоздарды сабау керек болса, мен сенен асырып түсіремін!

Жак. Оныңызға дауласа алмаймын.

Валер. Сіз ас үйдің бітеу бөренесі, ақымақсыз!

Жак. Дұрыс, дұрыс айттыңыз...

Валер. Сіз мені білмейсіз әлі!

Жак. Кешіріңіз...

Валер. Ал, неге ұрмайсың мені?

Жак. Әшейін ойнап едім.

Валер. Сенің ойының маған не керек! *(Таяқпен ұрып қалады).* Біліп қой, ойынның жаманын ғана біледі екенсің! *(Кетіп қалады.)*

Жак *(жалғыз).* Адалдық дегені құрысын да! Пайдасыз кесіп екен, бездім адалдықтан, бұдан былай бір ауыз шын сөйлесем не дейсің! Қожам әлі де ұрар мені, ол бола береді ғой. Ал енді сен, үй шаруасын басқаратын өзімдей малай, тұра тұр, табармын қыбыңды!

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Жак, Марианна, Фрозина.

Фрозина. Жак мырза, қожаңыз үйінде ме екен, білмейсіз бе?

Жак. Үйде, үйде, үйде екенін өте жақсы білемін.

Фрозина. Олай болса, бізді келді деп айтып келіңізші.

Жак кетеді.

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Марианна, Фрозина.

Марианна. Ах, Фрозина, мен өзімді біртүрлі сезінем. Алдымда не күтіп тұрғанынан қатты қорқамын!

Фрозина. Қорқатын не тұр? Ештеме де жоқ.

Марианна. Сіз де солай сұрайсыз ба! Менің орныма өзіңізді қойып көріңізші: мен дарға асылуға келе жатқан адаммен бірдеймін ғой.

Фрозина. Дара дегеніңіз Гарпагон ғой, ондай дарадан өлу сіз үшін онша көңілді болмайтынын жақсы білемін. Сіздің ойыңыздан әлгі маған айтқан жас жігітіңіз шықпай жүр ғой. Мені алдай алмайсыз...

Марианна. Мен сені алдағым да келмейді, Фрозина. Ол біздің үйге келгенде өзін сонша әсем ұстайтын еді. Шынымды айтайын, мен ол жігітке қызықпай қала алғаным жоқ.

Фрозина. Сіз оның кім екенін білесіз бе?

Марианна. Жоқ, тіпті білмеймін кім екенін. Жалғыз білетінім ондай жігітті сүймеу қиын болар еді. Таңдау еркім өзімде болса, мен ойланбай-ақ соны таңдап алар едім. Бірақ мені басқа адамға күйеуге шығуға күштеп отыр. Екеуін қатар қойып тең қараймын да, үрейден айрылам!

Фрозина. Құдай-ау, сол жас жігіт дегендеріңнің өзі көзге жақсы көрініп, жүзіктің көзінен өтіп тұрғанымен, көбі тыр жалаңаш, түгі жоқ болады емес пе! Сізге кәрі болса да бай адамға тиюден қолайлы не болады дейсіз, әрине, шал адамның сүю деген жақтары тұкке де тұрмайды. Ондай байдан аузың да тұшымайды. Бірақ ол ұзаққа да созылмайды. Маған сеніңіз, енді ол ұзақ жасамайды, өледі. Содан кейін тие беріңіз таңдағаныңызға, бәрінің есесі содан қайтады ғой!

Марианна. Қызық екенсің ғой, Фрозина! Өзім бақытты болу үшін біреуге өлім тілемекпін бе, болмаса өлімін күтпектін бе? Мұныңыз не? Оның қашан өлерін кім біледі әлі?

Фрозина. Сіз оған тигенде тезірек жесір қалу есебімен тиесіз. Мұның өзін шарт қағазға да түсіре кету керек. Егер ол қуарған сүйек үш айдың ішінде өліп қалмаса, барып тұрған көргенсіз болғаны. Әне, өзі де келе жатыр екен...

Марианна. Ах, Фрозина, мынау не деген сұмырай еді!

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Марианна, Фрозина, Гарпагон.

Гарпагон *(Марианнаға)*. Сұлуым, сізді қарсы алғанда көзілдірігімді тастамағаныма ашуланбаңыз... Сіздің сұлулығыңыз онсыз да көзге ұрып тұратынын, оны өсіріп

көрсететін ешбір шынының керегі жоқтығын білемін. Бірақ біз жұлдыздарға үлкейтіп көрсететін шыны арқылы қараймыз ғой. Мен сіздің сондай бір жұлдыз екеніңізді кімге болса да куәландыра аламын. Жұлдыз болғанда қандай жұлдызсыз! Барлық жұлдыздар әлеміндегі ең сұлу жұлдызсыз!.. Фрозина, қалыңдық үндемейді, мені көріп тұрғанына түк қуанбайтын сияқты ғой!

Фрозина. Бірден қайдан суырыла қойсын... Жүрегін бірден аңдатуға ұялатын қыздардың әдеті емес пе...

Гарпагон. Оның дұрыс. *(Марианнаға.)* Айналайын балам, қызыммен таныстыруға лұқсат етіңіз...

ОНЫНШЫ КӨРІНІС.

Марианна, Фрозина, Гарпагон, Элиза.

Марианна. Сізге кешігіп келгенімді кешіріңіз.

Элиза. Бұрын келу менің міндетім еді, оны істей алмағанымды сіз де кешіріңіз.

Гарпагон. Қызымның қандай үлкен екенін көресіз бе, жаман шөп бойлап өседі ғой.

Марианна. *(Фрозинаға).* Жексұрын адам екен.

Гарпагон *(Фрозинаға).* Біздің сұлу не айтады?

Фрозина. Сізге көңілінің разылығын айтады..

Гарпагон. Сұлуым, тым асырып алып жүрмеңіз...

Марианна *(өзіне.)* Не деген жексұрын еді!

Гарпагон. Мен туралы сонша жоғары ойда болғаныңызға алғысымды айтып жеткізе алар емеспін...

Марианна *(өзіне).* Шыдауға дәрменім қалмай барады, жасаған...

ОН БІРІНШІ КӨРІНІС

Марианна, Фрозина, Элиза, Гарпагон, Клеант, Валер, Брендавуан.

Гарпагон. А, мынау менің ұлым болады.

Марианна *(Фрозинаға).* Ах, Фрозина, кіммен кездескенімізді көремісің... Саған айтқан жас жігітім осы еді ғой!

Фрозина. Мә, саған!

Гарпагон. Сіз менің балаларымның осынша ер жеткен болып шыққанына таңданатын сияқтысыз ғой? Бірақ мен жақын арада екеуінен де құтыламын.

К л е а н т *(Марианнаға)*. Шынымды айтсам, сударыня, мен мұндай ешәрсені күтпеп едім. Әкем өзінің ұйғарындысын айтқанда, айран-асыр таң қалдым.

М а р и а н н а. Сізге мен соны ғана айта аламын: осы жердегі күтпеген кездесу мені де аз таңдандырып тұрған жоқ. Бұлай кездесуге мен тіпті әзірленбеп едім...

К л е а н т. Түсінікті сударыня, әкем сізден асарды іздеп таба алмас та еді. Сізді көру мен үшін үлкен бақыт. Бірақ әкемнің осы таңдасына қатты қуаныштымын деп айта алмаймын. Мен өтірік көлгірсуді білмеймін, сондықтан турасын айтсам, сізді өгей шеше дегім келмейтінін аңғартқым келеді. Кейбіреулерге менің мұным ерсі көрінер, бірақ, сіз мені дұрыс түсінерсіз деп сенемін. Менің қазіргі халімнің қандай екенін көз алдыңызға әкелу сізге онша қиын да болмас: бұл халде мен қуанарлық ешнәрсе жоғын жақсы білуіңіз керек. Әкем лұқсат етсе, мен сізге бұл үйленудің ешуақытта болмауын тілейтінімді білдіргім келеді. Менің еркіме салса, солай болар еді!

Г а р п а г о н. Көрсетіпті әдептілігін! Осы еді айтарың...

М а р и а н н а. Мен де сізге дәл өзіңізше жауап берем: сіз мені өгей шешем дегіңіз келмесе, мен де сізді өгей ұлым дегім келмейді-ақ. Сіздің ренжуіңіздің айыпкері мен екен деп те қалмасаңыз екен. Мен ешуақытта көңілсіздік келтірерлік іске баспаған болар едім. Сеніңіз маған, еріксіз бағындырар бір күш болмаса, бұл некеге ризашылық беріп, сізді ренжітпеген болар едім.

Г а р п а г о н. Дұрыс, ақымақтың сөзіне осындай жауап берілу керек. Сұлуым, ол өрескелді айыпқа алмаңыз. Ол жас та, ақмақ та, не айтып тұрғанын өзі де білмейді.

М а р и а н н а. Сеніңіз, мен ешқандай жәбірленгенім жоқ. Қайта мен оның ашықтан ашық шынын айтқанына рахмет айтамын. Егер ол басқа бірдеме айтса, мен оны қадірлеуден қалар едім.

Г а р п а г о н. Сіз оған мөлшерден тыс кешірім жасап жібердіңіз. Ақылы кіреді ғой әлі, сол кезде басқаша сөйлейтін болады.

К л е а н т. Жоқ, әке, менің айтарым қашан да біреу-ақ, қалдым сонымда табандап.

Г а р п а г о н. Мына есалаңды көрдің бе, қоя ма десем, қоса түседі ғой!

К л е а н т. Сіздіңше мен жалған айтуым керек пе?

Гарпагон. Жетті ғой, енді, басқа бірдеме жайын сөз қылуға болмай тұр ма?

Клеант. Жақсы, басқа бірдеме десеңіз, басқа бірдеме болсын. Сударыня, әкеміздің орнына бір-екі ауыз сөз айтуға лұқсат етіңіз... Өз өмірімде мен сізден асқан сипаттыны кездестірген емеспін, мен үшін сізге ұнаудан артық жоғары бақыт та жоқ, сіздің еріңіз болу бақытын мен жер жүзіндегі ең ұлы патшаның бақытына да айырбастамас едім. Ие, сударыня, сізді құшу — менің ақыреттік арманым, арманымның ең биік шыңы. Сондай жеңіске қолым жету үшін, мен барымды төгіп, ешбір кедергіден тайсалмас едім...

Гарпагон. Ей, абайла, жаным, онша елігіп кетіп жүрме.

Клеант. Мұны мен сіздің сөзіңіз ретінде айтып тұрмын ғой.

Гарпагон. Құдайға шүкір, тіл менің өзімде де бар, маған елшінің керегі жоқ. Бізге орындық әкеп беріңдерші.

Фрозина. Біздің қазір базар жаққа барып қайтқанымыз дұрыс болмас па екен? Ертерек барып қайтсақ, кейін сөйлесіп отыруға да уақыт еркінірек қалар еді.

Гарпагон *(Брендавуанға)*. Жектір арбаны.

ОН ЕКІНШІ КӨРІНІС

Марианна, Фрозина, Гарпагон, Элиза, Клеант, Валер.

Гарпагон *(Марианнаға)*. Кешіріңіз, сұлуым, серуендеп қайтар алдында мен сізді қонақ етуді ұмытып кетіппін.

Клеант. Оны мен ескергемін, әке. Қазір мандарин, апельсин, конфет бәрі де келіп қалар осы жерге. Мен сіздің атыңыздан бұйырғамын.

Гарпагон. *(ақырын ғана)*. Валер?!

Валер *(О да ақырын)*. Бұл өзі жынданған болар!

Клеант. Оларың аз болар деп ойлайсыз ба, әке? Онда, құрметті қонағымыздан кешірім сұраймын.

Марианна. Оларыңыз болмай-ақ қойса да болатын еді ғой.

Клеант. Сударыня, сіз мына әкемнің жүзігіндегідей алмасты көргеніңіз бар ма?

Марианна. Ие, өте жақсы жарқырайды екен.

Клеант *(әкесінің жүзігін суырып алып Марианнаға береді)*. Мұның өзін жақыннан қарап көрген дұрыс.

Марианна. Тамаша алмас екен, жанып тұр.

Клеант *(жүзікті Гарпагонға қайырып бере берген Марианнаның алдына тұра қалып)*. Жоқ, сударыня, жүзік сіздің қолыңызға дәл екен. Әкем оны сізге тарту етеді!

Гарпагон. Мен бе?!

Клеант. Ғашықтық белгісі ретінде осы жүзікті Марианна ханымның қабыл етуін сіз қатты тілек етесіз ғой, әке? Солай емес пе?

Гарпагон *(Клеантқа)*. Қалай дейді?!

Клеант *(Марианнаға)*. Көріп тұрсыз ғой, әкем маған сізді сол жүзікті алуға көндір деп тұр.

Марианна. Менің тіпті алғым келмейді.

Клеант. Е, қойыңызшы... әкем енді қайтып ала алмайды.

Гарпагон. Қап, мынаны қайтсем екен, ә?

Марианна. Менің мұны алуым...

Клеант *(жүзікті қайтаруға бөгет жасап)*. Жоқ, жоқ, алмасаңыз әкемді қатты жәбірлеген боласыз.

Гарпагон. Күйдірді-ау мынау!

Клеант. Көресіз бе, көресіз бе, әкем сіздің алмаймын дегеніңізге күйініп тұр.

Гарпагон *(ақырын ғана Клеантқа)*. Арамза!

Клеант *(Марианнаға)*. Әкем қатты ренжігелі тұр.

Гарпагон. Қанішер!

Клеант. Әке, айып менде емес, мен жүзікті алыңыз деп қанша үгіттесем де, Марианна ханымның алғысы келмейді.

Гарпагон *(кіжініп, тістеніп)*. Қаңғыма!

Клеант. Сударыня, сіз үшін әкем ұрысып болды ғой мені.

Гарпагон. Жол тонаушы!

Клеант. Енді алмасаңыз, әкем ауырып қалады, сударыня, мейірім етіңіз, алыңызшы.

Фрозина. Құдай- ау, несіне қысыласыз, сынықсып! Сонша өтінгенде, алсаңызшы.

Марианна *(Гарпагонға)*. Сізді бұдан әрі ашуландырмау үшін, алсам, алайын... Бірақ өзіңізге қайтарар кезеңі келгенше ғана алам...

ОН ҮШІНШІ КӨРІНІС

Марианна, Фрозина, Элиза, Гарпагон, Клеант, Валер, Брендавуан.

Брендавуан. Сударь, сізді бір адам сұрап келіп тұр.

Гарпагон. Менің қолым бос емес де. Басқа бір уақытта келсін.

Брендавуан. Сізге ақша әкеліп едім дейді.

Гарпагон *(Марианнаға)*. Онда, кешіріңіз, мен қазір оралам.

Брендавуан кетеді.

ОН ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Марианна, Фрозина, Гарпагон, Элиза, Клеант, Валер, Ламерлуш.

Ламерлуш *(жүгіре кіріп, Гарпагонды құлатып кетіп)*. Сударь...

Гарпагон. Өлдім!

Клеант. Немене әке, бір жеріңіз қатты соғылған жоқ па?

Гарпагон. Мына жауызды менің борышты адамдарым сатып алып, мойнын үз деп әдейі жіберген болар маған.

Валер. Тыныштала көріңіз...

Ламерлуш. Кешіріңіз, сударь, жанымды салғандағым еді.

Гарпагон. Сен жолбасарға немене керек өзі?

Ламерлуш. Екі аттың да тағасы түсіп қалыпты.

Гарпагон. Олай болса, ұстаға апарсын.

Клеант. Әке, ат әзірлегенше мен Марианна ханымды бақшаға апара тұрып, әлгі айтқан жемістерді де сонда алғызайын.

Валер мен Гарпагоннан басқалары кетеді.

ОН БЕСІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Валер.

Гарпагон. Ана жаққа да көзіңді бір салып қойшы. Алдарына қойған жемістерді түгел сыпырып жеп қоюларын күтпей-ақ алып кетуге болады ғой...

Валер. Мен онда сүйтейін. *(Кетеді.)*

Гарпагон *(жалғыз)*. Құдай соққан бала, мені жұтатқалы жүрсің білем, сен!

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Клеант, Элиза, Марианна, Фрозина.

Клеант. Бері жүріңіздер, мында кірейік. Ешкім құлағын да сала алмайды, еркін сөйлесетін боламыз.

Элиза. Солай, Марианна, ағам маған бәрін де айтты. Көңілге күйзеу болып тұрған не екенін мен де білемін. Сеніңіз, сіздердің істеріңізге мен жан-тәніммен ортақпын.

Марианна. Сіздің мұныңыз менің көңіліме үлкен сүйеу. Мен сондай бақытсызбын, Элиза, мені достығыңыздан махрұм ете көрмеңіз!

Фрозина. Е, сорлы балаларым-ай, не айтайын... Бұл жайларыңды ертерек неге айтпап едіңдер маған? Онда мен істің бетін басқа жаққа бұратын едім ғой. Қайғыларың емес, қуаныштарың жағына қарай бұратын едім ғой.

Клеант. Сонымен сіз неменеге бел байладыңыз, сүйікті Марианна?

Марианна. Мен бел байлап неменені шешуші ем? Еркім өз қолымдағы адам емеспін, менде тілек етуден басқа не болатын еді. Өзіңіз ойлап табыңыздар, әмір етіңіз, мен бәріне де көнемін, ризамын. Әдеп, сыпайышылықтан ас демессіз маған, ақылмен істерсіз деп сенемін сізге. Одан соң, менің шеше алдындағы борыштарым да бар. Шешем мені жақсы көретіні сонша, мен өз басымның бақыты мен рахаты үшін оны ренжіте алмаймын. Шешемнің мейрімін аударып алуға өзіңіз тырысыңыз. Ол кісіге ашып айтуға және қолайлы деп тапқан қадамыңызды ірікпеуге мен сізге лұқсат етемін. Ал, кезінде шешем менен сұрай қалса, мен әрине, жасырмай шынымды айтармын.

Клеант. Фрозина, көгершінім деп жүрейін, бізге жәрдем етемісің?

Фрозина. Оны сұрап не керегі бар, жанымды салуға әзірмін. Мен жаратылысымда аямпаз адаммын. Менің

жүрегім де тас емес. Осындай кірсіз таза ғашықтықты көргенде мен қуана-қуана жәрдем етем. Тек біз не істеуіміз керек болар екен?

Клеант. Ойла жақсылап.

Марианна. Бізге де үйрет.

Элиза. Өзің түйген түйіншектерді өзің шеш.

Фрозина. Ол енді киын... *(Марианнаға.)* Сіздің шешеңізді қондіруге болар деймін. Әкесі ме, баласы ма, ол кісіге бәрібір ғой. *(Клеантқа.)* Киын болып тұрғаны — ол әкенің сіздің әкеңіз болып тұрғаны ғой!

Клеант. Түсінемін.

Фрозина. Менің айтайын деп тұрғаным — егер шалдың өзін тақыр мұзға отырғыза салсақ, онда ол ашу зәрінен сен екеуіңнің үйленулеріңе де қарсы болып, қарысып қала ма деп қорқам. Сол шалдың өзі айнып шығатын еткеніміз дұрыс болмас па екен? *(Марианнаға.)* Ол үшін сіз ол кісіге ұнамай қалуыңыз керек.

Клеант. Мұныңыз өте жақсы ой.

Фрозина. Тоқтаңдар!.. Мен сияқты бір ыңғайлы келген мосқал әйелді табу керек! Киіндіріңдер өзін, маркиза ма, виконтесса ма, әйтеуір бір аты бар дама болып шықсын. Төменгі Британиядан келген бе, қайдан келсе, одан келсін, келсін бір жақтан... Мен ол әйелді асқан бай, үй-күйін қойғанда жүз мың экю капиталы бар, сізге есінен айрыла ғашық екен, сізге тигісі келеді, бар байлығын құдалық шарты бойынша сізге түгел өткізеді деп, сіздің әкеңізге сыдыртып берсем, маған сеніңіздер, оған бұл кісі құлақ аспай қала алмайды. *(Марианнаға.)* Бұралқы сөздің керегі не, шал сізді сүйеді, ал ақша дегенді сізден ілкім артығырақ сүйеді. Осы қармаққа шал іліне қалса, ар жағын уайымдайтын дәнеңе жоқ.

Клеант. Өте жақсы ойлап тауыпсың!

Фрозина. Енді мен осыны жабдықтаймын. Айтпақшы, көңілдес бір әйел де есіме түсе қалды. Одан өзгенің керегі жоқ.

Клеант. Біздің ісіміздің орайын келтіріп шығарсаң, еңбегіңді өтермін, Фрозина. Ал енді, айналайын Марианна, оған дейін сіздің шешеңіздің бетін бұрып алу керек болар. Бүгін болғалы тұрған некені бұзайық. Еркелеңіз, жалыныңыз, жылаңыз, сізді сүйетіндігін пайдаланыңыз, әйтеуір көндіріңіз.

Марианна. Қолымнан келгеннің бәрін де істермін, ұмытпаспын ешнәрсені.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Клеант, Марианна, Элиза, Фрозина, Гарпагон.

Гарпагон *(өзіне, оны ешкім байқамайды)*. Е, ұлым өгей шешесінің қолынан сүйіп жатыр ғой... Өгей шешесінің онша қарсылығы да байқалмайды екен... Осының өзінде бір жылым жоқ па екен?

Элиза. Міне, әкем де келді.

Гарпагон. Арба әзір. Қаласаңыздар, жүріп кетуге болады.

Клеант. Әке, сіз өзіңіз бармайтын болғандықтан, мен бірге барайын.

Гарпагон. Жоқ, сен қал. Оларға оңаша болғаны қолайлырақ болар. Сенің маған керегің бар.

Элиза, Марианна, Фрозина үшеуі кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Клеант, Гарпагон.

Гарпагон. Ал өгей шешелігі өзімен тұрсын, жалпы қалай көрінеді өзі?

Клеант. Маған қалай көрінеді дейсіз бе?

Гарпагон. Ие, ие: жұғысымы, дене бітімі, сұлулығы, ақылдылығы жақтарынан деймін.

Клеант. Шамалы ма деп қалдым.

Гарпагон. Шамалық-ақ па екен?

Клеант. Шынымды айтсам, мен өзін бұлай емес шығар деуші едім. Жұғысым жақтары долаң, дене бітімі дөрекілеу, ажары әшейін ғана, ақылы көптің қатарында ғана сияқты. Мен сіздің көңіліңізді суытқалы айтып тұр екен деп ойлап қалмаңыз: өгей шешеміз осы бола ма, басқа бола ма, маған бәрібір ғой.

Гарпагон. Бірақ сен мана басқашарақ айтып едің ғой...

Клеант. Ондағым әшейін сыпайышылық қой және оны мен сіздің атыңыздан айттым да, сіздің қалауыңыз бойынша айттым.

Гарпагон. Сонымен, өгей шешең сені жақтан тартпады ма?

Клеант. Мені ме? Түк тартқан жоқ.

Гарпагон. Әнтек екен... Маған бір жақсы ой келіп еді: осынша жас қызға үйленер болсам, мына жұрт не айтар, осының өзін қояйыншы деп ем. Бірақ, өзім ұсыныс жасап, уәде байласып қойғандықтан және сенің мұндай жек көріп қалғаныңды білмегендіктен, саған ал дегім келіп еді.

Клеант. Маған ба?

Гарпагон. Ие, саған.

Клеант. Әйел етіп пе?

Гарпагон. Әйел етіп.

Клеант. Тыңдаңызшы, әке, оның маған онша ұнай қоймағаны рас. Бірақ сіздің қуанышыңыз үшін, сіз қаласаңыз, үйленсем, үйленейін осы қызға...

Гарпагон. Менің қуанышым үшін бе? Мен сен ойлағаннан гөрі естірекпін, балам, сені күштеп үйлендіргім келмейді.

Клеант. Сізді жақсы көретіндіктен, мен өзімді-өзім күштеуге де әзірмін.

Гарпагон. Жоқ, жоқ. Сүйіспеншілік болмаған жерде бақыттылық та жоқ.

Клеант. Сүйіспеншілік кейін бола жататыны да бар емес пе. Шыдамы табылса, сүйіспеншілігі де табылар деп жай айтпаған болар.

Гарпагон. Жоқ, еркек деген ұшқалақтап барып ұрынбау керек. Оның түбі өте жаманға апарып соғуы мүмкін. Оның жауапкершілігін мен мойныма ала алмаймын. Егер сен Марианнаны аз да болса сүйетін болсаң, мен, «е, бағың ашылсын» деп, өзімнің орныма сені үйлендірер едім. Ондай ұнатымың болмаған соң, айтқаным айтқан, өзім үйленем.

Клеант. Әке, олай болса, сізден сырымды жасырмаймын, біліңіз бар шынымды. Мен Марианнаны қыдырып жүріп алғашқы көргеннен бері сүйемін. Мен сіздің батаңызды сонда-ақ сұрағым келіп еді, бірақ өз ойыңызды біліп қалдым да, ашуландырып алмайын деп айта алмадым.

Гарпагон. Сен оның үйіне де бардың ба?

Клеант. Бардым.

Гарпагон. Бір рет емес шығар?

Клеант. Ие, әлденеше рет.

Гарпагон. Қалай, жақсы қабылдады ма?

Клеант. Өте жақсы. Бірақ менің кім екенімді білген

емес. Осында кездесіп қалғанымызда Марианнаның абыржып қалғаны да сондықтан.

Гарпагон. Сен онымен түсінісіп, қосылысу жайын да айтып па ең?

Клеант. Әрине, мен оның шешесіне де аңғартқам.

Гарпагон. Шешесі оныңа қалай қарады?

Клеант. Өте жақсы ыңғай көрсетті.

Гарпагон. Ал қызы сенің сүюіңе қандай ыңғай көрсетті?

Клеант. Кейбір белгілеріне қарағанда, жек көрмейтін сияқты.

Гарпагон *(өзіне)*. Тамаша!.. Менің білмегімнің өзі де осы еді. *(Дауыстап)* Жә, ұлым, енді мен саған турасын айтайын: сен бұл сүюіңді ұмыт біржола, менің қалыңдығымда жұмысың болмасын. Менің саған тұспалдап қойғаным бар, үйленесің соған.

Клеант. Әдемілеп-ақ алдап ұрдыңыз, әке! Олай болса, өзіңіз де біліп қойыңыз, мен Марианнадан ешуақытта баз кешіп, бас тарта алмаймын. Сіз оның шешесімен уәделессеңіз, мен басқа бір жолын табамын. Үміттенбеңіз босқа!

Гарпагон. Қалай дедің қаңғыбас?! Сен менімен қызға таласуға батылың бармақ па?

Клеант. Мен емес, менімен қызға таласып жүрген сіз! Мен сізден бұрын танысқамын.

Гарпагон. Мен сенің әкең емеспін бе? Сен мені сыйлауың керек емес пе?

Клеант. Мұндай істе әке де бір, бала да бір: ғашықтық оны танымайды.

Гарпагон. Мен таяғымды қолыма алсам, мені сен танитын боларсың!

Клеант. Ол қорқытуыңыздан түк те шықпайды.

Гарпагон. Марианнадан қол көтеріп шығамысың сен?!

Клеант. Дүниенің бар байлығына да айырбастамаймын Марианнаны!

Гарпагон. Таяғымды әкел, таяғымды!

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, Клеант, Жак.

Жак. Ой, ой!.. Мырзалар, сіздерге не болған? Бұларың немене?

Клеант. Күлкі, әке, мұның!

Жак. Ақырын, сударь, ақырын.

Гарпагон. Сен менімен осылай сөйлесейін деген екесің! Үйретейін мен сені!

Жак. Құдай үшін, қойыңызшы.

Клеант. Жоқ, мен бермеймін саған!

Жак. Әкеңе осыны айтып тұрмысың?

Гарпагон. Жібер мені!

Жак. Балаңызды сабамақпысыз? Ол мен емес қой!

Гарпагон. Сен айтшы, Жак, менікі дұрыс емес пе?

Жак. Рахым етіңіз, айтайын... *(Клеантқа.)* Кішкене шегініп тұрыңыз.

Гарпагон Мен бір қызға ғашықпын. Соған үйленгім келеді. Ал мына қаңғыбас та сол қызды сүйеді екен, бұ да соған үйленгісі келеді. Менің лұқсатым жоқтығына қарамай, үйленгісі келеді. Бұзақылық емес деші осынысын!

Жак. А!.. Онікі дұрыс емес.

Гарпагон. Әкесімен қызға таласыпты деген сұмдық емес деші, кәне? Әкесін сыйлау керектігінен бұл сол қыздан қол көтеріп шығуға тиісті емес пе?

Жак. Сөз жоқ! Сіз осы арада тұра тұрыңызшы, мен балаңызбен сөйлесіп келейін. *(Клеантқа барады.)*

Клеант. Мен бір қызды сүйемін. Мені қыз да сүйеді. Әкем сол екеумізді айырып, қызға өзі үйленгісі келеді. Дұрыс па осынысы?

Жак. Әрине, дұрыс емес.

Клеант. Осы жасқа келгенде үйленем деуінің өзі ұят емес пе? Ғашық болудың қандай лайығы бар оған? Ондай жұмыстың жастардікі екенін мойындауы керек емес пе!

Жак. Сөз жоқ. Ол ойнайды әшейін. Сабыр етіңіз, мен оған да бір-екі ауыз сөз айтып келейін. *(Гарпагонға.)* Ұлыңыз тап сіз айтқандай есерсоқ емес екен. Енді ол ойланып, әрине мен әкемді сыйлауым керек, мен әшейін қызып кетіп едім, әкем не айтса да көнемін, тек әкем маған қатал бола көрмесін, және өзіме ұнаған бір қызды алып берсін, дейді.

Гарпагон. А!.. Қоятын шарты осы болса, менен не күтетін болса да орындалады де, Жак. Марианнадан

басқа қыздың қайсысына үйленем десе де, бердім лұқсатымды.

Жак. Сіз тұра тұрыңыз... *(Клеантқа келіп.)* Әкеңіз сіз ойлағандай алжыған жоқ екен. Оның ашуын келтірген сіздің қызып кеткендігіңіз көренеді. Әйтпесе, сіздің алдыңызға кес- кестейін деген ойы жоқ екен. Мен бәріне де ризамын, не тілесе, сонысы болсын, тек өзі жынданбаса екен, әкесіне әр кезде сыйлау, құрмет көрсетіп, бағынып жүретін болсын дейді.

Клеант. Онда сіз ол кісіге айтыңыз, егер ол Марианнаны маған беретін болса, әке алдында менен асатын әдепті ұл болмас деп айтты де. Осылай болса, мен әр кезде әкемнің не дегеніне үн шығармай көнетін болам.

Жак *(Гарпагонға келіп)*. Іс бітті. Балаңыз көнді бәріне де.

Гарпагон. Осылай болғаны жақсы да.

Жак *(Клеантқа)*. Болды дегеніңіз. Берген уәдеңізге әкеңіз риза!

Клеант. Е, бәрекелде!

Жак. Ал, мырзалар, енді сөйлесе беріңіздер. Енді бәрі де орнына келді. Сіздер әшейін түсініспегендіктен ілініскіп қалған екенсіздер.

Клеант. Достым Жак, мен саған өмір бойы алғыс айта жүрермін.

Жак. Ешбір қарыздар емессіз...

Гарпагон. Сен мені қатты қуанттың. Жак, алғыс күтер орның да бар. *(Қалтасын ақтарады, Жак қолын созады. Гарпагон орамалын ғана суырып алады.)* Бар, ұмытпаспын.

Жак. Төменшілікпен басымды иемін.

Кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Клеант, Гарпагон.

Клеант. Мен біраз қызып кетсем керек, кешіріңіз, әке.

Гарпагон. Оқасы болмас.

Клеант. Сеніңіз маған, мен қатты өкінемін оныма.

Гарпагон. Аяғында естілік істегеніңе мен де қатты қуанамын.

Клеант. Сіз менің күнәмді сонда тез ұмытқандай мейірімді екенсіз.

Гарпагон. Балалар айтқаныңды тыңдайтын болса, оңай кешпейтін күнәсі бола ма.

Клеант. Менің есерсоқтанғаныма ешбір ренжуіңіз қалған жоқ қой?

Гарпагон. Сыйлауың мен құрметіңе мен де біржола құлап түстім.

Клеант. Бұл мейіріміңізді көрге кіргенше ұмытпасқа уәде етемін, әке.

Гарпагон. Ешнәрседен қолыңды қақпасқа мен де уәде етемін.

Клеант. Ах, әке, сізден менің енді сұрайтын ешнәрсем боламас, Марианнаны маған бергеніңіз, бар тілегімді бергеніңіз деп білемін.

Гарпагон. Қалай? Немене?

Клеант. Мен сізге ойдағыдан әрі разымын деймін: мейріміңіз түсіп, маған Марианнаны бердіңіз, одан артық не тілемекпін мен?

Гарпагон. Мен саған Марианнаны берді деп кім айтты?

Клеант. Өзіңіз айтпадыңыз ба, әке.

Гарпагон. Мен бе?

Клеант. Әрине, сіз.

Гарпагон. Мен қалай айтам оны? Енді аяғымды тарттым, баз кештім деген өзің емеспісің?

Клеант. Мен бе? Марианнадан баз кешем бе?

Гарпагон. Ие.

Клеант. Ешуақытта болмас ол!

Гарпагон. Онда сен ойыңнан қайтпаған болдың ба?

Клеант. Қайту түгіл, қазіргімнен артық қасарып тұратын уақытым болған емес!

Гарпагон. Сен қаңғыбас, бұрынғыңа қайта басасың ба?

Клеант. Қайта емес, қашан да берікпін соныма!

Гарпагон. Онда өзіңе өзің өкпеле, оңбаған есерсоқ!

Клеанат. Не қылсаңыз да еркіңіз білсін!

Гарпагон. Уа, сен бұдан былай көзіме көрінбе менің!

Клеант. Болсын қалағаныңыз.

Гарпагон. Мен сенен безбім.

Клеант. Безіңіз.

Гарпагон. Бұдан былай мен сенің әкең емеспін де, сен менің балам емессің!

Клеант. Болсын дегеніңіз.

Гарпагон. Сен менің мұрагерім де емессің!

Клеант. Ойыңызға не келсе, бәрін істеңіз.

Гарпагон. Мен сені қарғадым!

Клеант. Үйіп-төгіп-ақ жатырсыз жақсылықты... Ие бола алсам жарар еді.

Гарпагон кетеді.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Клеант, Лафлеш.

Лафлеш *(бақшадан ақша салған сандықшаны ала келіп)*. Мұндай жақсы кездеспессіз, сударь. Ал, тезірек еріңіз маған!

Клеант. Немене бар?

Лафлеш. Жүріңіз деймін тезірек, болыпты жолымыз.

Клеант. Қалай?

Лафлеш. Міне біздің бақытымыз!

Клеант. Бұл немене?

Лафлеш. Бұл менің көптен қолым жете алмай ынтығып жүрген нәрсем.

Клеант. Мұның немене өзі?

Лафлеш. Әкеңнің тыққан қазынасы осы, мен оны сын қымқырып кеттім.

Клеант. Сен оны қалай істей алдың?

Лафлеш. Кейін бәрін де білесіз, әкеңіз бақыра бастады, қашу керек!

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон

Жалғыз айғайлап бақша жақтан келе жатады.

Гарпагон. Ұры, ұры! Жолбасарлар, қанішерлер!.. Әкетті тонап! О, құдай, аяй көр мені! Өлдім мен, біттім!

Өлтіріп кетті мені, бауыздап кетті, ақшамды ұрлап! Кім екен мұны істеген? Қайда екен? Қайда жасырынды екен? Қайдан ғана табар екенмін? Қайда жүгірейін, қайда жүгірейін? Ана бір жерде емес пе екен? Мына бір жерде емес пе екен? Кім екен, кім? Тоқта! *(Өз қолын өзі бас салып ұстай алып.)* Бер ақшамды, бер қарақшы, бер! Ах, өзім екем ғой... Айрылдым басымнан, қайда екенімді де білмеймін, кім екенімді, не істеп жүргенімді де білмеймін. Ақшаларым-ай, бейшараларым-ай, айналып кетейін достарым-ай, айырды-ау менен, әкетті-ау... Сыпырып кетті-ау, айрылдым-ау таянышымнан, айрылдым-ау қызығымнан, айрылдым-ау қуанышымнан!.. Мен үшін бітті бәрі де, ештеңе қалған жоқ маған бұл дүниеде. Көзім қарауытып, тынысым бітіп барады! Өліп барам!.. Өлдім... Көмілдім... Қайта тірілтер кім бар? Айналып кетейін ақшамды кім қайырып берер екен? Болмаса қайда екенін кім айтар екен? Ә?.. Ешкім жоқ... Кетейін... Шақырайын полицияны. Осы үйдегі жандарды түгел жауапқа тартсын. Еркек, әйел қызметкерлерді де, ұлым мен қызымды да, өзімді де тартсын жауапқа. Осы маңда қанша адам болса, мен бәріне де сенбеймін, бәрін де ұры көрем... Ә? Ана жақта не сөйлесіп тұр? Мені кім тонағанын сөйлесіп тұрған жоқ па? Жоғарғы үйден не шығады? Ұры жүр ме? О, аяңдар мені, аяңдар, ұрымды білсеңдер жасырмаңдар, айтыңдар!.. Қарасады да, күліседі... Солай, солай!.. Бәрі бірге болған екен, бірге ұрлаған екен!.. Ұш, тез комиссарларды, сержанттарды, приставтарды, судияларды, жендеттерді шақырт, тез дараны алдыр! Біріңді қалдырмай дарға астырармын, ақша табылмаса, аяғында өзім өлермін асылып!

Шымылдық.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, комиссар, хатшы.

Комиссар. Ендігі қимылды менің қолыма беріңіз. Құдайға шүкір, мен өз кәсібімді білемін. Ұрлықты ашып жүргенім бүгін емес. Менің дарағa асуға жөнелткен адамдарымның саны қанша болса, сонша алтынға толы дорбаларым болса, кім бай екенін көрер едіңіз.

Гарпагон. Бұл іске сот орындарының бәрі қатысуға тиісті. Егер бәрі жиналып ақшамды тауып бере алмаса, мен соттың өзін сотқа берем!

Комиссар. Әуелі тәптіштеп жауап алып, зерттеу керек болады. Сандықшада қанша ақшам бар еді дедіңіз?

Гарпагон. Он мың экю.

Комиссар. Он мың экю?

Гарпагон. Дәл он мың.

Комиссар. Үлкен ұрлық екен.

Гарпагон. Бұл қылмыстың қармысы қайтар жаза болады деймісің! Егер бұл жазасыз қалса, онда ешбір қауіп-қатерден қорғаныш таба алмайтын болғанымыз да.

Комиссар. Өзіңіз кім ұрлады деп сезіктенесіз?

Гарпагон. Мен осы жұрттың бәрінен сезіктенемін. Қаланың барлық адамы және қала маңында жақын тұратын жұрттың бәрі түгел қолға алынып, күзет астына түсетін болсын!

Комиссар. Сеніңіз маған, бостан бос ешкімді үркітудің керегі жоқ. Ақырын бипаздап отырып, әуелі қолға айғақ боларлық дәйектер түсіріп алу керек те, барлық күшті ақшаны таптыруға салу керек.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, комиссар, хатшы, Жак

Жак *(сахна түбінде артына бұрылып)*. Мен қазір келемін. Оған дейін сойып, аяқтарын үйтіп, ыстық суға салып ал да, төбеге асып қой.

Гарпагон. Кімді, ұрыны ма?

Жак. Шошқаның торайын деймін.

Гарпагон. Уа, қоя тұр әрі... Мына мырза сенен басқа бірдемелерді білгісі келеді.

Комиссар. *(Жакқа)*. Қорықпаңыз: мен сізді жәбірлемеймін, бәрі де дабырсыз болар.

Жак. Сіз қонақтардың бірі боласыз ба, сударь?

Комиссар. Сіз, сүйікті достым, өзіңіздің мырзаңыздан ешнәрсені жасырмауыңыз керек.

Жак. О жағынан тынышыңыз қашпасын, сударь, мен қонақтарға бүгін бар өнерімді көрсетемін. Бәріңіз де риза боларсыз.

Гарпагон. Оның жайы емес.

Жак. Егер тамақ менің ойлаған жерімнен шыға қоймаса, ол сіздің бас қызметкеріңіз Валердің айыбы болар: көрінгеннің бәрін қорғаштап, аяқ-қолымды байлап тастап отыр.

Гарпагон. Оңбаған! Адыра қалсын тамағың, сен менің ұрланған ақшамның жайын айт!

Жак. Сіздің бе? Ақшаңыз ұрланып па?

Гарпагон. Ие, қанішер! Қайырып бермесең, дарага асыласың!

Комиссар *(Гарпагонға)*. Тыңдаңызшы азырақ, әділетсіз айыптаудың керегі не? Мұның адал адам екенін жүзінен-ақ көріп отырмын. Білгені болса, түрмеге түспей-ақ айтатын адам ғой бұл. Достым, сіз бізге ұры кім екенін айтып берсеңіз, ешбір жамандық көрмейсіз, оның үстіне мырзаңыз алғысын да аямас еді сізден. Бүгін мырзаңыздың ақшасы ұрланыпты. Ол туралы сіздің ешнәрсе білмеуіңіз мүмкін емес.

Жак *(өзіне)*. Ә!.. Валер мырзаның сыйын алдына тартудың реті келе қалғанын қарашы!.. Манағы таяғының қармысы қайтсын ізінше!

Гарпагон. Немене ойланып қалдың?

Комиссар *(Гарпагонға)*. Тимеңіз оған. Ол бойын жинап алып, ақтарылғалы тұр, бұл адал адам деп айттым ғой сізге.

Жак. Егер істің шынын білгіңіз келсе, ақшаны ұрлаған сіздің бас қызметкеріңіз — Валер.

Гарпагон. Валер ме?

Жак. Ие.

Гарпагон. Менің сонша сеніп жүрген Валерім бе?

Жак. Тап соның өзі. Мен сол ұрлады ғой деп ойлаймын.

Гарпагон. Сен не себепті сол деп ойлайсың?

Жак. Не себепті?

Гарпагон. Ие.

Жак. Себебі... ойыма солай келіп қалды да, ойладым...

Комиссар. Бізге айғақ болар лық дәлел керек болады.

Гарпагон. Сен оның ақшаның маңайында тіміскілеңіп жүргенін көріп пе ең?

Жак. Көргемін, қалай көрмеймін. Ә, сіздің ақшаңыз қайда тығылған еді?

Гарпагон. Бақшаның ішіне.

Жак. Ендеше, сол болды. Мен оның бақшаның ішін-

де сенделіп жүргенін көргемін. Ақшаңыз неменеге салулы еді?

Гарпагон. Бір кішкене сандықшада болатын.

Жак. Міне, міне... Мен оның қолында сандықшаны да көрдім.

Гарпагон. Қандай сандықша екен? Менікі болса, мен бірден танимын.

Жак. Қандай екен дедіңіз бе?

Гарпагон. Ие.

Жак. Сондай бір... сандықша сияқты екен...

Гарпагон. Сандықша, сандықша сияқты болады, әрине... Сен түр-сипатын айтып бер маған.

Жак. Үлкендеу сандықша...

Гарпагон. Менікі үлкен емес-ті.

Жак. Шынында өзі үлкен де емес қой деймін... Жай ғана былай әшейін... мен оны үлкен дегенім ішінде ақшасы көп болғандықтан еді.

Комиссар. Түсі қандай екен?

Жак. Түсі қандай екен дедіңіз бе?

Комиссар. Ие.

Жак. Түсі енді өзіңіз білесіз ғой... тіліме орала қоймай тұрғанын көрдіңіз бе...

Гарпагон. Жә?

Жак. Қызыл емес пе еді?

Гарпагон. Жоқ сұрғылт болатын.

Жак. Ие, ие, қызғыл-сұрғылттау... мен тап осылай демек едім.

Гарпагон. Енді ешбір шүбәм жоқ, сол болу керек. Мынаның айтқанын жазыңыз, жазыңыз, сударь. Құдай-ау, енді кімге сенеміз бұл? Бұдан кейін мен ешкімге сене алмаймын, бір күні мен өзімді-өзім тонап алмасыма да сене алмаймын!

Жак *(Гарпагонға)*. Әне, өзі де келе жатыр. Көрсетіп берген мен екенімді өзіне айта көрмеңіз, әйтеуір.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Гарпагон, комиссар, хатшы, Жак, Валер.

Гарпагон. Кел бері! Ең арам ісіңді, дүние жүзі естіп-білмеген сұмдық сұғанақтығыңды мойныңа ал!

Валер. Сізге не керек, сударь?

Гарпагон. Арам! Қылмысыңнан неғып қызармай тұрсың?

Валер. Сіз қандай қылмысты айтасыз?

Гарпагон. Қандай қылмысты! Ұятсыздың түсінбегендей болуын қарасаңшы! Босқа танып тұрсың: іс қайта-ашылды, енді маған мәлім бәрі де. Жақсылығымды қайтарыпсың! Әдейі жылмаңдап бауырыма кіріп алғанда, осы екен ғой істемегің!

Валер. Өзіңізге мәлім болып тұрса, мен таймай-ақ, танбай-ақ қояйын.

Жак. О-о!.. Ойламай-ақ үстінен түскен екем ғой!..

Валер. Мен сізге онсыз да шынымды айтқалы жүр едім. Күткенім сіздің бір қолайлы уақытыңыз еді. Өзіңіз бұрынырақ біліп қалсаңыз, оған ашуланбай, менің ақталуыма құлақ қоюыңызды өтінем.

Гарпагон. Сен қарақшыда қандай ақталу болатын еді!

Валер. Мені қарақшы деуіңіздің орайы жоқ, сударь!.. Сөз жоқ, мен сіздің алдыңызда күнәлімін. Бірақ, ерік өзіңізде, менің күнәмді кешуге де болады.

Гарпагон. Қалай кешпекпін? Осындай жауыздықты, осындай жүйкемді кескеніңді кешуге де бола ма екен?

Валер. Құдай үшін, тыныштальщызшы. Менің айтарымды тыңдап болған соң, сіз ойлағандай асып кеткен жауыздық жоғын өзіңіз де көресіз.

Гарпагон. Мен ойлағандай асып кеткен жауыздық жоғын! Ол менің қаным, шек-қарным, жан-жүрегім емес пе еді, дарадар қарақшы!

Валер. Сіздің қаныңызға ешбір содырым тиген жоқ, тиюі мүмкін де емес еді, сударь. Ендігі орайын келтіру де қиынға түспес деп ойлаймын.

Гарпагон. Маған керегінің өзі де сол: ұрлап алғаныңды қайтарып бер!

Валер. Сіздің ар-намысыңызға тиіп кетерлік нәрсені түгел жууға әзірмін, сударь.

Гарпагон. Ар-намыстың жайын сөз қылып тұрған жоқпыз. Сен маған осыны істеуге дем берген адамды айтып бер.

Валер. Ах, сіз соны да сұрай аласыз ба?

Гарпагон. Ие, ие, сұрай аламын.

Валер. Маған дем берген нені болса да кешірім етуді көтере алатын үлкен сезім — ғашықтық еді.

Гарпагон. Ғашықтық?

Валер. Ие.

Гарпагон. Тамаша ғашықтық екен! Құдай біледі, тамаша ғашықтық! Менің ақшама ғашықтық деген тамаша емей, немене!

Валер. Жоқ, сударь, мені қызықтырған, мені еріксіз тартқан сіздің байлығыңыз емес: мен сіздің барлық ақшаңызға мойын бұрмай, баз кешіп шығам, тек қана енді менікі болып қалғанға тимей, өзіме қалдырыңыз...

Гарпагон. Қалдырам сайтаныңды! Күте бер, қалдырармын мен саған! Ұрлап алғанымa тие көрме деген жосықсыздығына не айтарсың мұның!

Валер. Сіз осыны да ұрлық дейсіз бе?

Гарпагон. Ұрлық емей, немене? Қазынам емес пе еді менің?!

Валер. Ие, қазына екені рас. Сіздің қазыналарыңыздың ішіндегі ең қымбаттысы, әрине. Бірақ сол қазынаңызды маған берсеңіз оныңыз біржола айрылғандық та емес қой. Алдыңызға тізерлеп, жалбарынамын: сол асыл қазынаны менен қайта тартып алмасаңыз екен! Мейірімініз түсіп, беріңіз маған!

Гарпагон. Сен немене, құтырғанбысың өзің?

Валер. Біз өмір бойы айрылыспасқа ант етіп, сөз байласып едік.

Гарпагон. Жақсы ант, жақсы байласқан сөз екен!

Валер. Біз өмірімізді түгел қостық, өмір бойы айырылыспаймыз.

Гарпагон. Ол үшін қапа болмаңдар, айыру менің қолымнан келеді!

Валер. Бізді өлім ғана айыра алар.

Гарпагон. Ақша сорлының әсерін-ай, ә?!

Валер. Мен мұны сіздің ақшаңызға қызығып істегенім жоқ дедім ғой сізге. Сіз шүбәленген нәрсе менің ойыма да кіріп шыққан емес. Мен адал сезімге ғана бағындым.

Гарпагон. Есітемісіңдер? Бұл әлі менің мүлкімді басып алуға оңтайланып жүргенін христиандық аяушылығым деп те айта алатын болар. Жоқ, біліп қой, қаңғыма, біліп қой, кезеп, мен барлық шараның бәрін қолданудан да бас тартпаспын. Әділетсіздікке заң да жол бермес!

Валер. Қай қалағаныңызды істеуге еркіңіз бар сіздің. Мен бәрін де көтере беруге әзірмін. Бірақ бір нәрсеге сенуіңізді өтінем: бұл істе күнәлі бір адам болса — ол мен, қызыңызда тұк күнә жоқ.

Гарпагон. О да сөз бе екен! Менің қызым саған

жәрдем еткен болса, дүние таң қалар еді! Жә, жетер, іс жайын сөйлейік: айт шыныңды, сен оны қайда тықтың?

Валер. Мен бе? Ешқайда тыққаным жоқ: өзіңіздің үйіңізде.

Гарпагон *(өзіне)*. Өй, айналып кетейін, сандықшам!.. *(Дауыстап.)* Әлі менің өз үйімде ме?

Валер. Ие, сударь.

Гарпагон. Сен оған қол тигізген жоқпысың?

Валер. Мен бе? Мен қол тигізем бе? О, сіз, біздің екеумізді де жәбірлейсіз. Мен оған бұл күнге дейін оттай жалынды, әрі таза, әрі құрметті сезіммен ғана қол созып келдім.

Гарпагон *(өзіне)*. Менің сандықшама жалындап созыпты қолын!

Валер. Мен оған әдептен тыс нәрселерге әшейін тұспал жасау арқылы болса да қорлауға жеткенімнен өлгенім жақсы да! Ол әрі тым ақылды, әрі тым адал ғой ондайға.

Гарпагон. *(өзіне)*. Менің адал сандықшам!

Валер. Менің бар қуанышым оны көріп, ғажайып көздерінен таза ойларын тануда ғана болып келді.

Гарпагон. *(өзіне)*. Менің сандықшамның ғажайып көздерін дейді! Сандықшама ғашық болған адамша сөйлейді.

Валер. Барлық шынымызды Клода біледі. Сіздің алдыңызда куәміз де бола алады...

Гарпагон. Қалайша? Біздің қызметші әйелдің де қатынасы бар ма бұған?

Валер. Ие, сударь... Біз ант етіскенде куәміз сол болып еді. Онда менің ниетімнің адалдығына көзі жеткеннен кейін, қызыңыздың маған сөзін бергізуге Клода қатынасып еді.

Гарпагон. Ә? *(Өзіне)*. Мынау сірә зәресі ұшқандықтан сандырақтай бастады білем. *(Валерге.)* Сен осы араға менің қызымды не үшін қыстыра беріп тұрсың.

Валер. Мен оның ұялшақтығын ғашықтығыммен жеңіп шығу маған қандай үлкен еңбекке түскендігін айтпақ едім.

Гарпагон. Кімнің ұялшақтығын?

Валер. Сіздің қызыңыздың деймін. Ол тек кеше ғана некелік шартқа қол қоюға әрең дегенде белін байлады.

Гарпагон. Менің қызым некелік шартқа қол қойды ма?!

Валер. Ие, мен де қол қойдым.

Гарпагон. Құдай-ау, тағы бір жаңа захмет қой мынасы!

Жак *(комиссарға)*. Жазыңыз, сударь, жазыңыз!

Гарпагон. Қайғы-қасіретім аз болып жүр екен ғой, осы екен ғой жетпей тұрғаны! *(Комиссарға.)* Сударь, орындаңыз міндетіңізді, мынаны ұрлығы, әрі қызымды бұзғаны үшін сотқа беріңіз!

Жак. Әрі ұрлығы, әрі қызды бұзғандығы үшін.

Валер. Мұныңыздың екеуі де емес... Сіз менің кім екенімді білсеңіз...

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Марианна, Элиза, Фрозина.

Гарпагон. О, төбеңнен ұрғыр, жексұрын қыз! Арам жұмыртқа, өмір бойы үйреткенім зая кетіп, осыған жетіп пе ең! Бір кезбе қарақшының жетегінде кетуге қалдың ба? Сен оған менің ризалығымсыз сөзіңді қалай бере алдың! Қателесіпсіңдер екеуің де! *(Элизаға.)* Бөлмеңнен шығарсам, көр де тұр, содан кейін кімді сүйсең, соныңа ғашық бола бер! *(Валерға)* Сен, қарғыс атқан қаңғыма, менің борышымнан дарағa асылғанда ғана құтыларсың!

Валер. Мені соттайтын сіз болмассыз, ал соттайтын адам еңалдымен менің сөзіме де құлақ асатын болар.

Гарпагон. Жоқ, аузымнан қата шығып кетіпті, сені дарағa аспайды. Қол-аяғыңды мылжа-мылжа қылып сындырып, тірідей доңғалаққа байлап қойып жазалайды.

Элиза *(тізерлеліп)*. Жалынамын, әке, онша қатал болмасаңыз екен. Әкелік хақымен сонша қатал пайдаланбақсыз ба? Ашуға сонша берілуге бола ма екен, не істегіңіз келіп тұрғанын ойланыңызшы. Сіз кімнен кек алғыңыз келіп тұрғанын сезбейсіз. Валер сіз ойлағандай адам емес. Ол болмағанда мен бұл дүниеде тірі жүре алмаған да болар едім. Оны білсеңіз, мені өзіңіз де аярсыз. Мен суға батып бара жатқанда, мені құтқарған сол болатын. Ол есіңізде шығар. Қызыңыздың тірі қалғанына сол себепкерді...

Гарпагон. Онда менің жұмысым жоқ. Маған салсаң, маған бүгін мынаны көрсеткенше, сонда-ақ сені суға батырып жібермегенін қайтейін оның.

Элиза. Әке, сізге ғашықтық атымен тілек етем...

Гарпагон. Жоқ, жоқ, естігім де келмейді ешнәрсені! Әділ өкім айтылуға тиісті!

Жак *(өзіне)*. Бұл манағы таяғың үшін!

Фрозина. Не деген сұмдық еді мынау!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Ансельм.

Ансельм. Бұл немене, Гарпагон мырза, бір апар-топарға ұшырап қалғандайсыз ғой?

Гарпагон. Сұрамаңыз, Ансельм мырза. Дүниедегі ең бақытсыз адам мен екем: сізбен жасамақ болған неке шарты ұшы-қиыры жоқ бір сергелдеңге соғып тұр. Мен тура тоналған адам болып қалып отырмын: мүлкімді тонады, ар-ұятты да тоналдым. Мына тұрған арамза, жауыз, маған қызметкер болып іші-бауырыма кіріп алып, ақшамды да ұрлап алды, қызымды да бұзып алыпты!

Валер. Сіздің ақшаңызды ойлаған ешкім жоқ. Жоқты айтпасаңыз екен.

Гарпагон. Екеуі біріне-бірі сөз беріп қойыпты. Бұл жағы Ансельм мырза турадан-тура сізге тиіп жатыр: мұны сот арқылы қуғын-сүргінге салып, барлық көрген жәбір-жапаңыздың кегін қайтару — сіздің міндетіңіз.

Ансельм. Мен ешуақытта күштеп үйлене алмаймын. Біреуге берілген жүректің маған керегі жоқ. Бірақ сізге жаным ашығандықтан, мен сіздің ісіңіздің соңына өз ісімдей етіп түсуге әзірмін.

Гарпагон. Комиссар мырза мынау, бұл адал комиссар, қызмет қарызы жөнінде не істеу керек болса, ешнәрсені құр өткізбейді, бәрін де орындайды. *(Комиссарға Валерді нұсқап)*. Мынаған қарсы тиісті айыптау ісін көтеріп, тиісті жаза берілуін талап етуіңізді өтінемін.

Валер. Мен сіздің қызыңызды сүйіп, екеуміз бір-бірімізге сөз берискеніміз үшін бе? Ол бола қояр ма екен! Әсіресе, менің кім екенімді білгеннен кейін, бола алмас.

Гарпагон. Ол менің естіген ертегілерім. Ақсүйек атын жамылған ұры-қары, алдаушытар осы күні көбейіп кетті. Лай судан балық аулап жүріп, белгілі біреудің атына өтірік ие бола кетеді бәрі де!

Валер. Сеніңіз маған, біреудің атын иемденуге менің арым жібермейді, мен тым адал жанмын: менің шыққан жерімді бүкіл Неаполь қаласы куәландыра алады.

Ансельм. Сағырақ болыңыз, жігітім! Не айтқыңыз келіп тұрғанын ойланып алыңыз. Сіз оңбай ұсталып қалуыңыз мүмкін. Алдыңызда Неапольды түгел білетін адам тұр, оны алжастыру қолыңыздан келмей жүрер.

Валер *(қалпағын тәкаппар күліп алып)*. Мен ешнәрседен ығыспаймын. Егер сізге бүкіл Неаполь таныс болса, дон Томас д″ Альбурчи деген адам да таныс болуға тиісті?

Ансельм. Әрине, таныс болуға тиісті! Оны менен артық білетін адам аз болар.

Гарпагон. Дон Томас па, дон Мартын ба, түкіргенім бар менің! *(Екі шырақтың жанып тұрғанын көріп, біреуін өшіреді.)*

Ансельм. Тәңір жарылғасын, сөзін бөлмеңізші. Тыңдалық, не айта алар екен.

Валер. Менің айтарым — сол кісі менің әкем болады.

Ансельм. Сол ма?!

Валер. Ие.

Ансельм. Жетер!.. Бұдан гөрі ыңғайлырақ бірдемені ойлап табыңыз, бұл жөнінде бізді алдай да алмайсыз, өзіңізді құтқара да алмайсыз.

Валер. Сіз де әдеп шеңберінен бекер асып сөйлейсіз. Мен сізді алдамаймын да, айтқанымды дәлелдей де аламын.

Ансельм. Қалай? Сіз дон Томас д″Альбурчидің ұлымын деуге батылыңыз бара ма?

Валер. Ие, барады батылым. Онымды кімге болса да дәлелдей аламын.

Ансельм. Мұныңыз адам естімеген кеуделік екен! Біліп қойыңыз, оныңыздан ұяла да білгеніңіз ерсі болмас, ол адам Неапольда болған тәртіпсіздік пен құрыннан балашағасымен қашып шығып, теңізде қаза тапқанына он алты жыл болды. Балалары мен әйелі де сонда қаза болған.

Валер. Дұрыс, бірақ өзіңіз де біліп қойыңыз, білмесеңіз оныңыздың ұяты өзіңізге болсын, ол кісінің жеті жасар ұлы қасындағы қызметкерімен екеуі ол өлімнен құтылған болатын. Оларды испан кемесі құтқарған, сол өлімнен құтылған бала менмін. Кеменің капитаны мені өз қолына алып ұлындай тәрбиелеп өсірді. Содан кейін мен соғыс қызметіне кірдім. Ұзамай, өлді деп қойған әкемнің тірі деген хабарын алдым да осында іздеп келдім. Осында тағдырдың жазуы ма, әлде басқа ма, Элиза кездесіп, ғашық болдым.

Элизаға қосылу үшін айлалы әкені адастырып, оған қызметкер болып кіруге тура келді. Мен қызметкерімді әкемді іздетуге жібердім.

Ансельм. Ал, сіздің осы айтқандарыңыз ойдан шығарған бірдеме емес, шындық екенін немен дәлелдейсіз? Болған оқиғаны естуіңіз мүмкін және ондай шындықты дәлелдеуге өзіңіздің айтқаныңыз ғана жеткілікті бола алмайды ғой.

Валер. Дәлелдерім де, куәлерім де әзір, кеменің капитаны, әкемнің рубиннан жасатқан мөрі, білегіме бір кезде шешем байлаған лағат білезік және менімен бірге құтылған қызметкерім Педро шал...

Марианна. Ах, енді мұның бәрі шын екенін мен де айта аламын. Сіз менің туған ағам екенсіз, енді бұл кімге болса да айқын болуға тиісті!

Валер. Мен сізге ағамын ба?

Марианна. Ие, ағасыз. Сен бірінші сөзіңді айтқанда-ақ менің жүрегім тулай бастап еді. Біздің бақытсыздыққа қалай ұшырағанымызды шешем маған талай айтқан болатын. Анамыздың күткені де жалғыз сенсің. Кеме қираған да құдай сақтап біз де аман-есен құтылғанбыз. Бірақ, біз өлімнен құтылып, құлдыққа тұтылған едік. Бізді құтқарған косарлар екен. Біз он жылдан кейін күтпеген жерде құлдықтан құтылып Неапольға келдік. Біздің үй-күйіміз сатылып кеткен екен. Әкеміз жөнінде ешбір хабар болмады. Содан кейін біз Генуяға көштік, шешеміз содан қалған мұрамыздың сілемін жинап алды. Бірақ шешеміздің туыс-қандары бізге нашар қарады да, біз осында келдік. Шешем қазір осында әрең-әрең күнелтеді...

Ансельм. О, құдіреті күшті құдайым! Мұндай ғажайып жалғыз сенің қолыңнан ғана келеді де. Келіңдер, балаларым, құшақтаңдар әкелеріңді, менмін сендердің әкелерің. Келіңдер бірге қуаналық.

Валер. Әкеміз сіз бе едіңіз?

Марианна. Сіз бе едіңіз шешемнің әр кезде жоқтайтыны!

Ансельм. Ие, қарақтарым, дон Томас д"Альбурчи менмін. Мен де өлім мен тоналудан аман құтылғамын. Бар ақша менің қасымда еді. Он алты жыл бойы мен бәріңді де өлді деп, сеніп қойғамын. Ұзақ жалғыздықтан кейін, енді қалған бақытымды жаңа некеден, жаңа үй ішілік тұрмыстан іздемек болып, үйленбек болып ем... Неапольға баруға қорқып едім. Ондағы мүлкімізді мен сыртынан сатып жі-

бергемін. Содан кейін осында келіп, Ансельм деген атпен тұрып қалғам. Ондағым бұрынғы өміріміздің ешбір із қалмасын дегенім еді.

Гарпагон. Сонымен мынау сіздің балаларыңыз болып шықты ма?

Ансельм. Ие.

Гарпагон. Ендеше мұның ұрлап алған он мыңын сіз орнына салатын боласыз.

Ансельм. Ұрлап алған? Ол сіздің ақшаңызды ұрламақ па?

Гарпагон. Осының тап өзі.

Валер. Оны сізге кім айтты?

Гарпагон. Жак айтты.

Валер *(Жаққа)*. Сен айттың ба?

Жак. Мен үндемей тұрған сияқты емеспін бе?

Гарпагон. Ие, ие, комиссар мырза оның не көрсеткенін жазып та алды.

Валер. Сіздің ойыңызша мен сондай жаман іске бара алмақпын ба?

Гарпагон. Бара аламысың, жоқ па, онда менің жұмысым жоқ, ақшамды әкел!

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Бұрынғылар мен Клеант, Лафлеш.

Клеант. Тынышталыңыз, әке, ешкімді айыптамаңыз да, мен сіздің жоғыңыздың жайынан анық сыбыс естідім де, егер Марианнаға үйленуге маған лұқсат етсеңіз, ақшаңыздың қолыңызға қайтатынын айтқалы келдім.

Гарпагон. Қайда, қайда өзі, ақшам?

Клеант. Қайда екеніне қауіптенбеңіз: ақшаңыз сенімді жерде, оған жауап беретін менмін. Және барлық тетік менің қолымда. Мен сіздің байламыңызды күтемін. Таңдау сіздікі. Не маған Марианнаны бересіз, не болмаса ақша салған сандықшаңызбен қоштасасыз.

Гарпагон. Қол сұғылған жоқ қой?

Клеант. Жоқ. Марианнаның шешесі күйеуі сіз боласыз ба, мен болам ба, маған бәрібір дегенді айтты өз аузынан: ол таңдау Марианнаның өз еркінде деді, ендігі сөз сізде.

Марианна. Бұл айтып тұрғандарыңыздың енді жеткіліксіз болып қалғанын сіз әзір білмейтін боларсыз.

(Валерді нұсқап.) Құдай маған жалғыз ағамды ғана қайтарып берген жоқ, әкемді де қайырып берді. Әкем не айтар екен?

Ансельм. Балаларым, мен сендерді тауып алғанда, тілектеріңе қарсы болу үшін тауып алған жоқ шығармын. Гарпагон мырза, өзіңіз де мойындарсыз, жас қыз үшін әкесінен гөрі баласы сүйкімді болады емес пе... Қарсылық айтпаңыз, бұл дұрыс нәрсе. Үлгіні менен алып, осы екі тойдың да жастардікі болуына ризалық етіңіз.

Гарпагон. Сандықшамды көрмей тұрып мен ешнәрсе де айтпаймын.

Клеант. Көресіз сандықшаңызды. Ешкім қолын тигізген жоқ, түгел аман көресіз.

Гарпагон. Жасаулап ұзататын ақша жоқ менде.

Ансельм. Ақша менен табылады. Ол туралы күйзелмеңіз.

Гарпагон. Екі тойдың шығынын да сіз көтересіз?

Ансельм. Ие, көтеремін, енді ризамысыз?

Гарпагон. Ризамын, бірақ, бір шартым бар қоятын: тойға дейін сіз маған бір пар жаңа киім тіккізіп беріңіз.

Ансельм. Болсын. Ал енді қуаныш үстінде кел-келдесетін болайық.

Комиссар. Тоқтаңыздар, мырзалар, тоқтай тұрыңыздар асықпай, менің қағаз жазған еңбегімді кім төлейді.

Гарпагон. Е, ол жазғаныңның бізге енді не керегі бар?

Комиссар. Жақсы екен! Мен тіпті босқа еңбектенген жоқ шығармын!

Гарпагон *(Жакты нұсқап)*. Міне сізге төлеу орнына берерім: апарыңыз да, дарға асыңыз.

Жак. Құдай-ау, енді қайтейін? Шыныңды айтсаң, таяқ жейсің, өтірік айтсаң, дарға асыласың, қайтпекпіз енді?

Ансельм. Гарпагон мырза, оны да кешіріңіз енді.

Гарпагон. Комиссарға сіз төлеймісіз?

Ансельм. Төлейін. Болсын дегеніңіз. Ал, балаларым, ең алдымен аналарыңа, аналарыңа жүгірейік!

Гарпагон. Мен, ең алдымен, өзімнің айналып кетейін сандықшама жүгірем!

Шымылдық.

Соңы.

ВИЛЬЯМ ШЕКСПИР

АНТОНИЙ МЕН КЛЕОПАТРА

(Сахнаға арналған нұсқадан ықшамдалып аударылды)

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Антоний, Октавий Цезарь, Лепид — Рим империясын билеуші үш таған (триумвир)

Секст Помпей

Энобарб, Эрос, Скар, Дерцет, Деметрий, Филон — Антонийдің жақтастары

Меценат, Агриппа, Долабелла, Прокулей, Тирей, Галл — Цезарьдің жақтастары

Менас, Менекрат, Варрий — Помпейдің жақтастары

Тавр

Канидий

Евроний

Алексас, Мардиан, Селевк, Диомед — Клеопатраның қызметіндегі адамдар

Болжал

Шаруа

Клеопатра, мысыр падишасы

Октавия. Цезарьдың қарындасы, Антонийдің әйелі.

Хармиана, Ира — Клеопатраның нөкер қыздары

Соғыс басшылары, хабаршылар, елшілер.
Уақиға Рим империясының әр жерінде өтеді.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС.

Александрия. Патшалық сарайда, Клеопатра бөлмесі

(Деметрий мен Филон келеді.)

Филон. Біздің қолбасшымыз алжыды біржола. Әскерге қарап жібергенде соғыс тәңірісі Марстың көзіндей от шашатын көздер қара тұлымшақтарға қадалды да қалды. Басқа жаққа ауар емес. Майданда болат сауыттың ілгектерін тырс-тырс үзетін алып кеуде қара көз сұлудың құшақ құмарлығын қыздыратын көрік болып қалды.

(Керней үні. Антоний мен Клеопатра келе жатыр. Соңдарында нөкерлері. Желпуіш ұстаған азбан еркектер).

Әне, келе жатыр. Қарай бер: дүниенің үш тірегінің бірі қар қатынның ойыншығы болып қалғанын көр!

Клеопатра. Егер мұның ғашықтық болса, шама-шарқын аңғаруға болар ма екен?

Антоний. Шама-шарқы аңғарылар құмарлықтың да құны болғаны ма, падишам?

Клеопатра. Дегенмен, қызықтыра алар қылығымның шегін білгім келеді.

Антоний. Онда тағы бір аспан, тағы бір жер жасап бер. Сонда ғана өлшеуге болар.

Клеопатра. О-о! *(Қызметкер келеді).*

Қызметкер. Римнен хабар келді, мейірімді патшам.

Антоний. Орынсыз жерде керексіз бірдемені айтуды қашан қояр екенсің, сен!

Клеопатра. Жоқ, жоқ, сұрастыр, Антоний. Мүмкін, Фульвия көңілсізденіп жүрген болар. Мүмкін, жас Цезарь ананы олай ет, мынаны былай ет. Ана бір патшалықты басып ал, мына бір патшалықты тазала деп әмір беріп, әйтпесе, жаман болады деп жатқан шығар...

Антоний. Осындайды айтпасаң екен, сүйіктім!

Клеопатра. Қалжың емес, шын айтам: саған енді мұнда кідіре беруге де болмас. Өйтпесең, Цезарь сені біржола босатып та жіберер... Кәне, Фульвияның хаты қайда, Цезарьдің бұйрығы қайда? Әкел екеуін де! Мысыр тақтахтының атымен ант етем, сен қызарып кеттің... Цезарьдан қорқатының осыдан-ақ көрініп қалды. Әлде Фульвиядан қорқып кеттің бе? Қатының бұрқыратып шаңыңды қағып жүрсе, о да оңай емес-ау... Жә, әлгі хабаршыларың қайда жүр, шақыртсайшы.

Антоний. Маған десе Рим Тибр өзеніне құлап, батып кетсін. Мейлі, дүниелік мемлекет тас-талқан болсын. Менің жан-жайлауым осында. Барлық патшалық деген немене — күл-көмір, үйілген боқтық. Өмір дегеннің асқар биігі міне мынада: *(Клеопатраны құшақтайды)* ерлікте, еркектікте, сүюде. Бұл майдандарда бізге тең келер ешкім жоқ!

Клеопатра. Қандай жалған! Сүймеген екенсің, Фульвияға қалай үйлендің? Мені ақымаққа санаймысың?

Антоний. Сүйіктім! Ғашықтық сағаттарын жүз жыртысуға қиғанымыз қалай болар екен? Бар уақытты шаттықта өткізу үшін бүгін немен көңіл көтереміз, соны сөйлесейік те.

Клеопатра. Келіп жатқан елшілермен көтересің де.

Антоний. Падиша-ханым не айтса да, қалай айтса да, жараса береді. Кәрленсе де, күлсе де, жыласа да — бәрі келісімді. Әрбір асқақ қылығың — бір көркемдік. Сен жіберген елшілерді ғана қабылдармын. Басқаларын — жоқ. Бүгін көше кезіп, жұрттың түнгі тіршілігін көрейік. Жақсы ма, падишам? *(Қызметкерге)* Жоғал әрі!

(Антоний мен Клеопатра нөкерлерімен кетеді).

Деметрий. Антоний Цезарьға қалай болса солай қарай бастаған-ау!..

Филон. Ол тіпті кейде өзіне-өзі ұқсамай кетеді.

Деметрий. Аянышты хал... Мұнысымен Римнің барлық өсек-аяңын толықтыра түсетін болады да! Ертеңге дейін түзелген бетін көрсетер деп күте тұралық. Қош бол!

(Екеуі де кете береді).

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Сол сарайдың басқа бір бөлмесі. Хармиана, Ира, Алексас, Болжал.

Хармиана. Күнім, жарығым Алексас, алтыным Алексас! Алексас біткеннің ішіндегі ең Алексасы, Алексас! Әлгі сенің падиша-ханымға мақтаған Болжалың қайда? Мен болашақ байымның қандай адам екенін біліп алсам деп едім. Мен оған мүйіз үстіне мүйіз орнатып берерім даусыз ғой, бірақ, күн бұрын бір көргім келеді.

Алексас. Балгер!

Болжал. Не бұйырасың?

Хармиана. Мынау ма? *(Болжалға)*. Барлық бәлені білетін сенбісің?

Болжал. Ие, мен. Тіршілік кітабының жасырын сырына ептеп көзім түскен адаммын.

Алексас. Тос алақаныңды!

Хармиана. Маған бір жөні түзу бақыт сықырлап берші.

Болжал. Мен сықыршы емес, көрегенмін: Болжал!

Хамиана. Көреген болсаң, бір тәуірін көріп бер.

Болжал *(оның алақанын қарап тұрып)*. Сен толыға берерсің, ажарлана берерсің.

Хармиана.. Ол маған жуандайсың дегені ме?

Ира. Жоқ. Қартайғанда боянатын боласың дегені.

Хармиана. Не болса, ол болсын, әйтеуір әжім болмаса екен.

Болжол. Өзің көбірек сүйерсің, сені онша көп сүйе бермес.

Хармиана. Е, оны көріп алармыз. Ал, менің неше ұлым, неше қызым болады?

Болжал. Бала жатар жеріңнің бар арманы орындалса, бір миллион балаң болар.

Хармиана. Уа, жарылып өл!

Алексас. Сенің құшақ құмарлығыңды төсектен басқа ешкім сезбейді деп пе едің?

Хармиана. Сен де өрем қап!

Ира. Енді мына алақанға қарап жібер. Періштедей тазалықты аңғартар бір алақан болса, ол осы болар.

Хармиана. Тершең алақан балағыңнан бала сорғалап тұрғандықтың белгісі болмаса, онда мен өкшеммен түшкіретін болғаным.

Болжал. Екеуіңнің барлық тағдырларың бірдей екен.

Ира. Қалай? Қай мағынада?

Болжал. Барлық мағынада.

Ира. Мен сонда, мынадан тым болмаса бір елі бақытырақ болмағаным ба?

Хармиана. Ол бір еліні неменеңе жаратпақ едің?

Ира. Әрине, байымның мұрнына емес, қақ төбесіне шаншамын да!

Хармиана. Енді Алексасқа бал ашып бер! Ия, Изида тәңірім! Мұның алғашқы қатыны ақсақ болсын. Ол қатыны өлсін де, одан жаманға жолықсын. Бір қатынынан бір қатыны сұмырай болсын. Ең соңғы қатыны қақ төбесіне ең кемі елу мүйіз қадап болған соң, билей жүріп моласына шығарып салсын! Осы тілегімді бере гөр, мейірімді Изида!.. Өзіме берер бірдемеңді алып-ақ қал да, осы тілегімді бер.

Ира. Әмин! Мұндай ант ұрғанның өмірден мүйізсіз өтуі үлкен өкініш! Бере гөр иманы таза жандардың тілегін!

Хармиана. Әмин!

(Энобарб келеді).

Энобарб. Шуламаңдар. Антоний!

Хармиана. Жоқ, падиша-ханым!

(Клеопатра келеді).

Клеопатра. Сен, Антонийді көрмедің бе?

Энобарб. Жоқ, падишам.

Клеопатра. Ол мұнда болған жоқ па?

Хармиана. Жоқ, падишам.

Алексас. Антоний әне келе жатыр.

Клеопатра. Жоқ, оған қарамайық. Жүріңдер, кетелік.

(Бұлар түгел кетеді. Қасында хабаршы, нөкерлері бар Антоний келеді).

Хабаршы. Көтерілісті бастаған Фульвия болды.

Антоний. Оған менің інім Люций қарсы аттанды.

Хабаршы. Ие. Бірақ, соғыс ұзаққа созылған жоқ. Екеуін уақыт қайта табыстырды. Екеуінің жауы да Цезарь болды. Цезарь күшті ғой. Алғашқы қақтығыста-ақ екеуін де Италиядан айдап тастады.

Антоний. Тағы қандай жаманатың бар?

Хабаршы. Хабаршы үшін жаман хабар деген бір бақытсыздық қой қашан да...

Антоний. Қорқақ пен ақымақ үшін де! Айта бер, балтамен шапқандай етіп айт. Болған іс болып өтті ғой.

Өлім жайы болса да әдемілемей-ақ турасын айтқанды жақсы көремін.

Хабаршы. Айтсам, Лабиен Парфян әскерімен Евфраттан өтіп, Азияға келді. Лидиядан Сирияға дейін соның тулары желбірейді.

Антоний. Сен мұнда құмарлық тұтқыны болып жатқаныңда дейсің ғой! Осылай турасын айт! Римде Клеопатраны неменеге теңейді, жұмсартпай айт! Фульвия қалай балағаттаса, солай айт: мені де аяма, жаулық пен адалдықтың тілімен сөйле. Сынсыз адамды балдыр басып кетеді. Жә, жетер. Шық.

Хабаршы. Мейлің білсін. *(Кетеді).*

Антоний. Сикион хабаршысы қайда?

Қызметші. Ол екінші бөлмеде күтіп отыр.

Антоний. Алып кел! Мысыр бұғауынан босануым керек. Әйтпесе миым былжырап кететін. *(Екінші хабаршы келеді.)* Не айтасың?

Хабаршы. Әйелің Фульвия қайтыс болды.

Антоний. Қайда?

Хабаршы. Сикионда. Мынау ауруының жайы. Басқа істер жайы мына хатта. *(Қағаздарын береді.)*

Антоний. Бара бер. *(Хабаршы кетеді).* Үлкен жан едің, өтіпсің... Мен осыны тілеп едім. Әрқашан да осылай ғой. Әлденені елемей-есептеспей лақтырып тастайсың да, кейін қайтарып алуыңа болмай қалады. Сені мен өлгеннен кейін іздеп отырмын. Сағынғандай қатты іздеп отырмын. Сені тірі кезіңде тізгіндеп ұстауым керек еді. Оны істемедім... Жоқ, мына сайқал сиқыршыдан құтылуым керек. Энобарб!

(Энобарб келеді).

Энобарб. Не бұйырасың, әміршім?

Антоний. Енді мұнда айналмай, кету керек.

Энобарб. Оның мұндағы әйелдерді түгел өлтіреді ғой. Аз ғана еркелетпеудің өзі оларға өліммен бірдей. Кетіп қалар болсақ, әйелдердің жұмысы бітті де сонымен.

Антоний. Менің кетуім керек.

Энобарб. Олай болғанда әңгіме басқа... Әйтпесе, оларды бостан-босқа құрмалдыққа шалу деген обал ғой, Маңызды мәселе туып қалғанда, қатынға қарайлау керек емес. Клеопатра кетем дегеннің лебін сезінсе-ақ, өледі. Ол бұдан анағұрлым жеңіл себептерден де жиырма рет өліп, жиырма рет тірілгенін көргемін.

Антоний. Оның айлакерлігінде түп жоқ.

Э н о б а р б. Жоқ, әміршім. Ол тек қана сүюдің адамы. Басқа түк қоспасы жоқ. Оны жылайды, күрсінеді деп айта алмайсың. Ол сүю-күюдің ең күшті нәсері, ең күшті дауылы. Оның талып түсулері айлакерлік емес, шын!

А н т о н и й. Менің оны көрмегенім жақсы болатын еді де.

Э н о б а р б. Онда сен дүниенің ең бір таң қаларлық ғажайыбын білмей өткен жан болар едің! Барлық жортуылыңның түк мәні болмас еді.

А н т о н и й. Фульвия қайтыс болыпты.

Э н о б а р б. Фульвия ма?

А н т о н и й. Ие, өліпті.

Э н о б а р б. Амалың не, әміршім, тәңірлеріңе рахмет айтып, құрмалдық бер. Тозған киім қалатын, жаңасын алатын. Осымен көңілің дауалайды да. Егер дүниеде Фульвиядан басқа әйел қалмаса, бәленің сұмдығы сонда болар еді. Сенің қайғыңды түзеуге болады. Ескі көйлектен жаңа белдемше шыға береді.

А н т о н и й. Фульвияның Римде былықтырған жұмысы менің кетуімді керек етеді.

Э н о б а р б. Өзіңнің мұнда былықтырған жұмысың сенің кетпеуіңді керек етеді. Әсіресе, Клеопатра жайы сенсіз тіпті де жөнге келмейді.

А н т о н и й. Жетер қалжағымыз. Командирлерді хабарла, жиналсын. Падиша-ханымға неге кеткелі жатқанымды өзім айтып қоштасып шығамын. Секст Помпей Цезарьға қарсы көтеріліс жасап жатқан көрінеді. Теңіз бетінде ол күшті хауіп. Халық тірі кезінде кімді бағалаған, кімді бағалайды! Тірісінде әкесіне өтелмей қалған сүйіспеншілігін енді жұрт баласына төлеп жатса керек. Секст аталық даңқымен де, өз жеңістерімен де солдаттың басын айналдырып болыпты. Мемлекетімізге үлкен қатер сол. Командирлер жолға әзірленсін.

Э н о б а р б. Жақсы.

Кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Басқа бір бөлмеде. Клеопатра, Хармиана, Ира, Алексас келеді.

Клеопатра. Ие, ол қайда жүр?

Хармиана. Манағыдан кейін көргенім жоқ.

Клеопатра. Білші, қайда екен. Есіңде болсын, мен жіберген жоқпын сені. Көңілсіз отырса, мені билеп жүр дерсің. Көңілді отырса, ауырып қалды де. Бар тез орал.

Хармиана.. Егер махаббатың өтті-кетті бірдеме болмаса, еркекті көп күштемеу керек.

Клеопатра. Сонда сенің айтар ақылың қандай?

Хармиана. Сен оны қысталама, еркіндік бер.

Клеопатра. Сөйтіп біржола айрылып қал дейсің бе? Міне ақымақ!

Хармиана. Еркектің төзімі жете бермейді. Е, міне, Антонийдің өзі де келді. *(Антоний келеді).*

Клеопатра. Мен көңілсізбін... Ауырып қалдым.

Антоний. Айту оңай болмаса да, айтпасыма амалым жоқ, падишам...

Клеопатра. Хармиана, қолыңды бер, құлап барам. Осы бір ауру тым ұзаққа жібермес білем мені...

Антоний. Айтпасыма амалым жоқ...

Клеопатра. Жақындама!

Антоний. Саған не болды?

Клеопатра. Қуанышты хабар алғаның көзіңнен-ақ көрініп тұр. Ие, заңды әйеліңіз не жазыпты? Кете бер соныңа. Ол сені түу басында бекер жіберген ғой. Енді менің сені тоқтатқым келмейтінін ол да білсін. Сен түгел оныкісің. Саған жүрер құдіретім жоқ менің.

Антоний. Құдайға анық.

Клеопатра. Менен артық алданған патша болмаған шығар. Алдайтыныңды ерте-ақ біліп едім...

Антоний. Клеопатра!..

Клеопатра. Фульвияға опасыздық еткен адамның аспанды тітіреткен антына қалай сендім екен десеңші!

Антоний. Сүйіктім, падишам...

Клеопатра. Ақталмай-ақ қой! Қоштас та, аттана бер. Сенің келген кезіңде әдемі де асқақ сөздерге орын бар еді. Онда сен кетіп қаларың барын байқатпағансың. Менің көздерім мен еріндерімде мәңгілік тұрмап па еді? Сен менің қастарымнан махаббат самалы есіп тұрғанын көруші

едің ғой! Мен сен үшін аспанда жаралған жан едім ғой? Мен әлі де солмын. Әттең, ұлы қолбасы ұлы өтірікші болып шықты.

Антоний. Сабыр етші!..

Клеопатра. Егер, мен еркек болсам, Мысырда ар-ұят намысын қалай қорғайтынын көрген болар едің!

Антоний. Айналайын падишам, мені алқымнан алып шақырып жатқан өмірдің әмірі. Италияда үлкен жанжал туып қалыпты. Теңіз беті түгел Секст Помпей қолында. Елімізде екі қожа. Дүние түгел наразылыққа толы. Өзгеріс күтеді. Қалайда мен біраз уақытқа жүріп кетуім керек. Жүрегім сенде қалады. Саған ғана айтар тағы бір себебім — Фульвия қайтыс болыпты.

Клеопатра. Менің сенгіш екенім рас. Бірақ, Фульвия өліпті дегенге қалай сенермін!..

Антоний. Өліпті. Мына хаттардан бәрін де түсінерсің. Қандай жанжал көтергені, қайда өлгені, бәрі осында айтылған.

Клеопатра. Әйелің өлгенде ағыл-тегіл төгілген көзіңнің жасы қайда? Осыған қарап, мен өлгенде де қандай күйде боларыңды шамалауға болады екен.

Антоний. Кел, қояйық таласты. Менің ойымды тыңдашы. Нілдің лай балшығын ғаламат тіршілік қазынасына айналдыратын күштің атымен ант етем: мен бұл сапарға сен жіберген солдатың болып аттанамын. Бейбітшілік үшін барайын ба, соғыс үшін бе, сен нені қаласаң, соның болсын.

Клеопатра *(қуанышты)*. Бар ауруым бітті. Антонийдің ғашықтығы сияқты менің ауру-сауымда да тұрлау жоқ. Бірде өліп бара жатам, қолма-қол жазылып та кетемін. Міне, жазылдым. Көбелек бол да, отыма құла деші, құлай кетемін. Падишам бол да, әмір ет деші, ете алам.

Антоний. Тұрақтылықтың қандай болатынын өзіңақ көрерсің әлі. Міне қылыш...

Клеопатра. Міне қалқан де.

Антоний. Ие, міне қылыш, міне қалқан. Солдатың да мен, қызметшің де мен. Не бұйырасың, падишам?

Клеопатра. Менің жүрегімдегі махаббатымды көтеріп жүру Клеопатраның өзіне де ауыр жүк. Оның аты не екенін өзім де білмеймін. От бар екен, өлім бар екен дегеніңе бас имейтін бір сұрапыл. Тек, сен менің алай-түлей қылықтарымды кешіре біл. Оларымнан ең алдымен азап шегетін де өзім. Сені шақырып жатқан ер намысы екен.

Бар. Қылышыңды жеңіс туларына орап алып қайт. Жолың оңғарылсын!

Антоний. Ендеше, кеттік. Қайда жүрсем де, қасымдасың, қайда болсаң да, қасыңда болармын. Жүр...

Бұлар кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Рим. Цезарьдың үйі. Қолында хат Цезарь келе жатыр. Қасында Лепид, нөкерлері бар.

Цезарь. Бәрін де көріп-біліп жүрсің, ұмытпа, Лепид. Ұлы серіктесін жек көру менің әдетімде жоқ. Бірақ, бізге Александриядан не жазып жатқанын да біліп қой. Антоний балық аулайды, ішеді, түн бойы қызық-той. Еркек жігері біткен. Сонша сұлулығына қарамай, жігер Клеопатрада анағұрлым артық болып шықты. Біз жіберген елшілерді әрең-әрең қабылдапты. Біздің жайларымызды сұрамапты да. Антоний дүние жүзіндегі барлық азғындықтың басы болып алған.

Лепид. Бұл айтқандарың қанша дұрыс болса да, оның таң қалдырар қасиеттеріне көлеңке түсіре алмаса керек. Оның күнәлары қанша қара болса, қасиеттері қараңғы түндегі жұлдыздай сонша айқын жарқырайды емес пе? Сол кемшіліктерді ол өзі тауып алған жоқ, сондайлардың ішінде туып өсті ғой! Оны бесік құрбаны деуіміз керек.

Цезарь. Сен тым мейірімдісің. Мейлі ол Птоломейдің төсегінде қалай аунаса, солай аунасын. Мейлі, түн бойы құлдармен құшақтасып арақ ішсін. Бірақ соларының зияны бізге тиіп жатса, онысын ақтауға болмайды. Ел басына күн-туған кезде бетімен жүрген тентекті тәртіпке шақыруымыз керек.

(Хабаршы келеді)

Хабаршы. Барлық әмірің орындалды. Шекарадан сағат сайын хабар алып тұратын боласың. Теңіздерде Помпей бұрынғысындай күшті. Саған қорыққанынан ант бергендердің бәрі сонда.

Цезарь. Мен оны ертерек білуім керек еді. Мансап биігіне өрлеп келе жатқаныңда жақсы-ақсың. Биікке жет-

тің, сенен жаман адам жоқ. Құласаң — тағы да жақсысың. Көп тобырдың мінезі осы ғой.

Хабаршы. Қастастарың Италияға теңіз арқылы кіріп келеді. Жағадағы елдер үрписіп қалған. Жастар қаруланууды ойлай бастапты. Бірақ Помпей шын күшінен гөрі даңқымен қаһарлы ма деймін.

Цезарь. Тоқтат, Антоний, азғындықты! Сен ақ алақанда нәзік тәрбиеленіп өссең де, жоқшылықты тағы адамдай мойымай көтеріп кетуші едің ғой! Сен жылқының сідігін де ішкенсің, теректің қабығын да кеміргенсің, өлімтікті де жегенсің. Бәріне де солдатша шыдағансың! Тоқтал енді!

Лепид. Оны аяуымыз да керек.

Цезарь. Ұятын мойындап Римге келсе екен. Соғысты бастар уақыт болып қалды. Біздің кешеуілдеуіміз — Помпейдің пайдасы.

Лепид. Теңіз бен құрлықта қанша әскерімнің боларын мен ертең білетін болам.

Цезарь. Оған дейін менің жұмысым да сол болар. Қош бол!

Лепид. Қош бол.

(Екеуі де кете береді).

БЕСІНШІ КӨРІНІС.

Рим. Лепидтің үйі. Энобарб, Лепид.

Лепид. Энобарб, қолбасыңызды қызбай сөйлесетін ете алсаңыз, біздің жақты да жұмсақ келуге міндеттеген болар едің.

Энобарб. Мен оған қалай сөйлегің келсе, солай сөйле деймін. Цезарьдың өз сөзінде менмендік бола қалса, Антоний да соғыс тәңірісіндей кеудесін көтере, күркірей сөйлесін. Мен Антоний болсам бүгін сақалымды қырынбай келген болар едім.

Лепид. Қазір өкпе-наз есебін айырысар уақыт емес.

Энобарб. Уақытқа ортақ емес ешнәрсе жоқ.

Лепид. Үлкен істің алдында ұсақ-ұлаңның үні өшкені дұрыс. Өткенді қайта қопармайық... Міне, ардақты Антонийдің өзі де келді. *(Антоний мен Вентидий келеді).*

Энобарб. Міне, Цезарь да келді.

(Цезарь, Меценат, Агриппа келеді).

Л е п и д. Ал, ардақты достарым! Бізді бірлестіріп-біріктіріп отырған — ұлы мақсат. Ұсақ-ұлаң кикілжіңдер арамызды айырмаса екен. Келіңдер, келіспеушіліктерді келісіммен түзеп жіберейік. Ауырған жерлерімізге жұмсақ қана тиетін болайық. Жараны жазамыз деп езуіміз көпіргенше дауласар болсақ, оның аты — өлім. Хош келдіңдер.

Ц е з а р ь *(Антонийге)*. Хош келіпсің Римге.

А н т о н и й. Рахмет.

Ц е з а р ь. Отыр.

А н т о н и й. Әуелі сен отыр.

Ц е з а р ь. Жақсы. *(Отырысады)*.

А н т о н и й. Сен маған өзіңе қатынасы жоқ бір кінә тағып айыптайтын көрінесің ғой?

Ц е з а р ь. Ұсақ-ұлаң үшін саған ашулансам, онда менің кім болғаным? Саған себепсіз соқтыққан болсам, күлкі болмаймын ба?

А н т о н и й. Ал, менің Мысырда тұрақтап қалғаныма қалай қарадың?

Ц е з а р ь Менің Римде отырғаныма сен қалай қарасаң, мен де солай. Бірақ, сен сонда отырып зұлымдық жасай бастағанда, сенің Мысырдағы жайларыңа біз де құлақ түрдік.

А н т о н и й. Зұлымдық? Түсінбеймін.

Ц е з а р ь. Түсіну қиын емес. Сенің марқұм әйелің мен інің маған қарсы соғысты ғой. Олардың ұраны сен болдың.

А н т о н и й. Сен қателесіпсің. Інім не ойы барын маған білдірген емес. Олардың жайын сенің адамдарыңнан естіп жаттым. Мен сенің одақтасыңмын. Оның сенімен соғысқандығы маған да зиянын тигізді. Мұны мен хаттарымда дәлелдегенмін. Егер әйтеуір бір керісіп алу керек болса, басқа бірдеме жөнінде керісейік. Ал мынауыңның қисыны жоқ.

Ц е з а р ь. Ақталу үшін не айтарын білмейді.

А н т о н и й. Сен айқын тұрған нәрселерге түсінбедім дегеніңе сене алмаймын. Ортақ құрылысымызға содыры тиер жанжалды мен қалай мақұлдамақпын? Фульвияны да көлденең тартады екенсің, оған айтарым — ең алдымен өзіңнің қатының сондай сотқар болуын тілер едім. Екінші, дүниенің үштен бірінің тұтқасы сенің қолыңда. Сондай қатынды қалай жүгендегеніңді көрсетсең еттің.

Э н о б а р б. Бәріңнің қатының сондай болса, соғысқа қатындармен ғана шығуға болар еді!

Цезарь. Сенің Александриядағы той-думанының кезінде мен саған хат жазып едім. Оны оқымай ысырып тастапсың. Жіберген елшімді мазақтап қуып шығыпсың.

Антоний. Ол маған рұқсат сұрамай кірді. Соның алдында ғана үш патшаға қонақасы беріп, басымның өзі бос болмай қалған. Келер күні мен елшіңді қабылдадым. Осының өзі кешірім сұраумен барабар емес пе? Егер айрылысу керек болса, кел, айрылысайық. Бірақ, оған себеп жоқ.

Цезарь. Сен берген уәделеріңде де тұрмадың. Маған ондай кінә таға алмайсың.

Антоний. Ие, мен қандай уәде беріп едім?

Цезарь. Мен өтінген болсам, қаруыңмен, әскеріңмен жәрдем бермексің де.

Антоний. Жалған. Бердім, бірақ азғана кешігіп қалдым. Ол күндерде мен қып-қызыл мас едім. Оныма кешірім сұраймын. Мен не істесем де зорлау арқылы емес, жайдары жанның өз еркімен істеймін. Ондайыма тағы да кешірім ет!

Лепид. Адамгершілік осы ғой!

Мецената. Енді есепті көбейте бермей, бәрін де ұмытсақ, қандай орынды болар еді!

Лепид. Ең керекті сөзді айттың, Мецената.

Цезарь. Әттең, біздің достығымызды бұздырмай, арамызды ашқызбай ұстайтын бір құрсау болса, мен соны дүниені шарлап іздер едім.

Агриппа. Бір ауыз сөзге рұқсат па, Цезарь?

Цезарь. Сөйле.

Агриппа. Шеше жағынан Октавия сенің қарындасың. Ал, Антоний қазір тұл емес пе!

Цезарь. Аузыңа ие бол, Агриппа. Оныңды Клеопатра естісе, сазайыңды сонда тартарсың.

Антоний. Мен қазір бойдақпын, Цезарь. Агриппа ойын аяқтасын.

Агриппа. Екеуіңді айнымас-айрылмас туысқан ету үшін Октавия мен Антоний қосылатын болсын. Октавия әрі сұлу, әрі мінезді, ердің еріне сай адам. Солай туысқан болсаңдар көлденең сөзге ермей, біріңе-бірің біржола сенісетін боласыңдар.

Антоний. Сен не айтасың, Цезарь?

Цезарь. Мен Антонийдан бұрын ешнәрсе айтпаймын.

Антоний. Егер мен «әкел қолыңды!» десем, Агриппаның жауабы не болмақ?

Цезарь. Онда Агриппаға мен де қосылам. Қарындасымды көндіретін болам.

Антоний. Бұлай болғанда әңгіме басқа. Бұл ұсыныстымен түсімде де көп ойланып жатпас едім. Қолыңды әкел, Цезарь! Бұдан былай арамызда туысқандық, сүйіспеншілік қана болсын.

Цезарь. Міне қолым. Ең жақсы көрер қарындасымды, қадірлімді беріп отырмын, Антоний. Қадірлеп ұста. Осы сүйіспеншілігіміз ешуақытта ыдырамасын.

Лепид. Сәтті сағат болғай-ақ-ты!

Антоний. Ал, әңгімені аяқтайық та, аттанайық майданға!

Цезарь. Осы — күтерім. Жүр, қарындасыммен таныстырайын. Содан соң аттанармыз.

Антоний. Лепид, сен қалып қойып жүрме!

Лепид. Мен қала алмайтын шығармын! Жүріңдер!

(Цезарь, Антоний, Лепид үшеуі кетеді).

Меценат. Аяғы осылай тынғаны үлкен қуаныш болды-ау. Ал, Мысырда қалай, жақсы тұрдыңдар ма?

Энобарб. Несін айтасың! Барлық түнді мастықта өткізген соң, барлық күндер басымыз жастықта болатын.

Меценат. Он екі адамның таңертеңгі тамағына сегіз қабан беріледі екен дейді. Осы рас па?

Энобарб. Ол не, тәйірі. Теңізге тамған тамшы емес пе!

Меценат. Ал, енді, ананың өзі бір қатын біткеннің сырттаны дейді ғой! Рас па сол?

Энобарб. Сырттаны болмаса, көрген жерден-ақ Антонийдің жүрегін бүріп әкетер ме еді!

Меценат. Әй, соның жайын айтшы, соның.

Энобарб. Оны айтып жеткізу қиын. Күміс ескекті алтын кеменің үстінде алтын шатырда құлай түсіп жатыр екен. Қандай сымбат, қандай сипат! Оның қасында сұлулық тәңірісі Шолпан деген әшейін қатын.

Агриппа. Антонийдің қалай өртеніп кеткенін түсінем.

Энобарб. Кеме келіп жағаға тоқтаған соң, Антоний оны қонаққа шақырып еді, бірақ, өзін Клеопатра қонаққа шақыра келген екен. Бас тартуға қайдан болсын, он рет қырынды да, қонаққа барды. Сол түні көзін де айыра алмады, жүрегін де беріп қайтты.

Меценат. Антоний енді оны біржола тастайтын болар?

Энобарб. Антоний ма? Бәлі! Дүниенің барлық бақыт-байлығына айырбастар ма екен!

Меценат. Апыр-ай, ә! *(Цезарь, Октавия, Антоний, Лепид келеді).*

Агриппа. Жә, кетелік. *(Бұл екеуі кетеді).*

Антоний. Кейбір уақытта менің міндеттерім екеумізді айыра тұратын да болар.

Октавия Ондай кездерде мен сен үшін құдайларымызға құлшылық етермін.

Антоний. Ал, қайырлы кеш болсын, Цезарь. Мен туралы өсек-аяңға құлақ асып жүрме, Октавия. Менің кейде еркін кететін кездерім болады, әрине. Енді мен өзгеремін. Қайырлы кеш, досым. Қайырлы кеш, туысқаным.

Цезарь. Қайырлы кеш.

Лепид. Жолың болсын, Антоний. Майданда кездесерміз

Шымылдық.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Клеопатраның сарайы. Клеопатра, Хармиана, Ира, Мардиан.

Клеопатра. Хармиана!

Хармиана. Ие, падишам!?

Клеопатра. Маған әлгі ұйықтататын тамыр дәріні берші.

Хармиана. Оны қайтесің?

Клеопатра. Антоний қайтып келгенше ұйықтайын да жатайын деймін.

Хармиана. Сен оны тым көп ойлайсың.

Клеопатра. Ойламауды опасыздық дер едім.

Хармиана. Олай болмау керек, ұлы падишам.

Клеопатра. Әй, азбан Мардиан!

Мардиан. Бірдеме бұйырасыз ба?

Клеопатра. Азбанның қолынан келер істің мен б рде-бірін жаратпаймын. Кестіріліп қалғаның қандай бақыт болған саған. Сен Мысырдан ешқайда кете алмайсың. Ал сенде құмарлық-құштарлық деген бар ма, сірә?

Мардиан. Бар падишам.

Клеопатра. Қалай, шын бар ма?

Мардиан. Шынында қайдан болсын... Жәй, былай, алыстан тұспалдағанда Марс пен Шолпанның не істегендерін жобалаймын...

Клеопатра. Антоний қазір қайда екен? Отыр ма, түрегеп тұр ма? Жаяу қаңғып жүр ме, ат үстінде ағызып бара ма? Сол ат қандай бақытты екен десеңші. «Мысырда қалған жыланым қайда екен?» — деп ылғи сыбырлап жүр ме екен? Бұрын ылғи сөйтетін. Хармиана, мен музыка тыңдағым келеді.

Хармиана. Музыканттар!

Клеопатра. Жоқ, доп домалатайық.

Хармиана. Менің қолым жарамай қалды. Мардианмен ойна.

Клеопатра. Жоқ, өзенге барып балық аулайық. Жоқ, о да емес...

(Хабаршы келеді).

Хабаршы. Падишам!

Клеопатра. Немене, Антоний қайтыс болды ма? Онда сен патшаны өлтіргендей жаза тартасың. Аман-сау болса, міне алтын, міне, патшалар сүйген көк тамырлы қолым.

Хабаршы. Антоний аман да сау, падишам.

Клеопатра. Мына алтынды тағы да ал.

Хабаршы. Тыңдай көр, падишам.

Клеопатра. Былжыратып тұрғаның үшін сабап алғым-ақ келіп тұр, тек Антоний аман болсын. Аман-сау, Цезарьмен достықта болса, алтын мен меруерттен кенде етпеспін. Сөйле.

Хабаршы. Ол аман да сау.

Клеопатра. Өте жақсы.

Хабаршы. Цезарьмен де достықта.

Клеопатра. Тамаша жігіт болып шықтың.

Хабаршы. Цезарьмен бұрын болып көрмеген жақындықта.

Клеопатра. Мен сені біржола байытармын.

Хабаршы. Бірақ, падишам...

Клеопатра. Осы бір «бірақ» дегенді жаным сүймейді. Әкелген жақсылық-жамандығыңды бір-ақ ақтара салмайсың ба!

Хабаршы. Антоний Октавиямен берік байланысып қалды.

Клеопатра. Октавиямен? Қалай байланысты?

Хабаршы. Төсек арқылы болад та.

Клеопатра. Хармиана, мен құладым...

Хабаршы. Антоний үйленді.

Клеопатра. О, өрем қапқыр, өрем қап! *(Алып ұрады).*

Хабаршы. Есіңді жина, падишам.

Клеопатра. Жоғал, көзіме көрінбей! *(Ұрады).* Арам! Көзіңді ойып, шашыңды жұлып құртайын! *(Хабаршыны ерсілі-қарсылы сүйрелейді).* Дүрені кейін көрерсің сен! Темір шыбықпен дүрелетіп, тұздыққа салып пісіртермін!

Хабаршы. Мейірімді падишам-ау, мен емес олардың некесін қиған. Мен хабаршы ғанамын ғой.

Клеопатра. Өтірік айтып едім де. Бір мемлекетке өкілім етіп жіберейін. Не қаласаң, соны берейін!

Хабаршы. Ол үйленді.

Клеопатра. Сорлы! Соқты сағатың! *(Қанжарын суырып алады).*

Хабаршы. Менің жазығым не, падишам-ау... Қой, қашып құтылмасам болмас. *(Қаша жөнеледі).*

Хармиана. Есіңді жинашы, падишам. Шынында да оның жазығы жоқ қой.

Клеопатра. Жайдың оғы жазықсызға түспей ме екен? Ніл тасып, Мысырды топан қаптасын! Қайда әлгі құл? Шақыр қайтадан.

Хармиана. Ол қорқып кетті.

Клеопатра. Енді тимеймін оған. *(Хармиана кетеді).* Кінә өзімде ғой, өзімде. Неге ғана жібердім екен десеңші! *(Хармиана мен хабаршы келеді).* Жақында бері! Жаман хабар әкелген жақсылық күтпейді. Сен соған ұшырадың.

Хабаршы. Мен өзімнің парызымды өтедім.

Клеопатра. Сонымен ол үйленді ғой?

Хабаршы. Үйленді.

Клеопатра. Өй, өрем қапқыр!

Хабаршы. Падишам-ау, енді маған өтірік айт дейсіз бе?

Клеопатра. Өтірік айт, сорлы, өтірік. Антоний үйленді ме?

Хабаршы. Аяй көріңізші, падишам...

Клеопатра. Антоний үйленді ме?

Хабаршы. Өтірік айта алмаймын, падишам. Антоний Октавияға үйленді.

Клеопатра. Жоғал әрі көзімнен! Әкет, алып келген хабарыңды! *(Хабаршы кетеді).*

Хармиана. Сабыр етші, падишам. Бір себебі бар шығар.

Клеопатра. Антонийға жағынып, ұлы Цезаряды да жамандадым-ау...

Хармиана. Ие... Бір емес әлденеше рет!

Клеопатра. Бұ да бір сабақ. Хармиана, Ира, кетейікші. Тұншығып барам. Жоқ, жоқ, қайта шақыр хабаршыны. *(Мардиан кетеді.)* Хармиана-ау, осымен мәңгі айрылғаным ба? *(Хабаршы қайтып келеді).* Жақында бері! Сен өзің Октавияны көрдің бе?

Хабаршы. Көрдім, падишам.

Клеопатра. Қайда көрдің?

Хабаршы. Римде. Жақыннан, қадағалап қарадым. Ағасы мен Антонийдің екі арасында келе жатыр екен.

Клеопатра. Бойы қандай екен, мен шамалы ма?

Хабаршы. Жоқ, аласарақ, падишам.

Клеопатра. Қалай сөйлейді екен, даусын естідің бе? Даусы өтімді ме екен?

Хабаршы. Жоқ-е, тәйірі. Көмекейінен әрең шығады.

Клеопатра. Ендеше оны Антоний ұзақ сүйе алмас.

Хармиана. Сүю! Оны тіпті сүюге болмайды.

Клеопатра. Дұрыс айтасың. Өзі мықырайған мегежін болса, оның үстіне сақау болса, оны кім сүйеді! Жүрісі қалай екен? Аршындылық — әсемділігі бар ма? Ондайды білуші ме едің?

Хабаршы. Аяғы аяғына шалысады. Жүріп келе ме, тұр ма, түсіну қиын. Ол бір өлі дене, жансыз ет.

Клеопатра. Өтірік айтып тұрған жоқсың ғой?

Хабаршы. Көргеніме көзім куә!

Хармиана. Бүкіл Мысырда мұның көзінен өткір көз жоқ.

Клеопатра. Ие, көпті көрген адам екені танылып тұр. Білген адамның топшылауын айтып тұр.

Хармиана. Білгенде қандай!

Клеопатра. Октавияның жасы қай шамада екен?

Хабаршы. Е, ол бұрын бір байға тиген жесір қатын.

Клеопатра. Жесір қатын!

Хабаршы. Отыздар шамасында болар деймін.

Клеопатра. Бет-аузы сопақша ма, дөңгелек пе?

Хабаршы. Дөңгелек болғанда да доптай! Тұк кескін жоқ.

Клеопатра. Дөңгелек жүзді қатындар ақымақ та болады. Шашының түсі қандай, есіңде ме?

Хабаршы. Қоңырқай ғана. Маңдайы ап-аласа.

Клеопатра. Міне саған сыйлығым — ақша. Өткенге жәбірленбе. Мен тағы да сені жіберемін. Қандай тапсырма болса да бәріне де сенен қолайлы адам бола бермес. Жолға әзірлен. Менің хатымды алып барасың. *(Хабаршы кетеді).*

Хармиана. Тамаша жігіт.

Клеопатра. Әуелі босқа күйдіріппін. Мұның айтуына қарағанда, анауың бір албасты ғой!

Хармиана. Мегежін.

Клеопатра. Мүмкін, істің беті қайта түзеліп кетер.

Хармиана. Бәс тігем — түзеледі.

(Кете береді.)

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Теңіз жағасы. Барабан, керней. Арттарында — әскер, бір жағынан — Помпей, Менас, екінші — Цезарь, Антоний, Лепид, Энобарб, Меценат келеді.

Помпей. Аманаттар сендерде де бар, менде де бар. Айқас басталғанша сөзге келісейік.

Цезарь. Мен сөйлесем бейбітшіліктен бастар едім. Біз жіберген хатымызда бірнеше ұсыныстар жасап едік. Қылышыңды қынабына қайта сұғып, босқа қырғынға ұшыратпай, Сицилияның жастарын таратып жіберуге сол ұсыныстарымыз жеткілікті ме, жоқ па?

Помпей. Дүниенің бірден-бір қожасы, құдайлардың қорғаны болып тұрған сендерден менің әкем атаусыз-жоқтауыз қала ма, соны сұрайын деп едім. Жоқтаусыз дегеннің не екенін сендерге түсіндіріп жатудың керегі болмас. Филиппада өздерің Юлий Цезарьдың кегін қайтардыңдар ғой. Мен адаммен адам тең саналсын деймін. Құтырынған теңізді тілгілеп жүрген кемелі әскерді мен сол кегім үшін жасадым. Әкем марқұмның алынбай кетіп бара жатқан кегі барын ұмытқан Римнен еселеп қайтарғым келеді.

Цезарь. Қапы кетіп жүрме.

Антоний. Помпей, сен бізді кемелеріңмен қорқыта алмайсың. Теңізде де шайқасып көрерміз. Құрлықта біздің күштің қандай екенін сен өзің де білесің.

Помпей. Неге білмейін: құрлықта сен әкемнің үйін басып алдың ғой! Бірақ, көкек ұя салмайды. Қуып жібергенше бөтен ұяда тұра тұр.

Лепид. Мұның бәрі де көлденең сөздер. Ондайға қарайламай, біздің ұсыныстарға қалай қарайсың? Соны айтшы.

Цезарь. Әңгіме сонда.

Антоний. Сезім сөзі емес, тап-таза есеп байламын айт.

Цезарь. Алдамшы жолдардың зияны да есіңде болсын.

Помпей. Сендер маған Сицилия мен Сарданияны бересіңдер. Мен теңіз бетін тонаушылардан тазалап, Римге астық түсіремін. Солай ғой? Осыған келіссек, жауласқандар соғыспай-ақ үйді-үйімізге қайтамыз? Солай ма?

Цезарь, Антоний, Лепид *(бір ауыздан)*. Ие, шартымыз осы.

Помпей. Онда біліп қойыңдар: мен сол шарттарыңды қабылдауға келдім. Бірақ, Антоний, сені көрдім де, аз ғана бөгеліп қалдым. Сенің інің Цезарьмен жауласып жүрген кезде, шешең маған, Сицилияға, паналап еді ғой.

Антоний. Мен оны білетін едім, Помпей. Алғысымды қалай ғана толығырақ айта алар екемін деп арман етуші едім.

Помпей. Онда қолыңды әкел, бауырым. Мен сені кездестірермін деп күтпеген едім.

Антоний. Шығыста ұйықтау деген тамаша ғой. Мені Мысыр төсегінен сен тұрғыздың. Оятқаның жақсы болды.

Цезарь. Біздің сонау бір кездесуімізден кейін, Помпей, сен көп өзгеріпсің.

Помпей. Уақыт жүзіме қандай әжім салса да, жүрегім өзгерген жоқ.

Лепид. Қайырлы кездесу болсын.

Помпей. Ие, Лепид. Татулық табылды ғой деп сенемін. Мен тек шарт қайта жазылып, мөр басылуын өтінемін.

Цезарь. Ие, сол алдымен істелетін іс.

Помпей. Содан соң қоштасудан бұрын бір-бірімізде қонақта болайық.

Антоний. Алдымен маған келіңдер.

Помпей. Жоқ, жоқ, Антоний. Жеребемен шешеміз. Мысыр тамақтарымен сен бізден бәрібір асырып кетесің.

Мысырда Юлий Цезарь да жуандап кетті деп есіткенім бар.

Антоний. Сен тым көп жайды естіген екенсің.

Помпей. Мен жаман ешнәрсе айтқаным жоқ қой.

Антоний. Жақсы да ешнәрсе айтқан жоқсың.

Помпей *(Энобарбқа)*. Ау, жаңа танымым ғой. Қалай тұрып жатырсың?

Энобарб. Өте жақсы. Алдымызда төрт қонақасы барын еске алсақ, одан да артық болары даусыз.

Помпей. Мен саған ешуақытта жаулық ойлаған адам емеспін. Өте жақсы соғысады екенсің, оныңды көрдім.

Энобарб. Мен ешуақытта ұнатқан емеспін. Дегенмен, мақтар ісіңді ылғи мақтап жүрдім. Бірақ, сенің істерің одан он есе артық мақтауды да көтеретін еді.

Помпей. Сенің тұрпайы сөйлесуің маған қатты ұнайды. Сен адалсың. Ал, мырзалар, кемеге тарталық.

Цезарь, Антоний, Лепид. Жолды өзің көрсет.

Помпей. Жүріңдер. *(Менас пен Энобарбтан басқалары кетеді)*.

Менас *(сыртқа қарап)*. Сенің әкең мұндай келісімге өмірде келмес еді-ау, Помпей. *(Энобарбқа)*. Біз бір жерде кездескен сияқтымыз.

Энобарб. Теңізде болар.

Менас. Ие, теңізде екен.

Энобарб. Сен суда өте табанды екенсің.

Менас. Құрлықта сен де.

Энобарб. Мені кім мақтаса, оны мен де мақтаймын. Дұрысын айтсақ, құрлықта аздаған ерлік көрсеткенім де бар.

Менас. Теңізде мен де сондаймын.

Энобарб. Теңіздегі істеріңнің біразын бүгіп қалсаң да теріс болмас еді. Теңізде сен жолбасарсың ғой!

Менас. Құрлықтың жолбасары кім екен?

Энобарб. Ол жағы менің негізгі кесібім емес. Алайда қолыңды әкелші... Егер екеуміздің көзіміз бақылаушы болса, сүйісіп жатқан екі қылмыстыны бас салып ұстап алар еді-ау, ә?..

Менас. Қолдары не істесе соны істесін, адамның жүзі адал көрініп тұрса болды емес пе!

Энобарб. Біз мұнда сендермен соғысқалы келіп едік.

Менас. Арақ ішуге айналдырып жіберген соң амал қайсы! Помпей бүгін бар бақытынан ада болып шығады.

Энобарб. Кейін өкінер, бірақ өтеуі болмас.

Менас. Оныңда бір қате жоқ. Марк Антоний Клеопатрамен қосылыпты деген сөз рас па?

Энобарб. Цезарьдың қарындасының аты Октавия екенін білетін бе едің?

Менас. Білемін. Ол Кай Марцеллдің әйелі болатын.

Энобарб. Қазір Марк Антонийдің әйелі.

Менас. Қой, әрі!

Энобарб. Тап осылай.

Менас. Онда Антоний мен Цезарь мәңгілік бірікті десеңші!

Энобарб. Менің ойымды білгің келсе, тұк те мәңгілік бола алмайды.

Менас. Олардың үйленулерінде махаббат емес, есеп басым болғаны да.

Энобарб. Мен де солай ойлаймын. Антонийміен қосақталғаны Октавияны қылғындырып-ақ жіберер. Ол бір мінезі салмақты, биязы ғана әулие жан ғой.

Менас. Ондай әйелі болса, кім болса да қуанар еді.

Энобарб. Тек Антоний емес. Екеуі біріне-бірі тіпті ұқсамайды. Антоний ұзамай-ақ Мысыр дәмін іздейді. Сол кезде Октавия күрсіне бастаса болды, Цезарь ашу шақырады. Антонийдің үйленуі әшейін кездейсоқ нәрсе.

Менас. Мүмкін. Жүр, кемеге барайық. Сенің саулығыңа ішкім келіп тұр.

Энобарб. Болсын. Мысырда оған бойымыз үйреніп болған.

Менас. Жүр.

(Екеуі кетеді.)

ҮШІНШІ КӨРІНІС.

Помпей кемесі. Музыка. Поднос көтерген қызметшілер.

1-Қызметші. Осында келе жатыр... Қақ жартысы құлауға жақын. Жел үрлеп қалса, түгел құлайды.

II-Қызметші. Лепидтің жұмысы біткен.

I-Қызметші. Оның қарнына кім не құйғысы келсе, соны ақтара салады.

II-Қызметші. Аналар жанжалдаса бастаса-ақ болды, Лепид келісім бокалын көтереді.

I-Қызметші. Екі ұлы адамның арасына сына болып қана қағылмасаң, басқа түрде сыйыса алмайсың деген осы да! *(Цезарь, Антоний, Лепид, Помпей, Агриппа, Меценат, Энобарб, Менас, тағы басқа әскер басылары келеді).*

Антоний *(Цезарьға)*. Ніл тасығанда қанша көтерілгенін пирамиданың баспалдақтарына жыл сайын белгілеп отырады. Аштық бола ма, тоқтық бола ма, сол белгілерден байқалып тұрады. Су биікке қанша көтерілсе, астықтың шығымы да сонша жоғары болады. Су қалай қайтса, солай егінші лай-батпаққа егін сала бастайды.

Лепид. Сіздің Мысырда қызық жыландар бар екен.

Антоний. Ие, бар.

Лепид. Сіздің Мысырда жергілікті күннің әсерімен батпақтан жылан шығады екен. Мысалы: қолтырау.

Антоний. Дәл солай.

Помпей. Отыралық. Лепидтің денсаулығына тағы бір бокал!

Лепид. Қазір мен ойдағыдай сау емеспін. Бірақ, денсаулыққа дегеннің бірде-бірінен бас тарта алмаймын.

Энобарб. Сені кім қостар екен?

Лепид. Жоқ, шын айтам. Мен пирамеи Птоломида деген сұмдық бір құрылыс деп естігенім бар.

Менас *(Помпейге)*. Помпей, екі ауыз сөз.

Помпей. Құлағыма айта салсаңшы.

Менас. Қонақтарды қалдыра тұр да, бір минутқа шығып кетші.

Помпей. Тұра тұр. Арақ, арақ! Лепид, сенің денсаулығыңа!

Лепид. Ал сол қолтырау дегенің немене өзі?

Антоний. Түріне қарасаң, өзіне ғана ұқсайды. Өзінен жуан да емес, биік те емес. Өзін-өзі алып жүреді. Тіршілігі тамаққа байланысты. Өлгеннен кейін шіріп кетеді.

Лепид. Қызық екен... Өзінің түсі қандай?

Антоний. Аумаған өзінің түсі. Қолтыраудың көз жасы дегенді білесің ғой, оның көз жасы да сұйық.

Цезарь. Бұл бейнелеуің қанағаттандырар ма екен оны?

Антоний. Помпейдің ағыл-тегіл арақтарынан кейін қанағаттанады ғой.

Помпей *(Менасқа)*. Әрі жүрші, әй! Не бұйырылса, соны орында! Сыбырласатын жерді тапқан екенсің! Менің бокалым қайда?

Менас. Тым болмаса, менің сенімділігімді есіңе алып, түрегелші.

Помпей. Сен жынданған боларсың. Немене? *(Тұрып шетірек кетеді)*.

Менас. Мен сені қашан да қадір тұтам!

Помпей. Ие, сен маған адал да сенімді қызмет еттің. Тағы нең бар? Достар, қыздар түсіңдер!

Антоний. Тақыр мұзға отырып қалма, Лепид. Тұра алмай қаларсың.

Менас *(Помпейге)*. Дүниенің билеушісі болғың келе ме?

Помпей. Ә? Немене?

Менас. Дүниенің жападан-жалғыз билеушісі болғың келе ме деймін.

Помпей. Е, оны қалай істеуге болады?

Менас. Тек болғым келеді деші, мен сорлы бүкіл дүниені саған алып берейін.

Помпей. Сен көп ішіп қойған екенсің.

Менас. Бір тамшы ішкен жоқпын. Тек болғым келеді деші. Юпитер боласың! Аспан да, теңіз де сенікі болады.

Помпей. Оның қисынын біле алмадым.

Менас. Дүниені ұстап тұрған үшеудің үшеуі де біздің кемеде емес пе? Мен арқанды қырқып-қырқып жіберсем, шалқып теңізге шықпаймыз ба! Содан соң мен үш өңешті орып-орып жібермеймін бе!

Помпей. Сен осыны маған айтпай-ақ істеп тастасаң, қандай жақсы болған болар еді! Мен бұған барсам, арамдық істеген боламын. Мен келер пайдадан адалдықты жоғары ұстаймын. Ойыңды тілің ұстап берсе, өкінбесіңе не амалың бар. Менсіз-ақ істеліп қалса, мүмкін, мақұлдаған болар едім. Қалдырайық осымен. Іш!

Менас (өз бетімен). Сенің батып бара жатқан жұлдызыңа бұдан әрі қызмет етуді тоқтаттым. Қолына бергенде айрылып қалған адам бақытпен біржола қоштассын.

Помпей. Сау бол, Лепид!

Антоний. Оған енді жетер. Оны жағаға шығару керек. Оның орнына мен бармын ғой.

Энобарб. Кезек менікі. Сау бол, Менас!

Менас. Өзің де сау бол.

Помпей. Толтыра құйыңдар, ерінеуіне жетсін.

(Қызметшінің біреуі Лепидті көтеріп әкстеді).

Энобарб. Міне күш, ә?

Менас. Қалайша?

Энобарб. Дүниенің үштен бірін көтеріп әкетті ғой.

Менас. Үштен бірі деген не!.. Түгел алып кетсе десеңші! Дүние сонда ғана шырқ айналар еді.

Помпей. Дегенмен, біздің қонақасы Мысырдыкіне қайдан жетсін.

Антоний. Жетпегенмен жақын. Соғыстырайық достар. Цезарь үшін!

Цезарь. Мен ішпес едім. Түн бойы миыңды араққа малшындырасың, миың батпақтай түседі.

Антоний. Бағыну керек.

Цезарь. Бағынудан гөрі бағындырған көңілдірек. Жарайды, ішейін. Осыншаны бір жолы ішкенше төрт күн ораза ұстағанды мақұл көрер едім.

Энобарб. Падишам! Қонақасының аяғын Александриядағыдай Вакханалиямен аяқтайық.

Помпей. Болсын!

Антоний. Онда бәрің де дөңгелене тұрып қол ұстасыңдар.

Энобарб. Музыка!.. Ұстасыңдар қолдарыңды. Бір бала өлең бастайды. Өзгелерің қосыласыңдар.

(Музыка. Энобарб бәрін қол ұстастырып, дөңгеленте тұрғызады).

Цезарь. Тоқтайық осымен. Помпей, қайырлы түн. Антоний, бізге қайтар уақыт болды, айналайын. Бізге шарқ ұрып жүре беру келіспес. Бәріміз де маспыз. Энобарбтың өзі әрең жүр. Мен де екі сөздің басын қоса алар емен. Кетелік, Антоний.

Помпей. Ең соңғы бокалды жағаға шыққан соң көтерейік.

Антоний. Мен әзірмін. Бас тарта алмаймын.

Помпей. Антоний, сен менің әкемнің үйін тартып алдың. Бірақ, біз доспыз. Жүр былай қарай. Қайыққа мін.

Энобарб. Суға құлап кетпеңдер.

(Бәрі де кете береді).

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Рим. Цезарь үйінің алдында. Агриппа мен Энобарб біріне-бірі қарсы келе жатыр.

Агриппа. Қалай, туысқандар тарасты ма?

Энобарб. Помпейден құтылысты ғой. Біздің үш таған келісім шартына қол қойып жатыр. Октавия кететін болғанына мұңайып жүр. Цезарь да соған қайғылы. Лепид Помпейдің қонағынан кейін есін жинай алмай жүр.

Агриппа. Қайран Лепид.

Энобарб. Несін айтасың! Ол Цезарьды қандай жақсы көреді!

Агриппа. Антоний екеуінің арасынан қыл өтпейді!

Энобарб. «Цезарь ма? Цезарь — адам баласында теңдесі жоқ Юпитер ғой»!

Агриппа. «Антоний ма? О! Антоний — Юпитерден да биік Юпитер!»

Энобарб. «Сіз Цезарь дедіңіз бе? Теңдесі жоқ!»

Агриппа. «Антоний дедіңіз бе? Ол — Феникс!» Ол екеуін де ешкімге теңгермейді.

Энобарб. Әсіресе, Цезарьды. Антонийді қалай мадақтайтынын айтып жеткізуге тіл жетпесе, Цезарьды айтқанда отыра қал да, тізеңді бүк! Қысқасын айтқанда Лепид боқтықтың қоңызы ғой әшейін. (Керней. Жүріс хабары). Қош бол, Агриппа.

Агриппа. Қош бол, Энобарб.

(Цезарь, Антоний, Лепид, Октавиялар шығады).

Антоний *(Цезарьға)*. Сен бізді шығарып салмай-ақ қой.

Цезарь. Сен менің жанымның бір бөлшегін әкетіп барасың. Көзіңнің қарашығындай сақтағайсың. Қорғап ұста. Қарындасым, сен де, ерлі-зайыпты тұрмыстарыңда менің берген мінездемелерімді ақтарсың. Сен, Антоний, арамызды біріктіріп, одақтастырып отырған алтынымызды арамызды айыратын аранға айналдырып жүрме. Октавияға екеуміз де қорған бола жүрейік.

Антоний. Сенің қаупің — мен үшін жәбір, Цезарь.

Цезарь. Мен айтып болдым.

Антоний. Сен қанша сене алмасаң да, Октавия жайында күдіктенер ешнәрсе таба алмассың. Қош бол. Құдайлар әр кезде сенімен болсын. Рим халқының тілегі саған аусын. Ал, біз жүрдік.

Цезарь. Жолың болсын, қарындасым. Жазғы самал алдарыңнан, қысқы жел арттарыңнан соқсын. Қош, қош!

Октавия. Қош бол, арыстан аға!

Антоний. Октавияның махаббат көктемі ғой. Көз жасы апрель жаңбырындай сорғалай береді.

Октавия. Аға, ерімнің үйіне көз қырын сала жүр. Және...

Цезарь. Аяқта сөзіңді.

Октавия. Оны құлағыңа ғана айтайын.

Антоний. Октавияның тілі жүрегіне бағына алмай, жүрегі тілін бағындыра алмай тұр. Дауылға ұрынған аққу сияқты.

Энобарб *(Агриппаға)*. Цезарь жылап тұр ма?

Агриппа. Жоқ, қабағын шытып тұр.

Энобарб. Ат болмағаны қандай жақсы болған. Ондайы болса, аттың сиқын бұзар еді.

Цезарь. Жоқ, айналайын Октавия, қорықпа. Хат жазысып тұрамыз ғой. Енді бізді ешнәрсе айыра алмайды.

Антоний. Жә, қоштасалық. Кел, бірімізді-біріміз құшағымызда тұншықтырып көрейік. Сау бол. Міне, қыстым қолыңды. Міне, жаздым қолымды. Сені құдайларыңа тапсырдым.

Цезарь. Қош бол. Бақытты бол.

Антоний. Қош бол! *(Бәрі кете береді.)*

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Афинада. Антонийдің үйі. Антоний, Октавия.

Антоний. Жоқ, жоқ, Октавия, бұл ғана емес. Мен ондайдың мыңын кешіре аламын ғой. Цезарь Помпеймен қайтадан соғысып жатқан көрінеді. Бұл — бір. Екінші — ол өсиет-нама жазыпты Онысын жұртқа оқыпты. Өсиет-намасында мен туралы ешнәрсе жазбапты. Тек қана менің ешкім жасыра алмас еңбектерімді атаған.

Октавия. Соның бәріне сене бермесейші, аяулым. Ең болмаса сол үшін күйінбей тұра тұршы. Егер сендер жауласып кетсеңдер мен екі оттың ортасында қаламын ғой. Құдайларымызға қайсыңа болыс деп жалбарынам? Еріме де жеңіс бер, ағама да жеңіс бер деп жалбарынсам, тәңірі маған күлмей ме?

Антоний. Октавия, қай жағымыз сені артығырақ сүйсек, сенің тілегің сол жақта болсын. Мен адамгершілігімнен айрылсам, бәрінен айрылғаным. Мені ондай масқараланған қалпымда көргеніңнен көрмегенің жақсы. Арамызға жүрейін дегеніңді мақұл көремін. Барып қайт, екеумізді жарастырып көр. Мен соғысқа әзірленемін. Ол соғыстың ұяты Цезарьдың мойнында болады. Әзірлен жолға. Мен көндім сенің тілегіңе.

Октавия. Рахмет, сүйікті жарым. Екеуіңді жарасты-

руға Юпитер жәрдем бергей-ақ-ты. Сен екеуің соқтықсаң, қара жер қақ айрылар да, қара жыра өлікке толар.

Антоний. Кім бастағанын бір жағына ойыспай тексер. Кім бастаса, соны кінәла. Екі жағымыздың кінәміз тепе-тең емес шығар. Ашылар шындық. Ал, жолға әзірлен. Нөкерлеріңді таңдап ал. Жол шығынынан ақшаны да аяма. *(Бұлар кетеді. Энобарб, Эрос келеді).*

Энобарб. Ие, Эрос досым?

Эрос. Таңданарлық жаңалықтар бар екен.

Энобарб. Қандай?

Эрос. Цезарь мен Лепид Помпеймен тағы да соғысыпты.

Энобарб. Ол жаңалық емес. Содан соң?

Эрос. Цезарь Помпейге қарсы Лепидті пайдаланыпты да, енді оның жәрдемі болған жоқ дейтін көрінеді. Лепидті жеңіс тойына қатынастырмапты. Ол аз болса, Лепидтің Помпейге баяғыда жазған хаттарын қылмыс деп тауып, өзін тұтқынға алыпты. Сонымен дүниенің үштен бірі қашан өлім құтқарғанша босана алмайтын қамауға түскен.

Энобарб. Енді бар дүние арандай ашылған екі иттің аузы деп біл. Бірін-бірі жеп қоймай тынбайды. Антоний қайда екен?

Эрос. Құтырынып, күркілдеп бақшада жүр. «Ақымақ Лепид!» деп, аяғына іліккен тас па, бұта ма — бәрін теуіп лақтырып, Помпейді өлтіргенді мен де өлтіремін дейді.

Энобарб. Біздің кемелер де әзір тұр.

Эрос. Енді біз Италиямен де, Цезарьмен де соғысатын боламыз да. Айтпақшы ұмытып барады екем, қолбасы саған тез келсін деп еді.

Энобарб. Әшейін шығар. Бәрібір, барайық.

Эрос. Кеттік.

(Екеуі кете береді).

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Рим. Цезарьдың үйі. Цезарь, Агриппа, Меценат.

Цезарь. Ол Римді ашықтан-ашық жек көреді. Оның Александрияда не істегенін білесіңдер ме? Алаңға күміс сахна жасатып, оның үстіне алтын тақ орнаттырып, Клео-

патра мен екеуі қатар отырыпты. Алдарына шетінен қылмысты қылықтан өрбіген балаларын дөңгелете тізіп отыргызыпты. Соның ішінде менің әкемнен болған бала дейтін Цезарион да бар. Клеопатраға Мысырды басқаруға, Сирия, Лидия, Кипрды билеуге шектелмеген өкімет күшін беріпті.

Мецена т. Мұнысы жария ма екен?

Цезарь. Әрине! Ат жарысына жиналған жұрттың алдында. Бір ұлын Армян, Мидия, Парфян патшаларының патшасы деп жариялаған. Енді бір ұлына Киликия мен Финикияны берген. Клеопатра әйел тәңірісі Изиданың киімінде шыққан.

Мецена т. Енді мұны Рим халқы білетін болсын.

Агрипп а. Рим халқы оның менмендігінен баяғыдан бері жәбірленулі. Енді оған тіпті теріс айналып кетеді.

Цезарь. Халыққа оның құлаш-құлаш етіп қойған талабын жарияладық.

Агриппа. Ол талаптарды кімге қойған?

Цезарь. Цезарьды айыптайды. Цицилияны Помпейден тартып алған соң, бір бөлшегін маған неге бермедің дейді. Уақытша берген кемелерімді неге қайтармайсың дейді. Лепидті неге түсірдің, оның дүниелігін неге түгел басып қалдың дейді.

Агриппа. Жауап қайтару керек.

Цезарь. Жауап қайтарылды ғой. Шапқыншы жолда болар. Мен оған Лепид өзінің қаталдығымен өкімет дегеннің маңызын түсірді. Сондықтан орнынан алынды дедім. Мен оған жеңіп алған жерлерді бөлісуге мен әзір, бірақ Арменнядан тағы басқа жерлерден сен де маған қарас дедім.

Мецена т. Ол бұған ешуақытта бармайды.

Цезарь. Онда бізге де өкпелемесін.

(Нөкерлерімен Октавия келеді.)

Октавия. Атақ-даңқың аса берсін, Цезарь! Аманбысың, аға!

Цезарь. Сені тастаған болды ғой! Әттең, мұны да көрдім-ау!

Октавия. Олай деуіңе әзір себеп жоқ.

Цезарь. Онда ұрланып келдің? Цезарьдың қарындасы осылай кіре ме екен? Антонийдің әйелінің алдында әскер келе жатпас па! Сенің келе жатқаныңды аттардың кісінеуі, керней үні неге білдірмеді? Сен келе жатқанда адам біткен ағаш басында неге болмады? Шаң неге аспанға

көтерілмеді? Теңіз бетіндегі, жер бетіндегі айғай-шу қайда?

Октавия. Ұлы аға, мені бұлай келуге ешкім зорлаған жоқ, өзім осыны қаладым. Жарым Марк Антоний сенің қаруланып жатқаныңды айтты маған. Мен одан Римге келіп қайтуды өтініш еттім.

Цезарь. Ол оңай көне кетті!? Сен жоқта еркін бір сапырайын деді ғой.

Октавия. Аға, мұның достық емес.

Цезарь. Оның барлық жайы мәлім маған. Бақылауға қойылған көз бар. Оның хабарын маған жел де жеткізеді. Қазір ол қайда өзі?

Октавия. Афинада.

Цезарь. Жоқ, сорлы қарындасым. Оны Клеопатра шақыртып алды. Ол барлық билікті жезөкше сайқалға берді. Олар менімен соғысу үшін патшаларды жинап жатыр. Каппадокия мен Ливия оларға қосылды. Пафлагон, Фракия, Араб патшалары онымен одақтасып отыр. Тағы да ондаған патшалар соның тобында.

Октавия. Мұндай қайғыға кім ұшыраған! Жауласуға қалған екі достың арасында менің жаным да екіге жарылып барады.

Цезарь. Мен онымен айрылысып кетуді сенің өтінішің бойынша үнемі кешеуілдетіп келіп едім. Бірақ, сенің қатты алданғаныңды көрдім. Енді кешігудің қауіпті екенін түсіндім. Көп қайғыра берме, жазмышқа көз жасын төкпей мойында. Қош келіпсің. Қарындасымның келгені біз үшін үлкен қуаныш. Сенің қорлануыңда шек жоқ. Кегіңді қайтарар біз болармыз.

Агриппа. Келуіңмен, Октавия.

Меценат. Келуіңмен, Октавия. Сені барлық Рим халқы аяйды. Жалғыз Антоний ғана сені кеудеден итеріп тастады.

Октавия. Онда манадан бері естігендерім дұрыс болғаны ма?

Цезарь. Түп-түгел дұрыс. Қош келіпсің. Бізде тұра бер. Шыдай біл, шыдай біл!

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Акциум маңайы. Антонийдің лагері.

(Клеопатра мен Энобарб.)

Клеопатра. Мұны мен саған кешірмеймін. Шүбәланба!

Энобарб. Нені кешірмейсің? Нені? Нені?

Клеопатра. Сен маған әскерде орын жоқ, барғаның ұят дейсің.

Энобарб. Ұят емей немене?

Клеопатра. Мысыр сендердің одақтастарың. Олай болса мен неге әскер ішінде бола алмаймын?

Энобарб *(өзіне)*. Атты әскерді байталдар мен айғырларды араластыра құрсақ, байталдар айғырымен бірге үстіне мінген әскерді де алып кетер еді.

Клеопатра. Сен не деп күбірлеп жүрсің?

Энобарб. Сен барда Антоний ала көңіл болып жүреді. Бар күші, уақыты, ойы бәрі саған кетеді. Антонийді онсыз да ала құйын, есалаң дейді Рим.

Клеопатра. Өсекші Римнің тілі қырқылсын. Менің халқым соғысқа қатынасатын болғасын, мен, Мысыр падишасы еркектер қатарында соғысқа қатынасамын. Қарсыласпа, бәрібір көндіре алмайсың.

Энобарб. Қарсыласар ойым да жоқ. Міне, әміршіміз де келіп қалды. *(Антоний мен Канидий келеді).*

Антоний. Ғажап, Канидий, ғажап! Цезарьды айтамау, екі арадағы сонша көп теңіздерден осынша тез өтіп қалай келіп қалды? Ұшып келді ме? Сен естідің бе, сүйіктім?

Клеопатра. Жылдамдыққа тек жалқаулар ғана таңданады.

Антоний. Кестің тілімді, еркекше кестің. Канидий, біз онымен теңізде соғысатын болдық.

Канидий. Теңізде?

Антоний. Ол бізді теңіз жекпе-жегіне шақырып отыр.

Энобарб. Онда не тұр? Сен оны жекпе-жекке ешуақытта шақырмап па едің!

Канидий. Соны айтамын-ау. Фарсалада шақырғансың, Помпей мен Цезарь соғысында. Ол шықпай қалған. Сен де солай ет, теңіздегі жекпе-жекке шықпа!

Энобарб. Сенің кемелеріңде іске татыр команда жоқ: түйе айдайтындар, орақшылар сияқты құн-жынды матрос етіп ала беріпті. Цезарьдың кемелерінде сыннан өткен, Помпеймен соғысып пісіп-қатқан адамдар. Кемелері де сенің кемелеріңнен анағұрлым жүйрік. Сен оны құрлық жекпе-жегіне шақырсаң, оның тұк ұяты жоқ.

Антоний. Жоқ. Теңіз жекпе-жегі, теңіз.

Энобарб. Сенің күшің құрлықта. Әскердің жарым-жартысын кемеге ауыстырсаң, күшіңді әлсіретіп аласың. Құрлықтағы өнеріңді де көрсете алмайсың. Көріне көзге жеңіс жолынан тайып тайғанақ жолға түсесің.

Антоний. Жоқ, мен теңізде соғысамын.

Клеопатра. Менің алпыс кемем біріне-бірі сай, Цезарьдың кемелерінен күштірек.

Антоний. Басы артығын өртейміз де, қалғандарының командасын күшейтеміз. Теңізде бағымыз жанбаса, құрлығымыз тағы бар емес пе! *(Шапқыншы келеді).* Ие, не әкелдің?

Шапқыншы. Хабар анықталды. Цезарь таянып қалды.

Антоний. Әскері қалай жетіп қалды деп таңданып жүрсем, өзі де келіп қалды ма? Канидий, сен жағада қалатын он тоғыз лек жаяу әскер мен он екі лек атты әскерге жауаптысың. Ал кеттік кемеге, падишам. *(Солдат келеді).* Немене, көкжалым?

Солдат. Атақты патшам, теңізде соғыспасаң екен. Кеме деп аталатын шіріген тақтайларға сенбесең екен. Суда бұлтаңдасуды Мысырға-ақ бер. Бізді табан тіресіп айқасатын құрғаққа сал.

Антоний. Жақсы: Кеттік. *(Клеопатра, Энобарб үшеуі кетеді).*

Солдат. Ант етем, менікі дұрыс.

Канидий. Сенікі дұрыс, солдат. Антоний да өз еркімен тәуекел етіп тұрған жоқ. Оны қатын жетелеп әкетті. Біз бәріміз де сол қатынның қызметіндеміз.

Солдат. Сен құрлықтағы әскерді басқарамысың?

Канидий. Ие. Теңіздегі соғысты Марк Антоний тағы басқалар басқарады *(Хабаршы келеді).* Ие, немене?

Хабаршы. Сені әміршің шақырады.

Канидий. Тағы да ма? Минут сайын қауіпті хабар күтеміз де.

(Кетеді.)

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Теңіз жағасындағы жазық. Теңіз соғысының от-жалыны көрінеді, гүрсілі естіледі. Энобарб ерсілі-қарсылы жүгіріп, қатты тыпыршып жүр.

Энобарб. Біттік, біттік, біттік! Бәрі бітті. Қарап тұруға шама жоқ. Ойрандалдық. Мысырдың флагман кемесі қашып жөнелді. Оның артынан барлық алпыс кеме жосылып барады. Біттік! Мынаны көріп тұрып ұяттан соқырайып қалатын шығармын. Масқара-ай! *(Скар келеді).*

Скар. О, ер құдай, әйел құдай, бүкіл аспан әлемі, не болдық, не болдық? Не жаздық?

Энобарб. Не болды, неге өкіресің?

Скар. Ақымақтықтан дүниенің қақ жартысынан айрылдық емес пе! Қанша патшалықтан, қанша өлкелерден айрылдық!

Энобарб. Ие, майдан қалай жүріп жатыр?

Скар. Обадай қырғын. Майдан емес, қырғын. О, Мысырдың шыжың байталы, арам қат сен, арам қат! Екі жақтың күші теңеліп, қайта біздің жақ алғалай бергенде, қандай бүгелек шағып алғанын білмеймін, құйрығын шаншып алып қаша кеп жөнелді.

Энобарб. Көрдім. Қарап тұруға шамам келмеді.

Скар. Ол желкенін көтеріп алып қаша жөнелген соң, Клеопатрадан басқаның бәрін ұмытып, тай-таласта тұрған майданды тастап, байталдың соңынан Антоний да кетіп отырды. Бұған теңдесер масқараны көрген емен. Майдан өнері, тәжірибе, атақ дегеннің бәрі адыра. *(Канидий келеді).*

Канидий. Теңіздегі үмітіміз құрыды. Біздің қолбасымыз бұрынғысындай өздігін сақтай алғанда, бәрі де жақсы болатын еді. Әттең, ол опасыздық жасап қаша жөнелді де, бәрімізді ертіп әкетті. Біттік.

Энобарб. Енді сенің үнің осылай шыға бастады ма! Онда біткен екеміз. Жолың болсын.

Скар. Оқиға аяқталып болғанша мен де кеттім.

Канидий. Мен полктарымды Цезарьға апарып берем. Алты патша солай етіпті.

Энобарб. Күнделік күңкілі олай етпе десе де мен Антонийді жаралы тағдырдың үстінде тастап кете алмаймын.

(Үшеуі де тарасып кетеді.)

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Александрия. Клеопатраның сарайы. Жақындарымен Антоний келеді.

Антоний. Енді мені көтеріп жүруге жер де ұялатын болды. Мен осында айналақтап жүріп, өмірдің жолынан адасып қалдым. Менің алтынға толы кемем бар. Достарым, соңғы сыйлығым ретінде соны бөліп алыңдар. Содан соң қашыңдар Цезарьға.

Жақындары. Жоқ, жоқ!

Антоний. Мен өзім қашып, қорқақтарға өнеге көрсеттім емес пе! Айрылысайық, достарым. Бара беріңдер. Алтынды кеме ықтырмасында тұр. Ол сендердікі. Не істегеніме өзім ұяламын. Соқыр да мен, есалаң да мен болдым. Таныс достарға хат жазып берейін, қайда барсаңдар да дұрыс қарсы алар. Өзін-өзі ұмытқан адамды сендер де ұмытыңдар. Әмір етуге қақым жоқ, тарауларыңды өтінем. (*Достары тарайды. Клеопатра, Хармиана, Ира, кейінірек Эрос келеді*).

Эрос. Жақында, қасына барып көңілін көтер.

Ира. Сөйт, сүйікті падишам.

Хармиана. Әрине.

Клеопатра. Жоқ, мен отырайын. О, құдайым-ай!

Антоний. Жоқ, жоқ.

Эрос. Тым болмаса қарасаңшы, патшам.

Антоний. Жиіркенем, жиіркенемін.

Хармиана. Падишам!

Ира. Ұлы падишам! Жақындашы қасына. Сөзіңмен болса да көтерші көңілін. Ол ұят салмағынан жаншылып қалған ғой.

Эрос. Әміршім!

Антоний. Ие, әміршің! Мен неше майданда қан-жоса болып жүргенде, Цезарь тек әмір беруді білетін. Қылышы қынабынан суырылмайтын. Қазір ше? Жә, бәрібір енді.

Клеопатра. Мен тұрайын, біреуің жәрдем етіп жіберші.

Эрос. Падишам, сен де түрегел. Падиша-ханым саған қарай беттеп келеді. Басы төмен түсіп кеткен. Оған да оңай боп жүр деймісің. Тым болмаса, сөзіңмен көңілін көтеріп, тірілт!

Антоний. Мысырдың падишасы, сен мені қандай халге жеткіздің, ә?.. Бұған дейін арамызда не болса бәрі адыра қалды. Енді мен сенен де жүзімді жасырғым келеді.

Клеопатра. О, әміршім менің! Мен адам қырылысын көріппін бе, қан төгілгенін көріппін бе!.. Қорқып кетсем, кешіре гөр. Менің қорқып қаша жөнелгенімнің саған әсері болар деп ойламап едім.

Антоний. Мен саған жүрегімнен арқандаулы адам емес пе едім. Сен жөнелсең, мен де артыңнан қалмайтынымды сен жақсы білетінсің. Сен иек қақсаң болды, мен тәңірлердің әміріне де қарамайтынымды білетінсің.

Клеопатра. Кешіре гөр мені!

Антоний. Енді міне, қызыл тірнек балаға, Цезарьға, бас иіп, арыз жазып отырмын. Төменшілік көрсетіп, алдаусыратқым келеді. Дүниенің қақ жартысын билеп, тағдырын қолына ұстап ойнаған Антоний емес пе едім!

Клеопатра. Кешіре гөр мені, кешір! *(Жылайды).*

Антоний. Жылаудың керегі жоқ. Сенің көз жасыңды көрсем, өзге дүниені ұмытып кетем. Бір сүйсең болғаны, жетіп жатыр. Мен Цезарьға мұғалімді жіберіп едім, келмеді ме екен? Ах, сүйіктім-ай, осы түршігулерден денем түгел қорғасын құйып қойғандай. Азырақ бірдеме жеп, бірдеме ішкен дұрыс болар. Тағдырың қандай қиындаса, онымен алысу да оңай бола бермес.

(Кете береді.)

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Мысыр. Цезарьдың лагері. Цезарь, Долабелла, Тирей, тағы басқалары.

Цезарь. Кірсін Антонийдің елшісі. Кім екен өзі?

Долабелла. Үй мұғалімі көрінеді. Түріне қарасаң, жұлынған қораздай. Тәуір қауырсындардың бәрінен айрылған. Бұл күндерге дейін патшаларға тапсырма беріп айдап жүруші еді. *(Евфроний келеді).*

Цезарь. Жақында берірек.

Евфроний. Бейшаралығыма қарамастан Антоний мені елшілікке жіберіп еді.

Цезарь. Ол не айтуға бұйырды?

Евфроний. Ол сені өз тағдырының патшасы деп таниды да, Мысырда тұрып қалуға рұқсат сұрайды. Ол болмаса Афинада елеусіз бір жан болып тіршілік етуді өтінеді. Енді Клеопатра жайына келейік. Ол да сіздің ұлы мәрте-

беңіздің алдында бас иіп, Птоломейдің таж-тахыты өз нәсіліне қалдырылса екен дейді.

Цезарь. Антонийдің өтінішіне мен құлақ аспаймын. Падиша-ханымға көңіл аударуға уәде етем. Тек масқара болған досын не Мысыр жерінен айдап тастасын, не болмаса өлтірсін. Сонда мен де мейірім етермін. Менің екеуіне де берер жауабым осы.

Евфроний. Қай ісіңде де бақытты бол.

Цезарь. Қарауылдан өткізіп жіберіңдер. *(Евфроний кетеді).* Тирей, сенің қызыл тілдің майын тамызуыңа сирек кездесер кезең осы. Бар, Клеопатраны бізге бұрып ал. Менің атымнан қандай уәде берсең де аяма. Өзің де алтын тауларын үй алдына. Әйел деген қуаныш үстінде де тұрақты болып көрген емес, қайғы үстінде тіпті тұрлаусыз. Бар айлаңды аяма, еңбегің жанса, менен не қаласаң да аласың.

Тирей. Келістік, Цезарь.

Цезарь. Антонийдің халі қалай екен. Ойы қандай, қандай жасырыны бар екен, бәрін біліп қайт.

Тирей. Аянбаспын.

(Екеуі де кете береді.)

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Клеопатраның сарайы. Клеопатра, Энобарб, Хармиана, Ира.

Клеопатра. Ал, енді біз қайтеміз, Энобарб?

Энобарб. Ойлана келгенде өлген дұрыс болар.

Клеопатра. Біздің бұл бақытсыздыққа ұшырауымызға кім айыпты? Антоний ма, мен бе?

Энобарб. Жалғыз Антоний. Ол құшақ құмарлығына ақыл-есті құл етіп жіберді. Сенің қорыққаның кешірілу керек. Біреуді-біреу бауыздап жатқан, шек-қарынын ақтарып жатқан қанды айқасты көріп тұрып қорықпауға болмайды әйелге. Бірақ Антоний қашпау керек еді! Махаббат қышымасы солдат борышын басып кетпеуі керек еді. Кемедегі жұрттың бәрінің көзінше қаша жөнелуден де жеңіліп қалғанның масқарасы жеңіл емес пе!

Клеопатра. Өтінемін, ақырынырақ сөйлеші.

(Антоний мен Евфроний келеді.)

Антоний. Цезарьдың берген жауабы осы ма?

Евфроний. Осы, падишам.

Антоний. Егер мені ұстап берсе, падиша-ханымға жеңілдік уәдесін береді.

Евфроний. Айтқаны осы.

Антоний. Амал не, падиша-ханымға бұлжытпай түгел айт. Менің бұрылдана бастаған басымды Цезарь балаға жібер. Сыйлыққа етегіңді толтыра бірнеше патшалық салып береді.

Клеопатра. Тап осы сенің басыңды ма, әміршім?

Антоний *(Евфронийға)*. Қайта бар оған. Былай де, ол күші толған жас, мен күші қайтқан кәрі, қолымызға қылыш алып жекпе-жекке шығайық. Жүр, мен оған жазып та жіберейін.

(Екеуі кетеді.)

Энобарб *(өзіне)*. Бәлі! Жеңген Цезарь жеңісін қайтадан бәйгеге тігіп жекпе-жекке шықпақ па? Жағдай соққысының ауырлығы сонша, ойлаудан да айрылдық. Бар тағдырды қолына ұстап отырып, Цезарь жығыла жеңілген сенімен несіне есептеспек? Цезарь, сен әскерді ғана талқандаған жоқ екесің, ақыл-ойды бірге талқандапсың.

(Қызметші келеді.)

Қызметші. Цезарьдан елші!

Клеопатра. Кірсін. *(Қызметші кетеді).*

Энобарб *(өзіне)*. Арыммен екі арамыз ойран-ботқан бұзылып барады. Есінен айрылғанға ере беру есінен айрылғанның ісі де. Бірақ құлап түскен басшысына опасыздық көрсетпеген адам ұрпақтың есінде қалатыны да рас. *(Тирей келеді).*

Клеопатра. Ие, Цезарьдың байламы не болды?

Тирей. Оны, рұқсат болса, оңашада айтар едім.

Клеопатра. Мұнда отырғандардың бәрі де достар. Іркілмей айта бер.

Тирей. Бірақ бұлардың бәрі де Антонийдің достары ғой.

Энобарб. Цезарьға достар қандай керек болса, Антонийға да сондай керек. Келісе ме, жауласа ма, оны қолбасылар шешеді. Біздің міндет бағынуда емес пе?

Тирей. Жақсы. Атақты падиша, құлақ сал, Цезарь мынаны өтінеді: мынау аласапыранда менің Цезарь екенімді ұмытпасын деді.

Клеопатра. Ие, патшаға ғана айтар сөз. Одан соң?

Тирей. Цезарь сені Антониймен махаббат арқылы емес, қорыққандықтан бірге тұрып жатыр деп сенеді.

Клеопатра. О!

Тирей. Сондықтан сенің атыңа таңба түскенін өкініш етеді. Бірақ оған сен кінәлі емес деп есептейді.

Клеопатра. О, құдайым-ай! Менің ар-намысым қарсыласқанын, амалсыз мойындағанын біледі екен ғой!

Энобарб *(өзіне)*. Сорлы Антоний, сені осынша жақындарың тастап кетіп жатқанда, маған да бас сауғаламасқа амал қалған жоқ. *(Кетеді.)*

Тирей. Цезарьға не айт деп бұйырасың маған? Ол сенің өтініш жасағаныңа қуанар еді, әрине, орындау үшін. Мұқтаждық туа қалса, Цезарьдың күшіне сүйен. Цезарьдың бас арманы — сен Антонийдан айрылып, дүниенің жапа-жалғыз билеушісі болып қалған адамның ығына паналасаң екен.

Клеопатра. Сенің атың кім?

Тирей. Тирей.

Клеопатра. Былай болсын, айналайын. Сен арқылы мен Цезарьға мынаны айтқым келеді: жеңіспен келген билеушімнің қолынан сүйіп, басымды иіп, таж-тахытымды алдына тастаймын. Мысырға шығарар үкімін өз аузынан естігім келеді.

Тирей. Ең адастырмас жол осы. Жеңілістен жеңіліске ұшырап, сәтсіз бір кезеңге киліккенде, қол жетерге қуана білу — барып тұрған даналық. Бас иіп, қолыңнан сүюге рұқсат ет.

Клеопатра. Қазіргі Цезарьдың әкесі, жаңа бір жорықтарды ойластырып тұрғанда қолымнан есепсіз сүйе беруші еді.

Антоний. Бұл қай сүйіспеншілік? Юпитер! Түсір жайдың оғын! Сен қайдан келген немесің?

Тирей. Кімнің әмірі жүріп тұрса, содан!

Антоний. Ей, бері келіңдер! Сойыңдар мынаны! Естімеулерін қарашы! Даусым шықса, патшалар жүгіріп келуші еді. Енді ешкім жоқ. Ей, ей, саңырау болып қалдыңдар ма? Мен әлі Антониймын! *(Қызметші келеді.)* Әкет мынаны, сойып сал! Сойып сал дедім ғой. Неменеге аңырып қалдыңдар? Сойыңдар апарып!

Тирей. Марк Антоний...

Антоний. Әкетіңдер! Сойып-сойып қайта алып келіңдер. Цезарьға жіберетін хатым бар. Осы қуыршақтан беріп жіберем. *(Қызметші Тирейді алып кетеді.)* Сен менімен танысардан бұрын да балбырап тұрған жас емес едің. Римдағы ақ-адал жарымды тастап, әйел біткеннің асылынан бала көргім келмесе, сенің кезкелгенмен қылмыңдаса беруіңді көтере береді деп пе едің?

(Антоний мен Энобарб келеді.)

Клеопатра. Әміршім...

Антоний. Сен қашан да түк істегің келмейтін сайқал едің. Азғындаудың шегіне жеткеніңде не боларыңды білемісің? Ит иіскемейтін салдама да салдақы боласың! Мен сені алғанда Цезарьдан қалған мүжіме едің. Помпей де қарпыған екен сені. Жұрт құлағына бәрі бірдей шалынбаса да, сенің бір сағатың бос өткен емес. Ұстамдылық деген сөзге таныс боларсың, әрине. Бірақ өз өміріңде оның не екенін білген жан емессің!

Клеопатра. Не үшін, қай кінәм үшін азаптайсың?

Антоний. Патшаның мөріндей, патшаның аңтындай қол тигізбес әйелім емеспісің? Кезкелген кездейсоққа қалай қолыңнан сүйгіздің? *(Тирей мен қызметші келеді.)* Сойдыңдар ма?

Қызметші. Сойылды, әміршім.

Антоний. Бақырды ма? Кешірім сұрады ма?

Қызметші. Аяй көріңдер деп жалынды.

Антоний. Сен Цезарьға қызмет ететінің үшін жазаландың. Соған өкін. Бұдан былай әйелдің қолын көрсең, қалтырап тұратын бол. Бар, қайт ізіңше. Сені қалай қабылдағанымызды Цезарь да білсін. Мен оның менмендігін көтере алмаймын деп айтты де. Енді марш! *(Тирей кетеді.)*

Клеопатра. Сен болдың ба айтып?

Антоний. Менің айым батты. Бітті Антоний.

Клеопатра. Мен әлі де күтемін.

Антоний. Цезарьға жағыну үшін, оның құлына да көз қылмыңдату керек болды ма?

Клеопатра. Мені сонша жаман біледі екесің-ау...

Антоний. Сенде жүрек емес, тас!

Клеопатра. Егер менің жүрегім тас болса, уланған тас бұршақ болып жауып, әуелі өзімді атсын. Одан соң Цезарионымды атсын! Ұзамай сұрапыл дауыл көтеріліп ұрпақ-нәсілдерімнің есінен менің атымды біржола өшіріп әкетсін. Көмілмей қалған денелеріміз моласын қара шыбынның қарнынан тапсын.

Антоний. Қарғанбашы. Мен иланамын. Тыңдашы. Цезарь Александрияны қоршап келеді. Оның жолын бөгеуіміз керек. Құрлықта біз әр кезде берік тіресуші едік. Тарап, тозып кеткен кемелер жиналып, бұрынғысындай айбынды күшке айналды. Ығып-бұғып қалған ерлігімді қайта тапқандаймын. Кім біледі, мен сені қан-қан болып келіп құшақтармын. Антонийдың абыройын да, қылышымның абыройын да босқа төкпеспін. Үміт әлі бар.

Клеопатра. Атақты ерімді қайта көре бастадым ғой.

Антоний. Көре бастасаң, бүгінгі түнді бұрынғысындай күркіретіп өткізейік. Иығы түсіп кеткен командирлерді шақырайық. Күлкіміздің аспан тағы бір жаңғырықсын да!

Клеопатра. Бүгін менің туған күнім ғой. Мен оны мейрамдамақшы емес едім. Бірақ, сен бүгін қайтадан Антоний болған екесің, мен де қайтадан Клеопатра!

Антоний. Көрерсің, біз жеңеміз!

Клеопатра. Барлық жоғары командирлерді шақырыңдар!

Антоний. Мен оларға кешке таман сөз сөйлегім келеді. Айқастарда алған жараларын шараппен емдейік. Қайғырма! Әлі де өмір бар. Алдағы айқаста өлімнің өзін таңдандырармын.

(Энобарбтан басқалары кетеді.)

Энабарб. Көздері найзағаймен теңескендей жарқырайды. Күйініп жүр. Қорыққандықтан қауіп-қатер барлығымен есептеспей ерленіп алыпты. Ақыл-естен айрылғандығы батылдығын қайтарып бергендей. Есерліктің ойыншығы болған ақыл-естен сорлы не бар дейсің. Топастанған ой тот басқан қылыш қой. Енді мен де бұдан қалай құтыларымды ойлауым керек. *(Антоний мен Клеопатра қайтып келеді. Қастарында Эрос, Хармиана бар).*

Антоний. Жекпе-жекті қабыл алмапты Цезарь.

Энобарб. Неге қабылдасын!

Антоний. Неге қабылдамайды?

Энобарб. Ол сенен жиырма рет артық бақытты.... Сондықтан жиырма рет күшім де артық деп санайды. Күшің теңдес болмаған соң обалсынғаны да.

Антоний. Ертең айқасып көрерміз. Теңізде де, құрлықта да. Не, мен тірі қалармын, не болмаса ар-ұятымды қаныммен жуып ақталып өлермін. Сен ше?

Энобарб. Қатар тұрып алысармын.

Антоний. Болыпты! Әкеліңдер сауытымды. Кеттім лагерьге.

Клеопатра. Аз ғана ұйықтап алмайсың ба?

Антоний. Жоқ, қымбаттым. Эрос, сауытымды әкел. *(Эрос сауыт қару-жарақтар әкеледі).* Киіндір темір сауытты. Егер менің бағым ауып кетсе, шат өмірдің жазаланғаны болар.

Клеопатра. Өзім киіндірейін... Мына бір айылбастың ілгегі қайсы?

Антоний. Сен қоя тұр. Шатастырма. Сен менің жүрегімнің ілгегін ғана білесің.

Клеопатра. Былай етсем, дұрыс бола ма?

Антоний. Дұрыс, дұрыс. Көресіңдер ме? Ұғып ала қойды. *(Энобарбқа)*. Бар, өзің де қарулан.

Энобарб. Қазір. *(Кетеді)*.

Клеопатра. Не?.. Киіндіре алмадым ба?

Антоний. Тамаша киіндірдің. Менің ілгектерімді ағытам деген адам аман қала алмас. Тезірек, айналайын, тезірек. Эрос, үйрен падишамыздан. Ах, сен менің қалай алысқанымды көріп тұрсаң! Оның үстіне алысудың не екенін білсең, патшалардың істейтін ісі осы екен дер едің-ау!.. *(Солдат келеді)* А, аманбысың, інішегім!

Солдат. Темір киген мыңдар күтіп тұр, падишам. (Керней. Әскер басылар келеді).

Әскер басы. Күн жақсы, жасасын қолбасымыз!

Бәрі. Жасасын, жасасын!

Антоний. Жасасын лектер! Ал сен, айналайын, қош бола тұр. Менің күнім қандай болса да мейлі, сен жасай бер. Міне, солдаттың сүйісі! Сау бол! Әлгі Энобарб қайда екен, шақырыңдаршы.

Солдат. Не келе алмас. Не болмаса Цезарьдың лагерінен «енді мен сенікі емеспін!» деп айғайлар.

Антоний. А!.. Солай болды де!.. Ол бізді тастап кеткені ме?

Солдат. Жүктерін де алмай кетіпті.

Антоний. Жүктерін өзіне жібер, Эрос. Амал не, менің тағдырымның айналсоқтығы сондай, сенімді адамды да бездіргені ғой! Кеттік! *(Антоний, соғыс адамдары кете береді)*.

Хармиана. Біз сіздің бөлмеде болсақ қайтер екен.

Клеопатра. Сол дұрыс болар, баралық. Әттең, бұл таласты жекпе-жекпен шешкен болса, мәселе басқаша болар еді-ау... Ол болмады ғой... Жүр кеттік.

(Бұлар да кете береді.)

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Александрия. Цезарьдың лагері. Цезарь, Агриппа, Меценат, Энобарб тағы басқалары.

Цезарь. Мені бала деп қорлайды. Мені Мысырдан айдап тастайтын адамша сөйлейді. Елшімді сабапты. Өзімді жекпе-жекке шақырыпты. Есітесіңдер ме, Цезарьды Антоний жекпе-жекке шақырған! Ақымақ! Мені өміріммен ойнауға басқа жол таба алмас деп ойлады ма екен?

Меценат. Қауіпті қайуан құтырына бастаса, оны сен бір тар қыспаққа қамағаным деп біл. Енді оған дем алдырма. Ашу қысқанда абайсыздық та көбейетін.

Цезарь. Енді оны қамалға алып көрерміз: Агриппа, сен ұмтыл. Баста айқасты. Менің әмірім — Антонийді қолға тірі түсіріңдер. Армия түгел құлақтансын.

Агриппа. Орындалады, Цезарь.

Цезарь. Жаппай бітім алыс емес. Бүгін ісіміз оңғарылса, дүниенің үш бөлігіне де біздің тудың көлеңкесі түсетін болады.

(Хабаршы келеді.)

Хабаршы. Антоний майданда.

Цезарь. Агриппа, Антонийдан қашып келгендерді майданның алдына тосарсың. Антоний алғашқы ашуын өз адамдарын қырып бассын. *(Энобарбтан басқалары кетеді).*

Энобарб. Антонийдан қашқандарда сан жоқ. Алексас қашып келген екен, оны Цезарь асып өлтірді. Канидий қашып келген екен, оған да сенетін көрінбейді. Мен қандай опасыздық істедім деймін-ау!.. Не деген ұят! Енді өмірден қандай бақыт күтпекпін? *(Солдат келеді).*

Солдат. Антоний сенің нәрселеріңді беріп жіберіпті, Энобарб. Хаты да бар берген, міне. Жіберген адамы шатырыңның қасында сенің жүгіңді түсіріп жатыр.

Энобарб. Бәрін де саған сыйладым. Сен ал.

Солдат. Сен маған күлме, Энобарб. Менікі қалжың емес. Сенбесең, ана балшық қорғанның ар жағына шықшы. Сіздің әміршіңіз баяғысындай, мырзалықтың құдайы екенін көресің. Мен сақшылықта тұрмын. *(Кетеді.)*

Энобарб. Дүниедегі барлық арамдардың ішіндегі ең арамы мен болдым. Антоний, сен адамгершіліктің бұлағысың ғой! Опасыздығыма қарамай, осынша алтын жіберсең,

сенімдің болсам, не берер едің! Мұның жүрегіме қадалған қанжардай тиді. Мен тағы саған қарсы соғыспақпын-ау, Антоний! Жоқ! Ең бір сасық жыра тауып алып, соған құлай кетіп өлермін. Енді маған лайығы сол-ақ! Кешіре гөр, Антоний!

(Кетеді.)

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Майдан аралығы. Шабуыл, айғай-шу. Барабан, керней үндері. Агриппа шығады.

Агриппа. Кейін! Кейін шегініңдер! Біз тым алға шығып кеттік. Цезарь да қысылып қалды. Біздің жай ойлағанымыздан анағұрлым төмен. *(Кетеді. Шабуыл айғайы. Антоний мен Скар шығады).*

Скар. Менің батыр падишам! Айқасу деп міне осыны айту керек! Егер біз бірден киіп кеткен болсақ, мыналар бастарын кез келген кір шүберекпен таңып, тырқырай қашатын еді.

Антоний. Сенің үсті-басың қан, жаралысың ғой?

Скар. Мына бір жерімде «Т» сияқты екі жарақатым бар еді, соған үшіншісі қосылып «Н»-ге айналды.

Алыста шегіну белгісі. Антонийдің әскер басылары келеді.)

Антоний. Аналар шегініс белгісін беріп жатыр.

Скар. Біз әлі оларды столдың астына тығамыз. Менде әлі жараланатын жерлерім жоқ емес. *(Эрос келеді).*

Эрос. Аналарды талқандадық! Біздің хал қазір жеңіске тең.

Скар. Енді оларды ізіне түсе қуып, қояндай қыру керек.

Антоний. Көңіліңнің көтеріңкілігі үшін бір наград, өжеттігің үшін он наград бердім. Біз аналарды лагеріне қуып тықтық. Біреуің падиша-ханымға барып хабарландаршы. Бүгін сау қалған жаудың ертең бәрінің де қаны төгіледі. Бәріңе де рахмет! Әрқайсың алыптай соғыстыңдар, қалаға барып әйелдеріңді қуантыңдар: қандарыңды қуанған көздің жасымен жусын, жараларыңды сүйіп емдесін. *(Скарға келе жатқан Клеопатраны нұсқап)* Қолыңды берші, сенің көрсеткен ерліктеріңе алғыс айтуды падиша-ханымға тапсырайын. Алғысты періштенің аузынан естісең, қор болмассың. *(Клеопатраға.)* Көзімнің қарашығы, бас иер падишам! Темір құрсанған қойыннан жалаңаш біле-

гіңмен бір құшақташи. Отты лебің темір сауыттан өтіп, жүрегіме жетсін. Жетсін де, алқынуын бассын.

К л е о п а т р а. О, патшалардың патшасы, ерлердің ері, теңдесі жоқ арыстаным! Жау қоршауын талқандап күліп қайтыпсың ғой!

А н т о н и й. Теңдесі жоқ бұлбұлым! Жайраттық жауды. Бурыл тартқан шаштың астында әлі де қажыр қалған екен. Қайратқа келсе, әлі де жастарды ұялта алатынмын. Енді мына бір батырмен таныс. *(Скарды нұсқайды).* Қолыңды ұсын. Ол құдайдай соғысты.

К л е о п а т р а. Мен оған патшалық қорындағы алтын сауытты сыйладым.

А н т о н и й. Алтын сауыттың үсті-басы түгел меруерт болса да мұның ерлігіне артық болмайды. Кәне, қолыңды әкел, Александрияға салтанатпен кірейік. Сарайдың залына сыя алсақ, бәріңді де қонаққа шақырар едім. Тұрбашылар, кернейшілер, барабаншылар! Соғыңдар солқылдата! Астана қосыла күңіренсін, жер мен көк бірге гүрсілдеп жеңіспен қайтқан әскерге алақан соқсын!

(Музыка. Бәрі де кете береді.)

ҮШІНШІ КӨРІНІС.

Екі лагерьдың аралығында.
Антоний мен Скар. Арт жақтарында әскер.

А н т о н и й. Бұлардың бүгінгі аңдитыны кемелер. Құрлықта біз оларға ұнамай қалдық қой.

С к а р. Теңізде де!

А н т о н и й. Әуеде ме, жерде ме, енді оларға теңдік жоқ. Жә, іске кірісейік. Жаяу әскерді қаланы айналдыра төбелерге орналастыр. Кемелерге бұйрық берілген. Кемелер әне қозғалды. Мына төбеде өзіміз тұрайық: теңіз де, кемелер де көрініп тұратын болсын. Жаудың қозғалыстарын бақылауға да сол төбе жақсы. Айқас әлі басталған жоқ. Себебі неде екен, байқап қайтайын. *(Кетеді).*

С к а р. Клеопатраның кемесіне қарлығаштар ұя салыпты. Болжалдар оның себебін таба алмай қойды. Бәрі де тұнжырап қарайды. Бір шындықты жасыратын сияқты. Антоний біресе ерленіп, біресе екіленіп, жынданғандай боп жүр. Біресе қауіптенеді, біресе үміттенеді. *(Алыста теңіз айқасының шуы естіледі. Антоний келеді).*

Антоний. Құрыдық, біржола, құрыдық. Мысырдың сайқалы құрытты бізді. Менің кемелерім жауыма беріліп кетті. Кемелер ескі достарша табысып, бөрік лақтырысып, азан-қазан. Тұрлаусыз сайқал бізді жас басқыншыға сатып жіберді. Бүгіннен бастап тек сенімен ғана соғысармын-ау! Әскерді тарат деп бұйрық бер. Таратыңдар әскерді. Енді менің ісім сол сиқырлы сайқалмен болар. Не бары сол ғана. *(Скар кетеді).* О, жарық күн, сенің ертеңгі шығар кезіңді мен көре алман. Антоний тіршілік тағдырымен тап осы жерде қоштасатын болар. Бір қолымды бір қолым қысып, олар да өзді-өзі мәңгілік қоштасар. Қандай алдау! Сиқыршы сайқал, менің арманым да, тажым да сенің төсің еді-ау, сен мені қайыршы етіп жібердің. Эрос! Эрос! *(Клеопатра келеді)* Кет, сиқыр, кет!

Клеопатра. Әміршім-ау, неменеге ашуландың жаны бірге жарыңа?

Антоний. Жоғал әрі! Әйтпесе, көрсетем көрмегеніңді. Римға жеңіспен оралғанда сені жетелей қайтармын деген Цезарьдың арманы да орындалмай қалатын болады. Мен саған Римның қара тобырының ортасымен әскер арбасының артында жаяу салпақтап жетеленіп кетіп бара жатуыңды тілеймін. Сені жұртқа ақшаға көрсететін болғайақ-ты. Сонда Октавия барып бет-аузыңды қан-жоса қылсын!

Клеопатра *(қорыққан).* Әй, мынау жынданған болар. *(Кетеді).*

Антоний. Кеткенің жақсы болды. Менде өзіме-өзім ие болар жай жоқ. Өлім сені талай сұмдықтардан құтқарған да болар еді. Әй, Эрос! Мен не болып барам осы? Денем оттай жанады. Күйіп барам. Өлім келсін сайқалға! Мені ол балаға сатып жіберді. Мен қолдасқандардың құрмалдығы. Осы үшін ол өледі. Ей, Эрос! *(Эрос келеді) Мен* саған бұрынғымдай көрінем бе, Эрос?

Эрос. Ие бұрынғыңдай.

Антоний. Кейде бұлт арасында айдаһар, арыстан көрініп, болмаса бір биік сарайлар көрініп, ілезде жоғалып кететіні болады. Сен сондайды көргенің бар ма?

Эрос. Ие, көргенім бар.

Антоний. Ат па деп қалсаң, суға су қосылғандай жоқ болып кетеді.

Эрос. Ие, ие.

Антоний. Сенің қолбасшың да қазір тап сондай елес, көлеңке әшейін. Мен сол сайқал үшін соғыспадым ба!

Тым болмаса осында бірге болса етті. Ол Цезарьдың қолдасы болып шықты. Бар атақ-даңқыммен мені арзанға сатып кетті. Жә, жылама, өзімізге өзіміздің әліміз келеді. *(Мардиан келеді)* Кет, кет қарғыс атқан сайқал падишаңа.

Мардиан. Жоқ, Антоний, менің падишам сені сүйетін де еді, бар тағдырын да саған қосып еді.

Антоний. Жоғал, оңбаған азбан! Ол мені сатып кетті. Өледі сол үшін.

Мардиан. Өлім деген біреу-ақ емес пе? Ол тілегің орындалды. Падишамның соңғы сөздері «Антоний, арыстан Антоний!» болды. Жүрегінен шыққан жалынды сөздері ерніне жете бере, жан тапсырды.

Антоний. Қалай, Клеопатра қайтыс болды ма?

Мардиан. Өлді. *(Кетеді).*

Антоний *(Эроска)*. Шешіндірші. Ауыр бір күн аяқталды. Енді дем алу керек болар. Лақтыр бәрін де. Жеті қабат қалқан енді ешнәрседен қорғай алмайды. Сөгіл қабырғаларым, жүрегім, қараңғы қапасыңнан сен де құтыл, жарып шық кеудемді. Мен соғысып болдым. Енді мен солдат емеспін. Қош болыңдар, болат сауыттар! Эрос! Мен дүниені қылышпен кесіп-пішкен адамдардың бірімін. Енді міне, болмашыға ерлігім жетпей отыр. Клеопатраның ерлігі жетіпті. Ол Цезарьға «Көнбеймін қорлауыңа!» деп өліп кеткен. Не шектен тыс қатер, не шектен тыс ұятқа ұшырасам, сен мені өзім өлтірем деген уәдең бар-ды. Орында сол уәдеңді!

Эрос. Жауып тұрған жау оғы орындай алмағанды мен қалай орындармын!

Антоний. Онда сен менің екі қолымды артыма, байлап, мойныма ағаш қамыт кигізіп, бет-аузымды күйелеп, тұтқындармен бірге Римның көшелерімен айдалып келе жатқанымды көргің келгені ме?

Эрос. Жоқ, жоқ!

Антоний. Олай болса қылышыңды қолыңа ал да, сілтеп қал!

Эрос. Кешір мені.

Антоний. Уәдеңді орындамасқа хақың жоқ. Суыр қылышыңды.

Эрос. Ендеше әрі қарап тұр.

Антоний *(теріс бұрылып)*. Бұрылдым.

Эрос. Суырдым қылышты.

Антоний. Құлаштай ұр!

Эрос. Сүйкті қолбасым, сүйікті патшам, қылыш сілтеуден бұрын кешірім сұрап, бір ауыз сөз айтуға рұқсат ет.

Антоний. Айтып болдың ғой.

Эрос. Қош бол, ұлы көсемім! Сілтейін бе?

Антоний. Сілте!

Эрос. Сенің өліміңді жоқтауға шыдай алмаспын.

(Өзін-өзі жарып өлтіреді).

Антоний. Не деген адамгершілік! Маған да осыны істеу керек еді ғой! Сен де, Клеопатра да менен асып түстіңдер. Бірақ, мен де өліммен некем қиылған адаммын. Соңдарыңнан қуып-ақ жетермін! *(Қылышына құлайды).* Бұл не? Әлі тірімін ғой? Дұрыс құлай да алмаппын ғой! Ей, күзетшілер! Жетіңдер тезірек. Өлтіріңдер жарып!

(Күзетшілер мен Дерет келеді).

І-Күзетші. Бұл не айғай?

Антоний. Қылышқа қате құлаппын. Тәңірі жарылғасын достарым, өлтіріңдерші мені.

ІІ-Күзетші. Жұлдызымыз ағып түскен екен ғой.

І-Күзетші. Ұлы дәуірдің біткені де!

Бәрі. Қасірет-қайғы енді қабындар бізге.

Антоний. Өлтіріңдер деймін.

Күзетшілер. Жоқ, жоқ. Өлтіре алмаймыз. Ешкім өлтіре алмайды.

(Күзетшілер кетеді).

Дерет. Сен өлдің. Сенің жақтастарың қашпағанда қайтеді? Цезарьға өтімді болу үшін мен сенің қылышыңды ала кетемін. *(Антонийдің қылышын алады. Диомед келеді).*

Диомед. Қайда Марк Антоний?

Дерет. Міне жатыр.

Диомед. Бұл қалай? Өлгелі жатыр ма? Сен неге дұрыс жауап бермейсің? *(Дерет жүре береді).*

Антоний. Диомед, қылышыңды суырып ал да, менің азабымды бітірші.

Диомед. Мені Клеопатра жіберді, падишам.

Антоний. Қашан жіберіп еді?

Диомед. Жібергені осы. Жаңа ғана.

Антоний. Өзі қайда?

Диомед. Патшалар зиратына тығылып отыр. Өзін дәлелсіз-дәнемесіз Цезарьмен байланысы бар деп сенімсіздік көрсетіп, оның үстіне сені сендіре алмайтын болған соң, Клеопатра саған өлді деген хабар жіберткен болатын. Оның аяғы бір жамандыққа соғып жүре ме деп, міне мені жі-

берді. Бар шыны осы. Әттең, кешігіп қалған сияқтымын.

Антоний. Ие, айналайын. Көп кешіктің. Менің күзетшілерімді шақыршы.

Диомед. Ей, падишаның ерекше күзетшілері! Бері келіңдер!

(Төрт-бес күзетші келеді).

Антоний. Мені падишама жеткізіңдер. Соңғы өтеген парыздарың осы болсын.

Күзетшілер. Бақытсыз күн деген осы да!

Антоний. Қолдасып көтеріңдер. Рахмет, достарым.

(Антонийді көтерісіп әкетеді).

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Патшалар зираты. Төбеде Клеопатра, Хармиана, Ира.

Клеопатра. Мен оны көргенде талып түсе жаздадым. Өмірімде ондай қорқып көрген емес едім. Не жынданған, не құтырған сияқты. Бір сөзіме сенер емес. Балағаттап жатыр, балағаттап жатыр. Шынымды айтсам, қаша жөнелмесіме амалым қалмады.

Хармиана. Ие, Антоний құтырынса дүниені төңкеріп тастайтын болар.

Клеопатра. Сен жақсы кеңес бердің. Зиратқа кіріп ал да, өлді деген хабар жібер дегенің дұрыс болды. Бірақ ол өтірікке ұзақ шыдай алмай тірімін деп хабарладым ғой. Мен Антонийді алдап көрген емеспін.

Хармиана. Енді зираттан шықпа.

Клеопатра Өзім де шықпаймын. Енді менің күтерім қауіп пен қатер ғана. Тағдыр соққысының ауырлығына орай қайғырумен өтермін. *(Төменде Диомед).* Ал білдің бе анығын?

Диомед. Антоний әл үстінде. Әзір тынысы тоқталған жоқ. Шеткі терезеге барып қара. Ар жағыңнан, әкеле жатыр.

(Төменде күзетшілер Антонийді әкеледі).

Клеопатра. Алтын күн-ау, дүниені түгел өртеп, неге көмірге айналдырып жібермейсің? Дүние қара күйікке айналсын да! О, менің Антонийім, Антонийім! Хармиана, бері кел, сүйемелдей бер. Ира, сүйей бер. Антонийді жоғары алып шығайық.

Антоний. Қайғырма сегіліп! Антоний Цезарьдан жеңілген жоқ. Ол өзін-өзі жеңді.

Клеопатра. Басқаша болуға мүмкін де емес еді. Антонийға Антонийдың ғана күші теңдесетін. Бірақ маған одан келер жеңілдік қайсы!

Антоний. Падишам, мен өлемін. Сені соңғы рет сүйіп үлгіру үшін өлімді алдастырып жатырмын.

Клеопатра. Мен төменге түсе алмаймын, қымбаттым. Кешірім ет! Цезарьдың қолына түсіп қаламын ба деп қорқамын. Қанжар барда, у барда, жылан барда Цезарьдың қолына түсіп, оның жеңіс жорығының көркі бола алмаспын. Мен төменге түспеймін, сені осында көтеріп шығартам. Қыздар, әкелісіңдер! Барыңдар!

Антоний. Әйтеуір тезірек. Мен үзіліп барам.

(Антонийді көтерісіп алады).

Клеопатра. Сені көтеру ойыншық болып па! Бар күшің салмаққа айналғандай. Қайғы салмағы деп осыны айтады да. Ал, тағы да, тағы да, аз ғана көтере түсіңдер. Жә, болды! Сәлем, сәлем, Антоний *(Антонийді Клеопатра тұрған жоғарыға алып шығады)*. Қай жерде тұрған болсаң, сол жерде өл, жабыс кеудеме. Жинашы есіңді. Егер сен сүюмен тірілер болсаң, мен ернімді аямас едім.

Антоний. Падишам, мен өліп барам. Бір жұтым шарап берші. Мен саған екі ауыз ғана сөз айтуым керек.

Клеопатра. Жоқ, мен сөйлейін. Тағдырды есінен тандырайын. Мен...

Антоний. Алдағы күнде қамқорлықты сен Цезарьдан ізде, падишам.

Клеопатра. Оның реті келмес.

Антоний. Цезарьдың адамдарынан бір ғана Прокулейге сенетін бол.

Клеопатра. Цезарьдың құлдарына емес, батылдығым мен қолыма ғана сенермін.

Антоний. Бұрынғы күндерді ойлап қайғырма. Ол өтті де кетті. Мен Рим еркегі едім, Рим қолынан өлдім. Бітті тынысым.

Клеопатра. Қымбаттым-ау, өлмекпісің? Мені неге аямайсың? Сенсіз дүние маған да арам болар. Қыздар-ау, қарасаңдаршы, дүниенің алтын тәжі еріп, ағып барады ғой! *(Антоний өледі)*. Падишам менің! Соғыстың бәйтерегі, нағып құладың? Солдаттың найзасы, қалай сындың? Бауырын көтермеген күшіктер балтырыңнан алды-ау! Теңдесі

жоқ ерім дүниеден өтсе, енді менің қарайлайтын ештемем де жоқ. *(Талып түсіп құлайды).*

Харм и ана. Есіңді жишы, падишам, жишы есіңді!

Ира. Есіңді жишы, Мысыр падишасы!

Харм и ана. Ақырын, Ира!

Клеопатра *(басын көтеріп).* Е, тәңірі, не дейсің... Барлық қатын біткеннің қайғысы да. Құдайлардың бетіне патшалық тәж-тахытты лақтырар ма едім! Сендер жалғыз алмасты жұлып әкеткенше, жерде біз де сендерден кем тұрған жоқпыз да. Сонда күндеген шығарсыңдар, мә, алыңдар дер ме едім! Енді оның не керегі бар! Шыдай беру — ақымақтық, шыдай алмау — азап. Итше ұлисың, не пайда? Әйтеуір бір келер өлімді өзім шақырып алсам, күнә ма? Жоқ күнә емес. Қыздар-ау, жарық сөнді, шырақ жанып болды ғой. Солдаттар, құр қайғырмай, әуелі жерлейік Антонийді. Содан кейін құр дірілдеп-селкілдемей, Рим адамдарынша, жауларымыз күндегендей еңсемізді жоғары ұстап өле алармыз. Ұлы рух сөнді, қыздар. Біз достарсыз қаңғырып қалдық. Енді бізді қорлау-зорлаудан құтқаратын өлім ғана. *(Антонийдің денесін бәрі көтеріп төмен алып кетеді).*

БЕСІНШІ КӨРІНІС.

Александрия. Цезарьдың лагері. Цезарь, соғыс кеңесінің мүшелері, Агриппа, Долабелла, Меценат, Галл, Прокулей тағы басқалары.

Цезарь. Антоний берілетін болсын, Долабелла. Ол бәрібір қалтамызда. Енді соза беруі — әрі күлкі, әрі пайда сыз.

Долабелла. Жарайды, барайын. *(Кетеді. Антонийдің қылышын көтеріп Дерет келеді).*

Цезарь. Өй, қолыңдағың неменең? Кімсің сен өзің, басып-көктеп кіретін?

Дерет. Менің атым Дерет. Антонийдің әскерінен келдім. Ол тірі кезінде кімге қызмет еткенім лайық деп ойласаң, одан бұрын таңдарым болмайтын. Оның жауларымен мен де аянбай соғыстым. Мені қызметіңе ал. Саған да сондай қызмет етем. Алмасаң, алдыңда тұрмын, өлтір.

Цезарь. Бұл қалай сөз?

Дерет. Антоний өлді, Цезарь. Бұл сөздің мәнісі сол.

Цезарь. Ондай алып құлағанда жер нағып сілкінбей қалды? Жер сілкініп арыстандарды көшеге атып, қала хал-

қын далаға атып жіберсе керек еді ғой! Антонийдің өлімі әлденемене емес. Оның аты деген дүниенің қақ жартысы емес пе!

Дерет. Алайда, ол өлді, Цезарь. Оны өлтірген сот кесімі де емес, жалданба жалдаптың қанжары да емес. Дүние жүзіне қылышымен даңқын шығарған болса, сол қылышынан қаза тапты. Міне, сол қылыш.

Цезарь. Достарым, бәрің де қайғырып қалғанға ұқсайсыңдар. Ант етем — патшалардың жылауына да себеп жоқ емес.

Агриппа. Әттең, өзіміз істеген іске кейін өзіміз өкінетінімізді қайтерсің!

Меценат. Жақсылық жамандығын өлімі арқылы теңеп өлді.

Агриппа. Одан асқан дарын жоқ еді. Бірақ құдайлар бізді адам ету үшін тентектікті те теңдеп береді ғой.

Цезарь. Антоний, сені осыған әкеліп ұрындырған мен бе? Рас, екеуміз бұл дүниеге сыймайтын едік. Біреуміз құлау керек те. Дегенмен жүрегімнен аққан қанды жасымды төгіп жоқтаймын сені. Туысым едің, ақылшым едің, досым едің. Ұлы істерде жәрдемшім, айқастарда серігім, оң қолым едің. Менің жүрегім сенің жүрегіңнің отымен қызушы еді. Арамызға келісімі жоқ тағдыр түскенін мен сендерге көрсетейін... А, кейін бірақ... *(Мысыр адамы келеді).* Әуелі мына келген хабаршыдан мән-жайды сұрастырайын. Ие, сен қайдан келдің?

Мысырлық. Мен Мысыр кедейімін. Менің падишам Клеопатра зиратқа барып тығылып отыр. Зираттан басқа ешнәрсесі қалған да жоқ. Әрнеге де әзір болу үшін сенің оған не тағайындағаныңды білгісі келеді.

Цезарь. Ешнәрсені уайымдамасын. Қандай құрмет-қошеметке бөлейтініміз жақын күндерде хабарланар. Цезарь бола тұрып қаталдыққа бармаспын.

Мысырлық. Рахмет, Цезарь.

(Кетеді).

Цезарь. Прокулей, сен барып келші. Жәбірленбес, қорланбас. Қайтсең де есін жинап, болған жағдайға көндігетін ет. Өзіне-өзі қол жұмсап жүрмесін. Клеопатраны Римге алып кетіп, жұртқа көрсете алсақ, біздің салтанатымыз мәңгілік болып қалар еді. Тез жөнел, тез қайт. Мен оның не айтып, не ойлайтынын білуім керек.

Прокулей. Бәрін де орындармын, Цезарь.

(Кетеді).

Цезарь Галл, сен де бар. *(Галл кетеді).* А. Долабелла қайда екен? О да барсын.

Өзгелері. Долабелла, Долабелла!

Цезарь. Ә, қоя тұрыңдар. Есіме жаңа түсті. Мен оны жұмсап жіберген екемін. Ол жұмыста жүр, келеді. Жүріңдер менің шатырыма, Мен сендерге бұл соғысты кім бастағанын, менің амалсыз араласқанымды дәлелдейтін хаттарымызды көрсетейін.

(Бәрі кете береді).

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Александрия. Патшалар зираты. Клеопатра, Хармиана, Ира.

Клеопатра. Менің қайғым азырақ басылды. Цезарь болу деген онша үлкен ғажайып емес, ол тағдырдың құдайы емес, құлы. Ұлылық болып жатқанда тоқтатып, болашақтың алдын бөгеуде. Сонда ғана.

(Зират есігіне Прокулей, Галл келеді.)

Прокулей. Мысар падишасына Цезарь сәлем жолдап, саған не мұқтаж екенін білгісі келеді.

Клеопатра. Сенің атың кім?

Прокулей. Прокулей.

Клеопатра. Антоний маған сенің атыңды айтып, оған сен деп еді. Бірақ маған сену сенбеудің керегі жоқ болып қалды. Маған шындықтың да керегі жоқ. Егер Цезарь Мысыр падишасының бірдеме сұрауын күтсе, патшалықтан кемді сұрау падишаға ұят боларын айтарсың. Цезарь менің балама Мысыр патшалығын қайтарып берсін. Менің дүниелігімді қайтарып бер деп мен Цезарьдың алдына тіземді бүге алмаймын.

Прокулей. Сенің тағдырың патшаның қолында. Қорықпай-ақ сене бер оған. Патшамыз сонша мейірімді, кім қандай мұқтаждықпен келсе, бәріне де үйіп-төгіп бере салады. Сенің оған бағынышты екеніңді айтуға рұқсат ет. Қызметінде болуды ол өзі өтініш ететін адам екенін көрерсің.

Клеопатра. Мен барлық правомды Цезарьға күмәнсіз беріп отырмын. Соны айт. Әр сағатым бағынуды үйренуге жұмсалып жатыр. Мен патшамыздың жүзін көруге асықпын.

Прокулей. Мазаң кетіп жүрмесін, мұныңды жеткіземін. Ол күттіру дегенді өзі де жек көреді.

Галл. Өзін ұстап алудың қандай оңай екенін көресің бе? *(Прокулей екі солдатпен әйнектің терезесінен кіріп Клеопатраның сыртынан тұрып қалады. Басқа солдаттар салтқысын сырғытып есікті аша бастайды).* Цезарь келгенше күзетіп тұрыңдар! *(Кетеді).*

Ира. Ұлы падишам! Сен тұтқынсың!

Хармиана. О, Клеопатра, сен тұтқынсың!

Клеопатра. Ие, қолдарым, қимылдаңдар! *(Қанжарын суырады. Прокулей қанжарды тартып алады).*

Прокулей. Тоқта, падиша, тоқта! Жаралама өзіңді! Біз сені ұстап беріп жатқанымыз жоқ, босатып жатырмыз.

Клеопатра. Сен маған өлімді де қимайсың ба? Азап көрген итті де өлтіре салмаушы ма еді!

Прокулей. Өлтірме өзіңді. Цезарьдың мархабатына жала жаппа. Жұрт ұлы жанның сәулеті мен сәулесін көрсін. Өліп қалсаң, қаңқу көбейеді.

Клеопатра. О, қайдасың, өлім! Тез кел! Сен жас баланы да, кедей сорлыны да ала бермейтін бе едің? Міне, алдыңда Мысырдың падишасы тұр, соны алмайсың ба тезірек!

Прокулей. Тоқтат.

Клеопатра. Мен енді ештеңе жемеймін де, ішпеймін, Ұйықтамаймын. Цезарь қандай шара қолданса да мейлі, мен мына дененің талқанын шығарамын. Мен, оның сарайында күң бола алмаймын. Сендер мені Римнің қара тобырына мазақ болып бағанның түбінде тұрады деп ойладыңдар ма? Жоқ, туған жерімнің бір шұқыры табылар.

Прокулей. Цезарьдан осынша қорқуға себеп жоқ қой!

(Долабелла келеді).

Долабелла. Сендердің мұнда не істегендеріңді Цезарь естіді. Ол сені шақырып жатыр. Падишаны күзетуді маған тапсырды.

Прокулей. Жақсы. Падишаға мейірімді бол.

(Кетеді.)

Долабелла. Сен мен туралы ешнәрсе естіген жоқ па едің, падиша?

Клеопатра. Есімде жоқ.

Долабелла. Естуің керек еді.

Клеопатра. Естідім бе, жоқ па, онда тұрған не бар.

Бала мен әйелдің қандай түс көргені саған қажет емес шығар?

Долабелла. Түсінбеймін.

Клеопатра. Түсімде Антоний деген патша болған екен деймін. Сондай адамды тағы бір көру үшін, сондай бір түсті тағы бір көрсем-ау деймін.

Долабелла. Сөйлеуге рұқсат па?

Клеопатра. Жүзі аспандай жарқырайды. Ай мен күн тоғысып келіп жерді бір кішкентай ғана «о» харпіндей етіп көрсетеді.

Долабелла. Сүйікті сұлу падишам...

Клеопатра. Ол сараңдықты білмейді екен. Күз мезгілінде дүниені байлыққа толтырып тастаса да, қыс бола да білмепті. Оның мекені бүкіл дүние екен...

Долабелла. Падишам...

Клеопатра. Менің түсіме кіргендей адам бола ма дүниеде? Соны айтшы.

Долабелла. Жоқ, Клеопатра.

Клеопатра. Өтірік айтасың, өтірік! Ондай адам болды, ондай адам тұрды дүниеде. Әттең, оның өмірі түстегідей, із қалдырмай өтті. Жаратылыс Антонийді жаратты да бізден қызғанып алып кетті.

Долабелла. Өткен өмірің қандай ұлы болса, азапқайғың да сондай ұлы падишам. Қайғың қандай болса, халің де сондай екен. Жағынарым жоқ, шынымды айтамын — сенің қайғыңа жаным қатты ашиды.

Клеопатра. Рахмет. Ал, Цезарь мен туралы қандай әмір беріп жатыр?

Долабелла. Айтуға ұят. Бірақ сенің білуің де керек.

Клеопатра. Дегенмен, айт.

Долабелла. Цезарь қанша мейірімдімін дегенімен...

Клеопатра. Римге кернейлетіп кіргенде, мені жетелей кірмекші ғой!

Долабелла. Тап солай, падишам. Шешім сол.

(Алыста барабан, керней.)

Сахна сыртынан. Цезарьға жол беріңдер, Цезарьға!

(Цезарь, Галл, Прокулей, Меценат, Селевк, көкерлер.)

Цезарь. Мұнда падиша-ханым қайсың?

Долабелла *(Клеопатраға)*. Император осы. *(Клеопатра тізесін бүгеді).*

Цезарь. Тұр. Құлама жерге. Мысыр падишасы, тұруыңды өтінем.

Клеопатра. Құдай осылай бұйырған соң, амалым не, патшам! Менің борышым бас ию ғой.

Цезарь. Жоққа сенуді қойғаның дұрыс. Сенің қылықтарыңның бәрін де мен кездейсоқ деп есептеуге әзірмін.

Клеопатра. Дүниенің жапа-жалғыз билеушісі, ақталуға кеш қой. Әйелде болар әлсіздіктің менде бәрі де болды. Өкінемін.

Цезарь. Біз оларыңа жұмдық көзімізді. Өткенді қопармақ емеспіз. Өзің жанжал шығарып жүрмесең, достыққа жол ашық. Сенің тағдырыңның қалай шешілері де соған байланысты. Антонийға ұсап шатқалаң жолға түссең, маған жауыздық көлеңкесін түсірер болсаң, өзіңе де рақым жоқ. Балаларыңның басына да бәле шақырғаның. Осымен тоқтасалық. Мен кеттім.

Клеопатра. Маған десең жердің шегіне кет... Бүкіл дүние қазір жалғыз сенікі. Біздің жай басқаша. Жеңгенінің айғағы ретінде бізді қай қақпаның қасына қойсаң да еркің... Міне, мынау...

Цезарь. Мұң-мұқтажың бола қалса, өзіммен хабарлас...

Клеопатра. Мынау қазына-мүлік, ақша, қымбатты ыдыстарымның тізімі. Менің бар байлағым, инеге дейін, осында түгел тізілген. Солай ғой, Селевк? Менің қазынашым осы. Өлім жазасын ескерте отырып сұрасаңдар да, менің ешнәрсе жасырмағанымды куәландырады.

Цезарь. Керек емес... Өз байлығың өзіңе. Қалай пайдалансаң да мейлің. Тек, тұманды ойлардан аршыл. Өзің нені қаласаң, біз соныңа әзірміз. Тыныш ұйықта, тамақ іш. Енді сен достарыңның ортасында боласың. Қош бол!

Клеопатра. О, мейірімді патшам!..

Цезарь. Тізерленбе. Тұр. Қош бол! *(Керней... Көкерлерімен Цезарь кетеді).*

Клеопатра. Қалай-қалай бұлтарады, ә?! Мені торға түсіру үшін қалай ойнақшиды? Оның болмас. *(Хармианаға).* Тез барып кел! Жүгір!

Ира. Күн батып, іңір түсе бастады. Күніміз өтті осымен. Тезірек бітірсең екен, падишам.

Клеопатра. Тез қайтып кел. Бәрі бітті, бәрі әзір.

Х а р м и а н а. Ұшайын, падишам. *(Кетеді. Долабелла келеді).*

Д о л а б е л л а. Клеопатра қайда?

К л е о п а т р а. Немене, Долабелла?

Д о л а б е л л а. Не бұйырсаң да, мен әзірмін, падишам. Аттанар күн белгіленді. Цезарь Сирия арқылы жүреді. Сені балаларыңмен бірге үш күннен кейін жөнелтеді. Осыған қарай ойланарсың. Берген уәдемді орындадым осымен.

К л е о п а т р а. Долабелла, мен саған мәңгілік борыштармын.

Д о л а б е л л а. Басқа айтарың жоқ па, жарқыным?

К л е о п а т р а. Жоқ.

Д о л а б е л л а. Ойланшы, падишам!

К л е о п а т р а. Жоқ...

Д о л а б е л л а. Онда мен де аузымды жаптым. Қош бол, падишам.

К л е о п а т р а. Өзің де қош бол! *(Долабелла кетеді).* Ие, Ира, Римнің көңілін көтеру үшін Мысырдан әкелген ойыншықтарымыз, бояуларымыз ұнамай ма саған? Бізді жұртқа түгел көрсету үшін биік сахналар жасалады. Жасалып та жатқан шығар.

И р а. Құдай өзі сақтасын десейші!

К л е о п а т р а. Бізді сатқын әйелдер сияқты қолдарымен сығып-сипалайтын болады. Тер алақандар, майлы алақандар күтіп тұр бізді.

И р а. Мен оны көрмеспін. Ең болмаса екі көзімді ағызып жіберуге тырнақтарымның шамасы келер.

К л е о п а т р а. Ойларың осы жақта болсын. *(Хармиана келеді).* Ие, Хармиана?

Х а р м и а н а. Қазір әкеледі.

К л е о п а т р а. Ал енді мені падиша қалпымда киіндіріңдер. Барлық асылымды әкеліңдер. Соңғы рет бір киіндіріңдер, содан кейін біржола боссыңдар. Мен Антонийға барам. Өмірмен есепті осылай айырамын. Тәжімді әкел. *(Ира кетеді, далада шу. Күзетші кіреді).*

К ү з е т ш і. Бір жүдеубас шаруа, қолында жеміс салған корзинкесі бар, болмайды осында кіремін деп.

К л е о п а т р а. Кірсін. *(Күзетші кетеді).*

К л е о п а т р а. Жәрдем қандай жүдеубас болса да, ол маған бостандық әкеле жатыр! Мендегі әйелдік деген әлсіздік бітті. Мен мрамормын енді. *(Күзетші мен шаруа келеді).*

К ү з е т ш і. Міне — жаңағы айтқаным.

Клеопатра. Бара бер. *(Күзетші кетеді).* Ие, алтын жыланды әкелдің бе? Әйтеуір ауыртпай өлтіреді ғой?

Шаруа. Әкелдім, әкелдім. Жайдан-жай қозғамаңдар жыланды. Шағып алады. Оның шаққаны ойыншық емес. Жыланның аты жылан, ойнамаңдар шырақтарым.

Клеопатра. Енді кете бер, қош бол!

Шаруа. Жыланнан күткен қуанышың болса, түгел орындалғай-ақ-ты. Өзіне тамақ бермеңдер.

Клеопатра. Ол мені жеп қоймас па екен?

Шаруа. Қатынды ма? Қатынды жеймін деп сайтанның өзі қақалып өліпті емес пе! Әйел деген шынына қалғанда құдайлардың азығы. Тек әлгі сайтаны құрғыр араласып кетеді де, қатындардың оннан бесеуін бұзып жібереді.

Клеопатра. Жақсы, жақсы. Бара бер енді.

Шаруа. Кеттім. Жыланнан күткен қуанышың болса, түгел орындалғай-ақ-ты. *(Кетеді. Клеопатраның киімдерін көтеріп Ира келеді).*

Клеопатра. Әкел мантиямды. Тәжімді кигіз. Тезірек, Ира, тезірек. Енді мен Мысыр жүзімін тата алмаспын. Мені Антоний шақырады. Келемін, жарым, келемін. Әйел мен еркекті қосатын неке емес екенін көрсін жұрт. Мен қазір ауадан жеңіл, оттан ыстықпын. Кел, қоштасайық. Ира, Хармиана, келіңдерші. *(Екеуін де сүйеді. Ира құлап түсіп, өледі).* Ау, сені менің сүюім алып ұрды ма? Жыланның уы тарай бастағаны ма? Сенің өмірмен бұлай қоштасуың бостандық алғанға тең. Бұл дүние жылап айрылысуға тұрмайды. Қош бол.

Хармиана. Қара бұлт төкші жауыныңды, аспанда құдайлар жылады деп ойлайын.

Клеопатра *(қолындағы жарқылдаған көк жыланды төсіне салады).* Шақ, Көк жылан, шақ. Алдымен өмірмен байланысқан түйінді қырқып жібер. Қош бол, Мысыр, қош бол! Қорғағаным да, құрмалдық болғаным да сенсің, сен ғана. Мен сені жаныммен де қорғадым, тәніммен де қорғадым. Басқыншыңды мас еттім, өзімді бердім, дос еттім. Жоқ, жоқ, кешір, алтын Мысырым. Барлық түндерімді саған ғана бергенім жоқ. Ойымда сен болсаң да, ойыным мен қызығым өзімдікі де. Әлде, қандай ойын-сауықта жүрсем де, сені ойымнан шығарған жоқпын дегенім дұрыс болар ма екен? Екеуі де дұрыс. Қазір ақ мрамордай тазамын. Қимасым жалғыз ғана сен, ұлы Мысыр! Шақ, Көк жылан шақ. Сор қанымды, ауыртпай ғана сорып өлтір!

Хармиана. Батты шығыстың жұлдызы!

Клеопатра. Ақырын, Хармиана. Шешесін еміп өлтіргелі жатқан баланы оятып аларсың, ақырын.

Хармиана. Жүрегі құрғыр неге жарылып кетпейді екен!

Клеопатра. Бальзам. Рақат! Антонийға қарсы ұшып бара жатқандаймын. Тағы бірін салайыншы. *(Мойнына бір жылан салады).* Несіне кешеуілдеймін... Қош, достарым! *(Өледі).*

Хармиана. Адыра дүние, әйел біткеннің ең асылынан айрылғаның осы болар. Қош бол! Тәжің қисайып кеткен екен, түзетейін де, мен жөнімді табайын.

(Күзетші кеуделеп кіреді).

Күзетші. Падиша қайда?

Хармиана. Шығарма үніңді, оятып жібересің.

Күзетші. Цезарь былай бұйрық етті.

Хармиана. Қалай бұйрық етсе де кешігіпті. *(Өзіне бір жылан салады).* Жә, Көк жылан, батырсаңшы тісіңді.

Күзетші *(сыртқа айғайлап).* Бері келіңдер, бері! Мұнда бір сұмдық бар. *(Екінші күзетші келеді).*

II-Күзетші. Долабелланы шақыр. Ол төменде тұр.

I-Күзетші. Хармиана, адамды осылай алдауға бола ма екен?

Хармиана. Болғанда қандай! *(Құлайды, өледі. Долабелла келеді).*

Долабелла. Мұнда не болып қалған?

II-Күзетші. Қатарынан үш өлім!.. *(Кернейлетіп Цезарь келеді).*

Цезарь. Ойымызда не барын оқып алғандай-ақ білген екен! Пай-пай, осынша балғын сұлу болар ма! Тағы бір Антоний қызыққандай десең, несі артық!

ЯРОСЛАВ ГАЛАН

ТАҢ АЛДЫНДА

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Петрич Штефан
Олена — оның әйелі.
Петрич Варвара — мұғалима, Штефанның өлген ағасы Петрдың қызы.
Воркалюк Микола — Штефанның күйеуі, аудандық агроном.
Лука — оның баласы.
Негрич Иван — колхоз председателі.
Негрич Семен — оның баласы.
Параска — Варвараның асырап алған қызы.
Юлиан — поп.
Федор — хат тасушы.

Оқиға Карпат тауының етегіндегі селолардың бірінде, Гуцулға жақын жерде, 1949 жылдың көктемінде өтеді.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Кең крестьян үйі — хата. Орта тұста кең ашылған есіктер жабық, галереяға шығады. Ар жағы сырғауылмен қоршалған қора. Одан әрі ескі зираттың ішімен өтіп, құлаған үйдің қасымен қыз-қарағай арасына кіріп жоғалатын жалғыз аяқ жол көрінеді. Әріректе бук, қыз-қарағай өскен белдер. Ең алыста төбесін қар басқан Карпат қырқалары көрінеді.

Есіктің оң жағында үлкен крестьян пеші, сол жағында кішкене терезе. Терезеден бүршіктеген бір түп сирень ағашы көрініп тұр.

Сол жақта Варвара бөлмесінің шынылы есігі, оң жақта Воркалюк бөлмесінің есігі. Қабырғалар ағартылған, төбе мәтекелері түтіннен қарайып кеткен.

Пеш төбесінің сырғауылдарында қолдан тоқылған әр түрлі боялған жүн кілемшелер.

Үй ішіндегі жиһаздар әр түрлі, әр тұқымнан... төрде ыдыс қоятын оюлы сөрелер. Есік маңдайшасында, биік ағаш төсек үстінде тарелкалар. Сонымен қатар жұмсақ Вена креслосы. Қырылған қызыл барқытпен тысталған кресло. Шимай-шытырман оюы бар үлкен ескі айна. Терезе алдында скамья және боялмаған ұзын стол. Оң жақ қабырғада тозығы жеткен фисгармония. Сол жақ қабырғада арзанқол, базардан алынатын суреттер шұбартады. Ғайса пайғамбар мен Мариям-ана жүректеріне қылыш қадалған. Ағаш шебері Иосиф жұмыс үстінде. Әулие Николай... Қеріліп тасталған Ғайсаның езгілік, күнәкарлық жолындағы әр кезеңі, тағы тағылар.

Оң қабырғада Ленинның жұртқа кең тараған суреті қағаз гүлдермен әшекейленген. Ол екеуінен төмен кішірек жасалған Маркс суреті Воркалюктердің бала-шағаларының суреттерімен қоршаулы тұр. Сол суреттердің қатарында екі полушариялы география картасы.

Таң жарығынан терезе мен сирень түбі жарқырай бастаған кез. Кәрі Штефан арзан қабырға сағатының кірлерін тартып-тартып қойды. Сағат сахнаның сол жағында, кітап тізілген әтажерканың үстінде.

Штефан — ұзын бойлы, арық, азырақ еңкіш тартқан, сексен жастағы шал. Қысық көздері қалың қастарының астынан көрінбей кеткен деуге болады. Шашын ескі түрде «жал» етіп қойған. Қыран тұмсықты, оңып кеткен аз ғана мұртты адам. Үстінде теріден жасалған май-

май жеңсіз кеудеше, дөрекі кенептен жасалған көйлегі тізесіне түседі. Шалбары да сондай кенептен. Көйлегін кең гүлүл белбеуімен белбеуленіп алған, көйлектің жағасын ескі қызыл баумен байлаған. Аяғында сірі шоқай, шандып алған қалың жүн байпақ.

Лука ақырын ғана фисгармонияда Бахтың «Көктем оянысын» ойнап отыр. Лукаға қарап қойып Штефан шығып кетеді. Лука орта бойлы, отыз жастардағы жігіт, блондин. Дудыраған қалың шашы кең маңдайына түседі. Азырақ ісінген зеңгер көзі оны азырақ әкесіне ұқсатады: мұрны Штефанға тартқан. Әйел ерніндей кішкене еріндері жалпы суық түсіне үйлеспей тұрғандай. Еріндерінде еркелеген жас баланың шолжыңы бар. Үстінде фланельден тіккен спорт көйлегі, әдемі свитер. Қара шалбары мінсіз өтектелген. Аяғында резинка табанды туфли, жүрген дыбысы естілмейді. Фисгармонияның үстінде, Луканың алдында фиалка букеті жатыр.

Өз бөлмесінің есігінен Варвара көрінеді. Ол қара көзді, қара шашты, әсем денелі, ұыған сияқты сұрғылт жүзді әйел. Әсіресе сөйлегенде қалың кірпіктерінен көзі көрінбей кетеді. Киінген түрі өзгеден ерек, айқын да ашық түстерге бейімділігі байқалады. Әрі маңманың, әрі сенімді қозғалыстары бұл әйелдің өзін-өзі ұстай алатындығын көрсетеді. Қызып кеткен кезде Варвараның қою кірпіктері тең жоғары көтеріледі, аз қалыңдау еріндерінде ауырсынған белгі пайда болады. Ол күңгірлеген даусын сирек қана көтереді, ақырын сөйлейді.

Қазір оның үстінде қызыл астарлы зеңгер плащ, қара түсті спорт костюмы, жалтылдаған етік. Мойнында қызыл жібек косынка. Қазір ол қолына қара түсті лайка перчаткасын киіп тұр.

Лука ойнауын тоқтатып, элденеден қорқа қалғандай, кенет бұрылады. Варвараны көріп, орнынан тұрады.

Л у к а. Мен сені оятып жібердім бе?

В а р в а р а. Музыка дыбысын естідім де, оянып кеттім. Сонымен бірге таңданып та қалдым: бүгін менің Лукам жұрттың бәрінен бұрын тұрыпты ғой.

Л у к а. Ие, мен бүгін ұйықтай алмадым.

В а р в а р а. Тап бүгін неліктен ұйықтай алмадың?

Л у к а. Неге екенін сен өзің де білесің.

(Аз кірідістен кейін Варвара фисгармонияға жақындап, көзімен букетті нұсқайды).

В а р в а р а. Мынау маған ба? *(Лука басын изейді. Варвара оның шашын сипайды да, қолын тез тартып алады. Варвара кеудесіне гүлдер қадап алып шығуға оңтайланады. Босағаға барып, арқасымен есіктің жақтауына сүйеніп, тоқтап қалады. Шығып келе жатқан күннің көзі түсіп, Варвараның жүзі күреңітіп кетеді).* Мен үлкен ақымақтық істедім, Лука. Кешіре гөр, бірақ кешегі сүйісу енді қайталанбайды. Біріншісі де, соңғысы да сол болар.

Л у к а *(Варвараға жақындап барып, көлеңкеге тоқтайды).* Мені сүймеймісің?

Варвара. Сүйем, бірақ, анау дауылдай күрт келді ғой... Оның үстіне менің...

Лука. Семен бар ғой деймісің?

Варвара. Қымбаттым, сен жүгенсізденіп алыпсың.

Лука. Кешір... бірақ бес жылдан бері жұмысыңа екі-үш рет келіп тұратын үш бұрыш хаттар бұршақтай борап...

Варвара. Сен осында тұра бастағалы бес-ақ жеті болса да, менің кімнен қанша хат алатынымды біліп алған екенсің... және ол хаттарды мен почтадан барып аламын ғой... Сенде таңданарлық зиректік бар екен. Мен, Лука, есімнен жаңылмайтын адаммын, жұмбақ дегенді жаным сүймейді.

Лука. Сен өзіңше, жұмбақ емеспісің? Балалық шағыңда қандай болсаң, сол күйіңде қалыпсың да қойыпсың: жанып тұрған мұзсың...

Варвара. Мен өмір бойы сол мұзды еріте алар отты арман етудемін. *(Луканы қолынан алып).* Сол от сен болсаң деп тілеп едім, енді өзім қорқып қалдым.

Лука. Менен бе?

Варвара. Жоқ, өзімнен. Мен бүгін түн бойы дәптер қарап отырдым, оқығанымнан түк түсіне алмай қойдым. Жақында ғана барлық шәкірттерімнің аттарын білуші едім, ал қазір мектептен шыққам-ақ балалардың қайсысы қандай екенін ұмыта қалам. Бұл мені өз алдымда қорлайтын нәрсе ғой. Мен арман еткен ғашықтық бұндай емес еді, Лука...

Лука. Әлгі айтқан, бәрін өртеп, бәрін жоқ ететін найзағайлы нөсердей ғашықтық осы болад та. *(Варвараны өзіне тартып).* Мен ол отты ұзақ жылдар жүрегіме сақтап келгем, тек сенің аңдағың келмеді. Содан соң күйеуге шықтың, мен болсам, бар азабымды жалғыз құшып қала бердім. Мені сол от айдап дүние кездіріп кетті. Немістер келген кезде мен сонда жүріп те...

Варвара *(Луканың құшағынан босанып, сөзін бөліп кетеді).* Сонда жүргенде сенің нең болғанын мен білмеймін. Бірақ, менің ерімді дүние кездіріп әкеткен үмітсіздік емес, өзінің халқын сүюі еді, ол үшін қаза тапты.

Лука. Менің өмірімді қалармысың? Сенікі бар өмірім...

(Кідіріс).

Варвара. Айналайын, сен мені түсінбейсің... *(Алыстан аңның гүрілдегені естіледі. Варвара Лукаға тығыла қалады).* Бұл не?

Лука. Жапан даусы... Стрыйдан көшпелі аңдар көрмесі өтіп бара жатыр екен, сол бірнеше күнге осы араға бөгеліп қалыпты. Жол бойындағы көпірді жаңбыр жұлып әкетіпті де, кейін қайтайын десе бензин жетпейтін көрінеді.

Варвара. Көпір салынып болғанша күтіп қалмақ па?

Лука. Ие. Көпір бітуге жақын. Төсегі ғана қалыпты.

Варвара. Негрич колхоз қорынан қарызға бензин бере алмай ма?

Лука. Анайысың, Варвара... Қазір егіс көктемнің кезі емес пе! Бензиннің әрбір тамшысы есептеулі ғой. Аңдар көрмесінің директоры бензин сұрап көріп еді, ала алмады.

Варвара. Маған селоның ішінен емес, ағаштан, орыс даласының ар жағынан, естілгендей болды.

Лука. Ол әшейін жаңғырық қой, Варвара.

Варвара. Бүгін Штефан атайдың бір ауыр күні болар. Орыс даласы деп аталатын жерге колхоз бүгін егін сала бастайды.

Лука. Штефан атай бүгін түн бойы есік алдында, баспалдақта отырып шықты. Ең қайғылы нәрсе — шал сенімінен айрылып барады.

Варвара. Сенімін? Неменеге сенімін? *(Кідіріс).*

Лука. Өмірге сенімін, және... *(Оң жақтан, қорадан, ентігіп асығып Параска жүгіріп келеді. Ол он төрттегі жас қыз, қысқа қырқылған қою сары шашты, қуаң жүзді. Шапшаң да епсіз қозғалыстарында балалықтың ізі бар. Тез-тез сөйлейді, сондықтан болу керек, сөйлемді ортасынан үзіп жібереді. Жұпыны болса да, ықшам киінген. Көйлегенің жағасын қызыл баумен байлаған. Оның сыртында кеудеше. Қатпарлы зеңгір белдемше тізесінен төмен түседі. Аяғында пряжкелі шоқтай (постолы), қына сарыға боялған қой жүнінен тоқылған шолақ шұлық. Оң қолында үнемі тастамайтын қара қолғап. Варвараны Луканың құшағында көріп, Параска тоқтап қалады да, басы төмен салбырап кетеді. Енді ол көзін жерден алмай, төмен қарап тұрған бойы сөйлейді).*

Параска. Апа... *(Варвара Луканың құшағынан сытылып шығады).* Мен атты әкелдім. Юлиан молда кешіккеніне кешірім сұрайды, бірақ, ол кісі бір ауру адамның өсиет-тәубесін естігелі кеткен екен.

Варвара. Рахмет, Параска... Бар да молдаға айтшы, әжең тағы да келіп кетсін деп еді.

Параска. Барайын, апа... *(Басын жоғары көтерместен шығып кетеді).*

Варвара. Бүгін-ертең жас Негрич қайтып келуге тиісті. Есіңде болсын, ол баяғы сен білетін Семен емес. Ол Берлин қоршауының тұсында жараланған екен. Одан кейін Қиыр-шығыстағы қызметі де жеңіл болмаған сияқты. Сен екеуіңнің соғысқа дейінгі жауласуларың есімде менің. Өтінем сенен, шыдамсыздыққа жол бермейтін болшы сен.

Лука. Тынышың қашпасын. Мен жек көрушілікті де жасыра білем.

Варвара. Жек көрушілікті? Мұның тым қатал айтылған сөз. Сен оны жаратпауыңды бұқтырып ұстасаң екен, Лука. Сен Баварияны кезіп жүргенде, Семен сияқты миллиондар фашистерді құртып жатты ғой. Олар болмаса, сен де үйіңе қайтып келе алмаған болар едің. Жә, мен кетуім керек.

Лука. Варвара! *(Қолынан ұстай алады).* Сен тағы да әлгі ауру оқушыңның жайын біліп қайтуға кетпекпісің? Бүгін барудың керегі жоқ, өтінем сенен!

Варвара. Неге? Не үшін дәл бүгін бармауым керек?

Лука. Бүгін мен сенімен бірге болғым келеді. Сонша бірге болғым келеді...

Варвара. Мен жарты сағаттан кейін қайтып келем ғой.

Лука. Бармашы, қалшы Варвара...

Варвара *(қолын жұлып алып).* Тағы да жұмбақ па? Мен жұмбақты сүймеймін, Лука. *(Тез шығып кетеді).*

Лука. Варвара, жалынамын, тоқтай тұршы! *(Варваранық соңынан ұмтылады да, табалдырықта тоқтап қалады. Ұзай берген ат тұяғының дүбірі бәсеңдей береді. Алыстан тағы да аңның күркіреген естіледі. Лука шыдамсыз қозғалыспен шашын қарсы сипап тастап фисгармонияға қайта келіп, Бахтың фугасын қатты ойнап жібереді. Пеш үстінде әлдене қозғалғандай болады да, кілемшенің астынан Олена кемпірдің дудыраған басы көрінеді. Лука ойнауын кенет тоқтатады).*

Олена әжей. Лука, маған су әперіп жіберші. *(Лука тұрып саспай барып кемпірге су алып береді).*

Лука. Сауығу үшін ішіп жіберіңіз, әже.

Олена әжей. Не дедің, жас жігіт?

Лука *(қаттырақ).* Сауығу үшін ішіңіз деймін.

Олена әжей. Сауығу үшін дейімісің? Ана дүниеде қандай денсаулық болатынын айта алмайсың? Менің саулығым жайында былшылдайды... өзі маған өлім күйін

ойнап отыр... Сені де немере дейді-ау... Қайтейін, тәңірім, қайтейін...

Лука. Қойшы, әже!..

Олена әжей. Ась?

Лука. Байланыспа деймін саған. *(Этажеркадан кітап алып, енжар беттерін аударып тұрады).*

Олена әжей. Неменені мұрныңнан міңгірлеп тұрғаныңды сайтаным білсін бе... Дәрменсіз саңырау кемпірге не қуаныш қалсын... Құдайым-ай, қашан ғана рақымың түсіп өз қасыңа алып кетерсің екен, қартайғанда жат түкпірде бүрістіріп жатқыза бермей?.. *(Лука кітапты қолынан түсіріп алып, үй ішінде тез-тез жүріп кетеді).* Ох, Штефан, сенің сазайың берілмей-ақ қойды, әйтеуір! Сен ашқарақка атаңнан қалған жер аз болып, көршілердің жеріне қол салдың. Негричтермен, ол аз болса, бүкіл, селомен пышақтастың. Жерім үшін қырылысып жүрмін дейді. Саған тағы қандай жер керек деп сұрар едім мен. Екі-ақ кез жер керек! Қайырымды жұрт қайтармас, берер, сен қайта тұрып кетпес үшін молаңның үстін таспен де бастырар. О дүниеге барғанда мен көрген, басқалар көрген жәбір-жапа сен жалмауыздың алар жағасынан. Жер болса ол сенсіз бере берер сүмесін. Егетін де жұрт, оратын да жұрт болар...

Лука *(тоқтап, ақырып қалады).* Жетер!

Олена. әжей *(шошынып, шоқына бастайды).* Сақтай көр, сақтай көр, сақтай көр... Aha!.. Міне, міне! Тап өзі! Петричтердің қаны қайнай жөнелді ме! О, тәңірім, жасаған... *(Лука қолдары қалтасында, пешке жақындайды).* Сақтай көр, сақтай көр, сақтай көр!.. Жоғал, сайтан! Петрич! Аумаған Петрич! Жақындама маған! Кет әрі! *(Лука тоқтап қалады. Көздері шелекті жанап өтеді. Ол шашкемен шелектен су алып, кемпірге ұсынады).* Ох, ішпеймін, керек емес! Әрі кет, аулақ! Мен сенің суыңнан да қорқамын, өзіңнен де қорқам, Петричтің немересі! *(Басын кілемнің ар жағына тартып әкетеді. Лука суды еденге шашып жібереді. Есікке барып айналаға көз салады).*

Лука *(ар жақта көрінбейтін біреуге).* Сен кімді қарауылдап жүрсің? *(Қорадан қолында сиыр сауатын шелегі бар Параска келеді. Әлі де манағысындай, көздері төмен қараған бойы баспалдақпен көтеріле береді).*

Параска *(ақырын).* Мыкола ағай кеше түнде келуге тиісті еді, әлі жоқ. *(Параска әкелген сүтін сүзіп құмыраға құяды да, плитаның шетіне қояды).*

Лука. Селода болдың ба?

Параска. Болдым.

Лука. Қалай, ешбір жаңалық жоқ па екен? *(Параска таңқалып Лукаға бұрылады).*

Параска. Жаңалық?

Лука. Мен егіс жайын сұраймын. Жұрт жұмысқа шығып жатыр ма екен?

Параска. Мен селодан өтіп бара жатқанда, жұрт Штефан атайдан тартып алған үйдің қасына жиналысып жатыр еді.

Лука *(әдейі енжарланып).* Көп жиналып па?

Параска *(қолын сермеп).* Ой, көп! Село түгел жиналған дерлік: Кәрі Негрич мейрам күніндегідей киініп, қалпағына фиалка гүлін қыстырып алыпты, күлкің келерлік... *(Параска күліп жіберіп еді, Луканың қатулы қабағы оны тез тоқтатты).*

(Кідіріс. Луканың жүзі өзгеріп барады. Ол қуанышты да, мейірімді көрінгісі келеді.)

Лука. Мен келгелі сенің күлгеніңді бірінші рет көріп тұрмын, Параска. Күлгеніңе қатты қуанып қалдым. А, сен кеше неге жыладың осы?

Параска. Жәй, әшейін...

Лука *(болысар адам пішінімен).* Байғұс бала, тағы да ана бір жазды есіңе алдың ғой, солай емес пе? *(Параска үндемей басын изейді).* Маған келші, Параска... *(Парасканың басын екі қолымен ұстап).* Олай болса, сен Параска Петрич емес, Наталья Максимова екеніңді ұмытпағаның ғой? *(Параска үнсіз басын изейді).* Жылама... Ауыр жараланған әкең мен өлім үстіндегі шешеңді шекара қызметкерлерінің заставадан алып шығатын июнь күні әлі есіңде жүр екен ғой, байғұс бола... Шыдай тұр, жылама... Сендерді немістен құтқару үшін жанын қиған адамды ұмытқан жоқпысың? *(Параска тағы да басын изейді).* Сол адамның атын аташы. *(Параскаңың көзі Лукаға қадалады. Ақырын өксіп жылап, Параска Луканың кеудесіне тығылады. Лука қыздың басын сипап тұрып, тоқталмай сөйлеп кетеді).* Таң алдында бізді полицейлер ұстап алып еді. Олар бізді аңдып жүрген екен. Олар әуелі бір шекарашыны өлтірді, одан кейін екішісін өлтірді. Сол кезде мен автоматымды алып, атыса бастадым. Бірақ, мен соңғы оғыма дейін шығарып болған кезде, сендер бәрің де қанға боялып жатыр екенсіңдер... Полицейлер ысқырып жәрдем шақыра бастады. Мен жапа-жалғыз Қарпаттан әрі венгер жағына қарай жөнелдім. Мен өзіміздің селоға қайтып келе алмайтын едім... Сегіз

жылдан кейін сенің тірі қалғаныңды естідім... Қолыңа оқ тиіп, сүйектерін быт-шыт қылған күйі сен селоға қайтып келіпсің. Дұрыс қой?

Параска. Дұрыс. Қолымнан қан сорғалап келді. Мен жылай бердім де, жүре бердім. Яснычтан әкем мен шешеме жәрдем беретін адам шақырмақ едім, бірақ, сол күні қалың тұман түсіп кетті де, менің даусымды ешкім естімепті. Тек Лозада ғана Семен Негричтың менің атымды атағанын естідім... Ол мені көтеріп, осында алып келді. *(Параска әрең-әрең өкіріп жібермей, сөзін тоқтатады).*

Лука. Содан кейін сен бірден-ақ Варвараның қолына көштің бе?

Параска. Ие. Варвара апам мені үш жыл бойы немістерден жасырып атайдың аэбарына тығып ұстады. Фамилиямды да өзгертті. Варвара апам Юлиан әкейге жалынып маған жаңа метрика жаздырып берді. Егер менің орыс қызы екенімді, оның үстіне шекара қызметкерінің қызы екенімді білсе, гестапошылар мені де, Варвара апамды да азапқа салатын еді. Білесіз ғой, ана бір бөріктеріне адамның қу басын, екі жілігін айқастырып қадап алатындар солар.

Лука. Білемін... Ал сенің әке-шешеңді таба алған адам болды ма?

Параска. Семен Негрич тауыпты. Лоза маңайында ағаш арасынан тауыпты. Сол араға көміпті. Өзі партизандарға қашып бара жатыр екен.

Лука. Семен Негрич пе? Таңданарлық екен...

Параска. Неге таңданарлық?

Лука. Сен жете ұғынбайсың, Параска. Сен әлі кішкенесің ғой...

Параска. Жоқ, мен енді есейдім, кішкене емеспін. Ұзамай он беске толам. Сіз менің апамды... сүйетініңізді де түсінем...

Лука *(Парасканың дімкар қолын қысып қалып). Шығарма үніңді. Үндеме...*

Параска. Ой, ауырып қалды!..

Лука. Бұдан былай қарай бұл туралы маған бір ауыз сөз айтпайтын бол!

Параска. Мен үндемейін — ант етем! *(Ант етуге қолын көтереді).*

Лука. Сен әшейін ессізсің.

(Кідіріс.)

Параска. Олай болғанда, сіздің ойыңызша Семен?..

Лука. Сен білетін шығарсың... Байқа бірақ... *(білегін сыбанып, жеңін түріпті)* Мынау — сол түннен қалған таңба... Полицей оғының ізі...

Параска. Ах, Онда сіз де... Жаралы күйіңізде таудан асқан екенсіз ғой? Қолыңыздан қан сорғалап жүре бердіңіз бе?.. Бізді арашалап, бізге жәрдем етем деп жараландыңыз ғой? Солай ма?

(Қорада кәрі адамның жөтелгені естіледі). Атам!.. *(Параска Луканың жеңінен сүйреп алып, үйден жүгіре жөнеледі. Кәрі Штефанды аз-ақ құлатып кетпейді).*

(Лука қолына бір қарап, одан кейін Парасканың артынан қарап ысқырып қалады. Штефан кіреді. Шал көбінесе баяу сөйлейді. Әр сөзін өлшеп алып айтатын сияқты. Қызыңқырап кеткенде, басын шалқалатып жіберіп, сөздеріне мән бергісі келгенде, басын изейді).

Штефан *(Луканы көріп, қызыңқырап).* Кетіп барады, кетіп барады!..

Лука *(қорқып).* Кім, кім?!..

Штефан. Аналар... егіншілер... колхозшылар.., тыңда... *(Алыстан барабан үні, араның ызыңындай ақырын скрипка үні естіледі).* Менің жеріме, менің егістігіме кетіп барады! Күй тартып барады. Құдалыққа кетіп бара жатқандай... бидай себеді... Кім көрген мұны?

(Тыңдасады.)

Лука. Ие... кетіп барады! *(Қолын Штефанның иығына салады).* Ата, берік болыңыз, қажымаңыз!

Штефан. Мұның бәріне менің шамам келмейді, Лука! Менің жүрегім әлдеқашан өртеніп болды.

Лука. Жоқ, олай емес! Сіздің бар өміріңізде жүрегіңіздің қазіргідей күшті соққан кезі болған емес. *(Кідіріс).* Менің жүрегім де тап сондай...

Штефан *(Луканың көзіне қадалып).* Лука, сен неше жыл Львовта оқыдың, жұрт арасында болдың, дүние көрдің... Мүмкін сол жақтан бір жақсы хабар әкелген болар-сың? Айтсаңшы! Сен екеуміз осы не күтеміз, Лука?

Лука. Ата, сіз екеумізді не күтетінін мен білмеймін. Бірақ, мен өзім не күтетінімді білемін.

Штефан.. Аналар... өңкей қайыршылар, олар да өз дегендерін болдырмақшы... Есітемісің, музыка қалай ойнайды?.. Скрипка да бар, цымбал да бар, дабыл да бар... Бір өлеңде Грицько: «Тауға кетіп барады, айғай да шу... ұлы бақытына бара жатқандай, дабыл қағады», — деуші еді гой, тап сондай!..

Лука. Ата, өлікті көмерде де музыка ойналады емес пе...

Штефан. Кімді көміп жатқандарын мен біле алмадым, Лука.

Лука *(есікке барып, көсікке сүйеніп тұрып алысқа қарайды)*. Ата, сіз әлі білетін боларсыз, көретін боларсыз, Үлкен ойын енді ғана басталып келеді. Және жалғыз біздің селода ғана емес...

(Екеуі де тыңдайды.)

(Бұрынғыдан гөрі жақынырақ та, қаттырақ та аңның гүрілдегені естіледі.)

Лука. Алла-ау, Варвара сол маңда болып жүре ме... Ата... *(ақырын айнала қаранып)*: Анада, қырық бірінші жылы, мен сіздің астық кептіретін албардың жапсарына заставадан алып қайтқан автоматты тығып едім... Әлі сонда ма екен?

Штефан. Сен немене, жындандың ба? Атқың келе ме аналарды?

Лука. Аналарды? Осы күні ме? Жоқ. Мен әлі есімнен айрылғаным жоқ, ата, бірақ, бір реті келмесе естен айрылуым мүмкін... Автомат қайда, ата?

Штефан *(Лукадан үш адым алыстайды да, қарсы жаққа қарап сөйлейді)*. Бүгін үй де менікі емес, албар да менікі емес. Қолымнан келгенше бәрін де жер астына тыққамын. Дүниеде үн шығармайтын жалғыз-ақ жер ғой, жер...

Лука *(шалға жақындап)*. Ата, менде болмашы бір қару бар, бірақ ол кішілеу еді. Маған қазір автомат керек, ауа қандай керек болса, сондай керек. Автоматты маған берші, ата.

Штефан *(тұнжырап)*. Күн батсын, сонан соң өзің қазып аларсың... Оған дейін болмайды...

Лука. Апыр-ай, енді қайттым?

(Баспалдақпен поп Юлиан көтеріліп келеді. Бұл қырық жастағы адам, ортадан гөрі биігірек бойлы, ашаң жүзді, ұқыпты түрде қырынған. Тастай қатып қалған жүзінде қайғы да, қуаныш та байқалмайды. Бірақ әжім шимайлаған маңдайы мен ойлы көздері бұл адамға құмарлық деген жат еместігін аңдатады. Қысқа қырқылған шашы самайларында ағара бастаған. Қозғалыстары байсалды да салмақты. Қызыңқыраған кездерінде қалтасынан аппақ орамалын алып, маңдайын сүртеді. Ақырын да айқын сөйлейді. Жүрісі дыбыссыз. Сондықтан күтпеген жерде пайда бола ке-

тетіндей көрінеді. Кетіп қалуы да сондай дыбыссыз, кенет, киінген түрі сахна бояуларына ұқсас болғандықтан, кейде сол көріністерге қосылып кететіндей болады. Үстінде ескі де болса жақсы сутана, денесіне құйып қойғандай тігілген. Басында жұмсақ қара қалпақ, жиегі жоғары да, төмен де қайрылмай, қылыш жүзіндей тік көрінеді. Сутананың ішінде тұтас жабық қара жаға, қара жағаның тік орнатылған ақ астары бар).

Юлиан молда. Ғайса пайғамбарымызға нұр жаусын...

(Оның келуін күтпеген Штефан мен Лука кенеттен жүздерін соған қарай бұрады).

Штефан. *(именулі).* Мәңгі-бақи жаусын.

Юлиан. Мен сіздерге бөгет жасадым ба?

Лука. Жоқ.

Юлиан *(Лукаға).* Параска маған сіздің әжеңіздің өтінішін жеткізіп еді.

Штефан. Менің кәрі кемпірім сізді де азаптар, әкем... Осы бір айдың ішінде он жеті рет келіп өсиетін тыңдадыңыз. Күнәдан ақтадыңыз. Бүгін тағы да бұл дүниемен қоштасқалы жатыр. Өлемін, молданы шақырт дейді. Қатын емес, сор да бір. Қанымды сүліктей сорады, ешнәрсені жақтырмайды. Қайтсем екен енді?

(Қолымен шекесін қысады).

Юлиан. «Қайтсем екен?» Бір минуттың ішінде осы сұрауды мен екі естіп тұрмын.

Лука. Әке, сіз бұған таңданамысыз?

Юлиан. Жоқ, одан да жаман. Қымбаттым, ол сұрау мені қатты қыздырады. Күні-түні мені азаптап жүрген де сол сұрау емес пе? Менің де тынышым қашып болды содан.

Лука. Таңданарлық екен. Мен сізді салқын қанды, салмақты адам деп есептейтін едім. Әлде қоңырауға арналған қайыр-садақа тоқталып, түспейтін болып қалды ма?

Юлиан *(Луканың алғашқы сөздерін естімегендей).* Біздің шеркеудің жаңа қоңырауы қағылып, барлық яснычандарға намаз боларын хабарлауына мен сенемін.

Штефан *(Лука мен Юлианға жақындап, үстінде Олена кемпір жатқан пешке қарап).* Игілік жұмысты істеп жүрсіз, әкем... Бірақ, біраз шыдай тұрып, жаңа қоңырауды аналардың жерленер күніне арнап қақтырғаныңыз дұрыс болмас па? Анау музыкалатып жүргендердің деймін, есітемісіз?..

(Кідіріс).

Ю л и а н. Біздің қоңырау жұртқа қайғылы хабар емес, қуанышты хабарды білдіретін болады, Штефан, өйткені, адам нәсілі қайғы мен өлім үшін емес, бақыт үшін жаралған.

Л у к а *(таңданып)*. Бұл не дегеніңіз, әкем? Аналардың ойнап жүрген әндерінің өлеңдік мазмұны емес пе?

(Музыка кенет тоқтап қалады).

Ю л и а н *(басын еңкейтіп)* Музыканы бөліп жіберген не болды екен?

Л у к а. Ие, тіпті кенет үзілді... Өлеңнің тап ортасында үзілді. *(Жүгіріп есік алдына шығады).* Сіз, Юлиан әке, өзіңіздің бақташылық міндетіңізді қызығырақ түсінеді екесіз... Жаңағы музыкада тап өзіңізді көмудің үні барын сіз осы күнге дейін естігіңіз келмейді... Сіздің орныңыз басқа бір шеркеу қызметкері болса, ол осы күні...

Ю л и а н. Мен өз міндеттерімді өз жүрегім қалай сыбырласа солай ұғынамын. *(Қолын кеудесіне басады).*

Л у к а Сіздің жүрегіңіз бе? Осы жуық араға дейін сіздің жүрегіңізде Варвара Петричке ғана орын бар сияқты көрінуші еді маған... Сіз ол кісінің қандай өтініші болса да орындауға бар едіңіз. Хатта... жалған метрике жасап беру де қолыңыздан келіп еді... Кешіріңіз... *(Шығып кетеді).*

Ю л и а н *(бір минут қабағын түйген күйі тұрып қалады да, Штефанға келіп, екі қолын оның иығына салады).* Немереңіздің жүрегіне осынша зәр құйған кім, Штефан?

Ш т е ф а н. Мен емес, мен емес, әкем, жұрт. Көріп жүрген жоқсыз ба не болып жатқанын. Аға іниге қарсы, бала әкеге қарсы көтерілді. Мені кәрілігіме қарамай, иесі екеніме қарамай атамнан қалған үйімнен айдап шықты. Құтырған қасқырдай етіп келдекпен умаштап тастамағандарына шүкірлік. Мұндай болар деп кім ойлаған! Аналар тағы қайтып келер деп, Лука соңша уақыт қаңғырып кетер деп кім ойлаған! Оны қайта үйге жібергеніне шүкірлік... Әкем, бұл құдайдың ісі де. *(Кідіріс).* Лука жас кезінде қандай жараға болса да ем болғандай қайырымды бала еді. Құдай оның көзін ашық етіп жаратты. Енді Луканың көзі әрнеге де жетіп жүр. Жеткенде қандай, қаны қайнап, құбылып ойнап кетті. Көресіз бе, ол өзінен өзгенің қайғы-мұңын ойыншық көрмейді.

Ю л и а н. Өзінен өзгенің өмірін ше?

Ш т е ф а н *(шошынып кейін серпіліп Юлианның көзіне қадалады)*. Не?.. Не елестеп кетті көз алдыңызға? Менің немерем, менің қаным, менің жалғыз үмітім сол.

Ю л и а н. Саспаңыз, тынышталыңыз, Штефан. Сіз мені қате түсіндіңіз. Сіз шеркеу старостасы емессіз бе, мен сізге әбден сенемін.

О л е н а к е м п і р *(көзі Штефанға түсіп)*. Штефан! Зымиян жылансың сен, о, көзің ақсын! Менен тағы да тығылып қалдың ба? Болмас оның! Енді сені құдай қабылдамайды, жер де қабылдамайды. Мейлің, күйеуіңнің үйінің төбесіне жасырынып отыр, мейлің, плетен қасында аунап қал. Сен қырсық қаңғырмаға басқа жол жоқ. *(Штефан кемпірге қолын сермейді)*.

— Сермеме қолыңды, сермеме, албасты! Енді сенен мен түгіл тауық та қорқа алмайды. Сенің күндерің бітті. Мен жатқан кәрімің, маған не керек? Мен күйеуімнің қолында да жақсы күн көрем. Әр күн ет жеймін, маған ешкім ақырмайды, жекірмейді. Түн ұйқым тыныш, бұрынғыдай емес: бір көзім ұйықтап, бір көзім, сенің үйіңе біреу өрт салып кетпес пе екен деп, терезені бақылап жатпайды. Сен жауыз енді жалғыз қайғыр да, жалғыз шыдап көр. Қорлықта өткен менің өмірім үшін азап шек. Татар тұтқынында болғандай менің ауыр өмірім үшін, өзіңнің жан жиіркенер күнәларың үшін, әсіресе, анау бір ең кешілмес, ең ауыр күнәң үшін азап шек! Менің жанымды да көндей құрыстырған сол күнәң! Ол күнәң үшін саған кесер жаза да табылмас!..

(Штефан ашулы Оленаға жақындайды).

— Кет, кет әрі, зымиян! Кет, қарғыс атқан! Тиме маған, қолың үзіліп түскір!

(Юлиан жылдам келіп, көтере берген Штефанның қолын ұстап қалады).

Ю л и а н. Штефан! Мені ауру адаммен оңаша қалдырыңызшы...

Ш т е ф а н *(тістеніп)*. Сені әбілет алмай-ақ қойды-ау, әйтеуір!

(Далаға қарай беттейді де, үйдегілердің не сөйлесетіндерін естігісі келген пішінін жасыра алмай, тұра қалады).

О л е н а к е м п і р *(поптың қолын сүйгісі келіп ұмтыла береді, поп қолын тез тартып алады)*. Рахмет сізге, әкем... араша түскеніңіз үшін, құтқарғаныңыз үшін... Ана жалмауыз мені жеп қояр еді әйтпесе... О, құдайым, құдайым...

Ю л и а н *(қолымен тұспалдай сөйлеп)*. Жүрегіңіз қалай, Олена әжей?

О л е н а к е м п і р. Жүрегім бе? Өртеп барады. От па дерсің. Қаралы сағатта қылмыс бар жасырған. Құдай қос-

даған күнә бар жасырылған. Жүрегіме шемен боп сол күнә қадалады. Енді үндемеуге шамам .келмейді менің, әкем.. Мейлі Штефан мені аяғымен таптап өлтірсін, қандай ауыр азапқа болса да шыдадым, тек бұл күнәні құдай алдына арқалап кете алмаймын. Әкесінің және ұлының атымен... *(шоқына бастайды).*

Штефан *(орнынан қозғалып).* Әкем-ау, көріп тұрсыз ғой, алжыған кемпір аузына келгенін айтып жатыр...

Олена кемпір. Тағы сен албасты көзіме түстің бе? Уа, балауыздай еріп, құрып кет! Тағы да менің аузымды жапқың келе ме? О, құдайым, құдайым...

Юлиан *(Штефанға).* Мен сізге шығыңыз дедім ғой!

Штефан. Мен шығамын, бірақ сіз бұл алжығанға сенбеңіз... *(Тұрған орнында аяғын кезек басып).* Ал, анау қоңырауыңызға, әулие әкем, қанша кедей, қанша қайыршы болып қалсам да өз шамам келген үлестен құр қалмаймын. Құдай қуә, құр қалмаймын, берем!

Юлиан. Барыңыз!

(Қорадан дабырлаған дауыстар келеді).

Штефан *(асығыс).* Кеттім, әкем...

(Сол жақтан баспалдақпен көтеріліп, қол ұстасқан Мыкола Воркалюк пен Параска келе жатыр. Мыкола алпысқа жақындаған адам. Үлкен денелі, тұлғалы, азырақ қолбаңдау адам. Биік және шығыңқы маңдайында қырау басқан қалың шаш. Дөңгелек сұрғылт көк көздерінде ұшқын ойнайды. Сирек те үнсіз күлетін адам. Қызып кеткенде Мыколаның айтатын өз «өлеңі» бар: сөзсіз ыңылдайды. Ыңырсыған түрінен музыканы жақсы көретіндігі де, бірақ музыканы түсінбейтіндігі аңдалады. Ашу қысқан кездерде әшейінде мейірімді көздерін тұман басып кетеді; дем алысы қысқарып, жүрегі қысатын адамдай, демін үзік-үзік алады. Ондай кездерде әшейінде сасқалақтау қозғалыстары байсал тауып, салмақтанып кетеді. Оның үлкен адам екендігі де осындай кездерде аңдалады, ол көз алдыңда өсіп кеткендей болады.

Басында кішіректеу келген ескі киіз қалпақ, жиегі жоғары түріліп тұрады. Үстінде ұзын көк куртка. Курткасының түймелері үлкен, былғарыдан жасалған, қалталары томпайып жүреді — қалта толы газет... Курткаңың ішінде тозыңқыраған сұр пенжек; оның ішінде ақ қойдың жүнінен өрекі тоқылған свитер. Шалбары қара ши барқыттан. Тізесінен төменірек қысып тұратын спорт шұлығы, шұлықта тироль әшекейі бар. Аяғында ұлтаны қалың солдаттың ауыр

ботинкасы. Иығында бұлғары сөмке, жүген, божы... Мыкола иығындағыларын алып босағаға іледі).

Параска *(қуанышты).* Дядя Мыкола, кренделъ әкелдің ғой?

Мыкола. Жоқ, әкелген жоқпын.

Параска. Өтірік айтасың!

Мыкола *(Юлианды байқамай).* О, өзің жарылып кет. Кім өтірік айтады? Дядя Мыкола ма?

Параска *(еркін қимылмен Мыколаның қалтасынан кренделъ суырып алып).* Тап өзі! Мынау не? *(Күліп қашып кетеді).*

Мыкола. Өзіме бер, инелік! Ол менің кренделім... *(Парасканы ұстап алғысы келеді. Ол ұстатпайды).*

Параска. Болмайды, ағатайым... Сайтанымды да ұстай алмайсың, Көздерін ежірейтіп алғанын қарашы. Тап анау адам қорқар арыстан сияқты... гарр!

Мыкола. Арыстан? Қандай арыстан?

Параска. Мынадай арыстан! Көзі алақандай, ерні етектей, мұрны дәл шоқпар түп келдектей, ал басы сүт құятын үш кеспектей бар!

Мыкола. Арыстан? Шын арыстан ба? Қалқам, сен ол арыстанды қалай көріп жүрсің?

Параска *(тұрған орнында секіріп түсіп).* Қалай көргенімді айтпаймын саған... *(Мұрнын шүйіріп).* Ой, сүтім қайнап кетті білем!.. *(Пешке ұмтылады).*

Юлиан *(қараңғы бұрыштан жарыққа шығып).* Пани агроном, кеше біздің селоға көшпелі аң көрмесі келіп тоқтаған.

Мыкола. Аң көрмесі? Онда түсініктi! Сіз неге түрегеліп тұрсыз, отырыңыз, әкей.

Юлиан. Сіздің қайын енеңіз шақыртқасын келіп ем...

Мыкола. Ие, солай болар. Соңғы күндерде ол кісі осыны тіпті жиілетіп кетті (қызыққырап). Мен әлгі жүрегінің қыспасын айтам...

Штефан *(жағымпазданып).* Жайлы болғасын, наздана береді де.

Мыкола. Ол кісіге тағы да доктор шақырту керек еді.

Юлиан. Пани Варвара кеше қаладан доктор әкелген болатын.

Мыкола. Ие, не депті?

Юлиан *(алақанын жайып).* Оның не шамасы келсін!

Мыкола *(қалпағын, курткасын, пенжегін шешіп, қабырғаға іледі. Сөмкесін өз бөлмесіне апарып қояды.) Егер*

доктордың шамасы келмесе, сіздің қолыңыздан тіпті ешнәрсе келмейді ғой, әкем.

Ю л и а н. Мұныңызды мен қалай түсінуім керек, пани агроном?

М ы к о л а. Қалай түсінгіңіз келсе, солай түсінесіз де. Сіз сықыршы да, қолыңыздан ғажайып туғызушы да емессіз ғой.

П а р а с к а. Дядя, тамақ ішесіз бе?

М ы к о л а. Мен таңертеңгі тамақты іштім. Дегенмен, бір кружка сүт берші. Ал, қалай, егін себілді ме анада? Білмеймісің?

П а р а с к а *(сүт беріп жатып)*. Жақында ғана шықты егіске.

М ы к о л а. Бүгін ғана ма? *(Сүтті түрегеп тұрған бойы ішеді)*. Ыстық екен!

П а р а с к а *(Мыколаға жабысып, крендель кеміріп тұр)*. Ағатайым, сен үрле... Үрлесең сүт тез суынады.

(Штефан өзіне сүт құйып алып, бұрышқа барып ішіп тұр).

М ы к о л а. Нашар екен! Қанша күнді босқа өткізіп алған. Матковцада егісті күні кеше түгел аяқтап болды. Күзгі егісті қандай баптады! Әрбір гектарға сегіз тоннадан жем төгілді. Тамаша!.. Ал бізде не болып жатқанын жан түсінбейді. Бидай тұқымы әлдеқашан яровизациядан өтіп еді. Бұдан бір ай бұрын тұқымды қалай формалиндеуді үйретіп ем, себер шақты бәрібір ұзартып алды. Кәрі Негрич енді де сүйреп әкете алмас па екен?

Ю л и а н. Мен православный дінінің молдасымын. Мен ол екі діннің басын біріктірем деген алдаудан кеткелі үш жыл болғаны өзіңізге мәлім ғой. Мен ата-бабаларымның дініне қайтқамын.

М ы к о л а *(турадан-тура)*. Сіз одан да өзіңіздің замандастарыңыздың дініне бұрыңыз бетіңізді. Әлгі бір қоңырауыңызбен жұрттың басын қатырмай, осыны істеңіз...

Ю л и а н *(жүзінде жаны ауырғандық белгісі)*. Ол менің өз қоңырауым болмайды, біздің қоңырау болады. Ол жаратушымыздың мархабаты мен адам қауымының арасындағы жаппай мейірбандықтың жағымды үні болады да.

М ы к о л а. Жаппай мейірбандықтың дейсіз бе? Азырақ асығыс айтасыз. *(Тез қабырғаға барып қалпағын алады)*. Кеше кешке ең бір мейірбан адам, участок агрономы Мыкола Воркалюк, тыныш қана Заводский орманының ішімен келе жатты. Кенеттен біреу ағаш арасынан атып

қалды оны. Міне қараңызшы, егер оқ бес миллиметр төменірек тисе, Параскаға бүгін крендель жоқ болатын еді...

Ю л и а н. Мен қанішер қолы қалтыраған ғой деп сенгім келеді...

(Аптығып жүгіріп хат тасушы Федор Квитко келеді. Бұл қырықтан асқан, қара торы, бет-аузын сақал басқан, ойнақы қоңыр көзді, танауы делдиген, шолақ мұрынды адам. Шашы дударланған. Түп жағы кесілген қоңырауға ұқсаған қалпағы бар басында. Үстінде қысқа кеудеше, сырмалы галифе көк түсті. Галифенің орта тұсынан ақ киіз жамапты, аяғында шоқай. Түймеленбей қиған шолақ камзолшаның астында қампиған үлкен былғары сөмке, сөмкеде газет. Федор аласалау келген, азырақ ақсайтын, тез жүретін адам).

Ф е д о р. Ғайса пайғамбарға бір салауат! Мұндай бәлені дүние әзір көрмеген болар, құдайым... *(Есікті қатты жауып жібереді де, терезеге ұмтылады).*

(Кідіріс)

Ш т е ф а н. Сен немене, Федор, жынданғанбысың біржола? *(Федор терезеге қарайды. Параска есікке барады).*

Ф е д о р. Алланың анасы сақтаушың болсын сенің! *(Есікке барып.)* Ашпа есікті, ашпа!

М ы к о л а. Ол не? Біреу-міреу қуған ба өзіңізді?

Ф е д о р. Мүмкін, қуған да болар, білмеймін! Ал Сидорчактың қашарын тас-талқан қылып тастады. Аз-ақ, аз-ақ менің көзімше талқандап тастамады...

Ю л и а н. Апыр-ау, нағып? Қасқыр ма?

Ф е д о р. Одан да жаман!

Ш т е ф а н. Суайттың кірпігін де қақпауын қарашы! *(Ыза болып жерге түкіреді).*

Ф е д о р *(шамданып)*. Кім? Мен бе суайт? Осы көзіммен көрмесем, жаным шықсын! Қызқарағайдың арасынан атып кеп шығып еді деймін, қашарға қарай ұмтылып еді деймін, егіншілер де, музыканттар да быт-шыт болып қаша жөнелді! Өзім көрдім! Өзім естідім! Үлкен болғанда масқара, жаның түршігірлік! Сидорчактың қашарын жеп те жатыр, миялап та жатыр...

М ы к о л а *(ашулы)*. Немене, мысық па?

Ф е д о р *(ақырын)*. Арыстан!!! Бүгін таң ата әлдекім қақпаның құлпын қиратып, қамауынан босатып жіберіпті. Аң көрмесінің директоры тамақ берейін деп келсе, қақпасы ашық тұр, айуаны кетіп қалыпты! Директор қазір зыр жүгі-

ріп сөлоны кезіп жүр. Шашын жұлып, сельсоветтің председателіне: «Арыстанымды бер! Ол — мемлекет мүлкі», — деп бақырып жатыр. Ол өзі ұстап алғысы келген екен, арыстан оған құйрығын ғана көрсетіпті, қош-есен болыңыз!.. Ал, жаңа Қызқарағай арасынан атып шығып, қашарды сылқитып тұрып жеп алды да, қайтадан орманға кіріп кетті! Жолдас агроном, бұдан былай арыстанмен көрші болып қалай тұра алар екеміз?..

(Кідіріс)

Мыкола *(Штефанға)*. Варвара қайда?

Штефан. Таң атпай, күн шықпай тағы да әлгі Тымчишинның ауру баласына барып қайтам деп хуторға кеткен. Үйде өз жұмысы аздай, кетті сонда...

Мыкола *(есікті ашып, крылцоға атып шығады. Атдубірі естіледі)*. Келе жатыр!

(Юлиан теңселіп кетіп пешке барып қолымен сүйеніп қалады).

Мыкола *(фисгармонияға келіп, қақпағын ашып, қысқа да ақырын бір аккорд алады)*. А Лука қайда?!

Штефан. Жаңа ғана бір жаққа кетті... Варвараны қарсы алуға кеткен болар.

Мыкола *(қалпағын көзіне қарай киіп, кете береді. Параска оның қолына жармасады)*. Жібер, Параска!

Параска *(жыламсырап)*. Барма, ағатай, барма! Далада арыстан бар, қауіпті!

Мыкола. Арыстан тамақтанып алыпты. Қазір ол қауіпті емес. Мен оны кім босатып жібергенін білуім керек. Параска, мұны кім істеді екен? Кім істеді? Кім ашты екен шарбағын?

(Мыколаның сырт жағынан Варвара келеді, қасында Лука. Екеуі қол ұстасып келе жатыр. Мыколаны көріп Варвара қолын жұлып алады).

Варвара. Дядя Мыкола, не болған?

Мыкола *(Варвараға бұрылып)*. Варварка, бәле болыпты бір! Әлдекім арыстанды шарбағынан шығарып жіберіпті.

Варвара. Қалайша?!

Федор *(жүгіріп Варвараға келіп)*. Құдай атымен ант етем, мұғалима. Мен өзім көрдім, Сидорчактың қашарын қалай талағанын! Жұрт ұйықтап жатқанда арыстанды біреу босатып жіберіпті...

(Кідіріс).

Л у к а. Өз көзімізбен көрдік деп ант еткен соқырлар да болыпты. Егер бұл ертегіні Федор өзі ойлап шығарған болмаса, аң көрмесінің қызметкерлері арыстанның қақпасын өздері берік жаппаған болып шығады. Қалайда біздің Яснычтан арыстанды босатып жіберу ойына келер есалаң табылмас...

Ф е д о р. Сондай сұмдық пәле!..

М ы к о л а *(Лукаға)*. Сен солай деп ойлаймысың?

Ю л и а н. Солай екеніне шүбә болмасқа керек. Өзімнің қауымымды мен де білемін ғой.

М ы к о л а *(Юлианға қарап)*. Сіз өз шамаңыздан артық жауапкершілік алып отырған жоқсыз ба?

Ю л и а н. Менің аузымнан таза адалдық қате айтылмақ...

М ы к о л а. Сенем. Бірақ ол жеткілікті болмайды. *(Федорға қарап)*. Федор бүгін осы селода қонып шыққан жат адам болмады ма екен, білмейсіз бе?

Ф е д о р. Менімше, жоқ, жолдас агроном. Мен байқаған болар едім. Мен іңір қараңғысына дейін әр үйге газет таратып жүрдім. Қазір ондай қаңғымалар қайда қонып шыға алады? Өзіңіз білесіз, құлақтар енді жоқ. Біреулері шекарадан асып, американдықтарға кетті, енді біреулері қалған күндерін амалдап өткізгелі кез келгеннің пешіне шығып бұғып жатыр...

(Штефан білдірмей түкіріп қалып үйден шығып кетеді. Мыкола оған бей-жай күйде қарап қалады).

М ы к о л а. Бұл туралы сен қалай ойлайсың, Варвара?

В а р в р а. Мен Луканың айтқанында дәлел бар ғой деп сенгім келеді. *(Сағатына қарап, Юлианға бұрылады)*. Сізге рахмет, әкем. Атыңызды қораңызға апарып қойдым. *(Өз бөлмесінің есігіне барады.)* Егер Луканың қателескені анықталса... онда... *(ернін тістеп.)* «аяушылық», «рақым» деген сөздерді аузына алған адамды қарғыс атсын! *(Тез бөлмесіне кіріп кетеді де, тағы да тез қайта шығады)*. Параска, баршы, қалқам, қарап келші, балалар мектепке жиналып үлгірді ме екен?

П а р а с к а. Жүгірейін, апатайым! *(Жүгіріп кетеді)*.

Ю л и а н *(алақанын маңдайына басып)*. Құдайым-ау, ие, балалар бар ғой!.. *(Есікке қарай беттейді)*.

М ы к о л а. Тыныштарыңыз, әкей! Балалар үйлеріне колхоз күзетшілеріне еріп қайтар.

Ю л и а н. Маған бүгін балалар үйлерінде отыруға тиісті көрініп еді.

Мыкола *(кекті)*. Жоқ! Балалар бүгін оқиды! Яснычада бүгін де өмір өзінің советтік тәртібімен жүре береді.

Юлиан. Ерік өздеріңізде. Бірақ мен сіз көп соққы көрген адам болғандықтан, адам өмірін қымбат бағалай аларсыз деп ойлап ем.

Мыкола. Тынышыңыз қашпасын. Өмір деп атауға тұратын нәрсені мен қашан да қорғай да білемін, бағалай да білемін.

Юлиан. Мен осыныңызға қашан да сенулімін, пани агроном. *(Өз қадірін түсірмей еңкейеді де шығып кетеді.)*

Мыкола. Лука! Мені Иван Негрич сұрай қалса, айтарсың, мен колхоз басқармасына кеттім!.. Ал сенің документтеріңді районда тәртіпке келтірді ме осы?..

Лука. Әзірше, жоқ... Әлі де тексереміз деседі.

Мыкола. Қызық екен! Неменеге созып жүр? Мен оларға айтқамын: қағаздарың түгел тәртіпте дегемін. Әйтпесе, сені мұнда жібермес те еді ғой... Жөтелмеймісің?

Лука. Жоқ, әке.

Мыкола. Жарайды, тағы да біраз дем ал, содан кейін жұмысқа кірісерсің. Сен менің баламсың ғой. *(Луканы ұстай алып құшақтап сүйеді де, содан кейін қолын қысады).*

Лука. Рахмет, қымбатты әкем... *(аздан соң.)* Әке, тыңдашы, әлгі бір арыстан жайындағы әңгіме сені шын-ақ мазалап жіберді білем. Маған венчестеріңді берші. Мен барып арыстанды өлтіріп қайтайын...

Мыкола. Е, ол оңайы ғой. Арыстанды өлтіру ойыншық емес. Оны босатып жіберген адамды айтсаңшы, әне ол бір қу аяқ болу керек. Не істегенін біліп істеген. Колхоздың бір жылдық астық түсімі ондай арыстанды сатып алуға жетпейді. Арыстанды мүмкін, үкіметіміз тап-таза алтын төлеп алған шығар. Оны тірідей ұстап алу керек. *(Мыкола шығып кетеді, Лука оны шығарып кетеді. Федор стол үстіне бір буда газетті қойып, о да кетуге оңтайланады. Кенет Иван Негрич келеді, Мыкола сонымен бірге қайта кіреді).*

Мыкола *(Негричті қолтықтап үйге кіреді)*. Иван, нағып осы шын болды?

(Иван Негрич үйге асықпай кіреді. Ол елу жастардағы крестьян. Сонша жасына қарамай мұрты қап-қара. Иван Негрич көңілінде бір тынышсыздық болса, мұртын баппен сипап қояды. Қалың қастарының астынан қылды үлкен көздері көрінеді. Оның мінезінен өз бағасын жақсы білетіндігі аңғарылады. Бірақ ол онысын өзі ешуақытта көзіне тоспайды. Иван Негрич ұзын чубүлін ешуақытта тастамай-

ды. Ол бүгін мейрам күндеріндегідей киінген: жаңа камзол, жаңа жеңсіз, қызыл ленталы таза көйлек. Шалбары сұр ши барқыттан, аяғында шоқай, таза шұлғау... қара түсті фетр қалпағына фиалка қыстырып алған).

И в а н *(босағадағы қалпағын алады).* Шын! *(Скамейкаға отырады.)* Жұрт үйді-үйіне тығылып қалды да, село біржолата қырылып қалғандай.

(Мыкола қызынып үй ішінде жүріп кетеді. Лука сыртқы крылцодан түсіп, ақырын аяңдап қораның оң жағына қарай кетеді. Мыкола Федордың алдына келіп тоқтайды. Федор желкесін қасиды).

М ы к о л а (Федорға). Ал, бүгін почтаны қайтпексің?

Ф е д о р *(сескеніп).* Почтаны ма? Жүгірем де, ұшам! Сіз мені қорқады ғой деп ойлайсыз ба? Чепуха! Австрияның тұсында, мен алғашқы соғыста Албанияда соғысып жүргенде тау арасында мұның әкесіндей арыстандардың талайын көргем, қашқан жоқпын. Танауын ит жалап кеткір, әне, арыстан деп соларды айт! Мына арыстаннан кем болса екі рет, дәлін айтсам үш рет үлкен болатын-ды. Жоқ, үш рет деген немене, тек осылай тірі болайын, тап төрт рет үлкен болатын!

М ы к о л а *(қатал).* Ие, содан соң?

Ф е д о р. Содан соң не болсын? Жүгірем де ұшам! Тек осылай тірі болайын! *(Крылцоға шығады. Тоқтап ойланып алақанына түкіреді де, оң жаққа қарай бар пәрменімен шойнаңдай жөнеледі).*

М ы к о л а *(барометрге барып).* Тағы да бірер күн осылай болып тұрса, жер біржола құрғап кетеді. *(Ашулы).* Осының бәрі неліктен, қалайша кездесіп тұр? Аң көрмесін біздің селоға айдап әкелген қандай сайтан?

И в а н. Басқа келген бір бәле де! Даусыз нәрсе біреу-ақ: қарғыс атқан арыстан біздің селоның қасында жүйткіп жүргенде, ешкім жұмысқа шықпайды.

М ы к о л а. Қартайғаннан аяғын әрең алып жүрген қотыр арыстанның қырсығына егісті құлатып алмақпыз ба? Колхоздың председателі осыған тып-тыныш қарап отырмақ па?

И в а н. Әңгіме арыстанда емес, арыстан айналасындағы нәрселерде. Мен сенімен көптен бері сөйлескім келіп жүр, Мыкола, бірақ. сен қолға түсемісің? Осы селода суды лайлап жүрген біреу бар... Біресе соғыс жақын деген әңгіме тарады, біресе «бізде бидай шықпай қалса, бізді өмір бойы қары кетпейтін Сібірге жіберіп, ақ аюларды қуғызады

екен» деген қауесет тарады. Ал міне бұл қауесеттердің бірде-бірінің жәрдемі болмағаннан кейін, жауыққан бір күш арыстанды босатып жіберді. Әуелі мен шеттен келген қанішер бұрын Гитлерге қызмет еткен полицей мен әсәсовшылардың қолы ма деп ойлап қалып ем. Содан кейін өлшеп пішіп қарадым да, олар емес екен деп қорыттым! Олардың күні тамақ асырау мен бұл жақтан терісін жыртқызбай аман құтылудың айла-шарығына қарап қалды ғой. Мұнда өзіміздің ішімізден у құйып жүрген біреу бар: сағат сайын құймаса, күн сайын құйып жүр. Ағаш арасына жасырынбайтын, бұл жерден қашпайтын өзіміздің біреу.

Мыкола. Менің қайын атам Штефан ба?

Иван. Ол бола қояр ма екен! Оның улы азуы жұлынды ғой. Ол кәрі Петричке енді ешкім сенбейді. Оның үстіне ол осы күні өзі де көлеңкесінен қорқатын болған шығар. Бұл қайғы-мұңымыз басталғалы бір ай болды.

(Кідіріс).

Мыкола. Бір ай болды? *(алақанымен бетін уқалайды).* Тоқта, тоқта! Сен кімді нұсқайсың?

(Кідіріс).

Иван *(түрегеледі).* Ашып айтсам, әзір ешкімді де нұсқамаймын. Ең алдымен аққа жұққан қараны қолыңа түсір дейді емес пе... Сельсоветтен районға телефон да соқтық.

Мыкола *(әндетіп үй ішінде тез-тез жүре бастайды).* Дұрыс істегенсіңдер. Бірақ мен... *(тоқтап.)* Өзіміздің шамамыздан да келеді ғой деп есептеймін... Бұдан бұрын да шамамыз келіп жүрді ғой. Бұлардан гөрі қауіптірек айуандарға да шамамыз келген. Корольдің жолбарыстарына да шамамыз келген. Тек бір жеті адам күзет керек...

Иван. Мен сігізінші болайын.

Мыкола. Мен тоғызыншы. Тағы кімнің құралы бар?

Иван. Мұғалиманың пистолеті болса керек.

Мыкола. Мұғалиманы қозғамаймыз. Анау, біздің селоға сайтан айдап әкелген аң көрмесінің адамдары бірдеме істеп жатыр ма?

Иван. Әзірше толып жатқан шу жасап жүр. Жеммен алдап ұстап байқаймыз деседі.

Мыкола. Өздері байқай берсін. Олардан ешнәрсе шықпаса, кешке қарай біз торлап көреміз. Жемге бір қой жіберермін.

(Кідіріс. Мыкола үй ішінде жүре береді).

Шынымды айтсам, бидай ендігі себіліп болған шығар деп келіп ем... *(тоқтап.)* Неліктен бұлай болды, Иван?

(Кідіріс).

Иван. Мына жұртты біздің Яснычада бидай өсе алады деп сендіру қиын болып тұр, Мыкола, қиын болғанда қандай!.. Ғасырлар бойы ата-бабамыз бұл жерге ылғи жүгері егіп келді ғой. Күн көрісі сол болатын. Ал қазір бір өсек-аяң тарататын сыбыршы бар: бидай шықпайды, жүгеріден де иек қағасыңдар, аштан қырыласыңдар дейді. бәрің де!

Мыкола. Не бәрі осы ма?

Иван *(қалпағын жерге алып ұрып)*. Осы іске мені де сайтан азғырып кірістірді ғой!

Мыкола. Жынданыпсың, жынданыпсың сен!

Иван. Саған жынданыпсың деудің несі қиын! Бүгін осындасың, ертең Заводовадасың, Матковцадасың, Варинқадасың... Анда ананы сеп, мында мынаны сеп дейсің де, кете бересің! Менің жынданып кетер жағдайым да жетіп жатыр. Барлық ауыртпалық жиналып келіп мен байғұстың басына үйіледі!

Мыкола. Иван, Ивасик! Сенсең, маған да оңай болып жүрген жоқ! Соңғы үш күннің ішінде мен сегіз сағат та ұйықтай алғаным жоқ. Өткен түні матковчандармен таң атқанша отырып шықтым. Кесел жұққан тұқымды қалай дәрілеуді үйреттім. Содан кейін, мынаны қарашы... *(қабырғадан оқ тесіп кеткен қалпағын алып, көрсеткісі келді де, көрсетпей, қайта орнына іледі)* Чепуха! *(отырып өз тізесін өзі ұрып)*. Енді мен де жас емеспін, Иван. Бүгін ат үстінде қалғып кетіппін, атым келіп қорасына тірелгенде ояндым, ат қораның маңдайшасына соғып басымды жарып ала жаздадым. Освенцим менің жүрегімді де бірталай қашады емес пе — Бирхенау концлагерінде өткен үш жарым жыл ойыншық емес қой! Бірақ, Ивасик, егер менің жүрегім әлі күнге соғуын тоқтатпаса, ол кәрінің еңбегі жанардай себеп бар да! Ивасик, Дрогбыч түрмесіндегі бір ертелік есіңде ме, сырттан бірінші «Коллективизация деген немене?» деген кітапшаны алып едік қой? Сонда сенің не айтқаның есіңде ме, Иван?

Иван *(көтеріліп)*. Қазір! Ол... он жетінші камерада айтылған болатын.

Мыкола. Мен сол кітапшаны оқып шыққанда, сен: «Енді мен түкірдім мыналардың кесіміне! Түкірдім тап Пильсудискийдің өзіне. Мейлі, енді маған үш жыл емес,

отыз жыл түрме кессін, бәрібір Яснычада колхоз болады!», дегенсің. Айтып па ең?

Иван. Айтқам.

Мыкола. Солай болар! Ал бүгін сен сол ясынчандардың тілегімен колхоздың председателісің, мен болсам, сол кездегі сенің камералас жолдасың, қазір учаске агрономымын; оның үстіне Яснычада егіс науқанын өткізуге жіберген аудандық партия комитетінің өкілімін... Мен білемін, Лученяк колхозда мүше емес әйелімнің аты еді деп, өз атын жасырып сатып жіберді дерсің сен. Кудрич бір қашарын есептен жасырды дерсің. Әзірше егісті қолмен егетініміз де рас. Бірақ, қанша дегенмен, сен түсін, Иван, біздің колхоз құрылғалы алты-ақ ай болды. Биылғымыз бірінші көктем, бұл біздің балалық шағымыз, бірінші қадамымыз. *(Теңселіп кетіп, өзін-өзі ұстап қалады. Әлсіздеңгенін сездірмей, тік адымдап барып шелектен бір шашке су алып қағып салады).* Түсін сен — біздің Шығыстағы, үлкен Украинадағы туысқандарымызға коллективизация бастап құру анағұрлым қиын болды. Ол кезде ешбір тәжірибе жоқ еді ғой. Бізде жағдай басқаша. Біз олардан, шамамен айтқанда, жиырма жыл артта қалсақ та...

Иван *(салмақпен қалпағын киіп орнынан тұрады).* Сенің мұныңа мен ашуланып қалуым мүмкін, Мыкола.

Мыкола. Ашуланып қалуым?! О, жарылып кет!

Иван. Әрине, сен мұның бәрін маған жаттай көріп айтып отырсың...

(Иконаларға қиғаштап қарайды да, басынан қалпағын алады. Енді қалпағын қолында дөңгелетіп тұрып.) Әлдекандай бір... құйыршыққа айтып отырғандайсың...

Мыкола. Иван? Уа, сені қасқыр жәукемдесін! *(Тез басып Иванға келіп құшақтап алады. Енді екеуі де біреу көріп тұрған жоқ па екен деп айнала қарасады да, сүйіседі).*

Олена кемпір *(кілемшелердің астынан).* О, тәңірім, тәңірім!..

Иван. Естідің бе, Мыкола? Менің балам Семен бүгін таң ата Порт-Артурдан келді!

Мыкола. Қойшы? Уақытша ма, біржола келіп пе?

Иван. Әрине, біржола. Запастағы кіші лейтенант етіп босатыпты. Берлин үшін екі ордені бар. Квантун армиясын талқандағаны үшін «Өжеттік» медалін алыпты.

Мыкола. Жақсы!.. Олай болса біздің қатарымыз нығая түсті десейші! Сен оған тезірек есепке алынсын деп айтты де мені. Айтпақшы сағат үшке коммунистерді жина-

шы. Мен бүгін ауданға барып келуім керек. Суперфосфат әкеліпті деседі. Оған дейін бірер сағат дем алуға тура келер. *(Стол үстіндегі газеттерді аударыстырып).* Аһа! Тағы да! *(Көзілдірігін алып киеді).*

И в а н. Кеттім! Қош, Мыкола! *(Күрсінеді, есікке бет-тейді.)* А егісті біз қайтсек те орындаймыз! Бүгін болмаса, ең әрісі ертең орындаймыз. Райкомда осылай дерсің. Негрич нетіпті деп ойлап жүрмесін...

М ы к о л а. Тоқтай тұр! *(Қолында газет, креслоға отырады.)* Мынау, Иван, сені мен маған қатынасы бар сөз екен. Тыңдай қал! *(Оқи бастайды).*

(Осы кезде галереяның есігінде поп Юлиан көрінеді. Ол Мыколаның даусын естіп, кіре берісте тоқтап қалады).

— «1949 жылы январь айының аяғында жоғарғы Австрияда шығатын «Линцер Фольксблатт» газеті Рим қаласында «Орыс колледжы» деп аталатын иезуиттер қауымының мектебі бар деп хабарлады. Ол мектеп Советтер Одағына жіберілетін агенттер дайындайды екен. Бұл Рим қаласындағы ең бір таң қаларлық үйлердің бірі дейді газет. Терезелері ешуақытта ашылмайды, есіктері әрқашан да жабық. Карло Альберти көшесіндегі осы бір тұнжыраған үйге кейбір адамдар ғана кіре алады. Олар иезуит қауымының мүшелері. Газеттің айтуынша, мектепті бітіргендер бөтен атпен Советтер қарамағындағы зоналарға жіберіледі. Олар монах киімінде емес, кәдімгі туристер киімінде жолаушылайтын көрінеді. Әрбір агент аттанарда оны Рим папасы ерекше қабылдайды екен...»

И в а н. Сондай бір турист біздің өлкеге де келіп жүрген жоқ па екен? Мынау арыстанмен байланысты дүрбелең де, әр түрлі өсек-аяң, қиғылықтар соның қолы болмас па?

М ы к о л а. Ар жағын тыңда!.. *(оқиды).* Гаагада шығатын «Ди Ваархейд» газеті Луиджи Джедданың «Католик әрекеті» дейтін тыңшылық және террористік ұйымының бастықтары мен Ватикан мемлекеттік секретарының орынбасары Монтинидің әлденеше рет кеңескенін хабарлайды. Бұл кездесулерге Трумэннің Ватиканға жіберген жеке өкілі Тейлор қатынасыпты. «Католик әрекеті» ұйымының істерін кеңейте түсу жайында Ватикан қаулы алыпты деп көрсетілген. Ватикан төңірегіндегілер осы террористік және тыңшылық ұйымы коммунизм мен материализмге қарсы әрекеттерін күшейте түсуге тиісті дейтін көрінеді. Монтини Джеддаға «Католик әрекеті» ұйымының ішінде арнаулы соғыстық отрядтар жасауды тапсырыпты.

И в а н. Мыкола, тоқтай тұршы... Осы айтып отырған «Католик әрекеті» деген ұйымың кәдімгі пандық Польшада бізге қарсы әрекет істеген ұйым емес пе? Митрополит Шептинскийдің сол ұйымды коммунистерге қарсы айдап салғаны есіңде ме?

М ы к о л а. Тап соның өзі, Иван. Ол қара құзғындар сен екеуміздің монастырь жерін тартып алғанымызды ешуақытта кешірмейді.

И в а н. Қазір американецтерге қызмет етеді, Гитлер үшін қызмет еткендеріне де көп уақыт болған жоқ, ә?! Сен Освенцимде отырған кезіңде сол қара киінгендер немістерге салықты тезірек өтеу үшін халықты мейрам күндерінде де жұмысқа шығыңдар деп үгіттеуші еді! Саған оқ атқан да солар емес пе екен?

М ы к о л а. Мүмкін, солар болар... Алла мен алтынның әскери құлы ғой олар? Соғыс тоқталған жоқ, Иван. Біздің поп Юлиан жер үстіндегі мейірбандық пен достық жайын қанша айта берсе де... ол әлі жоқ жер бетінде. Түсінбеймін, әшейін бір қызық адам ба, болмаса... дін сөздері шелей болып көзін жауып кеткен бе...

(Галереяда тұрған Юлиан поп шегінеді де, жоқ болады.) Шаршадым, Иван... Мықтап шаршадым.

(Мыкола соңғы сөздерін әбден әлсіреген дауыспен айтады. Басы кеудесіне қарай төмен салбырап кетеді. Көзі жұмылған, газет қолынан түсіп кетеді. Иван газетті жерден алып, Мыколаның тізесіне қояды. Төсектен кішкене жастық алып, ептеп қана Мыколаның басына салады. Галереяда Параска көрінеді).

И в а н *(саусағын ерніне жапсырып).* Ақырын! Ұйқтасын азырақ. *(Шығып кетеді).*

П а р а с к а *(аяғын ұшынан басып сахнадан өтіп, Варваранның есігін ақырын ашады. Ақырын ғана).* Апа, Балалар түгелге жақын жиналыпты. Түк тамақ ішпестен келіпті. *(Плитаға барып, кружкеге сүт құйып алады, нан ыдысынан бір кесек нан алады: сүті мен нанын Олена әжейге береді).*

(Мойнын соза сорайтып Штефан кіреді).

Ш т е ф а н *(үйқтап қалған Мыколаны көріп, кетіп бара жатқан Негричке қарап).* Кетіп барады қу кедей. Қарғыс айтпай-ақ қойды! *(Варвара кіреді: үстінде жалбағайлы сұрғылт қоңыр пелерина, қара көйлек. Қолында сіресіп тұрған клеенка портфель. Варвара төсекке барып жүн көрпені алады да, Параскның жәрдемімен Мыколаның тізе-*

сін қымтайды. Перденің аяғына дейін бәрі де ақырын сөйлеседі).

Штефан *(қорқынышты).* Құдай-ау, Семен ғой! Өрт қойғыш, өрт қойғыш Семен Негрич? *(Арқасын пешке тіреп қатып қалады).*

Варвара *(тез есікке қарай адымдап).* Семен!!

(Сыртқы баспалдақпен Семен көтеріліп келеді. Ол орта бойлы, шатен, жиырма сегіз жаста. Қуаң тартқан биік маңдайлы, қою қасты, әкесіне тартқан. Жүзінде қыз бетінің қызылындай дерлік қызыл бар. Сол қызыл оны жасырақ көрсетеді. Ол қимылы мен сөзінде әкесінен гөрі ұстамдырақ. Қысқа петек киген, әскер формасында, орден медальдарын тақпаған. Аяғында әдемі тігілген хром етік. Басында әкесінің қалпағынша пішілген кішкене қалпақ, жиегі жоғары қайырылған (паруботский деп аталатын түрде қайырылған).

Штефан *(еріндері дірілдеп).* Келіпті сайтан! Менің шөбім үшін, ұйқтамаған түндерім үшін сен Негричтерді жер көтермесін!..

Параска *(ашулы).* Цыть, ата! *(Сау қолын юбкасына сүртеді).*

(Семен Варвараны қолынан сүйеді, Параскамен амандасады. Содан кейін көре сала қозғалмай қалған көздерін Штефанға қадайды. Штефан сүзуге әзірленген бұқадай басын шайқап, өзіне-өзі бірдеме дейді де, аяқтары шалысып, есікке қарай тура жөнеледі).

Семен *(басымен Штефанды нұсқап).* Аман қалдырғандары бекер болған екен!

Варвара. Мен, мен оны істеген. Мыколадан әрең өтініп алып қалдым. Қартайған адамдарды аяу керек, Семен. Онсыз да бұл екі кәрі құдай жолына беттерін түзеген адам.

Олена кемпір. О, жасаған, жасаған... *(Сүтті ішіп болып, басын кілемшенің ар жағына тартып әкетеді).*

Семен *(күліп жіберіп).* Беттерін құдай жолына түзегендерін естіп тұрмын!

Варвара. Жазған хаттарың үшін алдыңда басымды төмен иемін, Семен. *(Басын иеді.)* Сенің хаттарың маған көп нәрсені үйретті.

Семен *(қысылып).* Мүмкін емес...

Варвара *(басын изеп).* Шыдай тұр, Мыкола оянсын, ол айтар өзіңе: сенің отың мені де өртеді. Мұны менен естуің таңырқарлық іс болса да, ант етіп айтайын, мен өз жұмысымды өмірдей сүйдім...

(Семен бетін бұрып әкетеді. Содан кейін Варвараның қолын тез қысып, шетірек кетеді).

Варвара *(өкпелі)*. Семен! Кетіп қалмақпысың?

Семен *(қалпағын дөңгелетіп)*. Мен агрономға жолыққалы келіп ем, әкем ол ұйықтап жатыр деді.

Варвара. Оның есесіне Параска екеуміз аяумыз ғой...

Семен. Параска ма? Қандай өсіп калған!..

(Бұл уақытқа дейін плитканың маңынан қолы босамаған Параска Семенге байқатпай күліп жібереді).

Варвара *(Параскаға)*. Ақырып, күлегеш! Мектепке баруға әзірлен. *(Семенды қолынан алып.)* Кешке біздің үйге келші. Бүгінгі беймаза күн бөгет жасамаса, сөйлеселік отырып...

(Оң жақтан Лука келеді. Оны көріп Параска бұрынғысынан гөрі де өз жұмысына шұғылданып кетеді).

Лука. Қайырлы таң! Негрич сияқты екенсің *(Көздерін Семен мен Варвараның айқасқан қолдарынан алмай қадалады).*

Варвара *(Семенның қолын қоя беріп)*. Сияқты емес тап өзі! Біріңе-бірің қол берісіңдер. Екеуің де осы Яснычан аспанының астында тудыңдар ғой.

(Кідіріс. Жігіттер біріне-бірі қолдарын созады. Алыстан арыстанның күркіреген естіледі).

Лука. Бүгін осы Яснычан көк аспанына бұлт жиналып келеді.

(Семен мен Варвара бастарын көтереді).

Варвара. Сен айтқан бұлттарың көрінбейді ғой.

Лука. Көрінбесе, естіліп тұр.

Семен. Ертеңге дейін ол арыстанды не ұстап алармыз да, не болмаса өлтірерміз.

Лука. Ертең ше?

Семен. Ертең біз егін егеміз.

Лука. Жақсы екен, құдай жәрдем берсін!.. *(Шегініп кетеді).*

Варвара *(әдейі бей-жай қалыппен)*. Лука, сен қайда кеттің?

Лука. Орманға барып қайтқым келеді.

(Параска есікке ұмтылады).

Варвара. Бүгін бе? Не үшін?

Лука. Әлгі арыстан бір бала-маланы жаралап кетуі мүмкін ғой... Жаралы баласы орман ішінде қаны сорғалап «құтқарыңдар!» деп зарлап жүруі мүмкін емес пе? *(Кетеді).*

С е м е н *(аз кідірістен кейін)*. Бұған немене керек?

В а р в а р а Семен сен оған кешірім ет! Ол көп азап көрген, қаңғырып дүниені кезген, Батыс Германиядан әрең құтылып шыққан... Қазір оған амалсыздан жұмыссыз жүргені де батады. Егер оның паспорты қолында болса, ол Станиславқа, не болмаса Львовқа кетіп қалар еді. Оның арманы музыка мектебінде сабақ беру ғой.

С е м е н *(ойланып қалады)*. Бүгін мен онымен екінші рет кездестім... Оған немене керек?..

В а р в а р а. Семен...

(Семен Варвараға қарайды. Мектеп қоңырауы естіледі.)

Маған мектепке кететін уақыт болып қалды. Шығарып салшы, Семен.

(Баспалдақпен түсе беріп, тез тоқтап басын жоғары көтереді).

Аспан бүгін көкпеңбек, көкпеңбек екен... *(Екеуі кете береді. Параска Лука кеткен жақтан көзін алмай қарайды. Аздан соң көз жасын жұдырығымен сүртіп, солай қарай жүгіріп кетеді. Мыкола ұйқысырап қозғалады. Газет судырап еденге түседі.*

Алыстағы мектеп қоңырауының шылдырымен шымылдық түседі).

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Оқиға сол үйде, бұрынғы жағдайда өтеді. Тек енді күн оң жақтан түсіп тұр. Тау қырқаларының үстінде алтын жалатқандай жарқыраған ақ бұлттар көрінеді. Бірінші пердеде Мыкола Воркалюк ұйықтап қалатын креслода Федор Квитка жайғасып отырыпты да, қорылдап кетіпті. Алғашқы перденің аяғында шылдыраған мектеп қоңырауы тағы да солай шылдырайды. Есік ашылып, қорадан байсалды басып Штефан келеді. Федорды көріп Штефан тезірек жүріп кетеді де, қасына келіп оны жұлқылай бастайды.

Ш т е ф а н. Сен немене, қу кедей, құтырғанбысың? Малға ұсап біреудің үйіне кіріп алып, мырзалар отыратын креслоға отырып алып қорылдағаны несі екен! Құдай сені атпағанын қайтерсің! Тұр, жатып ішер!

Ф е д о р *(қабағын қаққыштап)*. Сақтай көр, сақтай көр, сақтай көр!.. А, сіз бе едіңіз, Штефанчик, құдай сүйгір!.. *(үрейленіп)*. Есік ашық қалыпты ғой! Штефанчик, есік ашық қалыпты, анау кіріп келіп жүрер.

Ш т е ф а н Анауың кім кіріп келетін?

Ф е д о р. Арыстан ше!..

Ш т е ф а н. Бос сөйлейсің. Мен қақпаны жаптым.

Ф е д о р. Ха-ха-ха!.. Қақпа!.. Ол бес метрден, бес метр деген не, он метрден жоғары қарғи алады. Ал сіз қақпаны жаптым дейсіз! Ха-ха-ха! Ол, Штефан, сен екеуміз сияқты ақымақ емес. Ол тіпті...

Ш т е ф а н *(бөліп кетіп)*. Жә, жетер, жатып ішер! Афу!

Ф е д о р *(бірден атып тұрып)*. Түһ! Оянғалы есімді жиған жоқпын... Әлгі бір қарғыс атқыр Австрия командасы сол уақыттан бері бүйрегіме барып қадалып қалғандай Ал, Штефан, сізді бар ғой, мені жалқау дегеніңіз үшін жаратқанның өзі жазалайтын болады. Жол үстіндегі әлгі албасты арыстан маған деп тісін қайрап отырса, төрт километр жердегі почтаға мен қалай бармақпын?.. Мен машина кездесе ме деп күтіп отырмын! *(Есінеп, аузын шоқындырады)*.

Ш т е ф а н. Машинаны жолдан жарты километр жерден күтеді екесің! Шыдай тұр, қу кедейім, күйеуім келсін қазір, қандай машинаны көрер екесің.

Ф е д о р. Сіз мені қу кедей деп атағаныңыз мақұл болар деймін. Ого! Қу кедейлік бітті: тәмат-тамам деңіз! Осы, Штефан, сіздің өзіңіздің неменеге айналып кеткеніңізді құдайыңыз білсін. Бір кезде Иван Негричті де тыржалаңаш деп атайтынсыз. Енді атап көріңізші, солай деп! Рахым етіңіз, атап көріңізші! Менің естігім де, көргім де келген болар еді! *(мүсәпіршілікпен.)* Мені сықақтағанда не тұр, мен бір жарымжан... Анау алғашқы соғыстан бері денемде Италияның бір оғы жүр. Мен не? Мен кедеймін. *(жыламсырайды)*.

Ш т е ф а н *(мазақтап)*. Бар, колхозға бар, байисың!

Ф е д о р. Барамын да. Біліп қойыңыз, барамын колхозға! Тек әйелімді ғана көндіруім керек. Жылауын қалай қойса, солай колхозға кіремін. Менің бір жарым морг жерім бар, колхозда одан анағұрлым көп болады. Сізде жүз морг жер бар еді, қазір жалғыз пешті құшақтап қалдың. Оның өзі де күйеуіңдікі... *(Күледі)*.

О л е н а к е м п і р. О, жасағаным, жасағаным...

Ф е д о р. Сонда бәрі де менікі болады. *(Ақсаңдап пешке қарай кетеді)*. Олена әжей, сіз білетін бе едіңіз?

О л е н а к е м п і р. Нені?

Ф е д о р. Аңдар көрмесінен бір арыстан қашып кетіпті!

О л е н а к е м п і р. Кім?

Ф е д о р. Арыстан деймін!

Олена кемпір. Қандай арыстан?

Федор. Басы үлкен, көзі үлкен арыстан!

Олена кемпір. Е, оған не керек екен?

Штефан. Бар, бар, жынды қатынның басын қатырма!

Олена кемпір *(Федорға)*. Анау саған не дейді?

Федор *(қолымен көрсетіп)*. Ауыз... Штефан менің аузымды басады, сөйлеткісі келмейді.

Олена кемпір. Ауыз? Ол залымды ауру араласын! Жендет, менің қасыма адам жақындатқысы келмейді. Осы— менің азаптаушым, осы — ұры!

Штефан *(жәбірден тынысы тарылып)*. Мен Штефан Петрич, қожайындардың қожайыны, ұрымын ба?

Олена кемпір. Ұрысың, ұрысың, ұрысың! Сенің бар өмірің ине шанышар жері жоқ түгел ұрлық. Ие, ие, солай!

Штефан. Солай деймісің? Ендеше, малғұн, шоқына бер иманыңды айтып! *(Төсек астынан балдақ суырып алады)*.

Федор *(тез-тез шоқынып қалып)*. Құдай үшін! Мені куәға тартып жүрер... *(Үйден атылып шығады)*.

Штефан *(ашудан ешнәрсе аңғармай)*. Өлтірем!

Олена кемпір. Ой! Мына жауыз өлтіреді! Ұры, ұры, ұры! Ой!.. *(Штефан кемпірдің иығына балдақпен ұрып жібереді)*. Ой, алланың анасы, өлтіреді мынау, өлтіреді!..

(Қорадан Варвара жүгіріп келеді, одан кейін поп Юлиан).

Варвара. Дядя Штефан!

Олена кемпір. Ой, өлтірді жауыз, өлтірді. Өлтірді қаныпезер! Өлтірді арам жауыз!..

Варвара *(жақындап келіп)*. Бұл немене? Әрі біздің үйде?

Штефан. Қайдан келген сіздің үй? Өз ақшама, өз терім мен өз қаным сорғалап жүріп қайтыс болған қызыма өзім салып бергем. Сен сығаннан жаралған, «біздің үйде» дейсің. Мен болмасам, бәрің де сар тышқанға ұсап қырылып қалған болар едіңдер! Енді қарасаңшы мұны...

Варвара *(бөліп кетіп)*. Енді үн шығармаңыз, бір ауыз сөз айтпаңыз.

Штефан. Сығаннан жаралған, сен осыны маған айтып тұрмысың?

Варвара. Сізге, Штефан Петрич!

Штефан. Мен сені кішкентай бала кезіңде қанатым-

ның астына алып едім... Бауырым Петр мен оның қыған сайқалын соғыс кезінде оба ауруы алып кеткенде... енді сен...

Варвара. Менің шешеме соқтықпаңыз енді! Сіз оны тірі кезінде де шамаңыз келгенше қорлап баққансыз.

Штефан. Мен ақымақ, сені асырадым да, киіндірдім де, оқуға да бердім.

Варвара. Сіз менің әкемнің жерін басып қалдыңыз.

Штефан. Сондықтан сендер енді менің не барымды сыпырып алып отырсыңдар! *(Жұдырықтарын көтеріп.)* О, сендерді қар...

Варвара *(киіп әкетіп)*. Шығыңыз! Далада біраз салқындап, үйге содан кейін келіңіз. Шығыңыз енді!

(Штефан азырақ тұрады да, жұдырықтарын түсіріп, бүкшиіп еңкейіп, үйден тез шығып кетеді. Варвара кемпірге келеді).

Олена кемпір. Варварушка, күнім менің, жарығым... Тәңір жарылғасын... Ант атқан ұры аз-ақ өлтіріп тастамады. Қалқам, су берші...

Варвара *(кружкамен су әперіп жатып)* Сауығуыңыз үшін ішіңіз. *(Юлианға)*. Штефан мен жеңгей екеуі осында көшіп келгелі бүгінгідей жат қылықты бірінші рет көріп отырмын. Неден буырқанып кеткенін білмеймін. Жаңа бір күш пайда болғанын сезінгендей! Тағы бір нәрсе тиышымды алып тұр: Параска қайда? Мектепте болған жоқ. *(Пешке барып, горшоктарға қарайды.)* Үйде жоқ... Тамақты Штефан әзірлеп қалған.

Юлиан. Мүмкін арыстаннан қорқып, көршілердің бірінде отырып қалған болар.

Варвара. Жоқ, ол олай етпесе керек.

Юлиан. Бұдан былай мен үшін күн — күнге, түн — түнге ұқсамайтын болады.

Варвара. А, сіз қалай ойлайсыз: бұл жақсы ма, жаман ба?

Юлиан. Мен... білмеймін.

Варвара. Нағып білмейсіз?..

Юлиан *(басын иіп)*. Үш жыл бойы мен жаңа қоңырауды арман етіп өмір сүріп ем. Сол қоңыраудың даусы қазірдің өзінде құлағыма келіп, мені тербеткендей болатын еді. Ең ауыр минуттарда жаныма сол дауыс күш беруші еді. Бастапқы кезде гитлершілер қайта ағызып зеңбірек етіп алған ескі қоңыраудың үні құлағымда қалғандай сезінуші ем. Біраздан кейін ойымда елесі бар жаңа қоңыраудың үні арқылы менімен жасағанның өзі сөйлесіп тұраты-

нына жүрегім сенді. Бірақ бүгін әлгі бір айуанның қаһарлы күркілін естігенде, жанымның бір жері сынып үзілгендей болды да, сөніп қалды. Жарылған қоңырау үні осылай тынушы еді.

Варвара. Мұндай уақыттарда сізге тым болмаса дұғаның жәрдемі болады ғой. *(Скамейкаға отыра кетеді де, тізесін қолымен құшақтап, басын төмен салбыратады).*

Юлиан. Ең алғаш Парасканың талқандалып қалған алақанын көргенде жас нәрестенің бүлінген қолын сүйгім келіп кетіп еді. Өйткені менің көзімде оның жарасы Ғайсаның жарасы ғой, ол жарадан махаббат тамшылап тұрды. Менің соңғы жылдардағы алтын тұман ішінде қалған кезімде жалғыз серігім сол махаббат еді, жалғыз ғана сол еді ғой.

(Варвара бір сәтке басын көтереді).

Баланы жаралаған адамдарға дәл сол кезде менің жүрегімде кек үшін, жек көру үшін орын да болмайтын. Енді міне, дәл бүгін таңертең бірінші рет жүрегімде кек оты лапылдап кеткенін сезіндім. Мен құлшылық етіп көріп ем, бірақ оқыған дұғаларым аузымнан кек күйіндей боп шықты.

Варвара. Сіз шынында солай шықты деп есептейсіз бе? Мүмкін бе екен солай болуы?

Юлиан. Нені айтасыз?

Варвара *(әдейі сабырмен).* Жаңағы айтқан бір халден екінші халге ауысуды айтам... Күрт күшті басталған, дауылдай соққан махаббат көз ілеспес бір сәтте кекке айналып кете алар ма екен?..

(Кідіріс).

Юлиан *(ақырын).* Мен, махаббат сияқты кек те, ұзақ ауыр азаптар да туады ғой деймін. Бірақ туғаннан кейін дауылдай боратып кетеді. Ал, сіз менен не үшін сұрадыңыз мұны.

Варвара *(орнынан тез тұрып).* Сіздің бар жауабыңыз осы ма?

Юлиан. Кешіріңіз, бірақ сіздің менен нені тілейтініңізді біле алмадым. *(Варвара үй ішінде тез-тез адымдап жүріп кетеді. Мазасызданып саусақтарын сытырлатады. Содан кейін пелеринасы мен портфелін алып, өз бөлмесіне қарай беттейді).* Ал қазір менің не сезініп отырғанымды айта алмас едім сізге. Мен ойлайтынымды ғана айта алар едім.

Варвара *(тоқтап).* Айтыңыз....

Юлиан *(таяғымен еденге бірдеменің суретін жасап отырып, ақырын ғана)*. Мен ойлаймын... дәлірек айтсам, осы дауыл нөсер найзағаймен тына ма деп қорқам... Бұлтсыз ашық аспаннан найзағай төгіле ме деп қорқам...

Варвара *(өзін-өзі билеп алып)*. Бұлай деп ойлауға нені дерек етесіз?

Юлиан *(күрсініп)* Өзім де білмеймін. Мүмкін, ол дерек сіздің еріндеріңіз неден дірілдесе, сол болар. *(Варвара басын бұрып әкетеді)*. Біреулер мұны фактілердің логикасы деп атайды, біреулер бақылау қырағылығы дейді, енді біреулер... *(тоқтап қалады)*.

Варвара *(ақырын)*. Енді біреулер?..

Юлиан. Сезіну дейді.

(Варвара байсалды жүріспен өз бөлмесіне қарай кетеді. Қолындағы пелеринаның етегі жер сызып бара жатады).

Варвара *(есікке барып)*. Кешіріңіз, бір минутке... Мен қайта киініп шығайын... *(Кетеді)*.

Олена кемпір *(ол кілемшелердің астынан Варвара мен Юлиан арасындағы әңгімені манадан бақылап жатқан)*. Әке, алдияр!..

(Юлиан ойланып қалған бойы пешке жақындайды. Олена кемпір кілем астынан бір буған нәрсені шығарып ұсынып).

Әкем-ай, мынаны шеркеу үшін тығып қойыңызшы. Мүмкін, жаңадан иконостас, не болмаса жаңа крест жасатарсыз... Бұрынғы крест әбден қарайып кетті ғой. Көптен көргенім де жоқ... Соқырайып та болдым біржола. Артылып қалғаны болса, жол шетіне бір дені дұрыс крест жасатып орнаттырыңыз да, «құдай жолына Олена Петрич садақа етті» деп жаздырарсыз.

(Юлиан буманы шешкісі келеді)

Құдай сақтасын, әкем, шешпеңіз, тығыңыз, тығыңыз тезірек. Менің албастым жоқ па мұнда?

Юлиан *(қаранып)*. Жоқ.

Олена кемпір. Құдай үшін, көміп тастаңыз. Мұның сізде екенін көрсе, өлтіреді мені, анық өлтіреді! Тіпті сізді де өлтіріп жүрер. *(Юлиан буылған нәрсені сутанасының қалтасына тығады)*. Ал, әкем, енді менің өсиетсырымды тыңдаңыз... Алдыңғы күні түнде, таң белгі берместен бұрын, әлгі менің кәрі соғылғаным орнынан тұрып, түн ұрысындай аяғын ұшынан басып қораға шығып кетті. Күттім, күттім, жоқ. Жауыз құлап қалған шығар деп ойладым. Пештен түстім де, далаға шығып іздедім, жоқ. Ке-

неттен көзіме түсті. Арбаның артына отыра қойдым, бәрін де айқын көріп отырмын. Штефан баспалдақпен шығып үйдің жапсарына бірдемені тықты. Ол баспалдақтан түсіп болғанша, мен пештің үстіне шығып алып ем. Таң атқанша зәрем кетіп қалтырап шықтым. Ал, кеше ол балық аулауға өзенге кеткенде мен баспалдақты әрең сүйреп апарып жапсарға тыққан нәрсені сипалап қарасам, жаңағы буылған жатыр екен. Шешіп алып қарап ем, есім шығып кетті: әлдекандай алтын медальдар екен. Міне ант атқан залымның ісі! Біреуді бауыздаған ғой деймін. Ох, дәрмені біткен жүрегім, жүрегім тағы да соғып кетті. Қолына қол орағын алып, өлім менің басымда отыр!.. Әкем-ай, мен сізге тағы бір жасырын сырды ашып бергім келеді. Тек қарап қойыңызшы, есік артында жауым тұрған жоқ па екен... *(Юлиан есікке барып, басын изейді, кемпір тыныштады).* Оның күнәсімен бірге өзімнің күнәмді да қоса айтайын. Әкем, сіз жұрттан қоңырауға ақша жинап жүрсіз ғой. Ал ескі қоңырау тап сіздің аяғыңыздың астында жатыр. Жұрт келіп күрек әкеліп қазып алуын күтіп жатыр. Құдай мен адамның бағы үшін өзінің жоғарыдағы орнына көтеруді күтеді.

Юлиан *(айқайлап жіберіп).* Өтірік! Ол мүмкін емес!

Олена кемпір *(шоқынады).* Алдыңызға ант етіп басымды ием, құдайы креске қарап ант етем! Мадиярлар қоңырауды алып жөнелгенде, менің шалым оларды селоның сыртында тоқтатқан болатын. Астық сарайынан оларға үш четверть спирт және шошқаның жарты санын апарып берген. Сол үшін мадиярлар қоңырауды біздің егістіктің ішіне, Шолақ Левада деген жердегі мал жемінің шұңқырына, аударып кеткен. Күн батып, қараңғылық түскен соң Штефан менің қолыма күректі ұстатты да, қоңырауды көміп тастау үшін жетелеп Левадаға апарды. «Бүгіннен бастап бұл қоңырау менің қоңырауым, Петричтің қоңырауы. Мұнда басқа ешкімнің жұмысы жоқ»,—деді. «Біреуге бір ауыз сыбыр етсең, өлтірем!» — деді маған. Мен күнәкар содан бері тірі жанға аузымды ашқаным жоқ. Қазір мен құдай алдына апарар жолдың үстіндемін, қазір мен одан қорықпаймын да. Мен құдай алдына одан бұрын барам, бұрын жауап берем. Құдайдың құлы Оленаның осы күнәсін де кешіріңіз, әулие әкем!..

Юлиан *(шоқындырады).* Енді кешірілдің...

(Босағада Параска пайда болады, қолында бір құшақ гүл. Бет-ауызы әлденеден албыртып тұр).

Олена кемпір. Екі Қызқарағайдың арасынан та-

барсыз. Бірақ тастың астында жатыр... *(Юлиан Парасканы көріп, Олена кемпірге үндеме деп қолымен ымдайды. Кемпір басын кілемшенің ар жағына тығып әкетеді).*

Ю л и а н. Параска!

(Юлианның даусын естіп, Параска күтпегендіктен дір ете түседі).

Кел, бар, шешеңнің көзіне көрін! Шешең тынышсызданып жүр.

(Параска ыңғайсызданып, бірнеше аттап, үйдің орта тұсында тоқтап қалады).

П а р а с к а. Мен орманға барып, гүл теріп ем!..

Ю л и а н. Бүгін бе? Бүгін орманға барып жүрмісің? Нағып қорықпадың?

П а р а с к а *(бұрылып.)* Жоқ, қорыққаным жоқ!

Ю л и а н. Таңданарлық қылық!

П а р а с к а. Бірдеме байқала қалса, біз ағашқа шығып кететін едік.

Ю л и а н. Біз? Олай болса жалғыз бармаған болдың ғой?

(Параска бұрылып кетеді. Юлиан оған таянып келеді, шашынан сипап, шығуға ыңғайланады. Өз бөлмесінің табалдырығында Варвара тұр. Юлиан оған бірдеме айтқысы келіп, Парасканы нұсқайды да, ешнәрсе айтпай шығып кетеді).

В а р в а р а *(қазір оның үстінде тор көзді костюм, түймеленбеген гуүул жеңсізі).* Мен ешнәрсе түсіне алмадым, қалқам... *(Параскаға жақындап).* Сен мектепке неге бармадың?

П а р а с к а *(аз кідірістен кейін өкіріп жіберіп, Варвараның аяғына жығылады. Гүлдері еденге шашылып қалады).* Апа! Апатайым!..

В а р в а р а *(қызын көтере беріп).* Тұр!.. *(Орамалымен Парасканың жасын сүртеді).* Енді *(шегініп кетіп).* Гүлдеріңді жинап ал! *(Есік алдына барып тұрады да, қолдарын кеудесіне айқастырып алады. Варвараның тынышсыз жүйткіген көзі терезедегі вазаға түседі. Варвара вазаға су құйып, стол үстіне қояды).* Жинап болдың ба?

(Параска гүлдерін вазаға салады).

Енді вазаны қалаған жеріңе қой.

(Аз ғана толқып тұрады да, Параска вазаны фисгармонияның үстіне қояды. Варвара ернін тістейді).

Жә! *(Кідіріс).* Мен сені тыңдап тұрмын. Қайда ол!?

(Параска Варвараға таянып келіп қарайды да, кенеттен теріс айналып кетеді. Варвара Парасканың сау қолының білегінен ұстай алады. Екеуінің ендігі әңгімелері осы күйде өтеді).

Параска. Селоға кеткен. «Қазір келемін», — деген. *(Кідіріс).* Апа, бүгін таңертең мен оның орман ішіне, көпір жаққа қарай кетіп бара жатқанын көргенде зәрем ұшып кетті де соңынан жүгірдім... Мен оны шақырдым да, айғай да салдым, бірақ ол тоқтамады. Орман арасымен тіпті тез кетіп бара жатыр екен, мен аз-ақ булығып қалмадым. Сайдың ар жағына шыққансын ол көрінбей кетті. Мен жүгіре бердім. Айқай салдым. Бір кезде көзіме түсті, көпірге жақын жерде бір томардың үстінде отыр екен. Көздерін қолымен басып алыпты да, қайғыланып басын изеп отыр. Мен оның... *(Варвараға тік қарап.)* сені ғана ойлайтынын білемін ғой... Тек қана сен туралы... *(Бетін Варвараның қолына жапсырады).* Мен көп қылып гүл теріп алдым да, қасына барып жерге отырдым. Ол мені сонда ғана байқап қалды. Екеуміз де ұзақ үндескен жоқпыз. Содан соң ол менің басымнан сүйді де: «Үйге бар!» — деді.

(Варвара Парасканы басынан сүйеді).

Бірақ, мен кетпедім. Мен оны жалғыз қалдырмауға тиістімін ғой деп ойладым. Бірақ, Лука маған сөйлеген кезде тіпті зәрем ұшты...

(Кідіріс).

Варвара. Айта бер, мен сені бар ынтаммен тыңдап отырмын, қызым.

Параска. Мама!.. Құтқарар деп сенген адамды өлтіру тіпті сұмдық болатын шығар, ие?

Варвара *(қатты албыртып).* Мен сені түсінбеймін, Параска.

Параска. Сен одан да тыңдай бер... *(басын төмен салбыратып).* Сенің қолдарың неге қалтырайды, мама? Кешіре гөр, мен алдым білем үрейіңді!

Варвара. Жоқ, бауырым, сен емес...

Параска *(күрсініп).* Мамушка, менің әке-шешем кімге бөгет болды? Менің әкем отанын қорғаған жоқ па еді?! Ол шекарада адал соғысыпты, шекарадан өтіп кетуге ешкімге лұқсат етпеген. Маған дядя Иван бәрін айтты: егер комендатурадан сыртқа шегін деген бұйрық болмаса, әкем заставадағы блиндажда қалмақ екен. Менің әкем мен шешемді ең соңғы шегінген жауынгерлер көтеріп қайтыпты. Егер олар Яснычаға жетсе, жараларын таңып беріп, көлік-

пен госпитальға жөнелткен болар еді ғой. Тірі қалмас па еді? Дұрыс емес пе? Бірақ, мамочка, сен менен көбірек білесің ғой. Бізге полицайларды жұмсаған кім? Кім? Ант етем, айтпайын ешкімге. Енді менің әкем мен шешемді тірілтіп берер құдірет жоқ қой. Мен тек сол адамның көзіне жүрегім алабұртпай қарай алар ма екем, соны ғана білгім келеді.

В а р в а р а. Кімнің дейсің?

(Кідіріс).

П а р а с к а. Мені орманнан осында алып келген адамның деймін.

В а р в а р а *(Парасканы итеріп жібереді).* Сен Семен туралы айтамысың?

(Кідіріс).

П а р а с к а *(басын жоғары көтермей, көзінде жас аралас сөйлейді).* Мама, мен Лукаға сенбесіме шарам жоқ. *(Варвараға қайта тығылады, құшады).*

В а р в а р а. Бірақ ол... маған мұны айтқан жоқ-ты...

П а р а с к а. Егер... Семен қайтып келмесе, ол оны маған да айтпаған болар еді.

В а р в а р а. Ол соны істеген Негрич деп неліктен ойлайды?

П а р а с к а. Түн ортасы ауғаннан кейін, Лука бізді қоршаудан алып шығып келе жатқанда, орман жиегінде бізге бір адам ұшыраған-ды. Лука оның Семен екенін таныған. Негрич шөп шауып қайтып келеді екен. Шекарадан Яснычаға келер жолда бізді көрген сол жалғыз-ақ адам.

В а р в а р а. Жә! Лука осыны осы күнге дейін жасырып келген бе?

П а р а с к а. Мама, мен саған айттым ғой...

В а р в а р а. Сен маған өнімді ештеме айтқан жоқсың, Параска. Уақыт өзі-ақ көбірек айтар деп үміттенетін боламыз да...

(Лука кіреді). Луканың өзі көбірек айтар...

П р а с к а. Мама!..

В а р в а р а. Өзіңе тамақ салып ал да, менің бөлмеме бар.

(Лука үндемей босағада тұрады. Параска қолында тарелка, бір кесек нан, қораға шығып кетеді).

Л у к а. Мұны қалай түсіну керек?

В а р в а р а. Мен сенімен көзбе-көз сөйлескім келеді деп түсін!

Л у к а. Параска айтты ма саған?

В а р в а р а. Иә, Параска саған жәрдем етіпті.

Л у к а. Бірақ сен бәрібір маған сенбейсің ғой.

В а р в а р а. Неге?

Л у к а. Өйткені сенің сенгің келмейді! Мен мұнда болмаған ұзақ жылдардың бойында сен дүниеге Негричтердің көзімен қарауға дағдыланыпсың.

В а р в а р а. Тағы да... қызғаныш па?

Л у к а. Жоқ, одан да гөрі үлкенірек: кек *(Варвараға келіп, қолынан ұстап.)* Сен емес менің айтайын дегенім. Менің айтайын дегенім — соңғы жылдардың ішінде екеуміздің арамызға қалың орман болып, ит тұмсығы батпастай болып өскен бір шытырман жайы... Сол шытырман арқылы бұрынғы Варвараның қайғылы көлеңкесі ғана елес береді.

В а р в а р а. Бірақ, Лука, сол «көлеңке» сенің алдыңнан жақсы сөзімен, ашық жүрегімен шығып қарсы алмады ма?

Л у к а. Ол кеше болатын.

В а р в а р а. Ол ертең де солай болады, егер сен...

Л у к а. Егер мен сенің жаңа құдайларыңа қызмет етер болсам... солай емес пе?

В а р в а р а. Құдайларға емес, адамдарға, Лука.

Л у к а. Ах, адамдарға ма? Қандай адамдар екенін білуге болар ма?

В а р в а р а. Өзіңнің әкеңе...

Л у к а. Негричтерге! Атамның шөбін тартып алып, түнде терезесінен мылтық атып қорқытқан Негричтерге ме?

В а р в а р а. Негричтерге де, Урбановичтерге де — қысқасы, ғасырлар бойы осы жерді кім сүйіп, бүгін осы жерді «менікі» дей алатын правосы бар адамдардың бәріне де...

Л у к а. Е, сен де...

В а р в а р а *(киіп кетіп)*. Ие, мен де! Сен қызыға сөйлейтін балалық шағымда анау бір қорқынышты түнде адасқан Параскаға ұсап мен де қалың тұманда адасып бақ-қамын. Маған қолын ұсынып ертіп алып шыққан Данило болған сонда. Содан кейін жарты жыл өткен жоқ, оны гестапошылар алып кетті. Содан қайтып ол маған оралған жоқ. Освенцимнің арандай қадалар сым қоршауының ішінде Данилоның қалай өлгенін маған дядя Мыкола айтып бергенде, жалғыз ол емес, соған ұсаған миллиондардың өлімін естігенде, оның үстіне осында Украина ұлтшылдарының не істегендерін көргеннен кейін, мен фашизм деген өлім екенін біржола ұғындым! Ол — өлім, мен өмірді сүйетін жанмын... Мен өлімді өліммен тапап, өмірге өмір қосып, өмір үшін

алысуға үйреткен адамдармен біргемін. А сен... Айналайын құдайым-ау, сен кімсің? Кімсің? *(Луканың иығына басын сүйейді).*

Л у к а. Менің тамырларымда Петричтің қаны. Иілмейтін, тәкаппар, қайталанбайтын қан!

В а р в а р а. Онда сен мұнда неге келдің? Маған азап болып неге келдің?

(Кідіріс).

Л у к а. Туған жерім үшін, сен үшін. Бірақ көріп болдым, жер бұрынғы емес. Ол жер қазір менікі де емес, біздікі де емес болғандықтан солай көрінуі мүмкін... Мен сені осы қалпыңда да сүйгеніммен, сен де бұрынғы Варвара емессің.

В а р в а р а *(басын Луканың иығына қайта сүйейді. Көздері әлдеқайда қадалып қалған).* Егер қолында құдіреті бар біреу: «Өл, Варвара, сонда Лука сенің ойлағаныңдай адам болып шығады», — десе, мен қолымды кеудеме басып тұрып: «Жақсы! Ризамын!» — дер едім.

(Лука жұлқына құшақтап, Варвараны сүйіп алады).

Мен сенің сол ойымдағыдай боларыңа сенемін де.

(Кідірс).

Л у к а. Оның соқыр сенім болып шықса ше? Онда қайтесің?

В а р в а р а. Онда мен не боларын білмеймін. Өзім жақсы білемін, мен ешкімге, ешуақытта кешіре алмайтын бір нәрселерім бар: ол өтірік пен опасыздық. *(Кідіріс.)* *Лука,* сен Европаны кезіп жүргенде гитлершілдер мұнда опасыз деп қана атай алардық адамдар әзірлеген болатын. Өз азаматтарының бақытсыздығы мен қанын төгу арқылы жеке басына жетістік тапқандар, басқа ешкім емес, солар ғой! Фашист жендеттеріне бірге туғандарының киімін шешіп алуға жәрдем етіскен Краков, Львов базарларында сауда қылуға жәрдем етіскен солар опасыздар. Олардың біразы қазір үн шығармай үйлерінде отыр да, түн болса Трумэнге қарап шоқынады. Енді біразы қазірдің өзінде зиянкестік істей бастады. Солардың бірі кеше Миколаны атыпты. Олар біздің алдымызда қанша жарамсақтанғанымен, олардың саусақтарында фашист опасыздарының тырнағы барын біз көріп отырмыз, өте жақсы көріп отырмыз. Менімше, әрбір адал адам, сол тырнақты іркілмей шабуға міндетті. Кешпеу керек, шабу керек!

Л у к а. Солай. *(Фисгармонияға барып ақырын ғана д'Альбердің «Түбек» деген операсының лейтмотивін ойнай*

бастайды. Варвара есіктің жақтауына барып сүйенеді де, Лукадан көзін алмай қарайды).

Лука *(фисгармониядан басын көтермей).* Семен Негричке де ешуақытта кешпеймісің?

Варвара. Егер осының бәрінің шын екені ашыла қалса, кешпеймін. Бірақ сен соның бәрін әкеңе неге айтпағансың?

Лука. Әшейін... *(мысқылдап.)* Ол кісі ерекше принциптің адамы болғандықтан, бұл істі қолма-қол үкімет қолына тапсырар деп сақтандым. Мен олай етуді қаламаймын.

Варвара. Неге?

Лука. Менің турадан-тура дәлелдерім жоқ. Туған әкесіне дейін қабағының астынан қарап жүретін адамның сөзіне кім сенеді. «Яснычи селосында колхоз қозғалысына бас болған «Негричтермен жанжалға кірісудің мен үшін ақымақтық болып шығатынын айтпай-ақ қойсам да болар. Олай еткен күнде істің немен тынары белгілі емес пе, сотталушы ол болмай, «қайтып келген» мен болып шығуым да мүмкін.

Варвара. Сен солай болады деп сенемісің?

Лука. Сенуге де жақынмын.

(Кідіріс).

Варвара. Енді маған айқын: біреуің сөз жоқ, қайтарасыңдар кекті...

Лука *(орнынан тез тұрып Варвараға келіп құшақтай алады).* Сен бірде болмаса бірде соны мен істеді деп сене алар ма едің? Варвара... *(Варвараның бетін түгел аймалап сүйеді. Варвара қолын төмен түсіріп жіберіп, көзін жұмады, еріндерін тас жұмып алған, аз-ақ жылап жібермей тұрып, басын шайқайды).*

Варвара. Жоқ, бұған сенуге менің әлім келмейтіндей көрінеді, айналайын...

(Екеуі босағаға келіп қалған Мыколаны аңдамай қалады. Мыколаның қолында жүген бар. Мыкола оларды көріп тамағын қырады. Лука мен Варвара бірінен-бірі атқып кетеді. Мыкола мұрнынан ыңылдай жүріп жүгенін іледі, қалпағы мен курткасын іліп, фисгармонияға барады да, гүрс еткізіп қақпағын жабады).

Мыкола. Түскі асты іштіңдер ме?

Варвара. Жоқ.

Мыкола. Келіңдер, ас ішейік.

(Кідіріс. Варвара стол үстіне тарелкелер мен қасық, ша-

нышқылар әкеліп қояды. Стол үстіне екі горшок әкеліп қойып, әркімге сұйық каша салып беріп, үстіне сүт құяды).

Варвара. Ие, қалай болып жатыр, арыстанды әлі ұстаған жоқ па?

Мыкола. Жоқ. Арыстан қара орманға қарай Кичерден әрі өтіп кетсе керек. Бүгін кешке қамалап көреміз. Аю жалтырын қоршаймыз. Аңдар көрмесінің директоры арыстаным іңірде су ішіп үйреніп еді дейді. *(Столға отырады).*

Варвара. Отыр, Лука!

Мыкола. Бұларың көптен бері басталып па еді?

Лука. Әке...

Мыкола *(киіп әкетіп).* Мен сенен сұрап отырғаным жоқ!

(Кідіріс.)

Варвара. Жоқ, көптен емес. Лука келгелі бес-ақ жеті болды ғой.

(Мыкола ыңылдайды).

Мыкола. Роман ба?

(Варвара үндемейді).

Лука. Жоқ, одан үлкенірек!

Мыкола *(ойланып).* Жә, оқасы не, жарайды. Бірақ Варвара қызмет істейді.

Лука *(көзін тарелкесіне қадап).* Мен де ұзақ уақыт қолымды қусырып отыруға үйренген емен.

Мыкола *(тамағын жей береді).* Мен музыка мектебі туралы ойланып едім. Ол болмағанда осында да мұғалім болып қалуыңа болады ғой. Балаларды әнге үйрететін ешкім жоқ емес пе. Варвара, сен не айтасың?

Варвара. Дядя, мен ол туралы ойланбап едім. *(Босағаға барып.)* Параска! Атаңды шақыршы, ас ішетін уақыт болды. *(Орнына отырады).*

Мыкола. Тағы да үш күн осындай болып тұрса, жер жер емес, тас болып қалады. Осы арыстанды кім шығарып жіберді екен, ә?

Варвара. Сезік бар ма?

Мыкола. Бар. Семен Негричте бар.

Варвара. Қалайша? Семен сезікті ме?

Мыкола. Мен Семенде бар дедім ғой.

Лука. Өр кеуде жігіт!

Мыкола. Тек, сезікті адамның атын ғана атағысы келмейді. Ертерек дейді. Есті жігіт сияқты көрінеді де, жұмбақтайтыны тағы бар. *(Варвараға).* Айтқандайын, ол сендердің... е-е-е... дос екендеріңді біле ме?

Варвара. Әзірше біле қоймаған болу керек.

Мыкола. Сорлы балаға бұл дүние опасыз-ақ көрініп кетер. Оның армиядан сонша асығып қайтқаны сен үшін емес екенін кім біледі...

(Варвара тамақ жеуін тоқтата қояды. Параска кіреді).

Параска. Мама, атам тамақ ішкім келмейді дейді. *(Пеш қасында күйбеңдеп қалады).*

(Кідіріс).

Лука. Олай болса, бүгіннен бастап Семен менің аяспас жауым болғаны да!

Мыкола. Мен олай деп ойламаймын. Семен коммунист. Жеке басының ұнатпасын сыртына шығармауға шамасы келеді оның...

Лука. Ал сен қалай ойлайсың, Варвара?

Варвара *(стол басынан тұрып, ыдыстарды жинай бастайды).* Мен әзірше бұл жайды әңгіме етпегім келер еді.

Мыкола. Таң қаларлық жауап.

Варвара. Таң қаларлық! Біздің айналамызда таңырқар нәрселер аз болып жатқан жоқ, дядя.

Мыкола. Сен әлгі арыстан айналасындағы әңгімені айтамысың?

Варвара. Жалғыз ол ғана емес. *(Параскаға).* Параска, бір минутқа шыға тұршы!

(Параска шығып кетеді).

Қалай ойлайсың. Мыкола, Максимовтардың семьясын біздің селоға жеткізе алмаудың айыпкері кім? Оларды ағаш ішінде полицайлардың қырып кеткеніне кім айыпты? Полицайларға айтып, соны нұсқап жіберген кім?

Мыкола *(тұрып, ыңылдап жүріп кетеді).* Сенің ойыңа бұл неліктен келді?

Варвара. Дядя, сен менің сұрауыма жауап берген жоқсың.

(Кідіріс).

Мыкола. Ол кезде менің мұнда болмағанымды өзің де білесің. Ал, Лука оның бәрін де түсіндірді ғой. Полицайлар Максимовтарды Ясныčиға алып келе жатқанда ұстап алыпты...

Варвара. Егер олардың ұстап алуы кездейсоқ болып жүрмесе ше?

Мыкола. Сен біреу-міреу әдейі жұмсады деп ойлаймысың?

Лука *(орнынан тұрып)*. Солай болғанына менің шәгім жоқ, әке... Дороевканың полицайлары өз учаскесінен алыс жерге не іздеп бармақ?

(Кідіріс).

Мыкола. Ым-м!.. Олардың бірде-біреуін біздің адамдардың ұстай алмағынын қайтерсің. Бәрі де американдықтарға өтіп кетіпті. Оларсыз бұл іске тіс батпайды ғой...

Варвара. Ие, бұл қатты жаңғақ.

Лука. Бұл іс саған тек қана солай көрінуі де мүмкін емес пе? Әке, бір уақытта сен: «Біреу-міреудің Максимовтардың дүниелігіне қызығып кетуі де мүмкін, тіпті аяғындағы етігіне қызығып өлтіруі де мүмкін», — деп едің ғой...

(Есіктен кіре бере Семен Негрич келіп тоқтайды. Желбегей киген сырмалының астынан автоматының тұмсығы көрінеді. Лука оны байқамайды).

Біздің селода соғыстың алдында, тіпті ең алғаш Қызыл Армияның келуінен бұрын, қараңғы түннің жүрек жұтқаны деп кімнің аты шығып еді, мүмкін, соны еске түсірген дұрыс болар? Кім сол кезде...

(Варвараның көзқарасынан есік жақта біреу келіп тұрғанын сезініп қалады).

Семен. Ар жағын айт, Лука.

(Кідіріс).

Лука. Біреудің жас жүгерісін шауып алған, біреудің шөбін өртеген, ұрлық қылған кім еді?..

Семен. Өтірік айтасың, Штефанның арам ұрпағы!

(Кідіріс).

Мыкола *(тынышсызданып)*. Бұл немене?

Лука. Столды ұрып қалсаң, қайшы да үн береді демей ме.

Семен. Штефанның арам ұрпағы, өтірік айтасың дедім мен! Мен ешуақытта ешкімнің ешнәрсесін ұрлаған емеспін. Ие, мен екі рет Штефанның шөбін өртедім. Ие, мен оның жас жүгерісін шауып тастадым. Бірақ, оны жалғыз мен емес, басқалар да істеді. Өйткені сенің атаң сонау Австрия уақытынан бері талайларды кеңірдектеген болатын. Сенің өз білерің де аз емес. Менің ағам Василь жұмыс іздеп Америкаға кетерде Штефан оған жүз доллар қарыз беріп, екі жүз долларға вексель алған болатын. Содан кейін бір жыл өтпей жатып Васильдің барлық жерін торгқа түсіріп сатып алды. Васильдің әйелі сенің атаңды қарғай-қарғай, қайғы-мұңнан көрге кірді. Бірақ, бұдан ол жер түсім бермей қойған жоқ. Тек ол түсім енді Васильге де

емес, Негричке қараған біздің тұқымға да емес, Штефанның қалтасына түсті. Ол кезде мен он жетіде ғана едім, менің жүрегім ол жәбірді көтере алмады. Бірақ мен ешнәрсе ұрлаған емеспін, өйткені, Негрич тұқымында ұры болған емес. Қымқыратын да, ұрлайтын да Штефанның құйыршықтары, Штефан құлақтың мектебінен шыққандар болатын!..

Лука *(ашудан қарайып кетеді)*. Сен... кімді айтып тұрсың?

Варвара. Жетер!

(Кідіріс).

Мыкола. Басталды ма...

Семен. Кешіріңіз, менің қаным су емес. Бүгінгі қылық онсыз да құртып еді, мынау оның үстіне тағы да қосты ғой...

Мыкола. Тағы да бірдеме болды ма?

Семен. Таңертең не болғанының өзі де жетіп жатыр ғой. Егіс науқанын құлатқысы келген біреу бар. Біздің өмір кімге жексұрын болса, ол — сол адам.

Лука. Арыстан ба?

Семен. Жоқ, одан да гөрі жаманырақ. Жүрегің ауырса да, амал қайсы, арыстанды атып тастайсың ғой.

Лука. Адамды атқанда ше, жүрегің ауырмай ма? Өзгені білмесем де, мен сені білемін, Семен...

Варвара. Жетті, Лука!

Мыкола. Қораз сияқтысыңдар, аумаған қоразсыңдар.

Варвара. Екеуіңнің біріңе шығуға тура келеді. Лука, Семен бізге қонақ.

Лука. Сенікі дұрыс, Варвара. *(Тез қорағa шығып кетеді.)*

Мыкола. Міне бәле! *(Қабырғадағы сағатқа қарайды.)* Қазір жолға шығамыз. Аю жалтырына күн батпай тұрып жетуіміз керек. Құрылатын торлар ендігі әзір болған шығар. Әкең қайда жүр?

Семен. Ол сізге келемін деді.

Мыкола. Мен оған дейін азырақ дем алайын. Лукамен бекер айқасып қалдың сен! Көріп отырсың, ол ана жақтан жаны ауырып қайтты ғой. Оны аяу керек. Ол қазір ауру. Қайтадан аяғына басып, жаңадан өмірге араласып, қайтадан өзіне-өзі келуі керек оның...

Семен. Жолдас агроном, оның бұл ауруын сіз екеуміз емдеп жаза алмаймыз деп қорқамын.

(Варвара Семенның қолын қысып қалады).

Мыкола. Ым-м... *(ыңылдап өз бөлмесіне кетеді).*

(Кідіріс).

Варвара. Лука оның жалғыз ұлы екенін ұмытасың сен.

Семен. Мен сонысын ұмытқым келер еді.

Варвара. Немене, ұмытуға шамаң келмей жүр ме?

(Кідіріс).

Семен. Әзір мен бұл жөнінде ешнәрсе айта алмаймын.

Варвара. Семен сен хаттарыңда бұдан гөрі ашығырақ келетін едің.

Семен. Әзірше мен сізден ешнәрсені жасырған жоқпын.

Варвара. Ешнәрсені де ме? Құдай алдындағыдай ғой, Семен?

Семен. Мен құдайға сенбеймін ғой. Бір жүректің ішінде әрі адамға, әрі құдайға орын болмасқа керек.

Варвара. Ие, бұл туралы сен жазғансың маған. Сен хаттырыңда бір-ақ нәрсені жазған жоқсың... Сен өзіңе жамандық істемеген адамға... қолыңды көтере алар ма едің?..

Семен. Лука маған ешбір жамандық істеген жоқ, мұғалима.

Варвара. Менің ойымдағы ол емес еді, Семен.

Семен. Енді кім?

Варвара *(кірпіктерін түсіріп жіберіп, қол орамалын уқалай береді).* Мен, жәй әшейін сұрап едім.

Семен *(ақырын дауыспен).* Жоқ, бұл әшейін емес. Екеуміздің арамыздан, мұғалима, қара мысық өтіп кетті. Арыстанды шарбағынан кім босатып жіберсе, қара мысықты жіберген адам да сол ма деп қорқамын.

Варвара *(жиналып алып).* Қалайша осыларды істеген сол деп ойлайсың?

Семен. Сол дегенің кім? *(Кідіріс.)* Сіз қуарып кеттіңіз, мұғалима.

Варвара. Ол маған қымбат, Семен.

(Кідіріс).

Семен. О!..

Варвара *(басын төмен салбыратып).* Ие! *(Семенға қолын созып еді, Семен қолын ұсынбады. Варвараның қолы сылқ түсіп кетеді).* Болған екен болары! Ауыр... *(Қолдарын дәрменсіз жаяды).* Міне мен, Варвара Петрич, сол махаббаттың алдында қуарып барамын.

С е м е н *(ақырын басып есікке келеді)*. Сізге қазір мен де қуаң тартып кеткендей көрінбеймін бе?

В а р в а р а *(әуелі оған қарайды да, басын тағы да төмен түсіреді)*. Қайтеміз, онда сенің онымен есеп айырысуың да оңайырақ болар қазір.

С е м е н. Жоқ, есеп айырысуым енді ауырлап кетті... Бірақ, егер менің ойлағандарым шын болып шықса, онда мені кешіріңіз, мен оған кешіре алмаймын.

В а р в а р а *(көзінде қатер оты жарқ етіп қалады)*. Онда мен де аяу дегенді білмес болармын!

С е м е н *(Варвараға тұнжырай бұрылып, өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай қарайды)*. Мұны Варвара Петрич айтты білем...

В а р в а р а. Ие, Варвараның сөзіне сенуіңе болады.

С е м е н. Мен сенемін.

В а р в а р а. Рахмет. Тағы да есіңде болсын: жоғалтқан денсаулықты да, тіпті жастықты да қайтаруға болады; адамға екі-ақ нәрсені қайтарып берер ешбір күш жоқ, ол — өмірі мен ар-намысы. Бір кезде өлетініне адам бала шағынан-ақ үйренісе береді. Ал енді ар-намысының бағасын біле алмаған адам ол бір қасірет те.

С е м е н *(киіп әкетіп)*. Дұрыс, Варвара! Тіпті бұдан он бес-он алты жыл кейін кәрілік соқасы бет-аузыңды тілгілеп кеткен күнде де қатардағы село мұғалимасы — сіздің өміріңіз бұрынғысынан да байырақ, бұрынғысынан да сәулеттірек болады. Неге олай боларын білесіз бе? Олай болатын себебі сіздің өзіңізбен қатар адамгершілік тәкаппарлығыңыз тұрады! Біздің жерді көркем де қуанышты ететін білімді жастардың бірнеше буынын тәрбиелеп өсірген адам әр кезде өзіңді тәкаппар ұстауға қақыңыз болады. Соңғы сағатыңыз соққан кезде өмірді бос өткізбей, адал еңбектен өткіздім деген оймен өлу де жеңіл болады.

В а р в а р а. Сен маған жәбірленбе, Семен. Біздің жас кезіміздегі әдемі достығымыз одан әрірек кетіп қалмағанына мен қазір қуаныш етемін. Ондай бірдеме болса, қазір бірімізге-біріміз барлық шындықты айтуға бөгет болар еді. Махаббат деген не екенін мен білемін, Семен. Бүгін оны мен әсіресе күшті сезінем, тереңірек ұғынам. Бірақ, мен саған екеуіміздің достығымызбен ант етем — егер менің жүрек сезімім топастанып қалса да, көзім соқыраймайды, көретін болады. Ең қараңғы түнде де дұрыс нысананы көре алатын болар.

(Кідіріс).

Семен *(Варвараға жақындап келеді)*. Мен түгел түсінгенім жоқ. Сіздің айтайын дегеніңіз...

Варвара *(киіп кетіп)*. Менің айтайын дегенім — жаңа ғана не айтсам, сол ғана. Мектепте менің жүзден артық балам бар. Өзімнің адамшылық қадірімді басқа адамдардың ұзақ замандар бойы жеке бастың бақыты деп келгендеріне айырбастамайтыным сияқты, мен сол балаларымның болашағын өзімнің ең сүйген адамыма да айырбастамаймын. Енді түсіндің бе?

Семен. Мұндай сөздерді адам өзінің қанымен жазады ғой.

Варвара *(әбден қызынған)*. Енді қалай деп ойлап едің?

(Есікке Юлиан келеді. Басында қалпағы да жоқ, қолында таяғы да жоқ. Варвара одан көзіндегі жасын жасырғысы келіп бұрылып кетеді де, аздан кейін тез басып өз бөлмесіне кіреді).

Юлиан *(Семенға)*. Мен сірә уақыт таппай келдім білем...

(Кідіріс).

Семен. Сіз...

Юлиан. Қашан да уақыт таппай келесіз демексіз ғой? Мен бір соқынан қалмай жүрген ескілік қалдығы, солай емес пе?

(Кідіріс).

Семен *(Юлианға қарап)*. Осы жылдарда сіз қалай ағарып кеткенсіз тіпті...

Юлиан. Мені, қай уақытта болсын, жас қалпымда көргенің жоқ шығар, Семен?

Семен. Көрген де сияқтанам.

Юлиан. Тек көрген сияқтанасың. Менде жастық шақ болған жоқ. Мен мұны соңғы жылдарда ғана түсіндім; мүмкін, сондықтан да уақытынан бұрын ағарып бара жатқан болармын.

Семен. Сізді мен шыныңызды айттыңыз ғой деп ойлаймын.

Юлиан *(әрең езу тартып)*. Өмірінде бірінші рет Негрич менің айтқанымды мақұл көрді.

(Кідіріс).

Семен. Мен сізді танымай қалғандаймын, әулие әке!

(Есігінен Варвара көрінеді. Юлиан мен Семен оны байқамайды).

Юлиан. Мен өзімді өзім де тани алмай қалдым. Бұ-

рын мен, жердегі өмірім бәрін кешіріп, бәріне де мейірбандық істеу жолынан таймаса, менің өлмес жаным тәңірінің көкорайында қардан да ақ болар деп сенуші едім. Таң қалуыңыз мүмкін, бірақ менің бұл сенімім Гитлер оккупациясының жылдарында да өлген жоқ. Неліктен құлағым шеркеу шырағының балауызынан бітеліп қалғанын, неліктен көздерім шеркеу шырақтарының жарығынан шағылысып қалғанын мен енді түсіндім. Уақыт өтті, ол оттар сөнді, ар оянды. Мен сондықтан жәй таппаған ар-ұятың сенімсіз күзетіп соңыңнан қалмаса, сенің жаныңның сірі болғандағы құны қайсы деп ойладым. Ар даусы — өз жаныңның мәңгілік рақаты сияқты болмашы бірдеме үшін сен бір туған аға-ні, апа-қарындастарыңды ұстап бересің деп тұратындай болды... Бүгін, дәлірек айтсақ, осыдан жарты-ақ сағат алда осы сұрау менің алдыма бар күшімен тұра қалды.

В а р в а р а. Сізге не болды, әкем!

Ю л и а н. Жаңағы айтқанымнан басқа ешнәрсе де болған жоқ.

В а р в а р а. Не болғаны сол ма?

(Кідіріс)

С е м е н *(Юлианға құрметпен қарайды)*. Менімше не болғаны осы ғана емес... *(Үйден шығып кетеді)*.

(Варвара Юлиан молдаға келеді).

В а р в а р а. Сіздің қолдарыңыз қалтырайды.

Ю л и а н *(манағы кемпір берген буылған нәрсені қалтасынан шығарып, стол үстіне қояды)*. Көріңіз!

(Варвара буылған нәрсені ашуға бастайды).

Менімше, осы сияқты ордендер...

В а р в а р а. Кімде бар еді?

(Кідіріс).

Ю л и а н. Марқұм болған... Парасканың әкесі Максимовта бар еді.

В а р в а р а. Құдайым-ау, бұл сіздің қолыңызға қалай түсті?

(Кідіріс).

Ю л и а н. Олена әжең Штефанның тыққан жерінен тауып алыпты.

В а р в а р а. Құдай-ау, оның қолына қалай түсті екен? Жоқ, тоқтай тұрыңыз. Бұл, даусыз, басқанікі болар. Мен сенбеймін. Сенгім келмейді оның... мұндайға бара алуына...

Ю л и а н. Оның дегенің кім?

Варвара *(шектен тыс шошынып)?!*

Юлиан. Осындай қаны сорғалаған іске оның қолы тиген шығар деп менің де сенгім келмейді. Бірақ, кім біледі, мен қателесетін шығармын... Мүмкін, бұл нәрселер басқа бір советтік соғыс адамынікі болар? Бірақ, сонымен бірге... менің мақалама қарайтын кішкене шеркеу сол көктемде венгер шекарасына жақын тұратын. Мен сол шіркеуге баруға лұқсат алу үшін заставадағы Максимовқа бірнеше рет барып едім. Сонда Максимовтың кеудесінен тап осындай ордендер көріп едім. Бірде ұзағырақ әңгімелесіп кетіп, Максимов мына орден монғол республикасынікі, Монголияда жапондарға қарсы соғысқаным үшін алдым деген еді... Мүмкін, Мұның бәрі де әшейін үйлес келген бір жағдайлар болар?

Варвара *(орденді қолына алып, зер сала қарайды)*- Параска! *(Юлианға.)* Бұл қалайша бұлай, ә? Ол қай уақытта, қалай істей алды екен?

(Параска келеді).

Параска! Әкеңнің қағаздарын салған бумажнигі қайда әлгі, шөп арасынан табылған? Бір минутқа алып келе қойшы.

Параска.-О не керек, апатайым?

Варвара. Неге екенін сұрамай-ақ қой, жүрегім.

Параска. Қазір әкелейін. *(Кетеді).*

(Варвара буылған нәрселерді еппен қарастырып отырады. Параска келеді, Варвараға бумажникті береді. Варвара бумажниктегі қағаздарды түгел стол үстіне шығарады. Содан кейін орден кітапшаларын бөліп алып, Параскаға қарайды).

Варвара. Рақмет, бара беруіңе болады.

(Таңырқай қаранып, Параска шығып кетеді).

Ах, егер бұл қанша зәремді ұшырса да, ол болмай шықса, қандай жақсы болар еді... Ұқсаса да, ол болмай шықса...

(Варвара орден номерлерін кітапшада жазылған номерлермен салыстырады. Қолы төмен түсіп кетеді. Ең күтпегені, тілемегені болғаны даусыз).

Енді үміттенер ешнәрсе қалған жоқ... Бұл — Максимовтың ордендері...

Юлиан *(басын иіп).* Қымбатты досым, кешіріңіз мені...

(Кідіріс.)

Варвара *(оның қолын қысады).* Рақмет сізге... *(Айнаға барып шашын түзейді, содан кейін Юлианға күрт бұры-*

лады). Әулие әкем, мен үшін дұға қылуыңызды өтінемін, менің кегім кімді атса, сол үшін де дұға қылыңыз... *(Есікке барып, батар күнге қарсы тұрады. Кешкірген күн Варвараның жүзіне қан-күрең рай береді. Варвара тістене сөйлеп).* Дұға қылыңыз, әке!..

Юлиан. Дұға қыла алмаймын, қымбаттым. Бүгін менің дінім қандай өлі болса, ол дұғам да сондай өлі болар еді!

Варвара. Шыныңыз ба бұл?

Юлиан (қолдарын кеудесіне айқастырып алып есікке барады). Таңданбаңыз, қымбаттым! Сіздің бастан ерте өткен нәрсе менің басыма бүгін түсіп тұр. Сіздің ерніңізде дірілдеп дұға тұрғанын аңдаймын, бірақ ол дұға өлуге жатқан құдайдың сыбырындай әлсіз ғана... Оның орнына ұлы күннің жарығы туып келеді. Енді егінші егінге дұға оқып шықпайды, оның аузында құлдық пен өлім жыры емес, бар үнді басып, бәрін де жеңер өмір әні. Ол ән ерте ме, кеш пе, біздің соңғы қоңырауларымыздың үнін де жауып кететін болады.

Варвара. Достым, сіз жылап жібердіңіз бе?

Юлиан. Жоқ, сізге солай көрінген болар. Егер мен бір уақытта жылар болсам, менің қолдарым шындықтың ұрығын сеппей... айдаһардың тісін сепкеніне, ол ұрықтан Парасканың ата-анасын өлтірушілер шыққанына жылармын.

Варвара. Өлтірушілер? Мүмкін, ол жерде бір-ақ жендет болған шығар? Отанның ауыр жараланған қорғаушыларын өлтіріп, қорқаудай қалтыранып өліктің қалталарын ақтарып, ордендерін ағытып, етіктерін сыпырып алған бір-ақ қанішер шығар? Сіз қалай ойлайсыз?

Юлиан. Парасканың ата-анасына оның бәрі бір ғой.

Варвара. А маған бәрібір емес! Мен бәрін де білгім келеді, бар шынын түгел білгім келеді: сонау естен кетпес түн туралы да, бүгінгі таң ата болған іс туралы да! Әке, мүмкін, бүгін кешке сіздің атыңыз маған керек болар. Қарсы болмассыз ба екен?

Юлиан. Қашан да әр кездегідей, билігіңізде, бірақ...

Варвара. О, өзім туралы тынышыңыз қашпасын. Атыңыз маған керек болады, қорасынан өзім алып кетуге лұқсат қой? *(Манағы буманы қайта байлап бумажниктен бірге қалтасына тығады).*

Юлиан *(басын иіп).* Еркіңіз білсін.

(Тез шығып кетеді).

Шымылдық түседі.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Іңір қараңғысы. Сахна өзгермейді, бұрынғысындай. Өз бөлмесінен тез басып Варвара шығады да, есікке беттейді. Крыльцода ол әкелі-балалы Негричтермен (Иван, Семен) кездесіп қалады. Иванның винтовкасы бар, Семенде — автомат.

И в а н. Агроном қайда?

В а р в а р а. Ұйықтап жатыр білем. Оятайын ба?

И в а н *(сағатына қарап)*. Жоқ, оятпа. Тағы біраз ұйықтай тұрсын. Болдырып жүр, адал жан. Елу сегіз жаспен төрт рет түрме деген ойыншық емес.

О л е н а к е м п і р. О, жасаған, жасаған!

(Мыкола келеді).

М ы к о л а. Аэырақ сықпыртып жібердің, Иван. Елу сегіз емес, елу жеті-ақ жас небәрі! Бәрің де әзір болып қалыпсыңдар ғой!

И в а н. Адамдары қасында Яворский сендерді лесоводта күтіп отыр.

М ы к о л а. Келем, келем! *(Өз бөлмесіне кіріп кетеді)*.

В а р в а р а. Отырыңыздар, өтініш етем!

С е м е н. Рақмет, мұғалима!

(Екеуі де отырады. Иван темекі трубкасына темекі салып тұтатып алады. Параска кіреді де, пеш қасынан сауын шелекті алады. Өз есігінен қолына қару алып шығып келе жатқан Мыколаны көріп, Параска қорқып селк етіп шегінеді; қорыққанынан даусы да шығып кетеді. Параска тез басып бөлмеден шығады).

М ы к о л а *(Парасканың соңынан қарап)*. Сорлы бала! Қару көрсе-ақ ылғи өстеді.

И в а н. Ештеме етпес, өсе келе ұмытар.

В а р в а р а. Ұмыта алар ма екен!

М ы к о л а *(карабинін оқтайды)*. Менімше, ол ұмытуға тиісті емес... Әлгі антұрған тағы да күркіреді білем. Әлде менің түсімде ме екен?

И в а н. Жоқ, түсіңізде емес, Мыкола. Арыстан әлгіде ғана селоға келіп кетті. Бақшаны жиектей жортып күркіреді де, жұртты үйлеріне қуып тығып, жер астына батып кеткендей жоқ болды. Савоканың шабынына қарай жөнелгенін көрдік деседі. Сондықтан оның судан ұзамайтыны рас болды. Сол маңайдан іздерміз, тор әзірленіп болды.

М ы к о л а *(Варвараға)*. Варварочка, саған не болған? Қайғылы анадай қалай тұрсың.

В а р в а р а *(селт етіп кеткендей)*. Мені де ала кетіңдерші, ағатайларым!

Мыкола. Қайда? Арыстанды қамауға ма? Бұл әйелдің жұмысы емес қой.

Варвара. Ірі калибрлі тапаншадан мен жақсы атамын. Сол жеткілікті болатын шығар.

Семен. Жоқ, ол аз болады.

Варвара. Менің батылдығым да жеткілікті.

Семен. Жараланған аң өзіңізге тап беріп жүрсе, онда сіз...

Варвара. Онда менің қолым қалтырамайды...

Мыкола. Солай ма?

Варвара. Сіздердің праволарыңыз қандай болса, менікі де сондай. Біздің селомызға, балаларымызға, колхозымызға кім қасастық қолын көтерсе, сол қолдың маған да жұмсалғаны емес пе? Мен сіздерді сендіре алдым ғой деймін, жолдастар.

Иван. Варвара дұрыс айтады, Мыкола!

Мыкола. Жарайды, бізбен бірге барасың!

Варвара. Мен әлі киінуім керек. Мен атпен салт барам, қуып жетермін сіздерді.

Мыкола. Тек оқты көбірек алуды ұмытып кетпе.

Варвара *(өз бөлмесінің табалдырығында)*. Мен ешнәрсені ұмытпаспын, Мыкола!

(Шығып кетеді).

(Кідіріс. Мыкола киінеді. Іңір қараңғылана береді).

Мыкола. Соңғы кезде Варвара біртүрлі болып кетті, таңырқатар мінездері бар.

(Семен баяу басып қорағa шығатын есікке барады).

Иван. Біздің әрқайсымыздың жұмысымыз қандай көп болса, оның жұмысы да сондай кеңірдектен келіп жүрген болар!

Мыкола. Дегенмен, не болып жатқанын түсіну киынақ! Жалғыз аң бүкіл егісті тоқтатты.

Семен *(бұл уақытқа дейін көзін алысқа салып тұреді, енді жүзін Мыколаға бұрып)*. Сіз аң жалғыз-ақ деп сенемісіз?

(Иван өзін-өзі зорлап жөтеледі).

Мыкола. Ым-м-м.. мүмкін, сенікі дұрыс болар...

(Иван тез түрегеледі)

Басқасын да індету керек.

Семен. Мен де солай ойлаймын. Тек ең алдымен арыстанды атып алу керек те, қасқырына кейінірек оралармыз..

М ы к о л а. Егер сол қасқырдың кім екенін білген болсақ, екеуінің көзін бірге жоғалтуға болар еді. Ие, қайтеміз... Көршісінің не ішкізерін кім біледі?.. Біз оны індетіп болғанша, аудан оны тауып алғанша *(кекті даусыспен.)* оның қандай бәлелерге кездестірерін кім білсін.

(Семен бірдемені айтқысы келеді, бірақ Иван оны қолымен нұсқап тоқтатып тастайды).

И в а н. Жолдас агроном біз үшін біздің колхоз дегеннің не екенін сен екеуміз білеміз ғой. Біз оны молшылық жолы дейміз, ол біздің шынымыз, одан басқаша бола алмайды!.. Бірақ, сеніңдер маған, егер мен жалғыз ғана нан мен май үшін күнде шала ұйқы болып жүрген болсам, фашистердің оғына сол үшін ғана кеудемді тосқан болсам, желкем қиылсын! Колхоз біз үшін бұл айтқандардан анағұрлым үлкен! Ол — Совет өкіметі, Совет өкіметінің Негричтерге, саған, мұғалимаға және барлық әділетшіл адам баласының ұрпағына не бергенін дүние жүзінің барлық байлық-қазынасына айырбастай алмайсың! *(Өзін-өзі жұдырығымен кеудесіне ұрып қалып).* Совет өкіметі бізге өзіміздің күшімізді тануға мүмкіндік берді, күш бойынан бұғауын алды: «Ал, күш, шық жарыққа, көрсет кереметіңді!»—деді. Мен осылай түсінемін.

М ы к о л а. Aha! Әділ! Тағы-да!

И в а н *(күліп жібереді).* Сондықтан да. Совет өкіметі біздің қанымыз бен қанымыз, жанымыз бен жанымыз, ол үшін тіпті өлімге де еркіңмен кетесің. *(Көздерін төмен түсіріп).* Совет өкіметі үшін, егер ол ақ жолдан адасып, қастандық істесе, өзіңнен туған ұлыңды да ұмытасың...

(Кідіріс).

М ы к о л а. Иван! Иван! Сен кім туралы айтып отырсың мұны?

С е м е н. Әке, сіз асығыстық істедіңіз. Әзір айғақ жеткілікті емес, аз.

И в а н. Жоқ, асыққан жоқпын. Мұны коммунист коммуниске айтып отыр.

М ы к о л а. Бұл немене? Айғақ? Кімге қарсы?

(Кідіріс. Семен мен Иван бастарын төмен салбыратып тұрып қалған).

Сендер Лука туралы ма? Менің жалғыз ұлым Лука Воркалюк туралы ма?

С е м е н. Штефан Петричтің немересі туралы.

М ы к о л а. Мен оның қағаздарын қарап едім ғой, олар тіпті Германияда тексерілген екен. Ол үйге қайтып жұмысқа кірісуге лұқсат алыпты. Ол... *(фисгармонияға қарайды).* Егер оның ар-ұяты былғанған болса, ол мынаған сонша еркін ойнай алар ма еді?.. Дегенмен, бірақ... Лука... Лукам менің!.. Сендер оны неге бүйтесіңдер, не үшін?!

И в а н. Сен бізді Луканың әке көзінен тыс, бақылаусыз жүрген он бір жылын ұмытты деп ойлаймысың? Мыкола, сен екеумізді полиция отыз сегізінші жылы түрмеге тықты. Гитлер Польшаны басып алды да, Польша түрмесіндегі коммунистерді неміс түрмесіне көшірді. Лука сол кезде тып-тыныш Львовта оқып жүрді, ұлтшылдардың құртша қайнаған жері — Метрополит Шептицкийдің жатағында жатты. Мүмкін, оның жүрегіне ұйытқыны сол кезде-ақ құйып жіберген болар?

С е м е н. Мен бүгін селоға таң жаңа ғана белгі берген кезде келдім. Келген бетімде Луканы көрдім. Ол бақша арасымен ұрланып, ар жағына аң көрмесінің жүк машиналары тоқтаған ескі трактир жақтан жүгіріп келеді екен. Мен оған дауыстап едім, ол маған жоламай, үйеңкі ағаштарының ішіне кіріп, жоқ болды. Арыстанның шарбағы да дәл осы кезде босап қалды.

И в а н. Лука келмей тұрғанда үй-үйді аралап жүретін мазасыздық болған емес-ті. Ол кезде Яснычандар үшін арыстан дегеннің өзі де қауіпті көрінбейтін!

(Кідіріс).

М ы к о л а *(есікке ұмтылып).* Лука!.. Лука!..

С е м е н *(жүгіріп келіп оны қолынан ұстай алады).* Тым ерте! Бүйткен күнде аңды... үркітіп аласыз да, ол қашып құтылып кететін болады.

(Шелегі толы сүт, Параска келеді).

П а р а с к а. Лука үй маңайында жоқ, ағатайым.

(П а р а с к а сауын шелегін пештің қасына қояды. Мыкола ақырын ғана есіктен кейін шегінеді. Иван оған көзімен Парасканы нұсқайды).

М ы к о л а *(демін әрең алып).* Жақсы, мен үн шығармайын.

П а р а с к а *(оған жақындап келіп).* Ағатайым, саған не болған?

М ы к о л а *(креслоға отыра кетеді. Параска оның қасында тізерленіп тұрады).* Маған ауыр, Параска!

П а р а с к а. Бүгін маған да ауыр болып тұр, ағатайым...

М ы к о л а *(Прасканы шашынан сипайды).* А сен жат

та ұйықта. Мен таңертең оралармын, оятармын сені. Жүрегің қайтадан орнына түсер, бойың сергір, балапаным. *(Көзін жұмып.)* Ерте бір кездерде оны қалай оятсам, солай оятармын:

«Порубаю калиночку, то вмию, скориняю
Парасочку, то смию...»

(Кідіріс).

П а р а с к а. Ағатайым, нені қасиет тұтсаң, соны айтып құлдық ұрам, айтшы маған... *(Семенге қарап).* Менің ата-анамды өлтірген кім?

(Мыкола орнынан оқыс тұрып, әуелі көзімен Негричтерді жанап өтіп, қайтадан Параскаға қарайды. Параска басын төмен салбыратып жібереді).

М ы к о л а. Тұршы, Параска...

П а р а с к а. Кешіре гөр, ағатайым... Бірақ мен ұмыта алмаймын!

С е м е н. Оны ұмытуға болмады, Параска.

(Параска көзін Семенға қадайды).

С е м е н *(Параскаға жақындап келіп).* Параска, жас бала...

П а р а с к а. *(сескеніп кейін шегініп кетеді).* Жоқ! *(Бұрышқа барып тығылады).*

И в а н. Бұл немене?

(Кідіріс)

М ы к о л а. Мен... білмеймін. Менің білетінім — бізге жүруге уақыт... *(Варвараның есігіне келіп шынысын тықылдатады).* Варвара! Бол, тезірек, біз кетіп барамыз. *(Бұрылып Негричтерге қарайды).* Жүріңдер, жолдастар! Жұрт күтіп тұр ғой бізді!

И в а н. Жол алыс, атқа мініңіз, Мыкола.

С е м е н *(шот аяқтарынан жүген мен божыны алады).* Мен барып сіздің атты ерттей берейін.

И в а н. Ер-тоқым ат қорасында тұрған сияқты.

В а р в а р а. *(бірінші перденің бас кезіндегідей киінген Варвара өз бөлмесінің есігінен көрінеді: жалғыз айырма — тапаншаның қабын қыстырып алған сары былғары белбеу әсем белін қатты қысып тұр. Варвара қолғаптарын киіп тұр).* Ұзамай ай туады, түн ашық, жалтаң болады.

С е м е н *(күрсініп).* Бүгінгі түн жұрттың бәріне бірдей ашық та жалтаң бола алмас... *(Шығып кетеді).*

(Оның артынан Иван да шығады. Мыкола табалдырықтан қайтып келіп, Парасканы маңдайынан сүйеді).

Мыкола. Қайырлы кеш, балапаным! *(карабинді ығына асып алып шығып кетеді).*

Варвара. Сабағыңды жатта да, содан кейін тамағыңды іш те, ұйықта. Өзің бүгін тура азап кресінен босатылғандайсың.

Параска *(айналаға қаранып, Варвараны құшып, сыбырлап сөйлейді).* Мама! Осы нағып шын болады?.. Соны істеген Семен бе?

Варвара *(сенімді дауыспен).* Жоқ!

Параска. Енді кім? Кім?

(Кідіріс).

Варвара. Егер мен дүдәмалсыз білген болсам, ол адам біздің арамызда жүрмеген болар еді. Айтқандайын, атаң қайда?

Параска. Кешкі намазға шеркеуге кетті білем.

Варвара. Солай! Мұнысы қорықпайды. Луканы да көрген жоқпысың?

Параска. Ох, көрген жоқпын, мамуся. Ол бір түнерген бұлттан түскен көлеңке сияқты көрінеді де, жоқ болады. Ол жоқ болса, менің ішім пысып кетеді. Мама, сенің ше?

(Кідіріс).

Варвара. Менің кететін уақытым болып қалды. *(Басымен өз бөлмесінің есігін нұқсайды).* Бар, қалқам. Есеппен араларың әлі келісе алмай жүр...

Параска. Мама, сен қорықпаймысың?

Варвара. Мен қорықпаймын. Мен ана жаққа сондықтан да кетіп барам. *(Өз бөлмесінің есігін ашып, Парасканы сонда кіргізеді. Параска шешесін құшақтап алып, шөп еткізіп бетінен сүйеді. Варвара бөлме есігін жабады да, шығуға бет алады. Табалдырықта оған Лука кездеседі).*

Лука. Құдай қайда жетелеп әкетіп бара жатқаны бұл?

Варвара *(сабырмен).* Жібер.

Лука *(жолын босатып).* Аналармен кетіп барамысың?

Варвара. Солармен. *(Тез шығып кетеді).*

Лука. Варвара!..

(Кідіріс. Лука алақанымен маңдайын уқалайды. Содан кейін шаршаған, баяу жүріспен фисгармонияға келіп айналсоқ орындыққа отырады да, бірнеше аккорд алады, тағы да «Долина» операсының лейтмотиві туады. Д'Альбер музыкасына немістің марштық мелодиясы қосылып кетеді. Лука әуелі Штефанның келіп кіргенін абайламап еді, Штефан келіп шам жаққаннан кейін, ол ойнауды тоқтатып, шалға бү-

кіл денесімен бұрылып, оның қозғалыстарын бақылап қалады. Штефан есікті жауып, айнала қаранады да, Лукаға таянып келеді).

Штефан *(қамыққан дауыспен).* Жақсы болған жоқ.

Лука. Неге?

Штефан. Арыстанды өлтіреді де, егіндерін салады. Онда мен асылып өлмесем... көтере алмаспын оны.

Лука *(орнынан тұрып).* Сіз көтере алмасаңыз, басқалар көтере алар!

Штефан. Одан маған қанша жеңілдік келеді деп ойлайсың?

Лука *(кенеттен).* Ата, көпірді күзететін солдаттар... селоға жиі келіп тұра ма?

Штефан *(таңданып).* Ие, мейрам күндерінде келеді. Мектеп қасында қыздармен билеп жүреді.

Лука. Сен олармен әңгімелесіп көргенің бар ма?

Штефан. Ол дінсіздермен сөйлесудің не қажеті бопты маған.

Лука. Бірдемеге жарап кететіннің өзі тап солар ғой. Тыңда: өтіп бара жатқанын көрсең, үйге шақыр, самогонмен сыйла.

Штефан *(ызаланып).* Не-ме-не-е-е? Самогонмен? Соларға самогон қор қылатын мен болғаным да!..

Лука. Ар жағын тыңда. Оларды осы үйге алдастырып бір әкеліп бойын үйрету керек. Осында келгенде өз үйлеріне келгендей болатын болсын. Түндегі отты көргендей үйіріліп тұратын болсын. Түсіндің бе? Парасканың кімнің қызы екенін айт оларға — ондай қармақты олар оңай қауып қалады, түсіндің бе? Маған осы өте қажет болып тұр. Есітемісің?

Штефан *(Луканың көзіне қадала қарап).* Ehe, ұқтым.

Лука. Аналар осында не сөйлесіп жүр, ата?.. Нергичтер мен Мыколаны айтам.

Штефан. Білмеймін. Әлгі Семен Негрич келгелі мен олардан оттан қашқандай қашатын болдым.

Лука. Бекер өйтесің! *(Кідіріс).* Варвара екеш Варвара да әлдекандай болып өзгеріп кетті.

Штефан. Осының бәрін сол ант атқан Семен істеп жүр деп есептеймісің?

Лука. Одан басқа кім? Осынысы үшін оның мойнын үзу керек...

(Варвараның есілі ақырын ашылады да, Параска көрінеді. Штефан мен Лука оны аңдамайды).

Штефан. Өлім бе?!

(Параска кейін шегінеді, енді ол аз ашылған есіктің саңылауынан сығалайды).

Лука. Автоматты мен қазып алып та қойдым.

Штефан. Бұл қиғылықты таста, балам. Саған қосақталып мен де азапқа түсіп жүрермін!

Лука. Тастай алмаймын. Егер мен оны өлтірмесем, ол мені өлтіреді.

Штефан. Гитлердің тұсында мұндайды істей салу оңай болушы еді, осы күні село тік көтеріліп кетер.

Лука. Үлгіре алмай қалады. Істің шегіне жетіп естерін жинағанша, менің ізім суып та болады.

Штефан. Сен немене, мені тастап кеткің келе ме? Кесіліп түскен саусақтай жалғыз қалдырмақпысың?

Лука. Ата, сіз өзіңіз де білесіз, мен бір жазға қарсы келіп, күзге қарсы қайтып кететін тұрақсыз құспын ғой. Сіз бұл арадан тамырыңызбен жұлып алмаса, қозғалмайтын адамсыз. Бұл жерде мен бастаған істі ата, сіз аяқтайтын боласыз, а маған ілгері қарай кете беру керек. Бәрібір мен бұл жақта ешбір жерде орын тебе алмаймын. Бір кезде мен осы адамдарды сүюші едім. Ал, қазір тек қарғыстан басқам қалмапты оларға.

Штефан. Сүюші едім? Саған тек солай көрінген болар. Оларды неменесі үшін сүю керек? Жоқты айтасың, жігіт. Олар бұрын қандай болса, қазір де сондай. Не өгіз де, не қасқыр. Біреулерін айдай бер, енді біреулерінен сақтана жүр! Адам ұрпағы деген қашан да сол, өмір дегеннің бар оқуы да осы.

Лука.. Сіздіңше, мен кіммін осы?

Штефан. Сен бе... *(Кідіріс.)* Хе-хе, сен қасқырсың!

Лука. Дұрыс айттың, ата... Ол қасқыр тайынша-торпақтарды орман ішіне қарай айдап әкеткісі келетіні де рас. Бұл тілегінде ол жалғыз да емес... Бірақ, қазір Яснычада қимыл көрсету қиындаңқырап кетті, мүмкін, кейінірек, соғыс басталған кезде оңайланар...

Штефан *(шоқынады)*. Крестей керіліп шеркеуде тәңірі тахтының алдына сұлай, өзімді-өзім кеудеме ұрып, мейірімі көп құдайыма жалбарыныш етем: зеңбірек күйі тезірек ойналып кетсе екен... Балам, менің күшім сарқылып барады. Тым болмаса өлерімнің алдында орыс даласы мен

Верховинаға барып, Князь учаскесі мен Сидровкаға барып, бауырымды жерге төсеп, дұға оқығандай елжіреп бар жүрегіммен «менің жерім!» дей алар күнді арман етемін. Содан кейін өліп кетсем де мейлі, өйткені ол өліп кететін қазіргідей әлдекім емес, қожайындардың қожайыны Штефан Петрич болады ғой... Лука, айтшы, балам, сені осында жібергендер согыс туралы не айтады?

Лука *(ызғарлы)*. Мені кім жіберіпті?

Штефан. *(Луканы білегінен қысып)*. *Жібермегенде* қалай? Онсыз бола ма екен?.. Мен американецтерді айтам...

Лука. Сіз естідіңіз ғой: менің қағаздарым шек келтіре алмастай, түгел тәртіпте. Бұл жайлы бұдан былай бір ауыз сөз айтпайтын болыңыз.

Штефан *(сасқалақтап)*. Түсінем, көгершінім. *(Луканың сары замштан жасалған куртканы киіп, ілулі тұрған камзолшаны алып жатқанын көріп)*. Сен қайда барасың? Ол менікі ғой...

Лука. Кәрі сараң, сіздікі болса, қалады өзіңізде...

(Есіктен Параска көрінеді).

Штефан. «Сараң».. Мені жүндегенің әлі аз болып жүр ме, өзгесін айтпайын, әлгі бір ордендерді қайтемін? Сонда сен түн ішінде келіп, эсэстерге кетуден бұрын сол ордендер үшін менен жиырма доллар алмадың ба... Ол ордендерің осы күні ескі жеңсіз алуға да тұрмайтын шығар. Содан бері неше жыл бойында құр қорқумен мазам қашып болды. Оның үстіне мені алдап та кеттің, ордендер алтын дедің; алтын емес, әшейін алтын жалатқан болар... Максимовқа сонша алтынды кім сыйлайтын еді?

Лука. Ақырын!.. Күніміз туған кезде, алғанымды өсімімен қайтарармын. Жә, қош болыңыз, ата! *(Камзолшаны желбегей киe салады)*.

Штефан. Сен немене, жынданғанбысың? Осынша асығып не болды?

Лука *(бәсең дауыспен)*. Ие, ертеңге қалдырсам, кешігуім мүмкін. Олар арыстанды аңдыса, мен Семенді аңдыймын. Оның үні біржола өшетін болады.

(Параска есіктің ар жағына жоқ болады).

Штефан. Не себептен... өшетін болады?

Лука. Ол мені таң алдында көрген болатын бүгін... Бірақ, онда сіздің жұмысыңыз болмасын, ата. *(Лампыны бұқтырады)*. Мен олардан бұрын оралып, есікті үш рет қағармын. Мен келермін де, жатып қалармын, олар желді далада іздей берсін. Кездейсоқ тиген оқ болды десер... Егер

мен туралы сұрастыратын болса, есіңізде болсын — мен бүгін ерте жатып қалдым...

Ш т е ф а н. Мен қорқамын, Лука!..

Л у к а. *(тіс арасынан сыздықтап сөйлеп).* Олар қорықсын! Тыңдаңыз, ата, біреуге бір ауыз сөз шығармайтын бол, әйтпесе, сіздің өзіңіздің басыңыз да ұшты деп біліңіз... *(Шамды бұрап қалады. шам сөнеді).*

Ш т е ф а н. Оны неге сөндірдің?

Л у к а. Қараңғыда менің шығып кеткенімді ешкім де көрмейді, тіпті Олена әжей де көрмейді. Мен кеткен соң, шамды қайта жағыңыз; бұл үй әлі жатпай, аңшыларды күтіп отырғанын бәрі де білетін болсын. Параска ана бөлмеде ғой?

(Варвара бөлмесінің есігі білінбей жабылады).

Ш т е ф а н. Ұйықтап қалған шығар. Жарығы көрінбейді ғой.

Л у к а *(қалпағын бастыра киеді).* Ал, кеттім, ата! Егер оғым дарымай, келе алмай қалсам, мына хатты керекті кезі келгенде Варвараның бөлмесіне тастап жіберерсіз... хатта күн туғанда сені әкетуге келемін деген бірнеше ғана сөз бар.

Хатты Штефанға береді, Штефан қатты иконаның сыртына тығады).

— Егер, ата, маған сіз керек бола қалсаңыз, мен сізге сенімді бір адамды жіберермін. Ол сізге бір кішкене чемоданмен келіп: «Львовтан жақсы шырақ-шамдар әкелдім, шеркеу үшін алмайсыз ба?» — дер. Сіз оған: «Бір данасына қанша сұрайсың?»—дерсіз. Егер ол сізге: «Әулие Юрда бір сомнан сатады — мен сізден жарты сомнан ғана алайын», — десе, ол менің досым болғаны. Содан кейін ол адам сізден нені өтінсе де, мен үшін істегендей болып істей беріңіз.

Ш т е ф а н *(көнген адамдай басын изейді).* А, әкеңе... қазір ешнәрсе жазып кетпеймісің?

Л у к а. Әкеме ме?.. Кезінде ол менің алдыма соттың алдына келгендей келіп тұратын болар. *(Есікке барып тоқтайды).* А, камзолшаңызды алып қалыңыз. Бір жерде жоғалып қалса, көз жасыңыз тиылмай, жарық дүниені көрмейтін болып қаларсыз...

(Камзолшаны лақтырып жібереді, Штефан қағып алады).

Ш т е ф а н. Рақмет, рақмет, мейірбан балам!

(Лука есіктің ар жағына өтеді).

Ш т е ф а н. Рақмет, немерем. *(Камзолды кеудесіне қысып).* Жолың болсын! *(Камзолды қолынан тастамай жүріп шамды қайта жағады. Шам жарығы бұлаң қағып, қабырғаларда көлеңкелер ойнап кетеді. Штефан Варвараның бөлмесіне барып, ақырын есігін ашады да, шырпы тұтатады).* Параска! *(Айғайлап).* Параска!

О л е н а к е м п і р. Неменеге бақырасың?

Ш т е ф а н *(орнына қайта келіп).* Параска жоқ. Оңбаған, орыстың ұрпағы, кетіпті әлдеқайда, терезесі ашық қалыпты. Үйді біреу тонап кетуіне де болады ғой.

Ішкі-сыртқы есіктерді жауып, салтқысын салады да, пештің қасындағы нарына жатады, кәзмолын басына жастанады).

О л е н а к е м п і р. О, жасаған, жасаған!..

(Сағаттың шықылдаған дыбысымен бірге меңзесіп шам жарығы бұлғалаңдайды).

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Сол үйде. Шам көмескі жанып тұр. Терезеден олқыланып қалған ай көрінеді.

Аз кідіріс. Әлдекім есікті үш рет қағады. Штефан орнынан тұрып жеңімен көзін уқалайды. Есік тағы да үш рет қағылады. Бірақ бұл жолы тым қатты қағылады. Штефан шамды бұқтырады, үй ішін ай жарығы алып кетеді.

Ш т е ф а н *(есікке барып, ақырын ғана).* Лукамысың?

(Жауап орнына есік тағы да үш рет гүрс-гүрс қағылады. Штефан әуелі шоқынып алып, есікті ашады да, кейін қарай оқыс шегінеді, шошынған даусы да шығып кетеді. Енді оның алдында, табалдырықта, үлкен де жалпақ креске ұқсаған Мыкола пайда болады).

М ы к о л а *(қатал).* Жарық!

(Штефан шамның жарығын көтереді, көзі Мыколаға қадалып қалған. Мыколаның қолында курткаға оралған Параска. Парасканың басы мен дімкәр қолы дәрменсіз салбырап кетіпті. Мыкола өз бөлмесіне қарай беттейді де, есігінің алдында тоқтайды. Штефан тез барып есікті ашады. Содан кейін Мыколаны бөлмесіне кіргізіп жіберіп, Штефан сыртқы есікке қарай ұмтылады. Қарсы алдында қадаған көзін қозғамастан қарап қалған Семенге кездеседі).

Ш т е ф а н *(шегіншектеп).* Әулие құдай, күшті құдай, өлмес құдай, өзің аяй гөр бізді! *(Семеннен жасқанып бұ-*

рылғанда өз бөлмесінен шыққан Мыколаны көреді. Кіді-ріс).

М ы к о л а. Шамшырақ бар ма?

(Штефан сандыққа ұмтылып, екі балауыз шам суырып алады. Қалтыраған қолдарымен шамшырақты тұтатып алып жүре бергенде, Мыкола жұлып алады да, өз бөлмесіне әкетеді. Семен орнынан қозғалмай тұрған бойында басынан қалпағын алады. Штефан сылқ етіп тізерленеді де, жүзін Мыкола бөлмесінің ашық қалған есігіне бере сыбырлап дұға оқи бастайды).

С е м е н. Штефан Петрич, түрегел!

(Штефан қорқып жалтақтайды да, тез түрегеледі).

Парасканы сенің немерең өлтірді!

Ш т е ф а н. Лука ма!.. Құдай!..

С е м е н. Ол оғын маған арнаған екен. Онысын Параска да біліпті, сіз де біліпсіз.

Ш т е ф а н. Мен бірдеме білген болсам, оң қолым семіп қалсын!

М ы к о л а. Шыршалардың арасынан арыстан көрінген кезде екі иығынан әрең дем алып Параска да маған жетіп еді жүгіріп. Келді де мені құшақтай алды, бірақ бір ауыз сөз айтуға үлгіре алмады, Лука атып салды. Байғұс бала ышқынып дыбысы шығып кетті де, аузынан қан сорғалап жүре берді. Бірақ өлерінің алдында бізге барлық шынды айтуға шамасы келді, Штефан Петрич!

Ш т е ф а н. Қандай шындықты? Сенбеңдер!.. Лука, Лука айтсын...

С е м е н. Лука енді ешнәрсе де айта алмас...

Ш т е ф а н. Қалайша?.. Оған не болды?

С е м е н. Мыкола атылған мылтықтың жарқ еткенін көріп, солай қарай жүгіріп барса, өзінің баласын таныпты. Танып та, қаша жөнелген баласына Мыкола да бір оқ шығарыпты. Қазір сіздің немереңіз не болмаса қалың шытырман-шатқаландардың арасымен қашып бара жатыр да, не болмаса бір ағысқа еңкейіп, жарадан өлгелі жатыр.

(Қолында қалпағы Мыкола кіреді).

М ы к о л а. Егер ол ендігі өліп қалған болса, мен үшін де, өзі үшін де қандай жақсы болған болар еді. *(Аяқтары бүгіліп, шайқалақтап кетеді. Семен жүгіріп келіп ұстай алады да, Мыколаны креслоға отырғызады. Штефан екеуінен көзін алмай ақырын-ақырын артымен шегініп сыртқы есікке жақындап барады. Табалдырыққа жеткенде Штефан жұдырықтарын түйіп алып білейді де содан кейін екі қолымен*

басын қапсыра ұстап елең-алаңдағы тұманда жоқ болып кетеді).

Семен. Су берейін бе, әлде бір дәрі ішемісің?

Мыкола *(қолының басымен ғана керек емес деген белгі береді).* Мен бір нәрседен қауіп етем: құтылып кетпесе игі еді, менің оғым тимеуі де мүмкін, Семен... Солай болып шықса, ол тағы да біздің балаларымызды, аға-інілерімізді, апа-қарындастарымызды атады. Тағы да бізге тырнақты мен тістіні жібереді, егініміз бен құдықтарды улайды... *(Айнала қаранып.)* Штефан, Штефан қайда?

Семен *(есікке жүгіріп барады. Кідіріс).* Е, мұнысы алысқа қашып кете алмас. Сайға барып асылып өліп қалмаса, одан басқа не келер дейсің қолынан.

Мыкола *(орнынан әрең тұрып, өз бөлмесінің есігіне барып жақтауына сүйенеді де лыпылдап жанған шырақ отынан көзін алмай тұрып қалады).* «Порубаю калиночку, то вмию, скориняю Парасочку, то смию»... *(Бетін алақандарымен басып алады).*

(Дыбыссыз ғана Юлиан келіп кіреді. Үрейленген көзқараспен үйдегілерді бір шолып шығады да, Мыкола бөлмесінің есігіне келеді. Парасканың өлігін көріп Семенға қарай оқыс бұрылады).

Юлиан *(кектен теңселіп кетіп, қатты дауыстап).* Кім? Кім өлтірді?

(Кідіріс. Семен басымен нұсқап фисгармонияны көрсетеді. Юлиан екі бетін қолдарымен жауып алып шығар есікке қарай беттейді. Табалдырыққа жеткенде шоқыну үшін қолын көтереді де тоқтайды. Бірақ, көтерілген қолы сылқ түсіп кетеді. Юлиан шығып кетеді. Кідіріс. Семен Мыколаға келіп, иығына қолын салады).

Семен. Әне, таң да атып келеді...

(Екеуі құшақтасып алып, шығар есікке қарай беттейді. Табалдырыққа таянып тоқтасады. Көк етегі қызғылт тартып таң білінеді).

Мыкола. Семенко, бүгіннен бастап сен бригадирсің. Егіншілер қалай да жұмысқа шығатын болсын. Бір бес адам егіншілерді арыстаннан қорғауға шығарылсын. Оларды тыныштандырып, сол күзет жетеді деп сендіру керек. Кешке таман арыстанға молырақ қамау жасармыз. Аудан атқыштар жібереді. Бар, Семен, мен де келіп сендерге жәрдемдесермін. Тек мына кәрі жүрек орнына түссін де, дүрсілдетуін қойсын... Бір-екі айдан кейін Яснычаның өмірінде бірінші рет бидай бас тартып, теңіздей толқынданатын болар. Ол

Яснычандарға берген Совет өкіметінің сыйлығы. Мұнда да жұрт өз бидайынан ақ нан пісірер. Бар, Семен, айт жұртқа — кәрі Воркалюк бүгін бірінші болып егін себеді.

Семен. Кеттім, жолдас агроном. Ал сіз жата тұрыңыз, жүрек сонда тезірек тынышталады.

Мыкола. Жоқ, мен бүгін жатпаймын. Мен бүгін аяғыма нық басып тұруға тиістімін. Тоқтай тұр, біреу келе жатыр, Иван ба?

(Крыльцоға Иван көтеріліп келе жатады. Қолында тұтатып алған «Дева» шамы бар).

(Иванға). Не болып жатыр? Жұрт тұра бастады ма?..

Иван. Жұрт түгел тұрды. *(Кідіріс).* Бірақ, Мыкола, сіздің балаңыз Лука енді ешуақытта тұра алмас.

Мыкола. Түсінем.

Семен. Таптыңдар ма?

Иван. Алыстан, Ротундол қасындағы Озерчук учаскесінен таптық. Сонша жерге жүгіріп баруға күші қалай жеткенін білмеймін. Оқ сол жақ көзінен аз-ақ жоғары тиіпті.

Мыкола. Олай болса, жақсы атқан екемін.

Иван. Ие, Мыкола, сіз жақсы атыпсыз! *(Өз шамын сөндіреді).*

Семен *(аз кідірістен кейін).* Сіз мұғалиманы көрген жоқсыз ба?

Иван. Жоқ, ол әлі оралған жоқ па?

(Кідіріс. Семен ақырын далаға шығып кетеді).

Мыкола. Кешір мені, Иван!

Иван. Ешқайсымыз да күнәсіз емеспіз. Тағдыр сізді онсыз да жеткілікті жазалады ғой.

Мыкола. Село білді ме?

Иван. Бәрі де білді, бәрі де күйінуде. Қоғам болып түгел келіп сізге көңіл айтпақ еді. Мен оларға: «Қойыңдар оны. Одан да бір адамдай көтеріліп колхоз егістігіне шығыңдар. Өздеріңе атақ, жауларыңа өлім үшін бидай себіңдер», — дедім.

(Ат тұяғының дүрсілі естіледі).

Варвара қайтып келеді білем.

Мыкола. Сол! *(асығыс есік алдына барады).*

(Варвара келеді. Шаштарын жел тарқатып жіберген. Қарашықтары кеңейіп кеткендей, көздері үй үшін тінте сүзіп шығып, Мыкола бөлмесінің есігіне қадалып тоқтайды. Варвара сол бөлмеге кіріп аз ғана бөгеледі де, қайта шығады).

Варвара. Штефан атай қайда?

Мыкола. Шығып кетіп еді, қайда кеткені белгісіз, жоғалды біржола.

Варвара. Қап!.. Мен мынау ордендерді... қайдан алғанын енді сұрайын деп едім. *(Буылған ордендерді стол үстіне қояды. Иван жөтеледі де, түргеледі).*

Мыкола *(буылған нәрсені шешіп жатып, Варвараға қарап).* Тоқтай тұр, шынында да орден ғой мыналарың. Сен қайдан тауып алдың бұларды?

Варвара. Мұны Олена әжей тауып алып, попқа беріпті.

Мыкола. Иван... Бұл қалай болған іс?

(Кідіріс).

Иван. Лука бұл ордендерді «СС» Галиция» дивизиясына кетпей тұрып Штефанға сатыпты. Парасканың соңғы айтқаны осы болды. Бұл — Парасканың марқұм болған әкесі, офицер Максимовтың ордендері!

(Кідіріс. Варвара скамейкаға отыра кетіп, бетін қолдарымен жауып алады).

Мыкола. Олай болса, мен осының есесін де қайырған екемін ғой!

Варвара. Жоқ, дядя. Луканы атып өлтірген мен!

(Иван трубкасын тұтатып алмақ еді, тұтанған шырпысы қолынан түсіп кетті).

Мыкола, сіз атып қалғаннан кейін, мен атыма мініп алдым да, Луканы қуа жөнелдім. Ол бір елестей жоқ болып кетті. Мен енді таба алмаспын деп те ойлап қалдым. Бір кезде Қызқарағайдың арасынан әлдене сыбдырлағандай болды. Лука менің атымды атып салғысы келіп еді, автоматы тістесіп қалған екен. Шытырман ішіне қайта кіріп қалтасынан тапаншасын суырып алды. Сол кезде мен оны... содан кейін менің басым айналып кетті де, таң әбден атып болғанша орман ішінде адасып жүре бергенім сондықтан болу керек...

(Семен келеді. Оның артында гүл құшақтаған бес пионер, село пионерлері. Теріден жасалған жеңсіз киген село жасы пионерлер туын көтеріп келеді. Семен оларға Парасканың қайда жатқанын көрсетеді де, балалар сахна арқылы Мыколаның бөлмесіне барады).

Семен. Әке! Жұрт қазір егіске шығады. Бірі қалмай шығады. Музыкамен шыққылары келеді. Егер одан цымбал

мен дабыл қосылса, бүгін бізге арыстан түгіл албасты малғұнның өзі де қорқыныш болмас еді дейді.

Мыкола. Оқасы не, музыкамен шықсын. Музыкамен... маған да жеңілірек болар...

Варвара. Мыкола, балаларды қорғауды ұмытып кетіп жүрме. Балалардың мектепке баратын уағы болып қалды. *(Тез өз бөлмесіне кетеді).*

Мыкола. Ұмытпаймын, қымбаттым.

(Мыкола мен Иван, Семен Негричтер кетеді. Сахна біраз уақыт бос қалады).

Олена кемпір *(пеш төбесінен).* Параска! Парасочка! Анау шамшырақтарды не үшін жаққан, кім жаққан? Не үшін жаққан, Параска?

(Тыныштық. Мыкола бөлмесінен балалар даусы әрең-әрең естіледі. Олена әжей пештен түсіп, Мыколаның бөлмесіне кіреді. Кемпірдің басында қара орамал, мойнына сырғып кеткен. Үстінде көйлек,жамаулы қара белдемше. Басында дударланған ақ шаш. Олена кемпір қайта шығады. Басы қалт-қалт етіп кеткен, қайғы тербеткен кәрінің бейнесінде).

Олена кемпір *(қолымен Мыколаның бөлмесін нұсқап).* Қайда кеткен ол? Өз қолыммен қылғындырып өлтірермін, өз тырнағыммен көміп, қанішер көрінен тұрып кетпес үшін үстінен таспен бастырармын! Жұрттың көрген зұлымдығы үшін, өзім көрген зұлымдық үшін, Параскам көрген зұлымдық үшін. *(Мыколаның бөлмесіне бұрылады).* Жетім Парасочка, жатырсың енді... Өзіңмен-өзіңсің... Ақ жүзіңе өлім туралы ойдың көлеңкесі түсіпті... Зұлымдықты сен көп көрдің, көп зұлымдықты көрдің... шыбыным, енді тыныш жат, көгершінім. Сенің орныңа сиырды мен сауайын, үйді мен сыпырайын, тамақты мен әзірлейін... көп қылып гүл теріп әкелейін де, төсегіңнің үстіне салып... содан кейін... *(кешкі сүтті сауын шелектен горшокке құяды).* Қасыңда отырып, сені күзетейін...

(Өз бөлмесінен Варвара шығады. Варвара да қарадан киінген. Қолында ұзын орамал, Мыколаның бөлмесіне кетеді).

Сонда біз екеу боламыз, үшінші болып қасымызда жетім әйелдің қайғы-шері отырады. *(Қолына сауын шелекті алып, әрең деп үйден шығып кетеді).*

(Сағат бір сарынмен шықылдап тұр, алыстан музыка естіледі. Баспалдақпен крыльцоға Юлиан шығады. Ол сутанасын (поп киімін) тастаған. Жилеті қара, тік жағалы, тізесіне түскен қара сұр жеңіл сюртук киген. Кенеп көй-

лектің кестелі жағасы майнымен майын... Арқасында жеңіл рюкзак, қолында таяқ. Пьесаға қатынасушылардың бәрі сияқты, елдің әдеті бойынша Юлиан кіре бере басынан қалпағын алып, үй ішін көзімен бір шолып шығады да, Параска жатқан бөлмеге беттейді. Алдынан Варвара шығады).

В а р в а р а. Әулие әке, сіз жолға шыққансыз ба? Атыңызды әлі әкеліп бермегеніме кешіре көріңіз. Ат үйдің қасында оттап жүр.

Ю л и а н. Сол атты менің сыйлығым ретінде сіз алуыңызды өтінем. Енді аттың керегі жоқ маған. Егер ат сіздің өзіңізге керек болмаса, колхозға берерсіз. Мен енді өмірден жаңа үлесімді іздеп кетем.

В а р в а р а. Жаңа үлесімді?.. *(Кідіріс).* Сіз ол үлесті бізбен бірге таба алмайсыз ба?

Ю л и а н. Жоқ! Яснича адамдарына менің қолымнан қашан да сорлы Парасканың қаны сорғалап тұрғандай көрінеді ғой. Парасканы өлтірген сұм, мен ұзақ жылдар бас иіп қызмет етіп келген жүрексіз де мейірімсіз, жалған да кек сақтағыш бұл құдайды бүркеніп өсті емес пе. Мен өзімнің өткен күнімді бұл арада ұмыта алмаймын. Өйткені әр баланың көзінен сол сұм үшін кінәлап тұрғанын көретін болам. Пан агрономның маған «сіз одан да өзіңіздің замандастарыңыздың дініне бұрыңыз бетіңізді» дегені есімде жақсы сақталыпты. Маған тура айтылған сөзді тарих қазір біздің әрқайсымызға да айтып отыр. Халыққа қазір көңілін жұбатушы емес, достар керек. Маған бұл маңнан кету керек. Мұнда қалуға ұят маған. Ештен кеш жақсы да. *(Кідіріс).* Кетем селоларды қаңғырып. Кеудемдегі дауылым басылған бір кезде, мен жұрт алдына барып былай деймін. «Менің өмірім бүгіннен басталады! Мені де егін себушілердің үлкен семьясына қосып алыңдар. Қолдарым әлі күшті, қаным, әлі ыстық. Бар өмірім тұтасып жатқан қателік болғанымен, мен де өздеріңдей крестьян баласы болатынмын. Ортақ еңбектің қуанышынан мен де татайын да, кешқұрым өз егісімізден пісірген тәтті нанды сіздермен бірге бөлісіп жеуге маған да лұқсат болсын», — деймін. *(Шығар есікке қарай беттейді. Варвара оған еріп барып тоқтайды).*

В а р в а р а. Мен сізбен айрылысуға қанша қиыспасам да, мейірімді досым, сіз өзіңізше дұрыс істеуіңіз де мүмкін!

Ю л и а н *(қасын көтеріп)* Қиыспасам да!? Маған да жеңіл болып тұрған жоқ... *(басын төмен салбыратып.)* Ие,

аз-ақ ұмытып кетпеген екем. *(Қалтасынан ақша салған әмиян мен бір тарақ қағаз суырып алады).* Мынау бұрын менің намазыма келетіндердің ақшасы. Жаңа қоңырауға арналып жиналған ақшалар. Тізімдері мынау. Өздеріне айтарсың: біздің қоңырау Шолақ Левада деген жерде көмулі жатыр. Қай жерде екенін Олена әжей айтар. Көміп тастаған Штефан екен. Қазып алсын да, мектептің үстіне іліп қойсын. Ол бір жақсы қоңырау, ондай құрметке тұратын қоңырау. Ал енді... *(қолын созып).* Қош болыңыз, қуанышым...

В а р в а р а. Өмірден бақытты үлес тілеймін, жақсы досым!

(Юлиан бір сәтке тоқтап қалады да, Параска жатқан бөлмеге басын иіп, ақырын шығып кетеді. Варвара оған қоштасып орамалын бұлғайды. Жақындаған музыка фонында сүйретіле басып Олена кемпір қайтып келе жатыр. Қолында гүлдер. Кемпір гүлдерін алдына қарай соза ұстап Параска жатқан бөлмеге кіреді. Оның соңынан Варвара да кетеді. Федор Квитка жүгіріп кіреді).

Ф е д о р. Арыстан! Өтірік айтсам, жын ұрсын, арыстан... Қамбаға түсті... Өзен жағасындағы балшық қазған қамбаға түсіп қалды. Қойды бас салып жәукемдей бастағанда, аңшылар үстінен тормен тарс еткізіп жауып алды. Торы мұндай жуан арқаннан есілген болар ма, піл болса да үзіп кете алар емес!.. Шын сөзім! Аз-ақ, аз-ақ өз көзіммен көрмей қалдым! Бірақ, соны шарбағына қалай апарып қамай алар екен?.. Жә, кеттім жүгіріп, не болғанын, қалай болғанын, жұрттың бәрі де білетін болсын... *(Сол жаққа қарай шолталаңдап кетеді. Кідіріс. Музыка фонында қайтып келе жатқан Мыкола мен Иванның дауыстары естіледі).*

М ы к о л а *(қора жақтан есікке келіп).* Сиреньнің ісініп бүршіктеуін қара, Иван! Біздің Карпат көктемі қандай жақсы, қалай бұрқ ете түсті!

И в а н. Қара бидай қандай. Февраль желдері де түк ете алған жоқ оған. Сен екеумізге түк ете алмағаны сияқты. Күзгі егісті де үсіте алған жоқ, Мыкола.

М ы к о л а. Үсіте де алмас, қымбаттым. Мен кеше райком секретарында болдым. Ертең тағы да жүгері тұқымын аламыз. Алтындай! Біздің фермаға Чивчен тауларындағы учаскелердің жартысын береді. Жалға емес, колхоздың меншіктенуіне береді. Святичада электр станциясы мен жаңа мектеп салынып жатыр. Астықты жинап алғаннан кейін, электр жайын біз де ойланармыз. Яснычандар жоға-

ры өрлеп барады! Сен енді, Иван бұдан былай ағаш кесуге Канадаға да, Трансильванияға да бармайтын боласың. Американың долларына еңбек күшіңді сатпайтын боласың. Сенің жас бақытың өзіміздің тауларымыз бен сай-саламызға орнады. Сенің де, менің де, Иван... *(Басын Иванның иығына сүйеп).* Әттең, мынау Параска...

Иван. Құдай маған да Парасканың өліміндей өлім берсін: айтып керегі не, ерлік өлім. Солдат өлімі! Параскамен бүкіл село болып қоштасатын боламыз, табытының үстіне қызыл ту жабамыз, бүгін яснычандар қандай қызды жерлейтінін жұрттың бәрі де білетін болсын!

(Параска жатқан бөлмеден әуелі қосылмай жүрексіне шыққан, бара-бара даусытар бекіп, сөздері анық естілген Павлик Морозов туралы ант-өлеңі естіледі. Өлеңді балалар айтады. Балалар даусы осы үйге жақындап келе жатқан үлкендер әніне тоғысып кетеді: ол егін себуге кетіп бара жатқан егіншілер әні. Семен Негрич келіп кіреді. Семен бөлмесінен шыға келген Варвараға тез-тез басып келеді).

Варвара. Анда, егін басында, ағатайыма көз қырын сала жүрерсің, Семен. Ол өткен түннің салмағынан қара топырақтай қарайып кетті.

Мыкола. Тынышың қашпасын, Варваронька! Жер мені жеңіп болғанша, жерді мен өзім тәртіпке шақырармын! *(Айыпты адамша жымиып).* Ауру жүрекке де әмір ете білу керек: «Жә, қимылда кәрің! Сен екеуміздің әніміз әлі айтылып болған жоқ. Біздің ән енді басталады» деуіміз керек. *(Иван Негричпен бірге есікке келеді. Екеуі де тоқтайды. Музыка қаттырақ шығады).*

Варвара. Ерлігіңе бас ием, дядя Мыкола.

(Күн шығып келеді. Жақын жерде ғана скрипка ойналады. Цымбал қосылды, барабан гүмп етті.

— Тыңдаңыздар!

(Кідіріс).

Семен *(екі қолымен Варвараның қолын қысады. Жүзінде тыныштық пен ызғар бар).* Жолың болсын мұғалима.

Варвара *(көзін жоғары көтеріп).* Жолымыз бірге болсын, Семен!

(Семен тағы бірдеме айтқысы келгендей, Варвараның қолын бір сәтке жібермей тұрады да, есік алында тұрған Мыкола мен Иванға қарай кетеді. Варвара да ашық тұрған терезеге барады. Музыка күшейе береді. Күшейе берген ән мен музыкаға араласа егін салуға кетіп бара жатқандардың

дабырлы дауыстары естіледі. Әлдекім: «Мұғалима, бізбен бірге, егіске!» деп айғайлап жіберді).

В а р в а р а *(дауыс шыққан жаққа бұрылып, кетіп бара жатқандарға).* Сабақты бітірем де, келем!

(Музыка дауысы да, өтіп бара жатқандардың әні де күшейе береді. Бірақ бәрінен де барабанның бір сарынды үні басым шығады. Варвара үйдің ортасына келеді, көзі қабырғадағы сағатқа түседі. Варвара жақындап келеді де, жігерлі қозғалыспен сағаттың шынжырын тартып, кірлерін көтеріп жібереді).

Ш ы м ы л д ы қ т ү с е д і.

Соңы.

Акбаре серю — Ак-
болбо,
69 — 138 бер.